

РУХАНИ
ЖАҒЫРУ



International Taraz
Innovative Institute

Ыбырай
Алтынсарин



**«ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘЛЕМІ»
АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

Тараз, Қазақстан, 26-27 қараша, 2021 ж.

**МАТЕРИАЛЫ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«ТВОРЧЕСКИЙ МИР ЫБЫРАЯ АЛТЫНСАРИНА»**

Тараз, Казахстан, 26-27 ноябрь, 2021 г.

**MATERIALS
INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE
"CREATIVE WORLD OF YBYRAY ALTYSARIN"**

Taraz, Kazakhstan, November 26-27, 2021 y.

II-ТОМ

Тараз – 2021

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАРАЗ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИНСТИТУТЫ
МЕЖДУНАРОДНЫЙ ТАРАЗСКИЙ ИННОВАЦИОННЫЙ ИНСТИТУТ
INTERNATIONAL TARAZ INNOVATION INSTITUTE**

**«ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘЛЕМІ»
АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ
ЕҢБЕКТЕРІ
Тараз, Қазақстан, 26-27 қараша, 2021 ж.**

**МАТЕРИАЛЫ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«ТВОРЧЕСКИЙ МИР ЫБЫРАЯ АЛТЫНСАРИНА»
Тараз, Казахстан, 26-27 ноябрь, 2021 г.**

**MATERIALS
INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE
"CREATIVE WORLD OF YBYRAY ALTYN SARIN"
Taraz, Kazakhstan, November 26-27, 2021 y.**

2-ТОМ

Тараз –2021

ӘОЖ 002

«Ыбырай Алтынсариннің шығармашылық әлемі» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы. – Тараз, 26-27 қараша, 2021. – 253б.

«Творческий мир Ыбырая Алтынсарина» – сборник материалов **Международной научно-практической конференции.** – Тараз, 26-27ноябрь, 2021. – с.253.

ISBN 978-601-7402-87-2

Жинаққа 2021 жылдың қараша айының 26-27 жұлдызында өткізілген **«Ыбырай Алтынсариннің шығармашылық әлемі»** атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда тыңдалған баяндама материалдары енгізілді.

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның мақсаты – қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсариннің шығармашылығына қатысты ғылыми зерттеулер мен тұжырымдарды негізге ала отырып, «Ыбырай Алтынсарин және филология ғылымы», «Ыбырай Алтынсарин еңбектеріндегі тәрбие мен оқыту мәселелері», «Ыбырай шығармаларындағы философиялық, саяси-әлеуметтік ұстанымдар» бағыттары бойынша тың баяндамалар жинақтау.

Конференция жинағына ҚР және шетел ғалымдарының, еліміздегі бірқатар жоғары оқу орындарының ғалымдары мен жас ғалымдардың, сондай-ақ, институт ғалымдары мен профессор-оқытушылар құрамы, мектеп мұғалімдері, магистранттар мен студенттердің ғылыми жұмыстары енгізілді.

**Редакция алқасы:
Редакционная коллегия:**

Саурықов Е.Б. – ф.ғ.д., профессор – төраға; Мүшелері: Тажибаев С.Д. – э.ғ.д., профессор, Пертаева Э.Қ. – ф.ғ.к., доцент м.а., Беркенова Р.А. – ф.ғ.к., доцент м.а., Кужаева М.Т. – ф.ғ.к., доцент м.а., Құттымұратова Р.А. – доцент, PhD, Белботаев А.Б. – ф.ғ.к., профессор, Кәрібаева А.Ө. – ф.ғ.к., доцент, Ойсылбаева А.Т. – ф.ғ.к., доцент м.а., Әбілов М.Ә.– ф.ғ.к., доцент м.а., Қазжанов Ғ.Т. – п.ғ.м., Игілікова Э.С. – аға оқытушы, Сарсенбаева М.Б. – аға оқытушы, Стамкулова Б.Ш. – п.ғ.м., Тлепова Б.П.– аға оқытушы, Семембаева Г.Ә. – оқытушы, Саржаев О.Т. – оқытушы, Байлыбеков Ғ.

ISBN 978-601-7402-87-2

ӘОЖ 821.512

**Ш.МҰРТАЗАНЫҢ «АЙ МЕН АЙША» РОМАНЫНДАҒЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ
ҚОЛДАНЫЛУ СИПАТЫ МЕН АВТОР БЕЙНЕСІНІҢ БЕРІЛУİNДЕГІ ҚЫЗМЕТІ**

САУРЫҚОВ Е.Б.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының ректоры, ф.ғ.д., профессор,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается классификация фразеологизмов из романа Ш.Муртазы «Ай мен Айша». А также в ходе языкового анализа произведения мы оценивали реалистичность и глубину эстетического характера художественной степени.

Summary. The article discusses the classification of phraseological units from the novel Sh.Murtaza "Ai men Aisha". And also during the linguistic analysis of the work, we assessed the realism and depth of the aesthetic nature of the artistic degree.

Ақын не жазушы шығармаларының тілін зерттеу ісі қазақ филологиясы тарихында бұрыннан бар, тіпті ертедегі дәстүрдегі іс десек те болады. Өйткені, қай заманнан болсын мәтін тілін зерттеу, қарастыру жайы белгілі бір ұлт не этнос тілін танып білу үшін немесе ұлттар (этностар) тілдерінің алыс-жақындығын зерттеп білу қажеттігінен туатындығы бізге тіл тарихынан белгілі. Мәселен, бұл мәселеге қысқаша шолу жасар болсақ, ертедегі бүкіл түркі жұртының тілін зерттеген тұңғыш филолог ғалым М.Қашқари XI ғасырда-ақ, «Түркі тілдерінің сөздігін» (Диуани лұғат ит-түрк) жазған. Сондай-ақ, бұл мәселеге беріде (1885-1905 жылдары) түркітанушы ғалым В.В. Радлов та аса мән беріп, «Түркі тілдері сөздігін жасау тәжірибесі» атты көп томдық (4 том – 8 кітап) жұмысын жарыққа шығарды. Бұдан кейін тіл тарихына байланысты көне түркі жазба ескерткіштерінің тілін зерттеген бір топ қазақ ғалымдары – Ғ. Айдаров, Ә. Құрышжанов, М. Томановтардың еңбектері жоғары оқу орындарының студенттеріне арналып, арнайы оқулық болып шықты [1]. Әрі әдебиетші, әрі тілші ғалым Қ. Өмірәлиевтің «XV-XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі» (Алматы, 1976) атты зерттеу еңбегі XV-XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілін зерттеуге арналды [2]. Ал Б.Әбілқасымов «Дала уалаяты», «Түркістан уалаяты» газеттерінің мәтіндері негізінде алғашқы қазақ газеттерінің тіліне талдау жасады [3].

Кейінгі кезде, қазіргі заман әдебиеттеріндегі шығармалар тілі жанрлар бойынша немесе ақын-жазушылар шығармаларының мәтіндері негізінде зерттеле бастады. Жоғарыда аталған ғалымдармен қатар, басқа да зерттеуші ғалымдар Ғ.Мүсірепов, М. Әуезов, С.Мұқанов, І. Жансүгіров, Б.Момышұлы, т.б. ақын-жазушылар шығармаларының тілдерін зерттеуді қолға алып, олардың шығармалары мәтіндер негізінде тілдік зерттеулерге нысанаға алынды.

Сөйтіп, қазақ филологиясы ғылымында қазақ ақын-жазушыларының жекелей еңбектерін немесе толықтай шығармаларын әдебиеттік, тілдік тұрғыдан зерттеу ісі бүгінге дейін дәстүрлік жалғасын тауып келді. Соның бір мысалы – біз сөз етіп отырған тақырып – қаламгер Шерхан Мұртазаның бүкіл шығармашылық мұрасын тілтаным тұрғысынан (лингвистикалық зерттеу тұрғысынан) қарастыру, зерттеу мәселесі дер едік .

Рас, бүгінгі таңда бұл тақырыптың сөз болып, әңгімеге арқау етілуі бекерден-бекер де емес. Өйткені, Қазақ Елінің өз тәуелсіздігін алуы ондағы ілім мен білімнің, ғылымның жаңа бағытта жаңаша дамуын, жаңа көзқараста сөз етіліп сипатталуын талап етіп отыр. Әрине, бұл – Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру» атты ұлы бағдарламасынан туындайды. Жаңаша даму бағытындағы бұл қатарда қазақ ғылымындағы әдебиеттаным мен тілтаным ғылымдарының да бары белгілі. Бұл жерде бізге жаңа қоғамымызда қазақ халқының аяулы ұлдары мен айтулы батырларын, ғұлама дана ұлдары мен әділдік туын тігіп, оны бар болмысымен, жандүниесімен қорғаған би-шешендерінің өмірі мен шығармашылық жолын зерттеуді, соның негізінде ұлттық құндылықтарымызды рухани тұрғыдан жаңғыртып, жаңаша сақтап, оларды келешек жеткіншек ұрпақтарымызға табыстауымызды талап етіп отыр. Өйткені, бұлар біз өмір сүріп отырған

қоғамымыздағы жеке тұлға – жас ұрпақты азаматтыққа, отансүйгіштік рухта тәрбиелеуімізге үндейді, тәрбиелейді.

«Ай мен Айша» - соғыс жылдарындағы әйелдер қауымының басындағы ауыр тағдырды, сол қиындыққа мойымай, тағдырдың тәлкегіне қарсы тұра білген аналар бейнесін сомдаған ерекше туынды. Мұндағы адам тағдырлары сұрқай заман бейнесін ашу үшін керемет қолданылған.

Олай болса, жалпы халықтың тілдік қорының, оның ішінде фразеологиялық құрамының молығып, толығына көркем сөз шеберлерінің қосар үлесі зор. Осындай көрнекті суреткерлердің бірі – Шерхан Мұртаза.

Фразеологиялық оралымдары топтастыруда негізге алатын принцип - олардың әр түрлі дәрежедегі семантикалық тұтастығы. Дайын күйінде қолданатын еденица ретінде фразеологизмдер барлық уақытта өзіндік мағыналық бір семантикасы мен құрастырушы сыңарларының мағыналары арасындағы ара қатынастық әр түрлі болып келеді. Семантикалық тұтастығының дәрежелері тұрғысынан, яғни бүтін фразеологизмнің жалпы мағынасы мен оны құрастырушы сыңарларының жеке семантикасы арасындағы ара қатыстылық тұрғысынан, қазіргі қазақ тілінің фразеологиялық оралымдарын төрт топқа бөледі. Олар: 1) Фразеологиялық тұтастықтар; 2) Фразеологиялық бірліктер; 3) Фразеологиялық тізбектер; 4) Фразеологиялық нақыштар.

1. Фразеологиялық тұтастықтар. Семантикалық жақтан бөлініп ажыратылмайтын, біртұтас мағынасы сыңарларының мағынасымен жуыспайтын ФО-ды фразеологиялық тұтастық деп атаймыз. **Мысалы:** аузынан ақ ит кіріп, көк ит шығады, жүрегі тас төбесіне шықты, әңгіме бұзау емізер, бармағын тістеу т.б.

2. Фразеологиялық бірлік. Мұнда да фразеологиялық тұтастық тәрізді, орын тәртібі жағынан өте тиянақты болып келеді. ФБ пен ФТ-тың арасында айырмашылық бар. ФТ-тың бір бүтін мағынасы құрастырушы сыңарлардың мағыналарымен мүлде жанаспайтын болса, ФБ-дің бір бүтін мағынасы сыңарларлық лексикалық мағыналарының бірлігінен пайда болады да, тұтас күйінде ұғынылады. Образды туынды мағына ретінде танылады. **Мысалы:** ауырдың үсті, жеңілдің асты; басын тауға да, тасқа да соғады; бүйірі шығу; астынан ит жүгіртіп, үстінен құс ұшырды т.б.

3. Фразеологиялық тізбектер. Фразеологиялық тізбектер еркін мағынасындағы сөз бен фразеологиялық байлаулы мағынадағы сөздің тіркесінен жасалады да, даяр қалпында қолданады. **Мысалы:** айдай таза, күндей нұрлы; ай мүйізді; аша тұяқты; жұпар иісті; тоң мойын, оймақ ауыз, қиғаш қас, жан жолдас, қас дұшпан, жез таңдай т.б.

4. Фразеологиялық нақыштар. Фразеологиялық оралымдардың бір тобы нақыштарды, құрамын және қолданудағы тұрақтылығын сақтайтын оралымдарды қамтиды. Мағыналары еркін мағынадағы сөздерден жасалған сияқты болып көрінгенмен, олардың мағыналары тұрақты болады. **Мысалы:** көрпеңе қарап көсіл; екі тау қосылмайды, екі ел қосылады; Міңгескеннің біреуі артқа отырар; Аузы күйген үріп ішер; іздеген табады; ерінген екі істейді т.б.

Тіл-тілдегі фразеологизмдер құрылымы жағынан сөз тіркестері мен сөйлем құрамдас болып келеді. Олар:

а) кемінде екі және одан да көп болып келетін мағыналы сөздердің тіркесінен құрылған **предикаттық емес сипаттағы фразеологизмдер;**

ә) жай және күрделі сөйлем құрылымды **предикаттық сипаттағы фразеологизмдер;**

Предикаттық емес сипаттағы фразеологизмдер	Предикаттық сипаттағы фразеологизмдер
Ит арқасы қиянда, жүрек жұтқан, көзді ашып-жұмғанша, төбе шашы тік тұрды, құмардан шықты, құлқыны жаман, көзінің ағы мен қарасы, сары ала етек сапандап, тамырына балта шапты т.б.	Ит жоқта шошқа үреді; ит үреді, керуен көшеді; ұзын арқау, кең тұсау; ауырдың үстімен, жеңілдің астымен т.б.

Фразеологизмдерді тілдік қызметі тұрғысынан 2 үлкен топқа бөлінеді. 1) Коммуникативтік фразеологизмдер;

2) Нормативтік фразеологизмдер;

1.Тілдік тұлға түріндегі сөйлемге арақатынасты және коммуникативтік қызметке ие фразеологизмдер жатады. Бұл топтағы фразеологизмдердің барлығына предикаттық құрылым тән.

2.Өзінің предикаттық сипатын жоғалтқан сөйлем құрылымды және предикаттық құрылымды сөз тіркесімен арақатынасты нормативтік фразеологизмдер жатады.

Нормативтік фразеологизмдер заттарды, құбылыстарды, іс-қимылды, жағдайды, сапаны астарлы түрде білдіреді.

Фразеологизмдерді семантикалық тұрғыдан топтастыру өте маңызды мәселе болып табылады, өйткені әр тілдің өзіне тән ерекшеліктері бар. Сондай ерекшеліктердің бірі - фразеологизмдердің компоненттерінің мағына жағынан өзара тәуелділік дәрежесі болып табылады. Фразеологизмдерді анықтауда негізге алынатын белгілер туралы айтқан тұжырымдарымызды негізге ала отырып, фразеологизмдерді 2 топқа жіктейді.

1) фразеологиялық түйдек;

2) фразеологиялық тізбек;

Фразеологиялық түйдектер тобына	Фразеологиялық тізбек тобына
компоненттері екі жақты мағыналық тәуелділікке құрылып, тұтас мағына беретін фразеологизмдер жатады. Бұл фразеологизмдердің мағынасы - біртұтас астарлы мағына, туынды мағына.	компоненттері бір жақты мағыналық тәуелділікке құрылған фразеологизмдер жатады. Олар ең кем дегенде бір компонент өзінің тура, негізгі мағынасында болады.
Мысалы: жүрек жалғау, аузы-мұрны қисаймастан, қас қаққанша, ауыз жаласу, тамырына балта шабу, жұлдызы оңынан туды, ит арқасы қиян, жалпақ шешей, тайға таңба басқандай т.б.	Мысалы: ата жау, асқар тау, құмырсқадай құжынаған, тастай қараңғы, су жаңа, ортан қолдай, сап ете қалды, төрт тұрманы сай, мандайына сыймады т.б.

Қазіргі тіл білімінің өзекті мәселелері қатарында қазіргі қазақ фразеологиясы аталады. Оның ішінде көркем прозадағы фразеологизмдердің қолданысы мен стильдік ерекшеліктері әрбір сөз зергерінің шеберлігіне қарай сан түрленіп, тереңдей беретіні анық. *Фразеология- тіл мәдениетін арттырып, шеберлікке үйрететін сөз өнерінің асылы. Халықтық сана-сезім, салт-дәстүр, мәдени тұрмыс тарихын бейнелейтін фразеологизмдерді оқып танымайынша, тіл байлығын, тіл ерекшелігін түсініп, толық ұғыну мүмкін емес. Фразеологизм алдымен адамдардың ой-сезімін, ара қатынасын, өмір тануын білдіреді, сондықтан өмірдің барлық саласын қамтып, ішкі мазмұны жағынан өте бай келеді.*

Қазақтың әдеби тілінде көркем шығарманы әсірелеу, көркемдеу тәсілдері үшін фразеологизмдерді қолданудың орны ерекше. Фразеологизмдер арқылы шығарма мәтінінде айтылатын ойға айрықша әр, мәнерлілік беріледі. Сондықтан да фразеологизмдерді – көркем шығарма тілін жандандыратын, астарлап бейнелей суреттейтін тілдегі дайын құрал деп есептейміз. Олар – халық даналығынан сусындаған образды ойлау тілінің үлгісі болып табылады. Белгілі ғалым Х.Кәрімов фразеологизмдердің көркем әдебиет тіліндегі маңызы мен рөлі туралы: «Әдебиетте шығарма тілін көркемдеп, жандандырып, нәр беруші амалдардың бірі – халық тіліндегі тұрақты фразеологиялық тіркестер. Олар тілдегі бейнелі экспрессивті-эмоциялы бояуы қанық амалдардың қатарынан орын алады. Олар – ұлттық психикалық өзгешелігінің негізінде қалыптасқан образды ойлау тілінің үлгілері, халықтық даналыққа суарылған өткір құралдар» [4,134б.], - деп ой түйіндесе, Ә.Қайдаров «Қазақ тілінің өзекті мәселелері» атты жинағында фразеологизмдердің қолданысы жөнінде мынандай ой айтады: «Фразеологизмы – весьма сложные лингвистические образования. Сложность их объясняется не только множеством структурных типов и синтаксических моделей, но и тематической и семантической многоплановостью, а также способностью выражать самые различные эмоционально-экспрессивные оттенки мысли» [5,202б.].

Демек, бұл пайымдауларға қарағанда, фразеологизмдер – бейнелі ойлаудың жемісі болып табылады екен. Яғни, фразеологизмдер дегеніміз – формасы жағынан синтаксистік құрылымдармен ұқсас, бірақ олардай жалпы заңдылыққа сай сөйлеу кезінде жасалмай, даяр қалпында қайталап қолданылатын семантикалық және лексика-грамматикалық құрамы тұрақты сөз тіркестері мен сөйлемшелер. Ғ.Қалиев пен Ә.Болғанбаев өз еңбектерінде былайша тұжырымдайды: «Фразеологизмдер мағына тұтастығын сақтайды, фразеологизмдердің мағыналық тұтастығы құрамындағы сөздердің жеке мағыналарына тәуелсіз. Фразеологизмдердің мағыналары құрамындағы сөздердің лексикалық мағыналарымен сәйкеспейді, яғни лексикалық мағыналардың жиынтығы емес. Фразеологизмдік мағына дегеніміз – құрамындағы сөздердің не жеке бір сыңарының лексикалық

мағыналарының қайта жаңғыртылған жинақты мағынасы. Сол себепті фразеологизмдер семантикалық жағынан біртұтас тіл бірлігі ретінде қолданылады» [6,186.]. Белгілі қаламгер Ш.Мұртаза да тілдің фразеологиялық байлығын өзіне ғана тән шеберлікпен қолдана білген. Яғни, зерттеуші Г. Снасапованың түйіндеуінше, «Қай елдің, қай жазушының қай шығармасын алсаңыз да тілдің осы халықтық элементтерінің сан түрін табуға болады. Яғни қаламгерлердің қай-қайсысы да сөйлеудің халықтық формасын пайдалануға бейім» [7, 416.] екен.

Шерхан Мұртаза да өзінің «Ай мен Айша» кітабында фразеологиялық тіркестерді мақсатты түрде ойына лайықтап алып отырған. Фразеологизмдерді жазушының өз қажетіне сай талғап, жаңғыртып қолданғандығын байқаймыз. Х. Қожахметова «Фразеологизмдердің көркем әдебиетте қолданылуы» атты еңбегіндегі «Фразеологизмдердің көркем туындылардағы функциясы мен қолданылу тәсілдері» тарауында мынандай тақырыптарды қарастырады: фразеологизмдердің кейіпкерлерді мінездеуге қолданылуы; фразеологизмдердің кейіпкерлердің психологиялық сезім күйін суреттеуде жұмсалуды; фразеологизмдердің әзіл-сықақ қызметінде жұмсалуды; фразеологизмдердің кейіпкер портретін беруде жұмсалуды, т.б.

Жалпы алғанда, «Ай мен Айша» кітабы – мемуарлық роман. Өмірбаяндық желіде жазылған роман құрылысы үзік әңгімелер жиыны іспетті. Мұндағы фразеологизмдер кейіпкер бейнесін ашу қызметімен қатар, жалпы баяндау желісінде жазушы айтарын тереңдету, психологиялық табиғатын жан-жақты ашу мақсатында қолданылады. Роман жазушының өз анасы жайында жазылған. Романда кейіпкерлер өте көп. Екі кітаптан құралған роман желісіндегі үзік әңгімелерде фразеологизмдер де кейіпкерлердің жан толғанысын, психологиялық сезім күйлерін беруде және жалпы жағдайды жеріне жеткізуде сәтті қолданады. «Көңіл күйді аңғартатын фразеологизмдер кейіпкер көңіліндегі әр сәттегі өзгерістер мен құбылыстарды аңдатады. Олар кейіпкерлердің психологиялық толғанысын: таңдану, қамығу, елжіреу, ашулану, күйіну сәттерін мәнерлі жеткізеді» [8, 86.], - дейді ғалым А.Айғабылова. Фразеологизмдердің осындай мүмкіншіліктерін жазушы өз шығармасында кейіпкерлердің психологиялық күйініш-сүйініштерін, ой әсерлерін, рухани жан дүниесін нақты да нәзік бейнелеуге таңдап, талғап жұмсайды. Романда кездесетін бірқатар фразеологиялық тіркестерге назар аударайық. Адамдар ақ түйенің қарны жарылғандай мез-мейрам (Молшылық болғанына қуанды);

Шыбын шаққан құрлы көрмейді (Еш мән бермеді);

Мұртазаның қонышын шыбықпен сабалап, шыңғырып жылаған шолжаң еркелігім – көктемде гүлден-гүлге қонып, тайрандап, сайрандаған көбелектің лезде көз жұмғанындай, ерте солды (Еркелігі ерте аяқталды);

Қасқырдың тарамысынан жаралғандай тырмысып әлі тірі жүріп келемін (Шыдамдылық көрсетіп);

Бес жасар баланың миы әлі нүсте түспеген ақ қағаздай (тап-таза);

Мамыт атам сақалы көз жасына боялып жылады (егілді);

Қайнаға-ау, қара ешкіні жер жұтып кетті ме?(жоқ болу);

Дүниені бір тарының қауызына сыйдырып жіберетін боран – сол

Ақпанның ақ бура бораны болдырып, жынынан айырылған бақсыдай басылған соң, аспан ашылып, пердесіз терезеден Ай сәулесі себезгілеп тұратын болды (беті қайтты);

Анда-санда «ah!» - дегенде көкірегі қарс айырылып, Жанартау атқылап шығады (өкіну, қайғыру);

Таяқ тастам жерде тұрсақ та, бір-бірімізді көрмейміз (жақын жер).

Сол Аса қазір жынын алдырған бақсыдай басылып, мына теміржолдың сол жағын бойлап, жарысып келе жатыр.

Өңдері аш, бит сорғандай жүдеу.

Талайлар сол зындандағы алтынды аламыз деп, қырық құлаш қыл арқан тастап, әуелі алдына келгенді тістеп, артына келгенді теуіп, жан баласын жолатпайтын жымық құлақ, қара айғырдың жанынан амалдап өтсе, енді аузынан от шашқан айдаһар тап болады екен.

Әйтеуір ат ізін салмады [3].

Бұлардың барлығы да, авторлық баяндаулар желісіндегі қолданыстар, негізінен суреттеу қызметін атқарып тұр.

Шерхан Мұртаза – көркем сөз шебері ретіндегі даралығын қарапайымдылықпен дәйектеген суреткер. Әрине қарапайымдылықты қарадүрсіндікпен әсте шатастыруға болмайды. Әрбір сөздің құдіретін жете танып, орынды қолданғандықтан да, шығармаларының көркемдігі тереңдей түседі. Фразеологиялық тіркестердің тағы бір көркемдік қызметі – кейіпкер бейнесін тұлғалау. Кейіпкерлер сөзінде олардың психологиялық ахуалдары, оқиға барысы мен автордың негізгі көңіл-күй ауандарын нақты беруде фразеологизмдерді қолданған. Мысалдармен түйіндесек:

Шекеннің майы шылқылдап тұрмағанын білемін. Бұл Көк кемпірдің сөзі. Бұл сөйлемдегі фразеологиялық тіркес басты кейіпкерді тұлғалау қызметін атқарады. Шығармадағы фразеологиялық тіркестердің енді бір бөлігі – жазушының анасы – Айша монологтары мен диалогтарында беріледі. Рахман болса, тайқы мандайымызға сыймай кетті, - деген Айша сөзіндегі тіркестен көп жайды аңғаруымызға болады. Рахман болса жас кетті ғой десе өте жалаң, мағыналық шектеу болар еді. Мандайымызға сыймай кетті деген тіркестен Рахманның кездейсоқ жан еместігін түйсінеміз. Шығармадағы фразеологизмдердің бір тобы кейіпкердің сыртқы келбетін тұлғалауға арналады. Мысал келтіріп көрелік: Жарықтық екі көзі қасқыр көрген ешкінің көзінде шарасынан шыға шақшыып, жасаурап тұрар еді. Сақалы да ешкі сақал - деген сөйлем жеңгелері Қауға деп атап кеткен, әжептәуір аты ұмытылған кейіпкерді сипаттауға арналған. Сөйлемдегі жалғыз тіркестің өзі-ақ бұл кейіпкердің бар пошымын анықтап береді.

Кітаптағы фразеологизмдердің ендігі бір тобы - автордың, яғни бас кейіпкер Барсхан баяндауларында кездеседі де кейіпкер бейнесін тұлғалау қызметін атқарады.

Енді ішегім шұркырап тұр.

Ат басындай алтын тауып алғандай, қуанғаным-ай сонда.

Бірақ дәу одан сескенбей, қолақпандай жұдырықпен періп кеп қалғанда мұрттай ұшып, қақпаның алдына барып құлапшын.

Күшәла жалаған күшіктей ішім удай ашып, қараптан-қарап тұрып, тістерім шықырлайды.

Жүрегім бүлк ете қалды[3].

Бұл берілген сөйлемдердегі фразеологиялық тіркестер кейіпкер толғанысын терең суреттеу, әрі шығарма көркемдігін арттыру қызметін атқарады. Демек, жазушы қолданысындағы фразеологиялық тіркестер *«ұлттық психологияны, халықтың тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрін, әдет- гұрпын бойына сіңірген, соларды баяндайтын лингвокультуремалар»* [9, 30б.], ретінде қолданыс тапқан.

Фразеологиялық тіркестермен мағыналық шектесетін мақал-мәтелдер де Ш.Мұртазаның «Ай мен Айша» романында көркемдік қызмет атқарады. Баяндау арқылы және негізінен Айша монологтарында кездесетін

«Адамның басы – Алланың добы», «Енесі тепкен құлынның еті ауырмайды», «Жаңа айда жарылқа, ескі айда есірке», «Текті ит өлігін көрсетпейді», «Теңіздің арғы жағында бір сиыр сексен тиын дейді, құрысын әкелуі иттен қиын дейді», «Құдай өзі берген жанын өзі алады», «Жазмыштан озмыш жоқ», «Өзге елдің оты өз елінің түтініне татымас», т.б. мақал-мәтелдер шығарманың этнолингвистикалық сипаты мен мемуарлық мазмұнын тереңдетумен қатар, тамаша көркемдік қызмет атқарып тұр.

Жазушының өзінен «Ай мен Айшада» Ай образын жасаудағы себебіңіз не?» деп сұрақ қойғанда, Ш.Мұртаза: «...Кітаптың атында неге ай тұр десеңіз... Ол, енді, біржағынан тағдырдың ұқсастығы сияқты, біздің анамызбен, әсіресе соғыс кезіндегі жесірлік, қиыншылық көрген аналардың тағдырына ұқсас», - деп жауап береді. *Жазушының өз басынан кешірген оқиғалары арқылы ХХ ғасырдың 30-жылдары жүргізілген саяси репрессия, соғыс кезіндегі әлеуметтік жағдайлардың көріністері, ауыл тұрмысы, жалпы адам табиғаты суреттеледі. Айдың өзін символдық қолданыста алған Ш.Мұртаза бірде тұрақты тіркестің құрамындағы сөздердің бір-екеуін өзге сөздермен ауыстырып қолданса, кейде тіпті өзгертпей, қаз-қалтында қолданады.*

Бүгінгі таңға дейін жазушы Шерхан Мұртазаның шығармашылығына арналған бірнеше зерттеу еңбектер жарық көрді. Олардың қатарында М.Р.Көпбаеваның «Шерхан Мұртаза шығармаларындағы көркемдік таным жәнеавторлық концепция»[10], Л.Т.Мақулованың «Көркем прозадағы автор бейнесінің тілдік құрылымы» [11] атты еңбектерін атауға болады. Бұл зерттеулерде жазушы шығармаларының көркемдік-идеялық жақтары, «Қызыл жебе» роман-эпопеясының тілдік құрылымы талданады.

Осы тұрғыдан алғанда қаламгер шығармашылығына үңілсеңіз, нақты бір іс-қимылды білдіретін тұрақты тіркестер өте мол кездесетіндігін байқайсыз. Мысалы, қаламгер қолданысынан алынған мына фразеологиялық тіркестерге зер салайық: ұялды мағынасын беретін кірекке жер таппау, үндемеу мағынасын үстейтін жақ ашпау, дарытпау ұғымында жүретін бет бақтырмау. Осы тәрізді фразеологизмдер өзінің ұйтқы сөзіне орай түрлі семантикалық қасиетке ие болатындығы белгілі. Мұндағы бірінің тіркесіндегі жеке сөздер өзінің негізгі мағынасын сақтайды. Шығармалардың кей тұстарында бұл жағдай сақталмайды, яғни олар метафоралық ауыспалы мағынада жасалады. Ал тіптен бір тіркестердегі сөздердің кейбір сыңары бастапқы мағынасынан түбегейлі айрылып қалып та отырады. Бұларға етістік тобындағы фразеологиялық тұтастықтарды жатқызамыз. Бұл топтағылардың өзін төмендегідей үшке жіктеп қарастырамыз.

Біріншіден, нақты бір әрекетті, іс-қимылды көрсететін, құрамындағы сыңарлары негізгі мағынасынан айрылмаған фразеологиялық бірліктер. Осындай фразеологиялық бірліктерге қаламгердің тілдік қорындағы оянбады мағынасындағы - тұяқ серіппеді, өлді мағынасындағы жан тапсырды сияқты тіркестер мысал болады.

Екіншіден, құрамындағы сыңарлары негізгі мағынасы мен лексикалық түрінен ажыраған, белгілі бір әрекет, іс-қимылды көрсететін лексикалық бірліктің қызметін атқаратын фразеологиялық тұтастықтар. Мұндай фразеологиялық тұтастықтар қатарына Ш.Мұртаза шығармаларында қолданылған: дінкесі құру, айызы қану сияқты тіркестер жатады. Осы алынған мысалдардағы фразеологиялық тұтастықтардың құрамындағы сөздер өзінің әуелгі лексикалық мағынасын жоғалтқан, тұтастық құрамында тізбектелген сыңарларымен ғана бірлесіп, тіптен өзге ұғым беріп тұр.

Үшіншіден, құрамындағы сыңарлары негізгі мағынасынан тым алшақ кетпеген фразеологизмдер болып табылады. Бұлар да жоғарыдағылар сияқты іс-әрекетті, жай-күйді білдіріп тұрады. Осындай тұрақты тіркестер қатарында азан салу, көзінің қырын салу, көзі шырақтай жану тәрізді тұрақты тіркестер жатады.

Көркем шығармада болсын, ауызекі сөйлеуде болсын фразеологиялық бірліктер тілдің барынша мәнерлі де жанды, бейнелі де ұлттық нақышы айқын болуына өз үлесін қосады. Ақын-жазушылар тіліндегі тұрақты тіркестерге тән бейнелілік пен экспрессияға ие, ерекше көркемдік-стильдік жүк арқалай алатын, сөздердің мағыналық жақтан бір-бірімен түйісуі нәтижесінде біте қайнасып кеткен семантикалық шоғырды да поэтикалық фразеологизмдер деп тануға болады.

Бұл талғампаздық фразеологизмдерді қолдануда да айқын көрінеді. Көркемдік мақсатқа орай фразеологизмдерді жалпыхалықтық үлгіде алып та шығармаларының шырайын келтірген. Жалпыхалықтық үлгідегі фразеологизмдер қатарына бұрынғы би-шешендер, ақын-жыраулар тілінде дәстүрлі қолданылып келген тұрақты тіркестер де жатады. Дәстүрлі фразеологизмдердің қай-қайсысын болса да нақты көркемдік-эстетикалық мақсатқа сай келген орында алып, ерекше стильдік жүк артып, шығарманың да, тұрақты тіркестің де шырайын келтіре білген.

Тіл этногенетикалық (этнос, ұлт) қауымдастықтың қоршаған ортаны тануы мен білуі, игеруі мен қажетіне жаратуы барысында жинақтаған танымдық, қоғамдық-мәдени іс-тәжірибесінің нәтижесін бекітіп қана қоймайды, сөз мағыналары және олардың ассоциациялық жүйесі арқылы адам санасындағы ұғым-түсініктерге (концептуалдық дүние бейнесіне) ұлттық-мәдени реңк үстемелейді. Осыған орай тіл иесінің санасындағы мәдени-ұлттық сипаттағы эталондармен, стереотиптермен, мифологемалармен т.б. ассоциацияға түсетін бейнелі оралымдарға тіл тұрақтылық, біртұтастылық, тиянақтылық қасиет дарытады. Бейнелі тұрақты оралымдар тілдік қолданыста лингвомәдени қауымдастыққа тән менталитетті, дүние бейнесін жаңғыртады. Демек тілдің фразеологиялық және паремиологиялық қорын зерттеу – мәдени дәстүрлер мен құндылықтардың тілге ену жолын, амал-тәсілдерін айқындауға көмектеседі.

Тілдің паремиологиялық қорын Ә.Т.Қайдар «халық даналығының қоры» деп бағалап, ол қорды «көненің көзіндей «ескі дүниелер» мен «замана талабына сай жаңғыратын, жаңа ұғым-түсініктермен толығып, толысып отыратын» екі жақты тілдік процестердің «ұйтқысы», ғасырлық өмірлік тәжірибе мен қордаланған білімдер жиынтығының нәтижесі» деп таниды.

Мақал-мәтелдер – тіл өкіліне «өз халқының басынан кешірген барша өмірін, салт-сана, қалыптасқан дәстүр, дүниетанымын елестете алуға», «болмыстағы құндылықтарды танып-біліп, заңдылықтарын ашып, олар туралы ой мен түсінігін тұжырымдап айтуға», «адамзат қауымына тән ортақ көзқарас пен құндылықтарды бағалауға» көмектесетін тіл фактілері. Олардың шындық болмыстағы нақты заттар мен құбылыстарға байланысты пайда болған алғашқы мағынасы мен оның даму барысында абстракцияланып, адамға бағышталған ауыс мағынасы арасындағы логикалық, уәждік, семантикалық байланыстың, гомоцентристік үрдістің табиғатын айқындау антропологистикалық зерттеуді талап етеді.

Мақал-мәтелдерді «тіл-ойлау-мәдениет» тұтастығында зерделеп, олардың этномәдени мазмұнын «тілдегі адам факторымен» сабақтастыру, дүние бейнесін қалыптастырудағы паремиологиялық қордың рөлін анықтау, ұлттық-мәдени құндылықтардың, мәдениет константтарының паремиялардағы көрінісін айқындау – қазіргі тіл біліміндегі антропоцентристік бағыттың маңызды мәселелері қатарына жатады. Ендеше, «Ай мен Айша» романындағы мақал-мәтелдерге назар аударып көрелік: *Адамның басы – Алланың добы 35-бет, Енесі тепкен құлынның еті ауырмайды (69-бет),*

Жаңа айда жарылқа, ескі айда есірке (77-бет)

Теңіздің арғы жағында бір сиыр сексен тиын дейді, құрысын әкелуі иттен қиын дейді.

Қазақ тіл білімінде мақал-мәтелдер лексика-стилистикалық, құрылымдық-мағыналық, танымдық-прагматикалық, құрылымдық-синтаксистік, этнолингвистикалық, узуалды-оказионалдық тұрғыдан біршама қарастырылғанымен, мақал-мәтелдер өмірлік-типтік жағдаяттарды «тіл-мәдениет» тұтастығына негіздеп таңбалайтын, бейнелеп атайтын тіл бірліктері екені даусыз.

Қорыта айтқанда, жазушының «Ай мен Айша» романы – тек Ш.Мұртазаның ғана емес, бүкіл қазақ әдебиетінің алтын қазынасы. Шығарманы тілдік тұрғыда талдау барысында көркемдік дәрежесінің шынайылығы мен эстетикалық сипатының тереңдігін бағамдадық. Әсіресе, жазушы қолданыстарындағы жер-су атаулары, тұрақты сөз тіркестері мен монолог, диалогтық қолданыстар романның лингвистикалық табиғатының даралығын, жазушы шеберлігін айқын аңғартады. Жазушы өмірбаяндық хикаяттарын әңгімелеруде әрбір сөзді талғампаздықпен емес, шығарма мазмұны мен кейіпкер болмысына сәйкес қолданады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Айдаров Ғ, Құрышжанов Ә, Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. - Алматы: Ғылым, 1971
2. Өмірәлиев Қ. XV-XIX ғасырлардың қазақ поэзиясының тілі. – Алматы, 1976.
3. Әбілқасымов Б. Алғашқы қазақ газеттерінің тілі. – Алматы, 1971.
4. Кәрімов Х. Қанатты тіл.– Алматы: Санат, 1995.– 144 б.
5. Қайдар А. Тысяча метких и образных выражений. – Астана: Білге, 2003. – 368с.
6. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Алматы: «Сөздік- Словарь», 2006. - 264 б.
7. Айғабылова А. Қазақ тілі стилистикасы. – Алматы, 1998. – 64 б.
8. Снасапова Г. Ғ. Мүсіреповтің «Ұлпан» повесіндегі лингвомәдени бірліктер: филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы: Тіл білімі институты, 2003. – 141б.
9. Қожахметова Х.Қ. Фразеологизмдердің көркем әдебиетте қолданылуы.- – Алматы: Мектеп, 1972. – 112б.
10. Көпбаев М.Р. Шерхан Мұртаза шығармаларындағы көркемдік таным және авторлық концепция: филол. ғыл. докт. ... дисс. – Алматы, 2012. – 292 б.
11. Макулова Л.Т. Көркем прозадағы автор бейнесінің тілдік құрылымы: филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2004. – 122 б.

ӨОЖ 821.512.122

ОРТА ҒАСЫР ТІЛІНДЕГІ ЕТІСТІКТІҢ АНАЛИТИКАЛЫҚ ФОРМАНТТАРЫ МЕН ҚИМЫЛДЫ БІЛДІРУ МАҒЫНАЛАРЫ

САУРЫҚОВ Е.Б.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының ректоры, ф.ғ.д., профессор,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье сформулированы научные выводы-основы, связанные с разнообразной деятельностью группы вспомогательных слов, и определяется их значение в новом качестве при переходе лексико-грамматической семантики к вспомогательной деятельности.

Summary. The article formulates scientific conclusions-fundamentals related to the diverse activities of a group of auxiliary words, and determines their meaning in a new capacity during the transition of lexical and grammatical semantics to auxiliary activities.

Қазақ тілінің қалыптасуы мен даму тарихы аса күрделі де терең екендігі лингвист ғалымдарға мәлім. Оның түпкі тамыры, қайнар көзі архив деректеме, этногенез тұрғысынан қола дәуірінен, одан кейінгі кезеңдегі сақ, үйсін, қаңлы, ғұн тайпаларынан бастау алып, көне түркі дәуірінде ұйысқан ортақ тіл болып, XIV-XV ғасырлар кезеңінде «Қазақ» атауын енші еткен халықтың дербес тілі ретінде даму жолын бастап, бүгінгі күнге жалғасады. Яғни, ана тіліміз қаншама дәуірлерді басынан өткеріп, дамуын тоқтатпай, толығып, жаңарып, әдебиленіп классикалық тіл деңгейіне жетті. Осындай

дәрежедегі тіліміздің қадір-қасиетін, сыр-сипатын, көне элементін тағы басқа табиғи болмысын тану үшін тек тарихи-салыстырмалы зерттеулер арқылы қол жеткіземіз. Орхон-Енисей, Талас руникалық жазба ескерткіштерінің тарихы XVI-шы ғасырға аяқ басса да ғылым тезіне түскеніне ғасырдың үсті болып отыр. Содан бері ғылымның әртүрлі саласында зерттеу нысанына айналып, нәтижесінде оң жетістіктерін беріп келеді. Десек те, тіл ғылымында көнекөз тарихи деректемелердің ашылмай жатқан тұстары да жоқ емес. Соның бірі – көмекші сөздер тобы. Олардың эволюциялық даму жолын көне түркі тілінен бастап зерттеу мақсат етілді. Жалпы көмекші сөздер – көптеген ғасырлар бойғы тілдік процестерді басынан кешірген тарихи туынды категория. Мұны қазіргі түркі тілдеріндегі кейбір көмекші сөздердің құрамынан-ақ байқауымызға болады. Тілімізде кейбір сөздердің құрамындағы морфемалар бастапқы мағыналарынан біртіндеп айырылып, құрылымдық элементтері ішкі мағыналық және сыртқы дыбысталу жағынан да бірдей қамтылып, түбір мен морфемалардың жігі жымдасып, тұтасып бір жаңа сөздер тобын құрайды. Яғни, жалпылық абстракцияға ұшырап, бастапқы мағыналары солғындап, дербес мағынадан тәуелділік мағынаға ауысады. Бірақ, толығымен табиғи түпкі мағыналарын жоймай, негізгі сөздермен тіркесе келіп әртүрлі лексика-грамматикалық мағыналарды тудырады. Көмекші сөздердің лексикалық мағынасынан гөрі, грамматикалық мағынасы басым болатындығы тіл ғылымында айтылған пікір және бұл – оның басқа сөз таптарынан ерекшеленетін басты бір қасиеті. Осындай грамматикалық амал ретінде қызмет атқаратын лексемалар тобы түркі тілдеріне ортақ руникалық жазба ескерткіштер тілінде категориялық негізін қалаған. Сонымен қатар көмекші сөздер құрамында басқа тілдерден дайын күйінде қабылданған лексемалар да орын алады. Яғни, жаңа ұғымдағы көмекші сөздердің бірі лексикалану, енді бірі грамматикалану арқылы қалыптасқан. Жалпы түркі тілдерінде де көмекші сөздердің мәнін ашып, табиғатын танудағы пікір-қозғарастар контрасты болып келеді. Алайда, Қ. Жұбанов, И. Ұйықбаев, Ы. Маманов, Н. Оралбаева, В.А. Исенғалиева, В.М. Насилов, Е. Жанпейісов, Н.К. Дмитриев, Ф.Р. Зейналов, А.Н. Кононов, А. Юлдашев, С. Аманжолов, Л.С. Бархударов, В.М. Жирмунский, А.А. Реформатский, М. Оразов, А.И. Смирницкий, Л.Н. Харитонов, А. Ысқақов т.б. сынды ғалымдарымыздың зерттеулеріне сүйене отырып, көмекші сөздер тобының әртүрлі қызметіне байланысты ғылыми тұжырым-негіздер жасалды және олардың лексика-грамматикалық семантикасын көмекші қызметке ауысқан жаңа сападағы мағынасы деп білеміз.

-п/-ыб ал, -а/-й/-е ал, -п тұра ал, -п қоя ал, -п кете ал, -п жүре ал **аналитикалық форманттары:** Орта ғасыр жазбаларында ЕАФ-тары біршама дамып жетілген. Көне түркі тілінде *-ы ал* түрі ғана кездескені белгілі. Ал орта ғасырда жалаң түрі толығып, күрделенген түрі негізін қалап отыр. М. Қашқарида: Тегме евет ышқа көрүп тұрғыл ала – кіріспе іске әбдіреп, асықпай тұрып көріп ал. Жеріме жетсем деген жете алмадым. Ақша бұлт көк аспанды орап алды. Соғысты бастаушыны ұстап алып, жеткізген жұрттың көзін іске анық, дей алмаймын, қолын басып алды т.б. (МҚ. I-III). Қорқыт ата, Жұмжұма сұлтан, Кодекс Куманикус, Рабғузида аналитикалық форманттары аз да болса бар. Мысалы: Не йерде гөзел қопдый есе чекуп алды (ҚТ) – Қай жерде сұлу қыз көрсе (шертіп жүріп) олжалап алды. Қорқұп сөзлай алмас, қыла алмады, табып алдылар, тилап алсалар, бола алмаспыз, үзіп алды, таба алмай тұр едім (РҚ); тыйа алман, бара алмаспыз, көре алмадым, тауып ал, жауып ал (КК); сатұб алмыш ердім (ЖС). Ал Яссауидің «Диуани хикметінде» *-п, -ыб (-аб, -иб), -й, -е ал* аналитикалық форманттары біршама бар. Сондықтан мысалдарын ықшамдап береміз: Инша аллах ешитканни хақдин тилап алурмын – инша алла есіткендерді хақтан тілеп алармын. Аллах десе қожасы қолын тұтыб алмағай – Алла десе қожасы қолын ұстап алмағай. Хауыздағы китабиниң барин иғып алди (835) – Хауыздағы кітаптың барын жиып алды. Сол сияқты қоршаб алар (2311), кесиб алды (2312), т.б. Хикметте көсемшенің *-а* қосымшасы бірде ал етістігіне қосылып, бірде қосылмай жазылған, бірақ оның мағынасына кедергісі жоқ. Мысалы: Дидарынни кура алмадим (243) – Дидарынды көре алмадым. Куюб-йанып бола алмадим (659) – Күйіп жанып бола алмадым. Сол сияқты билалмадим (3038), қилалмадым (3039), қыла алмадым, жете алмадым, өте алмадым т.б. Мұндай *-п ал, -й ал, -е ал* аналитикалық форманттары орта ғасыр мұралардың ішінде Хикмет пен Шипагерлік баянда ғана көптеп және толық кездеседі. Шипагерлік баянда *-п тұра ал, -п жүре ал, -п қоя ал, -п кете ал* тәрізді күрделенген түрі қалыптасқан. Мысалы: басып тұра алмайтын, басып жүре алмайтын, тауып қоя алмапты, төзіп тұра алмайтын, ұғынып кете алмайтын. Жалаң түрлері жеткілікті: РҚ: таба алмадылар-таба алмады; табып алдылар - тауып алды, бола алмасмыз, сөзлай алмас, көтере алмасмән, телей алса. ЖС: көтеріп мойыналырға алдылар – мойындарына көтеріп алды, өмірлей алмайтын, шыдай алмады, ойланып алды, жасай алмайсыз, жете алмады, көре алмайды т.б. болып келеді. Сонымен Диуани хикмет, Шипагерлік баян, М. Қашқари, Жұмжұма сұлтан, Кодекс Куманикус, Рабғузи қиссаларында ЕАФ-ы кездеседі. Көне түркі тілінде *-ы ал (-п ал)* форманты ғана болса, орта ғасыр жазба мұралар тілінде жалаң (*-п/-е/-й ал*) және (*-п тұра ал, -п жүре ал, -п қоя ал, -п*

кете ал) күрделенген түрлері қалыптасқан. Олардың қимылды білдіру мағыналары мынадай: *-п ал* форманты қимылдың субъект өзі үшін немесе өзінен басқалар үшін жасауын білдіретін бағыт-мақсат тәсіліне жатады. Алайда, қимыл тәсілінің мағыналары аналитикалық форманттың екінші сынарына жалғанатын граматикалық көрсеткіштерге байланысты болып келеді. Сол себептен де «тілеп алармын» дегенде жайбарақат қимыл тәсілі болса, жинап алды, ұғып алды, өксіп алды деген аналитикалық формалар қимылдың тез, жедел жасалғанын білдіреді. *-а/-й/-е* ал формантты қимылдың болу не болмау мүмкіндігін білдіреді. Ал орта ғасыр жазба мұраларынан көріне бастаған *-п* қоя ал; *-п* жүре ал; *-п* тұра ал, *-п* кете ал күрделенген форманттарда мұндай жекелік мағыналар болмайды. Мысалы, *тауып қоя алмапты* деген аяқталған қимылдың орындалу мүмкіндігінің жоқ екендігін білдіреді.

-п бер, -а (-е, -й) бер, -п қала бер аналитикалық форманттары: Көне түркі руникалық жазба ескерткіштер тілінде *-у, -ы, -ун; -а, -е, -ү* бер аналитикалық форманттары болған. Ал қазіргі қазақ тілінде құрылымы жағынан екіге бөлініп, жалаң аналитикалық форманттарға: *-н/-й/-а/-е бер*; күрделенген аналитикалық форманттарға: *-п сала бер, -п жүре бер, -п кеп бер, -п қоя бер, -п ала бер, -п кете бер, -п шыға бер, -п қала бер* түрлері жатады. Яғни, күрделенген түрі біршама дамып жетілген. Орта ғасыр жазба мұраларында *-п бер* форманты біраз кездеседі. Қорқытта: Дерсе хан хатуына жауап бермеді – Дерсе хан ханымына жауап бермеді. Савашмадын ұрышмадын алы верейім дөнгіл герү – сабамай-ақ, ұрыспай-ақ алып берейін жөнел кері. Ортасунда қойуп верділер – ортасына қойып берді (кетті). ОН: Андан соң оғуз қаған оғуларыға йуртын үлештүрүб берді – содан соң оғуз қаған ұлдарына жұртын үлестіріп берді. Беріб йеберді – беріп жіберді т.б. Рабғузи қиссаларында көбіне «қылып» етістігімен тіркесіп келеді: Екинни арасида үй қылып берди (210) – Екеуінің арасынан үй салып берді. Мусаххир қылып берди – мүсәпір қылып берді. Одан басқа йүзүмни уруғыны тапып берди – жүзімнің ұрығын тауып берді, ыза берди – ызындай берді т.б. Берілген сөйлемдерде *-п бер* форманты қимылдың басқалар үшін жасалғанын, кенеттен тез жасалғанын, жасалу үстінде болатынын, қайталануын, созыңқылығын білдіреді. ҚБ: Үчини айу бердим едгү оғул – жақсы үшеуін ұлыма айтып бердім. Чықарды битиг берди елгин сунуб (ҚБ) – Хатты шығарып, қолын ұсынып берді. Шипагерлік баяндағы «...сырқат түптегі мәннiлi не екендiгiн айтып бермегi шарт болмақ» деген сөйлемдегі *-п бер* форманты қимылдың бөгде біреулер үшін жасалатындығын білдіреді. Айу бер маңа бу нечуга керек (НХ.314) – Маған айтып берші, ол не үшін керек деген контексте қимылдың біреу үшін жасалуының іске асу-аспайтындығын білдіреді. Асынды елге сарқып беріп, өзін қатып жүдеме (МК.93). Зерттеуге түскен орта ғасырлық жазбаларда *-а (-е, -й) бер* форманты *-п бер* формантына қарағанда біршама жиі кездеседі. Мысалы: ҚБ: Айу бер меңар сен тосулмаз қайу – Сен маған айта бер қайсы пайдасыз. БК: нечүк жауап берүрсән – қандай жауап берерсің. ШБ: Мен Жиреншенің жүлдесіне қуана күле бердім (38). Адам баласы алланың өміріне көне берген (46). Дегеніне жете алмай, шарасыз көмілмеге айналып қала беретіндіктен, «бұл жалған өтерден дүние-ай» делінбек (72). Іштегі айы асқан сайын мезет өсе береді де, әужалдық жарақ молая бермек. Өстіп адамзаты өсіп-өркендей бермек (79). Жасы ұлғайған сайын алғашқы тұрғылы несібе өсуден тоқтап, жетілісі баяулай береді де, қартаю сездіргісін бастан кешіркек (38). Осы сияқты тұра бермек, жасай бермек, оянып өсе береді, аунатып тебе беруді жалғастырмақ, ала бермек т.б. аналитикалық формалар көптеп кездеседі.

Сонымен орта ғасыр тарихи жазба материалдары негізінде *еді, екен* толымсыз көмекші етістіктердің қатысуымен жалаң және күрделенген аналитикалық форманттар болатындығы анықталды. Зерттеу барысында мынадай қорытынды түйін жасалынды:

- Жалпы орта ғасыр зерттеу материалдар негізінде *еді, екен, емес* толымсыз көмекші етістіктердің қатысуымен жасалынған мынадай аналитикалық форманттар ұшырасты: 1. Жалаң: Ø ерди/ермиш/емес;

-п/б ер/е, *-мыш* ер/е, *-ған* ер/е/емес; *-ғай* ерди; *-са* ер/е; *-р* ер/е/емеш; *-р* ерса; *-мас* ер/е; 2. Күрделенген: *-п* берүр ерди, *-п* турур ерди, *-п* жатыр едім, *-п* кеткен еді, *-п* олтур ерди, *-п* қалып едім, *-п* барур ерди, *-п* келді екен, *-п* жүрүр ерди.

- Көне түркі тіліндегі *-мыш* ерінч (*-ған* екен) форманты орта ғасыр жазба мұраларының көбінде кездеспеуіне қарағанда, қолданыс қажеттілігінен айырыла бастаған. Оның басты себебі, *-мыш* ермиш форманты активтеніп және сол мағынада *-ған* екен форманты қалыптасып, орын ала бастауынан сиректенген.

- Көне түркі тіліндегі *-сар* ерті форманты орта ғасыр жазба мұраларында *-са* ерди түрінде қолданылады.

- Көне түркі тіліндегі *-тачы* ерті форманты орта ғасырда ұшыраспады.

- Ø емес форманты қалыптасу негізін орта ғасырдан бастайды. Етістіктің бір морфемалы

аналитикалық форманттары қатарына жатады және қимылдың іске аспағанын білдіреді.

-п жүр, -а/-е/-й жүр, -қалы жүр еді, -п иүрүр ерди **аналитикалық форманттары:** Негізінен, жүр көмекші етістігі ұзағырақ мерзім ішінде үзіліспен болып тұратын не болып жатқан қимылды білдіреді [2, 26 б.]. Көне түркі тілінде *-у/-ү йор, -е йор* аналитикалық форманттары негізі қалыптасып, осы негізде көріне бастаған болатын. Орта ғасырда олардың жаңа формадағы варианттары туындап, әр ескерткіште әртүрлі сипатта болады. Әсіресе, *-п жүр* форманты қолданылу жағынан белсенділік танытып, қимылдың ұзаққа созылуын, қайталануын, шағын және қимылдың процесс үстінде болатынын, ал *-а/-е/-й жүр* форманты қимылдың созылыңқылығын, немқұрайлы жасалуын, *-қалы жүр еді* форманты амал-әрекеттің басталар алдындағы қалпын, орындалуға дайын екендігін, бірақ әлі іске аспағандығын білдіреді. Енді осыларға сөйлемдер берелік. Мысалы: ДХ: Пирмұған хизматидә иугуриб иурдим – Пирмұған қызметінде жүгіріп жүрдім. Мен бихабар кинаһ айлаб тынмай иуриб – мен бейхабар күнә істеп тынбай жүрген. Тәуекел қып белім байлап тынбай жүрсем. Сол сияқты иғлаб, санап, жұтып, кезиб, истаб, айтыб, болыб, басыб, болыб иурар ирмиш; тынмай, билай йүрдим, айтыб жүрсам, болыб йүрдим, қылып йүрдим, иутиб иурдим, качиб иурдим т.б. болып тіркесіп келеді. Мұндай қолданыс Ақиқат сыйында мәз емес, дегенмен кездеседі. Сонымен орта ғасыр жазба мұраларында *-б жүр, -ғалы жүр, -а/-е/-й жүр, -п иүрүр ердим* аналитикалық форманттарында келіп, олар қимылдың ұзаққа созылуын, қайталануын және қимылдың даму үстінде болатынын, немқұрайлы жасалуын, амал-әрекеттің басталар алдындағы қалпын, орындалуға дайын екендігін, бірақ әлі іске аспағандығын сияқты мағыналарды білдіреді.

-п/-б кел, -н кел, -ғысы кел, -а кел, -п отырғым кел **аналитикалық форманттары:** Көне түркі тілінде *-а/-е/, -п/-у/-ү кел* түрінде болса, орта ғасырда *-п/-б кел, -н кел, -ғысы кел, -а кел* тәрізді болып келеді. Мысалы: ДХ: Иетмиш фирқа фаришталар иғылып келди (159). Қырық бишимда сендин хажет тилаб келдим (209) – қырық бесімде сенен қажет тілеп келдім. Хазратина сиғныб келдим (299) – хазретіңе сиынып келдім. БК: Өлганлар йана қайтуп келмас ермиш – өлгендер және қайтып келмес болар. КК: Күн алдундан елчі келійір, көміш бырғытан келійір. Ай алдундан елчі келійір, алтун бырғытан келійір – күннен елші келеді, күміс шашып келеді. Айдан елші келеді, алтын шашып келеді. қуйруқы учу су йінчу, тама келір дешілер (180) – құйрығынан су інжу тамып келеді деседі. Мұнда көне қыпшақ тіліндегі «тама келір» тіркесінің мағынасы қазіргі тілімізде «тамып келеді» тіркесінің мағынасына сәйкес. ҚБ: Сарығ таң ата келді өндүрді-йә – шығыстан қызарып таң атып келеді ШБ: ...айырмашылығы шыға келмек. МҚ: Өмірімде тоқталуға жақындасып келеді (89). Құстар ұшып келеді (91). ШБ: Еркек болғанымен, азнама болмай, азбан болса, мұндай болғанша өле қалғанның өзі жақсы – деу екінің бірінің аузынан еркек намысы үшін шыға келмегі шарт (127). Көзге көрініп келген, көрініп келетін жылды ешкімде көрген емес, көре алмайды да, көру мүмкін емес (171). Сырқат қатері тудырғылық болған сабылтқы өзін шақырып келген бұйымтай екендігі айқындық тапқызбақ (210). Шипагерлік баянда үш морфемалы ЕАФ-қа жататын қалау мәндегі тәуелденген *-ғы* формалы сөздермен тіркесуі жиі. Мысалы: Қанай шешен осы орайда жеңіп алғысы келді ме, тұтқайыл дүрсе қоя беріп: – Білсең, айтшы дүниеде не өлмейді? – деді. Сол сияқты ішкісі келмей, жоғалтқысы келіп, жөнелгісі келмек, урғысы келмек т.б. біршама қолданылған (111-219). Мұнда *-ғы кел* форманты қимылдың іске асуына ниеті барын білдіреді. М. Қашқарида оның мағынасын *-сады/седі* қосымшаларымен келген сөздер қалау мәндегі *-қысы/-ғысы келді* формантында беріледі. Мысалы: атсады – атқысы келді, өтседі – өткісі келді т.б. (I. 326-329); Білікседі – білікті болғысы келді, берігседі – бергісі келді т.б. (III. 446-449). Мұндай синкреттік ұғым басқа ескерткіштерден ұшыраспады. Сонымен бірге *-п отырғым кел* тәрізді күрделенген формант құрамында ұшырасады: Мен қарап отырғым келмей, суға кетушінің аяғына көтеріп, бақанға терісін сыпыра қойды ілгендей жел бауға іліп, астына астау тосып қойдым (ШБ.129). Шипагерлік баянда қалау райдың *-ғы(м)сы* формасымен келуі басымырақ болса, хикметте *-ып кел* форманты белсенділік танытады. Жалпы көрсетілген етістіктің аналитикалық форманттары қимылдың жасауға ниеттілігін, дайын екендігін, жол-жөнекей жасалатын мағыналарды білдіреді.

-үбан/-б елт **аналитикалық форманты:** Көне түркі тілінде *-е елт* формантында (сүре елтді) ғана келетіні мәлім. Орта ғасыр жазба ескерткіштер тілінде де қолданылуы жағынан белсенділік таныта алған жоқ. Яғни, ЕАФ-нда көрінуі мәз емес. М. Қашқари сөздігінде мынадай сөйлем беріледі: Ол кешишні сув ілетті – ол көпірді су алып кетті (МҚ. I. 426). Жұмжұма сұлтанда көсемшенің *-үбан* түрімен келеді: Иүзүм бірла сурайүбан елттілер, бір ұлұғ уади ічіна аттылар (252) – етпетімнен (бет жағы) сүйретіп әкелді де, бір үлкен шұңқырдың ішіне лақтырды. Құтты білікте: қатығ арзулады сени көргүнә, мени созчи ыдты оқыб елтгүкә (3411) – сени көруге қатты құмартады, мені шақырып әкелуге сөзші етіп жіберді. Бірісін қанып елтүр болур – схватив одного из них, он собирается утащить (его) (Suv) [3].

-п түш, - түш форманттары: Орта ғасыр жазба ескерткіштерінде *-й түс (-ды түшті), -п түш* форманттары бар. Бірақ, олар жиі кездеспейді. Жазбалардың көбінде негізгі және құранды етістік ретінде болады. Десек те көрсетілген формант түрлері кейбірінде қалыптасқан. Мұнда *-ды түш* форманты қазіргі тіліміздегі *-й түс* түрінің мағынасына сәйкеседі. Мысалы: Буға аяғ үстіне турамады түшді – Бұқа аяғына тұра алмай (құлап) түсті. Азығ тішім қоңрулуп түшүп келір болты – мои коренные зубы во рту, будучи расшатанными, стали выпадать [3, с. 600]. Шипагерлік баянда: ... азды-көпті қыңсыраған соң әлден айырылып, еңтігін баса алмай демігіп, құлап түседі де, жеп жатқан түккөрмеске қол жұмсауды ойласа да қауқары келмейді (78). Жол шетіне жығылып түсіп, талып қалғанын ел көріп құтқарған (86). ...Қаннен-қаперсіз отырғанда айтылған ойда-жоқтағы сүйіншілі сөзді естісімен-ақ үн-түңсіз, сілейіп тұрып қалады да, аузына сөз түспей, қайтерін білмей, аңырап барып, өзін меңгере алмай, сылқ етіп құлап түскенін сезбей қалмағы көз көргі (117). Ренжісерлік туылғылық болса, селкілдеп барып, серейіп түседі де, талып қалмағы шарт (219). Жалпы *-ды түшті (-й түс), -п түс* форманттары қимылдың қысқа, батыл, кенеттен, тез жасалуын, біртіндеп жасалу мағыналарын білдіреді. Басқа формант түрлерін орта ғасыр жазбаларынан кездестіре алмадық.

-ай де, -йін/-йын, -тачы/-течі те форманттары: Көне түркі тілінде *-йін/-йын, -тачы/-течі те* форманттары негізін қалаған болатын. Орта ғасыр жазбаларында да *-йын де* түрі жалғасын тауып, бүгінгі тілімізде қызмет атқарады. Жалпы *-йын де* форманты көне түркі руникалық жазба ескерткіштерден бастап бүгінгі тілімізге дейін жалғасын тауып, қолданылып келеді. Бұл сөздің аналитикалық қасиеті жайлы айтылған ғалымдар пікірлері алдыңғы бөлімде берілген. XII-XIV ғасырлардағы ұйғырдың заң құжаттарында да қолданылып, *-йын де* форманты қимылдың басталу не аяқталу қарсаңындағы әлі де үдеп кетпеген я дамып үлгермеген немесе үдеуге я бәсеңдеуге бет алған нақтылы бір кезеңін, қимылдың жасалуға дайын екендігін, субъектінің қимылды жасауға бейімділігін, ниетін білдіреді. Яғни, осы ескерткіштердегі *-йын де* формантының қимылды білдіру мағынасы қазіргі тіліміздегіден бөлек емес. Мысалы: БҚ: Қутулайын десаң, онда сахар турмакны адит қыл (147) – (ол дүниеде) құтылайын десең, таңсәріде тұруды әдет қыл. Нафсим айтур бу беш күнлик тирикликка, бу дунийада бағ бостан етайын дер – Нәпсім айтады: бұл бес күндік тіршілікте дүниені бау мен баққа бөлейін дер. Сол сияқты *-йын де* формантында «жатайын дер, өтейін дер, тұтайын дер, жұтайын дер, жетейін дер» тіркестері қолданылады. [6, 33-146 бб.]. ШБ: Күнбидің алдына барса, дар арқаны алқымынан соққалы тұр, бармайын десе, ұяттан жаны шыққалы тұр, өлейін десе, жан тәтті, кірейін десе, жер қатты (121). Жетейін деген көземі, шығайын дейтін биігі көп болмақ (72). ХШ: алайын десе. Диуани хикмет пен Рабғузи киссаларында *-йын де* формантының мағынасында *-ай де* форманты жүрген. Мысалы: *Шариғатни тариқатни билай десаң. Тариқатни хақиқатқа олай десаң. Бу дарийадин дур уа гауһар алай десаң* – Шариғатты, тариқатты білейін десең, Бұл дариядан асылтас, гауһар алайын десең. Тариқаттың ақиқаты үшін өлейін десең. РҚ: Андин сизлар һәм нилса десаңыз қабул қылай деди (208) – Содан кейін сіздер не десеңіздер қабыл қылайын деди (етейін). Мұндай тіркестің түрі жиі кездеседі [5, 148 б.].

Сонымен *-йын де* формантының негізін Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінен бастап, орта ғасырмен жалғасып, бүгінгі күнге жетіп отыр. Зерттеу барысында оның әр кезеңде тіркесті сыңары мен қимылдың өту сипатында білдіретін мағыналары жағынан өзіндік ерекшеліктері бары анықталды. Мысалы, орта ғасырда *-ай де* форманты *-йын де* формантына синоним болып келеді. Сонымен бірге жазба ескерткіштердің кейбірінде ғана кездеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Оралбаева Н. Қазақ тілінде етістіктің аналитикалық формасының қалыптасуы туралы // Қазақ тілі және әдебиеті. №7. –Алматы, 1974. -14 б.
- 2.Саденова А.Е. Де етістігінің синтаксистік тұлғаларды қалыптастыруға қатысуы. Филол. ғыл. канд. дис. авторефераты. –Алматы, 2002. -25 б.
- 3.Сравнительная грамматика русского и туркменского языков. Фонетика и морфология. Ашхабад, 1964. -368 с.
- 4.Грамматика современного башкирского литературного языка. – М.: Наука, 1981. —495 с.
- 5.Сағындықұлы Б. «Фибат-ул хақайық» – XII ғасыр ескерткіші. Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 2002. -184 б.
- 6.Ежелгі дәуір әдебиеті. Хрестоматиялық оқу құралы. –Алматы: Ана тілі, 1991. -280 б.

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ СЕЙФҰЛҒАБИТ МӘЖИТОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНА ӘСЕРІ

БЕКБЕРГЕНОВА З.У.

Филология илимлері докторы, доцент

Өзбекстан Республикасы Илимлер Академиясы, Қарақалпақстан бөлімі, Қарақалпақ гуманитар илимлер илим-изертлеу институты, Нөкіс қаласы

Резюме. В статье рассматривается идейно-тематическое, жанровое и художественно-эстетическое влияние произведений казахского просветителя-педагога, писателя, этнографа, общественного деятеля Ыбырай Алтынсарина на творчество каракалпакского поэта Сейфулгабита Мажитова.

Summary. The article examines the ideological-thematic, genre and artistic-aesthetic influence of the works of the Kazakh educator-teacher, writer, ethnographer, public figure Ybyray Altynsarin on the work of the Karakalpak poet Seyfulgabit Mazhitov.

Хәр бир халықта өзінің саналы өмірін, дәретиўшилиқ хәм азаматлық хызметлерин ел-халықтың ийгиликли ислери, бахты, арзыў-әрманлары, раўажланыўы ушын арнаған сөз шеберлери, ел басшылары, ағартыўшы шайырлары, мәмлекетлик искерлери, бийлери, данышпанлары көплек ушырасады. Усындай ел азаматларының бири – қазақ халқының әдиўли перзенти пүткил өмирин мектеpler, оқыў орынларын ашыўға, қазақ балаларын оқытып, илим-билим сырларын үйретиўге арнаған көрнекли ағартыўшы-педагог, жазыўшы, этнограф хәм жәмийетлик ғайраткер Ыбырай Алтынсарин есапланады.

Ыбырай (шын аты – Ибрагим) Алтынсариннің өміри, дәретиўшилиги хәм педагогикалық хызметлери XIX әсирдеги Орайлық Азия халықларына Ресей патшалығының өз хәкімиранлығын өткерип турған феодаллық дәуірлерге туўра келеди. Ел ишинде жүрип жатқан қарама-қарсылықлы хәркетлерге, сиясий-жәмийетлик ўақыяларға қарамастан, өз ана тилин хәм сол гезде орыс тилин жақсы меңгерип алған Ыбырай Алтынсарын, қазақ халқын, әсиресе өсип киятырған жас урпақты, жасларды билимлендириўди азаматлық бурышы деп билип, өзи бас болып, бир неше жерде мектеpler ашыўға кириседи. Ыбырай Алтынсарин мектеп ашқан кезлери (1864-жыллар) балаларға арналған сабақлықлар улыўма жоқтың қасында болады. Билимлендириў тараўындағы усндай жетиспеўшилиқлерди терең сезинген Ыбырай Алтынсарын оқыў қураллары менен бирге қысқа әңгимелер менен қосықлар жазыўға кириседи хәм оларды баспа сөзде жәриялаўға ериседи.

Әлбетте, Ыбырай Алтынсариннің билимлендириў хәм көркем әдебият тараўында ислеген хызметлери Орайлық Азия халықлары ушын тәлим-тәрбия хәм мектеп хызметин атқарады. Ағартыўшы-шайырдың шығармаларынан өз дәуиринде хәм оннан соңғы дәуірлерде де (XX хәм XXI әсирде) түркий халықлардың сөз шеберлери үлги алып, суўсынланды. Буны биз XX әсирдеги қарақалпақ әдебиятын баслаўшы шайыр-жазыўшылар Аяпберген Муўсаев Қ.Әўезовтың, Ә.Өтепов, Қазы Мәўлик, Сейфулғабит Мәжийтов х.т.б. талант ийелеринің дәретиўшилигинде көриўимизге болады. Солардың бири ағартыўшы шайыр хәм қарақалпақ мектеpleri ушын туңғыш оқыў қолланбаларын дүзген педагог, жазыўшы Сейфулғабит Мәжийтовтың дәретиўшилиги идея-тематикасы, мазмуны хәм педагогикалық хызметлери менен де Ыбырай Алтынсариннің дәретиўшилигине оғада үнлес десек те болады. Демек, бул қарақалпақ шайыры С.Мәжийтовтың қазақтың ағартыўшы шайыры хәм педагогы Ыбырай Алтынсариннің шығармалары менен жақыннан танысып үйренгенлигин, және де оларды тәржималап (аўдарып) қарақалпақ оқыўшыларына жеткерип бериў менен биргеликте олардан илхамланып өзи де бир неше шығармалар дәреткенлигинен дәрек береді. Бир дәуірде жасаған еки халықтың сөз шеберлеринің (Ыбырай Алтынсарин (1841-1889), (Сейфулғабит Мәжитов (1869-1938) дәретпелерин өзара салыстырып үйренгенимизде олардың идея-тематикалық, мазмунлық хәм жанрлық ўқаслықларға ийе екенлиги сезиледи. Мәселен, Ыбырай орыс-қазақ мектеpleri ушын арнаўлы оқыў қураллары зәрүр екенлигин терең түсинип, көрнекли педагог алым К.Д.Ушинскийдің ой-пикирлерин басшылыққа алып, сол автордың «Балалар дүньясы», Л.Н.Толстойдың «Әлипбе хәм оқыў қуралы», Д.И.Тихомировтың «Грамматиканың қарапайым курсы» китапларын тәржималап, оқыў қуралы сыпатында усинады. 1879 жылы Ыбырай Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы» атамасындағы сабақлығы хәм дидактикалық оқыў мәселеси ҳаққында «Қазақларға орыс тилин үйретиўдин баслаўыш қуралы»

жарық көреді. Бұл екі кітап та қазақ балаларын кирил әлипбесі негизінде оқытуға арналған туңғыш оқыу кураллары болады. Ол сабақлықтар жазыу менен бирге жаңа дәуірдеги қазақ әдебиятының қәлиплесіуіне салмақлы үлес қосып, Ушинский, Л.Н.Толстой, И.А.Крылов, И.Паульсон шығармаларын қазақ тилине тәржималап, аударма тарауын байытып, рауажландыруға салмақлы үлес қосқан болса, "Қазақ хрестоматиясы" на кирген "Кел, балалар, оқылық!", "Өнер-білім бар жұрттар", «Қарға мен түлкі», «Әй, достарым», «Өсиет өлендер», «Жаз», «Әй, жігіттер», «Өзен», «Бұл кім?», «Азған елдің хандары» х.т.б. қосықларында халықты жалпы сауатландыру, ағартыушылық идеялары менен биргеликте ана тәбиятты асырау, қоршаған орталықты, ана Ұатанды аялау тематикасын көтереді. "Кел, балалар, оқылық!" қосығының идея-тематикасы өз дәуіринің жасларын сауатсызлықтан, билимсизликтен қашыуға, оқып-билим алыуға шақырса, екіншиден оқыу-билимге, өнер ийелеуге, итибар бермейтуғын айырым ескише көзқарастағы адамларға соққы беріуіге бағдарланған. Ал "Өнер-білім бар жұрттар" атамасындағы қосығында болса, өз халқын, алдыңғы қатардағы билимлі хәм мәдениетлі елдердің қатарында көргиси келеді. Буның ушын олардан үлги алып, солар менен теңдей аяқ қосып жасауға, билимлі хәм өнерлі болыуға шақырады. Бул қосықлардың мазмун, мақсети – өмирдеги сарқылмайтын мол байлық – билим хәм өнер екенлигин, адамзаттың илим-билим, өнер сырларын терең меңгерип бахытқа, табысқа ерисетуғынлығынын, буның ушын еринбей оқыу, мийнет етиу кереклигин терең уқтырып өтеді. Буны биз, шайырдың қазақ жасларын оқыу, өнер-билимди, жаңа техниканы меңгеріуіге шақырыушы «Оқысаңыз, балалар, Шамнан шырақ жағылар. Тілегенің алдыңнан, Іздемей-ақ табылар». «Оқымаған жүреді, Қараңғыны қармалап. Надандықтың белгісі – Еш ақылға жарымас», «Ата-енең қартайса, Тіреу болар бұл оқу. Қартайғанда мал тайса, Сүйеу болар бұл оқу», - деген сыяқлы дидактикалық қосық қатарларында терең сезинеміз. Және де, Ыбырай Алтынсарин өзинің шағын хәм қызықлы сюжетлерге қурылған "Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш", "Атымтай жомарт", "Әке мен бала" және тағы басқа да киши сюжетлерге қурылған әңгимелерінде жасларды мийнетти сүйіуіге, жасы үлкенлерди хұрметлеп, жасы кишилерге ғамхорлық етиуіге шақырады.

Ал, қарақалпақ халқының ағартыушы-шайыры хәм драматурги Сейфулғабит Мәжійтов хәккында сөз ететуғын болсақ, ол 1869-жылы Қазан губерниясы Арша кантоны Өртем ауылында дийхан семьясында тууылады. Сейфулғабит Мәжійтов хәм оның семья ағзалары елдеги сиясий жағдайларға байланыслы 1877-жылы тууылған жерин таслап, тәғдирдің буйрығы менен ата-анасы менен биргеликте дәслепп Оренбург, Ақтөбеге, соңынан Қарақалпақстанға келеді. С.Мәжійтов та Ыбырай Алтынсарин сыяқлы жаслайынан илим-билимге қызығыушылығы басым бала болып ер жетеді. Қарақалпақстанға келгеннен соң қарақалпақ балалары менен ойнап өсип, қарақалпақ халқының тилин, әдебиятын, мәдениетын тереңнен үйрениуіге умтылады. Ол сол дәуірдің белгили адамларының бири Күлен болыстың хатшысы болып ислеген жыллары (1888-1889 жж.) қарақалпақ классик шайыры Бердақ Ғарғабай улы менен ушырасады. Ел арасынан қарақалпақ халық дөретиушилиги менен классик шайырларымыздың мийрасларын жыйнайды. Усының менен бирге ол Қазан губерниясы менен үзликсиз байланыс жасап, сол жақтан түрли әдебиятларды алдырып оқыйды, және татар, орыс жазыушыларының шығармаларын қарақалпақлар арасына үгит-нәсият етип, Батыс хәм Шығыс мәдениетларын таратыушы хызметин атқарады. Хәттеки, ХХ бас гегеңінде, яғный 1907-жылы Шымбай уездинде жаңаша усылда билим беретуғын мектептердің ашылыуын хәм қарапайым халықтың балаларын оқытудың зәрүрлигин терең сезинип, «Иният болысқа» қосығын хат усылында жазады. Қосықтың мазмуны төмендегише:

Шымбайдың жери кең, суы парауан,
Лекин, билимнен жоқ хеш намуу-нышан,
Жигирма мың үй, жүз жигирма мың жан,
Бир мектеп жоқ оқып билим алмаға...
Ең аңсат жол-бүгін усылы жәдийт,
Қабыл етсең, жайдық алдыңа кәрит,
Ақыл айтпақ Сизге кәмийне Мәжійт,
Қыял етер тек ядыңа салмаға.

Тилекке қарсы, ағартыушы шайыр С.Мәжійтовтың бул усыныс-тилеклери өз ўақтында Иният болыс тәрәпинен қабыл етилмеген. 1912-жылы С.Мәжійтовтың шаңарағы Қоңырат қаласына көшип келеді. Қоңыраттағы «Ноғай көшеси»нде жасаушы татар зиялылары Ғ.Тоқайдың қосықлары менен поэмаларын, Ғ.Ибрагимовтың реалистлик гүрриңлери менен романларын, Ғ.Камалдың драмалары менен комедияларын қарақалпақлар арасына таратыушылар хәм үгит-нәсиятлаушылар болады. С.Мәжійтов қарақалпақ тилинде туңғыш сабақлықтарды жазыу хәм баспадан шығаруы жумыслары менен қоса орайлық баспа, телеграф хәм басқа да мәкемелер менен областлық халық билимлендириу

бөлиминің атынан келисим дүзиу ислерин алып баратуғын ўәкиликке де ийе болады. С.Мәжийтов жаңадан ашылған мектеплерге арнап, «Қарақалпақ тилинде элипбе», «Егеделер саўаты», «Оқыў китабы» (Ташкент, 1925-жыл), «Қарақалпақ әдебиятының жыйынтығы» (Төрткүл, 1926) сабақлықларын дүзеди хәм баспадан шығарыўға ериседи. С.Мәжийтовтың қарақалпақ тилиндеги сабақлықларды дүзген пайытында Ташкенттеги қырғыз халық ағартыў институтында ислеген белгили башқурт илимпазы, фольклорист А.А.Диваев, қазақ жазыўшысы М.О. Әўезовлардың мәсләхәтлери оған дурыс жол-жоба болады. Сол себепли ол өзи дүзген сабақлықларында К.Д.Ушинский, Л.Н.Толстой, Ы.Алтынсаринниң гүрриңлеринен, И.А.Крыловтың тымсалларынан үлгилер келтиреди. С.Мәжийтов туўысқан миллетлер әдебиятының нускаларын пайдаланғанда оқыўшылардың жас өзгешеликлерин хәм билим дәрежесин есапқа алады. Мәселен, ол Л.Толстойдың «Как мужик гусей делил» («Мужик ғазларды қалай бөлди») деген гүрриңин кишкене еки шығарма ретинде ажыратып береді. Оларға «Бөлмеге уста екен», «Және бир усталық» деп тема қояды хәм «»Бөле билген ала билер» деген қарақалпақ халық нақылы менен Л.Толстойдың гүрриңинде сүүретленген ўақыялардың дурыслығын тастыйықлайды. (Мәжийтов С. «Оқыў китабы», Ташкент, 1925-жыл). Ал, Л.Толстойдың «Два товарища» («Еки жолдас») гүрриңин С.Мәжийтов кеңейтип аўдарады хәм түп нускасында Айыў өлген адамға тиймейтуғыны ҳаққында ҳеш нәрсе айтылмаса, дилмаш бул жабайы ҳайўанның минез-кулкы туўралы оқыўшыларға зәрүрли түсиник береді хәм «Жолға шықсаң, жолдасыңды таўып шық» , - деген нақылды келтиреди (Сонда, 56-бет). С.Мәжийтов өзи дүзген сабақлықларға халық аўыз еки дөретиўшилиги үлгилеринен (нақыл-мақалларды, жаңылтпашларды, ертеклер менен аталар сөзлеринен, Шығыс халықларының көбисинде ушырасатуғын «Хатамтай жомарт», «Хатамтайдың иниси», «Хожа Насратдинниң ақылы» усаған ертеклерди, қарақалпақ халық аўызеки әдебияты хәм классикалық әдебиат үлгилеринен «Өтепберген бай», «Өтепберген бай менен Қутлымурат бий», «Дәўқара», «Шымбай қаласының қурылыўы», «Шымбайдың атасы», «Айдос бий менен Маманбий», «Шоқай бийдиң айтқаны» усаған эпсаналар менен Әжинияз шайырдың «Бозатаў» поэмасын оқыўшылардың дыққатына усынады («Егеделер саўаты», Ташкент, 1925-жыл).

С.Мәжийтов тек эпиўайы ағартыўшы-шайыр болып қалмастан, усының менен бирге қарақалпақ прозасы, драматургиясы хәм аўдарма тараўларында жемисли мийнет етип, «Бағдагүл», «Ерназар алакөз», «Соңғы селтең», «Жигит болдық», «Сабақ» усаған пьесалары менен бирге «Сүйин хәм Сара», «Құлмурат», «Он тоғыз» атлы романларын дөретеди.

С.Мәжийтовтың ағартыўшы-шайыр сыпатында «Жасларға», «Хаяллар күнине», «Қыз-келинлерге», «Қызларға», «Қарақалпақ», «Аталар-ай», «Не жаман», «Ағасынан инисине хат», «Не әрман», «Мәрт жақсы», «Ерлик дәркар», «Оқыўға кел», «Инан мәккам», «Өнер-билим», «Кеш болмасын», «Жигит», «Дослық жайы», «Төрт мәўсим», «Ақ қуў, шортан хәм шаян», «Бүлбил билән ешек» сыяқлы дидактикалық, тәрип хәм тымсал қосықларында дәўир руўхын, жаслардың оқып-билим алыўын, алдыңғы еллер менен бир сапта турып, жаңа заманға сай аяқ қосып өнер ийелеўиниң тәрептары екенлиги бул қосықлардың идея-тематикасында анық сезилип турады.

Мысалы, С.Мәжийтовтың көпшилик дидактикалық қосықларының, солардан «Оқыўға кел», «Өнер-билим» «Жасларға», «Қыз-келинлерге», «Қызларға», «Қарақалпақ», «Аталар-ай», «Не жаман», «Кеш болмасын», «Жигит», «Дослық жайы», «Төрт мәўсим», «Ақ қуў, шортан хәм шаян», «Бүлбил билән ешек» сыяқлы қосықларының Ы.Алтынсаринниң шығармаларының тәсиринде дөретилгенлигин мына қосық қатарлары айқын дәлил бола алады. «Хей, яранлар, биз бундамыз, Қосылайық, оқыўға кел, Бар билимди оқып, уғып, Кеўилге әбден тоқыўға кел», «Билимниң жолын тосайық, Бизде билген ел усайық, Бир туўғандай бас қосайық, Биз бундамыз, қыйқыўға кел («Оқыўға кел»), – деп жасларды, пүткил елди илим-билим үйрениўге, алдыңғы еллер қатарында болыўға шақырса, «Өнер-билим» қосығында: «Өнер-билим билген журтлар, Тастан сарайлар салдырды, Айлық жолдан көз жумғанша, Туп-туўра хабар алдырды», «Өнер-билим ел көрки екен, Ескермедик бул не деген, Қартлық, наданлық бир жерден, Гөя белимди сындырды», – деген қосық қатарларында да өнер-билимди ийелеген ел-халық ғана көркейип, раўажланатуғынын, бахыттың, мол дәрматтың, табыстың гилти өнер-билимди екенлигин терең уқтырып өтеди.

С.Мәжийтовтың қара сөз бенен жазылған «Хатамтай жомарт», «Мийирман бала», «Күлмегейсиз ғаррыға», «Ата менен бала», «Оқыған бала», «Ата ўәсияты», «Дәртке жараған бала», «Халық сыйлаған балалар», «Бөри менен ийт», «Арыслан менен қоян» х.т.б. киши көлемли шағын гүрриңлери де тәлим-тәрбиялық әхмийетке ийе болып келеди. Егерде, Ыбырай Алтынсаринниң «Бір уыс макта», «Аурудан аянған күштірек», «Алтын шеттеулік», «Тышқанның өсиеті», «Шеше мен бала», «Бақша ағаштары», «Талаптың пайдасы», «Әке мен бала», «Жаман жолдас», «Қарға мен құрт», «Түлкі мен ешкі» тағы басқада әңгимелери сол гездеги орыс педагогларының (Ушинский, Толстой,

Паульсон, Крылов) шығармалары үлгисінде жазылған болса, бундай құбылысты қарақалпақ жазыушысы С.Мәжйитовтың жоқарыдағы гүрриндери мысалынан көріуимізге болады. Еки халықтың ағартыушы-шайырларының лирикалық қосықлары хәм әңгимелерин оқып қарағанымызда С.Мәжйитовтың Ы.Алтынсариннің дәретиушилигинен оқып, үйренгенлигин хәм өз шығармаларын бир мақсетке бағдарлап, дидактикалық усулда жазыуға умтылғанлығын көреміз.

Қазақ халқының ағартыушы шайыры, көрнекли педагог, жазыушысы, этнограф хәм жәмийетлик ғайраткер Ыбырай Алтынсарин 1889-жылы 19-июлда аұырып, өз әжели менен 48 жасында дүньядан өткен болса, қарақалпақ халқының ағартыушы-шайыры, жазыушысы, драматурги хәм бир неше сабақлықлардың авторы Сейфулғабит Мәжйитов 1937-жылы «Халық душпаны» сыпатында нахақтан айыпланып, 1938-жылы Төрткүл тюрмасында 69 жасында дүньядан өтеди. Биз өмир баянын, шығармаларын хәм педагогикалық хызметлерин салыстырып өткен еки халықтың перзенти де өзлери жасаған саналы өмиринде ұтан алдындағы, ел-халық алдындағы азаматлық хызметлерин елимиздің ул-қызларының билимли хәм өнерли болыуына сарыплап, сабақлықлар жазыу, мектеп ашыу, поэзиялық хәм прозалық, драмалық шығармалар жазыуға үзликсиз арнады. Сонлықтан да, олардың исмлери менен халқы ушын ислеген азаматлық хызметлери кейинги урпақлардың ядында хәм қалбинде яд болып, қәдирленип келмекте.

Пайдаланылған әдебиятлар дизими:

1. Мәжйитов С. Шығармалары. – Нөкис: Қарақалпақстан, 1992.
2. Ыбырай Алтынсариннің шығармалары бойынша интернет материаллары: <https://sputnik.kz/spravka>; <https://wikisource.org/wiki>.

ӘОЖ 82. 474

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

АНДАКУЛОВА Д.М.

Тараз қаласы №38 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается жизнь и творчество Ибрая Алтынсарина.

Summary. The article examines the life and work of Ibray Altynsarin.

Ыбырай Алтынсарин (шын аты – Ибраһим, 1841–1889) – қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагог, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері

Ыбырай Алтынсарин қазақ халқының ағартушылық тарихында және ұлттық мектебінің қалыптасуында терең із қалдырған тұлға. Ол 1841 жылы қазіргі Қостанай облысының аумағында дүниеге келген. Әкесінен ерте айырылған ол атасының - белгілі би және старшын Балқожа Жаңбыршиннің қолында тәрбиеленді. Ыбырай бала кезінен бастап білімге және өз бетінше оқып білуге бейім екенін байқатты. Көп оқыды, Ресей қоғамының білімді адамдарымен жиі араласып тұрды. Орынборда оқып жүрген кезінде шығыстанушы ғалым В.В Григорьевпен жақын танысып алды. Ол өзінің бай кітапханасымен Ыбырай Алтынсариннің еркін пайдалануына рұқсат етті. Білімге құштар жас бос уақытының бәрін де сол кітапханада өткізді. Білген үстіне біле түссем деген құмарлық пен өз халқыма неғұрлым көбірек пайда келтірсем деген абзал арманға ұмтылыс жас Ыбырайдың өмірлік кредосына айналды. Өзінің мінез-құлқы жағынан қарапайым әрі еңбексүйгіш еді, көп оқыды, өзге халықтардың қол жеткен табыстарын неғұрлым көбірек біле түссем деп армандады. Алған білімін өз халқының пайдысына асыруға талпынды.

Ыбырай 1841 жылы қазан айының 20-сында қазіргі Қостанай облысы, Қостанай ауданында дүниеге келеді. Үш-төрт жасында әкесі Алтынсарин қайтыс болып, атасы Балғожаның қолында өсіп, тәрбиеленеді. Қыпшақ тайпасының ұзын руынан шыққан. Атасы Балғожа би өз аймағының атақты кісілерінің бірі болған. Ел ішіндегі көп билікті қолында ұстаған би, Орынбор әкімшілігінің алдында да беделді, белгілі кісі болған. Замана бет алысын өзінше болжаған Балғожа табысқа жетудің ендігі жолы – оқу деп біледі. Сөйтіп, немересі кішкентай Ыбырайды Орынборда ашылады деп күтілген орыс-қазақ мектебіне күні бұрын жаздырып қояды. Бидің ондағы мақсаты, әрине, немересінің бала оқытып, педагог болуы емес, әкімшілік орындарда жұмыс істеп, шенеунік, орысша оқыған "төре" болып шығуы, ата-анасын асырауы. Балғожа бұл ойын Орынборда оқып жүрген жасөспірім Ыбырайға жолдаған өлең-хатында былайша білдірген:

Үміт еткен көзімнің нұры – балам,
Жаныңа жәрдем берсін Хақ тағалам.
Атаң мұнда анаңмен есен-аман,
Сүйіп сәлем жазады бүгін саған.
Атаңды сағындым деп асығарсың,
Надан боп білмей қалсаң, аһ ұрарсың.
Шырағым, мұнда жүрсең не етер едің,
Қолыңа құрық алып кетер едің.
Тентіреп екі ауылдың арасында
Жүргенмен, не мұратқа жетер едің?!

Әлгі мектеп ақыры 1850 жылы ашылады да, оған қабылданған отыз қазақ баласының бірі – тоғыз жасар Ыбырай болады. Ыбырай мектепте сабақты ынта қойып оқиды, 1857 жылы оқуын "өте жақсы" деген бағамен бітіріп шығып, 1859 жылдың тамызына дейін өзінің туған елінде тілмаштық қызмет атқарады. Қалада оқып, қазақ даласына беймәлім жаңалықтардан хабардар болып, ой-өрісі кеңейген зерделі бозбаланың екі жылдай елде болуы – қазақ қоғамының жағдайын тереңірек түсініп, жаңаша сезінуіне, өзіндік ойға келуіне мүмкіндік береді.

1859 жылы Ыбырай Алтынсарин атасының жақсы танысы, сыйлас кісісі – Орынбордағы Шекаралық комиссияның төрағасы, шығыстанушы белгілі ғалым, профессор В.В.Григорьевпен жақын танысады. Ол Ыбырайға қамқорлықпен қарап, оған өзінің бай кітапханасын еркін пайдалануына жағдай жасайды. Ыбырай Григорьевтің кітапханасынан орыс жазушыларының шығармаларын, орыс және дүние жүзі ағартушы-педагогтерінің еңбектерін, ұлы адамдардың өмірі жайындағы кітаптарды алып, бас алмай оқыған. Мерзімдік басылымдарды оқып тұрған. Өз бетімен көп ізденіп, білім қорын молайта келе, Ыбырай өзінің алдына тілмаш болуды емес, туған халқына пайдалырақ басқа бір қызмет істеуді мақсат етіп қояды. Оның ынтасы ағартушылыққа ауады. 1860 жылы Жайықтың шығысындағы қазақтар үшін төрт бастауыш мектеп ашылған кезде, Ыбырай өзі сұранып, Торғай мектебіне мұғалім болуға рұқсат алып, сонда келеді. Бірақ мектеп бірден ашыла қоймайды. Бұл аралықта, Ыбырай ел ішінде мектептің пайдасын түсіндіріп, біраз баланы өз үйінде оқытады. Торғай мектебі 1864 жылы ғана ашылады. "Осы жылы қаңтардың 8-і күні көптен күткен ісім орнына келіп, мектеп ашылды. Оған 14 қазақ баласы кірді. Бәрі де жақсы, есті балалар. Мен балаларды оқытуға қойға шапқан аш қасқырдай қызу кірістім", – деп жазады, ол белгілі шығыстанушы, профессор Н.И.Ильминскийге жолдаған хатында. Ыбырай мектептегі сабақ пен тәрбие жұмысын сол кездегі орыс мектептері үлгісінде құрады. Сабақты қазақ тілінде жүргізе отырып, ол балаларға орыс тілін үйретуге, пән негіздерінен білім беруге тырысады. Тәрбие жұмысын адамгершілігі мол, жаңа ұрпақ тәрбиелеп шығаруға бейімдейді.

Ыбырай мәдениет пен білім жолына халқының өте ынталы екенін жақсы ұғады. Бұл оны жігерлендіре түседі. "Қазақтар мені құшағын жая қарсы алды. Мектепке балаларын беруге ынталы адамдар толып жатыр", – деп жазады ол бір хатында. Ыбырай Н.И.Ильминскийге жазған әлгі хатында тағы да былай дейді: "Қазақ даласын үш жылдай аралаған Сіздің қазақ халқы ұғымтал, ақылды, дарынды, бірақ оқымаған халық дейтініңізге мен сенемін. Қазақ халқы қарапайым, өнері жоқ халық, бірақ біз қарапайымдылықтың өзінен де көп жақсылық табамыз". Туған халқы туралы мұндай ой Ыбырайдың демократтық көзқарасына негіз болды және оны сеніммен жұмыс істеуге шабыттандырды. Сонымен бірге Ыбырай ел ішіндегі әлеуметтік теңсіздік, әділетсіздікті де көре білді. Әкімдердің зорлықшыл сорақы қылықтарын сынға алды. Олардан қарапайым халықты қорғады. "Қызмет бабында мен қазақтармен жиі-жиі ұстасып қаламын, – деп жазды ол 1864 жылы Ильминскийге, олардың ішінде менің өз туысқандарым да бар. Олардың сырын жақсы білемін, көбін тіпті жек көремін, қазақ арасындағы қызмет адамдарын да көңілім тіпті сүймейді. Олар кедей қазақтарды – қарсылық көрсете алмай, қасқырдың аузында жем болатын қорғансыз момындарды – адамшылықтың шегінен шыға, арсыздықпен тонайды, талайды. Соларды көргенде... өте қатты күйінемін... Осы елдің күшті жемқорларының бірі өздерінің істеп жүрген істерін менің жақтырмайтынымды біліп қалды... Сондықтан ол мені бұл арадан қуып жіберудің амалын істеп жүр". Ыбырайдың ағартушылық, демократтық көзқарастары осылайша қалыптасып, дамыды. Қоғамдық әділетсіздік пен адам бойындағы ұнамсыз мінездерге қарсы күресу үшін, ол ел ішінде білім, өнер тарату ісін кеңейте беру керек деп ұғады. Сол ниетпен бар күш-жігерін мектеп ісіне, бала оқыту жүйесін жақсартуға жұмсайды. 1876 жылы Ыбырай Петербург, Қазан қалаларына барады. Орыстың ағартушылық жүйесін, орыс ағартушыларының еңбектерін зерттейді. Қазақ тілінде оқу құралдарын жасауды ойлайды. 1879 жылы Ыбырай Торғай облысы мектептерінің инспекторы қызметіне тағайындалады. Бұл оның ағартушылық қызметінің кең өріс алуына жол ашады. Ол еуропалық

үлгідегі мектептер ашу ісімен шұғылданады. 1879-1883 жылдар аралығында Торғай облысының төрт уезінде (Торғай, Ырғыз, Троицк, Ақтөбе) жаңа мектептер ашады. 1883 жылы Торғай қаласында қолөнер мектебі ашылды. Ол қазақ даласындағы техникалық білім беретін тұңғыш оқу орны болды. Ыбырай қазақ қыздарын оқыту ісіне ерекше көңіл бөледі. Бұған ескішіл әдет-салттарға қарсы күрестің бір жолы есебінде қарайды. 1887 жылы Ырғызда қыздар мектебін ұйымдастыруы – оның ағартушылық аса зор еңбегі. Қазақ даласында мектептер санының артуына байланысты Ыбырай мұғалімдер даярлайтын мектеп ашуды қолға алды. 1881 жылы Омбы қаласында тұңғыш мұғалімдер мектебі ашылды. Ыбырай мектептер ашу ісімен ғана шектеліп қалмады. Ол сол мектептердегі тәлім-тәрбие, оқу жұмысына айрықша мән берді. Оқу-тәрбие ісін жаңа бағытта ұйымдастырды. Бұл ретте ол мұғалімнің атқаратын рөлін жоғары бағалады. "Халық мектептері үшін ең керектісі – мұғалім, – деп жазды ол. Тамаша жақсы педагогика құралдары да, ең жақсы үкімет бұйрықтары да, әбден мұқият түрде жүргізілетін инспектор бақылауы да мұғалімге тең келе алмайды".

Ыбырай туған халқын ерекше сүйді, оның болашағына зор сеніммен қарады. Сондықтан халық ағарту ісін айрықша шабытпен жүргізді. 1883 жылы Торғай облысының әскери губернаторына жолдаған баяндамасында ол: "Қазақтарға – осы дарынды, ақыл-есі мол халыққа – кешікпей рухани және қоғамдық даму жолына түсетін дұрыс бағыт беру – қалай дегенмен де аса қажет болып отыр", – деп жазды. Осы жолда Ыбырай көп қиыншылықтар да кездестірді. Ел ішіндегі ескішілдік, парақорлық пен өсек-аяң оның жанын күйзелтті. "Заман осылай болған соң, амалын тауып, мүмкіндігі бар жерде қазақ халқының елдігін бұзып, болашағын бүлдіріп жатқан жауыздыққа қарсы күресе беру керек" деп санады. Мәдениетті де талантты педагог-жазушы әрі мінезге бай, адамгершілік, жолдастық қасиеті мол Ыбырай орыс зиялыларының арасында мейлінше беделді, сыйлы болған. Оқулық жасау жолында оқулыққа Ыбырай мектепте қазақ балаларына білім мен тәрбие берудің басты құралы деп қарайды. Ол балаларға ана тілін таза және ұқыптылықпен үйретеді, шағын көркем шығармалар арқылы оларды жақсы мінез-құлыққа баулуды көздейді. Ыбырай балаларды мазмұны олардың білімін көтеретін, тақырыбы оларды қызықтыратын кітаптарды... қазақтың өз тілінде... басып шығару керек деп білді. Өзі 1876 жылдан бастап "Қазақ хрестоматиясын" жазуға кірісіп, оны 1879 жылы Орынборда бастырып шығарды. "Бұл кітапты құрастырғанда мен, – деп жазды. Ыбырай хрестоматиясының алғы сөзінде, – біріншіден, осы біздің ана тілімізде тұңғыш шыққалы отырған жалғыз кітаптың орыс-қазақ мектептерінде тәрбиеленіп жүрген қазақ балаларына оқу кітабы бола алу жағын көздедім".

Қорыта айтқанда, "Қазақ хрестоматиясы" балаларға арналған өлеңдер мен шағын әңгіме-новеллалардан құрастырылды. Олардың бірқатарын өзі жазды, біразын сол кездегі орыс оқулықтарынан еркін аударып алды. Хрестоматияға қазақтың халық әдебиетінің үлгілерін де іріктеп кіргізді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ыбырай Алтынсарин тағылымы. – Алматы: Жазушы, 1991. – 260б.
2. Алтынсарин Ы. Қазақ хрестоматиясы. – Алматы: Білім, 2003. – 225б.
3. Ахметова Ә. Қазақ балалар әдебиетінің кітапханасы. – Алматы: Жазушы, 1992. – 230б.

ӘОЖ.811.430

СЛЕНГ ҚҰБЫЛЫСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

МАТЖАНОВА Ж.К.

А.Пушкин атындағы № 41 көпсалалы гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. Наш народ, который всегда с трепетом и уважением относился к родному языку, приравнивал его к национальному духу и богатству. Но в настоящее время ситуация меняется: изменилась языковая ситуация, появляются новые слова. Старшее и молодое поколение могут не понять друг друга, так как изменилась лексика казахского языка в связи с появлением новых слов, в том числе сленгов.

В статье рассматриваются история появления сленга, а также его теоритические аспекты.

Summary. Our people, who have always treated their native language with trepidation and respect, equated it with national spirit and wealth. But now the situation is changing: the language situation has changed, new words appear. The older and younger generations may not understand each other, since the

vocabulary of the Kazakh language has changed in connection with the emergence of new words, including slang.

The article examines the history of the emergence of slang, as well as its theoretical aspects.

Тілдің дамуы үшін жиырма-отыз жыл дегеніміз – түкке тұрмайтын мерзім, бірақ тарихта тілдік өзгерістердің жылдамдығы едәуір артатын кезеңдер кездеседі. Оған дәлел – қазақ тілінің тоқсаныншы жылдардағы және қазіргі жай-күйі. Тіл де өзгерді, оны қолдану шарттары да өзгерді. Тілдік жағдаят өзгерді. Тоқсаныншы жылдарда өмір сүрген адам мен қазіргі кезде өмір сүріп жатқан адамның бір-бірімен сөйлесуі коммуникативтік түсінбеушілікпен аяқталуы мүмкін. Себебі көптеген жаңа сөздер (оның ішінде кірме сөздер), сленгтер пайда болған, яғни қазақ лексикасы өте өзгерген.

Аталған өзгерістер, олардың жылдамдығы ішкі емес, сыртқы себептермен, атап айтқанда, қоғамымызда орын алған әлеуметтік және тарихи реформалармен байланысты. XX ғасыр тарихшылар үшін ғана емес, лингвистер үшін де қызықты болды. Қайта құру халықтың тағдырына ғана емес, тілге де әсерін тигізді: көптеген сленгтер пайда болды.

Ана тілінің қадір-қасиетін біле білген халқымыз оны ұлттың рухына, қазына байлығына балайды. Алайда, тіліміз көз алдымызда өзгеруде, жаңа сөздер пайда болды. Бүгінгі күні сленгтерді жиі пайдаланатын жастарды ата-аналары, ата-әжелері түсінбей жатады.

Қазіргі таңда жастар тілінде сленгтің ролі ұдайы өсуде, себебі сленгизмдер тілде жиі әрі көп қолданылатын сөздер болып табылады. Сленг тек халықтың түрлі топтарының өкілдері, әсіресе жастардың сөйлеу тілінде ғана қолданылмайды, сонымен қатар ол көркем әдебиет, мерзімді басылымдар беттерінде, газет-журналдарда және сахна, тіпті жарнамаларда да пайдаланылады.

Қазіргі тіл білімінде «сленгтің» нақты анықтамасы жоқ. Қазіргі қазақ тіл білімінде «сленгтің» нақты анықтамасы жоқ. Кез келген тілдің лексикасы әдеби немесе бейәдеби болып бөлінеді.

Қазіргі қазақ тілі ауызекі сөйлеу тілі және әдеби тіл болып екі салаға бөлінуімен байланысты оның сөздік құрамындағы сөздері де негізінен осы екі салаға іштей бейімделіп топтасады.

«Сленг» термині қазақ лексикологиясында жақында ғана пайда болды. Оның мағынасын түсіну үшін аталған терминнің этимологиясына тоқталайық. Болжамдардың бірі бойынша, ағылшын тіліндегі *slang* сөзі *sling* сөзінен шыққан, яғни «намысқа тиетін сөздер айту» деген мағынаны білдіреді, екінші болжам бойынша сленг сөзінің түп тамыры – *thieves' language* сөзі, яғни «ұрылардың тілі» мағынасында қолданылған.

«Slang» сөзінің алғашқы рет XVIII ғасырда пайда болды. Ол кезде «намысқа тию» деген мағынаны білдіретін. 1850 жылға қарай бұл терминнің мағынасы кеңейіп, қарапайым лексика, қоғамның кедейлері пайдаланатын лексика деген мағынада қолданылатын болды.

Slang сөзінің этимологиясын ертеде талқылағандардың бірі Дж.Хоттен, ол Ұлыбританияның солтүстік диалектінде ағылшын тіліндегі бірнеше сленгтерді зерттеген болатын. Ол сленгті балағат сөздер, қарапайым халық қолданатын сөздер ретінде қарастырды. Басқа зерттеушілер *slang* сөзін Скандинавиядан шыққан деп көрсетеді.

Енді қазіргі кездегі сленгтің ғылыми анықтамаларына тоқталайық.

Интернеттегі энциклопедияларда сленг (ағылшын сөзі *slang*) — терминологиялық алаң, адамдардың әртүрлі бірлестіктерінде (кәсіби, әлеуметтік, жас топтарында пайдаланылатын ерекше сөздердің немесе қолданыстағы сөздердің жаңа мағыналарының жиынтығы деп түсіндіріледі.

Сленг сөзі ағылшын тілінен енген. Яғни белгілі бір ортада қолданылатын сөздер десек де болады.

Сленгтер мен идиомалардың ағылшынша-орысша сөздігінде сленгті қабылданған әдеби тілдік нормадан ауытқыған ауызекі тілдің экспрессивті және эмоционалды бояуы бар лексикасы деп атаған [1, 5].

Ресей тіл білімінде көбінде В.А. Хомяковтың анықтамасы келтіріледі: «Сленг – кең қолданылатын, тұрмыстық құбылыстар мен заттарды, үдеріс пен белгілерді білдіретін лексикалық қабат [2, 44]. Бұл анықтама бойынша сленгтің мынадай ерекшеліктері бар: сленг экспрессиялық қарапайым сөздерге жатқызылып, әдеби тілге енсе де, оның әдеби стандартқа жақындық деңгейі біркелкі емес.

Сленг пен жаргон ұғымдарына қатысты тілшілер әлі күнге дейін нақты шешім тапқан жоқ. Уикипедия — ашық энциклопедиясында жаргонға төмендегідей анықтама берілген: «Жаргон (ағылш.*slang; jargon;*) - әлеуметтік диалект; айналымдарды ерекше лексикамен және фразеологиямен, экспрессиялылықты әңгіме аралық тілден және сөз жасау құралдардың ерекше қолдануымен айырмашылығы болады, бірақ меншікті фонетикалық және грамматикалық жүйеге ие болмайды.

Жаргонның лексикасы қайта мағыналу, қайта ресімдеу, дыбыстық қысқарту, сонымен бірге басқа тілдегі сөздер және морфемалардың белсенді меңгеруі арқылы жасалады. Мысалы: құламалы-сәнді, іскер, үй - пәтер, бакстер - долларлар, қол арба - автокөлік, тартып қалсын - кетсін, баскет - баскетбол, чувак - (сыған тілден) жігіт».

Кейбір тілшілер (Е.Г. Борисова-Лукашанец, А.И. Мазурова, Т.Г. Никитина, В.М.Мокиенко и др.) сленг пен жаргонды синоним сөздер деп санайды, басқа зерттеушілер сленг, жаргон ұғымдарын арго деген бір топқа біріктіреді, И.Р. Гальперин бұл ұғымды мүлдем жоққа шығарады: «Сленгті – жеке-дара категория деп есептеуге ешқандай негіз жоқ, ол жаргонның құрамында қарастырылуы тиіс» дейді [3, 16].

Сленгті жеке дара категория ретінде қарастырып жүрген зерттеушілер де аз емес.

Қазақ филологтары да жаргон мен сленгті бір ұғым ретінде қабылдайды. Оған дәлел – Қазақстан даму институты 1998 жылы шығарған Қазақ энциклопедиясында жаргондарды жіктеуде сленг мен жаргон сөздері араласып қатар қолданылған:

Жаргондардың түрлері

- Әскери жаргон
- Журналисттік жаргон
- Компьютер сленгі
- Ойын жаргон
- Торлық жаргон
- Жастар сленгі
- Радио әуесқой жаргоны
- Сленг нашақор
- Футбол бұзақыларының сленгі
- Қылмыстық жаргон

XX ғасырдың соңында бизнес-сленг пайда болды. Қазіргі таңда ол белсенді түрде жетілдіріліп, кеңейуде. Бизнес - сленгті төмендегі лексемалар сипаттайды: *апскейл* – жақсы, *бандерлог* – бизнес-жүйедегі ең төменгі саты қызметкері, *сүзісу* – бәсекелесу, *бала* – тәжірибесі жоқ жас қызметкер. Бизнес – сленг көбінде жағымсыз әрекеттерді, бизнес саласындағы қылмысты білдіреді. Кей жағдайда жағымды эмоцияны да білдіруі мүмкін. Мысалы, жас бизнесмендер бастықты немесе тәжірибесі мол беделді маманды академик деп атайды.

Ағылшын зерттеушілердің бірқатары *slang* сөзін жаргонның синонимі ретінде қолданады. Сленгтің әйгілі зерттеушісі Эрик Партри де осы пікірді ұстанады.

Ал ғалым Граудина Л.К жаргонизмдерді дисфемизмдер ретінде қолдануды ұсынды: «Дисфемизмдер ретінде әдеби тілде қолданылуы шектеулі жаргонизмдер де қолданыла алады» [4, 75].

Сленг сөздігінің авторы Р. Спирс «сленг» терминіне егжей-тегжейі тоқталды. Оның пікірінше, «сленг» термині басында британдық қылмыстық жаргонды белгілеу үшін қолданылған. Жылдар өте «сленг» өз мағынасын кеңейтіп, қазіргі кезде оған бейәдеби лексиканың неше түрі: жаргон, қарапайым сөздер, диалектілер, тіпті вульгаризмдер де жатқызылады. Р.Спирс концепциясы сленгті қылмыстық жаргонның құрамынан шығаруға, яғни онымен теңестірмеуге мүмкіндік береді.

«Сленг» ұғымын талқылау барысында әлі бір ортақ пікір жоқ болса, «жаргон» терминінің нақты анықтамасы бар. Тіл біліміндегі жаргонның анықтамалары бір-біріне ұқсайды. Жаргон өзінің жалпы ұлттық тілден ерекше лексикалық құрамымен, фразеологиясымен өзгешеленетін әлеуметтік диалект ретінде қарастырылады. Жаргонды белгілі бір әлеуметтік, кәсіби немесе ортақ қызығушылықтары бар топтар қолданады (әскери немесе қылмыстық жаргон).

Сленг те әлеуметтік шектеулілігімен сипатталады, бірақ топтық емес, дифференцияланған, яғни кіріктірілген шектеулілігімен ерекшеленеді, оны нақты әлеуметтік-кәсіби бағыты жоқ, сленгті әртүрлі әлеуметтік және білім статусының өкілдері, әртүрлі мамандық иелері қолдана алады. Сондықтан сленгке жалпыға танымалдылығы мен қолданылу аясы кеңдігін ерекше атап өту керек.

Сленгтің келесі ерекшелігі – жаргоннан жасалуы, себебі ол материалды ең алдымен әлеуметтік-топтық және әлеуметтік кәсіби жаргондардан алады. Сондай-ақ сленгтерге жоғары экспрессия, сәндік неология тән.

О.С.Ахманованың «Словарь лингвистических терминов» еңбегінде сленг мүлдем басқаша түсіндіріледі: «Сленг дегеніміз кәсіби тілдің сөйлеу нұсқасы» [5, 366].

Өзіміз көріп тұрғанымыздай, сленг – терминологиялық мағынада қолданылатын сөздер емес, ол сөздер кәсіпқой адамдардың іскери қарым-қатынасы үшін өте ыңғайлы. Екінші дефиниция бойынша жағдаят басқаша: сленгтер – кәсіби саланың шегінен шыққан сөздер. Мысалы, «шестерка»

сөзі ұрылардың арасында «ұрыларға қызмет ететін адам» мағынасында қолданылған. Ал қазіргі сөйлеу тілде ол кез келген дәрежесі төмен адамды менсінбеу мағынасында қолданылады, бұл жерде криминалдың ешқандай қатысы жоқ.

Қорыта келе, сленгтің бүгінгі күнге дейін нақты терминологиялық анықтамасы жоқ екендігін мойындауымызға тура келеді.

Бірақ жоғарыдағы пікірлердің негізінде сленгтің ең маңызды ерекшеліктерін саралауға мүмкіндік береді:

1. Сленг – ерекше тарихи түрде қалыптасқан және жоғары не төмен деңгейдегі сөйлеушілердің барлық сатысына ортақ тілдік норманың нұсқасы болып табылады.

2. Сленг – бұл лексикалық құбылыс.

3. Сленг – бұл әдеби емес лексика, яғни қазіргі әдеби норманың талаптарына сай әдеби тілге жатпайды.

4. Сленг – бұл ең алдымен ауызекі тілде пайда болатын және қолданылатын лексика.

5. Сленг – эмоционалды бояуға ие лексика. Сленг – басым көпшілік сөз бен сөз тіркестерінің біршама айқын көрсетілген дәрекі мәнерімен сипатталады.

6. Көптеген сленг сөздері мен сөйлемшелерінің дәрекі эмоционалдық бояуы бір-бірінен өзгеше реңктермен ерекшеленеді (әзілқой, келекелі, мысқылды, менсінбеген, кеміткен, елемеген, дәрекі және тіпті өрескел).

7. Сленгтер халықтың көпшілігі үшін түсініксіз болып келеді, себебі олар сленгке тән ауыспалы мағынада қолданылады, сонымен қатар шетел тілдерінен енеді.

8. Сленг – бейәдеби лексиканың экспрессивті қабаты болып табылады. Ол уақыт, заман өзгерістеріне сай құбылып отырады.

9. Сленг өз бетімен дамып, грамматика заңдылықтарына бағынбайды.

10. Сленгке семантикалық юмор тән. Кейде ол сөздер ойыны ретінде бағаланады. Әдетте қатаң реттеуге ұшырамайды және ауызекі тілдің жанды дамуын көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Англо - русский словарь сленга и ненормативной лексики / под ред. А.Ю. Кудрявцева, Г.Д. Куропаткина. - М.: Комт, 2004.

2. Хомяков В.А. Нестандартная лексика в структуре английского языка национального периода. Автореф. докт. Дис. ... канд. филол. наук. Л., 1980.

3. Гальперин И.Р. О термине «слэнг» // Вопросы языкознания. 2000. - № 6.

4. Граудина Л.К. Эвфемизмы-дисфемизмы, парламентские и непарламентские

5. Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. М.: Советская энциклопедия, 1966.

6. Балақаев М., Серғалиев М. Қазақ тілінің мәдениеті: Оқулық / М.Балақаев, М. Серғалиев.- Алматы: Зият Пресс, 2004.

7. Кунапьянова А. Д., Аубакирова Л.Р. Тіл мәдениетінің өлшемдері және оған қойылатын талаптар / А. Д. Кунапьянова, Л. Р. Аубакирова // «С. Аманжолов оқулары – 2004»: Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Өскемен: С. Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы, 2004.

ӘОЖ.82.535

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚАЗАҚТЫҢ ЖАҢА ЖАЗБА ӘДЕБИ ТІЛІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ТАРИХИ ОРНЫ

ДЖОРАБЕКОВА У.Т.

Нағима Ахмадеева атындағы № 112 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Қызылорда қ.

Резюме. В статье рассматривается историческое место Ибрая Алтынсарина в формировании нового казахского письменного литературного языка

Summary. The article examines the historical place of Ibrai Altynsarin in the formation of a new Kazakh written literary language

Ыбырай Алтынсариннің көзін көрген, өнегесін үйренген ізбасары Ғабдолғали Балғынбаев өзінің «Естелігінде» Алтынсариннің мұғалімдерге байлығы жағынан да, стильдік құрылысы жағынан

да татар тілінен кем түспейтін, аса бай тілімізді әлі де болса дамыта түсу керек, қазақтың мақал-мәтел, жұмбақ, фольклорындағы қанатты, нақышты сөздерінің бар негіздеріне дейін меңгеру керек, содан үйрену керек деп үйреткенін айтады. Ыбырай бұл сөздерді айтып, насихаттап қана қойған жоқ, оларды өзінің төл шығармаларында шебер қолдана білді дейді.

Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық қызметі басталған тұста қазақ тілінің өркениет тіл болуы мүмкіндігі аса шектелген уақыт еді. 1869 жылы белгілі шығыстанушы ғалым В.В.Радлов: «Қазақтың таза жазба тілі жоқ, өйткені қазақтарды оқытқандардың көбі татарлар еді, олар бұл тілді шала біледі де, «қойыртпақтап» сөйлейді, сондықтан сауатты қазақтар татарша жазатын», – еді деп көрсетті [1, 566.].

Ыбырайдың заманында қазақ тілі П.М.Мелиоранскийдің: «қазақтың жазба тілі мен сөйлеу тілінің арасында көп айырмашылық бар екенін байқаймыз» деп жазғандай күйге түскен еді.

Ыбырай Алтынсарин қазақтың таза жазба тілін, жаңа әдеби тілін халықтың рухани тағдырының белгілі бір кезеңінде қалыптастырудың тарихи миссиясын атқарды. Ол халық әдебиетінің үздік үлгілерін тасқа басып шығарып, рухани айналымға түсірді. Кейінгіге жеткізді.

Ол туған тілінде, өзінің тарабында мақсатты түрде неғұрлым қырланып, қалыпқа түсіп жөнделген халық тілінде көркем шығармалар жазды. Көркем аударма тілін қалыптастырды. Ол таза қазақ тілінде тұңғыш оқулық шығарды. Сонымен бірге Ыбырайдың тіл тазалығы үшін күрес нәтижелері оның «Шариат ул-ислам» еңбегінде де өріс тапты. Ыбырай таза қазақ тілінде қолжазба газеттің бір нөмірін шығарған. («Қазақ» газеті, 1980). Ол қазақ тілінің ғылыми грамматикасын жасаудың басында тұрды.

Ыбырай Алтынсариннің XIX ғасырдың бел ортасында, ана тілінің басына бұлт үйірілген заманда қазақ тілін қорғау, сақтау, дамыту жөніндегі тарихи еңбегі филология ғылымында жан-жақты қарастырылып, зерттелді. Сонымен бірге бұл мәселенің қайсыбірі әлі де дамыта зерттеуді қажет етіп жатқан тұстары аз емес. Мәселен, Ыбырайдың «Шариат ул-ислам» атты оқу құралының тілі әлі зерттелген жоқ. Академик Рабиға Сыздықованың Абай тілін зерттеуі, Абайдың қара сөздерін жанрлық, стильдік жөнінен зерттеуі деңгейінде Ыбырайдың аталған шығармасы да тілші, филолог ғалымдар тарапынан арнайы қарастырылуының қажеттілігі айқын.

Ыбырай Алтынсариннің өзіне тән жазба стилінің бастау-бұлақтарының басы, айқын арнасы – ана тілі, туған халқының дәстүрлі әдебиеті, сонымен бірге Ыбырайдың жазба тіліне классикалық орыс әдебиетінің әсер-ықпалы да аса айқын.

Ал, Ыбырай Алтынсарин орнықтырған жазба тілдегі шығыстық, ортағасырлық түріктік, XIX ғасырдағы кітаби тілдің үлесі жайлы қазіргі күнге шейінгі зерттеулерде мүлде қозғалған жоқ деуге болады. Ыбырай тіліндегі, қазақтың жазба әдеби тіліндегі көп сипат осы уақытқа шейін негізінен орыстың классикалық әдебиетінің ықпалымен сабақтастықта қарастырылды.

Ыбырайдың жазба тілі орыс әдебиетінен аударма арқылы ысылды, сол әдебиет үлгілеріне орайластырылып жазған шығармашылық баяндауларында да ұмтыла түсті. Ыбырайдың тілінде орысша оралымдар кездесетіні кездейсоқ емес. «Ол кемпір қастықпен өлтіруге ойлапты» («Алтын айдар» ертегісі). «Менің бір дос адамым әңгіме етеді» т.б. («Надандық» әңгімесі). Кейінгі қазақ әдеби тілінде орысша сөйлем құру үрдісі де өз орнын тапқанын ешкім де жоққа шығармайды.

«Ыбырай Алтынсариннің тілі мен стилі» зерттеуінде тілші-ғалым Секерхан Хасанова Ыбырайдың тілі мен стилі қою боямалықтан аулақ, ойнақы болмай, әрдайым ұстамды, оқушының ой-сезім, қабылдау қабілетіне лайық келетін ерекшелігін айтады.

Ыбырай өзінің шығармаларындағы бейнелеу тәсілдерінде, көркемдеу құралдарында төселген, ысылған шеберлік танытқан суреткер. Оның шығармалары теңеуге толы. Күрделі, құрамды эпитеттер сөздің әсер күшін, кернеуін арттырудың бір тәсілі, Ыбырайдың баяндауы бейнелі. Ыбырайда ұстамды, орынды өрнектелген сөз айшығы, шираққан шендестіру, астарлы метафора да аз емес. Бірақ тым әдеміштен аулақ. Сонымен де тым ұтымды. Ыбырайдың өзіндік сөз қолданыстары да әлі де кем зерттеліп отыр. Мәселен, зерттеуші С.Хасанова Ыбырайдың көркемдеу амалының бірі – синоним мәндес сөздердің қатарын табудағы көп ізденгенін атап айтады.

«... Осы сияқты Ыбырайдың синонимдік сөздерді қолданудағы стильдік тәсілін аша түсетін дәлелдер толып жатыр. Соның бірі – мәндес сөздердің плеонастикалық тіркесте қолданылуы. Сөйтіп жан-жағына қарап тұрса, ілгері алдында бір биік қыр үстінде үлкен мола көрінеді. Мұндағы ілгері, алдында дегендер–бірыңғай бағытты білдіріп тұрған плеоназм синонимдер. Олар бір-бірімен қабаттасып айтылып, ойды анықтай түседі. Сол сияқты айдынды көлдей, дәулеттің байлығы, ұрып-соғу сөздерін де қатар қолданған» [2, 111б.].

Осы бір синонимді үстемелеп қолданудың стильдік тәсілі Абайда аз емес. XX ғасырдың басында Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезов: «Абай қазақтың дөкір тілін сұлулады» дейді ғой

[3, 111б.]. Сол ұсталықты Ыбырайға қатысты да айту қажет. Мына бір үзіндінің өзінде қазақтың жаңа өріске бет алған, ысылған жаңа жазба тілі, ауыз әдебиетінің ауызша әдебиеттің тілінен құрылым жөнінен болсын, тігісін жатқызып, көсіле баяндау жөнінен болсын басқаша сөз ұқсату, сөз ұстарту үлгісі.

«Келіп екеуі енді молалы қырға шықты, қараса қырдың жығылар асты үлкен көл екен, көлдің айналасы да, іші де жыңылдаған мал, жағасындағы жібектей жапырылған көкорай шалғынында қора-қора қой мен жылқы, жылқының бір парасы көл ішіне кіріп, белінен құраққа кіріп тұр, енді бір жақ жағасындағы сортаңда бір топ түйе жатыр» («Бай баласы мен жарлы баласы»).

Сөйлемнің құрылымы бөлек. Құрмалас сөйлемнің бірнеше түрі салаласа, сабақтаса келген күрделі сөйлем. Біздіңше, осындай мәдениетті құрмалас сөйлемдер қазақтың жазба тіліне орыс әдебиетінен жасалған аудармалар арқылы ауысты, әрі Ыбырайдан басталды.

Әрине, қазақтың ауызша шешендік тілінде құрмалас сөйлемнің неше бір түрі болды. Бірақ жазба, қалыпты баяндау тіліндегі Ыбырай қолданған құрмалас сөйлемдер болған жоқ. Осы жөнінен де Ыбырай тілі әлі кең зерттеулерге сұранып тұрған тіл.

Ыбырайдың аударма шығармасы болсын, өзінің төл туындылары болсын сөйлемнің алуан түрлі үздік үлгілеріне бай. «Бір күні тағы сол жолмен келе жатып, бір орта бойлы арықтау кісіге ұшырасып, жөніміз бір болған соң бірге келе жатқанымызда, манағы Антон алдымыздан шығып, қайыр сұрады.

... Бай болғың келсе мен саған ақыл айтайын: мен өзім де сендей кедей едім, бірақ сендей тіленшілік қылған жоқ, елден, қала-қаладан қыдырып жүріп, әуелі боқтық, салам арасынан, не болмаса жай кісілерден ескі шүберек сұрап жиып жүрдім» («Дүнием қалай етсең табылады?»).

«Бұлақ бір тастақ жерден шыққан, айналасы қалың біткен ағаш жапырақтары бұлақтың үстіне төгіліп, суы мұздай салқын, шыныдай жылтылдап тұрған сонша әдемі, таза бұлақ екен» («Таза бұлақ»).

Ыбырай Алтынсарин көркем әңгімелерінде белгілі бір мерзім аралығындағы бар әрекетті жинақтап беру үшін бірнеше етістікті еселеп, үстемелеп қолданады.

«Жаңа мекен еткен жеріне орныққан соң, Сейіткүл егінді жылдан-жылға күшейтіп, арық басына шығыр салып, сулы шығырмен айдап, астықтың (ол күнде бидай, арпа егеді) артығын төңіректегі елге малға айырбас етумен бұлардың малдары көбейіп, бай болады» («Қыпшақ Сейіткүл»).

Ыбырай шығармаларына дәстүрлі сөз құбылту, сөз айшықтау амалдарымен қатар орыс әдеби тілінің, орыс әдебиетінің ықпалы тек сөйлем құрылымы емес, теңеу, суреттеу, айқындау тәсілдеріне де айқын.

Бабаш Әбілқасымовтың «Ыбырай мұраларына көбірек көңіл бөлінсе...» атты зерттеуінде Ыбырайдың 1883 жылы Баяділ Кейкин деген кісіге жазылған хаты туралы мағлұмат бар. Бұл дерекке де қазақтың жазба әдеби тілінің қалыптасуындағы бір құнды мәлімет, қажет қисын деп қараған жөн. Бұл хат бізге тілдік жағынан өте қызғылықты. Бұдан біз, біріншіден, Ыбырай тұсындағы жеке адамдар арасындағы хат үлгісін, стилін көрсек, екіншіден, ұлы ағартушының өз ана тілінің сөз байлығын қалай пайдаланғандығын, ол тұстағы жазба әдеби тіл дәстүрін қалайша сақтағанынан байқамыз.

...Алайда хат тексінен сол кездегі қазақ қауымы қолданған көне жазба әдеби тіл (түркі) дәстүрі де көрініп қалады. Бұл, әрине, хаттың кімге арналып отырғандығынан да болуы мүмкін. Өйткені, осы мақалада келтірілетін оның өз қолымен жазған қолжазба газетінің материалдарында бұл дәстүр сақталмаған.

«Аталған дәстүр емледе С, Ш дыбыстарының орнына **ш**, **й** дыбыстарын жазып жіберу, түбірге қосымша қосылғанда үндестік заңының сақталмауы сияқты жайттардан көрінеді. Сол сияқты ш орнына ч әрпін жазу, етістіктің шартты рай формасынан кейін –лар, –лер көптік жалғауын қосу, есімшенің –ар, –ер, –р жұрнақтарының –ұр, –үр келуі де дәстүрлі орфографияның заңдылықтары деуге болады» [4, 99б.].

Бұл жайдан Ыбырай Алтынсариннің өз дәуірінің дәстүрлерімен де қажет кезінде санасып отыру мәдениетін көреміз. 1883 жылы аталған хат жазылған тұста Ыбырайдың «Қазақ хрестоматиясы» 1879 жылы шыққанымен де, жазба тілде жаңа қазақ тілін қолдану дәстүрі үрдіске айналмаған, орнықпаған кезең. Ыбырайдың сол кезеңдегі қазақ тілінің жандануы үшін жасаған шаруасының бірі қазақ тілінде газет шығару болғандығы Ыбырайтануда көп сөз болған жоқ. Бабаш Әбілқасымов бұл газеттің жайын егжей-тегжейлі айтып берген бірден-бір зерттеуші.

Ыбырай Алтынсариннің қымбат та, кәделі, асыл мұрасы ХІХ ғасырдың соңғы ширегінен күні бүгінге шейін Ыбырайтану ғылымының негізгі өзегіне айналып отыр. Ыбырай Алтынсариннің ұлт тарихындағы орны бірнеше ғылым саласының нысаны болып, жан-жақты зерттеліп, зерделенді.

Ыбырай Алтынсариннің XIX ғасырда қазақ даласында мектеп ашу ісі, шығарған оқу құралдарының мән-маңызы, жеке бас қасиеттері жайлы Н.И.Ильминский, Ф.Д.Соколовтың естеліктері, Ыбырайдың тәлімін алған шәкірті Ғ.Балғымбаевтың естелік-жазбасы, Шығыс зерттеуші А.Н. Самойловичтің «Түркі халықтарының әдебиеті» атты зерттеуіндегі Ы.Алтынсарин жайлы пікірі С.Сейфуллиннің, М.Әуезовтің, С.Мұқановтың, Қ.Жұмалиев, Б.Кенжебаев, Ш.Сәтбаева, Ә.Дербісәлин, Х.Сүйіншәлиев, Б.Ысқақов, Қ.Жұмағұлов, М.Мырзахметов, М.Бейсенбаев, М.Жармұхамедұлы, Ж.Тілепов және т.б. әдебиет зерттеушілердің Ыбырай мұрасының әдеби құндылығын бағалап-саралауы; тарихшы-ғалымдар С.Аспандияров, Б.Сүлейменов, М.Ақынжанов, А.Крымский, философ М.Бурабаевтың, педагогика, психология ғалымдары А.Ф.Эфиров, Ә.Сыдықов, Қ.Жарықбаев, Ә.Ламашев, т.б. тілші-ғалымдар Б.Әбілқасымов, С.Хасанованың еңбектері Ыбырайтанудың жемісті, желілі өрісі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Радлов В. Краткий отчет о поездке в Семиреченскую область летом 1869 г. // Известия РГО. Т.6. №3, с. 99.
- 2.Хасанова С. Ыбырай Алтынсариннің тілі мен стилі. –Алматы: Руханият, 2013.–216б.
- 3.Аймауытов Ж., Әуезов М. Ақындар туралы толғаныстар. –Алматы: Санат, 2001.–220б.
- 4.Әбілқасымов Б. Ыбырай мұраларына көбірек көңіл бөлінсе... –Алматы: Руханият, 2009.–198б.

ӘОЖ 821.512.122:371.3(043)

М. МАҚАТАЕВ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ – ИДЕЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

АБДЫҚАДЫРОВА Т.Р.

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің профессоры,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

АҚЫЛБЕК Г.

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің магистранты,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассмотрена тематико - идейная специфика произведений выдающегося представителя казахской поэзии, акына Мукағали Макатаева.

Summary. The article considers the subject - ideological specificity of the works of the outstanding representative of Kazakh poetry, akyn Mukagali Makatayev.

Әдебиет, поэзия әлемінде әр заманның тақырыбы, сол тақырып төңірегінде айтатын ойы болады. Таланттың күші, талантты өлеңнің оқырманды баурап әкететін құдіреті негізгі идеяда жататындығы хақ. Шебер ақын өз қолымен жазған көркем туындасы арқылы өздері қай жаққа кетсе, сені де еркіннен тыс сонда қарай жетелей кетеді емес пе? Бұл көркем туындыдағы негізгі идея арқылы оқырманға ықпал еткен ақын шеберлігі, еңбегі.

Тақырып пен идея мызғымас бірлікте болады. Тақырып – адам болса, ал идея соп адам бойын жандандырып, оған қуат беретін – жүрек. Тақырып пен идея жайында ұлы ғалымдар өз зерттеу еңбектерінде құнды пікірлер айтып кеткен. Мысалы, Белинский көркем шығарманың идеясын «Оның өн бойында желі тартып жатқан ой мен сезімнің мығым білігі» деп бағалайды. Ал Р.Ғамзатов тақырып пен идея жайында «Ой мен сезім – құс болып, тақырып – аспан; ой мен сезім – бұғы болып, тақырып – орман; ой мен сезім – елік десек, тақырып – тау; ой мен сезім – жол десек, тақырып – сол жол алып баратын шаһар» – деп тамаша баға береді. Ал З. Қабдолов «Тақырып – ақын – жазушы суретпен отырған өмір құбылысы болса, ал идея ақын – жазушының сол өзі суреттеп отырған өмір құбылысы туралы айтқысы келген ойы, сол өмір құбылысына берген бағасы дер едік» [4,161б.] – дейді.

Ақын Мұқағали алған тақырыбы төңірегінде ғана тар шеңберде жырламайды, парасаты жоғары ақын тереңнен қопарып, жан -жақты, қиыннан қиыстыра жан - тәнімен жырлаған хас шебердің өзі.

Қазақ поэзиясындағы дәстүрлі тақырыптың бірі – туған Жер, Отан, атамекен тағдыры екендігі белгілі. Ақын осы туған жер табиғатын, құдіретін шабыттана, құшырлана өлеңге енгізді. Жас ұрпақты туған жердің сүйеге үндейді, әрі туған жер алдындағы адамдық парызын, азаматтық борышын еске салып отырады. Адамзат жаратылғалы пайда болған заңғар таулар, мөлдір көлдер мен

жағасында жайылып өскен ағашы, көлде жүзген аққуы қай заманда да ақын қиялын тербетіп, назарынан тыс қалмаған Мұқағалидың да туған Жер, Отан тақырыбына жазылған өлеңдері көп: «Апырай, туған жер», «Дөңгелек жер», «Рахмет дала», «Қазақ жері», «Жетісу», «Қайран Қарасайым – ай».

Мұқағали Отан, туған жер тақырыбын жырлағанда өзіндік өрнек таныта түрлендіріп, жаңа сипат бере отырып, өзгеше поэтикалық әлемін бере жырлаған Мұқағали Отан, туған жердің ыстығын, құдіретін ана мейірімі арқылы берген. Бұл – Мұқағали өлеңдеріндегі идеялық мұраттың берілу ерекшелігі.

Босанған Ана,
Көктемде дала бусанып,
Біріне бірі болар ма ұқсас мұншалық
Толғатып дала,
Есен - сау ана ұл тауып,

Бара жатады көктемнің көкшіл бұлты ауып [3,118б.],–деген жыры осыған дәлел.

Бұл көрініс күнделікті өмірде көріп жүрген дала көрінісі секілді, алайда бұл жай ғана сурет емес. Бұл – жібек жіппен өрнектеліп тігілген кесте. Бұл – сезім елегінен өткен, алтынмен астарланып, күміспен көмкерілген шынайы жыр. Бұл – Мұқағали ақынның көзімен көріп, жанымен сезінген дүниесі. Шынында қандай ұқсастық: көркем келіп даланың маужырап, құлпырып ерекше кейіпке енуі – ананың босануы, ананың шайға қануы – ал даланың нөсерге қануы, анадан азық алған бала – даладан қорек алған көк шөп. Осындай ұқсастықты сезіне білген, табиғаттың, туған жердің ұлылығын жеріне жеткізе жырлаған ақынды қазақтың лирик ақыны демегенде не дерсіз?!

Енді «Ана» деген өлеңіне зер салайық:

Кешір ана!

Бір сенің еркең болмай,
Отаныма ұл болу қымбат маған
Даламменен Отаным егіз деймін
Сенен Отан, Отанан Сені іздеймін. [3,140б.]

Қазақ лирикасының қорында өзіндік орны бар ақынның еркін сазы, шынайы сыршылдығы, бүкпесіз ақ пейілі, ниеті, көңілі сыйып кеткен. Бұл өлеңнің негізгі тақырыбы – Отан. Осы шығарманың негізгі идеясы не?

Лирикалық қаһарман – ақынның өзі. Ақын тек ананың ұлы болу емес, ел ұлы, ел ұланы болуды армандайтын асқақ ниетті адал жан болуды көксейді, негізгі идея осы, Мұқағали осылайша, ана мен Отанды, Шексіз даланы параллель қоя отырып шығарма идеясын оқырманға түсінікті ғып жеткізіп отырған.

Мұқағалидың Отан алдындағы азаматтық борышы мен нәзік, мұңды көңіл – күйі әрқашан қатар жүреді. Бұл құбылыс көптеген өлеңдеріне тән. Әсіресе, «Халқыма хат» өлеңінде ерекше көзге түседі:

Тамыққа барады алып мына құрғыр,
Құлауға сәл - ақ қалып тұрағыш тұр.
Қуанып өтем бе деп келіп едім,
Күн сайын оңашада жыладым -кіл [4,266б.]

Өлеңді оқып отырсаң, көз алдыға өзінің ішкі күйініш - сүйінішін, өмірдің әлділетсіздігін өз туған жеріне шын жүрегімен ақтара салып сырласқан нәзік сезім иесі елестейді. Әрине әрбір жанның немесе ақынның басында болған түрлі толғаныс, қиыншылықтар субъективтік нәрсе, бірақ, сонымен қоса ол кәдімгі объективті дүниенің әсері. Ақынның көңіл күйі әрқашан өзі өмір сүріп отырған қоғамның, қоғамдағы адамдарды хал жағдайына байланысты болады. Мына өлең жолдары осыған дәлел бола алады:

Жұртым - ау, жылаудың да себебі бар,
Неге сонша алдымнан келеді жар?
Сен келіп Селбеспесең, қайран жұртым,
Сенделіп екі ортада өледі жан [5,266б.].

«Бірі итеріп кеудемнен, бірі шалып, тастағысы келеді күресінге» – деп ақынның өзі айтқанда осы заманда қанша ақын жүрегінен теуіп, сыртқа итерсе зе жүрегі пәк Мұқағали халқының болашағынан күдер үзбеді, өмірдегі ақ пен қараны көп көріп, алдынан қанша таулар мен қисық жарлар кездесе де ақын жүрегі тоқтамады, күресе білді:

Ажыратсам деп едім ақ, қараны,
Ылғы көрем мен таптағанды
Күйзеліп таң атқанша таңды күтем,

Ойпырмай, таңның өзі қап -қараңғы!

Оқи кетсең болғаны, жүрекке қонымды ойға нанымды бола кетеді. Бұл хассу! – реткердің парызының орындалғаны. Ақын қарапайым сөздерден үлкен ой туғыза білген шебер. Мұқағали екі ұғымды {таң мен қараңғы} бір – біріне қарама – қарса қоя отырып, айтар ойын шебер жеткізе білген жүрегі қайсар, сезімтал ақын көңіліне күнделікті әлемге жарығын алып келетін таңның атқаны да қараңғы болып көрінеді.

Мұқағалидың Отан, Туған жер тақырыбына арнап жазған өлеңінің ішінде «Отаным саған айтам» өлеңінің шоқтығы биік. М.Мақатаев өлеңдерінде жоғарыда айтып өткенімдей, өмірбаяндық негіз бар. Бұл негізгі осы өлең жолдарында да сақталған. Лирикалық кейіпкер Отанымен өз туған анасындай сырласады. Өлең шағын төрт бөлімнен тұрады.

Өлеңнің бірінші бөлімінде ақынның Отан алдындағы азаматтық парызы, «асыл қасиет – адамдық» демекші, адамдық қасиеті мен аппақ қардай арманы, мақсат - мұраты сөз болады.

Екінші бөлімінде ақынның болаалық шақта көрген соғыс зардабы, қиыншылығы баяндалады:

Ауысып бір күн бір түнге
Сап болып сәби күлкімде,
Аяулы менің Отаным,
Көзінің жасын іркуде,
Көңілімнің мұңын бүркуде.
Дәрменсіз едім сонда мен,

Көзінің жасын сұртуге, – [3,70б.]дейді ақын.

Десек те, жас жүрек қанша дәрменсіз болса да, Отан үшін мынадай ерлікке дейін:

Өшіруші едім өртімді,
Бауырымды төсеп ақ қарға
Ақ қарға я мақпалға
Отаным Жылап жатқанда [3,70б.]

Ақын өлеңінің үшінші бөлімінде адам бойындағы жағымсыз қасиеттер мен ағайын арасындағы қатынасты сынға алады. Өлеңде «Отаным мұндай қаскөйлерден таза болсын екен» деген ақын арманы жатыр:

Тасынам біраз мен кейде,
Басылып қалам деңгейде
Ашынам арзан ағайға,
Ашынам арзан жеңгейге
Ашынам қайта басылам,
Басылам дағы, тасынам
Адамдықтарын алтынмен,
Өлшегендерге ашынам! –дейді.

Осындайда, ақынның ақындығы – арда ғана деген Мұқағали сөзі еске оралады.

Мұқағали төртінші бөлімінде халық, ел ұлы ретінде отанымен сырласады. Ақын өзін туған жер төсіндегі тулаған теңізге, құрық көрмеген құлынға теңей отырып, мұңын шағады. Туған жердің құдіретін ақылға теңейді. Десек те, сол асылдан туылса да, өмірде көп мұңайған Мұқағали сөз жоқ, пананы, мейірім мен жылылықты халқынан, туған жерінен іздейді.«Неге екенін білмеймін кейде маған бүкіл адамзаттың баласы дос болып көрінеді, ал кейде туған шешем де қас сияқтанып кететін сәттерде бар» [1,73б.]. Осындай сәттерде Мұқағали елімен, туған жерімен сырлас болған.

Мұқағали өлеңдеріндегі жанашырлық ізденістер суреткерлік шеберлігінен айқын көрінеді «Қазақ жері» өлеңінің ішкі мазмұны, тақырыбы жағынан алғанда алдыңғы өлеңмен үндес, алайда ақынның көңіл - күйі жағынан өзгешелеу. Ақын «Қазақ жері» өлеңінде туған жер табиғатын, сұлулығын, құдіретін көтеріңкі көңіл - күй, көтеріңкі пафоспен жырлайды.

Пай, Пай, Пай,Неткен, Жер!
Батырлар дүрілдеп өткен жер
Тұлпарлар дүбүрлеп төккен тер!
Ғашықтар бір - бірін өбкен жер [3,139б.]

Өлеңге зер сала оқысаңыз, көз алдына тұтастай туған жер, қазақ жерінің табиғаты, дархандылығы елестейді. Бұл өлең Л. Толстой сөзімен айтқанда «Нағыз көркем шығарманың мән - мазмұнына зақым келтірмей не бір шумағын, не бір көрінісін өз орнынан алып, басқа жерге қоюға болмайтын» туынды. Бұл өлеңнің тартымдылығы да сол – яғни шебер құрылған композицияның нәтижесі. Бұл өлеңіндегі ақын көңіл - күйінде, жан тебіренісінде бір ерекше ажар, төрт құбылысы тең

табиғи бүтіндік бар! Тек осындай ішкі әсемдіктен, ішкі шынайы шабыттан ғана осындай саф алтындай жыр туады. Бұл өлеңде артық кеткен, шашау шыққан ештеңе жоқ. «Суық күз сұрғылт» деген өлеңінің ішкі бітімі ерекше. Мұқағали бұл өлеңінде жастық махаббат, сезімін табиғатпен астастыра отырып өте шебер суреттеген. Қызды бұр жарып келе жатқан гүлге теңейді.

Өтетін едік сулардан,
Қызғалдақ қызды жаңадан ғана бұр жарған.
Бұр жарған жері
Бұлтиып қана батқанда,
Мойнымызды қалың шашымен жапқанда
Оттықтан ұшқан шашырап кетіп ақ қауға,
Өртенуші едік,
Өртенген сол бір шаштарда [2,371б.]

Қыздың еркелігін, нәзік болмысын, жалпы бітімін сылдырлап аққан суға, гүлге, егінге теңейді. Бұл өлеңді оқып отырсаң, көз алдына мынадай бейне елестейді: шоқтай, маздаған, еркелеп, сылдырлап күлген күлкілері бар әлемді өзіне қаратқан қыздар және сол қыздардың сұлулығына ғашық жігіт қырланда егін жиып жүр. Осы бір қарапайым көріністі Мұқағали жыр өрнектерімен өрнектеп жібек жіпен алтын кесте тіккен.

«Махаббат бейуақытта табыспайды» деген өлеңінде өзіндік өрнегімен ерекшеленеді.
Бұл жастық қой білемін, таныс жайды,
Махаббат бейуақытта табыспайды.
Махаббатты үлкендер үлесіп ап,
Жастықты інілерге табыстайды.

Яғни, ақын осы өлеңі арқылы мынадай ой түйеді: күзгі түннің салқыны елемей, мұз денені ертіп махаббат толқынында би билейтін шақ – жастық шақ. Махаббатта адам жасына қарай табылады. Үлкендермен жастардың махаббатының жігін ажыратады. Мұқағали Мақатаевтің «Махаббат диалогы», «Сүйген ерін», «Байқалмай өткен махаббат» өлеңдері – қазіргі ХХІ ғасыр жастарының сүйіспеншілік сыры. Қазіргі ХХІ ғасыр жастары осы Мұқағалидің махаббат жырларын санасына түйіп өсіп келе жатыр.

Мұқағалидің осы махаббат әлемдегі негізгі үстанымы, айтар ойы не? Ол – тұрақтылық, сағыныш, мәңгілік махаббат, уәдеге беріктік. Әрине бұл шынай махаббаттың негізгі көрсеткіштері. Мұқағали осы үстаным арқылы махаббатты жырлайды, жастарға үлгі - өнеге көрсетеді.

Мұқағали өз жырларында жырлап өткендей, ақын түсінігінше, махаббат, сүю, ғашықтық сезімі мәңгілік болу керек. Әрине бұл асқақ идея, ой ақын сезімінің сағынышқа айналуы арқылы мәңгілікке ұласады. Өйткені сағыныш – мәңгілік символы.

Мен сені сағынғанда,
Қарамай жауындарға, дауылдарға,
Қарсы қарап жүземін ағындарға,
Кеудемде қимылдаған жаным барда,
Мен сені сағынғанда,
Бір минут та қақым жоқ дамылдарға [3,145б.].

Мұқағали жастығы алыста, қол жетпейтін ғарышта, алайда ақын жүрегі сол ғашығына деген махаббатын сағыныш арқылы өзіне басу айтады:

Білем саған жете алман, ғарыштасын,
Білемін мәңгілікке табыспасын.
Дерт те емес, күйік те емес, жыр да емессің,

Сен маған сағыныш боп жабысқасың, – деп толғайды. Сезім дүниесі – өзінше үлі дүние. Мұқағали осы махаббат сезіммен есейтіп, кемелдендіріп, көркемдік шегіне жеткізе рухтандырған, сүйіспеншілік сезімін тереңдеткен ақын. Әрі ол осы сезімді құр сезімнің жұрнағы түрінде ғана жырлаған жоқ, ол Абайша қасіреттеніп, шаттанып жырлады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Белинский В.Г. Таңдамалы шығармалар. 2-кітап/ – Алматы: Жалын, 1950. –354б.
- 2 Гамзатов Р. «Дағыстаныш» – Москва: 1968. – 68б.
- 3 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы, Санат, 2007. – 340б.
- 4 Мақатаев М. Таңдамалы. 2- том. – Алматы: Жалын, 2001. –320б.

АБАЙ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ТАҚЫРЫБЫ ЖӘНЕ СУРЕТТІ СӨЗ

АБДЫҚАДЫРОВА Т.Р.

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің профессоры,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

МУСАБЕКОВА Г.О.

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің магистранты,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье речь шла о предметно-художественной специфике поэзии Абая.

Summary. The article was about the subject-artistic specifics of Abai's poetry.

Қазақ өлеңінің тарихы қызық та ұзақ әрі терең. Оны ойласаң, көз алдына қазақ даласындай кең жайылып жатқан өлең – жыр дариясы елестейді. Суы мол, нәрлі бұлақтан бастау алған оған үлкенді – кішілі өлеңдер қосылып, арнасын үлкейтіп, кең айдынға ұластырады. Асау тау өзендерінің толқыны іспетті күш халық жанының тереңінен нәр алған сол өлең - жыр дариясына өлмес, өмірдің күшін дарытып, буырқанта бұрсанта көрсетеді. Толқын толастамайды, ағын азаймайды, өйткені тарих сыры ән – жырға құмар халықтың сезімімен, қиялымен, ойымен араласып жаңа бұлақтардың көзін ашады, сол арқылы дария суын молайтады. Қазақтың қара өлеңінің тарихымен тығыз байланысты есім, ол – Абай.

А.Құнанбаевтың өмірі, жасаған дәуірі мен шығармашылығы жайлы мәліметтер бізге жақсы таныс. Бәрін де білетін сияқтымыз. Дегенмен, жалпы жұртқа бимәлім «ақын құпиясы» да аз емес-ті. Оның өмір сүрген ортасының күрделілігі мен қайшылықты сипаттары тудырған жабық күйінде қалып келді. Бүгін, көне мұраларымызды түгендеп, поэтикасын ашу, оның құндылықтарын заманауи тұрғыдан бағалау және оқу қажеттігі де осымен байланысты.

Абай – қазақ әдебиетінде сыншыл реализм әдісінің негізін салған ақын. Оның шығармалары жеке адамның қара басындағы кемшілікті әжуалардан гөрі қоғамдық құрылыстың кем-кетігін сынау-мінеу дәрежесіне көтерілген. Сатираны өз өнерінің ең қуатты арнасына айналдырған Абай қоғамдық мәселеге сын көзімен қарап, өз үкімін шығарып отырды. Демек, оның сатирасы мен сыншылдық ойы бір өңірден өрбіп, әрқашанда бірін-бірі толықтырып отырды да, үлкен әлеуметтік мәнге ие болды. Абайдың эстетикалық ойлары мен сыншылдық пікірі алдымен өнер иесі-ақын, композиторлар кім, олардың қоғамдағы орны қандай деген түбегейлі мәселерден өрбиді.

Ескі бише отырман бос мақұлдап,

Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап [1,145б.], – деген уақытта Абай әуелі өнердің саудаға түспеуін, оны кәсіпке айналдырмау керектігін айрықша ескертеді.

Абай поэзиясының азаматтық үні ел мүддесінен туып, оған қызмет еткісі келген өнерпаздардың орнын қазақ әдебиетінде бұрын-соңды болмаған биікке көтереді. Демек, өнердегі өнегелі іспен, әлеуметтік мәнмен, үлкен мақсат-арманмен сабақтастыру, оған қатаң эстетикалық талаптар қою – Абайдың сыншылық ойының өрелі биігі. Ақынның қоғам алдындағы борышын, көркем сөздің әлеуметтік маңызын айқындаған Абай енді шын өнердің қандай болуына баса назар аударады. Оны өзінің тамаша шығармашылығымен бір көрсетсе, екінші жағынан, өзіне дейінгі өлең-жырларды сынауы арқылы тағы да аңғартты. Өзіне дейінгі ақын-жырауларды Абайдың қатты сынауы қазақ әдебиетін өркендетуді көздеген эстетикалық талаптан туған.

«Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» – Абайдың 1886 жылы жазған өлеңі. Көлемі 30 жол. Бұл шығармада тұтас халыққа арнап айтылған терең де күрделі ойлар шерлі жүректен шамырқанып, толқып шыққан. Үлкен адамгершілік, қайраткерлік, оқымыстылық биікке көтерілген ақын үні бірде айбарлы, бірде кекті, бірде мұңлы. Қазақ халқын бөлмей-жармай, түгел қамтып, тұтас шолып, баршасына бағыштап айтылған өлеңнің әлеуметтік салмағы орасан зор. Ақын алдымен көз алдыңызға мұрты аузына түскен, бір ұрты май, бір ұрты қан, алғашқыда шырайы сартша жылтырап тұрған қазақтың кескінін алып келеді. Осыдан кейін оның ішкі әлемін, мінез ерекшеліктерін айқындап аша бастайды. Бұл өзі іске жоқ, қу сөздің адамы, өзі сөйлесе болды, өзгені тыңдауды білмейді, мылжын, бөспе, қырт. Күндіз күлкі, түнде ұйқысының бұзылу себебі — өз малына өзі ие емес сорлы. Байлауы жоқ көрсеқызардың әлеуметтік қалпы тіпті сиықсыз, тұтастфқ, ірілік жетіспегендіктен, әрқайсысы шолтаңдап жеке қамшы үйіріп, би болғансып, қиқымданып кеткен жерде елдің күйті кеткен, бірлік жоқтықтан дәулеті шайқалып, байлық шашылған. Жыртың-жыртың мағынасыз күлкіге малданған

тиянақсыз, байлаусыздың түбіне жеткен елдің соры биліктен айырылып өзгенің табанына түсіп құл болатынын ақын ашына зар етеді. Ұлттың бойындағы сордың үлкені–күндестік, бірін-бірі көре алмау, етектен тарту, пыш-пыш халқымызды сан рет орға жығып, өртке қамаған алауыздық. Зығырданы қайнаған шерлі ақын елді түзеудің амалын қарап, тығырықтан шығар соқпақ іздеп, басын тауға, тасқа соқса да, жол таба алмай, ақыры елінің ырқынан айрылып, өзгеге бодан болатынына бармағын шайнайды. Халқының бойындағы қаны сорғалаған жараларды аша отырып, ақын омырауы жасқа толса да, сай-сүйегі сырқыраса да, сесті, кекесінді күйінде қалады. Жеңіл-желпі басу айту, оңай өріс нұсқау жоқ. Ары шириғып, намысы қайнаған ұлы ақын туған халқының барлық буын, барлық нәсілін өзі күйдіріп айтқан кесел-кесепаттардан, сор-сұмдықтардан арыл, тазар, сонда ғана белге шығасың деп тұрғандай.

Ақын – заманның, жағдайдың, ортаның түлегі. Көзбен көрген, жүрекпен сезген, басынан кешірген жәйттер көңілдің түкпірінде, мидың қатпарында ұзақ сақталады. Осыныңбарлығы кейін ол есейгенде, әлемнің ақ-қарасын анық ажыратқанда, қиялға қамшы, болжамға баян болады. Тамырсыз өсімдік өспесе, тамырсыз пенденің кітаби білімі ұзаққа бармайды.

Абай поэзиясында жастарға білім беру, ғылым үйрету мәселесі қай тұрғыдан баяндалатыны сөз болғанда көбірек ауызға алынатын екі өлең бар. Олар – «Интернатта оқып жүр» және «Ғылым таппай мақтанба».

1909 жылғы жинақ пен 1922 жылы Қазанда жарық көрген басылымдарда бөлек саналып жүрген «Интернатта оқып жүр» дейтін өлеңге қосылып, біртұтас шығарма болып келеді.

«Ғылым таппай мақтанба» деп аталып жүрген өлең шынында «Интернатта оқып жүр» деп басталатын өлеңнің жалғасы деудің қисыны жоқ емес.

Ақын еңбексіз, ықылас-ынтасыз, меңдетілген нағыз ғылым-білім қолға түспейді дей келіп, содан әрі бірден негізгі ой желісін үздіксіз өрбітіп, оқудағы мақсат не, алған білімді не қажетке жұмсау керек, не істеу, қандай қызмет атқарған жөн болады деген мәселе төңірегінде сөз қозғайды. Сонда Абай айтатын тілмаш я адвокат болуға ұмтылма, оқалы киім киемін деп әскери қызмет іздеме, ұлыққа жағынып күн көрем деп оязға қызмет қылма деген пікірлерді көп қазаққа пана боларлықтай адам бол, өнбес іске алданбай, талабыңа лайықты тұрақты, орнықты істі іздеп табуға ұмтыл деген түйінді, қазықты идеясымен астаса байланысып келеді. Осы идеясын дамыта түсіп, ақын жастарға «не байларға қызмет қыл», онда да ерінбей, «адал жүріп, адал тұр», немесе өз бетіңмен жүріп қарекет қыл, бірақ оған да талаптылық, ғылым да, ой да керек дейді.

Пайда ойлама, ар ойла,

Талап қыл артық білуге.

Артық ғылым кітапта.

Ерінбей оқып көруге, [1,476.]. – дегенді Абай осы өлеңнің орта тұсында әртүрлі қарекет жайын сөз қылғанда және атап айтады.

Ғылым таппай мақтанба,

Орын таппай баптанба,

Құмарланып шаттанба

Ойнап босқа күлуге[1,476.], – дегенді оқысақ, «Ғылым таппай мақтанба» деп аталып келген өлеңнің жоғарыда талданған «Интернатта оқып жүр» деген өлеңінде мазмұн-мағынасы, ойдың түйдектетіп айтылуы, сөздердің үйлесімі жағынан да жалғаса келетінін бірден аңғарамыз. Ал, «Ғылым таппай мақтанбаны» бүтіндей алып, екі өлеңді бастан-аяқ салыстырып қарасақ, жоғарыда аталған екі тамырлас тақырып, яғни ғылым іздеу және сол ғылымды жұмсап қарекет қыларлық тұрақты орын табу туралы ой-пікірлерін ақын жібін үзбей әрі қарай жалғай беретінін көреміз. Сонда «Ғылым таппай мақтанба» деген сөзге ілесе келетін «Орын таппай баптанба» дегеннің мәнісі әбден айқындала түседі. Ол – алған білімді, үйренген ғылымды жұмсайтын орын. Абай:

Бес нәрседен қашық бол,

Бес нәрсеге асық бол[1,476.], – деп адамдық, адамгершілік жайын қозғайды. Алайда ойының негізгі желісін үзбейді. Бұл тұста ерекше бір көңіл бөлерлік жай – Абай ғалым болу мен адам болу мәселесін бір-бірімен сабақтастыра айтады, бұл екеуінің тамыры, түбі бір деп санайды. Ғалым болудың басты шарты – не нәрсені болсын ақыл таразысына салып өлшеу, ақыл сенген нәрсеге ғана сену және көзің анық жеткен шындықты тура айтудан тайынбау екендігін ақын нақтылап, мейлінше дәлелді етіп, шегелеп айтады. Осы өлеңдегі Абайдың надандықпен айтылған сөзге ерме дей отырып, «ақсақал айтты, бай айтты», егер қисық көрінсе кімнің сөзі болса да, тіпті жақын адам айтса да, ақылменен жеңуді үлгі етуі, әсіресе, сол өткен ғасырдағы қазақ өмірінің жағдайында бірден-бір батыл айтылған пікір болғаны анық. Үлкен адамға, лпуазымы жоғары адамға қарсы келіп, өз пікірін көлденең тарту сыпайыгершілікке келмейді дегенді желеу қылып шындықты тура айтуды қалайда

шектеу, қолдамау ол заман ғана емес, бүгінгі заманда да аз кездеспейтінін ескерсек, Абайдың осы пікірлерінің мәні зор дейміз. Ендеше:

Ақымақ көп, ақылды аз,

Деме көптің сөзі – бұл[1,586.], – дегенді көпке топырақ шашақандай емес пе деп көлгірсімей, ашық айтылған, жастарды артық сенгіштіктен сақтандыратын ащы өмір шындығы деп бағалауымыз орынды.

Абай сөзінің мәні терең келеді, сондықтан қай сөзді болсын жеңілдетіп, үстірт қарап, біржақты түсінуге болмайды. Осы өлеңде Абай ғылыми пікір қорытуда, дүние-таным мәселесінде кімнің де болсын жасы, мансабы, атағына қарамай, тек қана шындыққа жүгіну қажет екенін айтқан. Ғылым-білімді уағыздаған ағартушы ақын ақылды, білімді адамды аса жоғары бағалайды. Не нәрсеге болсын ақыл—таразы, («ақыл-мизан, өлшеу қыл»), дүниенің сырын танып білуге ақылдың мүмкіндігі шексіз мол деп санайды.

Ал Абайдың «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңіне келетін болсақ, оның жаңсақ жақтарын табу тіпті қиын. Оның ділмарлық, дидактикалық өлеңінде Абай тіркес тізуден, сөз қалаудан ақау атаулыға саңлау қалдырмайды.

Әсемпаз болма әрнеге,

Өнерпаз болсаң арқалан,

Сен де бір кірпіш дүниеге,

Кетігін тап та,бар,қалан! [1,1206.]

Осы шумақты керісінше:

Сен де бір кірпіш дүниеге,

Кетігін тап та бар қалан!

Әсемпаз болма әрнеге,

Өнерпаз болсаң арқалан, – деп құрсақ өлең логикалық, әсемдік, әсерлілік қалпынан айрылып қалар еді. Неге десеңіз, дүниенің кетігіне кірпіш боп қаланған адамның іле-шала арқаланып жүруі иланымсыз болар еді. Абайдың бұл өлеңінде бейтарап шындықты шешу жоқ, сыр шерту жоқ, нұсқама өсиет бар.

«Күз» (Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан) өлеңінде ақын жылдың төрт мезгілін суреттейтін басқа өлеңдеріндегідей үлкен суреткерлік шеберлік таныта отырып, табиғат көріністеріне жанастыра ауылдың күнделікті машықты өмір тұрмысын мейлінше қарапайым нақтылы түрде, ешқандай көріктеп, әдейі әлсіреусізсипаттайды. Аспанды қаптаған сұр бұлтты, жерді басқан дымқыл тұманды, жапырағы түскен ағашты, сарғайыптозған күзеуді суреттеу арқылы көшпелі ауыл тіршілік ететін табиғи ортаны, айналаны нақтылы қалпында айқын көзге елестетеді. Ойнақтаған жылқылар, үйірінен қашып, оқшауланған биелер, жарыса шапқылаған тайлар – бұлар да мал баққан елдің өмір-тұрмысының айнымас, әрқашада қосақталып жүретін белгі – нышандары десек болады. Өлеңді түгелдей алып қарасақ, онда табиғат көріністерінен гөрі көшпелі елдің өмір-тұрмысын, тіршілік әрекетін бейнелеу жағы басымрақ екенін мойындауға тура келеді.

Дәл тауып, айнытпай берілген нақтылы күнкөріс әрекеттері – қазақтардың теріні малмаға салып, иін қандырып алып илейтіні, қыс бойы қорек ететін астықты күзде түйемен барып басқа жақтан әкелетіні, киіз үйдің іші ыс болады деп күзгі суықта от жақпай отыратыны, әйелдердің түйенің шудасынан жіп иіріп киіз үйдің жыртылған жерін жамайтыны – бәрі де көшпелі елдің дағдылы тіршілігін, тұрмыс-жағдайын, әдет-салтын анық аңдатады. Мал бағумен күн көрген елдің өмірге бейімділігі, ептілігі де байқалмай қалмайды.

Қара суыққа тоңып дірдектеген балалар мен кемпір-шалдардың сикы күзгі табиғаттың жабырқаңқы түріне толық сәйкес келеді. Ақынның «Жазғытұры» (Жазғытұры қалмайды қыстың сызы) дейтін өлеңіндегі шұғылалы сәулесін шашқан күнді, жарық айды, жымындасқан жұлдыздарды қызықтау, шат, жарқын көңілді адамдар бейнесін алға тарту, табиғатты көтеріңкі леппен суреттеу мұнда жоқ. Бұл өлеңде:

Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп,

Жапырағынан айрылған ағаш-қурай[1,1126.], – деп ағаш пен қурайдың кемпір-шалмен салыстырылатыны көңіл қоярлық. Әдетте адамды жансыз нәрсемен салыстыру қолайлы, ұтымды саналса, Абай керісінше тәсіл қолданып, жансыз нәрсені сипаттау үшін оны адаммен теңестіреді. Бұл бүрісіп үрпиген кемпір-шалдың мүшкіл халіне оқырманның аяныштылық сезімін күшейте түседі. Өлеңде тек кедей, жоқ-жітік адамдардың хал-жайы айтылатыны тегін емес. Ол көшпелі елдің тұрмыс-тіршілігі күз түскенде қиындайтынын нанымды етіп көрсету үшін қажет. Өлеңнің осындай мазмұны оның сарынына әсер ететінін мойындасақ та, бірақ бұдан ақынның өз көңіл күйі де сондай жабыңқы демесек керек. Табиғатты, елдің өмір – тұрмысын суреттеудегі ақынның байсалдылығы,

пікір парасаттылығы ешқандай күмән туғызбайды. Өлеңнен боямасыз, қоспасыз ақиқат өмірдің өз көрінісін тапқандай әсер аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Құнанбаев А. Шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1968. – 319б.
2. Әуезов М. Монография, мақалалар, зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1967. – 302б.
3. Мырзахметов М. Абайтану тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1994. – 290б.
4. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 289б.

ӨОЖ 81'1:81'32

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ (жылқы бейнесінің әдебиетте көрініс алуы)

АХМЕТОВА Л.Д.

№3 мектеп-лицейі, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье речь шла о семи гранях Великой Степи: изображении лошади в литературе.

Summary. The article was about the seven facets of the Great Steppe: the image of a horse in literature.

Қазақ халқы бүкіл адамзаттың өмір сүру үрдісіне елеулі әсер еткен жағдайларға куә. Тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаев өзінің қазақ халқына Жолдауында «Халқымыздың табысқа қол жеткізуінің басты кепілі – өткен тарихы мен өмірін мақтан тұтып, бүгінгі күнді нақты бағалай алу және болашаққа оң көзқараста қарау» деп айтқан болатын. Сол себепті де өткенді бағалап, бүгінгіні зерделеп, келешекке сеніммен қадам жасай алу үшін тарихи сананы жаңғырту керектігін нақты мысалдармен түйіндеп береді.

Елбасы «Ұлы дала елінің жеті қыры» атты аса құнды мақаласын жария етті. Рас, бүгінгі ұрпақ сауатты, техниканың соңғы жаңалықтарын терең меңгерген. Алайда сол ұрпақ өткенімізден, соның ішінде фольклорымыздан бірдеңе біле ме? Өте күрделі сұрақ. Осы орайда Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласының жалғасы ретінде аталмыш еңбегін жариялай отырып, өткен жұмыстардағы кейбір кемшін тұстардың орнын толтыруға ұмтылысын аңғарамыз. Бұл мақаласы ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат іспетті. Ол адами құндылықтар, рухани қазына, жастарды тәрбиелеу, олардың бойына патриоттық рухты сіңіре білу жұмысында рухани салаға басымдық берудің қажеттілігін алға қоюды мақсат етеді. Ең бастысы, нақты ғылыми деректерге сүйене отырып, жаһандық тарихтағы өз рөлімізді байыппен әрі дұрыс пайымдауға бағыт-бағдар беріп отыр.

Қазақ тарихында жылқы малының маңызы ерекше. Бұл туралы Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев өз мақаласында «Еліміздің солтүстік өңіріндегі энеолит дәуіріне тиесілі «Ботай» қонысында жүргізілген қазба жұмыстары жылқының тұңғыш рет қазіргі Қазақстан аумағында қолға үйретілгенін дәлелдеді», – дейді [1]. Осы мәліметті негізге алсақ, расында да, қазақ халқының өсіп-өркендеуіне, мал шаруашылығы мен ауыл шаруашылығының дамуына жылқы малының әсері молдығын дәлелдейтін Ұлы Даланың атқа міну мәдениеті екені және жылқы шаруашылығы Ұлы дала тарихының өзегі екендігі белгілі.

Ең алғаш атқа міну мәдениеті қазақ даласында басталғаны Солтүстік Қазақстан аймағындағы Айыртау өңірінің Ботай қонысында жүргізілген қазба жұмыстары уақытында табылған ат сүйектерін зерттеу барысында дәлелденді. Зерттеу барысында табылған жылқылардың азу тістерінде ауыздықтың ізі қалған. Осыдан-ақ сол кезеңдегі ат әбзелдері, кәдімгі құрық, теріден тігіліп жасалған шалбар, тізеден асатын тері етіктер, тымақ та табылған. Британиялық зерттеушілер ботайлықтар пайдаланған керамикалық ыдыстардан қымыздың жұғындарын анықтаған. Осыдан біз ботайлықтардың атты тек міну көлігі ретінде ғана емес, бие сауып, қымыз ашытып, шипалы сусынды өндіруді де игергенін байқай аламыз. Еліміздің солтүстік аймағындағы энеолит кезеңіне тиесілі «Ботай» қонысында жүргізілген қазба жұмыстары аттың алғаш рет біздің Қазақстан аймағында қолға үйретілгенін зерттеп дәлелдеген. Байқап қарасақ, ата-бабаларымыз сәйгүлікке қатысты зерттелген барлық жаңалықтың бастауында тұр. Демек, атқа міну мәдениеті де біздің Ұлы даламыздан тараған деп айтуға толық негіз бар.

Жылқы малын қолға үйрету арқасында біздің бабаларымыз өз кезеңінде адам айтқысыз үстемдікке ие болды. Ал әлемдік ауқымда алсақ, шаруашылық пен әскери саладағы теңдессіз революцияға жол ашты. Жылқы малын қолға үйрету арқылы атқа міну мәдениетінің негізін қалады. Бес қаруын артқа асынған сарбаздарыждахатты көшпенділер империясы тарих сахнасына шыққан кезеңнің символына айналды. Қазақстан Республикасының бұрынғы Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында атқа міну мәдениетіне ерекше тоқталып өткені және оны алғаш болып қозғағаны бекер емес. Себебі ат пен адам арасындағы қарым-қатынастың басы Қазақстан аймағының теріскейіндегі жазық даласында басталып, адамзаттың тағдырын түбегейлі өзгертті десе болады.

Алғашқы жылқы туралы деректер еліміздің солтүстігіндегі Ботай өңірінен табылуы әлемнің назарын аударған оқиға болғаны шындық. Осы жерде б.з.д. IV мыңжылдықта мекен еткен халық қамбар ата төлін, жылқыны алғаш рет қолға үйретіп, арбаға жеккені, бие байлап, қымыз ашытқаны археологиялық қазбалар арқылы дәлелденген. Энеолит дәуіріне қарайтын Ботай қонысы 20 гектар аумақты алады. Сол мекендерде адамдар шамамен бір ғасырдан артық уақыт өмір сүрген. Археологтар зерттеу барысында қыш құмыраларды, ыдыс-аяқтарды, аттың қаңқаларын көптеп кездестірген. Сонымен қатар, осы аймақты мекен еткен адамның сүйегі де табылды. Дала өркениетінің бастауы саналатын ерекше мәдениетке бүкіл әлемнің қызығушылығы бірде-бір толастар емес. Жылқы малы қазақтың қазақи қоғамында ең басты орын алатын төрт түліктің бірі. Қазақ халқы жабайы асау жылқыны алғаш бағындырған қатарында болғандықтан жылқыға етене жақын халықтардың бірегейі. Сондықтан да жылқыға қатысты мәліметтерді білмеу сын. Жылқы малы халықтың қарапайым өмірімен тығыз байланысты «көшпенділер әлемінің «мәдени кодының»» [1] негізінде қалыптасқан Ұлы Дала құндылықтарының бірі.

Халқымыздың өткен ғасырына көз салсақ, қазақ өмір бойы көшіп-қонып жүрсе де отырықшылық өмірді мүлде білмеген деген сөз емес. Көшпенділер оның шаруа жайына немесе сыртқы жаудың қысымына байланысты қолданған өз стратегиялары болған. Қарулы жаудан ел-жұртты қорғау мүмкіндігі болмаған жағдайда олар бала-шаға мен қарияларды, мал-мүлікті алыс аймаққа көшіріп, көз тасалау қамын жасаған. Елі үшін жанын пиде ете алатын батырларды халық барынша қадірлеп, оларды келешекке үлгі етіп ардақтап отырған. Поэзия тілімен қаһармандардың өшпес ерлігін жырлап, бейнелерін ардақтап кеткен. Сол арқылы мәңгілік эпос жырларын ойлап тауып, оны ұрпақ мұрасына айналдырған. Осылайша, қазақ халқының поэзиясында дәстүрлі батырлық эпостарды қалыптастырған. [2, 174б.]. Асау ат, сенімді тұлпарлар жайында түркі халықтарының аңыз-әңгімелері мен эпостық дастандарында да жиі ұшырасады. Түркі-монғол эпостары мен аңыздарының көбінде жылқы малы шығармадағы басты қаһарманның ата-анасы болып келеді. Ал, одан бергі эпостарда бие батырдың емізушісі, оны өз құлынымен бірге бағушы болып келеді.

Б.Жетпісбаеваның «Символ в движении литературы» атты ғылыми еңбегінде: «Скиф-сақ жыртықшытық стилінде, қасқырмен қосааттың да бастыкөркем бейнесі қалыптастырылып, қаншама ғасырлар бойы біздің кезеңге дейін жеткен. Осы кезеңдердегі даму жағдайында, зерттеушілердің айтуы бойынша ат бейнесі реалистік және шартты түрде бейнеленген. Осы бейнелеу тенденциясы символдық интерпретацияның пайда болуын ілгерілетті,-делінген [3,376б.]. Түркі және қазақ дәстүрінде жылқының және қасқырдың бейнесі секілді образдар терең мағыналы бірнеше ғасырлық әдеби мұра болып жеткен. Түркі халықтарының кез-келген эпикалық жанрында «атқа мадақ» кең тараған. Мысалы, әйгілі «Күлтегін» жырында бірнеше рет аттың образдары, жауынгерлердің жылқылары бейнелеген. Бұл – ақ құла Байырку мен ақ боз ат Алып Шалшы, арғымақ Огсиза туралы жазылған, сондай-ақ, келесі тармақтарда Күлтегін жиырма бір жасқа толып өзінің ақбоз аты Ышбара Яштарғамініп, соғыс жорығына аттанады. Ақбоз ат сол жорықта қаза болады, келесі жорықта Йегин-Силигқа мініп жорыққа аттанғанда ол аты да мертліккен. Әдебиет зерттеушісі, профессор М.Жолдасбеков өз еңбетерінде Күлтегін образына тоқталып, оның жауынгерлігі мен тұлпарлары жайында сөз қозғаған.

Бір ғана Күлтегін жырының өзінде әр түрлі сәйгүлік аттар Күлтегіннің мінісіне шыдас бермей, бірінен соң бірі құлап жатқаны батырдың соқталы образын аша түсетін, айқындай алатын айшықты мотив. Ал, талай соғыста Күлтегінмен бірге жүріп, жеңіске ортақ болған атақты арғымақтар Алып Шалшы мен Азман ақтар туралы «Алты айлық жерді алты аттаған», «Бір төбенің тозаңын бір төбеге қосқан», «Суға салса батпайтын, отқа салса жанбайтын» жүрісте-көлік, жауда-серік бола білген қазақ эпосындағы өзіміздің сүйікті Тайбурыл, Байшұбарларды көргендей күйде боламыз. [4,316.].

Қазақ халқында арғымақ – жылқының ішіндегі ең асылы, сұлуы дегенді білдіреді. [5, 400б.]. Ал, ғалым С. Қондыбай «Арғымақ» сөзінің этимологиясы жайында: «Арғымақ – Арғы-имақ-жылқы, бие кейіпінде бейнеленген мифтік Ұлы Баба, түп ана», деп түсінік берген.

Ал жыраулар поэзиясындағы патриоттық, Отаншылдық сарындар XVIII ғасырдағы қазақ әдебиетінің бағыт-бағдарын, өзекті ойларын анық көрсетеді. Осыған орай, әрине, тұлпарлар жөнінде де ұтымды пікірлер, сипаттар жетерлік. Бітімі бөлек жылқы малы жайлы келелі ойлар қозғайды. Адамға, батырға серік болатын қырлары суреттеледі. Жыраулар поэзиясындағы сәйгүлік, тұлпар образын бірде жақсы адамға, бірде сұлу жарға, енді бірде туыс- туысқа теңеген. Жақсы жанды – арғымақ деп бейнелесе, жаман адамдар – жабы деп суреттелген. Бұл тұстан бізат жөнінде айтылған түсінік, тұлпар туралы ой мен толғам мол екенін аңғарамыз. Арғымақтың сыны мен сыры, бағы мен бабы да қалың көпшіліктің назарын аударды.

Өз кезеңінде ұлы ақын, дара тұлға Абай Құнанбаев та аттың сынына қатысты «Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ» атты өлеңін жазды. Аталған өлеңі 1886 жылы жарық көрді. Әрбірі төрт тармақтан, сегіз шумақтан құралған. 1886 жылы шығарған өлеңдерінің жанрлары әр түрлі болған, оның ішінде ең маңыздысы аттың сыны мен табиғат туралы өлеңдері. Бұл туындыларында Абайдың суретші-реалист ақын ретіндегі шеберлігі аңғарылады. Аттың сыны өлеңі де өз уақытындағы бәйге тұлпарға арналған өлең. Қаншама ғасыр мал бағып, көшпелі тіршілік жасаған елдің ақыны жылқының бағасын ерекше түсінсе керек. Ал, оның ішінде бәйге атының орны бір төбе. Бәйге аттары қазақтың баяғы заманынан бері ауызша әдебиетте «қиял пырағы» деген сынды атаулармен жырланып келген. Абай өмір сүрген уақытта да жылқы жануары – ер қанаты болып есептелген, әсіресе, қазақ жұрты ол малды жануарлардың ішіндегі адамға ең ыңғайлысы, қадірлісі деп білген. Абай осы аттың образын сипаттағанда реалист-суретші екенін көрсетеді. «Қақтаған ақ күмістей» деп аталатын өлеңінде оншама орынды болмаса да, жылқының сыртқы сымбатынан бастап кекілі мен құлағына дейін түгел әрі толық баяндап шығады. Бәйге атының келбетін сомдауда Абай терең білімдік, байқағыштығын танытады. Ол тек шебер ақын болып қана қоймай аса білгіш саятшы, сыншы болып шығады. Абай өзінің «Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ» өлеңінде:

Теке мұрын, салшы ерін, ұзын тісті,

Қабырғалы, жотасы болса күшті.

Ойынды еті бөп-бөлек, омыраулы,

Тояттаған бүркіттей салқы төсті [6,51б.],–дейді. Жылқы малының сыны мен бабы –ерекше таным-түсінікті керек етеді. Тұлпар табиғаты өзінің келбет-бейнесін жіті тануды талап ететіндей.

Түйіндей келгенде, қазақ әдебиетіндегі ат жайында айтылған таным-түсініктердің маңызы зор. Дала, жылқы, ерлік – осы үш объект бейнелеудің негізгі құралына айналған. Кең алқаптың кең жазықтары мен сол аймақтағы болып жатқан оқиғалар, сол маңайда туған кейіпкер адамдар мен аттар, жайлаулар – осының барлығы да арғымақ ат бейнесін жасауға әсер етпей қоймаған. Бұл – бір. Екіншіден, қазақ әдебиетінің тарихында сөз асылын теріп, өшпес мұра етіп өз шығармаларын қалдырған көрнекті тұлғалардың барлығы дерлік тұлпар мен арғымақтар туралы жоғары түсінікте болған. Үшіншіден, аттың бабы мен күтімі, сыны мен сыры, соғыс-керістердегі үлестері мен жасаған адал істері өлең-толғаулар мен бабалар сөзі арқылы жүйелі түрде жеткен.Төртіншіден, халықтың сөз өнеріндегі ат бейнесі мен тағдыры өзіндік нышан-қасиеттерімен, ерекше бітім, бөлек сымбаттарымен де қалың елдің назарын аударған. Қазақ арғымақтарының сыры мен сымбаты осы шығармалардан көрініс тапқандай халықтың өмірімен біте қайнасып кеткендігі көрініп тұр. Осы тұрғыдан келгенде, Н. Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында атқа міну мәдениетіне ерекше тоқталуы тегін емес. Себебі, жылқы қазақ халқының қазақи қоғамында ең басты орын алатын төрт түліктің бірі. Қазақ халқы жабайы асау жылқыны алғаш бағындырғандардың қатарында болғандықтан жылқыға етене жақын халықтардың бірегейі. Қазақтың байырғы тұрмысында қалыптасқан жылқыға қатысты мұндай шығармалар қазақ әдебиетінде өзіндік құндылықтарымен ерекше және қазіргі зерделі де дарынды ұрпақтың рухани азығы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Ұлы Даланың жеті қыры /Егемен Қазақстан/21.11.2018ж.
2. Шынар А. Эпостағы арғымақ аттар. // Жұлдыз. – 1998. - №10 – 1746.
3. Жетпісбаева Б. Символ в движении литературы. – Алматы: Ғылым, 2001. – 376б.
4. Жолдасбеков М. Күлтегін. – Алматы: Ғылым, 1986. – 31б.
5. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. – Алматы: Дайк-Прес, 2004. – 488б.
6. Құнанбаев А. Шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1968. – 319б.

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

ҚЫБРАЕВА К.С.

Ә.Тарази атындағы тірек мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл ауданы

“Оқытушыны бағалағанда, олардың іске қатысы жоқ сөздеріне қарап емес, олардың егістіктерінің бетіне шыққан жемістеріне, яғни оқушыларына қарап бағалау керек”

Ыбырай Алтынсарин

Резюме. В статье рассматриваются актуальные вопросы творчества Ибрая Алтынсарина.

Summary. The article discusses topical issues of Ibrai Altynsarina's work.

Ыбырай жобасы бүгінгі таңда қолға алынып, ұлы даланың жеті қыры сияқты жобалар ұлттық код тұрғысынан өзектелініп келеді. Бұл жобалардың тарихи бастаулары ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ демократ ағартушыларының, оның ішінде ұлт ұстазы Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық мұрасында айқын орын алған. Биылғы Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы мен қоса тойлап жатқан, Ұлы ағартушы Ы. Алтынсариннің 180 жылдық мерейтойы. Ыбырай – ағартушы, прогресшіл қайраткер, демократ, гуманист, этнограф, публицист-жазушы. Ы. Алтынсариннің шығармашылығы философия, тарих, педагогика ғылымдары тұрғысынан талданды. Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық жүйесі. Ы. Алтынсариннің педагогикалық көзқарастары демократияшыл ағартушылық ой-пікірлер мен алдыңғы қатарлы орыс мектебінің тәжірибесі негізінде қалыптасып отырды. Ы.Алтынсариннің педагогикалық жүйесінде Қазақстан жағдайында алғаш рет жалпы педагогика, дидактика және методика саласының аса маңызды ғылыми принциптері қолданыла бастады олар, оқытудың көрнекілігі, тәжірибе мен бақылау, оқытудың белгілі мақсатқа құрылуы, класс жұмыстары мен кластан тыс жұмыстардың түрлері жүзеге асырылды. Ол оқыту әдісін өз түйгенінше, орыс мектебінің озық үлгісіне неіздеп құруды ойластырды. Мектеп оқушыларынаарнап оқу құралдарын, программалар, нұсқау хаттар жазды жасерекшелігіне қарай. Мектеп кітапханаларының физикалық, химиялық, астрономиялық құралдарымен жабдыкталуына, оқушылардың түрлі ғылым мен өнер саласындағы жаңалықтарды біліп отыруына үлкен мән беріп отырды.

Ыбырай Алтынсариннің тәрбиелік ой-пікірлері. Ы. Алтынсарин өзінің ұстаздық қызметіне байланысты қазақ жастарын оқытып-тәрбиелеу мәселесін ең басты мәселе деп есептеді. Оның шығармаларында екінші бір өзекті мәселе – жастарды түрлі жақсы қасиеттерге баулу, жаман істерден жирендіру сияқты. Педагогикалық жүйесінің өміршеңдігі. Оның прогресшіл сипаттағы педагогикалық жүйесі халық ағарту саласында аса зор, пайдалы рөл атқарды. Сондықтан да заманауи білім беру саласының стратегиялық мәселелерін қарастырғанда ағартушының бай мұрасын терең зерделеп пайдаланды. Ұлттық ғылыми білім беру, мектеп философиясы, әдебиеттану, дипломатия, лингвистика, әліппеттану, мектептану, жаңа алфавитке көшу, рухани-адамгершілік жаңғыру, балалық шақ философиясы мен тәрбие идеалы, отбасы мен қыз тәрбиесі, балада тілдік, тарихи, географиялық сананы қалыптастыру, діни құндылықтарды, халықтық поэзияны тиімді пайдалану, хрестоматия, оқулық жазу, орыс тілін оқыту әдістемесі, кәсіптік-техникалық білім беру, кәсіпкерлік пен аударма салалары мамандарын және мұғалімдерді жаңаша дайындау заманауи педагогика мен психологияның зерттеу пәніне айналмақ. Ыбырай Алтынсариннің ілімі өз алдына дербес, тұтас бір педагогикалық жүйе болып табылатындығы анық.

«Қарағым, мұнда жүрсең нетер едің?

Қолыңа құрық алып кетер едің!

Тентіреп екі ауылдың арасында

Жүргеннен не мұратқа жетер едің?» - деп,

атасы Балғожа би айтқандай, Ыбырай өз атасы тәрізді тек ауыл адамы ғана емес, бүкіл бір халықтың мәңдайына біткен жарық жұлдызы болып, қазақ мәдениетінің көгіне жарқырап шыға келді. Ы.Алтынсарин 1860 жылдардан бастап жергілікті жерлерден мектеп ашу ісімен айналысады. Сол өңірдегі қазақ балаларына арналған алғашқы мектеп 1864 жылдың 8 қаңтарында Торғай қаласында ашылып, Ыбырайдың өзі соған мұғалім болады. Сөйтіп Ы.Алтынсарин 1864 жылдан 1889

жылға дейін жиырма бес жылдық өмірін қазақ балаларына арнап мектеп ашу, оларды оқыту, тәрбиелеу, оларға арнап оқулықтар, оқу құралдары және әдістемелік кітаптар жазу жұмысына сарп етеді. Осы жылдардың ішінде ол қазақ қыздары үшін мектеп-интернат, ауыл шаруашылық және қолөнер училищелерін аштырды. Өйткені ағартушы ғалым, әрі өз халқының ұлы патриоты қазақ халқының жарқын болашағын тек оқу-ағарту ісімен, білім-ғылыммен, сол білім-ғылымды ел ішіне көптеп тарата алатын мектеппен байланыстырған. Сондықтан да ол: «Мектеп – қазақтарға білім берудің басты тұтқасы болды. Үміт мектепте, қазақ халқының келешегі мектеппен байланысты», - деп жазған болатын-ды.

Ы.Алтынсарин қазақ балаларына арнаған мектеп ашумен бірге онда қызмет істейтін, балаларды оқытып, тәрбиелейтін кадрларға, атап айтқанда, мұғалімдерді даярлауға аса зор мән берген. Ол мектептегі ең басты тұлға – мұғалім деп есептеген. Жақсылап салынған мектеп үйі, болуы мүмкін, тамаша жазылған оқу құралдарын да табуға болады. Бірақ бұлардың жақсы мұғалімсіз берері шамалы деп есептеген. «Халық мектептері үшін ең керектісі оқытушы. Тамаша жақсы педагогика құралдары да, ең жақсы өкімет бұйрықтары да, әбден мұқият түрде жүргізілген инспекторлар бақылауы да оқытушыға тең келе алмайды. Сондықтан да мен жақсы оқытушыны дүниедегі заттың бәрінен де қымбат көремін», - деп жоғары балады. Ыбырай Алтынсарин орыс халқы мәдениетінің демократияшыл идеяларын, әсіресе, Ушинскийдің педагогикалық мектебінің жаңалықтарын шығармашылық жолмен қабылдай отырып, қазақ даласына білім таратушы, мектеп ашушы, жастарды тәрбиелеуші мұғалім болды. Ол өз ісінде әрқашан адамгершілік туын көтеріп, көптеген педагогикалық мұралар қалдырды. Солардың ішінде оның тамаша өлеңдері мен әңгімелері бар. Бірақ ол – ең алдымен ағартушы педагог. Ал оның ақындығы мен жазушылығы оның негізгі мақсатына – сол ағартушы педагогтік істеріне бағынған.

Әңгімелері мен өлеңдерін балалар тәрбиесіне арнап, оқу құралдары мен оқулықтары үшін жазған. Өзінің мектеп өміріндегі тәжірибесін Ушинскийдің, Толстойдың педагогикалық озат пікірлерін, тағы басқа да материалдарды қорыта отырып, Ы.Алтынсарин – «Қазақ хрестоматиясы» (1879 жылы) мен «Қазақтарға орыс тілін оқыту жөніндегі бастауыш басшылық» деген екі кітабын жазды. Бұл еңбектер кезінде қазақ халқының мәдениетінің тарихында аса зор оқиға, үлкен ғылыми табыс ретінде жарыққа шығуы өз кезінде қазақ халқы үшін сирек кездесетін тамаша жаңалық болды. Ы.Алтынсариннің шығармашылығына Н.Ф.Бунаков және Н.А.Корфтің жүйесімен Ресейде құрылған бастауыш халық мектептерінің тәжірибесінің жемісті ықпалы болды. Ы.Алтынсарин оқу жоспарларын және бағдарламаларын жасауда оқыту мен тәрбиенің дидактикалық және әдістемелік тәсілдерді қолдануда оның пайдалы тәжірибелерін пайдаланды. *“Оқытушыны бағалағанда, олардың іске қатысы жоқ сөздеріне қарап емес, олардың егістіктерінің бетіне шыққан жемістеріне, яғни оқушыларына қарап бағалау керек”* Ыбырайдың мына қалдырған құнды тәрбиелік мәні бар сөзінен - ақ оқушыға нәтиже бере алатындай білім беру керек екенін нұсқап отқанын көре аласыз. «Білім инемен құдық қазғандай» әрине, тура айтылған. Көп жылғы еңбегімде Ыбырай ағартушының қазақ еліне қалдырған мұраларын өз сабағымда арқау етіп келемін.

Қазақ әдебиеті тарихында өзіндік орны бар жазушының бірі-Ыбырай Алтынсарин. Ол – заманының ірі қоғам қайраткері, тұңғыш педагог жазушы, қазақ балалары үшін дүниелік ғылымдар негізін оқытатын тұңғыш қазақ мектебін ашқан ағартушылардың бірі Артына қалдырған ізі мәңгілік мұраға айналды. Қазақ елін қараңғылық бұғауынан алып шығып, көзін ашып, көкірегін оятуды көздеген халық қамқоршысы да бола білді. Мен қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі өз мамандығымды жақсы меңгерген үлгілі ұстаздың бірімін. Білім саласының дамуына Ыбырай салған із қазақ халқының тарихында мәңгі сақталып, қалды. Ұрпаққа берер мол тәрбиелі құнды мұралары ұрпақтан жалғасын табуда. Біз бүгінгі күні күнделікті сабақта оқушыларымызға патриоттық тәрбие беруде, білім нәрін себуде қолданып келеміз. Қазақ халқының ұлы перзенті, қазақ жерінде оқу-ағарту ісін жүзеге асырған қазақ зиялылығының көшбасшысы, тұңғыш халық ағартушысы қоғамда өзгерісті жасау жолында талмай күресіп халық игілігі үшін жан алмай еңбек етудің үлгісін көрсеткен.

Бір Аллаға сыйынып,
Кел балалар оқылық!
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық!

Ы.Алтынсарин осы өлең жолдары мен балаларды білім алуға шақырып, имандылық тәрбиесін беріп отыр. Қазіргі білім мен байланыстыра отырып әрбір ұстаз Ыбырай педагогикасынан терең түсінікке ие нәтижеге білім беруі керек.

Қорытындылай келе, Ы.Алтынсарин өзінің оқу құралдарын жасауда өзінің идеялық бағыттылығы жағынан халықтың қағидаларға қызмет етуге және балаларды өз Отанына сүйіспеншілік рухтатәрбиелеуге ұмтылды. Сондықтан да орыс педагогтары мен жазушыларының шығармаларымен қатар ол хрестоматияға қазақ ауыз әдебиетінің үлгілерін енгізді. Ы.Алтынсарин өзі оқып, қызмет еткен жылдары Орынбор, Қазан, Уфа, Петербург қалаларындағы сол кездегі Шығысты зерттеуші ғалымдар В.В.Катаринский, А.А.Мазахин, уездік қызметкерлер Яковлев, Караулов, Плотников т.б.тығыз байланыста, достық қарым-қатынаста болып елі үшін көптеген құнды дүниелер қалдырды. Солар арқылы белгілі татар ағартушылары Ш.Маржани, Қ.Насыри, С.Кукляшев, әсіресе, Петербург университетінің оқытушысы, Ш.Уалихановтың досы, белгілі татар ағартушысы Хұсин Файызхановпен де танысып, достасады. Олармен хат алысып, хат жазысып тұрады. Оқу ағарту ісінде бұлардың қайсысының болса да, Ы.Алтынсаринге көп көмегі тиген. Қазақстанның әрбір оқушысы мектептен алған тәлім-тәрбиені қалай қабылдаса, сол шәкіртіміз оны өмірде солай пайдаланады. Сондықтан да мектеп ұстаздары, ата-аналары әртүрлі өзгерістерді енгізуге зор үлесімізді қосып, ақыл-ойы дамыған, жан-жақты тұлға болып қалыптасуы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жармұхамедов М. Ыбырай Алтынсарин тағлымы. – Алматы: Жазушы, 1991. – 230б.
2. Қоңыратбаев Ә. Ыбырай Алтынсарин. – Алматы: Қазығұрт, 2003. – 220б.
3. Дербісәлин Ә. Ыбырай Алтынсарин. – Алматы: Қазақстан, 2001. – 165б.

ӘОЖ 83.01.10

Ш.МҰРТАЗА ПУБЛИЦИСТИКАСЫ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗДІК ТӨЛҒАҚТАРЫ

ПИСКЕНТАЕВА С.А.

Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі, педагог-ұйымдастырушы-куратор, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье подробно проанализированы труды Шерхана Муртазы в казахской публицистике.

Summary. The article analyzes in detail the works of Sherkhan Murtaza in Kazakh journalism.

Ш.Мұртаза – еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін жауапты қызметтер атқарып, экономикалық-саяси, әлеуметтік, қоғамдық өміріне белсене ат салысты. Сонымен қатар, шығармашылықпен де айналыса жүріп, жүрекжарды ойларын бүкпесіз жазып қалдыра алды.

Ш.Мұртаза – белгілі жазушы ғана емес, шебер публицист ретінде танытатын туындылары – тәуелсіз туған әдебиетіміздің публицистика жанрына қосылған сүбелі дүниелер.

Ш.Мұртаза біз талдап отырған «Ақындар мен әкімдер» кітабы туралы: «Бұл кітап – құрақ көрпе сияқты. Менің анам Айша шебер тігінші еді. Баяғы бай бабадан қалған «Zinger» машинасымен бүкіл ауылдың киім-кешегін осы Айша тігетін. Сонда әр түрлі маталардан қалған қиықтарды құрастырып, мақсаталап, түрлі-түсті әп-әдемі көрпешелер жасайтын. Мына кітап «әп-әдемі» болмаса да сондай қиындылардан құралған. Әр кезде жазылған публицистикалық мақалалар, очерктер, қысқа-қысқа сөздер. Бірақ бәрі де әр жылдан елес беретін, заман лебін сездіретін, бәлкім, әлі де әжетке жарайтын жазбалар.

Өзіңнің көзіңнің тірісінде жинастырып, басын біріктіріп қоймасаң, кейін оны мұрағаттан іздеп жүрер дейсің. Не десе еңбек қой. Кейінгілер: «Осындай да заман өткен екен ғой» деп кітаптың бетін парақтаса болғаны» [1, 3б.], - деп жазады.

Ш.Мұртазаның өз кітабы туралы тым қарапайым пікір айтып отырғанынан да жазушының тұлғалық болмысы паш етіліп тұр. Әйтпесе, кітаптағы әрбір әссе, мақала сүбелі мәселелерге арналып, терең талданып, тың ойлар тұжырымдалады.

Кітаптың үшінші тарауы «Елім саған айтам, Елбасы сен де тыңда!» деп аталады. Бұнда жазушы Камал Смайыловпен баспасөз беттерінде жазысқан әңгіме-хаттары беріледі. Тәуелсіз туған еліміздің бүгіні мен болашақ дамуын әр қырынан сөз етіп, ұлттық мәселелерді оқырман алдына бар шындығымен айта біліп, өткір ойларымен халықты елендеткен оқиғаға баланған бұл әңгіме хаттарда

Ш.Мұртаза жаңа ғасыр көгіндегі егемен еліміздің әлеуметтік-қоғамдық, саяси дамуы туралы саликалы ойлар айтады. Өзінің әріптесі, жазушы К.Смайылов та тапқыр журналист ретінде көрінеді. Қазақстан деген мемлекеттің ішкі-сыртқы қауіпсіздігі, қазба байлықтарының өндірілуі, қоғамдағы тоғышарлармен күрес, ауыл тағдыры, қазақтың жанының садағасына балаған мал шаруашылығының тағдыры, тарихымызды жаңаша зерттеу, демократиялық ахуал, жүргізіліп жатқан реформалар туралы жұрттың айқайлап та, сыбырлап та айтып жүрген сөздерінің төңірегінде ой қозғайды. Бүкіл әлемдік тыныштық пен ел қорғанысы туралы мазасызданып, өткір пікірлерін білдіреді. Тіпті, К.Смайылов айтқандай «Газет бетінде өткір сын айтқандарың үшін біреулер атып тастамаса болғаны» дейтіндей шындықты жалтармай айтып, қиын жолға түсті.

Ш.Мұртаза «Тәуелсіздік біреу» атты мақаласында бәріміз соған тіреу болуға жараймыз ба деген сұраққа жауап іздейді.

Камал! Баяғыда бір бәйтерек болыпты. Оның төбесіне Самұрық ұя салады екен. Самұрық басқа жаққа кетпек болып бәйтерекпен қоштасқанда, бәйтерек:

Менің бұтағымды мекен етіп едің, енді кетіп барасың. Маған не тілейсің? – депті дейді.

Самұрық:

- Тілейтінім, сені Құдай орманшының балтасынан сақтасын, - депті.
- Мұны айтқаным: бүгін Тәуелсіздік күні, Камал. Сол Тәуелсіздігімізді

Құдай бұзықтардың балтасынан сақтасын.

Тәуелсіздік біреу. Ол біз сияқты, қазақ сияқты халыққа жүздеген жылдардан кейін ғана келіп жеткен. Алланың ақ нұры. Оған адал ниетті адамдар бәріміз тіреу болсақ қана заман түзелер.

Тәуелсіздіктің жолы қатты, дәмі тәтті. Қиыншылық жолын қиялап өтіп, жайдарман жерге де жетерміз. Әйтеуір бір Құдірет әдейі қиянкескі қиыншылық кездестіретін көрінеді ғой. Баяғы Аюб пайғамбарды сынағаны сияқты. Ақыры Аюб барлық сынға шыдап, Құдайдың мейіріне бөленген дейді.

Біз не көрсек те Көк туымыз қолымыздан түспесе екен. Көк тудан ажыраған күні тағы да тулақ боласың.

Тәуелсіздік – жаңа шығып келе жатқан Күн. Елдің емес, жас мемлекеттің емес, өз қарақан басының қамын ойлаған жемқорлар, парақорлар, Қазақстан байлығын талан-таражға салған сатқындар! Жаңа шығып келе жатқан Күнді көлегейлеп, бұлтпен бүркемелеп, тұмшаламаңдар!

Міне, Камал, мен бұл хатымды осындай сөздермен аяқтағым келеді. Тәуелсіздік таңы атты. Құтты болсын. Басымызға құт қонсын. Сол құт құсын үркітіп, ұшырып алмайық [2, 52б.].

Ш.Мұртаза өз хаттарында халықтың төзімі жетпейтін мәселелерге тоқталады. Әсіресе, президенттің өзінің қол астындағыларға қомағай деп ашынып, қоғамның басын ауыртып жүргендер туралы айтады. «Қомағай чиновниктер қоғам денесіндегі қатерлі ісіктер. Дер кезінде сылып тастап отырмаса аса қауіпті. Ал біздің прокуратура, тергеу, милиция, сот, қауіпсіздік органдары ұры-қарылардың, парақор, жемқорлардың шабақтарын ғана ұстайды да, жайындарын, акулаларын ұстауға шамасы жетпейді. Яки қорқады, яки сыбайлас» [2,49б.], - деген пікірі бүгінгі таңда да ақиқат болып қалып отырған қоғам бейнесін деп басады.

«Мемлекетімізге, зарығып жеткен тәуелсіздігімізге төніп тұрған орасан қауіп – ЖЕМҚОРЛЫҚ, ПАРАҚОРЛЫҚ, ҰРЛЫҚ-ҚАРЛЫҚ!» Мемлекет қазынасын, қалың халықтың несібесін солқылдата сорып жатқан осылар.

Камал! Шекспирдің даналығын есіңе ал. Қылмысты алтынмен көмкеріп қойсаң, Заңның найзасы майысып қалады. Көк соққанда, біздің найзаларымыз әсіресе майысқақ келе ме деп сескенемін. Неліктен?, - деп толғанады. Жемқорлықпен күресу туралы Елбасының айтқан сөздеріне, Заңға үмітпен қарайды. Ел байлығының арамза жемқорлардың қалтасына кетіп жатқандығына, ұлттық болашағына еш алаңдамайтын жеке басының қамын ғана күйттейтін мансапқорларға деген наразылығы шексіз. «Ал, қалтасы қалыңдар... жүр ғой талтандап. Жемқорлар, парақорлар... Халық қазынасын тонағандар. Жасырын ақша жатыр іште де, өзің айтқан шетелдерде де.

Әттең, бір зор Магнит болса! Солардың бәрін сорып алатын. Халық қазынасына салатын. Сол Зор Магнитке, миллиардтаған арам ақшалар, арам ақшаға салынған жекеменшік салтанатты сарайлар, жарқ-жұрқ еткен мерседестер, суық қолда кеткен зауыттар, фабрикалар, кеніштер сол Зор Магнитке өздерінен өздері келіп жабысып қала берсе. Іздеуші де, прокурор да, сот та керегі жоқ. Тек өздері жабысып қала берсе... Арамның қолында тұрғымыз келмейді десе...Қазынаның қақпағы жоқ, Камал. Бар пәле содан» [2,175б.], - деген сөздерінен үлкен қиялға берілсе де, әйтеуір елім дамыса екен деген пейілді аңғарамыз.

Десе де, қаламгердің арманы бүгінгі таңда жүзеге асырылуда. Ел байлығын тонап, шетелге қашқандарға құрық салынды. Сыбайлас жемқорлық туралы заңымыз күшіне мініп, тәуелсіз елімізді

басқаруда ағаларымыз ар биігінен қарауға ойысуда. Құмарпаз ойындардың орталығы болған түнгі ойын-сауық орындары жабылды, теледидарларымыз ана тіліміздегі хабарларды сөйлетіп, ұрпақ тәрбиесін қолға ала бастады.

Рас, бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамдағы рөлі ерекше. Халқымыз ұлттық қасиетті ана сүтімен, тілімен кіреді дейді. Олай болса, аналарымыз бесік жырын айтып, тербетсе, жаңа заманда, барлық тәрбие тізгіні – теледидарға берілді. Ондағы хабарлар туралы, жалпы қоғам жайлы Ш.Мұртаза аз ой айтқан жоқ, оның нәтижесін куәсі болудамыз.

Қаламдас інісі Д.Рамазан Ш.Мұртаза туралы: «Шерағаң кесек бітімді, күрделі тұлға. Атақты жазушы, қоғамның бүлкілдеген тамырын тап баса білетін сезімтал журналшы һәм бұқаралық ақпарат құралдарының басшысы қандай болу керектігінің қайталанбас үлгісін көрсеткен білгір де білікті редактор. Қоғам қайраткері. Өз міндетін адал атқарып, ел құрметіне бөленген халық қалаулысы» [3,288б.], - деп ағынан жарыла толғанады.

Іні пікірінің қалтқысыз айтылғанына Ш.Мұртазаның әрбір мақаласын талдап отырып, көз жеткізуге, еріксіз сенуге болады, шындықты айтамын деп ақымаққа баланса да ұлттың қамын көздеуден танбады: «Баяғыда бір мұңлық: «Қарнымның ашқанына жыламаймын, қадірімнің қашқанына жылаймын» деген екен. Қарынның ашқанын жаза-жаза жұртты жалықтырып алуымыз да мүмкін. «Ашынған қарын тойынар, ашылған етек жабылар».

Ал, қадірің қашса, қалыбына келе ме, келмей ме – беймәлім. «Қадір» дегенді мен де бұл жерде ұлттық сана, ұлттық намыс деп түсінемін.

Намысқа тиер тағы бір мысал. Қазақ тілінің мәртебесін көтеріміз деп көп айтамыз. Ресми құжаттардың орыс тіліндегі нұсқасын оқымай тұрып, қазақшасына түсіне алмайтын пәлеге ұшырадық» дейсің сен соңғы хатыңда.

Қайран, Камал! Американы енді ашқандай боласың. Біз бұл «пәлеге ұшырағалы» қашан.

Біздің қазақ қоғамындағы басты кесел осы. Ол кеселмен ауырғандар әрі десе сонау биікте, биіктерде отыр», [2,71б.], - деп ашынған. Тек жазып қана қоймай, өзінше еткен қарекеттерінің нәтижесін досы былай деп атап көрсетеді:

«Ұлттық намыс, ұлттық мақтаныш деген тәуелсіз халыққа дем берер, рух нығайтар күш. Осыған сүйенуіміз жөн. Жақында, Шерхан сенің ұлт намысы бар жандар ұлт басылымдарын алдырсын деп ашына айтқан сөзің ел құлағына жетті. Сенің жанды жанып айтқаның, Президенттің оны қолдауы, бас редактордың өзі бастап белсенді үгіті арқасында, «Егемен Қазақстан» 80 мыңға жетіп, өзінің әріптесі «Казправдадан» екі еседей асып түсті. Намыс деген осы. Бірақ басқа қазақ газет-журналдары мәз емес. Қолдамаса, жоғалып кетуі мүмкін. Ия, бізге бүгін намысты қамшылау, жігерді қайрау қажет! Бұрынғыдай кінәлайтын бөтен ешкім жоқ. Бәрі өз қолымызда, бәрі өзімізден, өз кінәмізді өзгеден көрмейік» [2,70б.].

Міне, шырқырап, қанатымен ұлттық мүддемізге осылай су сепкен Ш.Мұртазаның досы Камал Смайыловтың хаттарының жылдан-жылға созылып, баспасөз беттерінде жариялануының өзі де осындай жан-жақты рухани мазмұнының арқасы деп білуге болады. Және бұл хаттар жалпы халықтың ойын дөп басып отырды. Камал Смайыловқа Ш.Мұртаза енді доғарайық деген ұсыныс жасағанда оның: Қадірлі Шерхан! Біздің хаттарымызды көп адам оқитындығын көріп жүрміз ғой. Кездескенде пікірлерін айтады, тілектерін білдіреді. Газет редакциясына келіп түскен пікірлердің топтамасы да жарияланды. «Біздің айтпағымызды айттыңыздар, дұрыс жазып жатырсыздар, жалғастыра беріңіздер», - деп тілек-ұсыныс айтады. Бір хатта: «Талаптарыңыз орынды. Бұл сөздеріңіз елге де, Елбасыға да қолғабыс сөздер деп білеміз», - делінген», - деген сөздерінен хаттарының қаншалықты мазмұнды болғандығын көреміз.

Бүгінгі таңда жағдай өзгеріп, жақсарды. Ана тіліміздің мәртебесі марқайып, өз теңдігін алуда. Елбасының өзі де дәстүрлі Жолдауларында ана тілімізге ерекше мән-мазмұн беріп, жылдар легінде барлық қазақстандықтың ана тілімізде сөйлейтіндігін жоспарлап беруде.

Ш.Мұртазаның хаттарының дені елдің рухани жағдайына көбірек ойысса, К.Смайылов ел экономикасы туралы нақты деректермен сөйлеп, журналист ретінде түсініктер беріп отырады. «Алтын сандықтың кілті кімде?», «Алтын бар жерде - әзәзіл бар», «Сатылмаған не қалды?», «Кедеймін деп қорланба», «Кім қорқынышты?», «Шыр айналған дүние», «Кірлеген дүрбіні кім тазартады?», «Ұлы көш дәуірі», «Әкімдер ойланар ма екен», «Жемқорлық, ұрлық-қарлық, парақорлық», «Бай. Орташа. Кедей», «Адам құны» деп тақырыптар қойылған хаттардың әрбір жолдарында айтылған өрелі ойларға Елбасының өзі де ден қойып, ел дамуының межесін белгілеуде ескеріп отырғандығын көреміз.

Кей ретте қынжылып, артық кеткен тұстарында да Шераға Елбасының көрегендігі мен жоғары адамдық тұлғасына бас ие қарайды, үлкен сенім артады.

Ш.Мұртаза өз хаттарында аумалы-төкпелі кезеңде шет мемлекеттерге кеткен қандастарымыздың елге оралғандағы жай-күйін, орын алып жатқан олқылықтар турасында, сонымен қатар, аз халықтың бірі ретінде демографиялық жағдай туралы, өзара бірлік, татулық жайында, ел бірлігіне іріткі салғысы келетіндерге, дінді дұрыс уағыздамайтындарға қарсы көптеген тұжырымдар айтып, баяндайды. Мәселен, бір кездері алаш зиялыларының да арамыздан шыққан арамза сатқындардың кесірінен опат болғандығын айтып, осы ретте халықтық қалпымыздан айнымай, өзімізді-өзіміз бағалау қажеттігін айтады. Досы Камал Смайыловқа қарата айтып отырған әрбір сөздері «елім, халқым» деген әрбір ел азаматына айтып отыратын ескертпесіндей.

Әдебиеттанушы ғалымдар тарапынан «Қолына қалам ұстап, аумалы-төкпелі замандағы ел тағдырын, азамат жайын қалың-қалың кітап етіп жазған, сонда да шаршамаған, қайта ұлт, қайсар тұлға алдындағы перзенттік парызы жігерлендіріп, талай «сарсаңға» қасқайып төтеп берген Шерағанды «қолды-аяққа тұрмай» зырлаған өмір өз дегеніне көндіріп, ендігі шама-шарқын ойлантқанымен, азаматтық-суреткерлік ойынан, ел ұрпақ алдындағы жауапкершілігі мен соған барынша адалдығынан ажырата алмапты. Оған қолымызға тиіп, қызыға оқыған «Бір кем дүние» кітабындағы жазушының жүрекжарды ой-толғаулары мен сезім сырлары, өмір мысалдары куә» [3, 291б.], - деген жылы лебізге ие болып, жоғары бағаланған «Бір кем дүние» кітабында да осы хаттардағы ойлары жалғасып, пәлсапалық үндесіп жатыр.

Бұл кітаптың жазылу табиғаты туралы Шераған жазушы Н.Дәутайұлына былай дейді: «Сен кеше «Бір таң дүние» дегенді айтып қалдың. Ойланатын-ақ нәрсе. Менің «Бір кем дүнием» жалпы философиялық толғамдар ғой. Сөйтсе де мен философ емеспін ғой. Бірақ философ халықтың ұлымын. Біздің пәлеміз өз қадірімізге өзіміз жетпейміз. Бірдеңе жазсақ шетелден шыққан ғұламалармен ұртымыз толып шыға келеді. Мысалы, керемет философ та солар. Сонау Аяз би, Жиренше, Асанқайғы, Мөңке би, Шалкиізден тартып, бүгінгі Әбіш Кекілбаев, Ғарифолла Есімге дейінгі жүз, мың ғұлама философтарымыз сол шетелдіктеріңнің қайсысынан кем. Тіпті, кейбір жағдайда артық. Абай мен Шәкәрім ше! Бауыржан көкең ше! Пайымдап қарасаң қазақ халқы кім дегенде: «Философ!» - деу керек. Философия біздің ұлттық болмысымыз...» [4, 129б.].

Мәселен, «Жарымжан жалған дүние» атты шер толғауында әскерге жарамды жастардың көбісінің жарымжан, бойы аласа, әлжуаз болып кеткендігін айтып, «Қалай болғанда да, мемлекеттің тұғыры мызғымастай бекем болуы үшін, өкімет те, жалпы әлеумет те қазіргісін, болашағын ойлап, ұрпақ тазалығын ерекше қолға алғаны абзал болар еді. Оны ойлап, отан сүйер әрекет қылатын қайраткерлер қайда?! Бір кем дүние» [5, 167б.] – деп күйінеді.

Қорыта айтқанда, өз публицистикалық шығармаларында, хаттарында келелі ойлар қозғап, ұлтжанды азамат, кемел қайраткер тұлғасында көріне білген Ш.Мұртаза «Ештен кеш жақсы. «Өтпелі кезең өкірдірмесін» дейсің. Өкіндірді. Әлі де өкіндіре берсе, өкініш түбі өртке айналады. Өкініш-ашу-ызаның алғы шарты. Теңізде дауыл тұрса, кемеге отырмас болар. Ашуға басу болсын. Ол үшін жемқорларға, парақорларға, ұрыларға қарсы қаһарлы күресті Президенттен бастап, әрбір адал ниетті азамат аяусыз жүргізуі керек.

Қазақстан тәуелсіздігі сонда сақталады. Қазақстан сонда өркен жаяды» [6, 81б.], - деп келешекке үлкен сеніммен қарайды.

Ш.Мұртазаның «Елім саған айтам, Ел басы сен де тыңда» атты кітабына енген досы Камал Смайыловпен жазысқан хаттарының оқырманның ыстық ықыласына бөленгендігін «Егемен Қазақстан» газетінде жарық көрген хаттар дәлелдейді: Бұл тұрғыда газет «Жұрттың сөзін сөйлеген» атты айдар ашып, жариялап отырды. Мәселен, Батыс Қазақстан облысынан Б.Жұмашев: «Атақты жазушы Шерхан Мұртаза мен көркемсөзші Камал Смайыловтың барлық хаттары да халық көңілінен шықты. Елдің өмірін жетік білетіндеріне көзіміз жетті. Халық келешегін ұдайы ойлайтындарына дән риза болдық», - дей келіп, ауыл тағдыры, оның келешегі туралы үн қосса, Оңтүстік Қазақстан облысынан Б.Жартайұлы: «Қадірлі Шерхан, Камал ағалар! Сіздердің хаттарыңызды жібермей оқып жүрмін. Елді сауықтыратын дәрі-дәрмектей әсер етті маған. Мен осы арада өзім білетін бір нәрсені қоса айтпақпын. Қазақ халқы үшін өте қорқынышты нәрсе арақ болып алды» [7,3б.], - деп ой қосады. Ал, Қызылорда облысының тұрғыны Е.Тұрсынбайұлы былайша толғанады: «Атақты жазушы Ш.Мұртазаның жауап-хаттары маған ерекше ұнады. «Кедеймін деп қорланба» деген сөздер мені атқа мінгізгендей болды. Мен мүгедекпін. Балалы-шағалымын»[8, 3б.] деп басталатын хатында Шерағаның «уақыт бәрін таразылайды» деген сөзіне балаша қуанғандығын, ертеңгі күнге деген сенімінің артқандығын ақтарыла жазады.

Міне, бұлардан Шерағаның ұлттық руханиятқа ғана емес, екі азаматтың да хаттары еліміздің әр түкпіріндегі, шалғай аудандарындағы қарапайым халықтың тұрмыс-тіршілігіне жаңа серпін бергендігін, ойлау дәрежесін артырып, келешегіне үлкен сеніммен қарауға тәрбиелегендігін көреміз.

Қорыта келгенде, өз ғылыми жұмысымыздың бұл бөлімінде талдап-рухани мазмұнының бір қырын танытуға, қазақтың Шерағасының қайраткерлік болмысының бір сипатын ғана танытуға ұмтылдық. Өйткені, оның мол парасаттылығы, кемеңгерлігі мен нағыз ұлтым деп соғатын аңқылдаған көңілі, дарқан пейілі шығармашылығының әрбір жолында қатпарланып жатыр десек, еш қателеспегеніміз.

«Тәуелсіздік – біреу, басқамыз соған тіреуіміз» деп келетін Шерағаның толғамдарының егемен ел дамуындағы үлесі шексіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұртаза Ш. Ақындар мен әкімдер. – Астана, 2002ж.
2. Әуезов М. Анкетаға жауап. // Жұлдыз. –1991. – №10.–15–17бб.
3. Мұртаза Ш., Смайылов К. Елім, саған айтам, Ел басы сен де тыңда! – Алматы: Жазушы, 1998. –245б.
4. Қазақтың Шерағасы. 1-кітап. – Түркістан, 2010ж.
5. Жамбыл журналы, 2009. - №3
6. Мұртаза Ш. Бір кем дүние. – Алматы, 2008ж.
7. Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиеті. Алматы, « Ғылым», 2001ж.

ӘОЖ 83.01.02

ШЕРХАН МҰРТАЗА ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕЛІК ИДЕЯЛАРДЫҢ СИПАТТАМАСЫ

КУЛУМБЕТОВА Э.А.

Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі, педагог-ұйымдастырушы-куратор, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье подробно рассмотрены воспитательные идеи в произведениях Шерхана Муртазы.

Summary. The article discusses in detail the educational ideas in the works of Sherkhan Murtaza.

Қазақстанның халық жазушысы, кесек тұлға, кенен дарын Шерхан Мұртаза шығармашылығы – тәлім-тәрбиелік қуатқа толы. Біз осылайша ғана тарихи-педагогикалық негіздеріне теориялық жағынан тұжырым жасай аламыз. Ендеше, белгілі бір тұлға шығармашылығын оқытуда қандай педагогикалық шарттарға сүйену қажет дегенді анықтап алайық. Осы ретпен алғанда, ұлтымыздың заңғар тұлғаларының бірегейіне саналатын Шерхан Мұртазаның тәлім-тәрбиелік идеяларына теориялық тұрғыда анықтама беріп, мәнін ашу, жүйесі мен құрылымын көрсету де рухани жаңғыруға бет бұрған қазіргі қоғам үшін аса зор маңызды. Осындай зор маңызға ие тәлімдік ой-пікірлер мазмұнын ашу үшін бүгінгі білім мазмұнындағы басты талаптарды негізге алуға тырыстық. Білім туралы Заңда білім мазмұны ғылыми білімнің, іскерлік пен дағдының жүйесі» деп сипатталады да, оның деңгейін көтеретін негізгі қағидаларына ұлттық мәдени байлықты жалпыазаматтық мәдени мұрасымен байланыстыру, ұлттық тіліміздің құндылығын көтерудің маңыздылығы жатқызылып, тәрбиені мәдениет деңгейінде таныту басшылыққа алынады екен. Олай болса, Шерхан Мұртаза тәлімдік көзқарастарының мазмұнын шығармашылығы негізінде түйіндеуге ұмтылдық. Жазушының негізгі тақырыптары:

- Туған елі мен жерін сүю;
- Заман шындығы;
- Өмір мен оған деген құштарлық;
- Батырлықты, туған елі үшін басын қатерге тіккен тұлғалар ерлігін дәріптеу;
- Ана тіл, ұлттық құндылықтарымыз, қазақи болмысты сақтап, ерекше құрметтеу, сақтауға шақыру;
- Адамгершілікті насихаттау;
- Ұлттық калорит пен ұлттық салт-дәстүрлерімізді сақтау.

Болашақ ұрпаққа, жалпы адамзат баласына өмір сырын ұқтыруды өз шығармашылығының басты кредосына айналдырған Шерхан Мұртаза ой-пікірлерінің басты қағидалары:

- Тағдыр соқпақтарындағы өмір қиындықтарымен күресу, ұлтжанды болуды ұрпақ санасына сіңіріп, отансүйгіштік қасиеттерін дамытуға үлгі ету; ету;
- Өскелең ұрпақты рухани қанаттандырып, өмірге бейімдеуде ізгілік, адамгершілік идеяларының ерекше басымдыққа ие екендігі;
- Ұлттың біртуар тарихи тұлғаларының өнегелі ғұмырын жүйелі насихатталуы;
- Адамның тұлғалық шыңдалуы мен кісілік болмысының қалыптасуында өнер мен әдебиеттің ерекше ықпалын басшылыққа алу;
- Бұқаралық ақпарат құралдарының ұрпақ тәрбиесіндегі рөлін арттыру;
- Достыққа адал болу, өмірді сүйуге, өмірлік өкініштерден сабақ алып отыруға шақыру, т.б.

Шерхан Мұртаза шығармашылығындағы педагогикалық идеяларды қарастыра отырып, жазушының педагогикамен айналыспағандығын байқадық, дегенмен, жазушылық, қайраткерлік бейнесі адами абзал қасиеттерден өріліп, адамгершілік кеңістігінде тоғысады. Шығармашылық иелерене тән адами қасиеттер ретінде Шерхан Мұртаза да өмірге ерекше құштар, «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» деген ұлы Абайдың ұлағатын өмірлік ұстанымына айналдырып, дүниетанымына негіз етіп алған. Қайсыбір шығармасы, публицистикалық, драмалық туындылары немесе журналистік жазбаларында болмасын жазушы оқырманды жақсылыққа үндеп, өмір сабақтарын ұғындырып отырады.

Жазушы-қайраткер Шерхан Мұртаза шығармашылығындағы тәлім-тәрбиелік идеялардың мазмұны жалпы адамзаттық құндылық идеяларын басшылыққа алып, адамгершілікке негізделген іс-әрекетін мәдениет шеңберіндегі байланыста танытатын ұлттың ұрпағын тәрбиелеу болып табылады.

Шерхан Мұртаза шығармалары бастауынан тұнған нәркес бұлақ суындай. Мейірінді қандырады, жігерінді жанып, жасампаз істерге жетелейді, жан дүниенді алай-дүлей қозғап, тыныштығыңды алады; тағылым алар нәрселер көп. Қазағыңның неше ғасырлық тарихы мен тұрмысына, даналығы мен қайсарлығына, тұрмыс-салтына тәнті етіп, тоғышарлық пен кембағалдыққа, тіпті, бүгінгі егемендігін алған ел ішіндегі әлеуетсіз құлыққа қарсы күресуге шақырады. Шерағаңның әр шығармасы қазағына шаңқай шаң түсте ұйықтама, ояу бол дейді. Мәселен, «Тәуелсіздік толғамдары» (6-том) бөлімінде Мөңке бидің айтқан сөзін келтіреді. Онысы «Абайлаңыздар» айдарымен берілген. Болашақ туралы Мөңке би баяғыда-ақ айтып кетті:

Құралмалы-жалғалмалы үйің болады,
Аумалы-төкпелі биің болады,
Халыққа бір тиын пайдасы жоқ,
Күнде бас қосқан жиын болады, -деп.

Тіл туралы соңғы он жылдан бері сан-сапалақ жиын өтті. Қаншама заң шықты, қаншама қаулы шықты. Пайдасы шамалы. Біздің осы жиынымыз да сондай болмаса екен деп тілеймін. Мен осы жиыннан үміт күтемін. Тағы да Мөңке би айтты:

Ішегіне шынашақ айналмайтын,
Ежірей деген ұлың болады.
Ақыл айтсаң ауырып қалатын,
Кежірей деген қызың болады.
Алдыңнан кес-кестеп өтетін,
Кекірей деген келінің болады.
Ішкенің сары су болады,
Итке берсең ішпейді,
Бірақ адамдар оған құмар болады.
Домалақ-домалақ түймедей дәрің болады,
Жастары тіліңді алмайтын кәрің болады,
Жағаңнан ала түсетін інің болады,
Ала-шұбар тілің болады,
Дұдамалдау дінің болады.

Нострадамустың бір айтқаны келсе, бір айтқаны келмейді. Ал, баяғы Мөңке бидің айтқанының бәрі келіп тұр.

Ала-шұбар тілден арыла алмадық. Дұдамалдау дін деген қаптап кетті.

Мұның бәрінің себебі: ұлттық рухтың азғандығынан. Рух азса, намыс тозады. Жүз жылдық құлдық дәуірді бастан кешкен халық-халық, бірақ біртұтас ұлттық дәрежеге жеткен жоқ. Құйтырқы сайқал саясат біртұтас ұлтты ірітті.

Ұлт басын біріктіретін ұлыстар атылып кетті. Қалғандары құлақ кесті құл болды. Күнкөріс үшін жапшай орысшаға көшті....[1, 45 б.].

Міне, Шерхан Мұртаза бұдан ширек ғасыр бұрын қазағының ұлт ретінде жойылып кетпеуін, тіліміздің таңдай қаға кез келген трибунада, шет жерлерде сөйленуін, Конституцияға өзгеріс енгізіп, қазақ тілі дамуының ауыр жолын жеңілдетуін, мемлекет басшыларының, әсіресе, қазақтардың қазақшасын қатаң қадағалау, ұлттық сананы оятып, намыс пен рухтың тірілуін Мәжіліс депутаты қызметінде де, жазушылық еңбегінде де қайтпай күресумен болды.

Шерхан Мұртазаның Рысқұл мен Тұрар жайындағы шығармалары арқылы қазақ ұлтының биіктігін танытады. Бұған Бауыржан Момышұлы мен Шерхан Мұртазаны қосыңыз. Бір-біріне ұқсас, қазағы үшін отқа да түскен, суға да түскен қымбат бейнелер.

Егер Шерхан Мұртаза Тұрар Рысқұлов жайында жазбаса, XIX ғасырдың соңы, XX ғасырдың орта тұсындағы қазақтардың өмір жолын барынша көре білер ме едік, әрине, өзге жазушылардың да шығармаларында бар ғой, десе де... Әкесі Рысқұлдың, баласы Тұрардың өмір жолын айта отырып, патшалық Ресейдің сонау I Петрден бастап қазақ даласына шиті мылтығымен көпестерін, ғалымдарын, каторжниктерін жіберу арқылы аяңдап жаулай бастағаны, руды руға айдап салу арқылы жерді иемденіп алғанын, қарапайым қалың қазақты салықтар арқылы діңкелетіп, итжеккенге-сібірге айдауын және т.б. дан-жақты білесің. Өткеннен тағылым алу – адамзат баласына үлкен міндет. Ендеше осы міндетті Шерхан Мұртаза жоғары дәрежеде орындап шыққан.

«Педагогика» атты оқулықта: «Әрбір ұлттың бала тәрбие қылу туралы ескіден келе жатқан жеке-жеке жолы бар. Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтақ жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиіс» [2, 8 б.], - десе, Ж.Аймауытов «Тәрбие» атты мақаласында тәрбие ғылымын зерттеу қажеттігін «Бұл күнге дейін тәрбие ғылымы – кейінгі басқышта жүрген ғылым» [3, 61 б.], - деп түйеді.

Отандық педагогика ғылымында өзіндік мектеп қалыптастырған Т.Тәжібаев «халықтық педагогика» терминін ғылыми айналымға алғаш енгізе отырып, халықтық әдеби үлгілерін оқыту арқылы ұлттық тәрбие берудің артықшылықтарын атап көрсетеді.

Ұлт тәрбиесі - баланың бойына ана сүтімен берілетін дара қасиет. Кез-келген ұлт өз баласын, болашақ ұрпағын тек жақсы қасиеттерге баулып, жамандықтан жирендіріп, жақсылыққа жетелеп тәрбиелері анық. Тәрбие берудің де жолдары әр ұлттың өзіндік қырымен ерекшеленері даусыз. Соның ішінде, біздің қазақ халқы бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп, ұлт болашағымен байланыстырған. Сол себепті де бала дүниеге келген күннен бастап, оған жасалған әрбір ізет тек тәрбиелеу сипатына бөленген. Ұрпақ тәрбиесіне айрықша мән берген ата-бабамыз асыл сөздің кестесімен сәби жүрегін тербеп, ой-санасын игі адамгершілікке жетелей білген дана халық. Сондықтан, кең байтақ ата жұрттан ертеден жас буынға жалғасып келген ар-ұят сақтау, мейірімді, шарапатты болу салтанатын ұғындыра білген. Адамдар өздерінің арасында тату, кішіпейілдік, т.б. қамтитын ізгілікті қатынастарға тәрбиеленудің жөн екендігіне ежелден-ақ ден қойған.

Қазіргі кезде ата-бабамыздың бойымызға сіңірген ұлттық тәрбиесіне өз деңгейінде көңіл бөлінбейді деп айтуға болады. Оған бір жағынан, бүгінгі таңдағы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың даму ықпалының жастарға әсерін ескерсек, екінші жағынан, саяси ықпалдың жастар тәрбиесіне дұрыс ден қоя білмеуі тұрғысынан қарастыруға болады. Кеңес үкіметі күйрегеннен кейін ұзақ жылдар енгізген тәрбие негізін құрту мақсатында шетелдік идеология өз миссиясын жүргізуге кірісті.

Ал енді, өзінің үрдісінен, ата-дәстүрінен жеріп, «демократия» деп, ұл-қыздардың өктем, өрескел сөйлеуі, ашық-шашық киінуі, келіссіз боянуы, ішімдікпен, шылыммен, есірткімен әуестенуі - демократияның бізге әкелген жағымсыз жақтары екені баршаға мәлім. Қазір демократия деп, теледидар, ақпарат құралдары арқылы ұлттық дәстүрімізді бұзатын қолайсыз хабарлар көп таралуда. Осы себепті де, жастарымыз алды-артын бажайлап, ақылмен ойлап, өзінің ұлттық негізгі салтына сәйкес салмақтап, дұрысын бойына дарытып, байсалды, байыпты болғаны жөн. Өйткені, көп ұлтты еліміздегі қазақтар үшін, демократияның маңызды өлшемі - ұлттық құндылықтар екені сөзсіз.

Филология ғылымдарының кандидаты, педагог-ұстаз Ж.Сейсенбаеваның пікірінше, «ұлттық тәрбие – тұлғаның тілін құрметтеуге, дінін қастерлеуге, ділін қалыптастыруға, әдет-ғұрып, салт-дәстүрге бейімдеуге ұлттық құндылық қасиеттерін үйренуге, бүгінгі күн талабындағы жетістіктерді нақты жағдайда пайдалануға үйрететін теориялық сипаттағы ғылым» [4, 38 б.], - екен. Сондықтан да, ұлтымыздың тарихи дамуында жинақталған тәлім-тәрбие жөніндегі іліммен қатар, Шерхан Мұртаза секілді ұлы тұлғалардың ұлттық негізбен суарылған көркем туындыларындағы педагогикалық идеяларды жоғары оқу орындарының білім мазмұнына енгізу қажеттігі айқындала түседі. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңының 8-бабының 1-тармағында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті

жағдайлар жасау» [4, 336 б.] , - делінсе, осы баптың 5-тармағында: «Әлемдік және отандық мәдениеттің жетістіктеріне баурау, қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу, мемлекеттік тілді... меңгеру» , – деп орынды көрсетілген.

Ұлы Абайдың: «Ғылым, білімді әуел бастан бала өзі ізденіп таппайды. Басында зорлықпен яки алдаумен үйір қылу керек, үйрене келе өзі іздегендей болады. Қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпен ел көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады. Сонан соң ғана алла тағаланы танымақтық, өзін танымақтық, дүниені танымақтық, өзі адамдығын... білсе деп үміт қылмаққа болады» [5, 78 б.], - деген пікірі жастарға тәлім-тәрбие беру жолындағы білім саясатының кейбір бағыт-бағдарын көрсетеді.

Ш.Мұртаза шығармашылығындағы тәлім-тәрбиелік идеяларды жүйелей талдау және оқыту жолдарын сипаттау мақсатында жанрлық ерекшеліктерді негізге алдық.

Шерхан Мұртазаның халқымызға сіңірген еңбегі өте көп. Әсіресе, қайраткерлік тұлғасы мен ұлт үшін өз басын қандай қатерге де тіккен тәуекелшілдігі мен намысшылдығы – бүгінгі ұрпақтың тағылым алар мектебі екені даусыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Философиялық сөздік. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1996. – 525 б.
- 2.Аймауытов Ж. Шығармалар жинағы// 5 том//.-Алматы: Ғылым, 1996.- 512 б.
- 3.Сейсенбаева Ж. Ұлттық тәрбиенің ғылыми негізі. – Алматы, 2012. – 187б.
4. ҚР білім туралы заңы // <http://adilet.zan.kz>
- 5.Абайдың дүниетанымы мен философиясы. Жауапты редактор Ә.Нысанбаев. – Алматы: Ғылым, 1995. – 114 б.

ӘОЖ 811.512.122.

ТҮР-ТҮС АТАУЛАРЫНЫҢ СИМВОЛИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

АСЫЛБЕКОВА Н.Ө.

М.Х.Дуллати атындағы Тараз өңірлік университетінің доценті, ф.ғ.к.,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ТІЛЕКТЕС Ш.С.

М.Х.Дуллати атындағы Тараз өңірлік университеті, қазақ тілі және әдебиеті
мұғалімдерін даярлау мамандығының 4 курс студенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье особое значение придается символическому значению цветowych имен в мировой лингвистике.

Summary. The article attaches special importance to the symbolic meaning of color names in world linguistics.

Бүгінгі таңда әлемдік лингвистикада түр-түс атауларының зерттелуіне айрықша мән беріліп келеді. Бұның себептері көп: ең алдымен, атап айтар болсақ, көптеген ғалымдар түр-түс атауларын бірыңғай психологиямен байланыстырады. Өйткені психологтар табиғатта түр-түс толқындары болады, түр-түс дегеніміздің өзі адамның миы мен көзінің жемісі, бұл нервке қатысты деп есептейді.

Физика саласындағы ғалымдарды түр-түстің энергетикалық табиғаты қызықтырады, физиологтар болса, адам көзінің түр-түсті қабылдау үдерісін зерттейді, психологтар түр-түс адамның психологиясына қалай әсер етеді, қандай эмоция туғызады деген мәселелерді қарастырады, гуманитарлық салаларда (көркем әдебиет пен көркем өнерде) түр-түстің эстетикалық қызметіне көңіл бөлінеді.

Ал лингвистикада, оның ішінде, әсіресе, когнитивтік лингвистика саласында түр-түс атауларын сол тілді иеленушілердің әлем бейнесі тұрғысында жинақтаған өмірлік тәжірибесін, рухани болмысындағы ерекшеліктерді танытатын тілдік дереккөздер ретінде қарастыру қарқынды жүре бастады. Лингвистикада түр-түс атаулары американдық ғалымдар Л.Уорф, Э.Сепир еңбектерінде, көптеген жекелеген тіл білімдерінде түр-түс атауларының концептуалдық, символикалық т.б. сипаттары туралы зерттеулердің туындауына түрткі болды. Мысалы, қазақ тіл

білімінде түр-түс атауларын Н.Н. Аитованың [1], Ш.Қ. Жарқынбекованың зерттеулерін [2] атауға болады.

Жалпы тілді ұлттың таным-түсінігі, сана құрылымы, ойлау механизмі туралы мәліметтердің көзі ретінде қарастыру тілді белгілі бір ұлттың рухани-мәдени коды ретінде танытуға бағытталатын В.фон Гумбольдт концепцияларымен іліктес жатыр деп ойлаймыз [3, 138 б.].

Түр-түс атаулары, түр-түс символикасы – әрбір халықтың өзіндік феноменін танытатын күрделі құбылыс. Осыған байланысты қазіргі кезде жедел даму үстіндегі тілдердің қолданылуының когнитивті және прагматикалық аспектілерінің зерттелуінің аясында түр-түс атаулары да жиі қарастырылып келеді. Өйткені түр-түс атауларының лингвистикасы «тіл және ойлау», «тіл және қоғам», «әлемнің тілдік бейнесі» сияқты іргелі мәселелердің жаңа қырларын таныта алады. Сонымен қатар түр-түс атаулары мәдениетаралық коммуникацияда да ерекше маңызға ие. Түр-түс атаулары этномәдени жағынан барынша байлаулы (маркерлі). Түр-түс атаулары – мәдениеттің жемісі, әрі мәдениетті жасайтын фактор; ұлттық мәдениетті танып-білудің негізгі құралы. Зерттеушілердің бұл салаға қызығушылықпен қарауының басты себебі осында.

Сондықтан тілші-ғалымдар түр-түс атауларының барлық аспектілеріне назар аударып келеді. Ғалымдарды төмендегі мәселелер ойландырады:

- әрбір ұлтқа тән маңызды (когнитивті және прагматикалық тұрғыдан) түр-түс атауларын ажырату;
- түр-түс атауларына лингвистикалық парадигма ретінде қарап, зерттеу;
- түр-түсті қабылдау мен оны атаудың универсалиялары;
- лексикалық-семантикалық ақпарат беретін компоненттерді зерделеу;
- түр-түс атауларының семантикалық өрісінің корреляциясын анықтау;
- түр-түс атауларын метатіл ретінде зерттеу;
- әрбір халықтың түр-түс атауларының лингвомәдени ерекшеліктерін салыстырып, кешенді түрде сипаттау және т.б.

Осы аталғандардың ішінде бірнеше аспект айрықша маңызды болып, қазірге дейін, зерттеулердің көп болғандығына қарамастан, қызу пікірталас тудырып отыр. Атап айтқанда, мұндай мәселелердің бірі – әрбір ұлтқа тән маңызды, ұлттық этносимволиканы білдіретін түр-түс атауларын ажырату. Көптеген ғалымдар И.Гётенің жүйесін атап өтеді, ол барлық түр-түс спектрін үш топқа бөлген:

1. Негізгі түстер: сары, көк, қызыл; басқа түстер осы арқылы жасалады.
2. Бірінші дәрежедегі құрамдас түстер – жасыл, қызыл сары (оранжевий), сия көк, бұлар негізгі екі түстің араласуы арқылы жасалады.
3. Екінші дәрежедегі құрамдас түстер – бірінші дәрежедегі түстердің араласуынан пайда болған түстер.

Ал америкалық лингвистер Б.Берлин мен П.Кей пікірі бұл мәселенің анық-қанығын ашып берді деп есептеуге болады. Олар 98 тілдегі түр-түс атауларын зерттеп, жинақтаған материалдың негізінде 11 негізгі түсті көрсетеді: *basic colour terms* – *black* (қара), *white* (ақ), *red* (қызыл), *yellow* (сары), *green* (жасыл), *blue* (көк), *brown* (қоңыр), *purple* (алқызыл), *pink* (қызғылт сары), *orange* (қызылсары), *gray* (сұры) [4].

Яғни, қайсыбір тілде бар болғаны үш ғана түс атауы болатын болса, онда олар – *ақ, қара, қызыл*. Орыс тілші ғалымдарының көпшілігі осы жіктемені мойындайды және орыс тілінде 11 негізгі түс бар деп санайды, олар – ағылшын тіліндегі *blue* дегеннің орыс тілінде екі баламасы бар деп есептейді: *blue* – *көк(синий)* және *көгілдір (голубой)*.

Б.Берлин мен П.Кейдің жіктемесі негізінде ғалымдар барлық тілдердегі дерлік түр-түс атаулары төмендегідей иерархияда орналасады деп есептейді: *black, white* - > *red* - > *{green, yellow}* - > *{blue}* - > *{brown}* } → > *{gray, orange, pink, purple}*. Бірақ орыс ғалымы Р. Фрумкина жоғары аталған жіктемеде түр-түс атауларының 11 болып көрсетілуі шартты түрде деп есептейді, солай бола тұрса да, өзінің негізгі түр-түс жіктемесін ұсынбайды. Р. Фрумкинаның пікірінше, негізгі түр-түс атауларының олардың реңктеріне (мысалы, көк-көкшіл) қарсы қойылуы мәдени-тарихи және психологиялық факт болып табылады, олар психофизиологиялық тұрғыдан қарағанда өзара теңбе-тең. Яғни, психофизиологиялық жақтан түс пен оның реңктеріне бөлу мүмкін емес, бұлайша бөлу әлемнің қарапайым бейнесіне тән. Түр-түс атауларының негізгілерін, маңыздыларын, яғни ұлттық-мәдени ерекшеліктерді белгілей алатындарды ажыратып көрсетуде түр-түс атауының негізгі түбір

болатындығы да айтылады. Бұл пікір бойынша, сұр – негізгі түс; сұрғылт – негізгі түс емес, түстің реңкі. Осыған байланысты орыс тілінде 800-дей атау бар деп айтылады [5].

Ал қазақ тіліне келер болсақ, «Сырға толы түр мен түс» [6] кітабында қазақ тіліндегі түр-түс атауларының саны көрсетілмейді, авторлар түр-түс атауларын біршама санап шығады, бірақ олар толық емес. Бұдан басқа қазақ тіліндегі *құла, шабдар, тарғыл, күрең* деген түстер қазақ ұлты үшін маңызды, бұлардың қазақ халқы үшін этнобасымдығы мен этнорелеванттығы бар. Бұған қазақ көркем әдебиетінің фактілері мен паремология, бастысы, түр-түске қатысты ғылыми зерттеулер айқын дәлел бола алады.

Қазақ тіліндегі этнобасымдық пен этнорелеванттыққа ие түр-түс атауларының талдауына келгенде, А. Тоқтаубайдың ғылыми-зерттеу мақаласының маңызын ерекше көрсетуге болады [7, 15 б.]. Ол: «Қазақта жылқы түстеріне байланысты сөздер өте көп. Қазір біздің картотекамызда жылқы реңіне қатысты 300-ге жуық сөздер бар» деп көрсете келіп, оларды орыс, француз, неміс тілдеріне аударудың мүмкін еместігі туралы айтқан шетел ғалымдарының пікірін келтіреді. Және қазақтың жылқыға байланысты шыққан наным-сенімдерінің ішінде осы түлік түсіне байланысты жора-жосықтарды зерттеудің тұрарлық іс екенін дәйектей отырып, қадірленетін жылқы түсіне келгенде, алғашқы орында қаракөк, одан кейін шұбар (оның ішінде, бозшұбар, көкшұбар, байшұбар), бұлардан кейін тобылғы торы, күрең, жирен т.с.с. ретімен баяндайды. Тіпті «Абайдың әкесі Құнанбай өзінің түп-түқияның «Қаракөктің тұқымымыз деп ажыратқан» деген деректі де келтіріп, қаракөк түсінің қазақ дүниетанымында ерекше қастерленетініне көптеген дәлелдер келтіреді [7, 15 б.].

Парсы тілінде де түрлі тұқымдас жылқы аттарын беру түр-түс негізінде жүзеге асқан. Әр ақынның шығармасында жылқының дәрежесін оның түр-түсіне көңіл бөлгендігі зерттелінеді. Сонымен әр ақын жылқыға ат беру және түр-түспен суреттеуі шеберлікпен бейнеленген.

Бұрынғы кезде түр-түсті тек қана өнер және әдемілікті тануда қолданған болса, бірақ қазіргі таңда түр-түс атауы экономика және өндіріс саласында кең қолданыста. Көптеген поэзиядағы теңеулер мен ойлар түр-түс негізінде туындаған.

Парсы поэзиясындағы түр-түс атаулары негізінен шығарманың мазмұны мен тақырыбына қатысты берілген. Көне парсы қасидаларында, ақындар мереке күндері патша сарайларында болып, көктем және күз мезгілдерін көрсеткен. Бірақ ақындар өз шығармаларында көктем көрінісін өте көп бейнелеген. Ақындардың ойынша «Ертедегі ирандық ақындар шөл және қуаң даланы, көктемді, Каспийдің жап-жасыл айналасын және Мазендаранның түрлі түсті ормандарын өте керемет суреттеген» [8, 23 б.]. Парсы поэзиясында түр-түстер қолданылған, тақырыбы да белгілі болған. Мысалы: ағарған шаш → кәріліктің , қарға→ақ және қара түс, алма→ сары және қызыл, жасмин, лилия және нарцисс гүлі → ақ түс, фиалка→ қара түс, жасыл жер →көк шөп және аспан әлемін бейнелуде түрлі түсті формадағы мата немесе түрлі түсті гауһарлармен салыстырылған. Қызыл, ақ түстер арқылы сүйіктісін бейнелеген және сары, қызыл түстермен ғашығын суреттеген.

Табиғаттың бір тақырыбы түр-түспен ажарланады, түс әрдайым ақындардың көз елегінде елестейді. Түс жайында барлық ақындар ойының оянуы, бір-біріне ұқсамайды. Парсы ақындардың еңбегінде түр-түстер әртүрлі беріледі. Басқа ақындарға қарағанда Фарухи поэзиясында түр-түс атаулары көбірек көрсетілген. Хақани шығармасында жасыл (زیتونی зайтуни-оливковый) және шұбар ала (غیرا ғобайра-шетен жидегі) түс, Низами шығармасында темір түстес түстер кең берілген. Кейбір ақындар шығармасында бір түр-түс атауы әртүрлі мағына берген. Мысалы: ақындар سبز [сәбз] жасыл түсті→خضرا [хәзәра]→زمردگون [зоморродгун] ашық жасыл → زبرجدین [зәбәрджәдин] зеленый с оливковым оттенком→میناگون [минагун] ашық көк деп көрсеткен, бірақ оның бәрі тек жасыл түсті берген. Хафәз өлеңдерінде қызыл және қара түстерді көбірек қолданған. Бұл жағдай ақынның психологиялық ерекшелігіне қатысты берілген. Өйткені әр адам өз өмірінде және әр түрлі дәуірде арнайы түстерден ләззат алған немесе өзін тамаша сезінген.

Соңғы жылдары әлем тілдерінде түр-түс атауларын беретін лексикалық тілдік бірліктер құрамы мен саны жағынан күрт өзгеріске ұшырады. Бұған ағылшын тіліндегі лексикалық модельдердің әсері болып отыр. Ағылшын тілінде, әсіресе, жарнама терминдерін беру кезінде сипаттама түр-түс атаулары жиі қолданылады: олар мәдениетаралық қарым-қатынас бойынша орыс тіліне де өтіп, колоростика терминдерінің қатарын толықтыруда. Орыс тілінде негізгі түр-түс атауларымен қатар объектінің түсін нақтылайтын атаулар (*изумрудный, малиновый, сиреневый*), түстің реңктерін айқын көрсету үшін приставка қосылып жасалған атаулар (*ярко-синий, светло-коричневый, бледно-розовый*) қолданылады.

Эмоциялық реңк үстемеленген атаулар (*вызывающе розовый, темно лиловый, крутой красный*), заттың атауымен тіркескен сөздер (*цвет морской волны, цвет слоновой кости, цвет асфальта, цвет кофе с молоком, пепел розы, пьяная вишня, бежевый иней, мокрый асфальт*), ассоциацияға негізделген атаулар қазір жиі қолданыста. Мәдениеттердің өзара тығыз байланысы нәтижесінде аталған түр-түстер қазақ мәдениетінен де орын алды. Алайда тұрмыстық-әлеуметтік қарым-қатынаста түр-түстердің орысша атаулары қолданылады (*Көйлек сатып алдым. Түсі өте әдемі – цвета морской волны – ауызекі сөйлеу тілі*). Қазақ көркем әдебиетінде жоғарыда аталған түр-түс атауларының қазақша баламалары мүлдем кездеспейді деуге болады, қазақ суреткерлері негізгі түр-түс атауларын пайдаланады. Жазушы Ғ.Мүсірепов ««Кофе с молоком»-дегенді «кофе түстес» деп тілге біртіндеп енгізе беру керек шығар» деп айтқан болатын [9].

Алайда, жоғарыда атап өткеніміздей, қазіргі заманда қазақ тілінде түр-түс атауларын білдіретін лексикалық топтың құрылымы мен құрамы едәуір өзгеріске ұшырады. Бұған әсер етіп отырған жағдайлар: а) экономикалық, әлеуметтік-мәдени байланыстар аясының кеңеюі; ә) жанрдың жеке типі ретінде жарнаманың дамуы; б) әлеуметтік-мәдени байланыстардың негізінде туындаған мәтіндер мен жанрлар типтерінің қазақ тіліне кеңінен аударыла бастауы және осының нәтижесінде өзге тілдердегі түр-түс атауларының қазақша баламаларының ұсынылуы.

Қорытындылай келгенде, соңғы кезеңдерде түр-түс атаулары тақырыбы көптеген зерттеушілердің назарын аударып отыр. Өйткені түр-түс атаулары - әрбір халықтың өз игілігі. В.А.Московичтің көрсетуінше, түр-түс атаулары лейтмотивті сипаттағы, әрбір ұлттың әлемнің бейнесін пайымдауындағы эмоционалды образға ие, сонымен қатар дербес авторлық дүние-танымды көрсететін үлкен категория [10, 84 б.].

Шын мәнінде түр-түс атауларын білдіретін сөздер әр тілде де болсын, күрделі және көп деңгейлі түс символикасын білдіретін ауқымды ақпараттық әлеуетке ие болып табылады. Осыған байланысты бұрын түр-түс атаулары тек лексикология, семасиология саласында тақырыптық топ көлемінде қарастырылып келсе, кейінгі жылдары бұл мәселе тілаларлық коммуникация, концептология, когнитивті және антропоцентрилік лингвистика, психоллингвистика салаларының шеңберінде де кеңінен талдауға түсе бастады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Аитова Н.Н. Қазақ тіліндегі түр-түс атауларының когнитивтік семантикасы: Оқу құралы. – Ақтөбе: Қ. Жұбанов атындағы АқМУ, 2006. – 161 бет.
2. Жарқынбекова Ш. Концепты цвета в казахской и русской культурах. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 226 с.
3. Гумбольдт В. О различении строения человеческих языков и его влияние на духовное развитие человека // В. фон Гумбольдт. Избранные труды по языкознанию. – М.: Прогресс, 2000, – 400 с.
4. Гачичеладзе Г.Р. Художественный перевод и литературные взаимосвязи. - 2-ое издание, – М.: Советский писатель, 1972. – 262 с.
5. Фрумкина Р.М. Цвет, смысл, сходство. – М.: Наука, 1984. – 174 с.
6. Қайдаров Ә., Өмірбеков Б., Ахтамбердиева З. Сырға толы түр мен түс. – Алматы: Қазақстан, 1986. – 95 б.
7. Токтаубай А. Тұлпарлар театры // Егемен Қазақстан газеті, 2003. Тамыз (№ 219-222) .
8. de Fouchecour С.Н. La description de la nature dans la poesie lyrique Persane du XI siecle, librairie e.Klincksieck, Paris, 1969. – 152 p.
9. Мүсірепов Ғ. Түстердің аясы // Қазақ әдебиеті газеті, 1966. - сәуір.
10. Москович В.А. Система цветообозначений в современном английском языке // Вопросы языкознания. – М., 1994. – №6. – С. 84-95.

ӨОЖ 811.512.122.42

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР ҚҰРАМЫНДА САН ЕСІМДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ АСЫЛБЕКОВА Н.Ө.

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің доценті, ф.ғ.к.,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

НУРТАЙ А.Қ.

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Қазақ тілі және әдебиеті

Резюме. В данной статье раскрывается этнолингвистический характер чисел в составе пословиц и поговорок. Кроме того, определяется смысло-содержательное значение чисел в составе пословиц и поговорок на казахском языке.

Summary. This article reveals the ethnolinguistic nature of numbers as part of proverbs and sayings. In addition, the semantic and meaningful meaning of numbers in the composition of proverbs and sayings in the Kazakh language is determined.

Мақал-мәтелдер өзін жасаушы халықпен бірге жасайды, біреулері ескіріп қолданудан шығып, екіншілері жасарып, жаңадан туындап жатады. Халық шығармасының басқа түрлері секілді мақал мен мәтелдерді де әуел баста жеке адамдар шығарады, оны біреуден біреу естіп, жаттап айта жүреді, өңдейді, өзгертеді, сөйтіп олар бірте-бірте жалпы халықтық мұраға айналады. Демек, мақал-мәтелді белгілі бір халықтың өмірде көрген – білгенін жасаған қорытындысы, ақыл-ой түйіні деуге болады. Мақал мен мәтел халықтың өзі жасап алған заңы, өмірде болатын әр түрлі жағдайларды ұғындыратын, түсіндіретін оқу құралы іспетті.

Мақал-мәтелде, көбінесе, ортақ ой, жалпы ереже, анықталған қағидалар айтылады, формасы жағынан тілге жеңіл, құлаққа жағымды дыбысқа, ырғақ-ұйқасқа құрылады, көбінше көркем тілмен-өлеңмен жасалады. Мақал мен мәтелдердің өміршеңдігі – тілінің көркемдігі мен мазмұнының тереңдігінде, аз сөзбен көп мағынаны беретіндігінде, еске сақтауға қолайлылығында. Мақал-мәтел адам тұрмысындағы алуан түрлі уақиғаларды, қарым-қатынастарды қысқа, тұжырымды тілмен түсіндіреді, айтылмас ойды ажарлайды әрі анықтайды. Сондықтан да халық «сөздің көркі – мақал» деп бағалаған. Мақал-мәтел-қос мағыналы шығарма, онда көбінесе тура мағынамен қатар астарлы мағына да болады. Тура мағына мысал ретінде алынады да негізгі ой астарлап айтылады. Мысалы, *Тырнадан қарауыл қойсаң, төбеңнен қиқу кетпес.* Мақал-мәтел, әдетте бүкіл адам баласына ортақ. Сондықтан бір халықтың мақалын екінші халық төл шығармасындай қабылдай береді. Көптеген мақал-мәтелдер көнермей көп жасайды, әлденеше ұрпаққа, қоғамға қызмет етеді. *Малым жаным садағас, жаным арым садағасы; Қоянды қамыс өлтіреді, ерді намыс өлтіреді* дейтін ежелгі халық мақалдары Ұлы Отан соғысы кезінде де ел аузынан түскен жоқ, елдегі ембеккерлерді, майдандағы жауынгерлерді жігерлендіретін құрметті сөзге, ұранға айналды. Мақал-мәтелдердің шығу, даму тарихын қоғам өмірінен, әлуметтік ой-сананың өсуінен бөліп қарауға болмайды. *Таудай талап бергенше, бармақтай бақ берсін; Ісінің ағына қарама, маңдайыңның бағына қара* дейтін мақалдар өткен қоғамның санасын елес берсе, *Талапты ерге нұр жауар; Еңбек етсең емерсің* дейтін мақалдар халық сана сезімінің өскен кезін бейнелейді. Ал, *оқу – өмір шырағы, кітап-білім бұлағы; Отан үшін отқа түс-күймейсің* дейтін мақалдар жаңа заманның, біздің қоғамның ой-санасынан туған.

Мақал-мәтелдер ауыз екі сөзді көркейту үшін ғана емес, көркем шығармаларда да көп қолданылады. Ақын жазушылар шығармаларында халық даналығын пайдаланумен бірге, сол үлгімен өздері де жаңа мақал-мәтелдер жасайды. Ыбырай Алтынсариннің *Аш бала тоқ бала мен ойнамайды, тоқ бала аш баламен ойнамайды* дейтін сөз мақалға айналып кеткені рас. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романындағы *Күйі бірдің күні бір* дейтін сөзін де жаңа мақалға жатқызуға болады.

Мақал-мәтелдер-ертек, аңыз әңгіме, батырлық-ғашықтық жырлар, қара өлеңдер секілді халық шығармаларымен қатар жасап келе жатқан көне жанр. Олай дейтініміз XII- XII ғасырлардан сақталған сирек жазба директерде де мақал-мәтелдерді кездестіруге болады. Орхон жазуларында: *Жырақ болса жаман сыйлық берер, жақын болса жақсы сыйлық берер; Бастыны еңкейткен, тізеліні бүктірген* (Күлтегіннен); *Жұқаны таптау оңай, жіңішкені ұзу оңай; Өлімнен ұят күшті* (Тонькөктен) деген мақал-мәтелдерді оқимыз. Ал М.Қашқаридың «Дивани луғат ат-түрік» сөздігінен: *Ұлық болсаң кішік бол. . .; Тай ат болса – ат тынар, ұл ер болса – ата тынар; Күз болары көктемнен мәлім; Тау тауға қосылмас, адам адаммен әрқашан қосылар; Бейнет түбі-рақат* дейтін мақалдарды [1]; «Құтадғу білік» дастанынан *біліп сөйлесең білікке саналар, білімсіз сөз өз басын жояар; Ауыздан бірде от, бірде су шығар, бірі жанса, бірі сөндіреді; Аққан су ол-жақсы сөз, ол қайда ақса сонда гүл өсер* дейтін мақалдарды оқимыз [2].

«*Көре-көре көсем боласын, сөйлей-сөйлей шешен боласын*», деп еңбектенудің, талаптанудың, үздік әрекеттің арқасында осындай иелікке алға қарай шырқай беруге болатынына жас өспірімдердің сенімін арттырып, өздерін ынталандыра, қызықтыра түседі. Балалардың көңілін серпітіп, қанатына су

бүркіп, эстетикалық идеялын шындап аспандата береді. Оның бәрі халықтың балаға деген ізгі ықыласынан туған асыл мұра.

Халықтық шығармалар ішінде балаларға арнайы айтылған мақал мен мәтелдердің алатын орны да өз алдына ерекше. Бұл барлық айтылған ойдың, насихаттың жиынтығы, қорытындысы ретінде беріледі. Мысалы *Ата балаға сыншы* деген халық мақалы мейлінше дұрыс айтылған пікір. Бұл өмір тәжірибесінен алынған бірден бір даналық сөз.

Бала өсіруде, тәрбиелеуде халық өзінде бар барлық асыл сөз, даналық ойларын балаларға, жеткіншектерге арнады. Өз өмірін ғасырлық тәжірибесінен алынған асыл ойларын мақал-мәтел етіп, үлгі өнеге ретінде өмірінің жалғасы болатын баласына, немересіне қалдырып отырған. *Бала-бауыр еті, көздің нұры* деп босқа айтпаған. Кім болса да өз баласын білімді, өнегелі халық азаматы болып өссе екен деп арман еткен. Сол арманын іске асыру үшін қолда бар барлық мүмкіншілігін бала болашағының игілігінен аямайды. *Оқу білім-өмір шырағы* деген нақыл сөздерді әрқашан құлағына құйып отырған.

«Оқу білім азығы, білім-ырыс қазығы» деп өз болашағының ырысты болуы да сол білімділіктен туатынын айтады. «Ақыл-тозбайтын тон, білім таусылмайтын кен» деп оның болашағы да соншалық босымды, мығым болатынын сан рет ескертеді.

Бірақ мұның өзі еңбексіз, әрекетсіз тектен-тек қолға түсе қылатын оңай олжа емес. Асуы қиын бел-белес, ұшы қиыры көрінбейтін құба жон екенін де ашық айтқан. Қажымай қайрат көрсету арқылы ғана оның үлесіне жетуге болатынын ескертеді.

«Білім қымбат, білу қиын» деген мақал осыдан алынып, жасөспірімдерге әдейі айтылған.

Өз білмегеніңді кісіден сұра, үлкен жоқ болса кішіден сұра, қалайда соның уәдесіне жет, шыңына көтеріл дегенді насихат етеді. Егер білім алу жолындағы қиыншылыққа төзбесең, еңбектенбесең қатарыңнан қалып қойсаң, өкінішті боласың.

Өкініш естен кетпейді, бір тойғаның түске жетпейді, Өнерлі жігіт өрге жүзер, өнерсіз жігіт жер соғар деп жастардың намысына тие, ойына қозғау сала айтатын жақтары да халық мақалдарынан көп кездеседі.

Адам болар баланың кісіменен ісі бар,

Адам болмас баланың кісіменен несі бар - деп баланың психологиялық оқу процесіне зер салып, дұрыс бағытқа жөн сілтеп отырған. Адам болатын баланың талабы, ынтасы жас кезінен танылады. Көпшілікке, оның игілікті жақсы жақтарына үйір бола бастайды. Ақыл, парасатқа бой ұрып, игі жұмысқа тез үйренеді.

Мақал мен мәтел – егіз жанр, туыс жанр. Дегенмен мағынасына, құрылысына, атқаратын қызыметіне қарағанда өзіндік айырмашылықтары бар. Мақал аяқталған бір тиянақты ойды білдіреді, өз алдына тұрып та дербес мағына береді. Мысалы: *Толмасқа құйма, тоймасқа берме*. Мәтел жеке тұрып тиянақты ойды бере алмайды, тек белгілі бір ойды, пікірді ажарлау, айқындау үшін қолданылады, эпитет, теңеу қызметтерін атқарады. Мысалы: *Ат қойып, айдар тағып, Көргеннен көзі ақы алған* деген мәтелдер тиянақты ойды білдіріп тұрған жоқ.

Фольклорист ғалым М.А.Рыбникова: «Мәтел – бұл сөз оралымы, қалыптасқан сөйлем, пікірдің элементі. Мақал – аяқталған пікір, біткен ой» - деп түйеді [3].

Ауыз әдебиетінде мақал-мәтелдің араласпайтын жанры жоқ. Ертегі, аңыз әңгіме, дастан-жыр, халық өлеңдерінде, тіпті жұмбақтармен тақпақтарда да сөз әрлеу, ойды өткірлеу үшін мақал-мәтелдер дәлел, айшық ретінде қолданылады. Мақал-мәтелдер ауыз әдебиетінің аталған жанырларына материал-кірпіш болып қаланумен бірге, олардан өзі де нәр алады, ойлы, өнегелі сөйлемдер ессінен байып, дамиды. *Қорқыт дегенде өстіп Қорқыт деп не едім* дейтін мәтел «Бөдене мен түлкі» әңгімесімен, *Түйе бойына сеніп жылдан құр қалыпты* дейтін мақал жыл туралы аңызбен байланысты шыққан.

Мақал-мәтел халықтың сан ғасырлық көрген білгенін, бастан кешкен уақиғаларын қорытқан ақыл-ойының жиынтығы, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні.

Әр халықтың мақал мен мәтелі – сол халықтың өзі жасап алған логикалық формуласы, ережесі. Ол кез-келген уақиғаның, мәселенің тұсында еске түседі тілге оралады. Туған елдің қадір-қасиеті туралы: *Ел іші – алтын бесік: Кісі елінде сұлтан болғаниша, өз елінде ұлтан бол* деп екі-үш ауыз сөзбен-ақ Отан қадірін ұғындыруға болады.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде мақал мен мәтелге мынандай түсіндірме берілген: «Мақал – үлгі-өнеге ретінде айтылатын жалпы халықтық нақыл сөз; мақал деп қысқа, образды, ұйқасты, тұжырымды нақыл сөзді айтамыз» [4,102]. «Мәтел – тұжырымды, бейнелі әрі ықшам нақыл сөз» [4,168].

Мақал-мәтелдердің құрамында сан есімдер жиі қолданылады, әсіресе 1 сан есімі көп кездеседі. Мысалы: Бір мылтықтың аузына, Мың кісі сияды, - деген мақалда бір сөзі есептік сан есім, заттың сандық мөлшерін білдіріп тұр, бірақ мылтық біреу болғанымен мың, яғни көп кісіге жарайтындығын, көптік қызмет атқаратындығын көрсетеді.

Мақал-мәтелдердегі кейбір сан есімдерді төмендегіше топтастыруға болады:

Мақал-мәтелдердегі киелі сандар.

Мақал-мәтелдердегі септік, тәуелдік, жіктік жалғауларында тұрған сан есімдер.

Сан есімдердің есептік, реттік, жинақтық түрлеріне негізделген мақал-мәтелдер.

Киелі сандарға 7, 9, 12, 40 сандары және соларға байланысты ырымдар жатады. Бұл сандар қазақ халқында қасиетті киелі сандар деп есептелінген. Бір жетіде 7 күн бар. Орта ғасыр химиктері мен археологтары 7 күнге дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі деп ат берген. Бұл күндер ішінде әр күнге арнайы ырымдар бар. Мысалы, қазақ халқы барлық істерін сәрсенбіден бастайды. Алыс жолға (тағы да басқа шаруаларын істеуге) сәрсенбі күні шығады. Қайтыс болған адамның жетісін беріп, баланың ержетуін жаспен мөлшерлеп «жетіге келгенше жерден таяқ жейсің», «жеті қабат жердің асты» деген. Арабтар арқылы ислам дінінің қазақ даласына енуіне байланысты 9 санын ерекше құрмет тұтқан. Аяғы ауыр әйел нәрестені 9 ай 9 күн көтереді. Тұрмысқа шыққан қызға 9 түрден тұратын бір тоғыз, екі тоғыз, үш тоғыз етіп құдаларға «тоғыз қабат торқа кигізген», «тоғыз жолдың торабына» аса назар аударған. Бір жылда 12 ай бар. Байырғы күнгізбе бойынша 12 жылға арнайы жәндіктер мен хайуанаттардың аты берілген. 12 жыл сайын жылдың атаулары қайталанып отырады. 13 жасқа келген бала бір мүшелге келеді де, әрі қарайғы мүшелі 12 жылдың қосылуы арқылы болып отырады. Мүшелді – қатерлі жыл деп атаған. Су кезегінен қалған, он екі ай аш қалады. Он екіде бір гүлі ашылмаған.

Шындық он екі қабат шынжырды үзеді. Халқымыз 12 санын ерекше қасиет тұтып отырғанын байқауға болады.

Жаңа туған баланы қырқынан шығарады. Туған-туысқандарын, жора-жолдастарын жинап, кішігірім той ретінде өткізеді. Қайтыс болған адамның қыркын береді. Бұлар – ертеден халық арасында кең сақталып келе жатқан дәстүрлер. Жақсы кісі қырық жасында толады, Жаман кісі қырық жасында солады. Мақал-мәтелдерде киелі сандар әртүрлі тұрғыда, көбінесе сан есімнің алты түрінің бірі – есептік сан есім ретінде жиі кездеседі. Есептік сан есімдер неше, қанша деген сұрақтарға жауап беріп, заттың сандық мөлшерін білдіреді. Олар бірлік, ондық, жүздік, мыңдық сандар болып бірнеше жікке бөлінеді. Есептік сан есімдерде -ау, -еу жұрнақтарының жалғануы арқылы жинақтық сан есімдер жасалады. Мысалы: Айла – алтау, ақыл – жетеу. Адам баласы қанша жерден айлалы болса да, ақылды болудың басымдылық жасайтынына көңіл бөлдіртіп, ақылды болуға шақырады. Бұның тәрбиелік мәнінің зор екендігі аңғарылады.

Бас екеу болмай,

Мал екеу болмайды.

Ажал ақымақ үшін алтау,

Ақылды үшін біреу.

Алтауың деме, жетеуге жолығасың,

Жетеуің деме, сегізге жолығасың, - деп ақылдандырады.

Алтау ала болса ауыздағы кетеді,

Төртеу түгел болса төбедегі келеді, - деп ауызбіршілікке шақырады.

Төмендегі мақал-мәтелдердегі бір саны сандық мәнін жоғалтып, белгісіз есімдік (біреу) ретінде қолданылып тұр.

Біреудің бойы аласа,

Біреудің ойы аласа.

Біреуге мал қайғы,

Біреуге жан қайғы.

Біреу тойып секіреді,

Біреу тоңып секіреді.

Біреуге пышақ оқтама,

Қара пышақ қарыс ұзарады, - деп болатын әртүрлі жамандықтардан, қауіп-қатерден сақ болу керек екендігін ескертеді. Бұндай ақыл-кеңестер есте сақталып қалады, балаларды тәрбиелеуге септігі тиеді.

Есептік сан есім тұрғысындағы киелі сандарға байланысты мақал-мәтелдер: Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл. Жақсыны жеті жыл жетелесең, адам болады, Жаманды жеті жыл жетелесең, надан болады. Жеті рет өлшеп, бір рет кес. Асықпа, ойланып істе, бірнеше рет өлшеп,

әбден дұрыстығына көзің жеткенде ғана әрекет жаса деген мағынада. Жеті атасын білмеген – жетімдіктің белгісі. Өзіңнің жаратылысыңды біл, егер сен жеті атаңның кімнен басталып, кіммен аяқталатынын білмесең, онда сен нағыз жетімсің деп түсіндіреді. Әдет-ғұрып, салт-дәстүрді білуге үйретеді. Тойған жерге тоғыз кел. Тоғыз әйелдің толғағы бір келеді. Тоғыз тоңқылдақ, бір шіңкілдек. Білгенің бір тоғыз, Білмегенің тоқсан тоғыз. Сенің білгеніңнен де білмегенің көп, сондықтан ізден, талаптан, білмегендеріңді білуге тырыс деп жол нұсқайды.

Он екі мүшең сау болса,

Жаралымын деме,

Он саусағың сау болса,

Дәулет емей немене, - деп барлық жақсылыққа, үлкен жетістіктерге, байлыққа, биік шыңдарға тек қана денсаулықтың, адал еңбек етудің арқасында ғана жетесің. Мұнда денсаулықты күту, еңбек ету, шаршамау, талмау, іздену керектігі айтылады.

Лиро – эпостарда 12 киелі санына байланысты кездесетін жолдар:

Үлкендігі басының

Он екі қарыс қазандай (Қамбар батыр).

Орай да орай оқ атқан,

Он екі тұтам жай тартқан!(Қобыланды батыр).

Он екі айдың жартысы жаз болады,

Жаз белгісі үйрек пен қаз болады. (Қозы Көрпеш – Баян сұлу).

Сондай-ақ, 12 санына байланысты: «он екі мүшең сау болсын», «Он екіде бір нұсқасы жоқ», «он екіде бір гүлі ашылмаған» деген де сөз бар.

Реттік сан есімдер заттардың саналу ретін білдіріп, нешінші, қаншасыншы деген сұрақтарға жауап береді де, - ыншы, - інші, жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады:

Бірінші байлық – денсаулық,

Екінші байлық – ақ жаулық,

Үшінші байлық – он саулық.

Қашан да адам баласы үшін денсаулық – байлықтың ең негізгісі екенін, денсаулықсыз ешқандай ісіміздің алға баспайтынын айтса, үйдің ішіндегі құт-береке әйелге байланысты болатындығына мән бере келе, қойды төрт түліктің алды деп санғандығын көрсетеді.

Еңбек – адамның екінші анасы. «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей», - деп Абай атамыз айтқандай, еңбек етуге баулиды, еңбекті екінші анаға теңейді.

Мақал-мәтелдердегі сан есімдер жалғаудың түрлерін (септік, жіктік, тәуелдік) қабылдайды:

Қырықтан артық жас жоқ,

Қымыздан артық ас жоқ.

Елу – ердің жасы,

Алпыста ел ағасы, - дейді халық. Елу-алпыста ақыл тоқтатып, еліңнің, халқыңның қамын, жағдайын, болашағын ойлайтын уақытың, шынығып, қайрат-күшіңнің шыңдалатыны уақыты. Ата-бабамыз көшіп-қонып жүрген, сол көшпенділіктің өзі қазақ халқын шыңдаған, күш-қуатын жетілдіре түскен.

Отызында орда бұзбасаң,

Қырқында қыр аспассың.

Қырықта – қылаң, елуде – елес.

Мыңның түсін білгенше,

Бірдің атын біл.

Бір ақымақтан – мыңға зиян,

Мың ақымақтан – он мыңға.

Бірдің кесірі мыңға,

Мыңның кесірі түменге.

Бір жаман адамның кесірі мың адамға тиеді, мың адамды бүлдіреді деген ойдың мәнісі осында.

Тоқсанымыз жиылып,

Тоқты жыққан батырмыз.

Сексеніміз жиылып,

Серке жыққан батырмыз.

Сегізбін деме, – тоғызға жолығарсың,

Тоғызбын деме – доңызға жолығарсың, - дейді.

Күйеу жүз жылдық,

Құда мың жылдық [5].

Қазақ халқы ағайын, туған-туысқанын сыйлап, дәріптеп келген. Құда-жекжаттың, күйеу, жиен, нағашылардың алатын орындары ерекше. Бұл мақал арқылы үрім-бұтақтың, құда-жекжаттың бір-бірімен тығыз байланысты болып, бірін-бірі сыйлап өткендігін көрсетеді. Халық даналығы мақал-мәтелдердің қоғам дамуымен ілесіп, тіліміздің сөздік қорын толықтыратын «өрнекті сөздер – ортақ қазынамыз» бола бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2006. – 336.
2. Баласағұн Ж. Құтты білік. – Алматы: Жазушы. 1986. – 358 б.
3. Рыбникова М.А. Русские пословицы и поговорки. – Москва, 1961.
4. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1983. – 672 б.
5. Қазақ мақал-мәтелдері. Құрастырған: Ж.Дәуренбеков. – Алматы: 2001.

ӘОЖ 81'37.881

КӘСІБИ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІНІҢ ҚОЛДАНУ АЯСЫ

АСЫЛБЕКОВА Н.Ө.

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің доценті, ф.ғ.к.,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

АСИЛДИН Ә.Е.

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Қазақ тілі және әдебиеті
педагогтарын даярлау мамандығының 2 курс магистранты,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматриваются лексические особенности профессиональной речевой культуры и способы общения как составная часть разговорной речи.

Summary. The article discusses the lexical features of professional speech culture and ways of communication as an integral part of colloquial speech.

Сөйлеу мәдениеті дегеніміз – ең алдымен, ауызша және жазбаша әдеби тіл өлшемдерін, яғни айтылу ережелерін, екпін, сөз саптау, грамматикалық және стильдік ерекшеліктерін, сонымен қатар тілдің барлық мәнерлі амал-тәсілдерін айтылған ойдың мазмұнына сай қарым-қатынас процесі барысында қолдана алу әрекеті. Тіл білімінің мамандары сөйлеу мәдениетінің негізгі критерийлері ретінде нақтылық, жүйелілік, айқындылық, туралық, тіл тазалығы сияқты нормативті белгілері анықтауда. Яғни, логикалық үйлесімділік, тіл табайлығы, грамматикалық конструкциялардың алуандылығы, көркем әдеби мәнерлілік сияқты сөйлеу шебершілігіне тән бірліктерді сөйлеу әрекеттерінде үйлестіру коммуниканттардың алдыларына қойған коммуникативтік мақсаттарға жетуінде орасан зор нәтижелер береді.

Д.Әлкебаева өз зерттеуінде былай дейді: «Сөйлеу мәдениеті – көп мағыналы ұғымдардың бірі. Сөйлеу мәдениетінің ең негізгі міндеттерінің бірі – әдеби тіл ережелері мен өлшемдерін қорғау, этикалық нормаларды ұстану, белгілі бір сөйлеу түріне байланысты тілдік амалдарды таңдау т.б. Кәсіби сөйлеу жағдайындағы экологиялық проблемалар бүгінгі күнгі өзекті мәселелердің бірі – стилистикалық тұрғыдан төмендетілген жаргондарды қолдану, қарым-қатынас барысында мәнерлі әдіс-тәсілдерді қолданбай сөздік қорды тарылту, жалпы, тілдік нормаларды бұзу. Кез-келге тілде өтетін қарым-қатынас процесі, демек, коммуникация дегеніміз – байланыс түрі, екі не одан да көп тұлғалардың өзара түсінуіне негізделген қатынас формасы» [1, 78 б].

Жалпы сөйлеу мәдениетін халықтың жан дүниесімен, ой-санасымен, тарихы мен мәдениетімен тығыз байланыста қарау В.Фон Гумбольдт, И.Гердер, Г.Пауль, В.Вундт, Г.Штейнталь, Э.Сепир, Б.Уорф, А.Потебня т.б. ғалымдардың есімдерімен байланыстырылады. Қазақ зиялылары А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Балақаев, К.Аханов, Т.Қордабаев, Ы.Маманов, Н.Уәлиев, Р.Сыздықова, А.Жапбаров, Ә.Болғанбаев, С.Исаев, А.Ысқақов, Р.Әміров, Қ.Жұбанов т.б. ғалымдар еңбектерінде «тіл» ұғымының сан қырлы жағына тоқталады. Сөйлеу табиғатының қыр-сырына терең жан-жақты үңілу – ғалым А.Байтұрсынұлынан бастау алып, Қ.Жұбанов зерттеулерімен өз жалғасын тапқан.

Ал, «Мәдениет» деген түсінікке тоқталатын болсақ, мәдениет – деген ұғымға беті-қолын жуғаннан бастап, адамзат ақыл-ойының қазіргі жеткен ең соңғы биігіне дейінгі барлық ұғым енеді [1, 98 б], - деп М.И.Калинин атап көрсетеді. «Мәдениет, оқу-ағарту, ғылым, өнер т.б. рухани өмір табыстарының жиынтығы», - дейді тілші-ғалым М.Балақаев өзінің «Қазақ тілінің мәдениеті» атты еңбегінде. Сондай-ақ М.Балақаев, Т.Қоңыратбаев, С.Қирабаев, Ш.Беркімбаева, Н.Уәлиев тағы да басқа ғалымдардың зерттеулерін негізге ала отырып, сөйлеу мәдениеті жөнінде сөз өрбітсек. Сөз әдебі – тіл біліміндегі аса ауқымды, кең көлемді мәселелердің бірі. Сөйлеу мәдениеті қоғамдағы жүріс-тұрыс мәдениетінің ең негізгі құрамды бөлігі, ал жүріс-тұрыс мәдениеті – адамның күнделікті өмірде байқалатын мінез-құлық түрлерінің жинағы, адамдарды құрметтеу, сыпайылық, әдептілік, өнегелік, өзгенің уақытын үнемдеу, т.б. әрекеттерді қамтиды.

Сөйлеу мәдениетінің құпияларын түйсіну, игеру ісі өте маңызды және ерекше құбылыс. Қарым-қатынас орнату өнері тек тіл қату немесе әңгімелесу ғана емес, одан да мәнді және маңызды жақтары бар үлкен әлем. Ол адамның жан дүниесін ашу, түсіну өнері. Ізетті де сыпайы қатынастар көңілді марқайтып, жүректе жылы нұр қалдырады. Осындай ғажап әсердің болуы және жақсы пікірдің қалыптасуына үлкенді құрметтеп, қадір тұту, екі жақты сыйласа білу сияқты жүріс-тұрыс ережелерінің негізгі қағидалары орасан ықпал етеді. Ілтипатты қарым-қатынасты халқымыз ерекше бағалап, «Әдептің басы – тіл», «Сыйластық екі жаққа бірдей», «Сыпайылық жоқ жерде сыйласу да жоқ», «Әдептілік – әдемілік, әдеп сөзден білінеді», «Әдептің не екенін әдепсіз адамды көргенде ұғарсың», және т.б. нақыл сөздерді кейінгі ұрапақтарға қалдырған. Осы тектес мақал-мәтелдер дархан халқымыздың әр уақытында да құрметтеген, сыпайы да кішіпейіл адамдарды үлгі өнеге ете білгендігін, жас ұрпақтың тәлімді әрі тәрбиелі болып өсуін мақсат еткендігін айқындайды. Бұл жайттардың бәрі қарым-қатынас әрекетінде толығымен байқалған. Өз кезегінде коммуникативтік акт дегеніміз – белгілі-бір ойды баяндау және хабар алмасу, оған кем дегенде екі адам, демек, хабарлаушы мен қабылдаушы қатысады. Лингвистикалық атаулардың сөздігіне хабар берушіні трансмиссор, хабар қабылдаушыны – реципиент, сол сияқты хабарды жіберушіні – адресант, эксперимент, тыңдаушы деп те атайды.

Қарым-қатынастың мақсаты мен өтіп отырған орнына, коммуникаттардың саны мен позицияларына байланысты қатынастың бірнеше түрін білуге болады: коммуниканттардың уақыт пен кеңістігі орнына байланысты жанасқан – аралық қатынастар. Жанасқан қатынаста әңгімелесушілер бір-біріне жақын орналасқан, сондықтан ым мен дауыс ырғағы үлкен рөл атқарады. Бұл жағдайда сөйлеушінің сөзі басынан бастап түсінікті, көбіне көз әлпеті, сөз тізбегіндегі екпін мен дауыс ырғағы маңыздылардың бірі деп саналады.

Ал аралық қатынаста коммуниканттар уақыт пен кеңістік өлшемдері бойынша алшақ орналасқандықтан, оған телефонмен сөйлесу, хат-хабар алысу жатады. Кез-келген жанама «аппараттың» болуы, болмауына байланысты тіке, тура-жанама қатынас түрлері бар. Тура қатынас түріне әңгімелесу, сөйлесу, баяндама жасау жатса, ал жанама түрге – телефонмен сұхбаттасу, хат алысу, хабарды радио, теледидар және кітап арқылы беру жатады. Коммуникативтік акт тілдің формасы тұрғысынан ауызша-жазбаша деп бөлінеді. Ауызша қатынас жанасқан, тура қарым-қатынаспен байланысты, ал жазбаша формасы дистантты, жанама қатынаспен ұқсас. Жазбаша мәтін ой жүгіртіп байқауды талап етеді, лексика мен грамматика ережелеріне бағынышты. Ауызша айтылған хабар айналадағы орта мен жағдайға байланысты, ым мен дауыс ырғағын «қағып алумен» әлденеді, кей жағдайда ой толық айтылуы мүмкін.

Қарым-қатынас процесіне қатынасушылардың санына және сөйлеуші мен тыңдаушының ауыспалы, тұрақты позицияларына байланысты диалог-монолог сияқты қатынас түрлері ажыратылады. Диалог – «мен» және «сен» рөлдерінің алмасуынан туады да репликаларының жинағынан тұрады. Диалог – тілдік қатынастың бастапқы және табиғи түрі болып саналады. Коммуниканттардың саны екіден асуына қарай қарым-қатынас процесі полилог ретінде қарастырылады.

Коммуниканттардың өзара байланысына қарай жеке адамдар арасындағы және ресми қатынас түрлері бар. Ресми қатынас кезінде жүріс-тұрыстың ережелері стереотипті және оған қатысушылар белгілі-бір әлеуметтік өкілдері ретінде жүріп-тұрып қатынас орнатады. Жеке адамдар арасындағы, демек, бейресми қатынас еркін, дос-жаралық немесе тұрпайы жағдайлары болуы мүмкін. Қарым-қатынастың мақсатына байланысты: белгілі-бір ақпаратты беру қызметі – мәліметтендіру; болған оқиға немесе жайтқа тыңдаушысын нандыру – сендірту функциясы; эмоционалдық – адамның жай күйін, сезімін тілдік және бейвербалды амалдар арқылы жеткізу; үгіт-насихат түрі – айқындалған мақсатқа жету үшін белгілі тәсілдерді қолдана әрекеттену. Сөйлеу жағдайына байланысты: кәсіптік қатынас – мүдделері мен мамандығына байланысты мақсат-міндеттері ортақ адамдардың арасына

коммуникативтік акт. Ол баяндама, дәріс, пікірталас, т.б. түрде болады; күнделікті қарым-қатынас күн сайынғы тұрмыстық, әлеуметтік, отбасылық мәселелерді шешудегі жақын адамдардың арасындағы байланыс. Қарым-қатынас процесінің кем дегенде төрт құрамды бөлігі болуы шарт, олар – сөйлеуші, тыңдаушы, тіл және талқылау тақырыбы. Сөйлеу актісінде қарым-қатынасқа қатысушылардың коммуникативтік мақсатына жетуі және олардың бір тақырып көлеміндегі ірлері мен көзқарастарының айқындалуы ерекше маңызды. Қарым-қатынастың ойдағыдай өтуі әңгімелесушілердің қатынасқа түсуге ынтығы, сөйлеушінің коммуникативтік ниетіне көңіл аудару, адресаттың көзқарастарына ден қою, жүріс-тұрыс қағидаларының стереотиптері және әлеуметтік-мәдени нормалармен таныс болу, грамматика мен сөздік қордағы ережелер жиынтығын білу сияқты факторларға байланысты. Сөйлеу әрекетіне байланысты

Б.Хасанұлы мынадай анықтама берген: «Сөйлеу әрекеті дегеніміз – негізгі құрал ретінде тілді қолданатын, өзінің белгілі-бір себебі, мақсаты және нәтижесі бар құбылыс» [2, 56 б]. Тілдік қатынас теориясына назар аударатын болсақ, көптеген ғалымдар сөйлеу әрекетінде сөйлеуші мен тыңдаушының реттеуші қызметіне үлкен мән берген. Мәселен, «екі адамның сұхбаттасу кезінде екеуі де жарыса сөйлесе, коммуникативтік акт нашар өтті деп есептеледі. ...бұл мынандай көрініс табады: Егер А деген коммуникант В есімді тұлға сөйлеп тұрғанда сөйлесе, және керісінше, В А-ның сөзін тыңдамай өзіне сөйлей берсе, коммуникация бұзылады». Қатынастың кез-келген түрінде коммуниканттар белгілі-бір ережелер жүйесіне сүйеніп, бір-бірімен араласады. Сөйлеу мәдениетінде сөйлеуші мен тыңдаушыға қатысты орныққан жүріс-тұрыс қағидалары қалыптасқан. Олардың көбі әдептілік және сыпайылық, мәдениеттілік пен қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстай білу ұғымдарымен тығыз байланысты.

А.Сейсенова коммуникативтік акт барысында сөйлеушінің мынадай ережелерге негізделіп байланыс орнатып, қарым-қатынасқа түсетінін айтады:

« - Өзінің тыңдарманына ақжарқын қарап, оған сөзі, іс-әрекетімен ренжитіндей іс-қылықтар көрсетпеуі тиіс. Тіл тигізу, балағаттау, менсінбеу, елемей, жалпы, ұнамсыз қимылдарды жасамауы жөн.

- Сөйлеуші тілеулестік білдіріп, сыпайылық, тәртіп сақтау керек. Тыңдаушының жасын, жынысын, қызмет бабын, қоғамдағы орнын, әлеуметтік сипатын, көңіл-күйін ескеруі керек. Дер кезінде алғыс айтуды, кешірім сұрап, құттықтауды ұмытпауы қажет.

- Қатынас кезінде «мен» есімдігін көп қолданбағаны жөн. Тыңдаушысына өзінің пікірі мен көзқарастарын ұсыну, оған нандыру деген жағдайлар болмауы керек. Әңгіменің ынтымақтастығы болуы, бір шешім мен пікірге келуі дұрыс.

- Адресант тыңдаушының әлеуметтік рөлдері және әңгіменің түйіні, тақырыбы жайында білу, білмеуі жайында хабардар болуы керек. Тілдік құралдар, қайталама қаратпа сөздер, ым, қимыл белгілерін жомарттанып көп қолдануы құба-құп. Сөйлеуші адресаттың әңгіме көңіл бөлуін назарынан қалдырмауы жөн.

- Сөйлеуші осы уақыт талабына және сөйлеу жағдайына лайық тақырып таңдауы керек. Әңгіме арқауы қарым-қатынас жасаушы екі кісіге де ортақ, һәм қызықты болуы лазым.

- Ол тыңдаушының айтылып отырғанның мағынасын қабылдауы мен көңіл бөлу сияқты нәрселерді әрдайым жадында ұстау қажет.

- Адресант үнемі тілдік әдістерді мәтіннің стильдік құрылымына қарай іріктеп, ресми немесе бейресми жағдайға қарай бейімделеді.

- Сөйлеуші мынадай қағидаларды ұмытпауы керек: ауызша, жанама, тіке қатынаста тыңдаушы тек тыңдап қана қоймай, көріп отырғанын да ескерген жөн. Демек, көзқарас, дене қимылы мен қалпы, дауыс арқылы және өзін-өзі ұстау мәнері, жүріс-тұрыс мәдениеті мен сөз әдебінің коммуникация барысында ерекше орны бар» [3, 37 б].

Тыңдаушының қатынас процесі кезінде мынадай ережелерді ұстанғаны дұрыс:

- Егер біреу тіл қатса, жұмыстарын ысырып қойып, әлгі кісіні жақсылап тыңдауы керек. Әрине, сөйлеуші қолы бос емес адамды мазаламауы дұрыс, себебі ондай тұлға әңгімелесуші бола алмауы да мүмкін;

- Тыңдап отырып сөйлесушіге тілектес екенін білдіріп, құрмет сезімін танытып, әңгіме тым ұзаққа созылған жағдайда шыдамсыздық көрсетпеуі жөн, әңгімені ыждаһаттылықпен көңіл қойып аяғына дейін тыңдауы дұрыс. Қатынас барысында серігіне құрмет көрсету – негізгі ережелердің бірі болып табылды;

- Әңгіме барысында сөйлеп отырған адамның сөзін, ойын бөліп, жөн-жосықсыз қыстырма сөздер қосу дөрекіліктің белгісі болып есептеледі, сондықтан оған жол бермеу керек;

- Бірінші кезекте сөйлеушінің мүлде мен тілектеріне ден қойып, оған көңіл аудару қажет. Оның өзі мен сөздеріне ықылас қойып, назар аударғанын көз қарасы, ым, дене қимылы, бас шұлғу, одағай сөздерді қосу сияқты қимылдармен білдірген жөн;

- Уақытында әңгімелеушінің сөзі мен пікірін бағалап, қосылатыны немесе қолдамайтынын ретті жерінде білдіріп, қойылып отырған сұрақтарға жауап беріп, талап қойғанда сөзбен немесе іспен ойын білдіріп отырудың еш сәкеттігі жоқ. Бір сөзбен айтқанда, тыңдаушы мен сөйлеуші қызметтерін үйлестіре біліп, диалогқа жедел енуі дұрыс. Бұл ережелер бір-бірімен өзара тығыз байланыста, себебі сөйлеуші мен тыңдаушы қатынас әрекетінің бөлінбейтін және ажырамас екі жағы. Сөйлеуші адресаттың көңілін аудартып, белгілі-бір хабар не деректі берген кезде оның түсінікті әрі қабылдауға лайық болуын қадағалап отыруы керек. Ол ойын жүйелі де қисынды түрде жеткізіп, сұхбат барысында қойылған сұрақтарға жауап беріп, қарым-қатынасты жалғастыру жөн. Ал тыңдаушы жаңа бір хабарды қабылдауына дайын екенін аңғартып, сөйлеушінің айтар сөзін ықыласпен тыңдап, дер кезінде айтылған пікірді мақұлдағаны немесе толығымен келіспейтіндігін білдіргені дұрыс. Демек, кез-келген қарым-қатынас процесінің негізі ретінде адресанттың арасындағы тілектестік, әңгіме арқауынан хабардар екендігін білдіру, өз пікірі мен көзқарастарын шын ниетімен таныту сияқты әрекеттер туындайды. Бұлардың барлығы да ойын нақты түрде білдіру, тілде қалыптасқан өлшемдерді сөйлеу мәдениетіне сай қолдану әрекетімен ерекшеленеді. Диалогтар мен полилогтарда әңгіме тақырыбын таңдау және одан әрі өрбіту сөйлеу әрекетінде маңызды кезеңдердің бірі болуы себепті сөйлеу мәдениетінің негізгі қағидаларына сүйене отыра коммуникативтік актіде ерекше орын алады;

- Сөйлеу әрекетінің негізгі субъектілері – сөйлеуші мен тыңдаушы қарым-қатынас барысында мәртебелік, позициялық және ситуациялық рөлдерді атқаруына байланысты, жоғарыда атап өткеніміздей, коммуниканттардың жасы, жынысы, мамандығы, ұлты, білімділігі, қоғамдағы орны, қызмет бабы, әлеуметтік сипаттары ерекше ескеріледі.

Жоғарыдағы айтылған жұптың кез келгенін алсақ та олардың әрқайсысы коммуникативтік актіде сөйлеу мәдениетінің негізгі қағидаларын ұстануда өте маңызды. Әр адам сөйлеуші немесе тыңдаушы рөлінде бола отыра жоғарыда сөз болған ережелерді ескеріп, қарым-қатынас орнатса, сөз әдебіне сай өзінің әдептілігі мен сыпайылығын, кішіпейілдігі мен мәдениеттілігін таныта алады.

Дегенмен, А.Сейсенова: «Сөз әдебіне лайықты коммуникация процесі кезінде әртүрлі тілдік амалдар қолданылады, көп жағдайда адамдар мәдениеттілік пен сыпайылық ұғымдарын жадында ұстап, қарым-қатынастың сөйлеу мәдениетінің талаптарына сай орындалуын қадағалап отырады», - деп айтады. Бұндай амал-тәсілдерге арнайы лексика, этикет элементтері, есімдіктер және т.б. бірліктер жатады. Адамның жанына жағымды сөздер оның көңіл-күйінің кілті іспеттес. Жылуы мол, жан жадыратар шуақты сөздер туралы халқымыз «*Асыл сөз арнап берген сыйдан артық*», «*Сөзі райлының – жүзі шырайлы*», «*Жақсы сөз жан азығы*», «*Жақсымен сөйлессең – жаның рахаттанады*», «*Жақсының өзі де жақсы, сөзі де жақсы*» және т.б. мақал-мәтелдерде әңгімелесу мен сөйлесу реттерінің маңызы, қоғамдағы орнын бағалаған [3, 86 б].

Ал, белгілі ғалым Р.Сыздық: «Адамдар арасында қалыптасқан және қарым-қатынас процесінің негізгі нормасы болғандықтан жүріс-тұрыс ережелерінің жиынтығы – әдептілік деп аталады. Ал сөйлеу мәдениеті дегеніміз – бір-бірімен тілдесушілердің қоғамдағы қарым-қатынас әрекеті ережелерінің бір бөлігі және осы ортаға тән әлеуметтік қатынастардың әдептілік ұғымын қамтитын жүйе» [4, 167-175 бб], - деп нақты анықтама бере кеткен.

Әлемдік мәдениетке бетбұрған бүгінгі жаһандану кезеңіне тұспа тұс келген тіл тағдыры әр түрлі деңгейде дамып келеді. Қай кезеңде болмасын тілдің қадір-қасиетін жоғалтпай, әрбір сөзді өз мақсатында қолданып сөйлей білу, тіл тазалаған сақтай отырып, жауапкершілікпен қарау – адамзаттың парызы.

«Тіл мәдениеті – тілдің тазалығын, тілдің ережелерге сай жұмсалуды, сөйлеуші мен оқушысының тіл жұмсау реттілігін, дұрыстығын қарастыратын ғылым. Сөз бен сөзді мағыналық және тұлғалық жағынан дұрыс тіркестіру, сөйлемді грамматикалық заңдылықтарға сәйкес әрі түсінікті, әрі тұжырымды құрау, әдеби тілдің нормаларын сақтап, белгілі бір өлшеммен, белгілі бір қалыппен жазу мен сөйлеу тіл мәдениеті саласының зерттеу міндеттерінің қатарынан саналады» [4, 3 б.].

Тіл – ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа қаймағы бұзылмай жеткен асыл қазына. Тіл мүмкіндігі Қазақстанның егемендік алуымен бірге дербес ұлттық тіл ретінде қоғамның барлық саласында қанатын жайып, қолданыла бастады. Қазақ тілі – тек қарым-қатынас тілі емес, бүгінде халықаралық деңгейде іскерлік бағытта біршама мүмкіндіктерге ие болды. Жалпы сөз мәдениетінің сапалық жүйесін қалыптастыруда ғалымдар М.Балақаев, Р.Сыздық зерттеулер жүргізіп, осы салада

ғылыми тұрғыда өз үлестерін қосты. Жалпы тілші ғалымдар әдеби тіл нормасына қайшы келетін сөздерді, сөз тіркестерін қайталап, ретсіз қолдануға қарсы.

Бүгінгі заман талабы білім мен қабілетті, мәдениет пен еңбекті өз ісімен көрсете алатын іскер мамандарды қажет етеді. Іскерлік қарым-қатынастың өзіне ғана тән ерекшеліктері, қалыптасқан әдеттері, тұрақталған құжаттары бар. Сонымен қатар, кәсіби іскерлік қарым-қатынастағы ауызша сөйлеу тілі үшін сауаттылық та өте маңызды. Белгілі бір мекемеде қызмет барысында пікірлесу, құжаттар алмасу, келіссөз жүргізу, келісім-шарт жасау, жиналыстар, дөңгелек үстел өткізу үшін іскерлік қарым-қатынас тілі маңызды рөл атқарады. Кәсіби қарым-қатынас тілі маманның белгі бір салаға қатысты жүйелі білімін, біліктілігін, кәсіби тіл шеберлігін қажет етеді. Маман өз ортасында әріптестерімен пікірлескенде, сәлемдесу, жұмыс барысын таныстыру, өз жұмысының жоспарын қысқаша түсіндіру барысында әдеп пен мәдениет деңгейін сақтау қажет. Нақты ұсынысты, жоспарды талқылауда басқа адамдардың көзқарастарымен санаспай, дауыс көтере сөйлеу, тек өзінің пікірін біржақты дұрыс санау іскерлік қарым-қатынаста өзара тіл табысуға да кедергі келтіреді.

Сөйлеу мәдениеті туралы өз заманында ұлы қаламгер М.Әуезов нақты дәлелмен мысалдар келтірген: «Сөз шіркін де адам секілді ғой. Оның да ала- құласы көп. Орнатқан жеріне қорғасындай құйыла қалатын орнықты сөз бар да, құрайдың басында қылп-қылп етіп ұшып кеткелі тұрған торғайдай ұшқалақ сөз бар. ...Халық соны біліп, сөз екеш сөзді де «одағай сөз, сүйкімді сөз, сайқал сөз, салқын сөз, жылы сөз» деп, түр-түске бөліп жүр ғой. Біз жазушы болғандықтан, осының барлығын білуіміз керек. Солай мәні мен әрине, әуені мен мүсініне қарап електен өткізіп, сұрыптап алмасақ, жазған шығармаларымыз әлде бірдемеге ұқсап кетер еді» [5, 15 б.]. Қоғамдағы ғылым мен техниканың дамыған кезеңінде тілімізге енген жаңа ұғымдар, атаулар, терминдердің атқаратын қызметі де ерекше. Кейбір жаңа сөздер әлеуметтік-тұрмыста қолданылса, кейбір терминдер белгілі бір салада айналысқа түседі. Қоғамдық қызметі өскен тілдің сөз байлығы өсіп, тіл стилдік тұрғыдан сараланып, мағыналық өзгерістерге түседі. Олай болса, мемлекеттік тіл өмірдің әрқилы салаларына тәкелей қатысты болып келетін іс жүргізу саласында кеңінен қолданылуы тиіс. Саланың арнаулы сөздері мен терминдері, кейбір құжатқа тән сөз саптау ерекшеліктері тіліміздің дамуына өз әсерін тигізеді. Қорыта келгенде, кәсіби сөйлеу мәдениетінің маңызды ерекшелігі – әдеп пен мәдениет шеңберінде сөйлеу және басты шарты талқыланатын тақырып жөнінде жан-жақты білім қажеттілігі, нақты деректерді дәлелдеу болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Әлкебаева Д. А. Сөз мәдениеті: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 196 б.
- 2.Хасанұлы Б. Мемлекеттік тіл: терминология, іс қағаздары мен бұқаралық ақпарат құралдарының тілі. – Астана, 1999. – 187 б.
- 3.Сейсенова А.Д. Лингвистикалық мәдениеттану: этикет формаларына салғастырмалы талдау. Филол. ғыл. канд. ғыл. дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 1998, – 121 б.
- 4.Сыздық Р. Тіл мәдениеті және оның проблемалары / Р.Сыздық // Тілдік норма және оның қалыптануы.– Астана: Елорда, 2001. – 230 б.
- 5.Жанпейісов Е. М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының тілі. – Алматы: Ғылым, 1976. – 168 б.

ӘОЖ 811. 512.1

ТІЛДЕ АҚШАНЫҢ САНДЫҚ ӨЛШЕМ БІРЛІКТЕРІ РЕТІНДЕГІ МАҒЫНАСЫ

АСЫЛБЕКОВА Н.Ө.

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің доценті, ф.ғ.к.,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

АСХАТҚЫЗЫ А.

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, қазақ тілі және әдебиеті мұғалімдерін
даярлау мамандығының 4 курс студенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.,

Резюме. В этой статье с этнолингвистической позиции рассмотрены народные названия измерений в казахском и турецком языках.

Summary. From an ethnolinguistic position to investigate national names of measurements in the Kazakh and Turkish languages.

Халық арасында ақша түрлерінің және оған қатысты қалыптасқан әр түрлі паремиологиялық, фразеологиялық атаулар ежелден адам баласы тіршілігінде әрдайым қолданылып келді. Адам баласы өмірінде ақша орасан зор рөл атқарады. Сандық өлшем бірліктерінің бірі ақша жазудың пайда болуы сауда қатынасының дамуымен де тығыз байланысты. Сауда, айырбас, ақша белгілері мен тауар бағалары да жазуға мұқтаждық туғызады.

Ақша ежелгі заманнан тауар өндірісінің дамуындағы бірден-бір шарт және өнім болып табылады. Сонымен, бірінші ірі еңбек бөлінгісінің нәтижесінде мал бағушылардың бөлініп шығуымен мал (ірі қара) айырбас құралына айналды. Малды жалпы эквивалент ретінде пайдаланғаны туралы нақты дәлелдер әр түрлі қол жазбаларда, қазба жұмыстарының нәтижелерінде табылған заттарда, шығармаларда кездеседі.

Ежелгі түріктерде де әлі ақша шықпай тұрып заттарды айырбастау ақша құралы негізінде болған еді. Сауда саттықтың негізгі құралы «тері» болып саналатын. Ежелгі түріктердің тері саудасын жүргізгендігіне тән көптеген анықтамалар бар [1, 39-40 бб.].

XII ғасырда араб саяхатшысы Әбу Хамид аль Гарнати ежелгі орыс территориясында сауда-есеп айырысу қатынасында жүні жоқ ескі тиін терісінің көмегімен болғандығын, сондай-ақ, XV ғасырдың өзінде Великий Новгородта Гильбер де Ланнуа ақша-сауда ісінде, мысалы, ұсақ ақша ретінде тиіннің басы пайдаланылғаны туралы мәлімет береді [2, 134-135 бб.]. Бұл пікір «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінде» де көрсетіледі.

Түрікшедегі *акша* сөзінің этимологиясын іздестіргенде, бұл сөзді ақшаның тарихымен тығыз байланыста болғанын көре аламыз. *Ағы* түбірі алғаш рет жібек матасы ретінде, содан кейін, «бағалы заттар», «қазына» мағыналарында қолданылған (М.Қашқари). Олай болса, түріктерде тек қана тері емес, сонымен қатар, жібек матаның да ақша ретінде қолданылғаны байқалады. Түріктердің Қытаймен қарым-қатынастарында жібек матасын өз араларында стандартталған өлшем, өлшегіш ретінде қолданғаны бәрімізге мәлім. Олай болса, Сибирияда және де басқа тері хайуандары көп болған жерлерде түріктер сауда-саттықта тері, ал Қытаймен сауда қарым-қатынасында жібек матаны ақша ретінде қолданған. Сонымен, *акша* (ақша) сөзінің негізгі түбірі *ағы* болып, оған түрікшедегі *-ше, -са* шылауы жалғанып *ағйша*, сөзінен, *акша* болған деген мәлімдеме бар [1, 41-43 бб.].

Белгілі ғалым Севортян ақшаның этимологиясын «металл» түбірімен байланысты пайымдайды: *ак>ақ* (ақ түс)+сын есімінің толықтырылмағандығын білдіретін түрікше *-са* жалғауының жалғануы арқылы *акша* мағынасы «ақ түс немесе күміс» дегенді береді және ежелгі түрікшедегі *ағй* «қазына» сөзіне + *-са* кішірейткіш жалғауының жалғануынан *ағйша > акша* «кішкентай қазына» мағынасынан *> ақша* (ақша) деген шыққан деп тұжырымдайды [3, 73 б.].

Кейін келе металдардың арасында басты роль алатын алтын мен күміс өте бастады. Өйткені олар жалпы эквивалент үшін аса қажетті сапаға ие. Сонымен құнның әр-түрлі формаларын өз басынан өткере отырып, яғни (мал, тері және т.б.) адамзат металл ақша айналысына қол жеткізеді.

Ерте ортағасырлардағы Түркі, Батыс Түркі, Түргеш қағандықтары (VI-VIII ғғ.) өмір сүрген кезеңдерде Қазақстанның оңтүстік қалаларында төл ақша түрлері пайда болды. Оларды тек отырықшылардың өмір талабынан ғана емес, көшпенділердің де болмысынан туған континентарлық Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан сол замандарда ірі сауда орталықтарына айналып үлгерген ірі қалаларды басқарушы әкімдер мен қағандардың атынан соқтырғаны белгілі. Алғашқы «теңге» түркі сөзі, басылған теңгелердің сырт көрінісі жағынан Қытай, Орта Азия, тіпті Византия теңгелеріне еліктеп, соларға ұқсас жасалған.

Теңге атауы түркі сөзінің негізінде алынған. *Теңге* сөзінің шығу тегін Ә.Т.Қайдар «дөңгелек, домалақ» деген мағына беретін *йө=дө=дөв=дев=де г=дөң=доң=тең=төң=тег=тоғ=чев=чө=чөв=шүй* шыққан деп тұжырымдайды.

Севортян да түріктің *denk* сөзінің мағынасын «тастан жасалған үлкен цилиндр» және түріктің *denk* сөзі *тең* деген мағына беретіндігін айтқан. Мұны түрлі түрікше сөздіктерден көруімізге болады. Мысалы, *denk* - 1. Тең – көлікке арту үшін буып-түйген жүк. *Yükün bir denği fasulye, bir denği nohut.* Жүктің бір теңі – үрме бұршак, бір теңі – ноқат. 2. Байлам, бума, буда, тең. *Pamuk denği.* Мақта теңі. 3. Тең, бірдей, пара-пар (салмағы, ауырлығы жағынан). *Bu iki çuval denk gelmiyor.* Бұл екі қапшықтың салмағы бірдей емес. 4. Лайық, сай, пар, тең. *Denk düşmek.* Сәті түсу. *Denk gelmek* – 1). Тең келу, пара-пар, сай келу. 2). Кезігу, кез болу, кездесіп қалу, ұшырасу [4, 203 б.].

Теңгені түркі мемлекеттерінде қыз-келіншектердің шаштарына, көйлектеріне, сәукелелеріне әшекей бұйым ретінде таққандары тарихтан белгілі. Бірақ теңге бұйымдарын сән үшін таққан

деген пікірлерде бірізділік жоқ. Себебі, түрік қыз-келіншектердің алтын-күмістен жасалған теңгелерді шаштарына, киім-кешектеріне тағуының негізі – «байлық, берекет, молшылық әкеледі» деген сенім болған. Ал қазақ қыз-келіншектерінің теңгелерді сән үшін, әрі қыздардың ұзын шаштары төменге қарай теңге салмағымен бір қалыпты болып тұруын сақтаған, жүріс тұрыстарында сыңғырлап әсемдік сақтаған. Соның негізінде қазақ тілінде *теңге шашбау, алтын шашбау, ділда алқа (алтын алқа), тілла шашбау (алтын шашбау)* т.б. деген фразеологизмдер қалыптасқан.

Кейбір түркі халықтарында алтын ақшаны «тіллә, ділдә, тылла» деп атағандығын түрлі сөздіктерден көруімізге болады.

Мемелекет пен қоғамның әлеуметтік экономикалық деңгейі өткен замандарда қаншалықты дамығандығын көрсететін ең маңызды ақпараттың бірі дамыған ақша айналымы болып табылады. Түркі қағанаттары құлағаннан (VIII ғ.) соңғы жерде Сыр бойы мен Жетісу өлкелері IX-XII ғасырларда саяси, экономикалық және мәдени қатынастары жағынан халифат, Саианид және Қарахан мемлекеттерінің ықпалында болуы, тек бұл ғасырларда ғана емес, ортаазиялық және Қазақ хандықтарымен арада орнатылған ақша-тауар әрекеттеріне дейінгі аралықта Орта Азиямен ортақ ақша айналымының қалыптасуына әкеп соқты. Осы кезеңнен бастап күмістен, қоладан және мыстан жасалған теңгелер күнделікті тұрмыстағы негізгі төлемақы затына, сонымен бірге байлық жию көзі мен мемлекеттік саясат жүргізу құралына айналды.

Қазақтың тіл байлығы тек сөздің ұзын санымен ғана өлшенбейді. Сөз байлығы деген ұғым – сөздің әр алуандылығы мен мағына реңктерінің молдылығымен бағаланатын аса күрделі категория. Сөз алуандылығы дегенде бірінші байқалатын ерекшелік – халық ана тілі арқылы ақиқат дүниедегі зат, құбылысты бір-бірінен ажыратып, айырымын тап басып ат қойып, айдар тағады. Бұл көбіне сезім мен түсініктің, ал заттар мен құбылыстардың басын қосатын ортақ белгілердің сырын біліп, сапасын дәл табуы ойлау мен сананың әрекеті деуге болады. Міне, осылардың біріне фразеологизмдерді жатқызуға болады.

Бес тиынға тұрмайды – «Қадірсіз, бес тиынғада тұрмайтындай қадірі жоқ» деп салыстырмалы түрде, сапасыз мағыналарда қолданылады.

Бес тиынға тұрмайды фразеологизмі түрік тілінде бірнеше вариантта қолданылады. Мысалы, *beş kuruş bile değeri yok* (бес тиыннан да қадірі жоқ), *beş para etmez* (бес ақшаға да тұрмайды) түрінде фразеологизмдер қалыптасқан. Осы тіркестердің негізінде алынған тағы басқаша жолдармен қолданылатын *bir pul kadar değersiz* (бір пұлдан да қадірсіз), *bir pula bile saymazlar* (бір пұлға да есептемейді) фразеологизмдер қалыптасқан.

Көк тиыны жоқ – «Ақшасы жоқ», «кедей» мағынасында қолданылады. Көк түспен айтылу себебі, күміс ақшалар көкшіл болып келеді. Соның негізінде көк түсті күміс ақшамен салыстыра түр-түсіне байланысты айтылған.

Тағы да осы мағынада *соқыр тиыны жоқ* деген фразеологизм синоним ретінде қолданылады. *Соқыр тиыны жоқ* – «түк ақшасы жоқ», «кедей» мағына береді. *Соқыр* деп алыну себебі, байырғы ақшалардың ортасында төрт бұрышты тесік болған. Бұны тарихта қытайлықтар тарапынан ойлап тапқандығы айтылған. Тиындардың ортасын тескен себебі, олардың шашылып төгілмеуі үшін және тиын тесіктерінен жіп өткізіп қойып тиындарды сол жіпке тізіп алып жүрген. Жіпке тізудің себебі, әрі санауға, әрі шашылып төгілмеуі үшін, әрі қолдануға қолайлы деп тапқан. Бұл біздің қазақ жеріне де келген, қазақтар қытайлықтардан үйреніп оларда осылай тиынды тесіп жіпке өткізіп алған. Соның негізінде соқырдың көзі секілді төрт бұрышты тиын тесігіне ұқсатып айтылған.

Түрік тілінде бұл мағыналарда қолданылатын фразеологизм *meteliğe kurşun atmak. Meteliğe kurşun atmak* - «бес тиынсыз қалу, еш ақшасы болмау». Бұрынғы заманда бір затты қойып соған дәлдеп атып үйренген. Дәлдейтін адамдар дәлдеуге «метелик» деген ұсақ ақшаларды қолданған. «Метелик» бұрынғы заманда қолданылған құндылығы он ақшаға тең бір монета болған. Ол монетаға немесе ақшаға ұрылған мөр деген мағына береді [5, 164 б.].

Мақал-мәтелдердің адам баласының өмірінде қамтымайтын саласы жоқ, соның бірі – ақшаға қатысты. Байлық дегенде ойға ақша, алтын, дәулеттілік т.б. келеді. Ақша қатынасы болғанға дейін қазақтар мал шаруашылығымен айналысқандықтан, базарға малын алып барып, киім-кешек, шәй-қантын малға айырбастап отырған. Сондықтан да қазақтың «жылқы құлыннан өседі», «түлік төлден өседі» деген мақалдары бар. Бұлай айтуының себебі, құлын мен төлді жемей байласаң, құлын жылқыға, төл түлікке айналады, сөйтіп олардың саны көбейеді деген мағынада айтылған сөз. Бұл дегеніміз, қазақ халқының күн көріс көзінің мал болғандығын айқындайды. Оларды күн көрісіне қажетті заттарға айырбастап отырған. Қазақтар қыста қыстауға, жазда жаздауға көшіп, көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан. Сондықтан қыста да табындап өзі жайылатын қой мен жылқы байлаған. Жылқыны қатты қастерлеген. Себебі, қазақ үнемі жылқы мінген, оның етін қысқы қақаған

аязда суықтан тоңып қалмас үшін жылқы етін жеген, жылқы етінен қазы-қарта жасаған, сүтінен сүйікті сусыны қымыз ішкен. Жылқыға байланысты қазақта көптеген ұлттық ойындары бар екенін жақсы білеміз. Солардың бірі *қыз қуу мен көкпар шабу*. Одан қалса, қазақ ұл баласын мұсылманшылыққа жатқызып, той-думан жасағанда міндетті түрде атқа, тайға отырғызған. Туған-туыстары да ат пен тай мінгізген. Сый-сияпат, кәделі жерлерде де халық ер-азаматтарына ат мінгізіп, шапан жапқан. Ол құрмет белгісі ретінде ұсынылатын үлкен сый орнына жүрген. Сондықтан да қазақ үшін ең құнды, қасиетті мал – жылқы. Оны қазақ жасына, түріне қарай: *құлын, жабағы, құнан, тай, байтал, сойтал, құлық, дөнен, бие, бесті, сәурік, ат, айғыр* деп ажыратқан. Тіпті қазақ өз баласын жылқы баласы құлынға теңеп, «құлыным менің», «құлыншағым» деп еркелеткен.

Ал енді қазақ даласына ақша айналымы кіргеннен кейін «жылқы құлыннан өседі», «түлік төлден өседі» деген мақалдары қазіргі таңда жаңашаланып «ақша тиыннан өседі», «дауыл – құйыннан, теңге – тиыннан» «теңге тиыннан құралады», «береке – бір тиыннан», «теңге тиыннан өседі», «теңіз – тамшыдан» деп айтылып жүр. Бұл дегеніміз, ақшаның құнын біл, ептеп жарат деген мағыналарда қолданылған.

Қазақтар «Алтынды жерден тапсаң да, санап ал» дейді, яғни «жерде жатқан ақша жоқ, мейлі ақша қандай жолмен кірсе де оның құны мен есебін біл» деген ұғымда қолданылған.

Қазақтар «теңге тиыннан өседі» десе, түріктер «ақ ақше кара гүн ішіндір» (ақ ақша қара күн үшін) яғни тапқан ақшаны бірден жарату дұрыс емес. Бір күні ақша табуға күш пен мүмкіншілік тумайтын қара күнде келер, сондықтан, ақшаны бетімен жаратпай қара күн үшін де сақтап, ептеп жарату қажет деген ой береді. Түрік халқы ақшаны табудың оңай еместігі жайында «ақше аслан ағзında» (ақша арыстанның аузында) деген мақалы, ақша табу ең күшті жануар арыстанның ауызынан алынғандай қиын деген терең оймен салыстыра алынған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Orkun H.N. Eski Türklerde Para//Türk Hukuku Tarihi Araştırmalar ve Düşünceler. – Ankara, 1935. s. 39-43.
- 2.Кобрин В.Б. Вспомогательные исторические дисциплины. – Москва: Просвещение, 1984.
- 3.Кайдаров А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. – Алма-Ата: Наука, 1986. -326стр.
4. Байниязов А.Ж. Түрікше-қазақша сөздік. – Алматы, 1997. -797 б.
- 5.Yakup Kavas. Maymun Gözünü Açtı. Deyimlerin Hikayesi. – Istanbul: Zambak yayınları, 2005.

ӘОЖ 81'276.16

ТІЛДЕГІ СЫПАЙЫЛЫҚ КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ ҚОЛДАНЫСЫ

САРСЕМБАЕВА М.К.

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің доценті, ф.ғ.к.,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.,

Резюме. В этой статье рассматриваются особенности национальных культуры в казахских традициях и их привычках, о конкретной форме отношений, к ним относятся уважение, вежливостью и культуры казахского народа.

Summary. In this article will be shown the national cultural peculiarities of the national culture of characteristics of the lifestyle and ethics of Kazakh traditions. In the use of a particular form of interrogation.

Тіл – ұлт ерекшеліктерінің бірі, ұлт мәдениетінің бір формасы. Тілде әрбір халықтың ұлттық сана-сезімі, ойлау тәсілі, мінез-құлқы сақталады. Сыпайы сөйлеудегі әр түрлі сөз орамдарын, әдептілікті көрсететін тұрақты сөз тіркестерін барлық тілдерде кездестіруге болады. Сөйлеу әдебі сөйлеу әрекетіндегі сөйлеу ережелері мен әдеп нормаларынан тұратынын Н.Уәлиев өз еңбегінде толықтай айта кеткен [1, 67 б]. Сөйлеу әдебі сыпайылықты білдіретін қосымшалардан немесе тіркестен тұруы мүмкін. Әдетте сыпайылықты білдіретін тілдік формулалар стандартталып келіп, көбінесе қаратпа сөздер, сәлемдесу, танысу, қоштасу, құттықтау, тілек білдіру, алғыс айту, кешірім сұрау, өтініш айту, шақыру, кеңес беру, көңіл айту, жұбату, құптау, марапаттау т.б тілдік конструкцияларда жиі кездеседі. Сөйлеу әдебі кезінде қолданылатын бұл формулалар айтушы мен

тыңдаушының жасы, жынысы, қоғамдағы орны, қызметіне қарай тілдің бірнеше қызметін анықтап, атқарып отырады. Мысалы, жапон тілінде, әдетте, сыпайылықтың екі грамматикалық категориясын бөледі. Бірі сөйлеушінің сұхбаттасушыға, екіншісі әңгіме болып отырған тұлғаларға қарым-қатынасын білдіреді (семантикалық субъект және/немесе іс-әрекет объектісі).

«Сыпайылық» ұғымының діни-философиялық, қоғамдық мәні мен маңызы зор. «Сыпайылық» категориясы «өріс» пен «функцияның» қарапайым әрі күрделі біртұтас семантикалық бірлігіндегі түрлі ситуацияға құрылған лексика-семантикалық микроөрістердің жиынтығынан тұрады:

- 1) «Өтіну» жағдаятында сыпайылық семантикасын беретін тілдік құралдар;
- 2) «Кешірім сұрау» жағдаятындағы сыпайылық семантикасының берілу жолдары;
- 3) «Алғыс айту» жағдаятындағы сыпайылық семантикасының сипаты;
- 4) сыпайылық категориясының «келісу» функционалды-семантикалық өрісі деген топтарға бөлініп жіктелінген.

Қазіргі таңда белгілі бір саланың тілдік ұғымдарын функционалды-семантикалық өріс арқылы зерттеп-зерделеу ісі ең нәтижелі әдіс болып табылады. Функционалды семантикалық өріс функционалды грамматиканың негізгі категориясы ретінде қызмет етеді. Функционалды грамматика дәстүрлі грамматикадан «мағынадан формаға бағытталған зерттеу парадигмасының қарастырылатындығы» жағынан ажыратылып тұрады. Антропоэзектік бағыт бойынша барлық ғылымның бастауы – адам. Кез-келген тілдік ұғым саналы ойлау мен тілдік әрекеттің жемісі болғандықтан, біз атап танитын қоршаған орта құбылыстары алдымен таным мен сөйлеу әрекетінен туындайды. Сөйлеу кезінде сөздің қоғамдық қызметі ғана емес, оның сол сөзді сөйлеуге дейінгі функциясы маңызды. Қазақ тіл біліміндегі сыпайылық категориясы ғылыми айналым жүйесіне еніп жатқан тіл салалары аз емес. Өйткені сөйлеу – адам табиғатының, танымының, психологиясының күрделі де сан-салалы қырларын анықтауға мүмкіндік беретін әмбебап құрал болғандықтан, ол – тілдік құрал, ол – танымдық құрал, ол – қарым-қатынас құралы ретінде қалыптасқан. Сыпайылықтың осыған дейінгі ғылыми әдебиеттерде қолданылып кең тараған теориясы сөз әдеби мен сыпайылықтың ара-жігін дәл баса айтып көрсетпеген, ғылыми тұрғыдан зерттеп-зерделеу бір жүйеге түсірмеген.

В.М.Алпатов оларды тиісінше адрессивті және гоноративті категориялар ретінде айқындайды [2, 35 б]. Гоноратив категориясында формалардың үш тобын бөлуге болады: гоноративті (сыйластық), депрециативті (биязы) және бейтарап. Гоноративті формалар сыйластық қарым-қатынастың мелиоративтік типіне жатқызылады, онда коммуникативті мән берілген лексема сыйластық қарым-қатынастың объектісін «асқақтатады». Депрециативті формалар сыйластық қарым-қатынастың пейоративтік типін – сөйлеушінің өзін-өзі төмендетуін білдіреді. Бейтарап формалар гоноративті емес те, депрециативті емес те болып табылады – олар сөйлеушінің семантикалық субъектіге/сөйлеу объектісіне сыйластық қарым-қатынасы туралы ешқандай ақпаратты бермейді. Гоноративті және депрециативті формалар бір уақытта қатар келмейтіні байқалады. Жапон тілінде адрессивті және гоноративті формалардың «жоғары-тең-төмен» және «өзім-өзге» деген мәнін сипаттайтын дифференциалды белгілерін бөледі. Олар сөйлеушінің сұхбаттасушыға (адрессив) немесе әңгіме болып отырған тұлғаға (гоноратив) қарым-қатынасын айқындайды. Әлеуметтік-тұлғалық қарым-қатынастар мәнге ие болады, бұл ретте аталған тұлғаны «өзім» немесе «өзге» ретінде бағалауға әңгімелесу жағдаятына басқа да тұлғалардың қатысуы едәуір ықпал етуі мүмкін.

Гоноративті (сыпайылық) формалары сыйлы тұлғалардың (сөйлеушінің көзқарасы бойынша) іс-әрекеттерінің сипаттамасын беру үшін пайдаланылады. Демек, гоноративті формалар екінші немесе үшінші тұлға – іс-әрекеттің немесе жай-күйдің семантикалық субъектісі болмайтын сөйлемдерде қолданылмайды. Егер үшінші тұлға субъекті болып табылса, гоноративті және бейтарап формалар арасында таңдау болғанда, сөйлеушінің аталған субъектіге қарым-қатынасы ғана емес, сонымен қатар, соңғы мен сұхбаттасушы арасындағы қарым-қатынастар да ықпал етеді. Гоноративті формалар «тең өзіміз» ретінде қарастырылатын тұлғалар туралы сөйлеуде пайдаланылмайды (осылайша, аталған формаларды өзі туралы («тең өзіміз») сөйлеуде қолдану мүмкін емес). Гоноратив категориясы «жоғары өзіміз» ретінде қарастырылатын тұлғалар туралы сөйлеуде де, тіпті сұхбаттасушы іс-әрекет субъектісі болып табылғанда да үнемі көріне бермейді. «Бөтен» субъектінің іс-әрекеттерін сипаттау кезінде гоноративті формалар «жоғары» және «тең» белгілерге, бейтарап – «төмен» белгіге сәйкес келеді.

Жапон тілінде сыпайы сөз формаларын пайдалана отырып әңгімелесу үшін, басты қиындық аталған жағдаят үшін сыпайылық деңгейін таңдау болып табылады. Сөйлеуші жапон қоғамындағы этикеттік қарым-қатынастардың ерекшеліктері туралы білуі тиіс. Көптеген зерттеушілер сыпайылық формаларын таңдау кезінде міндетті түрде ескерілетін факторлардың түпкілікті жинағын көрсетуге тырысады. Алайда, жалпы ережелермен қатар, жеке-субъективті фактор үлкен рөл атқарады және

сыпайы сөз формаларын өзекті таңдау мәселелері бойынша, әдетте, ақпарат берушілер арасында бірыңғай пікір жоқ. Жұмыс беруші мен қызметші, сатушы мен сатып алушы, мұғалім мен студент, бастық пен қызметкер және т.б. арасындағы қарым-қатынастарда, әдетте, кімнің дәрежесі жоғары, сол өзі сөйлеген кезде бейтарап не сыпайы форманы пайдаланады; сұхбаттасушы тек қана сыпайы орамдарды пайдалануы тиіс. Сатушы мен сатып алушы арасындағы әңгімелесу жапондықтармен ішкі түйсігінде әлеуметтік драмалық іс-әрекет ретінде түсініледі, онда біріншісі мырзаның, екіншісі қызметшінің рөлін атқарады, бұл сатып алушы сатушы тарапынан сыпайылыққа толы қарата айтылған сөзге мүлде назар аудармаған жағдаятта вербалды мәнге ие болады.

Бір-бірімен таныс емес адамдардың әңгімелесуінде көп жағдайда сыпайы сөйлеу пайдаланылады. Сыпайы орнықты сөйлеу танысу кезінде, сондай-ақ жапон қоғамында әлеуметтік жағдайы жоғары бағаланатын адамдарға қатысты қарым-қатыныста қолданылады. Ағылшын зерттеушілері П.Браун, С.Левинсон еңбектерінде сыпайылық қағидасына көп көңіл бөлінген. Олар сыпайылықтың екі негізгі типін бөліп қарайды: оң және теріс сыпайылық. Оң сыпайылық байланысқа түскен серіктеспен ынтымақтастыққа негізделген қарым-қатынас. Теріс сыпайылықта сөйлеуші мен тыңдаушы арасында дистанция ұсталады. Бұл жіктеудің негізінде қарым-қатынас кезінде қауіп төнетін «әрбір адамның әлеуметтік бет-бейнені сақтау» стратегиясы туралы ой бары анық. Бұл стратегия қазіргі жапон тіл білімінде FTA (face threatening act) деген терминмен белгілі. Демек, сыпайы мінез-құлық дегеніміз – тиімді байланыс нәтижелеріне жетуге бағытталған стратегиялар жиынтығы, алайда әңгімелесуші «тұлғасына» әрбір байланыс жағдаятында қауіп төне бермейді. Теріс сыпайылық иерархиялық қоғамда орын алады. Онда жасы немесе қызметтік дәрежесіне қарай этикеттік бірліктер мен сыпайылықты дұрыс қолдануына қатты мән беріледі. Дәрежесі жоғарының өзінен төмен тұрғанға қатысты немесе бағыныштыларына ешқандай сыпайы форманы қолданбайды. Сонымен қатар, қоғамда жынысына қарай да тілдік бірліктердің қолданысы өзгеруі мүмкін.

Мысалы, жапон тілінде кездесетін тек әйел адам қолданатын бірліктер немесе әйел адамның ер адамға қатысты қолданатын есімдіктер осының айғағы [3, 188 б].

Жалпы алғанда, жоғарыда айтып өткен оң және теріс сыпайылық, ол негізгі коммуникативтік актінің нәтижесі. Коммуникативтік акт дегеніміз – белгілі бір ойды баяндау және хабар алмасу, оған кем дегенде екі адам, демек, хабарлаушы мен қабылдаушы қатысады. Лингвистикалық атаулардың сөздігінде хабар берушіні трансмиссор, ал хабар қабылдаушыны – реципиент, сол сияқты хабарды жіберушіні – адресант, экспериент, сөйлеуші және қабылдаушыны – адресат, тыңдаушы деп те айтады. Қарым-қатынас процесінің кем дегенде төрт құрамды бөлігі болуы шарт, олар – сөйлеуші, тыңдаушы, тіл және талқылау тақырыбы.

Кез-келген сөйлеу әрекетінің құрамында мынандай бірліктер болады: мақсат, орны, қатынас әдісі, қатынас түрі (ауызша-жазбаша), қарым-қатынастың өту жағдайы (ресми-бейресми), сөйлеуші мен оның әлеуметтік рөлдері, адресат пен оның әлеуметтік сипаттары. Демек, коммуникативтік актінің негізге субъектілері адресат пен адресант, олар қарым-қатынас барысында белгілі бір әлеуметтік рөлдер жүйесіне сай бір-бірімен араласады. Қарым-қатынас барысында адамдар мәртебелік, позициялық және ситуациялық рөлдер атқарады. Бұл ситуациялар әлеуметтік критерий бойынша «жоғары–тең–кіші», ал жас мөлшеріне байланысты «жасы үлкен – қатарлас – кіші» деп анықталады. Егер әңгімелесушінің екі не одан да көп сипаттары бір деңгейде болса, онда коммуникация симметриялы деп аталады. Ал егер олар елеулі белгілер бойынша ерекшеленетін болса, қарым-қатынас асимметриялы болады. Бұл жағдайда әңгімелесушілердің бір-біріне бейімделу процесі басталады, осы кезде сөйлеу этикеті ерекше қызмет атқарады.

Сөйлеу мәдениетінің тілдік норма, қарым қатынас түрі, ұстанымдары мен ережелері, қарым қатынастың этикалық нормасы қазіргі қоғамдағы сөйлеу мәдениеті оларға қарама қарсы құбылыстарды тану әрі оқып үйрету, меңгертуге және дағдыландыру. Сөз мәдениеті – қазақ тіл білімінің зерттеу нысандарының ішінде кейінірек қолға алған сала. Сөз мәдениеті тілдің басқа салалардан айырмашылығы оның күнделікті өмірмен тілді қолдану, жазу, сөйлеу мәдениетімен тығыз байланыстылығында. Бүгінгі мәдени коммуникацияда сөйлеу мәдениеті қандай болу керектігі өте көкейкесті мәселе болғандықтан, ешуақытта әлеумет назарынан тыс қалмайды. Сөз мәдениетінің қарастыратын мәселесі жеке тұлғаның немесе социум өкілдерінің мәдениетті сөйлеуімен ғана шектелмейді. Мемлекеттік тұрғыдан алып қарасақ атқарылып жатқан іс шаралар аз емес сияқты, жазу мәдениетіндегі орфографиялық қателер, емле ережелерін бұзу, жер-су атауларының дұрыс жазылмауы т.б. мәселелер туралы бұқаралық ақпарат құралдарының бетінде қанша айтылып, жазылып жатса да әлі бір жүйеге түспеген көкейкесті мәселе екені белгілі. Кез-келген дамыған мемлекетте тілдік саясат өз мемлекетінің ұлттық тілін құқықтық, әлеуметтік, саяси идеялогиялық жақтан қорғап бақылап отырады, тілдік ситуацияны реттеп отырады. Сөздің көркемдігі –

қабылдаушыға когнитивті-ассоциациялық, эстетика-стилистикалық қызмет атқарады. Сөздің көркемдікке құрылған мәні адам санасына ерекше стилистикалық әсер тудырады. Сөз көркемдігі – коммуникативті актіде «тыңдаушыға әсер ететін» образды сөздер топтамасы. Айтушының сөзіндегі көркемдік қасиеттің көп болуы коммуникативтік актіге қатысушылардың прагматикалық масқатының сәтті орындауына ықпал етеді – деп Д.Әлкебаева сөз мәдениетінің басты қасиеттерін атап өтеді [4, 103-122 б].

Сыпайылық – ізеттілік пен тәрбиенің, жылы лебіздің нышаны. Сондай-ақ, тілде адамдардың өзара қарым-қатынасын реттеп отыратын және олардың шынайылық деңгейін анықтайтын, әдепсіздік пен дөрекілікті шектейтін адам мінез-құлқына тән ізеттілік, инабаттылық, кішіпейілділік, қарапайымдылықтың, т.б. жиынтығы ретіндегі философиялық, этикалық ұғым боп саналады. Көбінесе жұртшылықтың біразы дерлік, сыпайылық дегенді «коммуниканттың мәдениетті сөйлеуі» деп қабылдайды. Сыпайылықтың барысында адамдар арасындағы байланыс үзілмейді. Сыпайылық әлеуметтік-лингвистикалық құбылыс болғандықтан да, оның өзіне тән қарым-қатынастық вербалды, бейвербалды амалдары бар. Мұндай амалдар қарым-қатынас кезінде тілдік амалдармен қатар қолданылып, сөйлеуді жеңілдетеді. Бейвербалды амалдардың мынадай үш түрлі атқаратын қызметі айқындалды:

- қарым-қатынас кезінде бейвербалды амалдар вербалды компоненттерді қайталай отырады;
- бейвербалды амалдар кейбір вербалды компоненттерді жартылай алмастырады;
- бейвербалды амалдар вербалды компоненттерді жартылай алмастыра алады.

Вербалды және бейвербалды қарым-қатынас амалдарын көрсету негізінде сәлемдесу және қоштасу амалдары қарым-қатынастың екеуіне де тән амалдар екені айқындала түсті.

Вербалды тілдер ерекшеліктеріне байланысты бір-бірінен ажыратылатындығы сияқты бейвербалды амалдар да ұлттық-мәдени айырмашылықтарына байланысты бір-бірінен ажыратылып отырады. Мұндай амалдар барлық халыққа тән болғанымен, әр ұлттың амалдар жүйесі әртүрлі болып келеді. Бұл айырмашылық сол елдің дүниетанамының, тұрмысының, халықтың таным-түсінігінің басқалығымен сипатталып отырады. Мұндай амалдар әр халықтың ұлттық-ментальдық ерекшеліктерінің белгісі болып табылады.

Сыпайылық – тілдің бір бөлшегі, шағын жүйесі болғандықтан жоғарыда айтылған амал, қарым-қатынастың бәрі сөйлеу этикеті арқылы жүзеге асырылып отырады. Демек, вербалды және бейвербалды қарым-қатынас амалдары сөйлеу этикетінің құрамдас бір бөлігі болап табылады. Сөйлеу этикеті – адамдар арасында байланыс орнату үшін жұмсалатын, сол байланысты жалғастыра беру мақсатында қолданылатын ұлттық ерекшелігі бар стереотипке айналған сөздер мен тұрақты сөз орамдары болып табылады.

Сөз этикетіндегі негізгі ерекшеліктің бірі – кез-келген тілдегі этикет тілдік бірліктердің белгілі бір дәрежеде стандартталуы. Кез-келген тілде амандасу, қоштасу, рахмет айтудың қалыптасқан стандарт түрлері бар. Олардың жас, жыныс т.б. ерекшелігіне қарай белгілі бір формасын қолданғанмен әр адам, я автор амандасу, қоштасу, рахмет айту формаларын өздері таппайды. Сөз этикетінің өзіне тән арнаулы қызметтері болады. Олар негізінен, зерттеушілердің көрсеткеніндей, қарым-қатынас жасаушылардың арасында байланыс орнату, қарым-қатынасты реттеп отыру, сыпайылықты білдіру, көңіл күй көтеру қызметтерінде жұмсалады. Жалпы адамзатқа тән этикет нормалары кез-келген халықтың мәдениетімен, салт-дәстүрімен, әдет-ғұрпымен ұштасып жатады. Дегенмен, әр халықтың өзіндік ерекшелігі, ең алдымен, ол елде нормаға айналған этикет формаларынан бірден байқалады.

Қорыта келгенде, сыпайылық қарым-қатынас амалдарының бәрі сөз этикеті барысында көрініс табады. Сыпайылық – адамдардың қарым-қатынасы аясында жұмсалатын этикалық ұғым болып табылады. Адам баласы табиғатында темірдей төзімді, гүлдей нәзік. Сондықтан айтылған бір ауыз сөзбен кісіні ренжіту де, қуанту да оңай. Сөз қуаты шексіз. Не бір сөз асылын айтпағанның өзінде, күнделікті қатынаста жүрген сыпайылық сөздердің қолдануында қаншама қыр-сыр жатыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. – Алматы: Мектеп, 1984. –107 б.
2. Алпатов В.М. Категории вежливости в современном японском языке. – Москва: Наука, 1973. –190 с.
3. Оно Масаки, Ямаока Масаки, Макихара Цутому. Коммуникация және этикет формулалары. – Токио: Мейдзи, 2010. –248 б.
4. Әлкебаева Д.А. Сөз мәдениеті. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. –196 б.

МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ ПОЭТИКАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ РУХ ИДЕЯСЫ

РУСТЕМБЕКОВ М.К.

М.Х.Дуллати атындағы Тараз өңірлік университеті,
Мәдениет және өнер кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.м.
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье анализируется национальный дух в поэтике Мукагали Мақатаева.

Summary. The article analyzes the national spirit in the poetics of Mukagali Makatayev.

«Мен ХХІ ғасырдың құрдасымын» деп алаштың ақиық ақыны Мұқағали Мақатаев өзі айтқандай, міне, қаламгердің жауһар жырлары қазақтың бүгінгі ұрпағының асыл кенішіне айналды. Биылғы жылы қазақ халқының сүйікті ақыны Мұқағали Мақатаев 90 жасқа толып отыр. Алаштың аяулы ақыны тәуелсіздікті көрген жоқ. Бірақ, тәуелсіздікті аңсады, сол ұлы күн елінің еншісіне тиетініне шүбәсі де болмаған. Ақын қаламынан туған төл шығармалардың тілін зерттеп, ғибрат сөздерін талдап, оны оқырман халыққа жеткізуіміздің өзі – ақиық ақынның есіміне құрмет, мерей тойына сый іспеттес.

М.Мақатаев – күллі жан-дүниесімен ұлттық. Поэзиясының композициясындағы органикалық функциясы қазақы қалыппен қалықтап отырады. Поэзиясының тілі жеңіл, әсем, сазды, үйлесімді әрі дәл. Сондықтан да афоризмге айналып жатқаны қанша ма? [1, 3 б.].

Поэзия дегеніміз өлеңшілдік емес, ол алуан түсті әрі әсем, әрі поэтикалық орамдағы тілдік бояулар. Мұқағали поэзиясында осы бояулардың молдығы соншалық, оның жырлары жадыңнан өшпей қалады. Оның өлеңдерінде жойқын эмоция мен сөздер экспрессиясының қуаттылығы басым. Қай өлеңін алып қарайық, олардың әрқайсысы өзіне тән үйлесім тапқан. Ақын туған халқының ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеті үлгілерінен мол сусындаған, өзгеше өнеге алған, оның өлеңдері халықтық ұлттық сипаты да айқын, дәстүрге өз жаңалығын қосып, сөз өнерін байыта білген. Ақын поэзиясында өмір құбылыстарын көз алдына қаз – қалпында еш қоспасыз түрлі әдістерді қолдана отырып, көркем суреттейді. Адамның не заттың, не табиғат құбылыстарын сөз арқылы ерекшелендіріп, белгілерін анық көз алдына елестететін тіл.

Академик Л.В.Щерба «Көркем шығарманы түсіну үшін тар тілдік шеңберде қалуға да, немесе тек интуицияға сүйеніп шығарманың идеясы туралы жайдақ пікір айтуға да болмайды» – деп түсіндіреді [2, 97 б.].

Ақын өлеңдеріндегі фонетикалық, лексикалық, грамматикалық құрылымдар жүйесін бір-бірінен бөліп жармай, тұтас байланыстыра отырып, ақын идеясын, өлеңнің тақырыбын, кейіпкер бейнесін ашуда тілдік бірліктердің қызметіне талдау жасап көрейік. «Өмір жайлы» өлеңіндегі негізгі екі образ – қарт пен жесір келін.

Өмір жайлы сұрай берме сен менен,
Өмірді мен әлі зерттеп көрмеп ем.
Өмір жайлы білгің келсе қартқа бар,
Қан майданнан жалғыз ұлы келмеген.
Жесір келін бір нәресте көрмеген,
Жетім шалды бала орнына тербеген.
Өмір жайлы не түсінемін мен деген...
Өмір жайлы білгің келсе қартқа бар,
Өміріне кегі кеткен, өлмеген,
Жалған айтып танылғанда көлденең,
Ақиқаттың аппақ туын бермеген.

Содан сұра, содан сұра өмірді,
Нені көрді, нені сезді, не білді.
Неге ақылды ақымақтан жеңілді,
Біреу жылап, біреу неге көңілді?
Содан сұра, содан сұра өмірді [3, 68 б].

Мұнда ақын идеясының бар жүгін көтеріп тұрған контраст мағынадағы *жетім шал, жесір*

келін. Жетім сөзі метафора түрінде қолданылған, өйткені бұл сөз әке-шеден айырылу мағынасында қолдану болса, ал бұл тіркесте логикалық сәйкессіздік байқалады, яғни шалдың сүйеусіз, панасыз, дәрменсіз, жалғыз қалғанын әсерлі, бейнелі түрде жеткізеді. Жетім шалдың сүйенері – жесір келін. Ал жесір келіннің сүйеніші – жетім шал. Контраст мағынадағы жетім-жесір сөздері бірінші шумақтың негізгі арқауы.

Осы шумақтағы қарт образы (*жалған, ақиқат, айыптау, кегі кеткен, өлмеген*) лексикалық және контекстік антонимдер арқылы ашылған. Үшінші шумақтағы риторикалық сұрақтар арқылы берілген өлең жолдарында *өмір* деген сөздің мән-мағынасы ашылады. Тілдік композициялық құрылымы ерекше болып келген бұл өлеңде сұраулы сөйлемдердің келуі жиі. Соңғы шумақта үш түрлі сұрау берілген. Сұраудың шешімін табу үшін ақын қартқа жұмсауды. Алғашқы екі шумақтағы *қарт* сөзін шығыс септігіндегі сол есімдігімен алмастырады. Мағынасы жағынан сілтеу есімдігі болса да, үшінші жақта қолданылып нақтылық сипат алған.

«Үнсіздік» өлеңінде *үнсіз* сын есімі бірнеше рет қайталанып өлеңге айрықша мағыналық, эмоционалдық, экспрессивтік реңк береді.

«Сіз» – есім сөздерден болымсыздық мағына беретін туынды сын есім жасайтын өте өнімді жұрнақтардың бірі. Сын есімнің бейнелік қасиетін көрсету үшін өлең мәтінін толық келтірейік.

Бәрі де үнсіз

Үнсіз аспан, үнсіз жер.

Үнсіз орман, үнсіз таулар, үнсіз көл,

Мен де үнсізбін, дәрменім жоқ

Үнсіз кеуде, үнсіз жүрек дүрсілдер,

Бәрі де үнсіз...

Бәрінде бір сұрақ бар.

Үнсіз ауыл

Үнсіз жанып тұр оттар.

Үнсіз зират ұйықтап, үнсіз қыратта,

Үнсіз ағып бара жатыр бұлақтар.

Неге үнсіз?

Не көрінген бұл маңға?

Үнсіз күзде үнсіз тірлік тынған ба?

...Бір машина үнсіз аңыз үстінен,

Үнсіз зулап бара жатыр қырманға...

Ақынның осы бір өлеңдегі қайталанып қолданылған *үнсіз* сын есімінің стильдік бояуы айқын. Оған жалпылық ұғымды білдіретін зат есімдердің – аспан, жер, орман, көл, кеуде, жүрек, ауыл, оттар, зират, қырат, бұлақтар, күз тіркесіп келуі тұтас дәуір бейнесін жасаудағы тіл мүмкіншілігін көрсетеді. Осы өлең жолдарынан дыбыстардың белгілі бір үнмен топтасуын байқаймыз.

Үнсіз ауыл

Үнсіз жанып тұр оттар.

Үнсіз зират ұйықтап, үнсіз қыратта,

Үнсіз ағып бара жатыр бұлақтар.

Өлеңінің тілдік композициялық құрылымында сұраулы сөйлемдердің берілуі мәтінге айрықша салмақ артады. Ақын үнсіздіктің сырын ашу үшін бар әлемге жар салады. Шешімі жұмбақ сұраулардың (Неге *үнсіз*? Не көрінген бұл маңға? Үнсіз күзде *үнсіз* тірлік тынған ба?) жауабын кімнен сұрарын білмей жаны толқып, жүрегі тебіренеді.

Бұл сонау тоқырау жылдарында жазылған өлең. Кейде жанды дүниенің өзі ақынға үнсіз мылқау күйінде қабылданады (*Үнсіз* кеуде, *үнсіз* жүрек). Осындағы *үнсіз* сын есімі арқылы ақын біраз ойлардың сырын ашады. Үнсізді бір, екі рет қана қолданса, өлеңнің қуаты осыншалық арта түспеген болар еді.

Ақынның ішкі жан айқайы мүлгіген тыныштықпен астасып жаты. *Үнсіз* – сын есімі мағыналы, бейнелі, астарлы, стильдік қуаты басым, әсерлі күшті қолданыс болып табылады.

Ақын «Қайран жеңгем» өлеңінде бір құбылысты, нәрсені суреттеу барысында, өзгеше белгілерін көрсетпей-ақ, оны екінші нәрсемен салыстырып суреттеуде теңеуді өте ұтымды қолданған.

Қас-кірпігің қарлығаштың қанатындай қап-қара,

Үлбіреген жүзің сенің ақ жібек пе, мақта ма?

Сенің көзің түпсіз терең тұңғиықтан жаралған

Күлкің қайда күмістей сыңғырлаған?

Жүзің неге ымырттай тұнжыраған?

Келтірілген өлеңдердің үзінділері арқылы екі нәрсенің кеңейтіп нәрсемен теңелетін нәрсенің сыртқы ұқсастығы болғандықтан теңелгені көрінеді. Тек сыртқы жағы емес, оның түпкі қызығы ақынның көздеген мақсатымен байланысты болып тұрғандай.

Ақын бұл жерде «қанат» сөзіне – дай жұрнағын қосу арқылы теңеуді білдіріп тұр, қас кірпігін қарлығаштың қанатындай, - деп қаралығын, түсін білдіріп тұр.

«Күмістей, ымырттай» күмістің сыңғырындай ерекше үнге теңесе, күннің батуы, сәл қараңғылық басуы көңіл-күйінің болмайтынын айтып тұр. Әрі қарай жеңгесінің бейнесі айқындала түседі. Өлеңнің мына екі жолына көңіл аударсақ:

Талайлардан кетуші ең аттап өтіп,

Талайларды жүруші ең таптап өтіп.

Синтаксистік қатарға құрылған осы жолдарда терең мағына, сурет жатыр. Өр мінезді, тәкәппар, еңбекқор, ештеңеге мойымайтын, қажымайтын жеңге көз алдымызға келеді. *Аттап өту, таптап өту* етістіктері өлеңге қуат, күш беріп тұр. *Аттап өту* жай қимыл болса, *таптап өтудің* әсері күшті, ештеңені, ешкімді керек қылмай басып жүре беру.

Өлеңнің соңғы шумағындағы ой бұдан бұрын айтылғандарды жинақтап, нақтылап тұжырымдайды:

Сағынып жүрсің бе әлде, қадірлім-ай,

Баяғы жастығыңды майданда өлген?...
Соғыстың зардабы әркімге де оңай болған жоқ, өміріне сызат түсірмей қойған жоқ.

Өлеңнің әрбір шумағы риторикалық сұраулы сөйлемдермен берілген. Өлең жолдарында қайдан, неден, қалай, қайда, неге, кім, қалайша деген сұрау есімдіктерімен жасалған. Өлеңде сұрау есімдіктері тек сұрақ ретінде ғана емес, өлеңге айрықша реңк, әсер беру үшін жұмсалып тұрғанын байқауымызға болады. Сан сұрақтың шешілмес құпия жауабын іздеп, неге, неге деген сауал санаңда онығып қалады. Ақынның таланты тек сөзден сурет жасауында ғана емес, оқырманға санасына ой салып, жүргегін толғантуында.

Алайда, оның туған жер, туған халқына деген сүйіспеншілігі, трагизмге толы тағдырының кез келген соққысына төтеп берген қуатты рухы күрескерлігін тізгіндеп тоқтата алған жоқ. Хас таланттың кез келгені барға мәз, мақтанға мас, айналасындағы керемет пен ноқайлыққа немқұрайды, келеңсіз құбылыстарға қарсылықсыз, көнбіс, көнгіш бола алмайды. Мұқағали айтады:

Қапыда кейде қан құсып,

Қасқырмын дедім, Қасқырмын!

Кеудеме мына нан пісіп,

Басыммен барып тасты ұрдым!

Рухтың мықты болуы – ішкі әлемнің мөлдірлігіне байланысты. Небір құдыретті қасиеттің барлығының бастау көзі, сол мөлдір әлемде. Мөлдір әлемі жоқтардың кеудесі толған кекшілдік, кесірлік, өлермендік, өзімшілдік, қызғаншақтық, көреалмаушылық. Сосын да Мұқағали:

Міне, тағы ашу-ыза алқымыма тығылды,

Ақылымның есігінен аттай бере жығылды.

Көлдей тұнық көңіліме қоқыс тастап лайлап,

Кей пенделер қайнатады-ау, қайнатады-ау зығырды, - деп күйзеледі.

Ұлы сыншы В.Белинский айтады ғой: «Поэзиядағы ой – пәлсапа айту, силогизм емес. Бұл тұнған шаттық, қуаныш, мұң, қайғы, жан айқайы», – деп.

Ұлыларда ұқсастықтар көп. Мәселен, қазақ жырының өрен жүйрігі Сүйінбай бабамыз сонау бір кезде қырғыздың Қатаған ақынымен айтысып, сөз сайысы кезінде алаштың үш жүздік шежіресін ұлттың ерекшелігі ретінде талдап көрсеткені қандай керемет! Бар қазақты бір қазақ көріп еміренген еді. Сөйтіп, қырғыз ақынын мысын басып жеңген болатын. Ал, арада ғасыр өткенде Мұқағали «Алатау-Алтай-Атырау» деп қазақ даласының әр пұшпағын туған Қарасазындай құшағына алып тебіренгені – бәлкім, Сүйінбай рухының жаңғыруы шығар деп топшылаймыз. «Нағыз ақында ру болмайды, оларда тек ұлт болады» деген теңеулер осындай сипаттарға қаратылып айтылған болуы керек.

Мұқағалидің күркіреп келген көктемін, жадыраған жазын, күрең күзін, ақиқөз ақпанын ешкімнің мезгіл-маусымымен шатастырмайтынымыз анық.

Сан ғасырлар бойы біздің еліміздің ұланғайыр кеңдігіне, жерінің аса мол байлығына «көзін тігіп» қызығушылардың қилы-қилы есепсіз шабуылдарына тойтарыс беру майдандарында әр сүйем жер үшін аянбай айқасқан қайран бабалар-ай! Мұқағалидің «Қазақ жері» деген өлеңіндегі:

«Пай! Пай! Пай!

Киелі неткен жер!

Батырлар дүрілдеп төккен тер,
Ғашықтар бір-бірін өпкен жер.
Бас иіп, иіскеп топырағын,

Тағзым жасамай өтпендер!» дегендей, бабалар рухына бас ию – үлкен парыз.

Мұқағали Мақатаев көзі тірісінде сан мәрте жырлаған туған өлке табиғатын, шынында да, өз көзіңізбен көру бір ғанибет екен. Мұндағы қоршаған әсем табиғатқа көз салып тұрып, әйгілі шығыстанушы ғалым В.В.Радловтың «Маған бүкіл қазақ даласы ән салып тұрғандай болады» деген сөзін еріксіз еске аласыз.

Ақын өз күнделігіне: «Бүкіл менің жазғаным – бары-жоғы бір ғана бүтін поэма. Адамның өмірі мен өлімі, қасіреті мен қуанышы туралы поэма. Егер нанбасаңдар, барлық өлеңімді жинап, бір жинаққа топтастырып көріндерші. Естеріңде болсын, әрбір өлеңім өз орнында тұрсын» – деп жазыпты [4, 5 б.]. Қазақтың классик ақыны Мұқағали Мақатаевтың шығармасын түбегейлі зерттей қойған жоқпыз. Сондықтан әлі оның оқырманға құпия, жұмбақ тұсы толып жатыр.

Ақын жырларының ескірмейтін тілдік құпиясын, өзі өмір сүрген дәуірдің «жалғыз желкені» Мұқағали Мақатаевтың жырларынан іздегеніміз жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Хан тәңірінің мұзбалағы. Ақ жол. 8 ақпан 2011 жыл. – 3 б.
2. Щерба Л.В. Избранные работы по русскому языку. – М., 1957.
3. Мұқатаев М. Аққудың қанатына жазылған жыр (Өлеңдер, поэмалар, аудармалар). – Алматы: «Шартарап», - 2001. – 352 бет.
4. Ерекше тағдыр иесі. Егемен Қазақстан. 8 ақпан 2011 жыл. – 5 б.
5. Сыздық Р., Шалабай Б., Әділова А. Көркем мәтінді лингвистикалық талдау. – Алматы. «Ғылым», 2002. – 71б.

ӘОЖ 811.81.031.

ТІЛ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

БАБАШОВА Х.Р.

М.Х.Дулата атындағы Тараз өңірлік университеті, қазақ тілі және әдебиеті мұғалімдерін даярлау мамандығының 4 курс студенті, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматриваются пути формирования культуры речевого общения учащихся в новой системе образования.

Summary. The article considers the ways of forming the culture of speech communication of students in the new education system.

Тіл – адамдар арасындағы қарым-қатынас құралы. Адаммен бірге пайда болатын тіл адаммен бірге өзгеріп дамиды. Қазіргі кезде мектеп оқушыларының тіл байлығы өте тапшы. Өз ойын дәл жеткізіп бере алмайды, жазбаша сауаты нашар, тіл тазалығы мен тіл мәдениетіне қатынасы талапқа сай емес. Сондықтан «баланы бастан» деп халқымыз айтқандай, баланың мектепке келген алғашқы күнінен бастап, тіпті отбасында тіл тазалығына, сөйлей білуге, ойды жинақтап айта білуге дағдыландыруымыз керек.

Осы орайда, елбасы еліміздің білім саласының жаңаша жағдайыда әр педагогтің жаңа перспективалық міндеттерін Президенттің «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» жолдауында Білім беру ісінің 4К моделі: креативтілік, сыни ойлауды, коммуникативтілікті дамытуға және командамен жұмыс істей білуге басты назар аудару қажет деген [1].

Оқушы дұрыс сөйлеп, сауатты жазу үшін, ең алдымен, қазақ тілінің заңдылықтарын үйреніп, айтылмақ ойды ауызша да жазбаша түрде дәл әрі айқын етіп жеткізе білу талабы қойылады. Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарында: «Қазақ тілі пәнін оқытудың мақсаты – ана тілінің қоғамдық әлеуметтік мәнін түсінген, тілдің қызметін жүйелі меңгерген, қарым-қатынасы біліктілігі дамыған сөз мәдениетінің талаптарына сай

іскерлікті меңгерген дара тұлға даярлауға мүмкіндік туғызу», – деп анықталады. Осыған орай қазіргі кезде қазақ тілі пәнінің мазмұнына стилистика және тіл мәдениеті мәселелерін оқыту қамтылған.

Жалпыға міндетті стандартта бұл мәселелер одан әрі дамытыла түсетіндігі туралы айтылады: «Соңғы жылдары отандық және әлемдік тәжірибеде тілші, мәдениеттанушы ғалымдардың лингвокультурологияның арнайы ғылым саласы негізінде зерттей бастағаны белгілі. Бұл саладағы тұғырнамалық тұжырымдарды басшылыққа ала отырып, болашақта «Сөз мәдениеті» курсының мазмұны да толықтырыла түсетіндігін айтады [2]. Демек, бұл зерттеп отырған мәселеміздің өзектілігін анықтайды.

Қазақстан Республикасының «Тілдер туралы» Заңында: «Тіл – ұлттық аса ұлы игілігі әрі оның өзіне тән ажырағысыз белгісі, ұлттық мәдениеттің гүлденуі мен адамдардың тарихи қалыптасқан тұрақты қауымдастығы ретінде ұлттың өзінің болашағы – тілдің дамуына, оның қоғамдық қызметінің кеңеюіне тығыз байланысты» делінген [3].

Тіл лингвистикалық нысан ретінде екі жақты болып көрінеді. Яғни тіл және сөз аражігі мәселесі кейінгі кезде Б.Н.Головин, М.Н.Кожина, А.Н.Кожин, О.А.Крылова, В.В.Одинцов сияқты бірқатар зерттеушілердің іргелі еңбектерінен көрініс тапты. Бұл авторлар тіл мәдениеті мәселелерін сөйлеу әрекетіне тиесілі деп есептеді. Ал сөйлеу әрекетіне байланысты лингвистиканың өзі тілді қай тұрғыдан зерттейді деген мәселе әлі күнге нақты емес.

Сөйлеу мәдениеті, алдымен, әдеби тілдің грамматикалық, лексикалық, стилистикалық, орфоэпиялық нормаларын меңгеру, сонымен бірге бейнелеуіш, көріктеуіш амал-тәсілдерді қарым-қатынас жасаудың мақсаты мен мазмұнына сай етіп қолдана білу дегенді білдіреді.

Сөйлеу мәдениетін дамыта оқыту үшін, олардың бойында тіл мәдениетінің мынадай қатысымдық сапалық қасиеттерін игертуді міндеттейді: «Сөз мәдениетінің негіздерін таныту, сөз әдебінің қарым-қатынас түрлерімен байланысы жайлы, шешендік сөз табиғаты туралы мағлұматтар бере отырып, оқушылардың сөйлеу мәдениетін жетілдіру, тілді әлеуметтік қызметіне сай орынды жұмсай білуге үйрету, интеллектуалдық, коммуникативтік қабілеттерін арттыру», – деп көрсетеді [3].

Демек, «қазақ тілі» пәнінің негізгі мақсатының бірі – оқушылардың тіл мәдениетін жетілдіре оқыту болмақ. Сондықтан біздің зерттеп отырған мәселеміздің өзектілігі жоғарыдағы айтылған пікірлермен анықталады.

Осыған байланысты мынандай міндеттер қойылады:

1) сөйлеу мәдениетінің ғылыми-теориялық негіздерін белгілеу;
2) сөйлеу мәдениетін қалыптастыру жұмысының мазмұнын, көлемін және оның жүйесін нақтылау;

3) сөйлеу мәдениетінің білім, білік, дағдыларын және оның қалыптастыру мен дамыту жолдарын көрсету;

4) оқушылардың тілдік норма туралы түсінігін кеңейтіп, олардың тілдік қателерін жіктеу және оны болдырмаудың әдіс-тәсілдерін саралап, сөйлеу мәдениетінің қалыптасу деңгейін көтеру;

Сонымен қатар, мектеп оқушыларының сөйлеу мәдениетін дамытуда мынадай жағдайларды басшылыққа алғанда тиімді болмақ:

- оқушылардың тіл мәдениетін дамытуды лингвистикалық, психологиялық, педагогикалық ғылым негіздеріне сай, мақсатты, жүйелі, жоспарлы жүргізілсе;

- сөйлеу әрекетіне жаттықтыру барысын қатысымдық іс-әрекет негізінде ұйымдастырылса;

- тіл мәдениетінің талабына сай ой жүйелілігін, тіл тазалығы, сөйлеу орындылығы, сөз қолдану дәлдігі тұрғысынан мәтінмен жұмыс жасау әдістерін түрлендіре жүргізілсе.

Көпшіліктің алдына шығып сөйлеуге қалай дайындалу керек. Сөз өнерін меңгеру – өзімен көп жұмыс істеуді және сөйлеудің үлкен тәжірибесін қажет ететін ұзақ үдеріс. Сөйлеуге күнделікті дайындалу, өзінің сөз шеберлігін күнделікті жетілдірудің маңызы зор. Күнделікті дайындық – бұл ғылымның, техниканың, өнердің әртүрлі салаларынан жаңа білім алу және бір мезгілде сөйлеу техникасын меңгеру, сөйлеу мәдениетін арттыру.

Қазіргі кезде мәдениетті сөйлеуге дайындалудың мынадай кезеңдері қарастырылады:

- тақырыпты таңдау және мақсатты бағдарды анықтау;

- материалды іріктеу, оны зерделеу және талдау;

- сөйлеу жоспарын әзірлеу;

- композицияға жұмыс істеу;

- сөйлеу мәтінін жазу.

Көпшілікке сөйлейтін сөздің әмбебап ережесі жоқ. Әрбір адам өзінше қайталанбас бірегей шешен. Тыңдаушылардың құрамына қарай, сөйлеушінің алдында тұрған тақырыпқа, міндет пен мақсатқа қарай сөйлеу композициялары өзгеріп отырады.

Көпшіліктің алдында шешен сөйлеу үшін арнайы біліктіліктер мен дағдыларға ие болуы тиіс. Шешен сөйлеу дағдыларына мыналар жатады:

- қажетті әдебиетті іріктеу және зерделеу дағдысы;
- жоспар жасау дағдысы;
- сөйлеу мәтінін жазу дағдысы;
- сөйлеу барысында өзін-өзі ұстау дағдысы;
- уақытқа бейімделу дағдысы.

Алынған дағдылардан төмендегідей біліктілік қалыптасады:

- сөз сөйлеуді дербес дайындауды;
- материалды анық және сенімді беруді;
- тыңдаушылардың сұрақтарына жауап беруді;
- сыныппен байланыс орнату;
- техникалық, аудиобейне құралдарын, көрнекілікті т.б. қолдану.

Егер де сөйлеушінің қандай да бір дағдылары мен біліктілігі болмаса, онда оның сөзі тиімсіз болуы мүмкін.

Бүгінгі таңда жалпы білім беретін мектептің басты мақсаты – дара тұлғаның дамуына мүмкіндік жасау болса, сол тұлғаның басты көрсеткіші – сөйлеу әрекетін еркін меңгеруі, өз ойын ашық айта алуы ғана емес, сонымен қатар оның өзіндік сөйлеу стилінің болуы мен жан дүниесінің байлығы. Басқаша айтқанда ана тілі мен әдебиетін оқытуды нәтижеге бағдарлау, яғни, түпкі мақсат – тілдің грамматикасын меңгерту емес, оқушының грамматикалық ережелерді сөйлеу әрекетінде дұрыс пайдалана алуы, сөз мәдениетін меңгеруі, талғамы биік оқырман болып шығуы.

Тіл – таным құралы, тіл арқылы адам дүниені танып біледі, барлық білімді сол арқылы игереді, ендеше ана тілің оқытатын мұғалім тілге ұлттық ділдің бірден-бір тетігі, тірегі, діні деп қарауы керек. Яғни, тілдің оқытылу сапасың түпкі нәтижеге бағыттауы оқу жұмысының өзегі деп танып, сол талап деңгейінде оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастырғаны жөн. Осыны ескере отырып өз тәжірибемізде оқушының танымдық практикалық дағдыларын дамытуға, түпкі нәтижесінде олардың өмірге қажетті біліктіліктерін қалыптастыруға керекті білім мен тәрбие беруге тырысамыз.

Сондай-ақ, тіл, әдебиет сабақтарын ұлттық-мәдени құндылықтардың ажырамас бөлегі бетінде меңгертуге, бұл пәндердің дүниетанымдық, тәрбиелік мақсаттарды жүзеге асыру мүмкіншіліктерін кеңінен пайдалануға үнемі күні бөлеміз. Ана тілі мен әдебиеті пәндерін оқушының логикалық ойлауын, әрқайсысының жеке дарының, қабілеттерін дамытудың тетігі ретінде қолдану да назардан тыс қалмайды.

Пәннің тек ғылыми жүйесін меңгертуден арылудың негізгі жолдарының бірі – оқушының сөйлеу іскерліктерін дамытатын жұмыстарға басымдық беру. Оны жүзеге асыру үшін сөзсіз, күнделікті жұмыста жана технологияны пайдаланып отыру керек. Әдебиет сабақтарында әсіресе, пікірталас, пікір сайыс, айтыс сияқты жұмыс түрлерін ұйымдастыру арқылы оқушылардың сөйлеу іскерліктерін жүйелі дамытып отыруға болады. Әрине, оқушылардың жас ерекшелігі, білім деңгейлері ескеріліп отыруы керек.

Әдебиетті оқытуда да басқа жұмыс түрлері көптеп пайдаланылады. Жыраулар поэзиясы, айтыс, шешендік сөздер сияқты тақырыптарды түпкі нәтижеге бағыттап оқыту оқушыларды ұлттық құндылықтарды игеруге, жалпы дүниетанымын кеңейтуге, жан-жақты дамыған рухани бай тұлға қалыптастыруға мол мүмкіндік береді.

Тұжырымдай келе, бала тілінің дамуы өзі қарым-қатынас жасайтын ортасының ұйымдастырылуына байланысты, сондықтан баланы ең алдымен сөйлей білуге, қарым-қатынас жасауға жаттықтыру қажет. Оқу үдерісінде оқушының дұрыс, орынды сөйлеу мәдениетіне әр сабақта тереңірек көңіл аударатын болсақ, алдымызда отырған жас өспірімнің әдемі сөйлеу әдебі артып, пәнге деген қызығушылығы оянатыны анық. Тілдік тұлға мәселесі лингвоэкологиялық бағыттағы іргелі ұғымдардың бірі болып қала бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру. Қазақстан халқына жолдауы. 2018 жылғы 5 қазан.

2. Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары. – Алматы: РОНД, 2002. – 360 б.

3. Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы 1997 ж. 11 шілдедегі № 151-І Қазақстан Республикасының Заңы, 2008.

ӘОЖ 81.42 (075.8)

МӘТІН ЛИНГВИСТИКАСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

БАБАШОВА Х.Р.

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, қазақ тілі және әдебиеті мұғалімдерін даярлау мамандығының 4 курс студенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В данной статье анализируется стилистическая функция текста

Summary. This article analyzes the stylistic function of the text

Мәтін – адамның қоршаған ортамен қарым-қатынасын білдіретін ең жоғарғы коммуникативтік бірлік. Мәтін – ойды жеткізудің құралы. Мәтін арқылы қоршаған ортадағы шындықты танып біле аламыз. Көркем әдебиет тілі қазақ тілінің өзге де функционалдық стиль түлерінен ерекше эстетикалық қызметімен ажыратылады: сөйлеу тілі коммуникативтік функция қызметін жүзеге асырса, ғылыми және ресми тіл баяндау, хабарлауды, ал көркем әдеби тіл стилі оқушы мен тыңдаушыға эмоционалды, бейнелі, яғни эстетикалық әсер ету функциясын атқарады. Көркем шығарма тек талданып қана қоймайды, сонымен қатар ішкі жандүниеміз арқылы эмпирикалық сезімде өткен оқиға ретінде әртүрлі деңгейде қабылданады, сондықтан көркем шығарма тілі айналадағы әдемілікті, ондағы қайталанбас ғажап құбылыстарды суреттеу арқылы эмпирикалық сезімге әсер етеді. Ғылым қара сөзбен жазылып, адамның логикалық, когнитивтік, креативтік қабілеттерінің қалыптасуына ықпал етеді, оқушыны білсем, көрсем, ұғынсам деген ізденуге жетелейді. Ғалымдар ұғыммен ойланады, оны сараптайды, ал жазушылар мен ақындар образдар арқылы қиялданады. Біріншісі – ақылға салып талдайды, дәлелдейді, ғылым нәтижесін ұсынады, ал екіншісі – бейнелейді, көрсетеді, сөзбен сурет салады.

Көркем шығарма мәтінін зерттеу – филологияның маңызды міндеттерінің бірі, бұл мәселе көптеген отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты қарастырылды, өйткені мәтін – әдебиеттанудың да, тіл білімінің де негізгі зерттеу нысаны болды. Бұл пікір филология ішінде көркем мәтінді талдаудың әдебиеттанымдық және лингвистикалық аспектілерін айқындайды: мәтінді әдебиеттанымдық талдау көркем әдеби туындылардың тақырыптық-идеялық мазмұнын зерттеуге, сонымен қатар оның жанрлық және композициялық ерекшеліктерін қарастыруға бағытталған болса, ал көркем мәтінді лингвистикалық анализ жасау мәтіннің стильдік және стилистикалық өзіндік ерекшеліктерін қалыптастыруда қызмет атқаратын тілдік құралдарды зерттеуге негізделді. Бұл мәселеге қатысты ғалым Л.Г.Бабенко: «Әдебиеттану мен лингвистиканың бұл қарама-қайшылығы көркем мәтінге анализ жасаудың екі бағытында көрініс тапты: біріншісі – мәтіннің тақырыптық-идеялық мазмұнын жүзеге асыратын сөзден мазмұнға бағытталған жол, ал екіншісі – тілдік құралдардың мәтіннің тақырыптық-идеялық мазмұнындағы қызметі мен рөлін анықтау мақсатындағы толыққанды анализіне бағытталған жол» - дейді [1, 4].

Осылайша, көркем мәтінді талдауды әдебиеттанымдық және лингвистикалық аспектілерге бөлу филологиялық талдаудың бағыттарын айқындайды. XX ғасырдың екінші жартысында тіл білімінде орнаған пәнаралық мәселелер мен мәтінді филологиялық талдауда туындаған жағдайларға байланысты мәтін лингвистикасының филологиялық пән ретінде қалыптасуы бұл мәселелерді шешудің оңтайлы мүмкіншіліктерін ұсынды. Мәтін – әдебиеттанымдық, тілтанымдық, тарихи, мәдени, психологиялық, философиялық аспектілерден тұратын күрделі тілдік жүйе. Еліміздің жоғары оқу орнындарында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің болашақ мұғалімкелешек жас ұрпақты ана тілін практикалық деңгейде еркін қолдануға үйрету және тілдік құбылыстарды дұрыс түсіндіру үшін тіл теориясы жайлы терең де жан-жақты білім алуы тиіс. Бұған, көбіне, «Мәтін лингвистикасы» курсы септеседі, бұл пән Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының филология факультеттерінің оқу бағдарламасына енгізілген. Кезінде академик Л.В.Щерба болашақ орыс тілі және орыс әдебиеті мұғалімдерін орыс жазушыларының және орыс ақындарының көркем туындыларын оқып, түсініп, бағалауға үйретуде бұл курстың филология факультеттеріне қажеттігі жөнінде айтып өткен [2, 26].

Бүгінде мәтін лингвистикасы – ғылыми-теориялық және практикалық тұрғыдан жүйеленіп қалыптасқан лингвистика саласы, оқу пәні. Бұл лингвистикалық сала мәтін және оның құрылымын, категориялары мен тілдік бірліктерін, сондай-ақ көркем мәтінді құру, талдау, жүйелеу әдістері мен

тәсілдерін зерделейді. Мұнда мәтіннің өзіне тән мәні мен болмысы, ерекшеліктері, шындық болмыстың мәтінде бейнеленуі, мәтіннің түзілу ерекшелігі, оны қабылдаудың сипаты, мәтіндегі автор мәселесі және өзге де маңызды жайттар зерттеліп қарастырылады. Мәтін лингвистикасының қалыптасуы тіл білімі салаларымен (лексикология, семасиология, морфология, синтаксис, стилистика) бірге лингвистикалық емес ілімдермен (философия, логика, психология, этика) де байланысты.

Мәтін лингвистикасы тіл білімі саласында жиырмасыншы ғасырдың алпысыншы-жетпісінші жылдары пайда болды. Кезінде бұл сала Э.Бенвенист, В.Скаличка, С.И.Карцевский, В.Матезиус, Ш.Балли, В.В.Виноградов, З.Харрис сынды танымал ғалымдардың еңбектерінің негізінде қалыптасқан [3]. Ал М.Н.Кожина, В.В.Одинцов, Д.Н.Шмелеваның мәтіннің функционалды-стилистикалық ерекшеліктерін зерттеуге арналған еңбектері, сонымен қатар Г.А.Золотова, В.Матезиус, У.Чейф, М.Холлидейдің оқытудың негізгі теориясы жайлы еңбектері мен Е.С.Кубрякова, Л.Н.Мурзин, Е.А.Земскаяның деривация теориясы жайлы еңбектері мәтін лингвистикасының жетілуіне өлшеусіз үлес қосты.

Осы уақыт аралығында мәтін лингвистикасы жеке ғылыми пән ретінде қалыптасудың күрделі жолын өткерді. Қазіргі кезде оның зерттеу нысандары айқындалып, тілдік жүйе мен тілдік әрекет барысындағы мәтін құру заңдылықтары, мәтіннің негізгі тексттік бірліктері мен мәтін категориялары анықталды, мәтінді оның жанрлық және мәдени ерекшеліктері тарапынан қарастыру қажеттілігі жайлы негізгі ұғымдар қалыптасты. Мәтін – мәтін лингвистикасы мен оның практикалық курсының, мәтінді лингвистикалық талдау және әдебиеттанудың ортақ зерттеу объектісі. Дегенмен әдебиеттануға қарағанда мәтін лингвистикасының зерттеу аясы кеңірек, өйткені мәтін лингвистикасының зерттеу аясында тек көркем шығарма ғана емес, барлық сөйлеу шығармалары қамтылады және көркем мәтін мәтін тудырушы тілдік элементтердің комбинациясы тұрғысынан зерттеледі. Мұнда тілдік қарым-қатынас құбылыстары, олардың мәтін ішіндегі даму өрісі зерттеліп, мазмұндық тұрғыда тақырыптық-идеялық және эстетикалық деңгейде бейнеленуі, ал айтылымдық тұрғыда мәтін құрамындағы тілдік бірліктердің коммуникативтік қызметі зерделенеді. Бұл тұрғыда мәтін лингвистикасы әдебиеттану ғылымымен зерттеу нысандарының ұқсастығы мен ішінара ортақтығына орай ұштасады. Әдебиеттану ғылымы көркем мәтінді идеялық мазмұны, эстетикалық құндылығы, жанрлық ерекшеліктері, композициялық ұйымдастырылуы тарапынан қарастырады. Нақтырақ айтқанда, мәтін лингвистикасында тілдік талдау формадан мазмұнға, ал әдебиеттануда мазмұннан формаға қарай жылысады: тіл маманы көркем мәтінді көбіне тілдік талдаумен ғана шектелсе, яғни зерттеудің имманенттік әдісін қолданса, әдебиеттанушы негізінен мәтіннің тарихи, әлеуметтік, философиялық аспектілеріне экскурс жүргізеді, яғни көбіне зерттеудің проекциялық әдісін қолданады. Тіл білімінде мәтін, бірінші кезекте, оқырман (адресат) тұрғысынан, ал әдебиеттануда, ең алдымен, автор (адресант) тарапынан талданады.

XX ғасырдың жетпісінші жылдары тіл білімі саласында мәтін лингвистикасының құрылуы мен дамуы мәтіннен гөрі анағұрлым кең ұғым болып табылатын дискурсты зерттеуге бағытталған лингвистикалық функционализмнің қалыптасуымен байланысты еді. Ғалымдар мәтін лингвистикасы аясында тілдің грамматикалық құрылымын қарапайым сөйлемнен гөрі анағұрлым күрделі бірліктердің аясында зерттеуге тырысты. Мәтін лингвистикасының зерттеу нысандарын қарастыра келе, ғалым Л.А.Новиков көркем мәтінді лингвистикалық талдаудың зерттеу аясы тілдің қарапайым грамматикалық құрылымынан гөрі анағұрлым кең екендігін айтты. Мұнда тілдің эстетикалық қызметін көркем әдебиетті жасаудың бастапқы элементі ретінде зерттеу және көркем әдеби туындылардың композициялық құрылымын қарастыру тіл білімінің зерттеу құзыреттілігіне жатқызылған [4, 11]. Көркем туындыны толыққанды терең әрі жан-жақты түсіну үшін оқырманнан мәтінді талдау түрін жетік меңгеріп, оны ғылыми, мәдени сапада біршама жетік білуін қажет етеді. Бұл, өз кезегінде, әдеби шығарманың шынайы, көркем табиғатын тануға септеседі. Көркем әдебиет сөз арқылы жасалады, көркем ойды бейнелейтін тіл құралдарының эстетикалық қасиетін ашу, сыры мен сынын түсіну бағытында аз жұмыстар жасалған жоқ. Оның негізі А.А.Потебня, С.М.Пешковский, Л.В.Шерба, Г.О.Винокур, В.В.Виноградов сынды ғалымдардың еңбектерінен бастау алды. Кезінде академик Л.В.Шерба мектептер мен гимназияларда әдебиет пәнін оқытудың жайына көңілі толмай, өз сабақтарында әдебиетті талдаудың жаңа әдіс-тәсілдерін қолданған еді. Оны: «Әдеби шығармалардың идеялық және сонымен байланысты эмоциялық мазмұнын бейнелейтін тілдік құралдарды ашып көрсету» деп түсіндірді. Оның пікірінше, көркем мәтінді талдау әдістемесін тілшілер де, әдебиетшілер де бірдей дәрежеде меңгертуі тиіс. Өйткені көркем шығарма тілін түсіндіруді тар тілдік шеңберде қарастыруға, немесе шығарманың идеясы туралы интуитивтік жүйеде тек жайдақ пікір айтып ұғындыруға да болмайды. Көркем мәтін аяқталған біртұтас күрделі құрылым

ретінде қаралады. Оның эстетикалық тұрғыдан ұйымдасқан тілдік формасы мәтіннің идеялық және көркемдік мазмұнын бейнелейді. Осы салада еңбек еткен көптеген зерттеуші ғалымдар мәтіннің туындау және қабылдануы үшін маңызды экстралингвистикалық қасиеттерін зерттей келе, алынған нәтижелерді ескеріп, көркем мәтінді әдебиеттану мен лингвистикалық тұрғыдан бірлестікте қарастыру қажеттігі жөнінде пікір айтты. Мәтін – жазбаша байланыстырып сөйлеуге үйретудің негізі, «жазу әрекеті жеке сөз бен сөйлемдерден ғана тұрмайды, ол бір-бірімен логикалық және грамматикалық байланысқа түскен сөйлемдер бірлігі болып табылатын тұтас мәтіннен тұрады» [5, 23].

Мәтіннің негізгі белгілерін анықтауда ғалымдардың пікірлері әртүрлі. Кейбір ғалымдар ауызша және жазбаша сөйлеу формаларын мәтін деп атаса, көпшілігі тек жазбаша сөйлеу нәтижесін мәтінге жатқызады. Алайда мәтіннің бөлшектенуін, мағыналық тұтастық және құрылымдық байланыс сияқты белгілерін барлық зерттеуші ғалымдар мақұлдайды. Мәселен, Г.Смағұлова мәтіннің белгілі бір құрамнан тұратынын айта келіп, «Мәтін – тіл жүйесіндегі өзінің мәні мен болмысына сай, сөйлемдердің жай ғана тізбегі емес, мағыналық-құрылымдық күрделі тұлға. Ол – логикалық, грамматикалық, байланыстарға негізделген, тиянақты мазмұнға ие біртұтас қарым-қатынастар бірлігі», - деп анықтайды [6, 9].

Мәтін – тіл оқыту барысында үлкен орын алатын оқыту нысаны. Мәтіннің қызметін таныту – оқушыға тіл бірліктерін функционалдық тұрғыдан танып білуге, сол арқылы оқушының логикалық ойлауы бірізді қалыптасуына мүмкіндік береді. Өйткені мәтінде тіл бірліктері (сөз, сөз тіркесі, сөйлем) тегіс қатысады. Сондай-ақ мәтін стильге қатысты да танылады, сондықтан мәтінмен жұмыс істеу әдістемесіне стилистикалық бағыттағы жаттығу жұмыстары да енеді. Лингвист ғалым Е.С.Кубрякова тіл білімі саласында мәтін лингвистикасының пайда болуын «жаңа ғылыми парадигманың туындауы, яғни құрылымдық жүйелеуші бағыттан мәтінді тіл қызметі аясында қарастыруға мүмкіндік беретін функционалды лингвистикалық бағытқа көшу» [7, 50], - деп санады. Барлық мәтіндер, ең алдымен, лингвистикалық нысан болып табылады. Сондықтан да мәтіндердің типологиясы лингвистикалық тұрғыдан танылуы қажет. Лингвистикалық типологияның негізіне лингвистикалық дифференциация алынады. Оның өзі мәтіннің түрін, формасын, жанрлық-стилистикалық ерекшеліктерін, жүзеге асырылу шарттары мен тәсілін білдіреді. Сонда мәтіннің белгілеріне (әдістемелік тұрғыдан келгенде) мыналар алынады: 1) сөйлеу түрі; 2) сөйлеу формасы; 3) сөйлеу стилі; 4) жанры; 5) сөйлеудің функционалдық-мағыналық типі (сөйлеу тәсілі); 6) сөйлеудің эмоционалдығы мен экспрессивтілігі. Дәлірек айтқанда, біріншісінде сөйлеудің ауызша және жазбаша екендігі қарастырылады – ауызша мәтін уақытпен байланысты болса, жазбаша мәтін кеңістікпен байланысты. Ауызша мәтіндер – синтаксистік құрылымы жағынан жазбашаға қарағанда анағұрлым қарапайымдау, эллипсистігі мол, мағыналық құрылымы нақтылы келіңкіремейтін экспрессивтік элементтері мол болып келетін мәтіндер.

Мәтіннің тағы бір маңызды белгісі – оның эмоционалдық бояулылығы. Бұл жағынан, ғалымдардың пікірінше, мәтіндер: а) ресми, ә) ресми емес, б) бейтарап болып бөлінеді. Экспрессивті мәтіндер өз ішінде: 1) экспрессивті-стилистикалық белгілері бар және 2) бейтарап мәтіндер болып бөлінеді. Осының ішінде, экспрессивтік-стилистикалық белгісі бар мәтіндерге: көркем, публицистикалық, ауызекі сөйлеу, ғылыми (пікірталастар), құттықтау, қарсы алу сөзі сияқты ресми мәтін түрлері жатады. Ал «бейтарап» мәтіндерге: ғылыми, ресми іс қағаздар, публицистикалық стильдің кейбір жанрлары хроника жатады. Әдістемеші-мамандар әдістемелік тұрғыдан мынадай етіп бөлуді ұсынады: 1) оқуға; 2) тыңдауға; 3) ауызекі сөйлеу тілін дамытуға; 3) жазба сөйлеу тілін дамытуға арналған мәтіндер. Жазбаша мәтінде оны құраушы бірліктердің арасындағы байланыстырушы элементтер айқын білініп, формальді көрсеткіштері мүмкіндігінше толыққанды болуға, логикалық ой желісі үзілмей сақталып отыруға, лексикалық құнарлылығы терең болып, басқа да тілдік формалардың мол болуына мүмкіндік беретіндей күйде жасалады. Қазақ тілін оқыту мәселелерін зерттеуде қазақ халқының көрнекті ғалымы Ахмет Байтұрсынұлы оқушы назарынан тіл бірлігінің маңызды табиғаты тыс қалмауы керектігі жөнінде пікір айтады [8].

Тілдік таңбалардың мағыналық тұтастығынан тұратын мәтін бірлігі мен оның құрылымдық ерекшелігіне талдау жасау аса қажет. Мәтінді лингвистикалық талдау – кең ұғым. Ол, біріншіден, мәтінді тілдік талдауды жүзеге асырудың атауы ретінде қолданылса, екіншіден, оқу пәнінің және тіл білімінің жеке бөлімін айқындау үшін қолданылады.

Мәтінді тілдік талдау әдістерін қолдану ана тілінің сарқылмас қорын, әдебиетін, мәдениетін тануға мүмкіндік береді. Мәтін түрлі деңгейдегі тілдік бірліктердің қызмет ету аясы бола отырып, тілдік жүйенің барлық бірліктерінің өзара қарым-қатынасқа түскен құбылысының формасы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бабенко Л.Г. Филологический анализ текста. – М.: Академический Проект, Деловая книга, 2004. – 464 с.
2. Щерба Л.В. Языковая система и речевая деятельность. – Ленинград. Издательство «Наука», 1974. – 428 с.
3. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы. «Сөздік – Словарь», 2005.
4. Новиков Л.А. Художественный текст и его анализ. – Москва. Издательство «Наука», 1988. – 300 с.
5. Гиндин С.И. Внутренняя организация текста: Элементы теории и семантический анализ. Автореф. дисс. канд. филол. наук: 10.02.19. – М., 1972. – 23 с.
6. Смағұлова Г.Н. Мәтін лингвистикасы. Оқу құралы, – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 112 б.
7. Кубрякова Е.С. О связях между лингвистикой текста и словообразованием. – Москва. Издательство «Прогресс», 1983. – 448 с.
8. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы. «Жазушы» баспасы, 1992. – 448 б.

ӘОЖ: 82-95 (514)

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН – ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ ҰСТАЗЫ

БЕЛБОТАЕВ А.Б.

Халықаралық Тараз инновациялық институты, А.Иасауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің академиялық профессоры, ХТИИ доценті, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье сообщается о творчестве и деятельности выдающийся педагог-просветителя, писателя, этнографа, новатора и общественный деятель великого сына казахского народа Ыбырай Алтынсарина.

В статье также будут сказано самоотверженные труды и проявление настойчивости который проделал он для казахского общество как стратег. В то же время его просветительский (преподавательский), писательский и преподавательский работы по воспитанию (оқытып-тәрбиелеудегі) будущих молодежи великих степ.

Summary. The article presents the oeuvre and work of a prominent teacher, writer, ethnographer, novator and society figure of Kazakh nations son braiAltynsarin. The article also shows works and demonstration of persistence for Kazakh nation which he did as a strategic investor, works on upbringing of future youth of great steppe.

Қазақ халқының аса көрнекті ағартушы-педагогы, жазушысы, этнографы, фольклортанушысы Ыбырай Алтынсарин біздің азаматтық тарихымызда өте күрделі кезеңде өмір сүрді. Ол өмір сүрген кез аса күрделі тарихи шақ еді. Ол уақытта патша үкіметі Шығыс халықтары арасында қатаң отарлау саясатын жүргізіп жатқан кез болатын.

Міне, осындай кезеңде өмір сүрген Ыбырай Алтынсарин қазақ халқы үшін оның тарихында ерекше рөл атқарды. Бұлай дейтін себебіміз, ол – қазақтың тұңғыш педагогы болды. Ұлы қазақ даласында бірінші рет мектеп ұйымдастырды. Сөйтіп қазақ жастарына «білім» деген әлемнің есігін ашты.

Ы.Алтынсарин жайлы бұл күнге дейін аз сөз болған жоқ – айтылып та, жазылып та келеді. Десек те туылғанына бүгіндері 180 жыл болған, «қазақ халқының ұлы ұстазы» атанған ол жайында біз де бірауыз көңіл төріндегі баянсөзімізді айтқымыз келеді.

Баспасөз беттеріндегі және тарихи жазбалардағы көптеген жазба деректер мен зерттеулер оның қайраткерлік, ұстаздық, ұйымдастырушылық, реформаторлық, дипломатиялық, стратегтік тұлғасын танытар мол мәліметтер береді. Біздің пайымдауымызша, Ыбырай Алтынсарин өмірінің даму жолын бірнеше кезеңдерге бөліп қарастыруға болады деп ойлаймыз. Соның алғашқы кезеңін – Ыбырайдың «хат танып оқыған және дүниені тани бастаған жастық шақ кезеңі» деп атасақ болады. Бұл кезде, мәселен, талабы таудай жас ұлан Ыбырай 1845 ж. 5-наурызда атасы әскери старшын, би Жанғожа Жаңбыршинның көмегімен Орынбор қаласындағы орыс-қазақ мектебіне түседі. Онда ол орыс, татар,

араб, парсы тілдерінде білім алады. Шығыс тілдерінің маманы Мир Салих Бекчуриннің, Орынбор ахуны Усмон Мусиннің дәрістерін тыңдайды. Жас Ыбырай атасы Балғожа бидің арқасында оның досы статтық кеңесші В.В.Григорьевтің бай кітапханасын еркін пайдалануына мүмкіндік туады. Қысқасы, 1845-1857 жылдарда (7 жыл) Орынбор білім мектебінде Ыбырайқалағанынша ілім-білімге сусындайды. Бұдан кейінгі жерде ол біраз уақыт атасы Балғожа бидің хатшысы, жәрдемші-қолғанаты болады. Бұл уақыттар да «Ыбырай үшін ол өткен өмірдің өзгеше бір даналық тағылым мектебі болған» еді [1]. Сондықтан да бұл жылдар Ыбырайдың өмірбаянындағы жас Ыбырайдың өмір көрген, іс-тәжірибе жинақтаған еңбек жолындағы алғашқы қадамдары болды.

Бұдан кейін Ыбырай Алтынсарин 1859 жылы Орынбор облыстық басқармасына кіші тілмаш, 1864 ж. – мұғалім, 1869 ж. 2 қаңтарында Торғай уездік басқармасының хат жүргізушісі, 1870-1872 жылдарда және 1874 жылы Орынбор генерал-губернаторының бұйрығымен Торғай уездік судьясы және 1871-1872 жылдарда Торғай уездік бастығының аға көмекшісі әрі оның міндетін де атқарушы болды.

1879 жылдың 1 қыркүйегінен 1888 жылдың 1 мамырына дейін Торғай облысы қазақ мектептерінің инспекторы. Содан соң Губерния хатшысының колледж кеңесшісі, ал 1889 жылы 1 мамырдан бастап статтық кеңесші қызметін атқарды.

Ы.Алтынсаринның бұған дейін атқарған тағы бір ісі, ол 1879 жылы Торғай облысы мектептерінің инспекторы болып тағайындалады әрі ұстаздық-ағартушылық қызметіне кіріседі. Сөйтіп оқу-ағарту жұмыстарын одан әрі жандандырып, Елек, Қостанай, Торғай, Ырғыз уездерінде бір-бірден екі кластық орыс-қазақ мектептерін ашады, оларды қажетті кітаптармен қамтамасыз етеді. Әсіресе, елдің көшпелі өмір салтын ескеріп, Ресейдің халық ағарту жүйесіне жаңа үлгілі білім беру тәсіл-жобасын дайындап, ұсыныс жасайды. Соның нәтижесінде 1888 жылы 10 сәуірде Орскіде бастауыш мектептер үшін қазақ жастарынан оқытушылар даярлайтын мұғалімдер мектебі ашылады.

Ы.Алтынсариннің өміріндегі бұдан кейінгі 30 жылдай уақыт әр түрлі қызметтік жұмыстар атқарады... Бұл жылдарды «есею жылдары» десек те болады. Өйткені оның ержетуі, жан-жағына қарап кісі болуы, тапсырылған қоғамдық әртүрлі қызметтерді сенімді орындап шығып, атқаруы соны көрсетеді. Мәселен, 1865 жылдың 25 ақпанында ынталы қызметі үшін хорунжий шеніне ие болуы, сондай-ақ Әулие Станислав және 2-ші, 3-ші дәрежелі Әулие Анна ордендерімен марапатталуы соның анық айғағы.

Бұдан кейінгі жылдарды біздің білуімізде Ы.Алтынсарин өміріндегі «жаңа белесті дәуірі» деуге болатындай. Себебі бұл кезеңде ол өз ұлтының шын жанашыры ретінде елге танала бастайды әрі сол мазмұнда ағартушылық, педагогтық, сонымен бірге қайраткерлік те еңбектері көбейіп, өріс алып, халқына қызмет ете бастайды, елге танымал болады. Оның ел құрметіне бөленіп, өзін – «ұлы ұстаз», «ұлт ұстазы» деп атандырған да осы дәуірдегі істеген істері, атқарған қызметтері, жасаған еңбектері еді.

Ы.Алтынсарин – ұлт патриоты, тәлімгер-санаткері, халық қызметшісі болды. Ол жасаған еңбектің жаңғырығы сол бір жылдары ұлы даланың шартарабында саңқылдап ұлттың ұранындай естілді. Сол кездің өзінде-ақ ол болашақ жас ұрпақты оқуға, өнер-білімге шақырды, үгіттеді, үндеді. Ол жазған «Кел, балалар, оқылық!», «Өнер-білім бар жұрттар», «Өнер-білім бәрі де, Оқуменен табылған» деген сияқты классикалық жырлары ұлт санасын оятқан, жарқын да, жақсы болашақты көздеді. Бұл ағартушының стратегтігі еді. Бұған қарап оны «стратег ағартушы» деп те айтуымызға болады.

Ыбырай Алтынсарин 1869 жылғы 1-қыркүйектен бастап қалған өмірінің соңғы күндеріне дейін Торғай облысында оқу инспекторы қызметін атқарады. Сөйтіп, қазақ даласындағы оқу-ағарту жұмысын жандандыра бастайды. Не бәрі 9 жылдың ішінде онға жақын училище мен болыс сайын бір-бірден төрт жылдық мектептер ашады. 1887 ж. Қостанайда тұңғыш рет қыздар мектебін ұйымдастырады. Ағартушының басшылығымен Орскі қаласында оқытушылар семинариясы, Торғайда Яковлев атындағы қолөнері мектебі ашылады. Красноуфим қаласындағы реальное училищеге бір топ *қазақ жастарын оқуға түсіреді [Жұмағұлов Қ. Көрнекті қайраткер // Ыбырай Алтынсарин тағлымы. – Алматы: Жазушы, 1991. – 71-72 бб.].

Ыбырай Алтынсарин жайлы сөз болғанда, оның өмірі мен қызметіндегі әрбір жасаған жұмысы мен еңбегі бүгіндері бүгінгі және болашақ жастарға үлгі-өнеге болып отыр. Мәселен, ол сол бір кездері мәдениет пен білімнен артта қалған ел-жұртын көрші елдің өнер-білімін, техникасын игеруге шақырып қана қоймай, сол игі істі тікелей жүзеге асыруға да өлшеусіз үлес қосты. Қазақ даласында тұңғыш рет орыс үлгісіндегі пәндік білім беретін қазақ мектептерін ашты. Оған орыс әліппесі негізінде қазақ тілінде оқулықтар жазды. Қазақ балалары оқитын пәндер құрамына тіл, әдебиет сабақтарынан бөлек – физика, химия пәндерін де енгізіп, оларға оқу құралдарын

дайындады. Жаңа талапқа сай келетін мұғалімдер дайындауға күш салды. Сөйтіп одан қаншама жұрт білім алды.

Ы.Алтынсарин оқытушылықты (мұғалімдікті-ұстаздықты) бәрінен де жоғары бағалап, оны барлық мамандықтың алдына, төрге шығарған. Мәселен, оның «Үкімет бұйрықтары да, инспектор бақылаулары да және хрестоматия оқулықтары да оқытушының тұлғасын ауыстыра алмайды» деген сөзі қазіргі күнде де өз өзектілігін жоғалтқан жоқ [2].

Ыбырайдың қазақ қыздары үшін Торғайда, Қостанайда, Қарабұтақта, Ақтөбеде мектеп-интернат аштыруының өзі сол кез үшін тарихта теңдесі жоқ әрі мән-маңызы зор оқиға болады. Ол орыс-қазақ мектептері үшін арнаулы оқу құралдарын шығару қажет деп санады. Сөйтіп оқыту әдістерін жаңа бағытта құрды, оқуға деген баланың ынтасы мен қызығушылығын арттыруды көздеді, ал оқуды ана тілі – қазақ тілінде жүргізді.

Ыбырай Алтынсарин мектеп оқуында, әсіресе, ана тіліне үйретуде орыс педагогы Константин Дмитриевич Ушинскийдің ойларына жүгінді. Сөйтіп қазақ балаларының таным-түсінігіне лайықтап оқу-әдістемелік құралдар жазды. Ол орыс-қазақ училищесінде К.Д.Ушинскийдің «Балалар дүниесін», Л.Н.Толстойдың «Әліппе және оқу құралын», Д.И.Тихомировтың «Грамматиканың қарапайым курсын» атты еңбектерін оқу құралы ретінде ұсынды.

Ыбырай оқу-ағарту жұмыстарына өз заманының ең озық әдістемелерін қолдана отырып, білімнің балаларға ана тілінде берілуіне айрықша мән береді. 1879 ж. Қазан қаласында оның «Қазақ хрестоматиясы» атты бірінші оқулығыбасылып шықты. Кітаптың беташары ретінде Ыбырайдың «Кел, балалар, оқылық» деген өлеңі басылған. Бұдан соң «Ғалым кісі», «Надандық», «Таза бұлақ», «Бақша ағаштары», «Әке мен бала», «Зеректік», «Жәнәбек батыр», «Бай баласы мен жарлы баласы» деген сияқты мәні терең, тілі жатық 40-тан аса әңгімелер мен мысалдар бар. Сондай-ақ, дидактикалық оқу мәселесі жөнінде «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» деп аталынатын еңбегі жарық көрді. Бұл екі кітап та қазақ балаларын кириллица негізінде оқытуға арналған тұңғыш оқу құралдары болды. Бұл еңбектеріндегі оқушыны отан сүйгіштікке, еңбекке, кісілікке – тәрбиелейтін ғибратты шығармалары ешқашан да өзінің мән-мағынасын жойған емес, жойылмақ та емес.

Ол қазақ жастарын ең алдымен оқу, өнер-білім үйренуге, технологияны игеруге шақырады: «Оқысаңыз, балалар, Шамнан шырақ жағылар. Тілегенің алдыңнан, Іздемей-ақ табылар», - дейді. Оқу-білімнің тек ізденіс, еңбекпен ғана табылатынына мән береді. Бұған инемен құдық қазғандай ыждаһаттылық, талап пен сабырлылық қажет екенін ескертеді. Ал оқымаған надандарды ақын аз ғана сөзбен сынап, олардың ақ, қараны айырмайтын көрсоқыр екенін айтады: «Оқымаған жүреді, Қарашыны қармалап. Надандықтың белгісі – Еш ақылға жарымас» - дейді. Бұл айтқан ойымыз ұлы педагогтың «Өнер-білім бар жұрттар» деген өлеңінде өз жалғасын тапқан. Ол өнер-білімі жетілген елдердің артықшылығы қандай, олар сол өнерімен нені игеріп отыр, ертеңгі өмірдің талап-тілектері не деген секілді күрделі мәселелерді жастар алдына көлденең тарту арқылы оларға ой тастап, өнер-білімді батыл игеруге шақырады: «Адамды құстай ұшырды, Мал істейтін жұмысты, От пен суға түсірді. Отынсыз тамақ пісірді, Сусыздан сусын ішірді» - деп айтады. Оқу, білімнің пайдасы қандай, ол неге керек деген мәселеге келгенде, оның өмір үшін, болашақ үшін қажет екенін талдап көрсетеді: «Ата-енен қартайса, Тіреу болар бұл оқу. Қартайғанда мал тайса, Сүйеу болар бұл оқу» - дейді. Жалпы Ы.Алтынсарин шығармаларының негізгі түйіндері: Біріншіден, әр халықтың тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрлерінен хабар беру принципін көздей отырып, қоғамымыздағы тұлғаны өмір сүрген қоғамына қатысты халықаралық қатынасқа бейімдеу.

Өз кезінде ол балаларды басқа елдердің салтымен мәдениетімен таныстыру мақсатында шығармаларына Англия, Франция, Қытай, Жапон, халықтарының өкілдерін кейіпкер қылып енгізген. Бүгінгі күн тұрғысынан айтқанда, Ыбырайдың шығармашылығы инновациялық идеялар мен іс әрекеттерден тұрады. Осы жағдайды есепке ала отырып, біз шығармаларының тәрбие әлеуетін толық пайдалана аламыз.

Екіншіден, жеке тұлғаны адалдыққа, еңбекке, ұқыптылыққа, талаптылыққа тәрбиелеу, адамгершілік жақсы қасиеттерді олардың бойына дарыту арқылы адами мінез-құлықтарын өздері игере алуларын ойластырған.

Үшіншіден, жастардың, әсіресе, мектеп оқушыларының түсінігіне жеңіл, тілі жатық әңгімелерді беруімен бала түйсігін жүйелілікпен қалыптастыруға тырысқан.

Ыбырай Алтынсарин – ғасырлар өтсе де, заман өзгерсе де өзі өмір сүрген заманы мен өмірінде қазақ балаларына “Кел, балалар, оқылық” деп жар салудан тынбаған, сол арқылы қазақ балаларының надандық қамытын киюіне жол бермеген бірден-бір тұлға болып қала бермек.

Сондықтанда ұлы ұстаздың ісін жалғастыратын, арманын орындайтын бүгінгі біздер үшін осы жолдан өту үлкен құрмет және зор міндет.

Қазіргі жаңартылған білім мазмұнында Ыбырай шығармаларының жеке тұлғаны қалыптастыруда берер тәрбиелік мәні өте үлкен. Атап айтар болсақ жастарға дұрыс тәрбие беру үшін олардың дүниетануын, көзқарасын кеңейту үшін «Қазақ хрестоматиясының» тек өз заманында ғана емес, қазірдің өзінде де мәні зор. Сондықтан да ол талай жылдар, талай рет басылып, мектеп оқушыларына ұсынылып келеді. Бұл кітапқа енгізілген әңгімелер: еңбек сүйгіштік, оқу, өнерге ұмтылу, отанын, елін сүю, талаптылық, жігерлілік, іздемпаздық, кішіпейілділік, қайырымдылық, адамгершілік, жинақтылық, т.б. осылар тәрзіді жақсы мінез-құлыққа тәрбиелейді.

Алтынсарин қазақ отбасының үздік дәстүрлерін жоғары бағалайды. Ол жазған еңбектерінде – балатәрбиелеу, қыз өсіріп, оны тәрбиелеу ісі туралы, баланың ата-анасынан күтетін сүйіспеншілік пен қамқорлық құқығы туралы, баланың ата-анасының алдындағы борышы туралы сөз қозғайды. Ал аталған мәселе болса, бүгінгі адамгершілік мәселелерінің негізгісінен саналады. Осы бағыттағы әңгімелері – «Бақша ағаштары», «Әке мен бала», «Шеше мен бала» т.б. Мысалы, «Малды пайдаға жарату» әңгімесінің идеясы бүгінгі күндегі баланы оқыту, әке мен шеше алдындағы борышты өтеу міндеттерімен үндесіп жатады.

Ыбырай жас ұрпақтарға дұрыс тәрбие беру, оларды жас кезінен дұрыс баулу мәселесіне ерекше көңіл бөлді. «Баланы дұрыс күт, түзу тәрбиеле, қисығын түзе, адасса айқын жолға сал», — деді. Бұл жөнінде де елге үлгі боларлық әңгімелер жазды. «Баланы жастан», — дегендей, оған жас күннен түзу тәрбие беру, оның болашақ өмірі үшін керек. Есейіп кеткен соң қисығын түзеу қиынға түседі. Кейде сол қисаюмен барып мерт болады. Ыбырайдың бұл мазмұндағы әңгімесі де қазіргі мектеп балаларын тәрбиелеу үшін үлгі бола алады.

Егер мектепте оқушыларға Ыбырай Алтынсариннің шығармаларын толыққанды оқытса, онда жеке тұлға бойында адамгершілік-имандылық қасиеттері арта түсер еді, өйткені бүгінгі қоғамға өз-өзіне талап қоя алатын, адамгершілік қасиеттері бойына дарыған, бәсекеге қабілетті тұлға қажет.

Ы.Алтынсарин сондай-ақ, өз шығармаларында адамның бойындағы ұлы қасиет - адамгершілік — рухани тәрбиенің маңыздылығын ең басты құндылық деп санады. Ыбырай әңгімелерінің құрылымы, мән-мағынасы, тәрбиелік мәні бала санасына ерекше әсер етіп, баланың қызығушылығын оятып, баланың бойына тереңінен тәрбие нәрін құйып, қоғамда адамгершілігі жоғары адамдар қалыптастырады.

Рухани - адамгершілік құндылықтармен білім жүйесін дамытып қалыптастыру жаңа қоғамның дамуындағы мәні зор, маңызды бағыт. Оқушыларды рухани - адамгершілікке тәрбиелеу, олардың болашағына жол сілтеу – бүгінгі таңдағы қажетті, кезек күттірмес мәселе.

Қазақстан Үкіметі 1989 ж. 22 желтоқсандағы қаулысымен Ыбырайдың туғанына 150 жыл толуына орай мерейтой өткізіп, ұстаздың мұраларына арналған ғылыми, тарихи, педагогикалық еңбектер жарық көрді. Арқалық қаласында мұражайы ашылды. Тобыл бойындағы Ыбырай қыстауы жанында, мүрдесі қойылған жерде оған күмбезді мазар орнатылды. Оның атында аудан, ауылдар, жоғары оқу орындары, көшелер, жер-су атаулары т.б. Қазақстанның барлық жерінде, түкпір-түкпірінде кездеседі.

Ұлт ұстазына биылғы жылы (2021) мерейтой қарсаңында туған жері Қостанай облысында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы шеңберінде Ы.Алтынсарин кесенесі жаңғыртылып, оның мәңгілік тыныс тапқан жері еліміздің киелі орындар тізіміне енді. Облыс орталығында көрнекті қайраткердің еңселі ескерткіші бой көтерді. Сондай-ақ, ағартушының есімін ардақтау мақсатында Республика білім және ғылым министрлігі ұйғарымымен еліміздегі білім ордаларында еңбек етіп жүрген парасатты педагогтерге «Ыбырай Алтынсарин медалі» белгіленді. Оны жыл сайын 230-дан аса ұлт ұстазының сара жолын жалғаған мұғалімдер иеленетін болады [3].

Қорыта айтқанда, бүгінгі өркениетке өркендеу кезеңінде жастарды имандылыққа, ізгілікке тәрбиелеудің аса қажеттігі керек болып тұрған кезде Ыбырай Алтынсариннің ізгілік жөніндегі ойларын шәкірттердің жүрегіне ұялатудың, және келешек ұрпақты Ыбырай дәстүрі негізінде тәрбиелеудің қажеттігі туып отыр.

Ыбырай Алтынсарин небәрі 48 жыл жасады. Өмірінің саналы кезеңінің бәрінде тек өзі арман еткен – қазақ баласының сауатын ашып, өзге елдермен терезесінің теңесуі үшін маңдай терін төкті, солардың сауатын ашуға, санасын ұлттық негізде оятуға арнады. Сол үшін оқу-ағарту саласында бар күш-жігерін салып аянбай еңбек етті – ұлт болашағын ойлап, жастар алатын білімнің негізін жоспарлады – оның бағдарламасын жасады. ...

Ыбырай Алтынсарин – ғасырлар өтсе де, заман өзгерсе де өзі өмір сүрген заманы мен өмірінде қазақ балаларына “Кел, балалар, оқылық” деп жар салудан тынбаған, сол арқылы қазақ

балаларының надандық қамытын киюіне жол бермеген бірден-бір тұлға болып қала бермек. Оның осы қанатты сөздері әлі де өз күшін жойған емес. Сондықтан, Ыбырай атамның ісін жалғастыратын, арманын орындайтын біздер үшін осы жолдан өту үлкен құрмет және зор міндет. Ыбырай Алтынсарин еңбектері өз заманында ғана емес қазіргі кезде де білім саласында өз құндылығын жойған жоқ. Даланың алып қоңырауының сол бір жылдары салған ізі, қаншама жылдар өтсе де әлі күнге дейін білім саласында шамшырақ болып келеді. Оны өзіміз де көріп жүрміз.

Жалпы «мектеп», «мұғалім», «білім», «оқулық» деген сияқты сөздер беретін ұғымдар – бір-бірінен ажырамас, тұтас бірлікте қолданылатын, бірін-бірі толықтырып отыратын ұғымдар. Ы.Алтынсарин – осы ажырамас ұғымдардың қай-қайсысына болса да өзіндік үлесін қосып, ізін қалдырған қазақ ұлтының ұлы ұстазы, қоғам қайраткері.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Негимов С. Ұлттың ұлы ұстазы. – «Егемен Қазақстан». 20 сәуір, 2021 ж.
- 2.Есенжол А. «Егемен Қазақстан», 26 сәуір, 2021 ж.
- 3.Балғымбаев Ғ. Ы.Алтынсарин тағлымы // Ы.Алтынсарин туралы естелік. – Алматы: «Жазушы», - 1991. – 371 б.
- 4.Ы.Алтынсарин туралы естелік. – Алматы: «Жазушы», - 1991. – 384 б.

ӘОЖ: 94(574):9-05

ТҮРКІСТАН ӨҢІРІНІҢ КИЕЛІ ЖЕРЛЕРІ МЕН ҚАСИЕТТІ ОРЫНДАРЫНА ТАРИХИ КӨЗҚАРАС

БЕЛБОТАЕВ А.Б.

Халықаралық Тараз инновациялық институты, А.Иасауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің академиялық профессоры, ХТИИ доценті, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ҚАДЫРҒАЛИЕВА А.

Шымкент университетінің магистрі, аға оқытушы, Қазақстан Республикасы, Шымкент қ.

Резюме. Сохранение духовных ценностей нации и ее обогащение важнейшая задача и наш долг перед подрастающим поколением. Ведь только страна, сохранившая духовную мощь и национальную самобытность может устоять перед угрозой глобальных вызовов, не остаться позади цивилизации, а идти вперед в светлое будущее. В связи с этим в статье освещаются и дается исторический взгляд на святыне места Туркестанского края и история их изучения. Также отмечается важность пропаганды таких исторических памятников, святых мест в воспитании молодого поколения в духе нового казахстанского патриотизма и помогает для исследования по проекту «География святых мест Казахстана».

Summary. The preservation of the spiritual values of nation and its enrichment is crucial task for us and to save it for the younger generation is our duty. After all, only that country which preserved spiritual power and national identity can withstand facing the threat of global challenges, does not stay behind civilization, but go forward to a bright future. In this regard, the article covers and gives historical view of the holy places of Turkestan region and their history studying. The importance of promoting such historical monuments, holy places in the education of the young generation and in the spirit of the new Kazakhstan patriotism helps for research on the project "Geography of the holy places of Kazakhstan."

Тәуелсіздік дәуірінде жасампаз жұртымыздың, «Мәңгілік ел» болуды мәңгілік мұрат көріп отырған мемлекетіміздің жеткен жемісті жетістіктері де, толағай табыстары да жетерлік. Мұны «Мәңгілік ел» идеясы аясында Болашағы Біртұтас Ұлтты сомдауға батыл кіріскен Қуатты Қазақстанымыздың бүгінгі бет-бейнесінен-ақ анық көруге болады.

«Байырғы ұлы бабаларымыздың ұрпағы ретінде, біреудің шайнап бергенін малдану бізге жараспайды. Сондықтан да өткенімізге, бүгінгіміз бен болашағымызға жалтақсыз жанар тіктейтін мезгіл жетті» деп Тұңғыш Президентіміз тәмсілдегендей, зар замандар мен талайлы кезеңдерді бастан кешіп, тәуелсіздік жолында талай тар кезеңдерден өткен халқымыздың, дана бабаларымыздың арман-аңсарын өмір шындығына айналдыру, киелі тәуелсіздігімізді көзіміздің қарашығындай сақтау баршаымыздың қасиетті борышымыз болуы тиіс.

Шындығында өнеркәсібі тұралаған елдің, білім мен ғылымы биікке шықпаған жұрттың экономикасының қарыштап дамуы, әлеуметтік хал-ахуалының түзеліп кетуі қиындау. Ал бұл маңызды міндетті мінсіз жүзеге асыру үшін ең алдымен мемлекетіміздің ең басты байлығы - адами капитал сапасын арттыру аса маңызды.

Кезінде әдебиетіміздің классигі Мұхтар Әуезов: «Алтын анам, Отаным, сенен аяр жаным жоқ, сенен іркер күшім жоқ,- деп, «ер қайратына мін дағы, өрге бас» деп өз замандастарының намысын қайраса, Баубек Бұлқышев: «Адал адам Отанын сүйеді. Адал, ақ жүрекке – Отан анасындай. Отанның дегенін істеу- қуаныш, мақтаныш» деп, Отан ұғымының қаншалықты қастерлі екенін ұғындыруға тырысып бағады. Ал бүгінгі табыстарымызға байыппен тереңірек үңілер болсақ, патриотизм ұғымының ұлтты ұйыстырудағы маңызды ұстын-тірекке, басты темірқазыққа айналып отырғанын аңғармау мүмкін емес. Тіпті Тұңғыш Президентіміз Н. Назарбаев өзінің қай Жолдауында, қайсыбір Үндеуінде болмасын жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастырудың маңыздылығын басты назарға алып отырды. Сондықтан да азаттықтың ақ таңында қоғам сұранысына сай Елбасы тарапынан ұсынылған «ұлттық патриотизм», «жалпыұлттық патриотизм», «жаңа қазақстандық патриотизм» ұғымдары бүгінде қоғамды алға тартар маңызды күшке, жетекші факторға айналды, өміршеңдік тапты десек, ол артық айтқандық, ауа жайылғандық емес.

Өйткені, осы жылдар бедерінде, яғни тәуелсіздік дәуірінде ұлттық бірегейліктің нақты үлгісі жасалып қана қойған жоқ, Болашағы Біртұтас Ұлтты сомдауға да зор мүмкіндік ашылды. Бұл жайында ертеректе Елбасымыз Н.Назарбаев «Тарих толқынында» атты кітабында да: «... қазақ халқы тәуелсіз дамуының тәжірибесін жинақтап, ұлттық нығаю жолында шыңдалып, бірегей этникалық санасын қайта түлетуі қажет. Өзінің төл қазақтық этникалық санасын ұштап, нығаюы керек. Бұл – күмән тудырмайтын табиғи жол», - деп атап көрсеткен [1]. Сондай-ақ, сол кезеңнен бері еліміздегі дінаралық диалог пен этносаралық татулыққа, ұлттар бірлігіне, бейбітшілік пен тұрақтылыққа сызат түсірмеуге бар қажыр-қайратын сарп етіп келеді.

Демек, бізде жоғарыда тілге тиек еткен жаңа қазақстандық патриотизмді ұрпақ санасына сыналап сіңірудің берері көп. Расында да 2017 жылдың басынан бастап еліміздің Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің мүшелігіне қабылдануы, «ЭКСПО - 2017» халықаралық көрмесін табысты өткізуіміз, 2050 жылға қарай әлемдегі алдыңғы қатарлы 30 мемлекеттің қатарынан табылуға ұмтылып отырғанымыз –баршасы да Елбасымыздың өз сөзімен айтқанда Мәңгілік Елді басты бағдар етіп, мызғымас идеологиялық тұғырынан айнымаған жас та жасампаз мемлекетіміздің жемісті жетістіктері. Олай болса, жас буынға ұлтжандылықты, патриотизмді ұдайы насихаттаудың да маңызы ерекше деп білеміз.

Бүгінгі желісі үзілмеген рухани жаңғыру үдерісінің де, Ұлы даланың жеті қырын танып-білмекке деген талпынысымыздың да, жаңғыру мен жасампаздықты басты мұрат тұтқан тәуелсіз мемлекетіміздің де көздегені осы. Яғни, бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ жолында ел болып еңсе тіктеп, ұлт болып ұйысу үстіндеміз.

Ертеректе академик Манаш Қозыбаев: «Тәуелсіздік жолы – азаматтық жол. Егемен елдің азаматы – арлы, зейінді, пейілді, патриот жан. Қазақ елінің перзентіне өз Отанын қорғау парызы екенін ұл мен қыздың қанына сіңіретін ғылым – ата тарихың, ағайын!

Біз тәуелсіздіктен ұлтаралық үйлесімді, татулықты, халықаралық бейбітшілікті күтеміз» [2], - деп ел ертеңіне алаң көңілмен қарап отырғанын жасырып-бүкпей, төтесінен ақтарыла айтқан болса, Елбасымыз осы қысылтаяң кезеңде, сын сағатта ел тізгінін тайсалмай ұстап, күдік- күмәннің бәрін тұтасымен сейілтп, ұлтқа тұтқа болар тұлға екендігін толық дәлелдеп шықты.

Мұны бүгінде «Назарбаев феномені» ұғымының ел ішінде ғана емес, алдыңғы қатарлы озық мемлекеттердің саяси қайраткерлеріне де етене таныстығымен түсіндіруге болар. Былайша айтқанда, «Билік дегеніміз – бұл, ең алдымен, жауапкершілік» деп ақтарыла айтқан Мемлекет басшысы: «Ұлттық жаңғыру, мемлекеттілікті қалпына келтіру әрдайым оп-оңай жүзеге аса бермейді ...

Бұрынғы КСРО-ны көксеу сезімі жаңа Қазақстан мемлекеттілігінің азаматтығын сезінумен алмасты. Экономика да өзгеріп жатыр. Енді біз күш-жігерімізді экономикалық реформа мен демократияны дамытуға шоғырландыра аламыз. Қазақстан мемлекеттілігінің қайта өрлеуі демократия мен нарық экономикасына мықты тірек болары сөзсіз» [3], - деп ұлт тағдырының ендігі жауапкершілігін өз мойнына ала отырып, мемлекетіміздің келешектегі жан-жақты өркендеуінің берік іргетасын қалап беріп кетті. Демек бұдан шықты дара тұлғаның Қазақстанның үшінші жаңғыруы аталып жүрген бұл рухани қайта түлеуімізге қосқан сүбелі үлесіне лайықты баға берер күн де алыс болмаса керек.Тіпті арғыны айтпағанда, күні кеше ғана билік тізгінін ұстаған ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың өз мақаласында Елбасы Жолдауында тарқата талданған бұл маңызды мәселеге қатысты: «...Президент «Санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс»

деп, рухани сананың жаңғыруын нәтижелерге қол жеткізудің басты кепілі ретінде ұсынып отыр. Оның ең негізгісі - ұлттың терең тамырынан бастау алатын рухани ұстынды сақтап қалу.

Президент рухани жаңғырудағы ұлттық сана-сезім көкжиегін кеңейтуде екі нәрсенің басын нақты ашып беріп отыр. Оның бірі-ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғырудың болмайтындығы. Екіншісі- алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің керітартпа тұстарынан бас тарту. Мұндағы басты идея-болашақ пен өткенді үйлесімді сабақтастыра білу. [4]», - деп орнықты пікір білдіруі де жайдан-жай емес. Олай дейтініміз, ұлттық сананы күшейтуді көздейтін мұндай маңызды қадамдарға бару уақыт талабынан, қоғам қажеттілігінен туындап отыр.

Жалпы Тұңғыш Президентіміздің «Жаһандық заманауи қазақстандық мәдениет», «Қазақстандағы 100 жаңа есім» т.б. жобаларының, «Ұлы даланың жеті қыры», «Туған елге» ұласатын «Туған жер» сияқты т.б. баянды бағдарламалардың ұлттық рухани құндылықтарымызға деген ықылас-құрметімізді одан әрі арттыра түсетініне күмән келтіре алмайсыз. Өйткені осы ұлт үшін аса маңызды қадамдар арқылы біз кейінгі толқынның көкірегіне үміт сәулесін жағып, кешегісіне құрметпен қарайтын, бүгінгісін бағамдап-бағалай білетін, болашағына зор сенім артатын ұжданды ұрпақ тәрбиелеуге қол жеткізе аламыз.

Осы тұрғыдан келгенде өңіріміздегі киелі жерлер мен қасиетті орындарды өскелең ұрпаққа кеңінен насихаттаудың маңызы зор. Отан тарихын танудың ең алдымен өлке тарихын зерделеуден басталатыны да баршаға аян. Елбасымыздың «Бүгінгі күнді түсініп-түйсіну үшін де, болашақтың дидарын көзге елестету үшін де кешегі кезеңге көз жіберуіміз керек» дейтіні де содан. Бұл жерде біз өлке тарихының ұлт тарихының бір тармағы бола тұра толыққанды зерттеу нысанына айналмай отырғанын да айта кету керекпіз. Яғни бұл мәселеде жаңаша көзқарас, жүйелі зерттеу, тың серпін керек екені анық болып тұр. Былайша айтқанда, туған өлкенің әлеуметтік-экономикалық, саяси, тарихи және мәдени дамуын анықтауда өлкетану ғылымын өркендетудің берері көп екенін ұмытпауға тиіспіз.

Ал «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының аясында «Қазақстанның киелі жерлерінің, географиясы» жобасының қолға алынуы өте құптарлық-ақ бастама. Тіпті күні кеше ғана жарық көрген «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында Ұлт Көшбасшысы: «Тәуелсіздік жылдарында халқымыздың өткенін зерттеуге қатысты ауқымды жұмыстар атқарылды. Еліміздің тарихи жылнамасындағы ақтаңдақтарды қайта қалпына келтіруге жол ашқан «Мәдени мұра» бағдарламасы табысты іске асырылды. Сонымен қатар, жаңа облыс орталығы ретінде Түркістанды дамыту барысында оның халықаралық аренадағы беделін жүйелі түрде арттыру қажет. Қазақстанның ежелгі астанасы халқымыздың рухани орталығы ғана емес, сондай-ақ, бүкіл түркі әлемі үшін киелі орын болып саналады» [5], - деп ұлттық рухани құндылықтарымызды, әсіресе киелі орындарымызды мейлінше дәріптеуге және сол арқылы ішкі туризмді дамытуға баса мән беруге шақырғаны жадымызда.

Расында да біздің Түркістан облысы аумағында көне кесенелер, киелі орындар жетерлік. Бүгінде өңірімізде тарихи-мәдени маңызы бар 1281 ескерткіш есепке алынған болса, соның ішінде ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұра тізіміне 2003 жылы енген Қожа Ахмет Ясауи кесенесінен басқа Жуантөбе, Қараспантөбе, Күлтөбе, Сидак, т.б. тарихи жәдігерлерді де енгізу қолға алынууда. Түркістанды былай қойғанда, өңіріміздің аудан-ауылдарында да киелі орындар көп-ақ. Мәселен, Төлеби ауданында Бекасыл әулие, Дүзелбай-Данай, Жаныс баба, Көзді ата әулие секілді орындар бар. Көзді ата Төле би ауданы, Ақбастау ауылында. Өлке тарихын зерттеушілер Көзді ата әулиенің Ақбастау маңындағы үңгірдің алдына өз өсиеті бойынша жерленгенін айтады. Қазір де бұл орынға жанына шипа іздегендер жиі келеді. Өйткені әулиенің өзі жарық дүниемен хош айтысарда ұрпағына аманаттап: «...Шын ниетімен келген пәнденің ниеті қабыл болады. Алладан жанарынан айырылғанға көз, әруақтан мешел болғанға аяқ, бала көтермеген әйел затына перзент сұрап беремін» [6], - деп айтып кеткен көрінеді. Дегенмен қазіргі таңда Көз ата бұлағының кемері бұрынғысынан әлдеқайда тартылып кеткен [7]. Солай бола тұра көнекөздер 104 жыл ғұмыр кешкен деп жүрген Көзді атаның, яғни Сейіткерім қаридің бейігіндегі халықтың әлі де кие тұтып, күмәнсіз сеніп, зиярат етіп келе жатқаны да жасырын емес.

Сонымен қатар бұл ауданда «Ғайып ерен, қырық шілтен» қасиетті орны да көпке белгілі. Өңір ата ауылының маңындағы осынау киелі жерде шұрық бастау, өңеш бастау және көз бастау атты үш бұлақ бар. Бірқатар зерттеушілер бұл орынның ертеректе Шілтен ата деп аталғанын айтуда. Бұл тарапта олар «шіл» сөзінің парсы тілінде «қырық» деген мағынаны беретіндігін де алға тартады. Яғни бұл әулиелі орын әлі де тереңірек зерттеуді қажет етеді. Осы аудандағы Киелітас ауылы атауының осы жердегі тастардың ерекшелігіне байланысты қойылған болса, Сұлтан Рабат елді мекені кезінде шекаралық бекет болған.

Ал Қазығұрт ауданында, кеме қалған көне тау маңайында «Қазығұрт ата шоқысы», «Қазығұрт корасы», «НКВД белгісі», «Тесік тас», «Сырғыма су тас», «Тоқтама су», «Тобылғы беткей», «Алмалы койнауы», «Доланалысай», «Пайғамбар тоқтаған», «Пайғамбар саусағы», «Үңгірлі алқап», «Тамшы бастау», «Суық бұлақ», «Айна бұлақ», «Пайғамбар атының су ішкен жері» деген сияқты тарихи орындар бар. Олар туралы ел аузында түрлі аңыздар айтылады.

Қазығұрт айналасында қасиетті саналатын орындар аса мол. Олардың қатарына Ақбура әулие, Тесік тас, Алып үңгір, Ордабектің бауы, Өңгір ата, Көкібел т.б. кіреді. Сондай-ақ Кеме қалған мүйісінің етегінде, 5-6 шақырымдай жерде орналасқан кеуделерін биікке созып жатқан Ата тас пен Ана тас мүсіндерінің де керемет тарихи жәдігер екендігі де күмәнсіз. Шындығында зиярат етудің де сан ғасырдан бері қалыптасқан өзіндік дәстүр-қағидасы бар. Мысалы, Түркістанға зиярат етуге келіп жатқан кісілердің маршруты былай тізбектеледі: Шымкент — Шілтер Ата — Сайрам — Отырар — Арыстан баб — Түркістан.

Ал Түркістан облысы Арыс ауданында да киелі орындар аз емес және Байыркұмның қасиетті жерлері айтарлықтай зерттеліп те келеді. Бұл қатарға Арыс өзені өз бастауын алған Шақпақ тауын, Ақын-Жақып әулие мазарын жатқызуға әбден-ақ болады. Өйткені жергілікті жұрттың аузынан «Жақыпқа түне, Ақыннан тіле» деген тәмсілді әлі де жиі естуге болады [8].

Дегенмен бұл екі тұлға туралы бізге жеткен мәлімет аз. Ақын бабаның шын ныспысы – Сағындық. Ол шамада 1803 жылдар бедерінде дүниеге келіп, Бұқарада білім алған, ислам дінін терең меңгерген әулие кісі болыпты. Күллі Арыс атырабына аты мәшһүр Ақын әулие Ақдалада жерленсе, Жақып әулиенің сағанасы да осы маңайда. Монтайтас маңындай Монтай әулие де сөз етуге тұрарлық көпшілік тәу ететін, ел пір тұтатын әулиелердің санатынан болған. Монтай әулиенің зираты Шағыр стансасының оңтүстік-батысындағы тасты қыратта болғандықтан, ел-жұрт кейін келе бұл мекенді Монтайтасқа айналдырып алған көрінеді [9].

Мұнан бөлек Задария ауылдық округіне қарайтын Шөгірлі елді-мекенінің атауы да негізінен тарихи атау. Ол орналасқан жері орталықтан 60 шақырым жерде, «Мұңлық-Зарлық» қиссасында айтылғандай, Шөгірлі тоғайының жанында болғандықтан да ауыл Шөгірлі аталған [10].

Бүгінде бұл аймақта ішкі және сыртқы туризмді дамытуға баса мән беріліп, қалпына келтіруді қажет ететін киелі орындарда жүйелі жұмыстар жасалынауда.

«Мұңлық-Зарлық» кесенесін қайта қалпына келтіру мәселесі де орынды қозғалып, сонымен қатар «Жекен-Шайк» кесенесі толық ағымдағы жөндеуден өткізілді. Жекенсаяқ әулие кесенесі (1714-1782) Арыс өзені бойында. Бұл әулие хақында да ауыздан-ауызға, ұрпақтан-ұрпаққа тараған әңгіме көп. Бір анығы-оның ескіше оқыған, білімді, көреген, діндар кісі болғандығы. Өмірінің соңында жыл сайын сонау Жетісу өлкесінен Арыстанбаба келіп түнеп, Түркістаннан тікелей келеді екен. Осындай жол сапарға алтыншы рет шығып, қайтып бара жатқан жерінде Арыс өзені бойында қайтыс болады.

Туған өлкенің тарихын тану, әсіресе көне қалалар өркениетін кейінгі жас буынға үлгі-өнеге ету, оны мейлінше насихаттау – рухани жаңғыру жолына түскен мемлекетіміздің басты міндеттерінің бірі. Қалай дегенде де туған жерінің тарихын жетік білген жанның ұлтына қорған болар ұжданды азаматқа айналатыны еш күмән тудырмайды. Кең-байтақ қазақ топырағының қай қиыры болмасын тұнып тұрған тарих, қасиетті орындарға, көне кесенелерге аса бай. Мұндай өркениет ошақтары мен киелі жерлер, көне қалалар мен байырғы елді мекендер бүгінгі Түркістан облысы аумағында да жетерлік.

«Өткенді тану, тарихты терең пайымдап, оған әділ баға беру-үлкен парасаттылық пен жауапкершілікті талап етеді», - деп Елбасымыз Н. Назарбаевтың өзі баса айтқандай, бүгінде қызу қолдау тауып отырған «Туған жер» секілді баянды бағдарламалардың атқарар миссиясы өте ауқымды, маңызы да алабөтен.

Дегенмен, бұл өңірдегі киелі орындарды, өзендер мен тауларды, жергілікті топонимдерді, өсімдіктер мен жануарлар дүниесін мұнан да тереңірек зерттеу - алдағы күндердің еншісіндегі іс. Өйткені бұл біздің бүгінгі рухани жаңғыруымыздың басты негіздерінің бірі. Сондықтан да өлке тарихын ұрпаққа таныту қашанда басты мақсат болып қала береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 2003 – 188-189 бб.
2. Қозыбаев М. Киелі тәуелсіздік. – Алматы: Баспалар үйі, 2009-201 б.
3. Назарбаев Н. Ғасырлар тоғысында. Атамұра -2003 ж, 125-134 бб .
4. Тоқаев Қ. Рухани жаңғыру: озығын алып, тозығын тастау // Айқын, №55.14 сәуір, 2017ж.
5. Назарбаев Н. Ұлы даланың жеті қыры // Егемен Қазақстан, 21 қараша, 2018 жыл.
6. Ергөбеков Қ. Түркістан облысы әулие-әмбиелері. III.-2018, 141б.

7. Кембаев Ә. Төлеби ауданы: анықтамалар мен мағлұматтар. Ш.-2011, 225-226 бб.

8. Оңтүстік Қазақстан облысындағы жер-су, елді мекен атауларының қысқаша тарихы. – Алматы: 2009, 18 б.

УДК 8.11.512.374:004.651

О ТЮРКСКОЙ ЭЛЕКТРОННОЙ ЛЕКСИКОГРАФИИ

(а примере башкирской лингвистики)

СИРАЗИТДИНОВ З.А.

Ведущий научный сотрудник, кандидат филологических наук, заведующий лабораторией лингвистики и информационных технологий ИИЯЛ УФИЦ РАН (Институт истории, языка и литературы уфимского федерального исследовательского центра Российской академии наук истории).

Башкортостан. г.Уфа

БЕЛБОТАЕВ А.Б.

Академический профессор Международный казахско-турецкого университета им. А.Ясави, доцент Международного Таразского инновационного института, Республика Казахстан, г.Тараз

Түйіндеме. Мақалада Россия ғылым академиясы, Уфа федералдық ғылыми-зерттеу орталығының Тарих, тіл және әдебиет институтының лингвистика және ақпараттық технологиялар зертханасы Машина қорын құру барысында әзірлеген башқұрт тілінің электронды лексикографиялық негіздері талқыланады. башқұрт тілінің (МФБЯ). МФБЯ – тіл мамандарына, мұғалімдерге, студенттерге және жоғары сынып оқушыларына арналған филологиялық ақпаратты іздеу жүйесі. Бұл ақпараттық жүйе мамандандырылған деректер қорын, мәліметтер қорына сұраныстарды орындауға арналған интерфейсдерді және осы сұраныстарды өңдеуге арналған бағдарламалық қамтамасыз етуді қамтиды. Автор лексикографиялық деректер қорынан тұратын және ұлттық тілдің жаңа сөздіктерін жасауда лексикографтар үшін құнды ресурс болып табылатын жинақтың алты бөлімін егжей-тегжейлі сипаттайды. МФБЯ-дің лексикографиялық бөлімінде башқұрт тілінің қолданыстағы сөздіктеріне негізделген сөз туралы мәліметтер берілген. Бұл бөлімнің дерекқоры бүгінгі таңда жалпы көлемі 382701 жазбаны құрайтын 58 құрылымдық сөздіктерді қамтиды. Бөлімде академиялық және оқу сөздіктері бар: біртілді және екі тілді, жиілік, терминологиялық, синонимдік, анықтамалық сөздіктер және т.б. Қарастырылып отырған бөлімнің барлық сөздіктері топтарға қабылданған деректер құрылымдарына сәйкес мәліметтер қорларында сипатталған.

Summary. The article discusses the electronic lexicographic bases of the Bashkir language, developed by the laboratory of linguistics and information technologies of the Institute of History, Language and Literature of the Ufa Federal Research Center of the Russian Academy of Sciences in the process of creating the Machine Fund of the Bashkir Language (IFBL). IFBL is a philological information retrieval system designed for linguists, teachers, students and high school students. This information system includes specialized databases, interfaces for executing queries to databases and software for processing these queries. The author describes in detail six sections of the collection containing lexicographic databases and representing a valuable resource for lexicographers in the development of new dictionaries of the national language. The lexicographical section of the IFBL gives information about the word based on the existing dictionaries of the Bashkir language. The database of this section today includes 58 structured dictionaries with a total volume of 382701 entries. The section contains academic and educational dictionaries: monolingual and bilingual, frequency, terminological, synonymous, reference dictionaries and others. All dictionaries of the section under consideration are described in the databases according to the data structures accepted for groups.

Создание компьютерных словарей и размещение их в сети Интернет стало новым направлением современной лексикографии. Такие словари нового типа не только расширяют сферу функционирования национального языка, но и открывают широкие перспективы для специалистов филологов в плане сравнительных и сопоставительных исследований лингвистических реалий языков в силу доступности лексикографических справочников.

Среди таких лексикографических разработок особо выделяются комплексные лингвистические ресурсы, включающие в себя множественные базы данных как словари АВВУУ, Грамота.РУ и др. [1;

2; 3]. Эти лингвистические ресурсы имеют большой и разнообразный филологический объем, их лексикографические базы дают возможность одновременного поиска в десятках и сотнях словарей одновременно.

Таковыми серьезными ресурсами в тюркской лингвистике являются Машинный фонд башкирского языка (МФБЯ: mfb12.ru), Лексикографическая база данных казахского языка “Тіл — казына”, содержащие разнообразную лексикографическую информацию.

Лексикографический раздел МФБЯ дает информацию о слове исходя из существующих словарей башкирского языка. База данных этого раздела на сегодня включает 58 структурированных словарей с общим объемом в 382701 словарная статья.

В данном разделе представлены академические и учебные словари: одноязычные и двуязычные, частотные, терминологические, синонимический, словари-справочники (названий населенных пунктов и улиц городов республики, названий водных и горных объектов Башкортостан) и другие. На рис. 1. показан вид интерфейса лексикографического раздела.

Лексикографические базы данных рассматриваемого раздела МФБЯ построены на основе изданных в разные годы печатных словарей, с указанием авторов и года издания, за достоверность представленных данных лаборатория несет ответственность.

Создание электронного варианта отдельного словаря не представляет большой сложности. Построение же единой лексикографической системы из разных словарей, как отмечают разработчики, требует решения сложного вопроса интегрирования разноструктурных словарей [4, с. 110].

Несмотря на существующие различия в структурах разных лексикографических разработок, их всех объединяет одно свойство: наличие опорного (реестрового) слова и наличие статьи толкования в виде ряда пояснительных полей. Это позволяет выделить обобщенную словарную структуру для групп однотипных лексикографических трудов, внутри которой каждый словарь будет представлен наличием или отсутствием каких-либо информационных полей [5, с. 213].

Все словари, которые вошли в лексикографический раздел, сгруппированы и описаны в виде структурных данных, имеющих от 4 до 11 информационных полей.

I. Частотные словари. Изданные 3 частотных словаря по функциональным стилям башкирского языка имеют единую структуру: 1) реестровое слово, 2) показатель части речи, 3) показатель омонимии, 4) частота употребления. Например: Барлык I И 39, Барлык II 1, һыр I I 3 [6].




Рис.1. Вид интерфейса лексикографического раздела.

II. Синонимический словарь. Данный словарь также имеет структурную схему состоящую из 4 информационных полей: 1) реестровое слово, 2) информация о синонимическом ряде, 3) толкование, 4) иллюстративный материал. Например: Матур *һылыу, күркәм, сибәр, нәфис* Күрер күзгә йәмле, күренеше, булмышы күңелгә ятышлы. Матур киң кулланылышлы: йән эйәләренә, кешегә, тәбиғәт күренештәренә карата әйтелә. *Әй матур кыз Зөһрә йән, мин һине касан күрәм?* (Ш. Бабич). Здесь после реестрового слова дается лексика (выделена курсивом), образующая со словарным словом синонимический ряд. После идет толкование реестрового слова и его отличительных свойств от остальных синонимичных слов. Четвертое поле дает пример употребления (выделено курсивом) реестрового слова в поэзии Ш.Бабича.

III. Орфографический словарь башкирского языка. Словарь имеет следующую структуру: 1) реестровое слово, 2) показатель омонимии, 3) показатель части речи, 4) дополнительная информация, 5) аффиксы словоизменения. Например: Сап I И *ушк.* -тың, -ка, -бы(на), Сап II М, Ағасак И (балык) -тар; -ғы(на) [7]. Дополнительная информация показывает к какому пласту лексики относится слово (устаревшее, диалектное, бранное) или уточняет и конкретизирует объект (вид, род, часть объекта).

IV. Двухязычные обычные терминологические словари. Обобщенную структуру опубликованных и вошедших в данный раздел русско-башкирских и башкирско-русских терминологических словарей (за исключением толковых терминологических словарей) можно описать в виде: 1) реестровое слово, 2) показатель многозначности, 3) специальная помета, 4) перевод, 5) дополнительная информация. Например: Троеборье *кон. спорт* өсыярыш. Толчок 1. *тяж. атл.* күкрәктән сөйөү; 2. *нац. борьба* этеп әбәреү [8]. Капитель *арх.* Капитель (*таш баганының, колоннаның югары өлөшө*) [9].

В некоторых словарях сложные термины, которые должны выделяться в виде отдельных словарных единиц, даются в словарных статьях как примеры словосочетаний. Такие термины выведены нами в отдельные реестровые слова.

V. Двухязычные толковые терминологические словари. Словари данного типа описываются структурой: 1) реестровое слово, 2) показатель многозначности, 3) специальная помета, 4) перевод, 5) толкование. Пример: Убеждение 1. ышаныу, инаныу (*шәхестең ниндәйзер эш-максатты күңелгә ярашлы, мөһим, әһәмәтле тип һанап аңлы ынтылышы. Күңелдә нык таралған караш*); 2. (метод) ышандырыу (*тәрбиәләнеүселәрзе укыу йә башка файзалы йәмғиәт эшмәкәрлегенә ылыҡтырыу йәки насар эш-кылыктан ситләштереү максатында уның аңына тәҗсир итеүсе педагогик тәрбиә алымы*) [10].

Отдельными авторами указывается источник происхождения термина (латинское или греческое название термина). В лексикографическом разделе эта информация не учитывается, поскольку язык заимствования фиксируется в генеральной картотеке.

VI. Двухязычные словари-справочники (словари названий населенных пунктов и улиц городов, словари-справочники водных и горных объектов Республики Башкортостан). Эти 4 словаря-справочника описываются обобщенной структурой: 1) реестровое слово, 2) перевод, 3) рекомендуемое название, 4) указатель вида объекта, 5) территория расположения (протекания), 6) этимология. Рекомендуемое название встречается только для словаря названий населенных пунктов [11]. В словаре названий улиц городов отсутствует этимология [12].

Например: Чапаево с. Сапай Сапай *Кидрячевский сельсовет Давлекановский район* от личн. им. Сапай [8].

Талкас оз. Талкас Баймакский район РБ, *возможно, от талкыш `льномялка`* [13]. улица Новомостовая Яңы Түшәлгән юл урамы г.Уфа [9].

VII. Толковый словарь современного башкирского литературного языка. Здесь рассматривается однотомный словарь, который представлен в лексикографическом разделе [14]. Словарь имеет следующую структуру: 1) реестровое слово, 2) показатель омонимии, 3) показатель части речи, 4) показатель многозначности, 5) толкование, 6) дополнительная информация, 7) иллюстративный материал в виде словосочетаний, 8) иллюстративный материал в виде фразеологизмов, пословиц и поговорок.

VIII. Двухязычные общие словари (башкирско-русский, русско-башкирский, башкирско-английский, англо-башкирский, башкирско-турецкий). Словари данного типа имеют самые сложные строения, которые обобщены нами к структуре: 1) реестровое слово, 2) показатель омонимии, 3) показатель многозначности, 4) дополнительная информация 1, 5) дополнительная информация 2, 6) дополнительная информация 3, 7) дополнительная информация 4, 8) перевод, 9) дополнительная информация 4, 10) иллюстративный материал в виде словосочетаний, предложений, 11) иллюстративный материал в виде фразеологизмов, пословиц и поговорок.

Так в башкирско-русском академическом словаре дополнительные информации до перевода выделяют диалектизмы, уменьшительные и ласкательные формы, прямые и переносные значения,

стили употребления (разговорное просторечие), грамматические принадлежности и формы падежного управления, разъяснения употребления слов, формы управления при глаголах, косвенные падежи личных и указательных местоимений, залоговые и другие формы глаголов и др. [15]. Дополнительная информация 4 после русского перевода дает различные дополнительные пояснения и уточнения значений и оттенков значения при переводе, падежные управления. Например:

Ете I 1. *числ. колич.* семь; ете кеше семь человек; ете йыл семь лет; *с аффиксом* 3 л. ед. ч. поминки (у мусульман на седьмой день кончины) ...

Ете II *диал.* 1) *см.* үткер; ете бысак острый нож; 2) *см.* етеу II.

Все словари рассматриваемого раздела описаны в базах согласно принятым для групп структурам данных. При выдаче на экран пустые поля не выводятся.

Любая лексикографическая база должна быть полной во всех ее частях и адекватно отражать лексико-фразеологический состав языка в рассматриваемый временной период [16, с. 20]. Это требует от сотрудников, занятых сопровождением лексикографических систем, постоянной работы над пополнением состава баз данных, выявлением опечаток и ошибок в самих данных, которые по причине большого объема информации все же встречаются. Сегодня сотрудники лаборатории лингвистики и информационных технологий ИИЯЛ, наряду с решением новых задач, также выполняют и выше обозначенные задачи по поддержке МФБЯ.

Список использованной литературы:

1.Онлайн-словари FU-Lab (финно-угорских языков) [электронный ресурс] URL:<http://dict.fu-lab.ru> (дата обращения: 17.09.2021).

2.Словари русского языка [электронный ресурс] URL:<http://gramota.ru> (дата обращения: 17.09.2021).

3.Словари АБВУY LINGVO [электронный ресурс] URL:<https://www.lingvolive.com/ru-ru> (дата обращения: 17.09.2021).

4.Очирова Н.Ч., Куканова В.В. К вопросу о разработке словарного модуля в национальном корпусе калмыцкого языка// Научное наследие проф. А.Ш. Кичикова и актуальные проблемы современной калмыцкой филологии и культуры. Элиста: Изд-во Калмыцкого гос.ун-та, 2012. С. 108–110.

5.Жубанов А.К. База данных “Тіл — қазына” казахского слова и ее теоретические основы. Алматы: Изд. “Арыс”, 2009. 304 с.

6.Частотный словарь башкирского языка. Т.1 (проза)/ З.А.Сиразитдинов. Уфа: Гилем, 2002. 413 с.

7.Орфографический словарь башкирского языка/ Н.Ф. Суфьянова, З.К. Ишмухаметов. Уфа: НИ "Башкирская энциклопедия", 2002. 352 с.

8.Русско-башкирский, башкирско-русский словарь по физическому воспитанию и спорту/ Г.Д. Зайнуллина. Уфа: Китап, 2009. 160 с.

9.Ураксин З.Г., Сиразитдинов З.А. Русско-башкирский словарь и башкирско-русский словарь архитектурно-строительных терминов. Уфа, 2004. 82 с.

10.Русско-башкирский словарь педагогических и психологических терминов/ Н.Ф. Суфьянова. Уфа: Китап, 2002. 112 с.

11.Русско-башкирский словарь-справочник названий населенных пунктов Республики Башкортостан/ Ф.Г. Хисамитдинова, З.А. Сиразитдинов. Уфа: Китап, 2001. 320. с.

12.Русско-башкирский словарь-справочник названий улиц городов Республики Башкортостан/ Ф.Г.Хисамитдинова, З.А.Сиразитдинов,, Н.Ф.Суфьянова. Уфа: ГУП РБ «Уфимский полиграфкомбинат», 2009. 312 с.

13.Русско-башкирский словарь водных объектов Республики Башкортостан /Ф.Г.Хисамитдинова, Р.З.Шакуров, З.А.Сиразитдинов, Ю.Х.Юлдашбаев. Уфа: Китап, 2005. 256 с.

Толковый словарь современного башкирского литературного языка/под. ред. З.Г. Ураксина. Уфа, 2004. 528 с.

14.Башкирско-русский словарь/под ред. З.Г.Ураксина. М.:Дигора, 1996. 884 с.

15.Рогожникова Р.П., Чернышева Л.В. Организация словарной картотеки на базе автоматизированной системы//Теория и практика современной лексикографии. Л.:Наука, 1984. С. 20-

ӘБУ-НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ТІЛ ҒЫЛЫМЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТУРАЛЫ

БЕЛБОТАЕВ А.Б., САРСЕНБАЕВА М.Б.

Халықаралық Тараз инновациялық институты, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассказывается о великом сыне казахской степи Абу Наср Мухаммаде ибн Тархане ибн Узлаге Аль-Фараби (870 – 950), его жизни, творчестве. В нем кратко рассказывается о его трудах, связанных с вопросами языкознания. Он-ученый-энциклопедист, великий мыслитель, философ, социолог, математик, физик, остролог, ботаник, полиглот-лингвист, логик и музыкальный исследователь; он также певец, күйши и музыкант.

Summary. The article tells about the great son of the Kazakh steppe Abu Nasr Muhammad ibn Tarkhan ibn Uzlag Al-Farabi (870 - 950), his life and work. It briefly describes his works related to the issues of linguistics. He is an encyclopedic scientist, a great thinker, philosopher, sociologist, mathematician, physicist, astrologer, botanist, polyglot linguist, logician and music researcher; he is also a singer, kuishi and musician.

Әлемдік шар – ЖЕР бетінде ҚАЗАҚ ЕЛІ деген ел бар. Ол - жай ел емес, ол ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан, арғы тегі тарихта бар сақтар мен гундардан тамыр алған. Демек ол – сол ата-бабалардың ақыл-ойлары мен парасатты, салауатты, салмақты философиялық тұжырым-қорытындыларынан туған атамұра асыл қазыналарын жинаушы, оны өзі пайдалана отырып, кейінгі келешек ұрпаққа қаз-қалпында дамыта жеткізуші ел. Басқаша айтқанда, біз ата-бабалардан қалған асыл мұра – алтын қазынаның иесіміз. Оның жоғын жоқтаушысы, іздеушісі, барын – түгелдеушісіміз.

Бір мысал келтірейік: айталық осыдан 1150 (бір мың бір жүз елу) жыл бұрында туған Шығыстың ұлы ғұлама ғалымы, Аристотелден кейінгі «екінші ұлы ұстаз» атанған Әбу Наср әл-Фараби бабамыз туралы бірауыз әңгіме қозғауымыз да соның анық айқын дәлелі.

Энциклопедиялық анықтамалыққа сүйенсек, Әбу Наср әл-Фараби (Әбу Наср Мұхаммад ибн Тархан ибн Узлағ әл-Фараби) – қазақтың ұлыдаласынан шыққан ұлы ғалым; ұлы ойшыл, философ, социолог, математик, физик, ботаник, астролог, полиглот-лингвист, логик және музыка зерттеушісі.

Ол – 870 жылы қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысының жеріндегі көне Фараби (бертінгі замандағы – Отырар) қаласында әскербасы тарханның отбасында дүниеге келген. Түркі ойшылдарының ең атақтысы, ең мәшһүрі, «Әлемнің екінші ұстазы», «Шығыстың Аристотелі» атанған ғұлама [1, 128-131 бб.].

Әуелі ол Отырар медресесінде оқып, білім алады. 20 жасында оқу-білім іздеп, Бұқара және Самарқанд қалаларына барады. Оқу-білімге, ізденіске деген құлшынысы оны ары қарай ілім-білімнің сол кездегі орталықтары болған Бағдад, Дамаск, Халеб (Алеппо) сияқты қалаларға баруға әсер етеді. Бұлардан кейінол қаншама өмір қиыншылығын көрсе де мойымай оқу-білім іздеп, Харран, Мысыр шаһарларында болып, білім алады.

Тарихи жазба мәліметтерге сүйенсек, ұлы ойшыл ғалым Әбу Наср әл-Фараби өз өмірінде Орта Азия, Парсы, Ирак, араб елдері қалаларына жиһанкездік сапарлар жасаған. Ол жерлерде көптеген ғұламалармен, ойшыл-ғалымдармен, ақындармен, қайраткерлермен кездесіп, танысып, сұхбаттасады, ой-пікір алмасады.

Жазба деректерде көрсетілгендей, кезінде ол 70-ке (жетпіске) жуық тіл білген екен. Демек, бабамыз полиглот-лингвист болған. Өздігінен көп оқып, көп ізденген ойшыл ғалым заманындағы ғылымның барлық салаларынан хабардар болған. Әсіресе философия, логика, этика, тіл білімі, география, математика, астраномия, физика, жаратылыстану, музыка, медицина ғылымдарынан көп мұралар қалдырған. Қолда бар мәліметтерге сүйенсек, ол - 164 (жүз алпыс төрт) трактат жазыпты. Алайда бұл бай мұраның барлығы бірдей біздің қолымызға жеткен жоқ. Ол еңбектердің дені Шығыс елдерінің мұрағаттарында сақтаулы [2, 4-6 б.].

Төменде сол аттары мен тақырыптары табылған еңбектер мен трактаттарының бір тобының тізімін беріп отырмыз:

Ғылымға және оның жіктелуіне, түрлеріне байланысты:

«Ғылымдардың шығуы»,

«Ғылымдар тізбесі»,

«Ғылымдық классификациялау және анықтау туралы кітап» («Китоб би ихсо эл улум уа ат-таһриб»),
«Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы». – философияға байланысты:
«Философияны үйрену үшін қажетті шарттар жайлы трактат»,
«Азаматтық саясат»,
«Фусул әл-мадани» – «Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері»,
«Болжамдағы геометрияға кіріспе». – арифметика саласында:
«Теориялық арифметикаға қысқаша кіріспе». – физика саласында:
«Мұхарақ», («Фокус»),
«Вакуум туралы». – химия саласында:
«Алхимия өнерінің қажеттігі туралы». – медицинаға байланысты:
«Адам ағзалары жөніндегі Аристотельмен алшақтығы жөнінде Галенге қарсы жазылған трактат»,
«Жануарлар ағзалары», «Темперамент туралы». – астрономия жөнінде:
«Астрологиялық болжамдарда не дұрыс, не теріс». – музыка жөнінде:
«Музыканың үлкен кітабы»,
«Ғылымдар жіктелуі»,
«Ырғақтар жіктеу кітабы»,
«Риторика»,
«Поэзия өнері туралы»,
«Бақытқа жол сілтеу туралы», т.б.

Сабақ өту барысында әдістерді де қолдана білді. Оларды қажет деп тапты. Сабақта балалардың ойлау қабілетін арттыратын жаттығулар қажет, мысалы, әңгіме, түсіндіру арқылы оқыту методы. Педагог-энтузиаст ретінде ол мектептегі оқыту процесін ұйымдастыруды өте дұрыс түсіндіріп отырды. Еңбегі арқылы мұғалімнің ең бірінші роліне мән беру қажет екенін дәлелдеп бер екенін дәлелдеп берді оқу-материалдық база шешуші маңызды деп көрсетті. Оқулықтарды қазақ мектептеріне пайдалану үшін жарамдылығы жағынан ұқыпты тексеріп отыру қажет болды. Оны да өзі қадағалады. Міне осындай ерен еңбектері бүгінгі күні Қазақстан Тәуелсіздік алып, еліміз өркендеп, ұмыт болып бара жатқан белгілі тұлғалардың шығармалары қайта қолға алына бастады. Сондай жахандық өзгеріс қазақ әдебиеті тарихында өзіндік орны бар жазушының бірі-Ыбырай Алтынсаринге де келіп жетті. Ол – заманының ірі қоғам қайраткері, тұңғыш педагог жазушы, қазақ балалары үшін дүниелік ғылымдар негізін оқытатын тұңғыш қазақ мектебін ашушы ұлы - ұстаз. Қазақ елін қараңғылық бұғауынан алып шығып, көзін ашып, көкірегін оятуды көздеген халық қамқоршысы. Ыбырай салған із қазақ халқының тарихында мәңгі сақталып, қалады. Біз бүгінгі күні сабақта оқушыларымызға патриоттық тәрбие беруде, білім нәрін себуде қолданып келеміз. Қазақ халқының ұлы перзенті, қазақ жерінде оқу-ағарту ісін жүзеге асырған қазақ зиялылығының көшбасшысы, тұңғыш халық ағартушысы қоғамда өзгерісті жасау жолында талмай күресіп халық игілігі үшін жан алмай еңбек етудің үлгісін көрсеткен.

Бір Аллаға сыйынып,

Кел балалар оқылық!

Оқығанды көңілге

Ықыласпен тоқылық!

Міне, мына өлең жолдары арқылы білімге құштар екенін аңғара аласыз. Ыбырай жас ұрпақты тәрбиелеу мәселесіне ерекше көңіл бөліп, қазақ даласындағы аумалы төкпелі заманда ұрпақ болашағын ойлап, балалар мен жас жеткіншектердің тағдырына терең араласқан ағартушы –ұстаз екені баршаға мәлім. Ол еліне қызмет етіп ұлы ағартушы бола білді. Біздей жастарға білім нәрін төкті. Ыбырай Алтынсарин мектептегі тәртіпке зор көңіл бөліп «Тәртіптің шындыққа айналауы тәртіптілік сезімін тудырады» деп, айтқан ұлы ұстаз. Тәртіп деген педагогикалық ұғымға Ыбырай Алтынсарин терең талдаулар жасайды. Ол бірде тәртіп-тәрбие құралы десе, бірде тәртіп-тәрбиенің нәтижесі деген анықтама береді. Ал бұл халық педагогикасындағы «тәрбие-тәртіптің құлы» деген түсінікке жақын. Сондай-ақ тәртіп оқушының мектеп ережесіне бағына білу мен шын еркіндіктің табиғи бірлігі деп атап көрсетеді. Міне, кезінде аса көргендікпен көпшілікке ұсынған осы ұғым тұжырымдары қазір де мұғалімдердің қажетіне жарап жүр. Еңбекті қадірлеу-оның шығармаларының басты тақырыбы өсиет, өнеге айта отырып, ой саларлықтай салмақ тастайды. Адамның мінез-құлқын қалыптастыруда тәрбие рөлінің ерекшелігіне тоқталып, жеміс ағашын өсіруші бағбан еңбегімен парапар екенін көрсетеді. «Дүниедегі жақсы атаулы күннің нұрымен, ананың ақ сүтімен бойымызда дарып, сіңеді»-деп тұжырым жасайды. Ыбырай әңгімелерінің ішіндегі ең бір шоқтығы биік шығармасы - «Бай баласы мен жарлы баласы». Қазақ қоғамындағы өмір шындығын, тап жігін аша отырып, ауыр тұрмыстың ыстық қазынасында пісіп, шығып тағдыр тауқыметін көрген кедей баласының еңбек қорлығын баяндайды. Мұғалім өз сабағында осы мәселеге көңіл қойып, үйретудегі

мақсат: Асан мен Үсенге салыстырмалы мінездеме бере отырып, кедей баласының сабырлығы мен көргендігін, еңбеккер өмірге ікiмдiлiгiн; екiншiсiнiң шыдамсыздығын жинақтай отырып, жазушының айтайын деген ойын, шығарманың идеялық мазмұнын айқын түсiндiру.

«Талаптың пайдасы» деген әңгiмесiнде Ыбырай Алтынсарин еңбектенсең, талаптансаң, мақсат-мұратыңа жетерсiң-дей келiп осы идеяны ашып көрсетедi. Балаға бiлiм берудегi еңбекке баулудың рөлi өте зор екенiн көрсете бiлдi. Ыбырай Алтынсарин оқушыларды еңбек арқылы тәрбиелеу, оқыту өз еңбегiнiң нәтижесiн көруге, одан қанағат, ләззат алуға үйретедi, еңбек етiп үйренген адамға бiлiм беру жеңiлiрек болады деген пiкiр ұсынады. Тұңғыш қолына күмiс қоңырау алып, қазақ балаларын бiлiмге шақырған ұстаз! Қазақ халқының ұлы перзентi, қазақ зиялыларының көшбасшысы, халық игiлiгi үшiн аянбай еңбек еткен ағартушы Ыбырай атамyz бен оның баға жетпес асыл мұралары өшпес тарихта мәңгi сақталары сiз бен бiздiң қолда. Ал ендi ұстаздықты сөз етсек, Ыбырай есiмiне тоқталмай кету, тәрбие мен оқуды сөз етсек, «Қазақ хрестоматиясы» жайында бiрер сөз айтпау мүмкiн емес. Қазақ даласындағы аумалы-төкпелi заманда ұрпақ болашағын ойлап, балалар мен жас тағдырына терең үңiлген Ыбырай Алтынсарин атамyz «Тәрбиесiз бiлiм – адамзаттың қас жауы» екенiн ескерген. Ол өз халқын жан тәнiмен сүйiп, халқының мәдени көркейiп өсуi үшiн бойындағы бар күш жiгерiн аянбай жұмсауы нағыз патриоттықтың белгiсi екенiн ұғындырған.

Ыбырай ауылды аралап, халыққа мектептің пайдасы туралы әңгiме жүргiзедi. Жұрттың оқуға ынтасын арттыру үшiн бiраз балаларды өз үйiнде оқытады.

Қазақстанның егемендi ел болғаннан берi бiлiм саласындағы бiлiмдi де, бiлiктi де маман дайындау және бiлiм саласын бүкiл әлемдiк стандарттарға сай өзгерiстер мәселесiне мемлекет басшысы баса назар аударғалы Ыбырай, Абай, Ахметтей ұлы бiлiм нәрiн елiне арнап сусындатқан ақындарымыздың еңбектерi қайта жандана бастап келедi. Тәрбиелiк мәнi бар шығармалары сыныптан тыс iс-шараларда қолданылуда. Тәуелсiздiктi баянды етiп, бiлiмнiң маңыздылығын жоғары бағалап, экономикалық және қаржылық қиындықтарға қарамастан бiлiм саласына қолдау көрсетiлуде. Себебi қазiргi әлемде болып жатқан қарқынды өзгерiстер әлемдiк бiлiм жүйесiн қайта қарау екендiгiнiң дәлелi болды. Сонымен қатар тек қана бiлiм берумен қатар тәрбиелеу мақсатында зор үлес қосу бұл бiздiң - ұстаздар қауымының қолында деп ойлаймын. Ыбырай шығармашылығында көтерген өз мәселелерiн дәл осы, яғни ХХI ғасырда дұрыс және тиiстi жерлерде ұстана бiлудi талап еттi. Яғни, өнер-бiлiмсiз, қолөнер кәсiпсiз, еңбек етпей, достық пен қарым-қатынассыз адам өз өмiрiнде тиiстi бiлiм ала алмайды. Өйткенi , бiрiн-бiрiнсiз олар тиiстi нәтижеге жете алмайды.

Қорытындылай келе, осы жоғарыда аталған Ыбырай жұмыстарының түгелi бiздiң елiмiздiң өркендеуiне көп үлес қосты. Қазақстанның егемендi ел болғаннан берi бiлiм саласындағы бiлiмдi де, бiлiктi де маман дайындау және бiлiм саласын бүкiл әлемдiк стандарттарға сай өзгерiстер мәселесiне мемлекет басшысы баса назар аударды. Тәуелсiздiктi баянды етiп, бiлiмнiң маңыздылығын жоғары бағалап, экономикалық және қаржылық қиындықтарға қарамастан бiлiм саласына қолдау көрсетуде. Себебi қазiргi әлемде болып жатқан қарқынды өзгерiстер әлемдiк бiлiм жүйесiн қайта қарау екендiгiнiң дәлелi болды. Сонымен қатар тек қана бiлiм берумен қатар тәрбиелеу мақсатында зор үлес қосу бұл бiздiң – жастардың қолында деп ойлаймын. Ыбырай шығармашылығында көтерген мәселелерiн дәл осы едi.

Пайдаланылған әдебиеттер тiзiмi:

1. Жармұхамедов М. Ыбырай Алтынсарин тағлымы. – Алматы: Жазушы, 1991. – 230б.
2. Қоңыратбаев Ә. Ыбырай Алтынсарин. – Алматы: Қазығұрт, 2003. – 220б.
3. Дербiсәлин Ә. Ыбырай Алтынсарин. – Алматы: Қазақстан, 2001. –165б.

ӘОЖ 378.147.811.512

ДАМЫТА ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ НЕГIЗIНДЕ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АҚЫЛ-ОЙ ЖӘНЕ СӨЙЛЕУ ӘРЕКЕТIН ДАМУ ТУРАЛЫ ЕРЕКШЕЛIКТЕРI

УРИСТЕНБЕКОВА Г.К.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің аға оқытушысы, п.ғ.к.,
Қазақстан Республикасы, Шымкент қ.

Резюме. В статье рассматриваются особенности развития мыслительной и речевой деятельности младших школьников на основе технологии развивающего обучения.

Summary. The article examines the features of the development of the mental and speech activity of primary schoolchildren on the basis of the technology of developing education.

Соңғы жылдары қоғамдағы саяси-әлеуметтік жаңалықтар, адам санасындағы өзгерістер білім беру жүйесінде де әсер етпей қоймады. Бұл – заман талабына сай білім беру мен оқыту және тәрбиелеудің әдістерін, түрлерін жетілдіруді талап етті. Осы орайда бірқатар маңызды іс-шаралар жүзеге асырылды, көптеген жаңа буын оқулықтары, мемлекеттік бағдарламалар, негізгі оқу жоспарлары жарық көрді. Білім туралы қабылданған мемлекеттік құжаттарда балаларды мектеп жасына дейін оқыту мен тәрбиелеу кезеңдерінде жеке тұлға ретінде қалыптастыру мәселесі көзделіп отыр.

Қоғам балабақша, орта және арнаулы мектептер мен жоғары оқу орындарының алдына балалардың таным, шығармашылық, ойлау т.б. қабілеттерін дамыта отырып оқыту міндетін қойды. Соған байланысты Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау», – деп нақты атап көрсетілген [1, 10 б.].

Р.П.Мильруд орта мектепте шет тілін дамыта оқыту мәселесін сөз етіп, дамыта оқытудың мақсаты мен мазмұнын ашуға көп көңіл бөледі. Автор дамыта оқытудың мақсаты – «психологиялық» екенін айта келіп, логикалық ойлау, бақылағыштық қасиет, сөйлеу дағдыларын т.б. дамыту мәселелерін сөз етеді. Жұмыста дамыта оқытудың мақсаты жалпы және арнайы деп екіге бөлінген. Дамыта оқытудың жалпы мақсаты – оқушының оқу-тәрбие қызметінің субъектісі ретінде тұлғалық белсенділігінің қалыптасуы болса, арнайы мақсаты коммуникативтік-танымдық қызметінің дамуы болып табылады. Сонымен қатар оқушының ауызша және жазбаша тілдік ойлау шеберлігін, интеллектуалдық сыншылдығын, талабын, зейінділігін, тапқырлығы мен зеректілігін де жатқызады.

Тілдік қабілеттерді тілдесім, сөйлесім, тілдік қызмет аспектісінде сөз ете отырып, ғалым шет тілі арқылы дамыта оқыту үшін оқушылардың өзіндік жұмысын дұрыс ұйымдастыру қажеттігін айтады.

Сабақты дәстүрлі формада ұйымдастыруда оқушымұғалім түсіндірген дайын білімді ғана қабылдайды. Негізгі білім оқытушының айтқан сөзі мен көрсеткендері ғана болады, яғни студент орындаушы қызметін ғана атқарады. Мұндай жағдайда оқушының өзіндік танымы баяу дамиды. Сабақ барысында оқушы мен мұғалім арасындағы байланыстың өзгешелілігі байқалмайды, студенттердің ойлау жүйесін дамыту мүмкіндігі шектеліп, сабақта бірсарындылық етек алады.

Көптеген зерттеулерде дәстүрлі оқытуда оқушылардың шығармашылық қабілеттері шектеліп, табиғи мүмкіндіктері ашылмай, тіптен төмендеп кететіндігі дәлелденді. Осының салдарынан икемсіз, өз ойын ашық айтуға дәрменсіз адамдар қалыптасатындығы белгілі. Дамыта оқыту жүйесінің ерекшелігі оқушы мен мұғалім, оқушы мен сыныптың арасындағы байланыс үнемі өзгеріп отырады. Дамыта оқыту барысында оқушылардың танымдық мүмкіндігі кеңейе түседі. Дидактикалық құралдар жүйесі іске қосылып, оқушылардың өз бетінше ізденуі көбейеді, танымдық әрекеті ізденушілік және шығармашылық сипатқа ие болады. Сондай-ақ оқу процесі табиғи сипат алады, оқушының өз бетінше ізденуге деген құлшынысы артып, белсенділігі күшейе түседі. Мұғалім – сынып, мұғалім – жеке оқушы – сынып жүйесі өзіндік үйлесімді жүйеде құрылумен қатар жаңа сабақты игеру барысында оқушылар өз бетінше жұмыс істеуге дағдыланады.

Дамыта оқытуда оқушы жаңа материалды өз бетінше игеріп, сабақтың басынан аяғына дейін белсенділік танытады. Соның нәтижесінде сабаққа қатысушылар жаңа материалды игеруге бар күшін салады да, әдеттегі бірсарындылыққа жол қалмайды.

Дамыта оқыту мәселесін терең түсініп, оқулықтарын «жаңа технология» негізінде жаза бастаған ғалым Қ.Жұбанов ғылым мен білім жедел қарқынмен дами бастаған жағдайда оқушылар өздігінен ғылым-білімді ізденіп оқитындай етіп машықтандыратын оқыту мен тәрбие әдісі керектігін сезе білді. Ғалым ізденгіш бала тәрбиелеу үшін оған шығармашылықпен ойлай білуді үйретіп, ми қызметін барынша дамытуға күш салды. Ғалым 1936 жылы жарық көрген грамматикасын жаңа талаптар негізінде жазған. Ол жаңа заманда ізденіп, ойланып оқитын, жаңа үлгідегі оқулық қажет екенін ескеріп, оқушыларға ойлану, іздену жолын көрсетеді [2].

Дамыта оқыту технологияларына байланысты көптеген әдіскер-ғалымдардың еңбектерінде оқушылардың шығармашылығын, ойлау қабілетін, ой-өрісін, тілдік құзіреттіліктерін дамыту туралы сөз болады. Зерттеуші ғалым Ш.Х.Сарыбаев қазақ тілін оқытуға әдістемелік тұрғыдан зерттеу жасап, өзіндік қағидаларын ұсынды. Сонымен қатар, қазақ тілін оқыту әдістерін жүйелеп, тіл дамытудың кейбір мәселелеріне байланысты құнды тұжырымдар жасады [3].

Қазақ тілін оқытуда оқушылардың ойлау қабілеті мен сөйлеу дағдыларын жетілдірудің маңызын әдіскер-ғалым Ғ.Бегалиев айта келіп: «Қай тіл болмасын, соның ішінде қазақ тілінде де ой туғызатын және сол ойды тұлғалайтын құрал, анықтап айтқанда, оқушылардың ой-өрісін кеңейтумен байланысты жұмыстар олардың тілін байытып, оқушылардың ой-өрісін кеңейтуге себепші болады», – дейді [4, 3 б.].

Қазақ тілі әдістемесі саласында тұңғыш рет дамыта оқыту туралы ғылыми-зерттеу еңбек жазған ғалым – Н.Ж.Құрманова. Ғалым қазіргі кезеңде қазақстандық педагогикалық жүйелердің ішіндегі дамыта оқыту технологияларының негізгі үлгілеріне сәйкес сөйлеу тілін дамытатын технологияның құрылымдық және мазмұндық интерпретациясын бере отырып, сөз тіркесі жүйесін дамыта оқыту технологиясының әдіснамалық-теориялық негізін анықтады. Сондай-ақ еңбегінде ғалым сөз тіркесін дамыта оқытуда қолданылатын жаттығуларды сұрыптап, жаттығулар кешенін ұсынады [5,5].

Қазақ тілін дамыта оқыту мәселесіне байланысты өзіндік пікір айтып, зерттеу еңбектер жазған ғалымдардың қатарында Б.А.Тұрғынбаева, Ж.Нұржанова, А.Жаппаров, Қ.Қадашева т.б. ғалымдар бар. Ж.Нұржанова «Қазақ тілін тиімді оқыту жолдары» деген әдістемелік құралында: «Бұл кезде мұғалім сабақ үстінде білімді қабылдау қабілеті, ақыл, ес, сөйлеу, ойлау ерекшеліктеріне тікелей әсер етіп, оқушыны дамыта оқытуға әр түрлі әдіс – тәсілмен жүргізеді. Қазақ тілінен білім беруде дамыта отырып оқыту мәселесі болашақ ұрпақтың интеллектуалдық мүмкіндіктерін дамыту арқылы дүниетанымын кеңейту, теориялық білім берудің жолдары практикада дағдыландыруда жүзеге асады», – дейді [6, 51 б.].

Б.А.Тұрғынбаева зерттеу еңбегінде дамыта оқытудың қазіргі кезде қолданылып жүрген технологияларына сипаттама беріп, сабақ үлгілерін көрсетеді. Ғалым бастауыш сыныпта дамыта оқыту мәселесінің ғылыми-теориялық негіздерін қарастырды. Ол «дамыта оқыту бастауыш мектеп оқушыларына ғана қолданылуы керек» жаңсақ пікірді жоққа шығарады. Сонымен бірге мектеп мұғалімдерінің көпшілігі дамыта оқыту теориясын толық меңгермегендіктерін және дамыта оқытуды топпен жұмыс жасау, оқушыға еркіндік беру, барлық ақпаратты баланың өзіне тапқызу, сабақты басқаша ұйымдастыру сияқты түсініктермен шатастырып жүргендігін айтады [7, 3].

Зерттеуші-ғалым бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілетін дамыту туралы: «Дамыта оқыту сабақтағы ерекше ахуал, мұғалім мен оқушы арасындағы ерекше қарым-қатынас. Мұғалім бұл жағдайда дайын білімді түсіндіріп қоюшы, бақылаушы, бағалаушы емес, танымдық іс-әрекетті ұйымдастыратын ұжымдық істердің ұйытқысы. Тек осындай оқыту ғана бала интеллектісінің көзін ашып, шығармашылығын дамытады», – дейді [7, 10].

Ғалым мектеп оқушыларының шығармашылығын дамыта оқытуда Л.В.Занковтың ұстанымдарын басшылыққа ала отырып, баланың жеке басын дамытуда:

а) баланың бойындағы құмарлығын, қызығушылығын жойып алмай, оның үнемі алға жылжуға деген табиғи талап-тілектерін, сұраныс пен мұқтаждарын ескеру, шығармашылығын жетілдіру;

ә) білімді өз бетінше іздену арқылы алуға қолайлы жағдай жасау;

б) өзін-өзі дамытатын тұлға қалыптастыру сияқты тың пікірлер қосады [8, 29].

Бастауыш сынып оқушыларын дамыта оқытудың түпкі мақсаты түрлі жағдаяттарды талдап, қорытынды шығару, бір нысанның түрлі қыры бар екенін түсініп, олардың айырмашылықтары мен ұқсастықтарын, басқа құбылыстармен байланысын анықтауға, ұқсастықтарына қарай топтастыруға, жинақтауға, осы әрекет-тәсілді басқа да жағдайларға икемдеп қолдануға т.б. осы сияқты жалпы интеллектуалдық біліктерді қалыптастыруға негізделеді.

Бастауыш сынып оқушыларын дамыта оқытуда дайын білім берілмейді. Дамыта мұғалім оқытушы сабақты ұйымдастырушы ретінде қызмет атқарады. Білімді оқушылардың өздері ойлана отырып табады. Әр оқушыға өз ойын еркін білдіріп, пікірін ортаға салуға мүмкіндік беріліп, олардың жауаптары ықыласпен тыңдалады. Барлық оқушы бірдей ойламайды. Сол себепті кейде олардың жауаптары қате болуы да мүмкін. Жауаптар дұрыс болмаған жағдайда оқытушы сұрақтар қою арқылы немесе басқа да әдіс-амалдар арқылы дұрыс жауапты өздері табуына жағдай жасайды.

Қазақ тілін дамыта оқытуда мәселеге оқушының қызығушылығын тудыру керек. Оқытушы мәселені өзі шешіп бермей, оны оқушылардың өздері табатындай етіп жағдай жасауы керек. Ол оқушының ойлануына, талдауы, салыстыруы, тексеруі, қорытынды шығаруына негізделуі қажет.

Қазақ тілін дамыта оқытуда оқушылардың шығармашылығын күшейтуде дамытушылық тапсырмалар қолдану тіл меңгертудің тиімді жолы болып есептеледі. Дамытушылық тапсырмалар арқылы оқушылар сабақ барысында түрлі жұмыстарды орындауы керек. Шығармашылық деңгейге жетуі үшін олардың орындайтын жұмыстарын ғылыми негізде ұйымдастыру қажет. Дамытушылық жаттығулар мен тапсырмаларда оқушылардың ойлау қабілеті мен тілін дамытуға негізделген іскерлік, танымдық ойындар, қызықты грамматика, жұмбақтар, пікірталас т.б. қамтылуы тиіс.

Сөйтіп, қазақ тілін дамыта оқыту – оқушылардың қабылдау, ойлау, қиялдау, сөйлеу және шығармашылық қабілеттерін дамытуға тікелей бағытталған оқыту түрі. Бастауыш сынып оқушыларына дамыта оқытудың басты мақсаты – білік, дағды, машыққа қол жеткізіп қана қоймай, тақырып бойынша қажетті ақпаратты түсіну, талдау, одан қорытынды шығару және тәжірибеде тиімді қолдана білу, қоғам талабына сай шығармашылықпен жұмыс істей білуге баулу.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. –Алматы: Жеті жарғы, 1999.–96 б.
2. Мильруд Р.П. Развивающее обучение средствами иностранного языка в средней школе. Автореф. дис. на соискание д.п.н. 13.00.02. –М. 1992. –32 с.
3. Жұбанов Қ. Қазақтіліграмматикасы. –Алматы: Қазақстан, 1936. –70 б.
4. Сарыбаев Ш.Х. Орыс мектептерінде қазақ тілін оқыту методикасы. –Алматы: Білім, 1946.
5. Бегалиев Ғ. Бастауыш мектепте қазақ тілі методикасының мәселелері. –Алматы.: ОҚБ, 1950. – 192 б.
6. Құрманова Н.Ж. Қазақ мектептерінде сөз тіркесі синтаксисін дамыта оқыту технологиясының әдістемелік негіздері: пед. ғыл. докторы... дисс.: 13.00.02. –Алматы: ҚазМемҚызПи, 2004. –365 б.
7. Нұржанова Ж. Қазақ тілін тиімді оқыту жолдары. Әдістемелік құрал. –Алматы: Ғылым, 2001. –129 б.
8. Тұрғынбаева Б.А. Дамыта оқыту технологиялары. Оқу-әдістемелік құрал. –Алматы: Жазушы, 2000. –90 б.

ӘОЖ. 137. 855

Ы.АЛТЫНСАРИН ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ АТА ТӘРБИЕСІ МЕН ҒИБРАТЫ

ҚАШАҒАНОВА М.Е.

Т. Рысқұлов атындағы мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Т. Рысқұлов ауданы

Түйіндеме. В этом произведении казахская литература занимает особое место. Рассказы Алтынсарина многое рассказывают о воспитании и советах его отца. Известно, что сложный жанр фантастики - это рассказ. Ведь требования к произведениям большого жанра такие же, как и к коротким произведениям, таким как рассказы, рассказы (художественные рассказы 1-2 серий). С этой точки зрения рассказы Алтынсарина лаконично, привлекательно и эффектно передают главную проблему, сохраняя единство формы и содержания. Писатель умело использовал богатство разговорного языка, чтобы передать свои лучшие идеи. Эти качества его работ показывают, что они присущи как молодым, так и старым.

Summary. In this work there is a special place in the Kazakh literature. Altynsarin's stories tell a lot about his father's upbringing and guidance. It is known that a complex genre of fiction is a story. After all, the requirements for works of a large genre are the same as for short works, such as short stories, short stories (fiction short stories of 1-2 episodes). From this point of view, . Altynsarin's stories convey the main issue concisely, interestingly and effectively, preserving the unity of form and content. The writer skillfully used the richness of the vernacular to convey his best ideas. These qualities of his works show that they are common to both young and old.

Үміт еткен көзімнің нұры, балам.

Жаныңа жәрдем берсін Құдай тағалам.

Атаң мұнда анаңмен есен-аман.

Сүйіп, сәлем жазады бүгін саған.

Иә, бұл ағартушы-педагог Ы.Алтынсаринның атасы Балғожа бидің немересіне берген батасы еді. Ата өсиетін жанына берік сақтаған Ыбырай Алтынсарин бүгінде бар халықтың бағдаршамы болып отыр. Ыбырай тәлімі барша халықтың тәрбиесіне оң әсерін тигізуде. Халқымыздың сан ғасырлық тарихында, бүкіл қоғамдық-рухани өмірінде әлеуметтік мәні бар ерекше орын алатын кесек тұлғалы, өрелі азаматтар аз болмағанын ойға алсақ, солардың бел ортасында көзге түсетіні — Ыбырай Алтынсарин дер едік. Ол — шын мәніндегі тұңғыш ағартушы ұстаз, тамаша тарихшы, фольклоршы-этнограф ғалым, тіл білімпазы, осы күнгі әліпбиімізде жазылған ең алғашқы оқулықтың туындыгері, халық ағарту ісінің шебер ұйымдастырушысы. Демек, «сегіз қырлы, бір сырлы» дарын

иесі. Егер мұның бәрін жинақтап айтар болсақ, Ыбырай — өз халқының жарқын болашағы мен кемел келешегі жолында ақтық демі таусылғанша қалтқысыз қызмет еткен үлкен ақыл-ойдың, биік саналы сезімнің адамы.

«Қыран ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дейді халық даналығы. Бұл сөздің растығын Ыбырайдың өмір-өнегесінен де байқағандаймыз. Өйткені, оның өскен ортасы — халықтың сол кезеңдегі озық ойлы зиялы қауымы, тәрбие алған мектебі – алды сонау атақты шешен Жиренше, Абыз, Өнет баба. Төле би, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке би, Байдалы, Досбол шешендердің мектебі, Асан қайғыдан бастап Қазтуған, Доспамбет, Жиёмбет, Марғасқа, Ақтамберді, Үмбетей, Дулатсекілді дала даналарының мектебі.

Ыбырай тәлімінің құндылығы күннен-күнге арта, мәртебесі биіктей түседі. Ағартушы мұрасының құндылықтары әр туындысының соңында педагогикалық пайымдау түрінде беріліп отырады. Біздің мақсат-ұлы ұстаздың ой-пікірін түсіндіріп қою емес, сондай – ақ оны өнегелі тұлға тәрбиелеу ісінде әрекет арқылы өмірмен байланыста пайдалану, оқыту үрдісінде басшылыққа алу. "Оқытушыларды бағалағанда,-олардың іске қатысы жоқ сөздеріне қарап емес, олардың іске қатысы жоқ сөздеріне қарап емес, олардың егістерінің бетіне шыққан жемістеріне, яғни оқушыларына қарай бағалау қажет"-деп жазды Ы.Алтынсарин. Белгілі ғалым Қажым Жұмалиев: "Ыбырай Алтынсарин қазақ әдебиетінде көркем әңгіменің негізін салушы атасы болды. Көркем әңгімелердің композициялық құрлысының шебер етіп құруда да оның өзінше еңбегі бар.Бұл аталған ерекшеліктер жазушының барлық әңгімелеріне ортақ. Ыбырайдың әдеби туындылары балалар дүниесіне өте жақын. Сондықтан да ол қазақ балалар әдебиетінің атасы деп танылған. Оның шығармалары мұғалімдер даярлайтын оқу орындарында кең көлемде оқытылады. Мектеп оқулықтарына енгізілген.Әңгімелерін идеялық нысанасы жағынан жүйелер болсақ, еңбекті сүю, қадірлеу, жақсы мінез- құлыққа бағыттау, халқын сүю махаббат- мейірім (ана- бала) перзенттің парыз, т.б. өмірдің өзекті мәселелері қамтығанын көреміз."Қыпшақ Сейтқұл" әңгімесінің идеясы еліміздің бүгінгі тыныс тіршілігіне өте ұқсас, оқушысына ой туғызады. Немен шұғылдана отырып, қиыншылықтан қалай шығуға болады деген сұрақтар төңірегінде тәлімдік мәнін аша түседі. Есіңе, білігіңе, жігерің мен күш-қуатыңа сүйенетін заманның нағыз үлгісін көрсетеді. Мәселен, "Әке мен бала" және "Сараңдық пен жинақылық" әңгімелерінде "аз жұмысты қиынсынсаң - көп жұмысқа тап боларсың; азға қанағат етпесең - көптен құр қаларсың" деген халық мақалының мәнін әкесі баласына жолда кележатып іспен дәлелдесе, келесі әңгімеде байдың әдептілігі мен көмегін алған соң, жолаушылар сараң деп күдіктенген ойынан қайтады. "Аз нәрсені азсынбай, қадірін біліп жинағаннан осындай кем-кетікке жәрдем беруге қолым жетті, жинақтылық - сараңдыққа қосылмайды" - деген бай сөзіне құлақ түреді."Талаптыға нұр жауар" демекші Ыбырай әңгімесіндегі суретші Матвеев ынтасының арқасында патшаның көзіне түсіп, оның оқуға түсуіне талабының пайдасы тиеді. Қашан да ойлағай мақсатқа жету үшін адамда еңбексүйгіштік қасиет болу керек. "Асыл шөп" әңгімесінде Батима мен Злиха мінезіндегі сабырлылық пен төзімсіздікті салыстыра суреттеп, "сабыр" дегенге жүгіндіреді. Шыдамды болсаң қандай қиыншылықты да жеңуге болатынын жеңіл әзілмен түсіндіреді.

"Өнер- білім бар жұрттар" өлеңінде сол тұстағы ғылым мен техниканың ең басты жаңалықтары толық қамтылып, өнер мен білімге қолы жеткен халықтың экономикалық жағынан озықтығын әр салада көрсетеді. "Сарай салғызды", "Айшылық алыс жер", "Көзіңді ашып жұмғанша", "Құстай ұшу", "Балықтай жүзу", "Өнер- жігіт көркі", "Сіздерге бердім батамды" деп келетін өлең жолдары бүгінгі қоғамды көзге елестетеді. Бір кездері Ыбырай өлеңінде жаналық болған жылдам хабар таратушы, айшық жерге лезде жету сынды тіркестері бүгінгінің жетістігі десек болады. Бұдан біз Ыбырай атамның жаңалық жаршысы болғандығын байқаймыз.

Ыбырай Алтынсариннің бір алуан өлеңдері әлеуметтік мәселелерге арналған. Бұған "Өсиет өлеңдер", "Әй жігіттер" тәрізді т.б. өлеңдерін атауға болады. Мұндай өлеңдері биік адамгершілік тұрғысынан ұрлық-қарлықты, астамсу, әділетсіздікті сынап, еңбексіздікті, естілікті салттардың зияндығын көрсетіп, адал-еңбектің адамгершілік мінез-құлықтың артықшылықтарын бейнелейді.

Мысалы:

Араз бол, кедей болсаң, ұрлықпенен,
Кете бар, кессе басың, шыңдықпенен.
Қорек тал бейнеттен де, тәңірім жәрдем,
Телмірме бір адамға мұндықпенен.
Әй, жігіттер, үлгі алмаңыз
Азған елдің ішінен
Алыс- алыс қашыңыздар
Зияндасты кісіден.

Жақсыны көзден салмаңыздар,
Жақсыдан қапыл қалмаңыздар...

Ыбырайдың мұндай өлеңдері бүгін де ескерді, мән-мағынасы көнерді деп айта алмаймыз.

Ыбырай Алтынсариннің жемісті еңбек етіп, едәуір жақсы шығармалар қалдырған саласының бірі-проза жанры болды. Оның "Бай баласы мен жарлы баласы" еткен. Сөйтіп, өзі өмір сүрген дәуірдің мұрат-мүдделерінің кәдесіне, ұрпақ тәрбиесіне жарата білген тұлға. Ал оның заманы тарихтың бір аумалы - төкпелі кезеңі болған еді. Өйткені ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламадан кейін- ақ енді қазақ жеріне Ресей патшалығының сұғы қадалып, жаулауы басталған-ды. Қазақ халқы небір зорлық-зомбылық, зобаланды басынан өткізіп жатты. Намысқа шапқан қазақ батырлары бастаған азаттық жолындағы күрестер біріне-бірі жалғасқан еді. Исатай- Махамбет, Кенесары- Наурызбай, Сырым батыр, Едіге, Есет пен Бекет, Жанғожа, Сұраншы-Саурық тәрізді батырлардың есімі қазақ тарихында алтын әріппен жазулы... Ауыр заманда білім алып, ат жалын тартып мінгесін- ақ Ыбырай Алтынсарин білім ұранын көтерді. Елді қорлықтан құтқаратын, игілікке бастайтын тек білім деп есептеді. Бұл ретте ол жалғыз болған жоқ. Байтақ Қазақстанның әр өңірінен ұлт басына төнген қауіпті терең сезініп, ұлттық құлдыраудан құтылудың жолдарын көрсеткендер болды. "Қыпшақ Сейітқұл", "Киіз үй мен ағаш үй", "Надандық", "Лұқпан хакім", т.б. бірсыпыра шығармалары қоғамдық өмірдің әр алуан жақтарын суреттеуге арналған. Бұл еңбектерінде жазушы өз дәуірінің елеулі мәселелерін көтере отырып, еңбекші халықтың қоғамдық санасын оятуды, тәрбиелеуді мақсат етеді. "Бай баласы мен жарлы баласы" - Ыбырай шығармаларының биік шыңы. Ол, біріншіден, озық ойларының жемісі әңгіме оқушысын еңбек етуге, өмірін сырын ұғына түсуге бағыттайды. Үсеннің іс-әрекетін жазушы сүйсіне жазады. Асан мен Үсенді салыстыра отырып, олардың адамдық қасиеттерін еңбекке қатысына қарай бағалайды. Бұл әңгімеден сол дәуірден өмір көріністерін, көшпелі тұрмыстың беймаза тірлігін көреміз. Қазақ энциклопедиясы жазушының бұл әңгімесіне орыстың сол кездегі озық ойлы адамдарының көңіл аударғанын Н.Иванов деген журналистің орыс тіліне аударып, "Родник" журналының 1890 жылғы 6-санында жарияланғанын атап көрсетеді.

Жазушының адамгершілік туралы идеялары эстетикалық тәрбиемен байланыста, бірімен-бірі ұштастырыла суреттеліп отырады. Оның шығармаларынан жазушының биік адамгершілік қасиетін, азаматтың тұлғасын көреміз әрі сүйсінеміз. Өзінің өнегелі өмірі, тынымсыз ізденісі, жан- жақты таланты арқылы танылған Ыбырай Алтынсарин шығармаларының қазақ әдебиеті тарихында алатын орны расан зор.

Ыбырай Алтынсарин- реалист жазушы, ағартушы педагог, қазақ балалар әдебиетінің негізін салушы, тіл тазалығы үшін күрескер, тұңғыш кеменгер.

Көрнекті әдебиетші ғалым Қ.Жұмалиев өзінің "ХҮІІІ- ХІХ ғасырлардағы қазақәдебиеті" деген ғылыми - зерттеу еңбегінде педагог- жазушыға: ХІХ ғасырда қазақ даласынан шығып, орыс, Европа мәдениетіне қолы жеткен оқымысты, халық ағартушылар дәрежесіне көтерілген әрі педагог, әрі ақын- жазушы Ыбырай Алтынсаринның өз халқының келешегі үшін істеген еңбегі зор," – деп баға береді.

Ыбырай тәлімінің құндылығы күннен-күнге арта, мәртебесі биіктей түседі. Ағартушы мұрасының құндылықтары әр туындысының соңында педагогикалық пайымдау түрінде беріліп отырады. Біздің мақсат ұлы ұстаздың ой-пікірін түсіндіріп қою емес, оны өнегелі тұлға тәрбиелеу ісінде әрекет арқылы өмірмен байланыста пайдалану, оқыту үрдісінде басшылыққа алу. "Оқытушыларды бағалағанда, - деп жазды Ы.Алтынсарин, олардың іске қатысы жоқ сөздеріне қарап емес, олардың егістерінің бетіне шыққан жемістеріне яғни оқушыларына қарай бағалау қажет". [Ы.Алтынсарин, Таңдам. шығар. Алматы, 1955, 118-бет].

Балғожа би Орынборда оқуда жүрген шәкірт Ыбырайдың ел арасындағы дау-жанжалдарға төрелік айтуға, билік шешім қабылдауға баулып отырған. Соның біршамасы ел аузында «Ыбырайдың айтқаны», «Ыбырайдың шешімі», «Ыбырайдың тоқтамы» деген тұрғыда ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып тарап келеді. Мұны халық ауыз әдебиетіндегі шешендік өнерді, нәрлі сөз мұраларын өмір бойы зерттеп өткен фольклоршы-ғалым Б. Адамбаев өз еңбектерінде орынды келтіреді. Бірде Балғожа би туыстарына өкпелеп басқа жаққа қоныс аударып көшпек болған ағайындарына тоқтау айтуға Орынборда оқып жүрген жас шәкірт Ыбырайды жібереді. Сонда, «ата көрген — оқ жонар» демекші, Ыбырай ағайындарына мынадай тоқтам айтыпты:

Уа, байеке, тыңдасаң,
Біздің сөзді ұғарсың.
Итің менен құсыңды
Сонарда алып шығарсың.
Аңында алған байласаң —

Балғожа биге ұнарсын.
Жекіріп айтса бір сөзді
Құлағынды мықтап тығарсын.
Ызалы елдің ұрпағы ең,
Оған қалай шығарсын?
Қой, аға-еке көшуді,
Дұшпаның күйіп ішінен,
Достарың есіп қуансын!

Ыбырайдың осы сөзінен соң ағайындары елге қайтып оралыпты деседі. Ыбырай кезеңі – бір ауқып дәуір. Бұл тұстар ұлы ағартушы атына байланысты әлі зерттелмеген біршама соны деректерге, мазмұнды мағлұматтарға толы. Ыбырайдың шәкірттіктен бастап, әрі қарай ұстаздықтың ұзақ та ұлы жолына аяқ басуында үлкен атасы Балғожа бидің орны ерекше екенін көреміз. Әрине, мұндай атаның тәрбие-тәлімі, өнеге-үлгісі, ой-арманы, қиялы шәкірт-немеренің — болашақ ұлы ұстаздың рухани қалыптасуына, қайраткерлік дәрежеге көтерілуіне, сөз жоқ, зор ықпал етті.

Бүгінде еліміз егемендік алып, жеке дербестікке қол жеткізді. Оны әлемнің барлық мемлекеттері мойындап, халықаралық ұйымдарға мүшелікке қабылдады.

Қазіргі ұлттық ояну, өзін-өзі тану, үйрену, халқымыздың мәдени-әдеби мұралары мен әдет-ғұрпы, дәстүр-салттарының қайта оралуы – бәрі де жан-жағымызға бағамдай қарауға, алдағы мақсат-міндеттерімізді айқындауға мүмкіндік жасап отыр. Осы орайда елдің дербестігі мен оның өркендеп дамуының негізгі шарты — оқу-білім екені дау туғызбаса керек. Ілім-білім қай ғаламда да игілікті шаруа, қасиетті дүние болып есептелетіні белгілі. Адам өмірі үшін еңбектің маңыздылығы соншалық, мұнсыз адам өмірі барлық құнынан және барлық қасиетінен айрылады... Адам өзі еңбек етпейінше алға баса алмайды; бір орында қалып та қоя қалмайды, одан кері кетуге тиіс.

Еңбек тақырыбы қазақ жазба әдебиетінде XIX ғасырдың аяғында Ы.Алтынсарин шығармалары арқылы келді. Дене мен еңбек тәрбиесін ол адамгершілік тәрбиесінің аса күрделі мәселелері ретінде таныды. Ы.Алтынсарин жас ұрпақты тәрбиелеу мәселелерінде орыс ағартушыларының еңбектерін өте жоғары бағалады.

Орыс әдебиеті классиктерінің еңбектерімен танысу, Л.Толстой, К.Ушинский сияқты белгілі ағартушылардан үйренуі Алтынсаринның өмірге көзқарасын тереңдете түсті, қазақ қоғамының негізгі мәселелерін дұрыс танып, оларға нақтылы пікірлер айтуына жәрдемін тигізді. Жастарды еңбекке баулу – қай кезде де азаматтық тәрбиенің елеулі шарттарының бірі. XIX ғасырда еңбек мәселесі орыс әдебиетінде де айрықша көтеріліп, халық өкілдерінің негізгі ерекшеліктері мен биік қасиеттері еңбекке байланысты көрсетілгені белгілі. Тәрбие адамның ақыл-ойын дамытып, оған белгілі көлемде білім беріп қана қоймайды. Ең бастысы, Алтынсарин орыс жазушылары мен ағартушыларының еңбек мәселесін шешудегі зор жетістіктерінен үйреніп және оларды өзінің әдеби, сондай-ақ педагогикалық жұмыстарында ұтымды пайдаланды. Бұл жағдай оның әңгімелерінің жалпы мазмұнынан байқалып отырады. Балаларға арналған хрестоматияға енгізген мақалалары мен әңгімелерінде автор еңбектің аса зор маңызын көрсетіп, еңбекті қадірлеуге және сүйуге тәрбиелеу мақсатын көздейді. Автор хрестоматиясын оқушыларды еңбектің мақсатқа жеткізетіндігіне, еңбек арқылы табылған табыстың берекелі болатындығына сендіре отырып, еңбек ету үшін "тұрақтылық пен табандылық" қажет екендігін уағыздайды. Оған дәлел оның хрестоматиясындағы көптеген еңбекке байланысты мақалдар мен мәтелдер. Мысалы, "Бейнетсіз рахат жоқ", "Жалқау текке жатар, оның ырысы қашар", "Жігіттің ерінгені, көрінің көрінгені", т.б. дәлел болады. Хрестоматияның бүгінгі мектептің оқу-тәрбие жұмысына тигізетін әсері үлкен. Оны көптеген ғалымдарымыз Т.Тәжібаев, Б.Сүлейменов, А.Қасымжанов, Е.Бекмаханов, Ә.Сыдықов, т.б. берген бағалары дәлелдейді. Т.Тәжібаев "Ы.Алтынсаринның хрестоматиясының негізі және оның мазмұны бүкіл халықты еңбек етуге және еңбекті сүйуге шақырады" деп көрсетеді.

Еңбектің адам өмірінде атқаратын міндетінің зор екендігін және ол өмір сүрудің мағынасы мен мазмұн дәрежесінің көрсеткіші екендігін өзінің балаларға арналған әңгімелері арқылы дәлелдейді. Енді солардың кейбіреулерін мысалға келтірейік. "Бай баласы мен жарлы баласы" әңгімесінде Алтынсарин бүкіл ағартушылық еңбегінің негізгі сырын, әлеуметтік тенденциясын айқын ашып береді. Үсен арқылы еңбекші бұқараның жас ұрпағының еңбек сүйгіштігін, әр нәрсенің ретін таба білетіндігін көрсетеді. Асан бейнесінен мұндай қасиет байқалмайды. Үсен бейнесінен тек еңбек сүйгіштіктен басқа дәрменсіз Асанға көмегі оның адамгершілік жағынан бейнесін сомдай түседі. Ы.Алтынсаринның "Сәтемір хан" әңгімесінде кішкентай ғана ақсақ құмырсқаның қайта-қайта құлағанына қарамастан қабырға арқылы үйдің төбесіне шыққанын көріп отырған Сәтемірге мынандай ой келеді: "Өзі ақсақ құмырсқа еңбектене отырып өзінің мақсатына жетеді, ал мен болсам

түк бітірмей өмір сүріп жүрмін. Маған мына құмырсқадан өнеге алу керек екен" деп, ақырында өз елінің ақылы толған патшасы болыпты". Бұл әңгімеден еңбек үлкен мұратқа жеткізіп қуаныштар әкелетінін, ол қуаныш қажеттіліктен туған мақсатқа жету идеясын көрсетеді.

Қорыта айтқанда, Ыбырай атының әлемге мәшһүр болуына әсер еткен жағдай, сөз жоқ, сол заманның қиын-қыстау кезеңі, халықтың тарылған тағдыр-талайы. Ұлы ұстаз еліне қажетті бар байлық та, бақыт та, жақсылық та оқуменен, білімменен келетінін бір сәт жадынан шығармай насихаттады. «Әлпештеген ата-ене қартайтын... қартайғанда жабығып, мал таятын күн болатынын», «ата-енең қартайса, сосын қолдан мал тайса, тіреу де сүйеу де – оқу-білім» болатынын ұмытпауға шақырды. Сондықтан да кәзіргі жас ұрпаққа білім мен тәрбие беретін келешек жас мамандар болып табылады. Салауатты болашақтың ұрпақтарына білім мен тәрбие беретін ұстаздар жоғары оқу орындарында білім алып жүргендіктен жауапкершілікті бүгіннен сезініп, жақсы маман болып шығу үшін Ы.Алтынсарин көрсеткендей оқыту әдістеріне жаңа көзқарасты қалыптастыруды қажет деп есептеймін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ы.Алтынсариннің таңдамалы педагогикалық мұралары /Құраст. С.Қалиев/. –Алматы: Рауан, 1991. –200б.
2. Құдиярова А., Ж. Әбиев, С. Бабаев. Педагогика. –Алматы: Дарын, 2004. –221б.
3. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. –Астана: Л. Гумилев атындағы ЕАУ, 1998. – 378б.
4. Жалпы білім беретін мектептің оқу бағдарламалары. I-IV сыныптар. – Алматы: Рес.баспа каб., 1997-3-26;-152 б.
5. Жалпы білім беретін мектептің бастауыш сатысындағы білім мазмұны тұжырымдамасы. – Алматы: Білім, 1997. – 240б.
6. Педагогика: Оқу құралы. /жалпы ред. Басқарған Құдиярова А.М. – Алматы: Дарын, 2004. – 448 б. –212б.

ӘОЖ. 358:23

ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАНЫҢ ҚАНАТ ЖАҰЮЫ ЖӘНЕ ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН АШҚАН МЕКТЕПТЕР

МУХТАНОВА А.С.

Владимир Савва атындағы №9 жалпы орта білім беретін мектеп-лицейі,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В данной статье анализируются общенациональные педагогические мысли и школы, открытые Ибраем Алтынсариним. Отмечается, что он не только открыл первую казахскую школу в Казахстане, но и написал учебник, используя созданный им новый казахский алфавит. Ибраи Алтынсарин посвящает свою жизнь открытию детской грамотности, открывает школу для казахских детей, детей русских переселенцев, девочек. Большое внимание Ибраи Алтынсарин уделял обучению девочек. Первая школа для казахских девочек была открыта в 1887 году в Иргизе и рассчитана на 20 мест. В последующие годы такие школы открывались и в других населенных пунктах. Ыбырай Алтынсарин заложил основы профессионального образования в казахской степи.

Summary. This article discusses national pedagogical ideas and schools discovered by Ybyrai Altynsarin. It is noted that he not only opened the first Kazakh school in Kazakhstan, but also wrote a textbook for it using the new Kazakh alphabet created by him. Ybyrai Altynsarin devotes his life to learning children's literacy, opens a school for Kazakh children, children of Russian settlers, and girls. Ybyrai Altynsarin paid great attention to the training of girls. The first school for Kazakh girls was opened in 1887 in Irgiz and is designed for 20 seats. In the following years, such schools were also opened in other localities. Ibrai Altynsarin laid the foundations of professional education in the Kazakh steppe.

Қазақстанның білім беру жүйесінің негізінде қазақ халқының педагогикалық ойының гуманистік дәстүрлері, оның мәдениеті жатыр. Білім мен тәрбие қалыптасу мен дамудың күрделі жолынан өтті.

Қиындықтар мен қарама-қайшылықтарға қарамастан, Қазақстанның білім беру жүйесі қысқа мерзім ішінде қоғамның әлеуметтік-мәдени және білім беру қажеттіліктерін қамтамасыз ете алды, Қазақ педагогтарының гуманистік идеялары кең педагогикалық жұртшылықтың игілігіне айналды.

Қазақ жерінде педагогикалық ойдың дамуы VII ғасырдан басталды. Педагогикаға қатысты сұрақтар Орхон-Енисей ескерткіштерінде Иольтегін еңбектерінен табылып, Қорқыт ата, Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Ахмед Иүгінеки, Қожа Ахмет Йассауи, Саиф Сараисынды ойшылдардың еңбектерінен өз дамуын тапты.

XI ғасырда Қазақстан аумағында Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» дидактикалық дастаны, Махмұт Қашқаридің «Диуани луғат-ат түрік» («Түріктерге арналған сөздік»), Ахмед Иүгінекидің «Хибат ул-Хақайық» («Ақиқат сыйы» XII ғасыр) сияқты мәдени-тарихи және педагогикалық сипаттағы көптеген қызықты мәліметтерден тұратын көрнекті мәдениет ескерткіштері пайда болды. Баласағұн поэмасында оның адам өміріндегі, оның бақытындағы рөлі туралы білім алу проблемалары көп орын алады.

Орта ғасырдағы Қазақстандағы сопылық ілімнің негізін қалаушы Қожа Ахмет Йассауи тәрбие мен оқыту мәселелеріне үлкен үлес қосты. Ол өзінің «Диуани хикмет» («Даналық кітабы») діни-философиялық трактатында адамның этикалық өмірінің негізгі нормаларын баяндайды. Ұлы ғалым, ойшыл және энциклопедист Әбу Насыр Мұхаммед ибн Тархан ибн Узлағ Әл-Фараби өзінің ғылыми-философиялық еңбектерінде дидактиканың бірқатар өзекті мәселелерін шешеді. Әл-Фарабидің педагогикалық мұрасында оқыту, білім беру құралдарын әзірлеу, құру мәселелері ұсынылған. Бұл бағытта ол үлкен жетістіктерге жетті.

Этнопедагогика мен этнопсихология мәселелері Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай шығармаларында кеңінен көрініс тапты.

Абайдың педагогикалық көзқарастары феодалдық-рулық жүйе жағдайында қалыптасты. Абай қазақ ағартушылары, ғалымдары мен педагогтары арасында бірінші болып балалардың жас және психологиялық ерекшеліктерін оларды тәрбиелеу үдерісінде ескеруді түсінді және талап етті. Болашаққа ұмтылған Абайдың прогрессивті идеялары жастарды білімге, жарыққа шақырады. Ол өмірде бес ізгілікті таңдауға шақырады: ақыл мен мейірімділік, табандылық, қарапайымдылық және еңбек. Ақын: «...педагог адам тек қажетті білім сомасымен ғана әлемді танып, жақсылықты жамандықтан, пайдадан зияннан ажырата алады, сонда ғана одан қазақ қоғамының ілгерілеуі үшін қажетті пайданы күтуге болады», - деп есептеді [1,56 б]. Ойшыл білімді игеру жолындағы маңызды кезең-бұл бастапқы оқыту деп санайды. Білім берудің негіздері тек сауаттылықты игеруден ғана емес, ең алдымен адамның ең жақсы қасиеттерін тәрбиелеуден басталуы керек. Абай артта қалушылықты, надандықты аяусыз сынап отырып, болашаққа жарқын жол ашатын мәдениеттің, ағартудың, ғылымның, білімнің қажеттілігін барлық күшімен дәлелдейді. Қырық бесінші сөзінде: «Ғалым мен ойшыл-адамзаттың мақтанышы. Олар көп сезім мен ақылға ие адамдар», - дейді [2]. Бүгінгі таңда білім беру әлеуметтік, мәдени, ғылыми прогресті қамтамасыз ететін бірегей қоғамдық құбылыс болып табылатын кезде, Абай Құнанбайұлының мұрасына жүгіну, «қара сөздерді» терең әрі ойлы талдау білім беруді адам мен қоғам үшін ең жоғары құндылық деп есептеген қазақ халқының ұлы ұлының феноменін түсінуге мүмкіндік береді. Қазіргі білім берудің қажетті талабы-жеке тұлғаның дамуындағы рухани бағдар. Оқыту мен тәрбиелеу барысында оларға ұлы Абай ой толғаған құндылықтар, идеалдар, нормалар игеріледі.

Қазан төңкерісіне дейін Қазақстанның білім беру жүйесінің қалыптасуы екі мемлекеттің-Ресей мен Қазақстанның геосаяси жағдайына байланысты ерекше әлеуметтік - экономикалық және саяси жағдайларда өтті. Білім беру жүйесінің қалыптасуында озық педагогикалық баспа да маңызды рөл атқарды. Олардың ішінде «қараңғы әлемге жарық» болған «Айқап» журналы ерекше назар аударуға тұрарлық. Оның беттерінде мәдени-ағартушылық, жер, құқықтық және діни мәселелерге арналған мақалалар жарияланып, Қазақстан мектептерінде оқытудың мазмұны мен әдістері мәселелері қаралды. Орыс ғалымдары мен мұғалімдерінің озық идеяларын насихаттауға көп көңіл бөлінді. Бұл ретте алдыңғы қатарлы орыс ойымен жақсы таныс қазақ демократиялық зиялы қауым өкілдерінің еңбегі зор болды. Олардың ішінде –М.Сералин, Ж. Сейдалин, Ш. Әлжанов, С. Торайғыров және т. б. халық ағарту, кітап шығару мәселелері жалпыұлттық баспа органы – «Қазақ» газетінің беттерінде де кеңінен жарық көрді. Революцияға дейінгі Қазақстанның халықтық білім беру жүйесі Ресейдің білім беру жүйесінің бір бөлігі болды.

XX ғасырдың бірінші жартысында Қазақстанның ағартушылығы мен ғылымы өзінің дамуының жаңа кезеңіне аяқ басты. Осы тұрғыда А.Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Ш. Құдайбердиев, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, С. Көбеев, С. Аманжолов және басқаларын ерекше атап өткен жөн. Олардың ерекшелігі өткен жылдардағы ағартушылардың теориялық мұрасын жаңғырту мен насихаттауда ғана емес, сонымен қатар Қазақстанның ғылыми ойларын жаңа прогрессивті идеялармен толықтыруда болды. Білімді және дарынды қазақ интеллигенциясының өкілдері қазақ халқының әлеуметтік және мәдени прогресіне терең қызығушылық танытты және этнографияны, тарихты, білім мен

педагогиканы, әдебиет пен тіл білімін және отандық ғылымның, ағарту мен мәдениеттің басқа бағыттарын зерттеуге елеулі үлес қосуға ұмтылды.

Ыбырай Алтынсарин артта қалу мен консерватизмге қарсы бағытталған жаңа прогрессивті бағыттың идеялық білдірушісі болды. Қазақстан жағдайында Ыбырай Алтынсарин Ушинскийдің педагогикалық идеяларының алғашқы хабаршысы болды. Оның принциптері:

- Оқудың соңы-білім.
- Оқу-инемемен құдық қазғандай.
- Ғалым алға, үйренбеген артқа қарай жүреді.
- Өлгенге дейін үйреніңіз.

Педагог-энтузиаст Ыбырай Алтынсарин өзінің практикалық қызметін ағарту, мәдениет, прогресс идеяларын кеңінен насихаттаумен, қазақ халқын орыс халқының мәдениеті мен ғылымымен таныстырумен ұштастырды. Ол қазақ халқын өркениетті халықтар қатарынан көргісі келді. Ыбырай Алтынсариннің пікірінше, бұл мақсатқа жету үшін, ең алдымен, патриархалдық-рулық жүйенің барлық қалпын түбегейлі қайта құру қажет. Ол білім беруді мақсат ретінде емес, әлеуметтік ортаны өзгерту үшін белсенді күресте жастарға қажет құрал және қару ретінде қарастырды.

Алтынсарин білім беру міндеттерін өмір қажеттіліктерімен, бұқара халықтың қажеттіліктерімен байланыстырады. Оның пікірінше, оқушының ақыл-ой дамуы мен жеке басын адамгершілік жетілдіру мақсатына жетуді қамтамасыз ететін нақты білім берілуі керек. Ыбырай Алтынсарин пікірінше, оқу үдерісін ұйымдастыруда бірінші кезекте басты рөлді мұғалім атқарады, шешуші рөлді оқу-материалдық база атқарады, содан кейін қазақ мектебіне жарамды оқулықтарды мұқият тексеру қажет.

Алтынсарин өзінің ұстаздық қызметі жылдарында педагогикалық жаңалықтарды, халыққа арналған оқу-көпшілік әдебиеттерді қажымай қадағалап отырды, публицистикалық және педагогикалық журналдарды жазып берді. Ы.Алтынсариннің жеке кітапханасында орыс классиктерінің шығармаларының толық жинағы, сол кездегі үздік педагогикалық еңбектері, сонымен қатар шетел авторларының шығармаларының аудармаларында болды.

Алтынсарин мектепте берілетін білім мен дағдыларды формальды білім тұрғысынан емес, оның өмірінің өтпелі кезеңіндегі халық үшін нақты пайдасын ескере отырып бағалайды. Осы мақсатта ол мектепке қажетті оқу пәндерін іріктейді, педагогикалық талдауды – қалай оқыту керектігін және нені оқыту керектігін анықтайды. Алтынсариннің ғасырдан астам уақыт бұрын айтылған көзқарастары қазіргі білім беру үдерісінің идеяларымен үндес.

Ыбырай Алтынсарин Қазақстандағы алғашқы қазақ мектебін ашып қана қоймай, өзі жасаған жаңа қазақ әліпбиін қолдана отырып, оған оқулық жазды. Ол қарапайым адамдарды балаларын мектепке беруге көндірді, мұғалімдер дайындады. Осындай қысылтаяң сәтте Ыбырайға патша шенеуніктері мен имамдар қарсы болды. Себебі оның педагогикалық принциптері сол дәуірден және уақыттан озып кеткен еді, тіпті оның принциптері 180 жылдан кейін де өзекті болды. Ыбырай Алтынсарин өзінің өмірін балалардың сауатын ашуға арнайды, қазақ балаларына, орыс қоныс аударушыларының балаларына, қыздарға арналған мектеп ашады. Бұл мектептерде балалар орыс және қазақ тілдерін, математиканы, географияны, тарихты және басқа ғылымдарды оқыды. Ағартушының еңбектерінің ішінде өзінің әдеби шығармашылығынан басқа «Қырғыздарды орыс тіліне оқытуға бастапқы басшылық» және «Қырғыз хрестоматиясы» деп аталатын ана тіліндегі хрестоматияларды құрастыру (1879 ж.) болды [3]. Бұл кітаптарда орыс графикасы негізінде жасалған жаңа қазақ әліпбиі қолданылды. Алтынсарин «Қырғыз хрестоматиясына» кіріспе мақаласында былай деп жазды: «...жалпы білім беретін кітаптар Азия тілдерінің ешқайсысында жоқ, біз жақын орыс тілінде осындай нұсқаулықтарды іздеуге мәжбүрміз. Нәтижесінде біз нақты оқулықты орыс әріптерімен басып шығаруды ыңғайлы деп таптық, бұл әрекетіміз жұмысымыздың мақсатына тікелей сәйкес келеді, яғни ол өзінің мазмұнына да, алфавитіне де қайшы келмейді, пайдалы кітаптарға тікелей нұсқаулық ретінде қызмет етеді» [4]. Сонымен қатар, Ыбырай өз мектептерінде исламды оқытуды енгізді. Бірақ оның дінге деген көзқарасы ерекше, либералды болды. Алтынсарин дін ғылыммен және техникамен келісіп, жастардың адамгершілік тәрбиесіне ықпал етуі керек деп есептеді. Алтынсарин шынымен надандыққа, ырымшылдыққа, ескірген көшпелі өмірге, сондай-ақ исламды өзіншілдік мақсатында және тіпті империялық идеологияның мүдделері үшін қолданған дін қызметкерлеріне қарсы шықты. Алтынсарин өзінің ағартушылық-педагогикалық қызметінде ауылдарға жиі барды, жергілікті халыққа зайырлы білімнің маңызы мен мақсаттарын, пайдасын түсіндірді, мектеп құрылысы үшін қаражат жинауды ұйымдастырды. Оның жанында Торғайда, Ырғызда, Ақтөбеде орыс-қазақ мектептері ашылды. Ыбырай бірінші қыздар мектебін ашуға тырысады. 1888 жылы Ырғызда қазақ қыздарына арналған алғашқы мектеп, кейін Торғайда,

Қостанайда, Қарабұтақта және Ақтөбеде интернаты бар қыздар училищесі ашылды. Ыбырай – педагог-ағартушы, теоретик-этнограф, тарихшы, экономист. Ыбырай нөлден бастап оқу орындарын ұйымдастырды, кадрларды жинады, мектептерді барлық қажеттіліктермен жабдықтады. Ол: «Мен балаларға қамқорлық жасауды, өмірдің ұсақ – түйектерін, қаржылық есептілікті және т.б. түсіндіруді қолға алдым. Қазір ең қиын, ең жауапты уақыт, дәл осы кезде қолдан келгеннің барлығын жасау керек, қараңғы ортаға осы жаңалықтарды енгізіп, бәрін қамту керек. Біздің күшіміз бен ақыл-ойымыз жеткілікті... Сондықтан мен даланы аралап, қоғамдардан және әртүрлі қоғамдық уездік және облыстық болыстардан ақша сұраймын», – деп жазды. Оның бастамасы бойынша қазақ балаларына арналған 7 бастауыш мектеп, 4 екі сыныптық училище, оның ішінде ана тілінде және орыс тілдерінде пәндер оқытатын қазақтарға арналған алғашқы мектептер ашылды.

1883 жылы Орск қаласында Қазақ мұғалімдер семинариясы ашылды. Торғай уезіндегі халық білімі жөніндегі инспектор лауазымында ол өзін көрнекті ұйымдастырушы, талантты педагог, танымал жазушы-ағартушы және ірі қоғам қайраткері ретінде көрсете білді. «Мектептер – қырғыздардың, қазақтардың білім алуының басты бұлағы, - деп жазды Ыбырай Алтынсарин ...оларда үміт, оларда қырғыз (қазақ) халқының болашағы да бар» [4]. Мектепте Алтынсарин кейіннен екі жылдық педагогикалық училищеге айналатын педагогикалық сынып ашады. Ол қазақ ауылдарына бейімделген жалпы білім беру және педагогтарды даярлау жүйесін әзірледі. XIX ғасырдың 80-жылдарының басында ол қазақ балалары үшін оннан астам оқу орындарын ашады. Алтынсарин мектептерден басқа кәсіптік мектептердің ашылуын ұйымдастырды, онда слесарлық іс, сабын қайнату ісі, май құю ісі және былғары ісі мамандықтарын оқуға мүмкіндік болды. Бұл мектептердің барлығы қоғамдық негізде, жергілікті халықтың қайырымдылығымен ұйымдастырылды.

Алтынсарин қыздарды оқытуға көп көңіл бөлді. Қазақ қыздарына арналған алғашқы мектеп 1887 жылы Ырғызда ашылды және 20 орынға есептелген. Кейінгі жылдары мұндай мектептер басқа елді мекендерде де ашылды. Алтынсарин қазақ даласында кәсіптік білімнің негізін қалады. Алдымен Яковлев атындағы қолөнер училищесін ашудан бастаған соң, ол бірінші әйелдер қолөнер мектебін, екі сыныптық училищелер жанынан қолөнер сыныптарын ұйымдастырды. Қостанайда Ауыл шаруашылығы училищесін ұйымдастыруға қол жеткізіп, қазақ балаларының Красноуфим өнеркәсіп-техникалық училищесіне түсуін ұйымдастырды.

1883 жылы ол Торғайда Яковлев қолөнер училищесін құрды, онда ағаш ұстасы, темір ұстасы және тігінші бөлімдері болды. Сол жылы Орынбор (Орск) мұғалімдер семинариясы ашылды. Ы.Алтынсарин әртүрлі типтегі 12 орыс-қазақ училищелерін ашты. Ы.Алтынсариннің педагогикалық жүйесінің сөзсіз артықшылығы мектептердің барлық түрлерінің сабақтастығы, ана және орыс тілдерінде оқыту болды.

Қазақстанда әйелдер білімінің басталуы Ы.Алтынсариннің есімімен байланысты. Ырғыз қаласында ол қазақ қыздарына арналған интернаты бар арнайы мектеп ашты. Бұл қазақ халқының өміріндегі үлкен оқиға болды. Алтынсарин осы көрнекті бастаманың табысты болғанына шын жүректен қуанышты болды. Ол патша әкімшілігінен Торғай облысының барлық уездерінде әйелдер училищелерін ашуға рұқсат сұрады. Бұл туралы өтініш бергеннен кейін екі жылдан кейін ғана 1891 жылы Торғай қаласында, 1893 жылы Қостанай қаласында, 1895 жылы Қарабұтақ кентінде интернаттары бар әйелдер училищелерін ашуға рұқсат алынды. Ақтөбе қаласында-1896 жылы Ы.Алтынсариннің қолдауына сәйкес ашылған осы бес әйелдер училищесінде 1896 жылға қарай 211 қыз оқыды, оның ішінде 70-і қазақ, 141-і орыс поселкелерінің қыздары. Алайда Алтынсарин халыққа білім беру ісі тек жоғарыда аталған мектептердің ашылуымен ғана шектелмейді деп есептеді, өйткені бұл мектептер халықты ағарту ісіндегі алғашқы қадам болды. Ы.Алтынсарин халыққа білім беру жүйесін кеңейтуге ұмтылды және осы мақсатта әрбір болыста бастауыш мектептердің ашылуы туралы арнайы жазба жасады. Оның үстіне бұл мектептер, оның пікірінше, қазақтардың өмір салтына сәйкес болуы, яғни жылжымалы мектептер болуы тиіс: жазда қазақ ауылдарымен бірге жайлау бойымен көшуі, ал қысқы уақытта – қыстауларда болуы тиіс. Алтынсариннің пікірінше, болыстық бастауыш мектептердің ашылуы арқылы ғана қазақтардың жалпыға бірдей білім алуының негізін қалауға болады. Ы.Алтынсарин өлкедегі бастауыш халық мектептері үшін мұғалімдерді, ең алдымен қазақтардан дайындау ісіне көп еңбек етті. Оның бастамасы бойынша ашылған мұғалімдер мектебі қ. Троицке, сәл кейінірек аударылған (Орынбор қаласы) [5].

Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық қызметінде балаларды тәрбиелеу және оқыту мәселелері маңызды орын алады. Ол мектептердегі бүкіл оқу және тәрбие процесінің басты қозғаушысы ретінде мұғалімнің рөліне үлкен мән берді. Ыбырай Алтынсарин мұғалімдер өз оқушыларын балалары секілді жақсы көруі керек деп есептеді. Сонда білім мен тәрбие алдында

тұрған мақсаттарға қол жеткізуге болады. Осылайша Ыбырай Алтынсариннің көзі тірісінде төрт екі сыныптық Орталық орыс-қырғыз училищесін, бір қолөнер училищесін, бір әйелдер училищесін, бес болыстық мектепті, орыс поселкелерінің балаларына арналған екі училищені ашты. Ыбырай Алтынсарин 1889 ж. 17 шілдеде таңғы сағат 11-де 48 жасында қайтыс болды және әдет-ғұрпы бойынша әкесінің бейітінің қасындағы Тобыл жағалауындағы өз үйінің жанында үлкен халықтың тоғысында жерленді. Ыбырай Алтынсарин салып кеткен осы дара жол мен мол мүмкіндік, болашаққа ұмтылған адамның және жалпы халықтың бостандығы мен бақытының кепілі бола алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Шаймерденов К. Абай Құнанбайұлының педагогикалық көзқарастары. – Алматы: Рауан, 1993. – 56 б.
2. Абайдың қарасөздері. – Алматы: Білім, 1993. – 232б.
3. Алтынсарин, Ы. 3 томдық шығарма: Т. 1. – Алма-Ата, 1975.
4. Алтынсариннің таңдамалы педагогикалық мұралары. – Алматы: Рауан, 1991. – 245б.
5. Жұмағұлов К. Ыбырай Алтынсарин. – Ташкент. 1975. – 232б.

ӘОЖ. 358:18

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕҢБЕКТЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ БҮГІНГІ МАҢЫЗЫ

МУХТАНОВА Ж.С.

Владимир Савва атындағы №9 жалпы орта білім беретін мектеп-лицейі,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В данной статье анализируется педагогическая деятельность и педагогические труды Ибрая Алтынсарина. Отмечается, что он изо всех сил трудился на пути к широкому распространению казахской школы и добился значительных успехов в этом направлении. Ибрай Алтынсарин-выдающийся просветитель, общественный деятель, педагог-новатор, ученый-этнограф, поэт, один из основателей казахской письменной литературы и литературного языка, создатель казахского алфавита на основе русской графики. Этические вопросы занимают важное место в творчестве Ибрая Алтынсарина. В них красной нитью перечислены мысли о судьбе человека, его идеалах, путях воспитания высоко нравственной личности.

Summary. This article analyzes the pedagogical activity and pedagogical works of Ibrai Altynsarin. It is noted that he worked hard for the popularization of the Kazakh school and achieved significant success in this direction. Ibrai Altynsarin is an outstanding educator, public figure, teacher-innovator, ethnographer, poet, one of the founders of Kazakh written literature and literary language, creator of the Kazakh alphabet based on Russian graphics. An important place in the works of Ibrai Altynsarin is occupied by ethical issues. In them, thoughts about the fate of a person, his ideals, and ways to educate a highly moral person are lined with a red thread.

Ыбырай Алтынсарин-көрнекті ағартушы, қоғам қайраткері, жаңашыл педагог, этнограф ғалым, ақын, қазақ жазба әдебиеті мен әдеби тілдің негізін қалаушылардың бірі, орыс графикасы негізіндегі қазақ әліпбиін жасаушы.

К.Д.Ушинскийдің «Балалар әлемі», Л.Н.Толстойдың «Әліппе және оқу кітабын», Б.Ф.Бунаковтың «Әліппе мен оқу құралын», Тихомировтың «Грамматиканың элементарлық курсы» оқу құралы ретінде ұсына отырып, кейін солардың үлгісімен өзі де «Қазақ хрестоматиясы», «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» атты екі оқу құралын бастырып шығарды. [2, 509 б]. Осыған дейін жазылған кітаптарда татар тілінде және араб, парсы тілдерінен енген сөздер көп болғандықтан, бұл кітаптар мектеп жасындағы балаларға сай келмеді, сол себептен аталған кітаптар орыс графикасына негізделді.

Ы. Алтынсарин қазақ мектебінің кең таралуы жолында бар күшімен талмастан еңбек етті және осы бағытта елеулі табысқа жетті. Ыбырай Алтынсарин мектепте оқылатын сабақтарды мынадай жүйеде құрды:

1. Орыс тілінде оқылатын пәндерді ана тілінде түсіндіре отыра, орыс кітаптарын оқыту;
2. Әр түрлі нәрселер мен заттардың орысша аттарын үйрету;
3. Балаларды орысша сөйлеуге үйрету;

4.Методикалық талдау;

5.Көркем жазу;

6.Арифметикалық қосу, алу, көбейту, бөлу амалдарын жөнінен мәлімет беру;

Ы.Алтынсарин мектепте оқуды негізінен ана тілінде жүргізді. Бірақ орыс тілі де оқу мазмұнының ең маңызды бөлімі саналды. Мектеп оқуында, әсіресе ана тіліне үйретуде ұлы педагог К.Д. Ушинскийдің терең ойларын басшылыққа алды.

Ұлы ағартушы-педагог тек мектеп ашумен ғана шектеліп қалуға болмайтынын, бұған лайықты оқу әдістемелік құрал-жабдықтар керек екенін жақсы түсінді. Сондықтан ол осы бағытта бірнеше ғылыми еңбектер жазды:

«Қазақ хрестоматиясы» кітабын құрастырғанда Ыбырай Алтынсарин:

- Біріншіден, ана тілімізде тұңғыш рет шыққалы отырған жалғыз кітаптың орыс-қазақ мектептерінде тәрбиеленіп жүрген қазақ балаларына оқу кітабы бола алу жағын көздеді;
- Екіншіден, бұл кітапта келтірілген әңгімелердің қазақ халқы үшін ұнамды болу жағын көздеді;

Ыбырай Алтынсарин хрестоматияны екі кітап етіп шығаруды көздеді. Басылып отырған бірінші кітаптағы мақалалар мынадай төрт тарауға бөлінді:

1)Балалар өмірінен алынған әңгімелер, мысалдар мен халық әдебиеті.

2)Әр түрлі жастағы адамдардың өмірінен алынған әңгімелер.

3)Ең жақсы қазақ ақындарының өлең-жырларынан үзінді.

4)Қазақтың мақал-мәтелдері.

Ал екінші кітапта табиғат жайлы, жалпы тарих, география, өндірістехникасы және кеңсе ісін жүргізу үлгілері сияқты тараулардың болуы жоспарланған.

Ыбырай Алтынсарин жазған «Қазақ хрестоматиясы»1879 жылы, яғни, 142 жыл бұрын жазылған бұл оқулық Орынбор қаласында жарияланған. Оқулық орыс әліпбиіне негізделіп жазылған. Ыбырай Алтынсариннің өз сөзімен алғанда: «..біз мұндай жетекші оқу құралдарын жақын жердегі орыс тілінен іздеуге мәжбүр болдық, сондықтан шығарғалы отырған кітабымыз көздеген мақсатына сәйкес болып, орыстың ғылыми және жалпы пайдалы кітаптарына тікелей жол салып беру үшін, осы кітабымызды орыс әрпімен бастырғанды жөн көрдік», - дейді[1, 112 б]. Шынында да осы кітап негізінде оқушыларға арналған оқулықтар шыға бастады. Бұл кітаптағы шығармалардың адамгершілік, еңбексүйгіштік, әдептілік пен инабаттылық, зейінділік пен зеректік, ата-ана, ел мен жұртқа деген сүйіспеншілік, құрмет идеялары ескірмейтін асыл мұра. Сан мәрте жаңалап басылған кітап әр кезеңнің оқырманына түсінікті жазумен басылуда. Кеңес дәуірінде орта мектептің әдебиеттік оқу құралдарында және жеке жинақтарда бірнеше рет басылды. Социализм кезіндегі идеологиялық саясатқа байланысты, автордың кейбір сөздері (Құдай, пайғамбар) сөздері алынып тасталды. Алғашқы атауы«Киргизская хрестоматия» болды. Кітаптың тұңғыш редакторлары орыс азаматтары болғандықтан қазақ сөздерін қалай естісе солай бұрмалап жазған. «Қалай болғанда да, бұл кітап қазақ кітап бастыру тарихында таза қазақ тілінде алғаш рет жарияланған кітап. Еліміздің рухани алтын қорындағы әдеби мұра болып саналады», - делінген 2007 жылы «Білім» баспасынан шығарылған «Қазақ хрестоматиясы» кітабында.

Кітаптың ішінде Ы.Алтынсариннің өнер білімге шақыратын, табиғат туралы өлеңдері бар, олар бастауыш сынып оқушыларына мазмұны жағынан түсінуге жеңіл, әрі жаттауға оңай. Оқулықта аударма әңгімелер, ақынның өзінің де жазған әңгімелері, мақал-мәтелдер де бар. Тәрбиелік мағынасы балаларды еңбексүйгіштікке, адалдыққа, мейірімділікке үйретеді. Бүгінгі білім бағдарламасы да, Ыбырай Алтынсарин айтып кеткендей оқу материалдарының оқушының жас ерекшелігіне сай болуын талап етеді. Бұның бүгінгі күнмен сабақтастығы да осында.

«Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» — орыс графикасына негізделіп жасалған ең алғашқы оқулық. 1879 жылы Орынбор қаласында шыққан. Бұл орыс тілі грамматикасы курсының қысқаша қамтитын оқу құралы. Оқулықта жеті бөлім бар[2, 509 б]:

- 1) Нәрселердің аттары (зат есім);
- 2) Зат-мақұлықтың қасиетінің аттары (сын есім);
- 3) Есеп аттары (сан есім);
- 4) «Местоимение» деген бөлім (есімдік);
- 5) Ақыры өзгерілмейтін сөздер (үстеу, демеу);
- 6) «Предлог» деген бөлім (жалғау);
- 7) «Глагол» деген бөлім (етістік).

Оқулықтың алғы сөзінде оқу құралын қалай пайдалану керек және оқушыларды осы оқулықпен қалай оқыту қажеттігі жөнінде әдістемелік нұсқау берілген. Әрбір бөлім сөздіктен тұрады. Бөлімнен

кейін орыс грамматикасының негізгі, басты ережелері ұсынылған. Сөздердің тізбесін, грамматикалық ережелерді беруде арнайы әдістемелік мақсат көзделінген: оқушы әдебиеттік оқуды меңгермес бұрын, жекелеген сөздердің тобымен, бастапқы, негізгі ереже түрлерімен таныс болады, жүйелі дайындық курсынан өтеді. Оқулық бірде-бір орыс сөзін білмейтін қазақ баласына «Тіл үйренуді неден және қалай бастау керек?» деген мәселені қояды. Бұл — сол кезеңдегі орыс грамматистері мен әдістемешілері де қолға ала қоймаған күрделі жұмыс еді. Тіл үйрену үстінде бала екі бірдей дағдыны қатар игереді. Оқулықта орыс тілі мен қазақ тілі грамматикасын салыстыра оқыту қажеттігі басым айтылған. Бұл оқу құралы сол кезең үшін де және қазіргі талап тұрғысынан да терең негізгі лингвистикалық-әдістемелік еңбек болып табылады. Мұнда шет тілін жаңадан бастап үйренуге арналған оқу құралының сипаты қандай болуы керек деген мәселе шешімін тапқан. Сонымен бірге екі тілдің грамматикасы үйлестіре оқыту мәселесі де алғаш рет Алтынсарин заманында қолға алынған. Шет тілінде дұрыс жазуға үйрету, тіл ұстарту мәселелері көтеріледі.

Ы.Алтынсарин жазба әдебиетке тән проза жанрының да негізін қалады. Ол - тұңғыш рет балаларға арнап әңгіме жазған жазушы. Ыбырай әңгімелерінің басты ерекшелігі-жақсы мен жаманды салыстыра отырып әңгімелеу арқылы балалардың санасына ой салу, тәрбиелеу. Еңбекті сүю және қадірлеу – Ыбырай әңгімелерінің негізгі тақырыбы. Оны жазушы шағын әңгімелерде үгіт, өсиет түрінде берсе, кей шығармаларында халықтың қоғамдық санасын тәрбиелейтін реалистік суреттер арқылы бейнелейді. «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесінде Ыбырай ең кішкентай жәндіктердің өзі де тіршілік үшін тыным таппай еңбек етіп жүргендігін көрсете келіп, оларды балаларға үлгі етеді. Ы.Алтынсариннің «Екі жолдас», «Бір уыс мақта», «Қисық ағаш», «Таза бұлақ», «Шеше мен бала», «Ақымақ дос», «Тазша бала», «Қыпшақ Сейітқұл», «Киіз үй мен ағаш үй», «Талаптың пайдасы», «Бақша ағаштары», «Асыл шөп», «Байұлы», «Мейірімді бала», «Дүние қалай етсең табылады?», «Жиренше шешен», «Бай мен жарлы баласы», «Әке мен бала», «Мақта қыз бен мысық» және т.б. әңгімелері бар.

Ы. Алтынсариннің шығармаларында этикалық мәселелер маңызды орын алады. Оларда адамның тағдыры, оның мұраттары, жоғары адамгершілік тұлғаны тәрбиелеу жолдары туралы ой қызыл жіппен тізілген. Замандастары Ы.Алтынсариннің шығармаларында «жалпыадамзаттық адамгершіліктің таза ақиқатының мықты жолсерігі, әрине, осы арқылы оның еңбегі барлық мақтаудан асып түседі», -деп атап өткен. Ы.Алтынсарин әдебиетті адамгершілік тәрбиенің маңызды құралдарына жатқызды. Ол әдебиет өмірмен тығыз байланыста болуы керек, оның жақсы және жаман жақтарын көрсетуі керек, адамдардың санасын оятып, адам өзін-өзі жетілдірудің жолдары мен формаларын көрсетуі керек деп есептеді. Әдебиетке деген бұл тамаша талап автордың өзінің «Қырғыз хрестоматиясында» толық сақталған.

Ы.Алтынсарин халық ауыз шығармашылығын жоғары бағалай отырып, өскелең ұрпақты тәрбиелеу ісінде сан ғасырлық даналықты қамтитын қазақтың әдет-ғұрыптарын, мақал-мәтелдерін пайдаланды. Өмірдің мәнін анықтай отырып, ол «білім» іздейді, «отандастарына жақсылық жасауды» мақсат етеді, бүкіл өмірін халықты оқу - ағарту ісіне арнайды.

Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық жұмыстарында көбінесе алдыңғы қатарлы орыс педагогтарының идеяларымен сәйкес келетін көзқарастар айтылды.

Ол балалар мен жастарды тәрбиелеу ақылға қонымды және еркін болуы керек, адамның табиғи қабілеттерінің теңдігі идеясына, әр адамның барлық жақсы бейімділігін анықтауға және дамытуға ұмтылуы керек деп атап өтті[3].

XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақтың басқа да тамаша ағартушы-демократтары Шоқан Уәлиханов пен Абай Құнанбаев — Ыбырай Алтынсаринмен кез келген нәсілдік және ұлттық төзімсіздік пен менмендікке ымырасыздыққа өздерінің қарсылықтарын білдіреді, шығармашылық еңбектің, ғылыми білімнің, бұқараны ағартудың азаттық мәніне деген ыстық сенім, ортақ прогресс жолында әртүрлі тілді халықтардың бейбітшілігіне, достығы мен ынтымақтастығына шақырады. Діни ғана емес, көптеген зайырлы, мемлекеттік мектептерде білім беру мұғалімнің беделіне сөзсіз бағынуға негізделген дәуірде Ыбырай Алтынсарин бұл беделдің негізі балаларға деген сүйіспеншілік екенін баса айтты. Ол: «Мұғалім тәрбиеші ретінде мектепті жан-тәнімен жақсы көруі керек, барлық күш-жігерімен өз міндеттеріне берілуге тиіс, балалармен қарым-қатынас жасау, олармен керемет қарым-қатынас орната алатын асыл қасиетке ие болуы керек», - деп жазды.

Оның әдеби мұрасына өзі жазып, өндеген аудармалар, өлеңдер, әңгімелер, ертегілер, этнографиялық очерктер мен қазақ ертегілері енеді. Оның шығармаларының тақырыбы әртүрлі.

Ы.Алтынсаринді қазақ балалар әдебиетінің негізін қалаушы деп атайды. Әңгімелерінде Ы.Алтынсарин өзінің демократиялық, гуманистік, ағартушылық идеяларын білдіреді. Ыбырай әңгімелерінде әлеуметтік аспектіде XIX ғасырдың 60-70-жылдарындағы қазақ өмірінің тұрмыс-салты

мен әдет-ғұрпы бейнеленген. Әңгімелерінде қоғамдық өмірдің маңызды мәселелері жөнінде айтылады: әлеуметтік теңсіздік, отырықшы өмір салтының артықшылығы, надандықтың зияны, білім мен ғылымның пайдасы. Алтынсарин еңбексүйгіштікті дәріптейді - еңбек адамы еш жерде жоғалмайды, бақыт оны табады. Алтынсариннің дүниетанымын, демократиялық және гуманистік көзқарастарын түсіну үшін 70-ші жылдары жазылған және «Қырғыз хрестоматиясында» жарияланған «Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесі де маңызды болып табылады[4].

Алтынсариннің ақындық шығармашылығында қоғамдық-ағартушылық тақырыптағы өлеңдермен қатар ауылдағы әлеуметтік теңсіздік ашылып, байлардың сарандығы мен қатыгездігі әшкереленетін туындылар да бар. Алтынсарин-ақын туған табиғатының суреттерін де шебер салған. Сонымен қатар, Алтынсарин-табиғаттың нәзік бақылаушысы ғана емес, ол табиғатқа өзінің өлеңдері арқылы түрлі-түсті эскиздер бере алады. Ақынның көзіндегі табиғат-керемет емші, ол өмірге тыныштық әкеледі. Алтынсарин өмірді зор ықыласпен қабылдайды, оның парасатты әрі әдемі екеніне сенеді.

Алтынсарин бүкіл өмірін туған халқының ағартушылығына арнады. Көрнекті педагогтың құрметіне 2007 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Ыбырай Алтынсарин» төсбелгісінің ведомстволық наградасын тағайындады. Төсбелгімен білім беру органдары мен ұйымдарының педагог қызметкерлері: білім беру және тәрбие процестерін ұйымдастыру мен жетілдірудегі, оқыту мен тәрбиелеудің біртұтастығын қамтамасыз етудегі, білім беру және тәрбие бағдарламаларын іске асырудағы елеулі табыстары үшін марапатталады; оқушыларды, тәрбиеленушілерді практикалық даярлаудағы, олардың шығармашылық белсенділігін дамытудағы жетістіктері үшін; облыстық (аудандық), республикалық халықаралық білім беру бағдарламалары мен жобаларындағы жетістіктері үшін білім қызметкерлері марапатталады.

1989 жылы Алтынсариннің туғанына 150 жыл толуы аталып өтті. Оның өмірі мен шығармашылығына арналған ғылыми, тарихи, педагогикалық еңбектер жарық көрді. Арқалық қаласында Алтынсарин мұражайы ашылды, Тобыл жағасында күмбез тәрізді құлпытас орнатылды. КСРО-да Арқалық педагогикалық институтына есімі берілді. Көрнекті педагогтың құрметіне Қазақстанның түрлі қалаларындағы көшелер, даңғылдар мен мектептер аталды. Оның құрметіне 1952 жылы Жоңғар Алатауындағы Алтынсарин мұздығы аталды. Кентау қаласында 2013 жылдың мамыр айында Ыбырай Алтынсаринге ескерткіш ашылды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ хрестоматиясы Ыбырай (Ибраһим Алтынсарин). — Алматы: Білім, 2003-112 б
2. Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998 жыл, 509 бет.
3. Әбиев Ж.Ә., Бабаев С.Б., Құдиярова А.М. «Педагогика» - Алматы: Дарын, 2004. 387-394 бет
4. Қазақстан энциклопедиясы.

ӘОЖ 159.9(031)

ТҮЛҒА КРЕАТИВТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

МУХТАРОВА М.А.

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,
«Педагогика және практикалық психология» кафедрасының оқытушысы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается проблема креативности личности. Автор опираясь на психолого-педагогические исследования данной проблемы пытается раскрыть сущность понятия «креативность личности».

Summary. The article deals with the problem of personal creativity. The author based on psychological and pedagogical research of this problem tries to reveal the essence of the concept of «creativity of the individual».

Қазіргі кезде педагогика мен психология салаларында шығармашылық аумағындағы зерттеулерге белсенділік байқалуда. Өйткені қоғамдық тәжірибе шығармашылық жетістік тұлғалық емес, әлеуметтік мағынаға ие болғандығын мойындап, педагогикалық-психологиялық ойларды осы

мәселеге назар аударуына мәжбүр етті. Педагогикада креативтілік проблемасындағы күрт өзгеріс ХХ ғасырдың 60-70 жылдары басталды. Шығармашылықпен жұмыс істейтін педагог-жаңашылдар пайда болды. Олардың білім берудегі инновациялық жүйесі басылымдарда басылып, радио және теледидар бойынша жаңа әдістері насихаттала бастады. Ғалымдар, зерттеушілер, психологтер мен педагогтер өздерінің зерттеулерінде креативтілік ұғымын түрлі амалдар негізінде анықтауға тырысқан. Шығармашылық психологиясының негізгі міндеті шығармашылық процесс пен креативтіліктің психологиялық механизмдері мен заңдылықтарын ашу.

Креативтілік – ағылшынның «Creativity» сөзінен аударғанда шығармашылық деген мағынаны береді. Шығармашылық психиканың даму механизмі мен негізі ретінде қарастырылады (Н.В.Кипиани, А.М.Матюшкин, Я.А.Пономарев, И.Н.Семенов және т.б.). Оны зерттеу ойлау заңдылықтарымен байланыстырылады (Н.Г.Алексеев, С.М.Бернштейн, В.С.Библер, В.Н.Пушкин, О.К.Тихомиров, Э.Г.Юдин және т.б.). Шығармашылық психологиясындағы креативтілік атауымен белгілі болған бағытты зерттеуді Дж.Гильфорд, С.Медник, В.Смит, К.Тейлор, Е.Торренс, Х.Трик, М.Уоллах, Д.Халперн және тағы басқа шетел ғылымдары жүргізді. Бірақ, Н.Т.Алексеев, С.М.Бернштейн, А.Н.Лук, Я.А.Пономарев, Н.Г.Фролов, Э.Г.Юдин, М.Г.Ярошевский сияқты авторлардың айтуы бойынша креативтілікті зерттеудің қорытындылары айтарлықтай нәтижелі болмады. Шетел зерттеулерінің креативтілікке берген анықтамалары мен ұғымдарын талдай және жалпылай отырып, Р.Холлменн былай дейді: «Креативтілік жаңа тәсілмен жүзеге асырылған қабылдау ағыны (Маккеллар), жаңа байланыстар табу қабілеті (Кюби), жаңа қарым-қатынастардың пайда болуы (Роджерс), жаңа шығармалардың туындауы (Меррей), жаңалықтар ашуға және оларды білуге қабілеті (Лассуэль), жаңа шешімдерге әкелетін ақыл-ой іс-әрекеті (Жерар), жаңа ұғымға тәжірибені көшіру (Тейлор), жаңа констелляциялық мағыналардың елесі (Гизелин)» [1].

Бірақ көптеген зерттеушілер креативтіліктің анықтамасында тұлғаның ерекшелігіне немесе қасиетіне басты назар аударады. Дж. Гилфорд креативтілік пен шығармашылық потенциалды табысты шығармашылық ойлауға ықпал ететін қабілеттер мен басқа ерекшеліктерінің жиынтығы тәрізді анықталуы мүмкін деп есептейді.

Креативтіліктің жаратылысын қарастыру оны оқып-үйренудің негізгі сараптамалық бағытына негізделген. Жалпы алғанда оларды бағытталуына сәйкес үлкен екі топқа біріктіруге болады. Бірінші топқа жалпы психологиялық және концептуалдық бағыттағы зерттеулерді жатқызуға болады (Д.Б.Богоявленская, 1983; К.Дункер, 1965; А.Я.Пономарев, 1976; С.Л.Рубинштейн, 1941; О.К.Тихомиров, 1969 және т.б.). Бұл топтың психологтары шығармашылық психологиясының методологиялық негіздерін, оның заңдылықтары мен шығармашылық қызметтің механизмдерін зерттеді. Шығармашылық психологиясында жалпы психологиялық теорияны құру мәселесі (Б.Ф.Ломов, Я.А.Пономарев, О.К.Тихомиров), педагогика мен психологияның әртүрлі бағыттарын зерттеудегі әлеуметтік тұрғыдан маңызды қорытындысын біртұтас ете алу қабілеті шұғыл шешім қабылдауды қажет етіп тұр.

Е.Торренс бойынша креативтілік – білім игеруде кездесетін қиындықтарды, кейбір кемшіліктерді шешудегі қабілеттілік. Е.Торренс үш факторлы креативтіліктің моделін ұсынады:

- ой ұшқырлығы (продуктивтілігі-өнімділігі);
- икемділік;

- өзіндік ерекшелік [2]. Бұл тәсілде шығармашылық өлшемі нәтиже сапасы емес, шығармашылық өнімділікті белсендіріп, жандандыратын сипаттар мен үрдістер ретінде көрінеді.

Д.Богоявленская креативтілікті жеке тұлғаның шығармашылық дарындылығы ретінде қарастыра келе, шығармашылықты талдау бірлігі – интеллектуалдық белсенділікті (шығармашыл тұлғаның танымдық және мотивациялық сипаттарын олардың бірлігінде бейнелеп көрсетеді) және интеллектуалдық белсенділіктің үш деңгейін: стимулдық-өнімді, эвристикалық және креативтілік деп ажыратады [3]. Алғашқы деңгейге жеке тұлғаның интеллектуалдық белсенділігі танымдық ынта және жігерлілікпен жұмыс жасау барысында да бастапқы берілген тәсіл шеңберінде қалатын адамдар жатқызылады, олардың іс-әрекеті сыртқы стимулмен анықталады. Эвристикалық деңгейдегі адамдарға өз іс-әрекетінің құрамы мен құрылымын талдау, түрлі міндеттерді өзара салыстыру тән, бұл жаңа шешімдерге, ой-қорытындыларға, жаңалық ашуға жетелейді. Интеллектуалдық белсенділіктің креативтілік деңгейіндегі адамдар құбылыстардың себептерін түсінуге тырысады, ал бұл өз кезегінде зерттеудің жаңа мақсаттарына айналады, талдау үрдісін тереңдетеді.

Көптеген зерттеулерде ғалымдар «креативтілік» ұғымына анықтама беруде креативтіліктің бір сипаты ретінде жеке тұлғаның жағдаяттардан шыға білу қабілеті мен өзіндік мақсатты нақты қоя білу қабілеттілігіне тоқталады. Л.Ермолаева-Томина шетел зерттеушілерінің тәжірибесін жалпылай келе,

креативтілікті әртүрлі қабілеттердің жиынтығы ретінде анықтайды, қабілеттер әр адамда жеке-дара әр сапада көрінетініне тоқталып, келесі белгілерін көрсетеді:

- тәжірибеге ұмтылушылық – жаңа проблемаларға икемді, мәселені шешуге бейімділік;
- талқылауға икемділік – тапсырманың шегіне шыға алу;
- ой ұшқырлығы – тез арада, кенеттен шешім шығару тәсілдерін өзгерте алу қабілеттілігі;
- ойлау ерекшелігінің болуы – өзбеттілік, даралық ерекшелік, ерекше шешім шығару қабілеттілігі [4].

Креативтілікті қалыптастыру мәселесіне сәйкес жазылған еңбектерді саралай келе, креативтіліктің құрылымдық бөліктерін бөліп көрсетуге болады:

- аса сезгіштік;
- ой ұшқырлығы;
- жаңаға ұмтылушылық;
- шығармашылық қабілеттер;
- өзіндік ой-пікірлерде тұра білу;
- өзіне сын көзбен қарау;
- қисынды ойлау;
- жаңаны сезгіштік;
- күмәншілдік, әр нәрсеге күмән келтіру және т.б.

Креативтілік арқылы адам өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылып, ізденеді, өзінің істеріне есеп беріп, кемшіліктеріне сын көзбен қарай алады. Жеке тұлғаның креативтілігін, шығармашылық дербестігін қалыптастыру өте маңызды, күрделі және көп салалы мәселе болып есептеледі. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермеу адамның рухани күшін нығайтып, өзін-өзі тануына көмектеседі. А.М.Матюшкин креативтілік құрылымында келесі компоненттерді анықтайды: қызығушылық, интуитивтілік, ойды қалыптастыру құралы ретінде тілді меңгерудің жеңілдігі [5].

Креативтілік құрылымында Н.Ф.Вишнякова креативтілік көрсеткіштеріне үш көзқарасты ажыратады: креативтілік өзін-өзі дамытумен және өзін-өзі жетілдірумен байланысты жеке категория ретінде креативтілік даму үрдісі ретінде; және жаңасын құрумен байланысты іс-әрекеттің нәтижесі ретінде креативтілік [6].

Креативтілік көрсеткіштеріне байланысты үш тәсілді төмендегідей етіп көрсетеміз:

- креативтілік-тұлғалық категория ретінде;
- креативтілік- даму үрдісі ретінде;
- креативтілік іс-әрекет нәтижесі ретінде.

В.Н.Дружинин мен Н.М.Гнатконың пікірінше, креативтілік құрылымында екі деңгейді бөлуге болады: әлеуетті және өзекті. Зерттеушілердің көзқарасы бойынша әлеуетті креативтілік – бұл жеке тұлғаның өзекті және шығармашылық белсенділікті алуға дайындығын сипаттайтын белсенділік [7]. А.Н.Лук пікірінше, креативтілік ұғымы шығармашылық әлеуетке қарағанда кеңірек. Алайда, зерттеуші креативтіліктің негізгі құрылымдық элементі шығармашылық қабілеттер деп санайды. Осыған байланысты оның моделіне шығармашылық қабілеттердің үш тобы кіреді: мотивациямен байланысты қабілеттер (қызығушылықтар мен бейімділіктер), темперамент (эмоционалдылық) және ақыл-ой қабілеттері [8]. Тұлғалық категория ретінде креативтіліктің бірнеше белгілері бар.

Бірінші белгі – интеллектуальды шығармашылық бастамашылдық. Креативтілік тұлғаның шығармашылық көрінісі ретінде алдымен интеллектуалды-шығармашылық инициативаның болуымен, тікелей атқаратын қызметінің міндеттері мен талаптары шеңберінен шығып кетуімен сипатталады. «Креативтілік» түсінігі шығармашылықтың көрінуі мен қалыптасуына ықпал ететін кейбір ойлылық және тұлғалық қасиеттер жиынтығын қамтиды.

Екінші белгі – «категориялық бөліну кеңдігі». Байланыстылық (ассоциативтік) қатарлар кеңдігі. Үшінші белгі – ойлау шапшаңдығы мен икемділігі. Бұл қабілеттілік проблемаларды шешудің түрлі амалдары мен әдістерін тез табады және біріктіреді. Төртінші белгі – ойлау өзгешелігі. Ол проблемаларды шешудің дербестігімен, өзгеге ұқсамайтындығымен, өткірлігімен көрінеді.

Қазіргі кезеңде жеке тұлғаның креативтілігін, шығармашылық дербестігін қалыптастыру өте маңызды, күрделі және көп салалы мәселе болып есептеледі. Креативтілікті қалыптастыру шығармашылыққа жетелейтін қабілеттер мен шығармашылық қызметі сапасын анықтайтын, жаңаны тану мен жасауға бейімделуге апаратын әрбір жеке тұлғаға тән интеллектуалдық үрдіс ретінде сипатталады.

Демек, жаңа педагогиканың мақсаты баршаға мәлім білімді игерту және студенттердің біліктері мен іскерлігін қалыптастыру ғана емес, сонымен бірге, оқу процесінде жаңа білімдерді алуға жағдай

жасау болмақ. Осылайша, креативтік педагогиканың негізгі міндеті жоғарғы шығармашылық потенциалға ие, әлеуметтік белсенді тұлғаны тәрбиелеу болып табылады. Студенттердің шығармашылық әлеуетін дамытуда инновациялық білім беру арқылы жүзеге асыра аламыз. Қорыта келгенде, креативтілік адамның рухани, дарындылық және шығармашылық еркіндігі, адамзат өркениетінің маңызды резерві болып табылады.

Біз ғылыми педагогикалық-психологиялық әдебиеттерді зерделей келе, тұлғаның креативтілігі ұғымына мынадай сипаттама береміз: ойлау мен интеллекттің икемдігі, жаңалықтар ашуға және оларды білуге қабілеті, құзыреттіліктің қалыптасуы, стандарттан тыс идеяларды жүзеге асыра білу қабілеті. Ғылым мен техниканың шарықтаған заманында өмірге икемді, әр салада өзін таныта білетін, тыңнан жол таба алатын белсенді ұрпақ жоғары оқу орындарында инновациялық оқыту арқылы креативтілігін қалыптастыру негізінде қаланатыны сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Чернилевский Д.В. Креативные аспекты становления образовательной системы. – М., 1996.
- 2.Torrance E. The nature of creativity as manifest in the testing //The nature of creativity. Cambridge, 1988.
- 3.Богоявленская Д.Б. Психология творческих способностей: Учеб. пособие для студ. вузов, обучающихся по направлению и специальностям психологии. – М., 2009.
- 4.Л.Ермолаева-Томина. Психология художественного творчества: Учебное пособие для вузов. — М.: Академический Проект, 2003. – 304 с.
- 5.Что такое одаренность: Выявление и развитие одаренных детей /Под ред. А.М. Матюшкина. – М., 2006.
- 6.Вишнякова Н.Ф. Психологические основы развития креативности в профессиональной акмеологии: дис. д-ра психол. наук. – М., 1996.
- 7.Ильин Е.П. Психология творчества, креативности, одаренности. – СПб.: Питер, 2009.
- 8.Лук А.Н. Мышление и творчество. – М.: Политиздат, 1976.

ӨОЖ. 881. 145

МЕКТЕП МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

АБАШОВА А.

№25 орта мектебінің директоры, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассмотрены пути формирования школьной культуры.

Summary. The article considers the ways of formation of school culture.

Мектеп мәдениетті жеткізу мен қайта жаңғыртуға жауапты аса маңызды әлеуметтік институт ретінде ең алдымен қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық құбылыстарға байланысты өзгерістерге деген мұқтаждықты сезінеді. Қазіргі кезде мектептің ұйымдық мәдениетін зерттеу, білім беру ұйымының (бұдан әрі БҰ) мәдениетін қалыптастыру мәселесін зерделеу, оның әлеуетін қолдану мәселесінің өзектілігі артауда.

Ұйымдық мәдениет:

Дәстүрлі басқаруды бағалау тұрғысынан қабылдау-мектеп дамуының жоғары деңгейі, ұжымның кемелденуінің және басқарудың жоғары сапасының дәлелдері;

Ұйым мен менеджменттің заманауи теориясының аса маңызды ұғымдарының бірі, ұйымдық мәдениет деп осы ұйымда нақты қолданылатын құндылықтар, дәстүрлер, жоралғылар, іс-қимыл әдеттері, қарым-қатынас пен өзара әрекеттестік қағидалары түсініледі.

Мектеп мәдениетінің ерекшеліктерін оның даралығы мен бірегейлігі, педагогикалық ұжымның ішкі және сыртқы оқиғаларды қабылдау ерекшеліктері айқындайды. Мектеп мәдениеті басшылар үшін негізгі мағынаға ие, әсіресе дамудың көптеген жаңа бағыттары туындап, стратегиялық жоспарлау міндетті әрі қажетті іске айналғанда.

Мектептің ұйымдық мәдениеті бір жағынан ұлттық салт-дәстүр, экономикалық жағдай, қоршаған орта мәдениетінің ерешеліктері секілді сыртқы факторларға негізделеді. Басқа жағынан, мектептің ұйымдық мәдениетін қалыптастыруға ішкі факторлар да маңызды ықпал етеді: басшы тұлғасының ерекшеліктері, мектептің айқындалған мақсаты, оның мақсаттары мен міндеттері, педагогтардың жалпы білім деңгейі мен біліктіліктері.

Мектептің ұйымдық мәдениетінің ерекшелігін түсіну оның адамзаттық әлеуеті туралы түсінік қалыптастырады, оның мақсаттылығын немесе белгілі басқарушылық іс-әрекеттің мақсаттылығын бағалауға, мектептің білім беру құрылымдық жүйесінің стратегиялық даму бағыты мен қарқынын барынша нақты жоспарлауға мүмкіндік береді.

Нышандар жеңіл оқылады, ал метепке тексеруші немесе жай қонақ ретінде келген адамның көзіне бірден түседі. Бұл «қабырғаға салынған сурет», хабарландыру тақталарының мазмұны, түрі, марапаттар (стендке ілінген немесе директордың немесе мектеп мұражайында сақталатын) және тағы басқалары.

Айырмашылық белгілері де нышандарға жатады. Бүгінде өз оқу орнын мақтан тұту өзін таныту мен көрсетудің бірегей нысандарын іздеуде әрі табуда, соның ішінде геральдиканың көмегімен. Мектеп үшін бұл мектептің елтаңбасы, шефрон, туы, энұраны болуы мүмкін. Егер мектептің ешқандай нышандары болмаса, онда мектеп нышандарын авторлық бейнелеу конкурсын өткізуге болады, осыдан кейін жалпы жиналыста немесе референдумда осы нышандарды қабылдап, оларға құрмет таныту керек.

Мектеп стендтерінің мәнін бағалау қиынға соғады, себебі олар хабарлама, сабақ кестесін, сыныптан тыс іс-шараларды, жаңалықтарды, мерекелерді, тарихын және т.б. жариялауға арналған. Мектеп стендтері оқушыларды, ата-аналарды және оқытушыларды ақпараттандыруға көмектеседі, сондай-ақ эстетикалық тұрғыдан әдемі.

Мысалы, «Біздің шығармашылығымыз» стендінің көмегімен жұмыстардың әртүрлі мектептік көрмелерін ұйымдастыруға болады. Мектеп бұрыштары, оқу кабинеттеріндегі стендтер тәрбие және білім беру үдерісіне көмегін тигізеді. Тақырыптық стендтер тереңдетіп оқуды ынталандыруға бағытталған.

Ұйымның «Қаһарманы». Әр мектепте «Құрмет тақтасы», үздік оқушылар мен олардың оқудағы, спорттағы және олимпиададағы жетістіктерін көрсетуге арналған стендтер бар. «Мектебіміз оларды мақтан тұтады» стенді де тәрбиелік рөл атқарады, мұнда осы жылдар арасында жетістікке жеткен мектеп түлектерінің суреттері мен жетістіктерінің қысқаша сипаттамасы беріледі. Олар мектептің қаһарманы болып, үлгі тұтар тұлғаға айналуы тиіс.

Қазіргі кезде оқытудың техникалық құралдары мен ақпараттық технологиялардың рөлі артты, ақпаратты жеткізудің жаңа тәсілдері қалыптасты. Мектеп сайты немесе веб-парақша-бұл мектепті көрсетудің, оның беделін қолдау мен дамытудың, өз көшбасшылары мен жетістіктері туралы айтудың жақсы мүмкіндігі.

Жоралғылар мен «ұйымның тілі». Мектептің білім беру ортасы қағидалардың, дәстүрлердің, жоралғылардың жаңа жағдаяттың, оқиғалардың жиынтығынан қалыптасады. Мектептің дәстүрі мен жоралғыларын сақтауға, іздеуге, қалыптастыру мен өңдеуге баса назар аудару керек: Білім күні, Алғашқы қоңырау, түлектермен кездесу, ұстаздар күні, пән онүндіктері, байқау конкурстар, оқушылардың өзіндік басқармасы және т.б.

Мектептің дәстүрлері мен жоралғылары, оларды ұйымдастыру, мазмұны шынайы, қарапайым болып, балаларға телінбеуі тиіс, керісінші олар түсінуі әрі қабылдауы тиіс, мағынасы мен тәрбиелік әсері бойынша маңызды болуы керек.

Мектептің дәстүрлері мен жоралғылары корпоративтік құндылықтар қорына кіреді және ұйымның бірегейлігі мен ұйымшылдығын айқындайды, яғни дәстүрлер мен жоралғылар білім беру қоғамдастығының корпоративтік мәдениетін қалыптастыруда жетекші рөл атқарады.

Кез келген мектептің сәтті қызметі мен дамуының аса маңызды шарттарының бірі оның жағымды беделі болып табылады. Ал ұжым мүшелерінің арасындағы ішкі келісімсіз, қызметкерлердің бәрінің қызметтік әдепті сақтауы мен бірыңғай корпоративтік стильді ұстануынсыз жағымды сыртқы бейнені қалыптастыру мүмкін емес. Қызметтік әдеп деп еңбек қоғамдастықтарындағы іскер қарым-қатынас қағидаларының жиынтығы түсініледі (адамдардың жұмыс орнында туындаған әртүрлі жағдайлардағы іс-әрекеті). Қызметтік әдеп амандасу ережелері, келіссөздер жүргізу ерекшеліктері (ата-аналармен, мемлекеттік орган өкілдерімен) секілді жалпыға ортақ әдеп ережелеріне сүйенеді.

Соңғы жылдары ұстаздар мен білім алушыларға арналған бірегей форма туралы мәселе жиі көтерілуде (дресс-код).

Дресс-код (ағылшынша dress code – киім кодексі) – белгілі іс-шараларға, ұйымдарға, мекемелерге барғанда талап етілетін киім формасы. Қағида бойынша, көптеген мектептерде дресс-код мүлдем жоқ, не оған аса талап қойылмайды және оқушылардың мектеп формасына қойылатын талаптармен шектеледі. Бұл ретте мұғалімдер мен оқушылардың сыртқы келбеті ұйымдағы

істердің жалпы жай-күйінің индикаторларының бірі болып табылады және оның беделін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Әрине, бірыңғай форма қаржыға байланысты көптеген мектептер үшін мәселелі жағдайға айналуы мүмкін. Алайда бүкіл персоналға іскер костюм тігудің орнына бірдей шағын аксессуарларды (мысалы, ұйымның ортақ стилі мен нышанына сәйкес келетін түстік мойын орамалдары) сатып алу арқылы шығындарды барынша қысқартуға болады. «Үстіне ақ-астына қара» классикалық үйлесімділігімен құрамдаста бұл нұсқа аса тиімді болмақ.

Ұстаздардың барлық балалармен және жекелеген оқушымен қарым-қатынасына көптеген факторлар ықпал етеді: қоғамдағы жағдай, экономикалық жағдайлар, қоғамдық мәдениет деңгейі, педагогтардың кәсіби дайындығы, олардың адамгершілігі, араласу стилі және тағы басқалары.

Ұстаздың оқушымен қарым-қатынасының 2 түрі бар:

Жалпы сыныппен қарым-қатынасы;

Жекелеген оқушымен қарым-қатынасы.

Осы қарым-қатынас түрлері қажет әрі маңызды, бірақ жеке қарым-қатынас маңыздырақ.

Педагогтың балалармен қарым-қатынасының түрлері:

1. Негізгі жағымды түрі. Балаларға деген сабырлы, рухани көзқараспен, оларға деген қамқорлықпен сипатталады. Баланы оң бағалау, шынайылық, әдеп тән. Мұндай ұстаз мәжбүрлеуге қарағанда, сенім бойынша көп әрекет етеді.

2. Қарым-қатынастың енжар жағымды түрі балалармен қарым-қатынастың айқын эмоционалды жағымды бағытында көрініс табады. Мұндай педагог тәрбиеленушілермен қарым-қатынаста құрғақ, ресми мәнерді ұстанады.

1. Қарым-қатынастың тұрақсыз түрі жалпы эмоционалды жағымды бағытта педагогтың жағдаяттық іс-әрекетімен сипатталады. Мұндай педагогтар көбіне өз көңіл күйі мен алаңдаушылығының билігінде болады, оның баланы бағалауы мен өзін өзі ұстау әдебі көбіне қалыптасқан жағдайға байланысты.

2. Педагогтың балалармен қарым-қатынасының ашық жағымсыз түрі балаларға, педагогикалық жұмысқа деген кері көзқараспен сипатталады. Ол өзінің іс-әрекетімен балалардан қаншалықты жоғары еендігін көрсетеді. Мұндай педагог топта тұрақты шиеленіс жағдайын қалыптастырады, өзінің назарын жағымсыз іс-әрекеттерге, жаман іс-әреет деректеріне аударады. Осындай түрінде балалар мен ұстаз арасында психологиялық кедергі қалыптасады, балалар педагогтың талаптарын қабылдамайды және үнемі одан «қорғанады».

3. Педагогтың қарым-қатынасының енжар жағымсыз түрі оның балаларға, педагогикалық қызметке деген жасырын кері бағытымен сипатталады. Педагог жұмысты жақсы ұйымдастырудың жақсы сыртқы белгілерін қалыптастырады, алайда, іс жүзінде жұмысы мен балаларға бейғам, қарамайды.

Осыған сәйкес, ұстаздың балалармен қарым-қатынасы өз кезегінде мектептің жалпы мәдениетіне ықпал етеді.

Мектеп мәдениеті белгілі мектептің мәртебесін қалыптастырады, ол оны басқасынан ерекшелендіреді. Ол әлеуметтік тұрақтылық жүйесін қалыптастырады, ал бұл оларға тән жүріс-тұрыс мәдениетін қамтамасыз ете отырып, білім беру үдерісі мүшелерін біріктіреді. Алайда оны тұрақты шама ретінде қарастыруға болмайды, себебі ол адамдар мен мектептегі оқиғаларға қарай өзгеріп тұрады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық мәселелері және тарихы. – Алматы: Білім, 2014.
2. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. –Астана: Л. Гумилев атындағы ЕАУ, 1998. – 378б.

ӘОЖ 137. 64

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ ӨНЕГЕЛІ ТӘРБИЕ БЕРЕТІН ЖАҚТАРЫ

ДЕРБИСАЛИЕВА К.А.

Бауыржан Момышұлы атындағы № 45 қазақ классикалық гимназиясының
бастауыш сынып мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье предусмотрено формирование педагогических представлений Ибрая Алтынсарина в области народного образования как личности, находящей свое место в жизни, понимающей духовно-нравственное развитие подрастающего поколения, усваивающей духовные уроки, принадлежащими к пространству познания.

Summary. The article envisages the formation of IbraiAltynsarin's pedagogical ideas in the field of public education as an individual who finds his place in life, understanding the spiritual and moral development of the younger generation, mastering spiritual lessons, valuing their values, belonging to the space of universal values.

*Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат,
өйткені мұғалім – мектептің жүрегі.
Ыбырай Алтынсарин*

Әр халықтың болашаққа бет алған тарихи даму жолында жарық жұлдыздай болып бағыт-бағдар сілтеген, сөйтіп, сол ұлттың, халықтың тарихында есімдері ерекше аталатын зор тұлғалар болатыны айқын. Ол – тұңғыш ағартушы, педагог-жазушы Ыбырай Алтынсарин.

Ыбырай Алтынсарин өзінің бар ғұмыры мен күш-қуатын қазақ халқын рухани ағартуға арнады. Әсіресе, жастарға заманауи білім беріп, мәдениет пен өркениет көшіне ілесуге шақырды және сол жолда қыруар жұмыс атқарды. Ыбырайдың жазушылық қызметінің оқу және өнер-білім саласымен тікелей сабақтасуы да осында болса керек. Оның ақындық шабытына дем беріп, жазушылық қиялына қанат бітірген басты нысана – қараңғы қазақ халқының көзін ашу, көңілін ояту, ұлтымызды озық мәдениетті елдердің қатарына қосу болды. Ыбырай Алтынсарин халық ағарту саласында қандай елеулі орын алса, әдебиет пен мәдениетіміздің тарихында да сондай биік дәрежеде тұр. Ақынды қазақтың жазба әдебиеті мен тілінің негізін қалаушылардың бірі ретінде де танимыз. Қазақ әдебиетіне тың серпіліс әкеліп, жаңа жанрлар енгізді. Оның терең ойлы шығармалары, мағыналы да тағылымды өлеңдері, қысқа да нұсқа әсерлі әңгімелері қай дәуірдің жастарына да нәр беріп, сусын болары анық.

Сонымен қатар оның педагогикалық идеялары мен шығармашылық қызметі Қазақстанда жаңартылған білім беру жүйесімен өзектесіп, ұстаздардың іс-тәжірибиесінде көрініс беріп келеді. Ыбырай Алтынсариннің XIX ғасырдың аяғындаөзінің педагогикалық қызметінде ұстанған негізгі принциптері XXI ғасырға аяқ басқан, бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылуға ұмтылыс жасап отырған Қазақстанның қазіргі рухани-мәдени даму сатысында өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Ұлы Ыбырайдың ағартушылық идеяларын қазіргі заманға сәйкес тәжірибеде жүзеге асырып жатырмын ба?

Ақынның «Бір Аллаға сыйынып, Кел, балалар, оқылық» деген атақты өлеңінен бастап, оның танымдық-тәрбиелік маңызы зор әңгімелері мен аудармаларының барлығы мектеп оқулықтарында бар. Әңгімелерінің тақырыбы – өнер-білім, еңбек, адамгершілік. **«Қазақ деген – жасанды мінезі жоқ, қарапайым халық, бірақ сол қарапайымдығының өзінде оның көп жақсылығы жатыр»**- дейді Ыбырай Алтынсарин [1. 57]. Сол себепті әңгімелерінде балаларды «бұлақ суындай таза, мөлдір», жақсы мінезге тәрбиелей отырып, өмір сүрудің ең басты факторы – еңбек етуге жетелейді. Ақынның шығармаларының тақырыптық – идеялық мазмұнынан біз оның ұстаз – тәрбиеші ретінде алдына мақсат етіп қойған адамгершілік мәселелерін көреміз. Баршамызға бастауыш сыныптардан етене таныс, әрі ыстық «Кел, балалар, оқылық!» - «Қазақ хрестоматиясының» беташар өлеңі. Жазылғанына бір ғасырдан астам уақыт өтсе де, жас жеткіншектерді білімге, өнерге шақырған бұл өлеңнің маңызы, бір кезде Ыбырай армандаған «өнер – білімі бар жұртқа» - терезесі тең, шаңырағы биік, мәдениеті озық елге айналып отырған бүгінгі заманда да еш төмендемек емес. Қайта халқымен бірге жасасып, ұлы ағартушының арман – сәлемін жақсы күндерге жеткізген бұл тарихи туындының жаңа мәнге ие болып, бүгін де бұдан бір ғасыр бұрынғыдай:

Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық! –

деп өзінің тот баспас, мәңгі тозбас озық халықтық идеясымен бүлдіршіндерді білім бағына шақыра бермек.

Ыбырай Алтынсариннің айрықша атап айтар тарихи еңбегінің бірі – оның қазақ балалар әдебиетінің негізін қалауы. «Қазақ хрестоматиясына» енген алуан жанрдағы шығармалар. Сондықтан оның әңгімелерінен балалар әдебиетіне қойылатын негізгі талаптардың барлығы да атап айтқанда, туындының көлемінің шағындығы мен құрылысының қарапайымдығы, тілінің таза, түсінікті әрі

шұрайлылығы, тәрбиелік – танымдық мәннің жоғарылығы, оқиғалардың балалар ұғымы мен жасына сай, көркем әрі қызықты баяндалуы, балаларға тән мінез, әрекет, ой – қиялдың табиғи түрде жазылуы. Мұның бәрі Ыбырай Алтынсариннің қазақ мәдениеті мен әдебиетінің тарихындағы қадірлі орнын көрсетеді.

Жазушының шығармаларының ішінде сюжеті қызықты «Таза бұлақ» атты әңгімесі. Мұндағы үш жолаушының бірі – саудагер, екіншісі – молда, үшіншісі – жай бір келбетті жігіт. Бұлардың әрқайсысының өзінше түсінігі, өмірге деген көзқарасы бар.

Автор бұл туындысында кісі еңбегін қанайтын саудагерді де, елге жалған үтіт тарататын алдамшы молданы да жақтамайды. Ол еңбекші халық өкілі – жас жігіт ниетін жақтап, соның ойын құптайды.

Ы.Алтынсариннің шығармашылығында еңбекке тәрбиелейтін бірнеше әңгімелері бар. Солардың ішіндегі ең биік шыңы — «Бай мен жарлы баласы» [2; 83–87].

Бір сөзбен айтқанда, Ы.Алтынсарин қыр өміріндегі балалықтың қым-қуыт шиеленіске құрылған бір күнін классикалық әңгімеге айналдырған. Оның бұл шығармасының тәрбиелік түйіні егер өзінді-өзің еңбекке, ұқыптылыққа баулып, шынығып өссең, Үсен сияқты өмірге икемді, қиыншылыққа мойымайтын, өршіл боласың. Ал еңбексіз, ата-анаңа еркелеп өссең, Асанға ұқсап қабілетсіз, икемсіз, енжар боласың деген тұжырымға келіп тіреледі.

Көптеген әңгімелерінде жазушы қоғам өміріндегі мынадай көкейкесті мәселелерді көтеріп, жұртшылықты жаңа өмірге жетелейді: адалдыққа, жан тазалығына, көркем мінезге, сабырлыққа, өз бетінше ізденіп, тынбай еңбектенуге тәрбиелейді. Ыбырай Алтынсарин шығармаларындағы балаларға берілетін білім – өмір сүруіне қажетті өмірлік нәр, қоршаған ортамен, адамдармен қарым-қатынас жасауға қажетті ұлттық тәрбие. Осы екеуі, білім мен тәрбие, жазушы-ұстаздың әңгіме-өлеңдерінің өн бойынан көрінетіні анық.

Әр баланың ішкі мүмкіндігі мен өзіндік қарымын дамытуға әсер ететін рухани-адамгершілік қағидалары жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуының, өзін-өзі жүзеге асыруының аса қажетті шарты болып табылады. Жастарға тек белгілі білім негіздерін меңгертіп, кәсіби мамандыққа баулуға баса назар аударумен қатар, олардың бойында рухани-адамгершілік қайнарын сіңіріп, мінез-құлқын тәрбиелеуге, жалпыадамзаттық құндылықтарды, адамгершілік қағидаларды ғұмыр бойы басшылыққа алып өмір сүретін тұлға қалыптастыруға бет бұру қажет деп ойлаймын. Ол үшін әлеуметтік тәрбиедегі адамның ең жақын өмірлік ортасымен және мақсатты тәрбиенің (отбасылық, рухани-адамгершілік, азаматтық, құқықтық, діни, т.б.) жағдайларымен өздігінен әрекеттесуде нәтижеге қол жеткізу, адамның белгілі рөлдерге, нормативтік ұстанымдарға, әлеуметтік көріністер үлгілеріне белсенді бейімделуін жүзеге асыру, адамның әлеуметтену үдерісінде едәуір мақсатты дамуы үшін жоспарлы түрде жағдай жасауға көңіл бөлу керек. Қазіргі заманда «Рухани жаңғыру» бағдарлама аясындағы ұлттық құндылықтарды басты назарда ұстай отырып, әр сабағымда рухани құндылықтарға басты назар аударамын. Жас ұрпақтың өзінің ішкі әлеміне терең бойлау арқылы рухани адамгершілік тұрғысынан кемелденуін, рухани тағылымды меңгеруін, өзін - өзі жан-жақты зерттеуін, түсінуін, бойындағы құндылықтарды бағалай білуін, өзінің жалпыадамзаттық құндылықтар кеңістігіне қатыстылығын түсініп, өмірден өз орындарын табуға және өз күштеріне сенетін жан-жақты, жаны мен тәні үйлесім тапқан жан ретінде қалыптастыру көзделеді.

Білім беру сапасын жақсартудың бірден-бір жолы - жаңа педагогикалық технологияларды қолдану. Мұғалім оқушының табиғи дарын, қабілетін ашу арқылы жас ерекшелігін ескере отырып, технология элементтерін тиімді пайдалану керек бір сабақтың барысында бірнеше технологияны кезекпен, тиімді, оқушыны жалықтырмай жүргізуге болады. Сабақ - ұстаздың көп ізденуінен, көп еңбектенуінен туатын педагогикалық шығарма. Кезінде Алтынсарин да мұғалімдерге дәл осындай талап қойған болатын. Бұл Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық идеяларының өміршеңдігін байқатады [3.18]

Ы. Алтынсарин білім беру процесінің ізгіліктік сипатын анықтайды. Білім адамды рухани байытады, жанын жадыратады, жақсылыққа жетелейді, көңілін көтереді, рухын нығайтады, жігерін күшейтеді. Қазіргі жаңалық деп жүрген ынтымастық, ізгілендіру идеясын сол кездің өзінде-ақ Ыбырай Алтынсарин қалыптастырған болатын.

Бүкіл адамзат қоғамындағы материалдық және рухани байлықтың бәрі де адам еңбегінің күдіреті арқылы жүзеге асады.

Биылғы оқу жылында оқушыларға қашықтықтан жүйелі білімді беру барысында түрлі платформаларды пайдалана отырып, балаға дұрыс талап қойып өз бетінше жұмыс жасауға бағыт-бағдар беру арқылы жүзеге асырылды.

Ұрпақ болашағы, халқымыздың келешегі қазіргі ұстаздардың қолында. Тәуелсіз ел атанып, төбемізге ту тігіп, тіліміздің мәртебесі артып, әлемге атымызды танытып жатқан кезеңде ұлттың, елдің болашағы-жас ұрпақ тәрбиесіне де мықты көңіл бөлінуде. Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» тақырыбындағы тарихи маңызы бар мақаласында жаһандану кезеңінде әр адам өзін үздіксіз жетілдіріп, жаңа кәсіптерді игеріп, үнемі заман ағымына бейімделу арқылы ғана бәсекелік қабілетін арттырып, сондай-ақ білім мен технология, жоғары еңбек өнімділігі ел дамуының басты қозғаушы күші болуға тиіс бағыттарды анықтап берді [4]. Білім беру саласында мұғалімнің алдына қойған қазіргі мақсаты – Ыбырай Алтынсарин атамyzдың салып кеткен сара жолымен, оқушыларға ұлттық педагогикалық тәрбие және білім берумен қатар олардың шығармашылық қабілеттерін арттыру. Ұлы педагогтың ұлы идеялары ұрпақтар сабақтастығында өз құндылығын жоймай, еліміздің білім беру жүйесіне негіз болары анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Алтынсарин Ы. «Қырғыз хрестоматиясы» – Алматы: Білім. 2003 – 112 б.
2. «Ыбырай Алтынсарин мұрасының әлеуметтік, педагогикалық, өнегелі әлеуеті және қазіргі заман». Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы. Қостанай, 2011.
3. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық мәселелері және тарихы. – Алматы: Білім, 2014.
4. Тоқаев Қ.К. Тәуелсіздік бәрінен қымбат. 5 қаңтар 2021 ж.

ӘОЖ 137.82

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОҚЫТЫЛАТЫН ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫ – ТӘРБИЕНІҢ АЛТЫН ДІҢГЕГІ

ТИЛЕПБЕРГЕНОВА З.А.

Бауыржан Момышұлы атындағы № 45 қазақ классикалық гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші, педагогика және психология ғылымдарының магистрі, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье использованы рассказы первого учителя Ибрая в современной начальной школе, изучение литературы, программ и учебников начальной школы рассматривает роль воспитательных идей и мыслей нашего первого педагога Ибрая в XIX веке в современном школьном образовательном процессе и воспитании детей, развитие воспитательных идей в творчестве подрастающего поколения.

Summary. The article uses the stories of the first teacher Ibrai in a modern elementary school, the study of literature, programs and textbooks of elementary school considers the role of educational ideas and thoughts of our first teacher Ibrai in the 19th century in the modern school educational process and upbringing of children, the development of educational ideas in the creativity of the younger generation.

Қазақ халқы ерте кезеңнен бері бала тәрбиесіне мән беріп, аса үлкен жауапкершілікпен қараған. Соның ішінде бала тәрбиесінің дұрыс қалыптасуына өзінің шығармалары арқылы ықпал еткен қазақтың ұлы ақындарының бірі – Ыбырай Алтынсарин. Еңбектері арқылы өмір шындығын таныта білген кемеңгер, заманының ең маңызды білім мен тәрбие мәселесін көтеріп қана қоймай, оны шығармаларына арқау еткен өшпес жұлдыз, ерекше дарын иесі. Ыбырай Алтынсарин қазақтың ағартушылық тарихында және ұлттық мектебінің қалыптасуында терең із қалдырды. Оның өз бойындағы қуатын халықтың арман-тілегі үшін аямай көрсете білгені - бүгінгі ұрпақ үшін мол тәжірибе бола білді.

«Кел, балалар, оқылық!» деп ұлы педагог алғашқылардың бірі болып балаларды оқуға, білім алуға шақырды. Бірақ та ол қазақ жастарын оқуға үндеумен қатар балаға жастайынан дұрыс тәрбие беру, өмірде бар жақсы да асыл қасиеттерді бойға сіңіруге, бір сөзбен айтқанда адамның адам деген ардақты есімін ақтай алатын тұлға қалыптастыруға бар күш жігерін салып, соның негізінде өзінің жазушылық, аудармашылық еңбектерінің негізгі мәнін тәрбиелік бағытта жүзеге асырды.

Ұлы ағартушы, педагогтың өмір бойы жазып қалдырған мұраларын тәрбиелік жағынан еңбек пен өнерге баулитын және адамгершілікке тәрбиелейтін шығармалар деп екі топқа бөліп қарастыруға

болады. Еңбекті сүю, қадірлеу — Ыбырай әңгімелері мен өлеңдеріндегі негізгі тақырыптардың бірі. Ол еңбек адамның өмірі үшін ерекше маңызды рөл атқарады, еңбексіз өнер де, білім де қолға келмейді де еңбекті бірінші орынға қойып, тәрбие негізі адал еңбекте деп тұжырым жасайды. Осыған дәлел, оның бұл тақырыпта жазған көптеген әңгімелері мен өлеңдері бар. Мысалы, "Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш" әңгімесінде аталған жәндіктер мен құстың тіршілік етуімен таныстыра отырып, оқушысын еңбекті сүюге тәрбиелейді. "Жұмыссыз, еңбексіз жүрген бір жан не бір жәндік жоқ. Сен де солар секілді еңбек ет, босқа жүрме", — деген ой айтады жазушы. Еңбек тақырыбын қозғаған «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», "Бай баласы мен жарлы баласы", "Дүние қалай етсең табылады?", "Байлық", "Әке мен бала", "Асыл шөп", "Қыпшақ Сейіткүл", "Киіз үй мен ағаш үй", т.б. әңгімелері — өзінің өнегелігімен, бейнелілігімен, көркемдігімен еріксіз есте қалатын туындылар.

Жазушының келесі бір топ әңгімелері адамгершілік тәрбие мәселесіне жазылған. Адамзат баласы шыр етіп жерге түскеннен бастап ата-ананың аялы алақаны мен ыстық ықыласына бөленіп өсетіні белгілі. Ата-ана баласына көптеген асыл қасиеттерді үйретіп, жақсы азамат болуын тілейді және үміттенеді. Бұл тақырыпта да жазған Ыбырайдың әңгімелері мен өлеңдері бар. Оның анық та, айқын дәлелін келесі өлең жолдарынан көруге болады.

«Кім сендерді балалар, сүйетұғын,
Қуанышыңа қуанып, қайғына күйетұғын?
Түн ұйқысын төрт бөліп кірпік қақпай,
Шешең байғұс дамылсыз жүре-тұғын...»

– дей келе Ыбырай атамның ананың бала өміріндегі ролі мен ананың балаға деген шексіз махаббатын, ынтызарлығын осы «Ананың сүюі» өлең шумақтары арқылы паш етті.

Сонымен қатар, «Бақша ағаштары», «Таза бұлақ» және тағы басқа да әңгімелерінде, «Әй, жігіттер!», «Азған елдің хандары», «Әй, достарым!» сияқты өлеңдерінен тәрбиенің ізі жатыр деп толықтай сеніммен айтуға болады.

БІ. Алтынсариннің аудармалар мұрасы да едәуір елеулі. Ол И.А.Крыловтың мысалдарын, Л.Н. Толстойдың әңгімелерін орыс тілінен қазақ тіліне аударғанда негізгі мәні мен тәрбиелік маңыздылығын сақтай отырып, аударды.

Қазақ даласындағы білімнің көзін ашқан, Ыбырай Алтынсариннің айтып кеткен нақыл сөздерінде де өнегелі, тәрбиелік мәні, өмірлік мазмұны бар болса керек. Тұңғыш педагогтың пікірі мен тәрбиелік өсиетін ұстаздық, адамгершілік, тіл туралы, еңбек тақырыптарына арнаған келесі нақыл сөздері мен мақал-мәтелдерінен көре аламыз.

- 1.«Әр нәрсенің сыртына қызықпа, асылы ішінде.»
- 2.«Байлық — қанағат пен еңбекте.»
- 3.«Жақсы ой мен жақсы сөз - жақсы істерге жетелейді.»
- 4.«Еңбекпен табылған дәм тәтті»
- 5.«Өнер, білім - бәрі де оқуменен табылған.»

Ыбырай шығармалары қысқа мазмұнды болса да, олардың ішіндегі тәрбие берер терең мағыналы сөздердің болуы, әр әңгіменің тағылымдық мәніне ерекше көңіл аудару ұлы ағартушы Ыбырай шығармаларының өзіндік ерекшеліктері бар екенін анықтауға болады. Оларды түсініп оқыған адам ғана ұлы ұстаздың шебер тәрбиеші екендігіне көз жеткізеді.

БІ.Алтынсариннің ХІХ ғасырдың аяғында өзінің педагогикалық қызметінде ұстанған негізгі принциптері ХХІ ғасырға аяқ басқан, бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылуға ұмтылыс жасап отырған Қазақстанның қазіргі рухани – мәдени дамуында өзінің өзектілігін жоғалтқан жоқ. Қазіргі замандағы тәуелсіз еліміз Қазақстан мектептерінің оқу-тәрбие процесіндегі БІ.Алтынсариннің алатын орны ерекше маңызды. Бүгінгі күнде, Ыбырай атамның шығармалары білім көкжиегінің кеңеюіне, балалардың бойында адамгершілік, еңбекқорлық, сүйіспеншілік, адалдық қасиеттерін қалыптастырудың негізі.

Ыбырай Алтынсариннің еңбектерінің қазіргі оқу-тәрбие процесіндегі орнын, бастауыш сыныптарға арналған әдебиеттік оқу мен оқу бағдарламаларын зерттей келе, әр сыныптағы Ыбырай атамның оқытылатын шығармаларын анықтадым.

Оқулық	Сыныбы	Шығармасы
Әдебиеттік оқу, авторы: Қабатай Б.Т.	2 сынып, 2 бөлім	«Бұл кім?» өлеңі, «Салақтық» әңгімесі
Әдебиеттік оқу, авторы: Қабатай Б.Т.	3 сынып, 1 бөлім	«Баланың айласы», «Малды пайдаға жарату» әңгімелері
Әдебиеттік оқу, авторы:	3 сынып, 2 бөлім	«Өзен» өлеңі, «Таза бұлақ»

Зерттеу нәтижесінде біз Ыбырай атамның өлеңдері мен шығармалары 2 және 3 сыныптарда тереңдетіліп оқытылатына көз жеткіземіз. Осыған қарамастан, бастауыш мектеп сабақтарында Ыбырай Алтынсарин шығармаларының тәрбиелік маңызы жоғары орын алатындығын анықтау мақсатымен бастауыш сынып мұғалімдері мен оқушылары арасынан сауалнама жүргізілді.

№1- Сауалнамаға «Бастауыш білім беру мұғалімі» мамандығының 6 ұстазы жауап берді. Сауалнама қорытындысы, мұғалімдердің пікірі бойынша, келесі қорытынды шығардым:

Ыбырай Алтынсарин шығармаларының тәрбиелік мәні бар.

Мұғалімдердің ортақ пікірі: «Тәрбиелік маңызы өте зор, себебі ол тек қана ұлттық тәрбие мен мұрасын жеткізіп қоймай, сонымен қатар оқуға шақырып, пайдасын айтып, көкірегі ояу, білімді, талапты, еңбекқор, тату ұлт дамуына ықпал еткен тұлға.»

Бастауыш сынып оқушыларының әдебиеттік оқу оқулығындағы берілген Ы.Алтынсарин шығармаларындағы қозғалған негізгі тақырыптар: еңбек, адамгершілікке баулу тақырыптары.

Ы.Алтынсарин шығармалары оқушыны тұлға ретіндегі қалыптасуына ықпал етеді.

Бастауыш сынып мұғалімдері Ыбырай шығармаларындағы нақыл, өсиет сөздерді күнделікті өмірде қолданады.

№2-Сауалнамаға №45 қазақ классикалық гимназиясының 2021 жылғы 4 «Е» сынып түлектері жауап берді. Сауалнама нәтижесі бойынша:

Оқушылар берілген сұрақтарға 82% толығымен дұрыс жауап берді.

Ы.Алтынсарин шығармаларының негізгі тақырыптарын көрсетті.

«Әке мен бала», «Асыл шөп», «Бақша ағаштары», «Бай баласы мен жарлы баласы» әңгімелерінің, «Ананың сүйі», «Кел, балалар, оқылық» өлеңдерінің тәлім-тәрбиелік мағынасын дұрыс көрсетті.

Мен Ыбырай атамның шығармаларының маңыздылығын айқындау мақсатында Тараз қаласындағы №45 қазақ классикалық гимназиясының мұғалімі Дербисалиева Хадиша Аманкуловнадан сұхбат алдым. Ол Ыбырай Алтынсарин шығармаларының оқушының бойында адамгершілік қасиеттерді, рухани дүниені, тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ететіндігіне көз жеткізіп, іс-жүзінде дәлелдеген. Сонымен қатар, қазіргі оқу-тәрбие процесіне Ыбырайдың ұлан ғайыр мұрасын жаңашылдандыру мақсатында инновациялық технологиялардың көмегімен, мультимедиялық құралдар арқылы тәлім-тәрбиелік әңгімелерін анимациялау идеясын ұсынып, бастауыш сынып оқушыларымен бірге жүзеге асырды. Бүгінгі күнде әңгімелердің мультфильм түріндегі нұсқалары мен сахналық түрдегі көріністер оқушылардың қызығушылығын арттыра отырып, күнделікті оқу-тәрбие процесінде жандандығын хабарлады.

Қорыта келе, біз қазіргі бастауыш сыныптардағы оқу-тәрбие процесінде қазақтың оқу-ағарту саласының негізін қалаушы Ы.Алтынсарин мұраларының ХХІ ғасыр технологиялары арқылы жанданып, құрылымы, мән-мағынасы, тәрбиелік мәні бала санасына ерекше әсер етіп, баланың қызығушылығын оятып, баланың бойына тереңнен тәрбие нәрін құйып, қоғамда адамгершілігі жоғары адамдар қалыптастыруға ықпал жасайтындығына көз жеткіздік.

Ы.Алтынсарин өзінің барлық оқулықтарында, әдістемелік еңбектерінде жас ұрпақты тәрбиелеудегі оқыту мен тәрбиелеу мәселелерін көтеріп, өзектілігін шешуге ұмтылады және өзінің шығармалары арқылы бүгінгі күнде де баланың тұлға ретінде қалыптасуында тәрбиелік ықпал тигізуде.

Мен зерттеу нәтижесінде Ыбырай атамның шығармаларын зерттей келе, баланың тұлға ретіндегі қалыптасуына зор ықпал көрсетіп, бойына адамгершілік, жақсы қасиеттерді сіңдірудегі маңызды орын алатындығына көз жеткіздім.

Демек, ағартушының өнегелі өлеңдері мен шығармаларының тәлім тәрбиелік маңыздылығы бұрынғы кезде қандай – жарқын да жанды қасиеттерімен көрініп, қазақ мектебін ашу мен бала тәрбиесінде айқын іздерін қалдырса, қазір де сол асыл да абзал ерекшеліктерін өз бойында сақтауда. Талай ғасырлар өтсе де, өзі өмір сүрген заманында және де қазіргі замандағы қазақ балаларын тәрбиелеуде Ыбырай атамның шығармалары тәлім - тәрбиенің алтын дінгегі болып саналады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Алтынсарин Ы. Кел, балалар, оқылық: Өлең, әңгімелер мен мақал, жұмбақтар. – Алматы: Атамұра, 2006. –230б.
- 2.Алтынсарин Ы. Ыбырай тағылымы. – Алматы: Жазушы, 1991. –212б.
- 3.Қабатай Б.Т. «Әдебиеттік оқу» 2 сынып, 1, 2 бөлімі. – Атамұра, 2017. – 230б.

БАЛАЛАР АГРЕССИЯСЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ, АГРЕССИВТІЛІК ӘРЕКЕТТІҢ ПАЙДА БОЛУЫ

ТУРМАХАМБЕТОВА Н.А.

Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі,
педагог-ұйымдастырушы-куратор, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассмотрены выводы психологов о формах проявления агрессии у человека.

Summary. The article discusses the conclusions of psychologists about the forms of aggression in humans.

Психология ғылымында психикалық құбылыстарының ішіндегі көп зерттелінген құбылыс эмоциялық құбылыс болып табылады. Дегенмен эмоцияның жан-жақты қырларының ерекшеліктерін әрбір жеке адам түрліше өткізетін болғандықтан психологтар арасында бұл мәселе үнемі шешімі шексіз болып қала береді.

Эмоциялық тұрақсыздықтың бір көрінісі – агрессивтілік адамның жеке тұлғалық қасиет ретінде де, эмоциялық жан күйзелісі ретінде де зерттелінеді. Сондықтан бұл мәселені зерттеу бірнеше бағыттан тұрады.

Психоаналитикалық бағыт – бұл тұжырымның негізін қалаушы З.Фрейд [1,103 б.].

Ұзақ жүздеген жылдар бойы, оның теориясы қызу да қатаң тартысқа айналған. Фрейд еңбегінің арқасында агрессия және агрессивтілік моральдық тақырыптың ой тартысы, ғылыми сараптаманың негізгі объектісіне айналды. Фрейдтің бастапқы жұмыстарының тұжырымы бойынша бүкіл адамзат әрекеті бұл тікелей болмаса жанама «эротың» ағыны, өмір инстинкті, өмірдің сақталып – мықтылануына бағытталған энергия көзі. Агрессия бұл тұрақты емес, алайда қашып құтыла алмайтын өмірдің бір бөлігі.

Бері келе заманға сай көптеген оқулықтарда көрсетілгендей агрессияның деректемесінің тәртібін психоаналитикалық анықтамада - «Танатос» деп көрсетеді. Танатос - өлім мен талқандалуға деген инстинкті қызығушылық, ұмтылыс. Фрейдтің ұғымы бойынша танатос бұл өлімге ұмтылыс, танатостың энергиясы жарық өмірдің аяқталып, талқандалуына бағытталған.

Агрессия, өзгеге бағытталу: Инстинк пен әлеуметтік норманың бір-біріне қайшылығы, қимылдың шектелуінен ішкі жағдайдың туу салдарынан агрессияның, яғни зорлықтың пайда болуы. Адам зорлықты өзіне, өзгеге және қоршаған сыртқы ортаға қатысты жасайды. Өмірге құштарлық және өлімге ұмтылуы, осы қарама-қайшылықтың түсінігі махаббат пен өшпенділіктің бірдей теңдігін көрсетеді. Өлімге ұмтылу зорлық-зомбылықты әкелсе, ал махаббат агрессивтілікті (сексуалдық) тудырады. Фрейдтің агрессияны табиғи қайнар деп қарастыруы пессимистілік. Бұл әрекет тек туа бітіп қоймай, танатостың энергиясы іштен шықпай қалуы индивидтің өзін-өзі талқандалуына әкеліп соқтырады. Агрессияның сыртқа эмоция арқылы көрінуі, талқандаушы энергияның азайып, жеңілдеуін ыңғайлы тәсілмен сыртқа шығарылуы көңілге үміт ұялатады. Осылай әрдайым шығарылуы агрессивті мінез-құлықты, қызбалылықты, кекшілдікті, сарказм мен өсекке жақындылықты бойына сіндіруі мүмкін.

Үлкен қарама-қайшылықтың бір бағыты өмірдің сақталуы мен талқандалуы, ал басқа механизмдер қызмет етуі танатос энергиясының мақсаты, бағытталуы, өзімнен бой алып, өзіме бағыттау. Фрейдтің тұжырымы бойынша бүкіл адамзат әрекеті эрос пен танатостың арасындағы өзара қарым-қатынасы мен тартыс күшінің нәтижесі. Осылай танатос жанама себепкер болу арқылы агрессия сыртқа шығарылып, өзге біреуге бағытталады

Балалар бойында кездесетін агрессивтілік әрекеттің пайда болуы. Бала агрессиясын түсіндіру бағыты психоаналитикалық бағыт (А.Фрейд) [1, 45 б.]. А.Фрейд өз әкесінің жыныстық және агрессиялық инстинк қатынас көзқарасын бөлісе отырып, оның бірнеше фазасын бөліп қарастырады: аральды агрессивтілік, анальды садизм және т.б. А.Фрейд бала психоаналитикасымен шұғылдана отырып, ол агрессия «мен» тұжырымының қорғаныш механизмдерінің бірі деп қарастырады. Осыған байланысты оның түсінігі бойынша агрессия оның «менінде» өткен немесе болатын жағдайда қорқыныш пен қауіптің пайда болуы. Агрессияның ушығуы бұл баланың «меніне» тікелей қауіптің

пайда болуы. Баланың агрессивті құлшынысы осылай объектідегі қауіптің қатынасына қарай мінез-құлқын бекітеді.

Э.Фроммның агрессияға көзқарасы: Агрессия – бұлөлімге, қайғыға ұмтылыс. Э.Фромм зорлықтың бірнеше формасын көрсетеді: ойын арқылы зорлық, біреуден кек алу үшін, сеніміне жай түскендей болған кезде, біреу-біреуді өз билігіне жүгіндіруі, оны қорғансыз объектіге айналдыру, оған ойына келгенін жасау, балағаттап, қорлау негізгі мақсат-қайғыруға мәжбүр ету. Адам өзі жана нәрсені біліп, шығара алмаған кезде, ол өз күшін талқандауға жұмсайды. Яғни адам, дегені болмаған кезде зорлыққа, агрессияға жол береді. Адам бойындағы қайрымдылыққа, махаббатқа, сенімге көңілі қалған жағдайда, талқандауға кіріседі. Көңілі қалу өмірді жек көруге әкеліп соқтырады. Зорлық-зомбылық бір индивитке және топқа қатысты болуы мүмкін. Зорлық-зомбылық талқандауға бағытталса, ал өмірді қорғауға бағытталған – агрессиябұл басқаша түсінік. Реактивті зорлық-зомбылық өзінің бостандығын, мәртебесін қорғауға бағытталған, мұның негізгі мақсаты құрып-қалыптастыру болып саналады [2,175б.]. Сөйтіп Э.Фроммның белгілеуінше фрустрациялық қажеттілік пен құмарлық көпшілік арасында әдеттегі құбылыс, агрессия мен зорлық әрдайым көрініп отырады деп атап көрсетті.Э.Фромм зорлық пен агрессия проблемасын адамның әлеуметтік мінез-құлқы сұрағымен байланыстырды. Көпшілік топ өз индивитінің нақты ерекшеліктерін, сондай-ақ зорлыққа қатынасын мақсатты бағыттап қалыптастырады.

Индивидуалды психологияның негізін қалаушы А.Адлер [3,36б.] - баланың бүкіл дамуында өзіне толық емес жартылай сенімділік сезімін агрессияның туындауының негізі деп қарастырды. Бала ұзақ уақыт біреуге тәуелділігіне күйзіледі, ол өзіне тіптен көмексіз болған кезде күн көруі үшін ата-анаға жүгінуді қажет. Баланың жетілмегендігі, өзіне сенімсіздігі және өз бетінше алып кете алмауы, отбасында қоршаған күшті адамдарға бағынышты болуы қатты қайғыруға әкеліп соқтырады. Бұл кем бағалы сезімді тудырады, қоршаған ортада жетістікке жетіге бағытталған ұзақ күрестің бастамасы.

Осы агрессияның барлық түрлерін бүкіл жастағы адам бойынан табуға болады, ал кей жағдайда бұл ерте жастан-ақ көрініс бере бастайды. Агрессиялы мінездің әртүрлі формасы мектеп жасына дейінгі жастағы балаларда да кездеседі.

Психологияда вербальды және физиологиялық агрессияны бөліп қарастырады, бұлардың әр қайсысының тікелей және жанама түрі бар.

Оларға қысқаша мінездеме берейік:

1) Вербальды агрессия.

а) Жанама вербальды агрессия - құрбыларын айыптап, қорқытуға бағышталған. Бұл әртүрлі айыптау сөз, шағым түрінде кездеседі («Маған Сауле тиісіп кетті», «Айбек төсегін жинамады», т.б.); көпшіліктің көңілін аудару, айқайлау («Мазамды алмай, ары кет!», «Маған кедергі жасама», т.б.); агрессиялы фантазия түрінде («Егер тыңдамасаң, полиция келіп, сені түрмеге отырғызады», «Мен сені қуып жетіп, тістеп, ұшаққа отырғызып, биік таудың үстіне апарып тастаймын, сол жерде жалғыз отырасың», т.б.)

ә)Тікелей вербальды агрессия – балағаттау, қорлаудың вербальды формасы. Балалар арасында бұрыннан келе жатқан тікелей вербальды агрессияның дәстүрлі түрі – ашуын келтіретін келекелер («Торай», «Жора –ашқарак», «Ұсқынсыз», «Сұмырай», т.б.)

2) Физиологиялық агрессия.

а) Жанама физиологиялық агрессия - өзгеге физиологиялық әрекет арқылы материалды залал келтіруге бағышталған. Бұл өзгенің іс-әрекетін затын бұзуы (басқа баланың құрастырып отырған конструкторын бұзу, салып отырған суретін жырту, т.б.); біреудің затын талқандау болмаса бұзу (бала біреудің ойнап отырған ойыншығын алып, еденге лақтырып, сындырып, оның иесінің көз жасы мен үрейін бақылау).

ә) Тікелей физиологиялық агрессия - өзгеге тікелей физиологиялық әрекет арқылы шабуылдап, жарақаттауға бағышталған. Бұл қорқыту түрінде (бала құрбыларына жұдырығын көрсетуі); физиологиялық тікелей шабуылы (балалар төбелесі, тістеу, тырнау, шашын жұлу, суық құрал ретінде таяқты, шаршыларды қолдануы).

К.Ю.Юнгтің агрессияға көзқарасы: [4,25б.] агрессия, зорлық-зомбылық санадағы санасыз адам психикасындағы қимыл әрекет деп түсіндіреді. Индивидтің дау-дамайы оның қорлықтан құтылмайтын түнек бөлігі, рухани талқандалуы, жеңуі, жаңаруы. Агрессивтілікті эмоцияның көріну әрекеті, яғни сырттан немесе іштен келген тітіркендіргіштерге жауап реакциясының әрекет ретінде көрсетуіне орай бірнеше теориялар бар. Олай болса, соларға тоқталып кетейік.

К.Хорни пікірі бойынша агрессия әрекетін қадағалауға болады [5,37б.]. Әрекетке тиесілі бағыт: агрессия және фрустрация. Бұл жерде агрессиялық әрекет эволюциялық процеске емес, жағдайға байланысты қарастырылған. Адамзат бойындағы агрессияның бұл бағытының негізін қалаушы

Дж.Доллард [6,115б.]. Оның көзқарасы бойынша агрессия – бұладам бойындағы автоматталынған құмарлық емес, фрустрация әсері қажеттілігін қанағаттандыру үшін кездескен кедергілерді жеңу, ләззат алу мен эмоциялық тепе-теңдік. Бұл теорияның нақты түсінігі агрессия бұл фрустрация көрінісі, ал фрустрация әр уақытта агрессияны өзіне ілестіреді. Агрессия – фрустрация бұл төрт негізгі түсініктің шоғырлануы: агрессия, фрустрация, тежелу, орнын баса тұруы.

Агрессия – бұлөзінің іс-әрекеті арқылы өзгеге қиянат келтіру ниеті.

Фрустрация – көзделген реакцияны орындалуында кедергілердің туындауы. Фрустрация деңгейі кедергінің маңызы мен бағышталған әрекетінің саны және осы көріністің мотивациялық күшіне байланысты. Мақсатқа жету және мақсатты бағытталған әрекеттің санынан кейін фрустрация басталады.

Тежелу – бұлтенденция күтіп отырған жағымсыз зардапты шектейтін болмаса алдын орайтын әрекет.

Агрессиядағы қондырылған тежелу акті кез келген болатын шабуылдың күшімен тікелей тепе-теңдігінде. Агрессиядағы тежелу акті қосымша фрустрация болып табылады, осы тежелудің қателесуінің қабылдануы, агрессияның басқа формаларының оянуының артуы, агрессияны адамға қарсы қояды.

Орнын баса тұру – бұлбөгде біреуге қарсы бағытталған, агрессивті әрекетке қатысу құлшынысы, бұл фрустрацияның шығуы, оның негізгі түбіне қатысты емес.

Фрустрация теориясының негізін қалаушылардың бірі Л.Берковец. Ол «агрессия – фрустрация» схемасына үш маңызды түзету енгізді [7,230б.].

а) Фрустрация міндетті түрде агрессивті әрекеттен тарамайды, ол оған дайындық құрайды.

ә) Агрессия дайын тұрған күйде ыңғайлы жағдай тумаса ушықпайды.

б) Фрустрациялық жағдайдан индивид агрессия әрекеті арқылы шығатын болса, онда ол әрдайым осы іспеттес әрекеттері, дағдыға айналып отырады.

Ал С.Розенцвейг – фрустрацияны шақыратын үш себебін бөліп көрсетті:

1. Мақсатқа жетуге қажетті нәрселер болмауы болмаса қажетін қанағаттандырудан айрылу «ішкі айрылу» және «сыртқы айрылу» болып бөлінеді. «Сыртқы айрылу» - фрустраторадамның өзіне байланысты емес; «ішкі айрылу» - фрустратор адамның өзіне байланысты.

2. Затты болмаса қандайда бір объектіні жоғалту, ертеректегі қанағаттың қажеттілігі.

3.Дау-дамай бір уақыттағы бір-біріне үйлеспейтін жағдай, тұрақсыз күй немесе қатынас [8, 40б.].

Агрессия фрустрациялы жағдайдан шығудың бір жолы болып қарастырылады.

К.Роджерстің қарастыруы бойынша агрессия мен зорлық индивидтің бостандығын таңдау мүмкіндігін, шектеуге мәжбүр еткенге, қарсы әрекеті. Агрессия және зорлық психологиялық қорғаныстың бір түрі [9,84б.].

Агрессия бұл организмнің тәжірибеге жауабы, яғни қауіп төнетін жағдайда индивидтің өз жайында ойлауына сәйкес келмеуі. Адам өз құндылықтарын, өзін-өзі қабылдауды қажет етеді. Ол жақсы өмір мен бақытқа ұмтылады. Өзі жайында өзгенің ойына көбірек көңіл бөлуі, ішкі тебіреністермен қауіп күшейіп, олардың оны бағалауы мазалайды. Адам олардың талап етуі мен үмітін ақтауға ұмтылады, сондықтанда ол еркіндікте емес, әрекетті таңдауы шектелген. К.Роджерстің айтқанындай «агрессия – бұлшектелген еркіндікке мәжбүр еткен әрекеттің жауабы». Психология ғылымындағы агрессиялық әрекетті түрлі әдебиеттік қайнар көздер бойынша теориялық зерттеу негізінде төмендегідей қорытынды жасауға болады. Бүгінгі таңдағы ауқымды және өзекті мәселенің бірі – ерте жаста бала бойындағы мінез көрінісінде агрессияның қалыптаса бастауы. Балаға әртүлі жағдайларда ушыққан агрессия көрінісін ыңғайлы түрде дұрыс сыртқа шығару жолдарын үйрету қажеттігі ересектер үшін күрделі мәселе. Сондықтан мақалада көрсетілген адам бойындағы агрессияның шығу түрлері жайлы зерттеушілердің тұжырымдары қарастырылды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Фрейд А. Психология «Я» и защитные механизмы. - М., 2011.-с.45.
2. Фромм Э. Анатомиячеловеческойдеструктивности. 2014. М., Наука -с.175
- 3.Адлер А. Эмоциональные нарушения в детском возрасте и их коррекция/ Практика и теория индивидуальной психологии. - М., 2016. -с.36
4. Юнг К. Личность и ее формирование в детском возрасте. М.: 2013, -с.38.
5. Хорни К. Психология обучения и воспитания школьников. - М., 2012. с.–37.
- 6.Дж.Доллард. Общее учение об установке // Хрестоматие по психологии. М.: Просвещение, 2017-с.115.

7. Берковиц Л. Смысль «Агрессия: причины, последствия и контроль. СПб.: Питер, 2015.». 2001 г. - с.230.

8. Розенцвейг С. Сознание и его границы. М. - Л., 2018. - с.40.

9. Роджерс К. Взгляд на психотерапию. Становление человека. - М., 2016. - с.84.

ӘОЖ 373.012

АГРЕССИВТІ БАЛАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТҮЗЕТУ-ДАМУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

СЕЙДУАЛИЕВА А.Б.

Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі,
педагог-ұйымдастырушы-куратор, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье подробно рассмотрены методы и приемы психолого-коррекционно-развивающей работы с агрессивными детьми.

Summary. The article describes in detail the methods and techniques of psychological-correctional-developmental work with aggressive children.

Бүгінгі таңдағы қоғамдағы ірі өзгерістер мен күрделене түскен экономикалық жағдайлар жас ұрпақ психологиясына айрықша әсер етіп қана қоймай, күн сайын күшейе түскен бұл қолайсыз факторлар мектептегі оқу тәрбие үрдістерін жақсартудың баламалы жолдарын іздестіруді талап етеді.

Ежелден мәлім қағида – адам бойындағы таза қасиеттердің пайда болып, қалыптасуында отбасылық ықпалдың алар орны ерекше. Отбасының рухани тірегі – ата-ана. Өкінішке орай, кейбір реттерде мектептегі тың жаңалықтар мен бағдарламаларды еркін меңгеріп, өмірдің барлық кедергілерінен сүрінбей өтуге бейімділігі бар оқушыларға рухани және материалдық қолдау көрсетуге ой - өрісі, шамалары жетпейтін ата-аналарда кездесіп қалады.

Егер ата-анасының рухани жан-дүниесі кедей, мәдениеті төмен болса, ондай адамдардан ақыл-сезімі нашар, жігерсіз нәресте келетіні шындық. Ежелгі Қытай трактаттарында үнділердің киелі жазбаларында бала құрсағында оны дүниеге әкелудің нақты әрекеттерінен көп бұрын-ақ бишэнергетикалық жағынан қалыптасатыны айтылған. Бала ата-анасының психобиоэнергетикалық жағдайынан және олардың сүйіспеншілік сезімінен, жан-дүниесінің толқыныстарынан пайда болады. Осынау көзсіз де мөлдір қарым-қатынастар арқылы ерлі-зайыптылар ғарыштан балаға тіршіліктенін егетін қуат, қазақша айтсақ, баланың жанын таратып көрінеді. Егер ерлі-зайыптылардың ортасында махаббат болмаса және рухани жағынан мүгедек болса, әлгі ғашықтық қуатты толық тартуға шамалары келмей, олардан туған сәбилер өмірдегі жағымсыз құбылыстардың алдында әлсіз болып жаратылады. Айналадағы зиянды әрекеттерді бойына тез сіңіріп алатын, тиянақсыз, жақсы нәрселерге жуымайтын содырлар осындайлардың арасынан шығады. Сондықтан қоғам алдында рухани кемелденген адам қалыптасуындағы ата-ананың жауапкершілігі аса зор.

Мектепке балалар көбінесе отбасынан мінез-құлқы қалыптасып келеді де, бұдан кейінгі оқу тәрбие ісі оларға ата-анасы берген қабілеттерін шыңдау үшін бағытталады. Міне, осы орайда, балалардың бойындағы жағымды қасиеттерді оятып, жағымсыз мінез, әдеттерді жою талабы педагогикалық іс-әрекеттердің тиімділігіне байланысты болмақ.

Мұғалімдік, тәрбиешілік іс-тәжірибеде ата-аналардан үнемі: «балам төбелесе береді, бір орында тыныш отыра алмайды немесе жауап беруге қорқады, не істеу керек?» деген сұрақтар жиі қойылады. Ал мұғалімдер қауымынан: Қазіргі балалар өзгеше «қиын» болып кеткен деген лебіздер естіміз. Бұл сұрауларға мектеп мұғалімі, дәрігер, ата-ана, әлеуметтік педагог, психолог бірлескен іс-әрекет негізінде ғана көмек бере аламыз. Балалар бақшасы балаларына білім беру үрдісінде әсіресе «ерекше» балалар мінез құлқыөзіне көңіл аудартады. «Ерекше» балаларға үйде кездесетін: агрессивті балалар, өте белсенді балалар, мазасыз балалар тобы жатады.

Болашақ қоғамның негізін – бала бақша балалары құрады десек, соларға жан-жақты дұрыстәрбие беріп, білікті азамат етіп өсіру бәрінен де бұрын мұғалімдердің еншісінде. Мұндай абыройлы мақсатты атқару үшін, әрине мұғалімдердің өздері сауатты, білмді, ұлттықтәлім-тәрбие

мен мінез-құлық мәселелеріне барынша қанық болуы керек. Бірақ олардың өздері осындай білімді қайдан алады деген сұрақ бой көтерері анық.

Міне, соған байланысты болашақ ұстаз мамандарға балалармен тиімді қарым-қатынаста болу, әсіресе агрессивті балалармен жұмыс жүргізу бағдарламасын ұсынып, әдістемесін үйретуді жүзеге асыру қолға алынды.

Адамның түскен ортасының ерекшелігі агрессивті әрекеттің жоғары немесе төмен болуына әсерін тигізеді. Мысалы: ауасы тар, темекінің иісі бар бөлмедегі агрессивті әрекет, ауасы таза бөлмедегілерге қарағанда күштірек болады. Адамның жеке басының тәртібіне байланысты болады. Айталық «дұрыс» адамдардың арасында басқаларға қарағанда ашуланшак, өзін-өзі ұстай алмайтындар агрессивті көрінеді.

Психолог – ғалымдар агрессияны бірнеше түрге бөледі. Э.Фром екі түрі бар дейді: «зиянды», «зиянсыз».

Зиянсыз агрессия: қауіп төнген кезде ғана пайда болып (қорғану мақсатында) артынан басылады.

Зиянды агрессия: қатыгездік пен қауіпке толы болады.

Ал, З.Фрейд [1, 103б.] пен К.Лоренц [2, 110б.] адам баласы агрессияны бағындыра алмайды, сондықтан оны керек бағытқа бұру керек деген.

Агрессия ми бөліктерінің әр түрлі ауруға шалдығуы немесе әлеуметтік жағдайларға байланысты пайда болуы мүмкін.

Бүгінгі кино, бейнефильмдердегі қатыгездік, күш көрсету көріністері көрермендердің агрессивті деңгейін арттыруға себеп болатындығын қазір ғылыми ізденістер дәлелдейді.

Егер қандай да бір агрессивті қылық көрсеткені үшін ата-ана баланы қатаң жазаласа, ол өз ыза-ашуын, ата-ана алдында көрсетпей ішіне сақтауға үйренеді, бірақ бұл оның басқа жағдайларда агрессивті қылық көрсетпейтініне кепіл бола алмайды.

Балалар көп жағдайда барлық назарды өзіне аудару үшін де агрессивті қылық көрсетеді.

Ата-ананың көнгіштігі, шешім қабылдаудағы сенімсіздігі, мінез жұмсақтығы баланың бойында «айтқанымды істетемін» деген агрессивті әрекет туғызады.

Сондықтан агрессивті балалардың мінез-құлқын тәртіпке келтіруде мына бағыттарда жұмыс істеу қажет:

1. Ашу-ызаны қолдануға болатын жағдайларға үйрету;
2. Балаларды әр түрлі жағдайларда өзін-өзі ұстай алуға, өзін-өзі басқару әдістеріне үйрету;
3. Шиеленіскен жағдайларда сөйлесу дағдыларын қалыптастыру;
4. Адамдарға сену, жаны ашу сияқты қасиеттерді қалыптастыру.

Дарынды психолог әрі педагог Жүсіпбек Аймауытовтың «Дәрігер адамның денесін сауықтыратын болса, мұғалім адамның ақлын, жанын сауықтырады» деген қанатты қағидасын әрқашан жадымызда ұстауды ұмытпағанымыз абзал [3, 77б.].

Зерттеу бағдарламасы

Зерттеу мақсаты: мектеп жасына дейінгі 5-6 жасар балалардың агрессиясын жеңілдетуге бағытталған психологиялық түзету-дамыту жолдарын өңдеу.

Зерттеу міндеттері:

1. Түзету-дамыту жұмыстарын жүйелеп бағдарлама құру.
2. Бағдарламадағы әдістерді қолдану арқылы сыналатын топқа тиімділігін бағалап тексеру, зерттеу.
3. Зерттеу барысынан алынған нәтижелерді талқылау.
4. Зерттеуге алынған экспериментті топтағы балалардың агрессивтілік әрікетіне түзету-дамыту жұмысының тиімділігін қортындылау.

Зерттеу объектісі: мектеп жасына дейінгі – 20 бала алынды, Тараз қаласындағы жұмысы «kids hub» бала-бақшасы. Ересек және мектепке даярлық топтарындағы балаларды зерттеу нәтижесінде агрессивтілік әрекет деңгейі жоғары балалар реттеліп алынды. Бұлар әр түрлі әлеуметтік жағдайдағы ұлдар және қыздар.

Зерттеу пәні ретінде 5-6 жастағы балаларды агрессивті әрекеттің пайда болу процесі алынды.

Агрессивті мінез-құлықтың қалыптасуына әсер ететін факторлар.

Көптеген балалардың проблемді жағдайға тап келуінің басты себебі коммуникация мен қарым-қатынастағы базалық әлеуметтік ептіліктердің жеткіліксіздігімен байланысты. Өзінің әлеуметтік үйрену теориясында Қ.Жарықбаева агрессивті мінез-құлықты талдаудың үш кезеңін бөліп көрсетті [4, 154 б.]:

1. Әрекеттерді меңгеру тәсілдері;

2. Олардың көрінуіне себеп болатын факторлар;

3. Солар бекітілетін жағдайлар.

Әлеуметтік үйренудің когнитивті-бихевиористік концепциясы тұрғысында социализация процесі индивид өмір сүретін қоғам мен сонда қабылданған әдеттегі жауап реакцияларының дамуымен байланысты Когнитивті-бихевиористік концепсия шеңберінде балалардағы агрессияны әлеуметтік үйренудің нәтижесі деп қарастыруға болады. Агрессиялы әрекет-қылықты бекіту мен дамыту негізін ата-аналар баланы алғашқы жылдарда қалай тәрбиелегеніне байланысты. Агрессивті мінез-құлықтың қалыптасуына әсер ететін шартсыз факторлардың бірі-жанұядағы қатынас. Ата-аналарының агрессивтілігінен, агрессивтілік және қылмыстық тенденциясын туындататын күрделі конфликтілер себебінен бала агрессивті болады. Ата-ана тарапынан агрессивті мінез-құлықтың шектен тыс болуы балаға зиян келтіреді. Бала міндетті түрде өзінің ашу-ызасын ішінде жинауға мәжбүр болған жағдайда онда аутоагрессия күшейе түседі. Қатал жазалау жаңа фрустрацияға әкеледі. Жасырын агрессивтілік болған жағдайда балада мазасыздану, жайсыздық жоғарылай бастайды. Агрессивті әрекет ата-анасының ашуын көтере алмаған жағдайда және кедергіге жауап бере алмаған кезде, балада мазасыздану жоғарылай бастайды. Осыған байланысты агрессияның дамуының маңызды шарты тек әлеуметтік үйрену ғана емес, ата-ана махаббатының болмауы немесе олар тарапынан үнемі жазалаудың болуына байланысты туындайтын фрустрация да жатады.

Балалардың агрессивті реакцияларының өзіндік бағалауы мен кореляциялану мәселесі: өзіндік бағалау жоғары болған сайын жалпы агрессия көрсеткіштері де соғұрлым жоғарылай береді. Өзіндік бағалау жоғарылаған сайын физиологиялық агрессияға бейімділіктің көрінуі жоғарылайды. Парциалды өзіндік бағалау, яғни лидерлікке қабілетті, өзіндік бағалау, өзін жоғары бағалауға бейімділік негативизм сияқты агрессия формасымен кореляцияланады. Адамда агрессивтілік мінезбен байланысты әр түрлі екі мотивациялық бағыт бар, яғни агрессияға және оны тоқтатуға қарсы бағыттар. Агрессиялы бағытта индивид қоршағандардың - әрекетін өзіне қауіпті деп бағалап, ол өз агрессиясын қолданады. Ал агрессияны басу бағыты – индивид өз әрекетінде агрессия қажет емес, ұят болады деп бағалауға бейім болу ниетінен тұрады.

Балалардың агрессивтілік мінезінің мотивтеріне кино мен теледидардың әсерін жатқызуға болады. Осыған байланысты агрессиялы әрекеттің төрт түрлі мәселелері қозғалады: меңгеру эффектісі, яғни коммуникация арқылы қалыптасқан агрессияны не күшейтеді? Эмоциялық салдардан туындаған мәселе; жағдай немесе шарттар мәселесі. Эксперименттік зерттеулер көрсеткендей балалар ақпараттық құралдар арқылы агрессивтілік мінездің жаңа түрлерін меңгереді: «қабілеттендіруші», «қоздырушы» моделдері. Сонымен баланың жасына тән заңдылық агрессия деңгейінің өсуімен байланысты болады. Егер бала өзінің агрессивті әрекеттерін қадағалауды үйренбесе, өсе келе агрессиялық басым болып өз жалғасын табады.

Зерттеу әдістемелерін таңдау. Біз жұмысымыздың басында, әдістемелерді өңдеу барысында бізге балалардың агрессиясының анықтауға көмектесетін зерттеу материалдарын жинадық. Мұнда мынандай әдістемелер қарастырылды: бірінші әдіс – бұл «Кездеспейтін жануар» тесті. Бұл тұлғаны зерттейтін жобаланған әдістемені 1985 жылы М.З.Друзкевич ұсынған. Бұл әдістеде таза ақ қағазға, жұмсақ қаламмен кездеспейтін жануарды ойлап тауып, суретін салып, оған кездеспейтін ат қойылды [5, 276.].

Екінші әдіс – ойын әдісін қолдану. Бұл үшін бір типтегі екі ойын іріктеп алынды, ойын түсінігін қорытындылай келгенде, он баладан тұратын топтағы әр бала бір-ақ уақыт аралығында ойыннан шет қалып отырды. Балаға орындық және кегли жетпей қалады, қандай да бір қимылдың соңынан белгі қимылдың соңынан белгі беріледі, орын дайындау болмаса кеглиді алу, олардың саны балаларға қарағанда біреуі кем. Ойын барысында әр балаға бақылау жүргізіліп, арнайы схемада балалардың агрессиялы реакциялары белгіленіп отырды.

Зерттеу барысы. Ойын барысында бала әрекетін бақылау әдісі.

Ойын барысында бала әрекетін бақылау үшін әрбір топта он баладан тұратын топта екі бірдей типтегі ойын қолданылды, оның мәні әрбір бала қандай да бір кезеңде ойыннан тыс қалдырылды.

Ойын барысында әрбір баланың агрессивтілік реакциясы арнайы схема бойынша бақыланып отырды, ол мынандай кезеңдерден тұрады:

1. Ойынға ену кезеңі;
2. Ойын кезеңі;
3. Ойыннан шығу кезеңі.

Баланың әрбір кезең бойынша әрекеті мынандай категориялар бойынша жазылып алынды: 1. Бет-әлпеті және жалпы әрекеті;

2. Сөйлеу;

3. Агрессивтіліктің көрінуі;

4. Жанама агрессия.

Бұл әдістеменің негізгі көрсеткіші баланың агрессивтілік реакциясының жиілігі, сондай ақ агрессивтілік әрекетті білдіретін эмоциялық көріністер болып табылады.

Бүкіл ересек және мектепке даярлық тобы балалардың (20 бала) жоғарыда аталған әдістеме бойынша зерттеп болғаннан кейін, біз орта және жоғары деңгейде агрессивтілі 20 бала іріктеп алдық. Жиналған топты 10 адамнан бірден тең екіге бөлдік, агрессия деңгейін тура және ары қарай салыстыра отырып, қайтара өлшеп қарастырдық. Бірінші топпен біз түзету-дамыту жұмыстарын жүргіздік, ал екінші топпен ешқандай сабақ жүргізілмеді. Түзету-дамыту жұмыстарын жүргізгеннен кейін, бастапқысы мен кейінгісін салыстыра отырып, біз диагностиканы қайта алдық. Екі топтың ішіндегі, жұмыс жүргізілген топтан агрессия деңгейінің төмендегені байқалды, ал екіншісі өзгеріссіз. Өзіміздің өндеген түзету-дамыту жұмыстарының жүйелі бағдарламасы эмоциялық күй-жағдайға бағытталған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Фрейд З. Введение в психоанализ. Лекции / З. Фрейд. - СПб.: Питер, 2012. - с.103.
2. Лоренц К. Конфликты детской души. М., 2012. - с.110.
3. Аймауытов Ж. Шығармалары. - Алматы: Жазушы, 2019. 77-б.
4. Жарықбаев Қ. Қазақ психологиясының тарихы. - Алматы, 2016ж. - 154б.
5. Друзкевич М.З. Влияние когнитивных процессов на проявление агрессивности в детском возрасте // Вопросы психологии. 2019. № 1. с.27.

ӨОЖ. 334.302

БАЛА ТӘРБИЕСİNДЕГІ РУХАНИ-АДАМГЕРШЛІК ТҮРҒЫСЫНАН ДАМЫТУҒА ҚАЖЕТТІ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

СТАМКУЛОВА Қ.Ш.

№54 мектеп-лицейінің өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі, педагогика-психология ғылымдарының магистрі, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.

АДАМБЕКОВА Қ.Ш.

«Асыл мұра» мектебінің психологі, биология пәнінің мұғалімі, зерттеуші, Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы.

Резюме. В статье рассматривается значение духовно-нравственного воспитания в формировании социальных ценностей.

Summary. The article examines the importance of spiritual and moral education in the formation of social values.

Тәрбиедегі басты мәселе балалардың тұлға аралық қатынасын дамыту, өз құрбы-құрдастарымен отбасы мүшелерімен қарым қатынас жасай білуі, ол үшін өзге адамдарды түсінуі, қабылдауы, әр адамның құндылығын және дара ерекшелігін жасына, ұлтына қарамастан саналы түсіне білуі және өзіне сырт көзбен қарап, өзінің көңіл күйін, атқарған іс- әрекетінің себебін түсініп, істеген ісінің нәтижесіне өзіндік баға беру тиіс.

Оқушылардың танымдық түрткілерін дамуында өздерінің артықшылығы мен кемшілігін көре білуге және өзінің жеке басының құндылығын, даралық сипатын саналы сезінуге тәрбиелеу көзделеді. Мектебімізде оқушылардың интеллектуалдық, шығармашылық қабілеттерін дамыту барысында сынып жетекшілері төмендегідей жұмыс түрлерін жүргізеді.

Оқушы болашағы оның денсаулығына байланысты. Оқу, білім алу, үйрену немесе біреуді үйрету үшін адамға мықты денсаулық, ауру сырқаттан аман тән керек. Дені сау адам – қоғамның маңызды құндылығы. Жеке тұлғаның денсаулығын сақтауға деген құндылық бағдары әрдайым әр түрлі жағдайларда өзінің ойлары мен іс- әрекеттерін денсаулығын сақтауға бағыттай алуы. Оқушылардың дені сау болу үшін ұстаздар қауымы жақсы дәстүрлер мен әдеттерді қалыптастыра отырып, салауатты өмір салтын сақтаудың қажеттілігі және оны іске асырудың жолдарын үйретуі әрі үйренуі қажет.

Деннің сау болуы – ол өмірді шексіз сүю, қуаныш сізіміне бөлену, өмірден ләззат алу, әрбір таңды, күнді асыға, ризашылдық көңіл күймен тосу және кешкілік қам-көңілсіз, кіршіксіз тәтті

ұйқыға кету, ең қажеттісі, өзінді өзің сүю, құрметтеуден басталады. Кімде-кім өзінің өмірін темекі түтінімен, ішімдік уытымен уласа, ертеңгі күнге сенімсіздікпен қарайды. Ол үшін тіршілік, өзін қоршаған орта көңілсіз, беймәлім, күнгірт болып келеді. Осы қағиданы әрбір оқушының жадына, зердесіне сіңіре отырып, денсаулық сақтау құндылықтарын саналы ұғына білуге тәрбиелейміз. Өмірдегі мәдени қалыптарға құндылық қатынас орнату оқушының өзін-өзі күту мәдениетін, экологиялық мәдениетін, еңбек ету мәдениетін, рухани және адамгершілік мәдениетін, экономикалық, құқықтық мәдениетін тәрбиелеу арқылы іске асады. Адамның материалдық және рухани қажеттіліктерінің маңызы түсіндіріледі.

Адам өміріндегі әлеуметтік қатынасқа құндылық қалыптастыру – бала тәрбиесі үшін аса маңызды. Отанын, елін сүюге, қазақ отбасындағы дәстүрлер арқылы оқушылардың рухани-адамгершілік қасиеттерін дамыту, оларды рақымдылыққа, мейрімділікке тәрбиелеу – қазіргі заман талабы. Өз ортасын, жолдастарын, ата-анасын, ұстаздарын сыйлау, қоғамдық қатынастар мәдениетін игеру, қоғамдық қызмет түрлерін түсіну, өз құқығын білу және оны қорғау, материалдық игіліктерге адамның ақыл-ойы, іс-әрекеті, жүрек жылуы сіңірілген еңбек нәтижесі деп, аяулы, адами көзбен қарап, оны ұқыптылықпен пайдалануға дағдыландыру осы құндылық арқылы жүзеге асады.

Барлық халық ізгілікке, жақсылыққа, елін, туған жерді, тілді сүюге тарихын білуге, мәдениетін тануға, дәстүрін құрметтеуге, қысқасы, барлық адамзаттық тәрбиеге тірек болатын ең құнды адамгершілік қасиеттерді ұрпақ бойына сіңіруді көздейді.

Рухани-адамгершілік тәрбиесіндегі басты нысана – баланы құрметтеу, оның рух иесі, бойында жаратқанның ұлы қуаты бар – кіші ғарыштық әлем, ғарыштық тіршілік иесі екенін және дүние, әлеммен біртұтастығын саналы түсініп, оған бой ұсыну.

Елбасымыз «Қазақстан Республикасының болашағы қоғамның идеялық бірлігінде» деген еңбегінде «Біз құрып жатқан қоғамның ең жоғарғы құндылығы – адам, бүкіл өзгерістердің бәрі сол үшін, соның игілігі үшін жасалып жатыр» деп атап көрсетілген. Ендеше оқушының өз өмір жолын тандай білу қабілетін дамытуда, ер бала мен қыз баланың өмірлік ұстанымын, табиғи міндеттерін түсіндіруде, өз өміріне ойлы көзбен қарап, адам өмірі ең жоғары құндылық екенін санаға сіңіруде құндылық тәрбиенің маңызы зор.

«Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады, олар: адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек» - дейді Шәкәрім. Ендеше осы рухани-адамгершілік құндылықтарды бойына сіңірген адам қандай да келеңсіз іс-әрекеттерден аулақ жүреді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білімі бойынша хрестоматия. – Алматы: Бөбек, 2009. – 231б.
2. Мастюкова Е.М., Московкина А.Г. Семейное воспитание детей с отклонениями в развитии: Под ред. В.И. Селиверстова. –М., 2005. –с.322
3. Психолого-педагогическое консультирование и сопровождение развития ребенка. –М., 2004. –с. 222

ӘОЖ 372.881.111.

ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

ИСАБЕКОВА Г.Б.

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Phd доктор
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.,

РҮСТЕМБЕК А.М.

Шетел тілдері педагогтерін даярлау I курс магистранты,
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В данной статье рассмотрены формирование языковой, речевой и коммуникативной компетентности в обучении иностранного языка.

Summary. In this article are considered formation of language, speech and communicative competence of training of a foreign language.

Адам іс-әрекетінің әртүрлі салаларында, сонымен қатар, білім саласында инновациялық оқыту технологиялары бүгінгі күні үлкен өзектілікке ие болып отыр. Білімді дамыту үшін білім берудің үйреншікті әдісінен оқыту процесінде оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттыратын білім берудің жаңа белсенді әдісіне көшу керек. Бұл тапсырманы оқыту процесінде тек жаңа технологияларды қолдану арқылы жүзеге асыруға болады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында (3-бап) [1] белгілегендей, білім беру жүйесін ақпараттандыру, мемлекеттік білім саясатының негізгі қағидаларын жүзеге асырудың маңызды бір механизмі болып табылады.

Инновациялық технологияларды оқу үдерісінде пайдалану нәтижелі білім алуға бейімдейтін, білім беруде жаңа технологияларды орынды енгізумен тұжырымдалады. Олардың қатарында – бейнеконференциялар, телефорумдар, портфолио сияқты инновациялық технологиялар, оқыту мен тәрбиелеудегі, өмірлік дағдыларды қалыптастыру жөніндегі тренингтер, соның ішінде әлеуметтік тәлімдегі және т.б. жеке-дара жетістіктер болып есептеледі [2]. Әдістемелік инновациялардың көпшілігі интерактивтік оқыту әдістерімен байланыстырылған. «Интерактив» сөзі ағылшынның «interact» сөзінен шыққан, мұндағы «inter» – бірлесіп, өзара, «act» – әрекет ету деген мағынаны береді, ол деген интеракция – жеке индивидтердің, топтың, жұптың өзара біріккен әрекетте бір-біріне алма кезек әсер етуі. Яғни интерактивті оқыту дегеніміз – сұхбат арқылы оқыту [3].

Интерактивті оқыту 1990 жылдары интернет желісінің дамуымен байланысты пайда болды. Осыған орай, көптеген ғалымдардың пікірінше, интерактивтік оқыту компьютер және интернет желісін пайдалану арқылы оқыту дегенге саяды [4].

Педагогика саласында инновациялық оқытудың үлгісі бірнеше түрге бөлінеді:

- пассивті – студент оқытудың объектісі ретінде көрінеді (тыңдайды, қарайды);
- активті – студент оқытудың субъектісі ретінде көрінеді (өзіндік жұмыстарды, шығармашылық тапсырмаларды орындайды);
- интерактивті – өзара әрекетте болады (мұғалім-студенттоп).

Педагогикада интерактивтілік – терминінің жиі қолданылатынына қарамастан ол теория мен практиканың жеке пәні ретінде қарастырылған емес. Әдіскер ғалымдар бұл ұғымды жан-жақты саралай келе оны жүйе ретінде төмендегідей сипаттайды:

- екі не одан да көп қатысушының біріккен әрекеттерін талдаудың бірлігі болып табылатын дидактикалық жүйе;
- ұжымдық іс-әрекет;
- әрекет нәтижесіне рөлдік жауапкершілік;
- басқа тұлғамен субъектілік байланыс;
- тұлға әрекетінің басқа мүшелердің қасиеттеріне тәуелді болуы және ықпалы;
- әрекеттің тәрбиелік сипатының субъектінің іс-әрекетінде бейнеленуі;
- субъектілердің өзара қарым-қатынасы [5].

Педагог ғалымдардың А.Қ.Рысбаева, Н.А.Кулмышева т.б. пікірінше, интерактивтілік бұл дидактикалық құралдардың (орта, мазмұн, оқу құралдары, іс-әрекет) әрбір субъектінің өз нәтижесі үшін рөлдік жауапкершілікте болуын қамтамасыз ететін және қарым-қатынас кезінде субъектілер арасында «полидиалог», өзара әрекет, өзара түзетулер, қатынастар орнатуда көздейтін іс-әрекетті ұйымдастыра білу қабілеті. Сонымен бірге интерактивтік оқытудың тәрбиелік міндеттерді шешуде рөлі ерекше мәнді. Педагогикалық үдеріске қатысушылар біріккен әрекетте бір-бірімен ынтымақтастықта жұмыс істейді, ұжымдық жауапкершілікті сезінеді, мәдениет пен әдептілікті сақтауға ұмтылады [6].

Белгілі ғалым О.Г.Смоглянинов интерактивтіліктің үш түрін қарастырған:

1. Реактивті интерактивтілік: студенттер бағдарлама ұсынған сұрақтарға жауап береді. Тапсырмалар реті белгілі бір ережеге сүйеніп, өте қатаң түрде анықталады. Студент өзін қызықтыратын тақырыптарды таңдай отырып, бағдарламаларды еркін түрде алдыңғы бағдарламалармен демонстрация көрсетуде немесе оқып-үйренетін материалдармен алғаш танысқан кезде пайдалы болуы мүмкін.

2. Іс-әрекетті интерактивтілік: студенттер бағдарламаның жұмыс істеуін өздері басқарады. Олар тапсырмаларды ұсынылған ретпен орындауды не бағдарлама көлемінде өз бетінше іс-әрекет етуді өздері шешеді. Мұндай типті бағдарламалар гипермәтіндік белгілеуді қолданады және электрондық анықтамалардың, энциклопедиялардың деректер қорының және т.б. құрылымдарына ие болады. Оқытудың сызықтық емес моделі қолданушыларға жеке білім беру траекториясы бойынша

өздігінен білім аруды жүзеге асыруға көмектеседі. Бұл жағдайда мұғалім оқып үйренушіге қажет білімді бермейді, ол тек білім беру стратегияларын қолдауды және ақпаратты іздеуде көрсетілетін көмекті және студенттердің өз іс-әрекеттерін саналы түрде түсінуін қамтамасыз етеді. Сызықтық емес модель қашықтықтан оқытуда тиімді болады.

3. Өзара интерактивтілік: студент пен бағдарлама бір-біріне бейімделуге қабілетті. Оқып үйренушіге кездесетін әртүрлі кедергілерді жеңе отырып зерттеу жүргізуге жеке есептерді шешуге мүмкіндік береді. Мұндай түрдегі бағдарламалар жаттықтыратын және практикумдық оқыту бағдарламалары және т.б. мысал бола алады [7]. Қазіргі кезде ағылшын тілімен компьютер, телекоммуникациялық құралдарды меңгеруді уақыттың өзі талап етеді, тіпті кейінгі жылдары олардың рөлі зорая түсуде. Студенттердің ағылшын тілі пәніне деген қызығушылығын арттыруда көп ізденіп, жаңа ақпараттық технологияларды меңгеруді, әртүрлі әдіс-тәсілдерді білуді қажет деп санаймыз. Жаңа ақпараттық құралдарды ағылшын тілі сабағында қолдануда, оның ішінде интерактивтік оқыту төмендегідей мүмкіндіктер туғызады:

- үлгерімі төмен студенттерге көмектеседі;
- студенттердің сабаққа деген қызығушылықтары артады;
- сабақта пайдаланылатын көрнекіліктердің санын арттырады;
- студенттердің жеке жұмыс істеуге үйретеді;
- грамматикалық құрылымдарды оңай түсінуге көмектеседі;
- студенттердің есте сақтау, есту, көру, сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамытады;
- пікірталас, талдау, анализ жасау мүмкіндіктерін арттырады [8].

Интерактивтік тәсіл коммуникацияға, танымдық іс-әрекетке жақсы стимул береді. Мұғалім студенттерге көп көңіл бөле алады, бірігіп әрекет етуге тән ерекшелікте мұғалімге әрбір оқушының әрекетінен хабардар болуға, әрбіріне көңіл бөлуге және қажет болған жағдайда көмек беруге мүмкіндік туғызады.

Заманауи педагогика ғылымы оқыту үрдісін білімділіктен құзыреттілік амалға бағыттайды. Олар бір-бірінен концептуалды түрде ерекшеленеді. Құзыреттілік амал келесі сипаттарға ие екені дәлелденген:

- мақсатқа бағытталғандығы;
- мазмұны мақсатқа жету құралы болып табылатын мұғалімнің жобалық қызметі;
- іс-әрекетте құзыреттілікті қалыптастыруы (біздің жағдайда қарым-қатынаста);
- өз бетімен оқуы және өзін-өзі бағалауға бағытталғандығы;
- үрдісті педагогикалық және ақпараттық технологиялар негізінде жүзеге асыруы;
- жағдаяттық оқытуға бағытталғандығы.

Қазақстанның білім беру жүйесінде шетел тілін оқытудағы басты мәселелерді ол бүкіләлемдік білім беру кеңістігіне сай бейімделіп білім алуға, кәсіби білім деңгейін жоғарлатуға, сапалық біліммен қамтамасыз етудің ғылымиәдістемелік жүйесін жаңарту болып отыр. Осы мәселе жөнінде профессор С.Ә.Әбдіғали: «Қазіргі таңдағы Қазақстанда шетел тілін оқытудың негізгі міндеті – тілді шынайы және толыққанды қарым-қатынас ретінде үйрену. Әрбір шетел тілінің сабағы мәдениеттер тоғысуы, мәдениетаралық қарым-қатынас тәжірибесі, себебі әрбір шетел сөзі шетел өмірін және мәдениетін көрсетеді, әрбір сөз ол ұлттың өмірі жөніндегі түсінігін білдіреді» – деп түйіндейді [9].

«Мәдениетаралық қатысым құзыреттілік» ұғымына сипаттама берсек, ол әртүрлі ұлттар мен мәдениет өкілдерінің меңгерген тілдік білімдерінің, өмірлік немесе ғылыми тәжірибелерінің арқасында еркін қарым-қатынас жасай алу іскерлігі мен тұлғаның өзара түсінісе алушылық қасиетін қамтиды деп көрсеткен [10].

Мәдениетаралық құзыреттіліктің қалыптасуы деп – әртүрлі ұлттар мен мәдениет өкілдерінің игерген тілдік білімдерінің, шет тілдік қарым-қатынаста жинаған тәжірибелердің көмегімен еркін қарым-қатынас жасай алу іскерлігі мен тұлғаның өзара түсінісе алушылық қасиеті. Мәдениетаралық қатысымдық құзыреттіліктің қалыптасуы қазіргі ақпараттық қоғам заманының дамуымен тығыз байланысты. Шетел тілін үйрететін орта білім беру жүйесінде өзге мәдениеттерді меңгертуі көпшілік оқу орындарында кеңінен таныстырылмағандықтан елеусіз қалып кетіп отырғаны да жасырын емес. Яғни, шетел тілін студенттерге үйретуде сол тілді жан-жақты таным түсінігінен өткізуге амал-тәсілдер қолданып, өмір сүру барысында адам бойында болу қажет құзыреттіліктердің бірі – «мәдениетаралық қатысым құзыреттілікті «сіңірте отырып қалыптастыруы қажет.

Біз болашақ тіл мамандарының тек тілдің тұлға ретінде ғана емес мәдениетаралық қарымқатынас құзырлығының қалыптасуын оқу үдерісінде қалай жүзеге асатынын қарастырамыз. Оқу материалдарын меңгеруде студент өз үлесін білімдерімен, идеяларымен қосады және алмасады.

Ол үшін сабақта жеке, жұптық, топтық зерттеу жобалары, рөлдік ойындар, шығармашылық жұмыстар, пікірсайыстар ұйымдастырылады. Мұндай жұмыстар кез келген тіл үйренуші студенттер үшін қызықты. Өйткені шетел тілін үйренушінің шеңбері өте кең мазмұнына тек кәсіптік бағдар ғана емес, жалпы адамзаттық құндылықтар, мәдениетанымдық мазмұндар орын алған. Сонымен, болашақ шетел тілі маманының тұлға ретінде мәдениетаралық қатысым құзыреттілігін қалыптастыруда төмендегідей өлшемдерді ескереміз:

- мәдениетаралық қатысым құзыреттілігі қалыптасқан субъект-ауызша және жазбаша сөйлеуді еркін меңгерген;

- шетел тілінің терминдері мен қарым-қатынас стилін меңгерген;
- жалпы адамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген;
- мәдениетанымдық құндылықтарды меңгерген;
- өз білімін, ақпарат көздерін кәсіби жағдайда шешуге қабілетті, белсенді;
- лингвистикалық құзыреттілікті меңгерген;
- инновациялық, интерактивтік білімнің мазмұнын меңгерген маман.

Мәдениетаралық қатысым құзыреттілігін кең мағынада С.С.Құнанбаева, Н.Д.Гальскова, П.В.Сысоев, С.Г.Агапов сынды отандық білікті ғалымдардың ғылымизерттеу еңбектері және нәтижелері мен тұжырымдары зерттеу бағыттарын айқындауға мүмкіндік береді.

Мәдениетаралық қатысымдық құзыреттілік зерттеушілердің ғылыми жұмыстарында субқұзыреттілігі болып табылады. Dell Hymes (Дейл Хаймс) 1960 жылы коммуникативтік құзыреттілік концептісін (the concept of communicative competence) енгізді. Оның пікірінше, коммуникативтік құзыреттілік құрамына: лингвистикалық, социолингвистикалық, социомәдени, дискурстық, әлеуметтік, стратегиялық құзыреттіліктер құрайды [11]. Ал отандық ғалымдардың бірі С.С. Құнанбаева шетел тілін меңгеруде тұлғаның бойында мәдениетаралық қатысым деңгейін қалыптастыруда мәдениетаралық қатысымдық, яғни субқұзыреттіліктің құраушы компоненттерін былай бөліп көрсетеді: қатысымдық; әлеуметтік; жеке тұлғаға бағдарланған; стратегиялық; лингвомәдени; концептуалдық; когнитивтік [12].

Сонымен, білім беру үдерісінде мәдениетаралық қатысым құзыреттілігін қалыптастыруда инновациялық технологияларды қолдану теориясы мен практикасын талдай келе біз мынадай тұжырымдамаға келдік: бүкіл әлемдегідей біздің елімізде де, жалпы білім беру саясаты, стратегиясы мен оқыту үдерісінде жаһандану анықталады, бұның негізінде постмодернизм сапалы оқыту үдерісінде әдіснамалық негізін анықтайды. Осыған байланысты, оқытушылық қызметтің инновациялығы төмендегі бірізділікпен белгіленеді:

- нәтиженің нақты белгіленгендігінде емес, орайластырылған жағдаят мәнмәтінінде түсіндіріліп, процессуалдық жағында белгіленеді;

- нақты білімді дәл сол күйінде жеткізіп беру ғана емес, студенттің өзіндік шығармашылық және зерттеушілік потенциалын дамыту;

- нақты пәндік білімді жаттап алу ғана емес, ол пәнді меңгеру барысында алынған білімдерді пәндік ортадан тыс ауандарға бейімделе отырып, ой өрісінен өткізе отырып әрекет жасай алу;

- тек білім, білек, дағды жүйесінің іске асырылуы емес, сонымен қатар, компетенттілік амал, инновациялық, пәнаралық, қатысымдық және т.б. құзыреттіліктерінің қалыптастырылуын қадағалау;

- оқыту барысында тек репродуктивтік сипатқа ие әдістерді қолдану орнына, әдістердің құрылымдылығын қолданған жөн. Аталмыш әдістер тұлғаның еріктілігі мен әлеуетінің ашылуына септігін тигізеді, негізгі әдіс ретінде диалог қарастырыла отырып, алынған білім бойынша тұлғалық негізінде жеке білімді тәжірибеде қолдана алу біліктілігі көрсетіледі.

Студенттердің мәдениетаралық қатысым құзыреттілігін қалыптастыруда олардың сөздік қорындағы, біліміндегі, жас ерекшелігіндегі, кәсіби құзыреттілігіндегі және т.б. айырмашылық кәсіби тілдесімде бөгет болуы мүмкін екенін ескеруіміз керек, себебі білім, құзырет тағы басқа қосымша көрсеткіштер қатысушылардың кәсіби деңгейін көрсетеді. Студент өзі қарым-қатынасқа түсушілердің рөлін статусын білуі, соған орай өзінің сөзін үйлестіре білу, тілдесімнің мәдениетаралық ерекшелігін ескере отырып, қажетті тілдік құралдарды пайдалана білу қажет.

Мәдениетаралық қатысым құзыреттілігі өзге мәдениет өкілдерімен шынайы қарым-қатынас орнату мақсатында өзге мәдениет ерекшеліктерін және де өз мәдениетімізді құрметтей отыра тілдік терең түсіністік негізінде өзара ақпарат беру, ақпарат қабылдау. Сонымен қатар, өзара түсіністік қабілетін қалыптастыра отырып оны мақсатқа бағытталған түрде қолдана отыра нәтижелі өзара қарым-қатынас орната алу қабілеті болып табылады. Студенттердің мәдениетаралық қатысым құзыреттілігін қалыптастыру теориясын қазіргі уақытта инновациялық оқыту технологиялары

арқылы жүзеге асыруға болады. ЖОО-да мамандар дайындаудағы мәдениетаралық қатысым құзыреттілігін қалыптастыру процесіне концептуалдық әдістерді қолданумен тікелей байланысты.

Қорыта келгенде, қазіргі заманауи техникалық құралдар мен инновациялық мүмкіндіктерді ұштастырып оқыту мәдениетаралық қарым-қатынас біліктілігін меңгерудің ұтымды тәсілі болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі N 319 «Білім туралы» Заңында «Егемен Қазақстан», 2007.
- 2.Жазыбаева Ж.С. Оқыту үдерісінде жаңа технологияларды тиімді пайдалану. – №4. Білім, – Алматы. 2011.
- 3.Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми сөздігі. Информатика және компьютерлік технология. Мектеп, – Алматы. 2002.
- 4.Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғарғы оқу орындарында қолдану. – Алматы, 2013.
- 5.Сүлейменова О.Я., Төлебаев Т.П., Қайбалдиева Б.М. Шетел тілін оқыту үрдісінде жаңа технологияларды қолданудың маңызы. – Алматы: Вестник КазНМУ. 09.2012.
- 6.Рысбаева А.Қ., Кулмышева Н.А., Исмаилова А.Т., Түнгатова Н.Ә. – Білім алушылардың оқу-танымдық іс-әрекеті табысылығын интерактивті оқыту арқылы қалыптастыру: оқу әдістемелік нұсқау. – Алматы, 2010.
- 7.Смолянинова О.Г. Мультимедия в образовании, Информатика и образование. –Кросноярск, 2011.
- 8.Жазыбаева Ж.С. Оқыту үрдісінде жаңа технологиларды тиімді пайдалану. – Алматы, 2011.
- 9.Әбдіғали С.Ә. Әдістеменің кейбір өзекті мәселелері: әдістеме. Абылай хан атындағы ҚХК және ӘТУ. – Алматы, 2005.
- 10.Абдуразахова П.П. Мәдениетаралық қатысым құзыреттілік. – Алматы, 2011.
- 11.Hymes On Communicative Competence. In J.B.Pride and J.Holmes(eds), Sociolinguistics, Harmondsworth: Penguin, 1972.
- 12.Құнанбаева С.С. Қазіргі шеттілдік білім берудің теориясы мен практикасы. –Алматы, 2010 – 344 б.

ӨОЖ: 37.016:811.

СТУДЕНТТЕРДІҢ СЫНИ ТҮРҒЫДА ОЙЛАУЫН КОМАНДАЛЫҚ ОҚЫТУ ФОРМАСЫ АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

ҚАЗАҚБАЕВА К.Р.

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің аға оқытушысы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматриваются возможности использования методик для формирования критического мышления студентов в условиях организации командной формы обучения. Формирование творческого и критического мышления и обучение этим видам студентов определяет уровень профессиональной компетентности будущих педагогов.

Summary. The article discusses the possibilities of using methods for forming critical thinking of students in the conditions of organizing a team form of training. The formation of creative and critical thinking and training of these types of students determines the level of professional competence of future teachers.

Қоғамда болып жатқан түрлі әлеуметтік экономикалық жаңашылдықтар заманауи кәсіби іс әрекет жағдайында ЖОО түлектерін бейімдеу мәселесін шешумен байланысты әлеуметтік кәсіби мәселелердің кең спектрін қозғай отырып, еңбек нарығын реформациялауды негіздеп отыр. Бұл реформалар студенттерді даярлауға жаңа талаптар туғыза отырып, жоғарғы кәсіби мектептің білім беру үрдісіне де ықпал етті. Бүгінгі таңда ЖОО түлектеріне қойылатын талаптар ретінде кәсіби тұрғыда ойлау, жоғарғы мобильділік, құзіреттілік пен толеранттылық, топ ішілік және командалық оқуға бейімділік іс әрекеті т.с.с болып келеді. Аталған талаптар ең алдымен студенттердің кәсіби құзіреттілігінің ажырамас бөлігі болып саналатын ЖОО студенттерінің сыни тұрғысынан ойлауын

қалыптастыру мен дамыту қажеттілігімен байланысты. Студенттердің сыни тұрғысынан ойлауының қалыптастырудың жоғарғы деңгейінде ғана студенттердің әрі қарай кәсіби іс-әрекетінің перспективалары ашылып, өндірістік міндеттерді шешуде стандартты емес ықпал ету жолдарын қолдана алуымен ерекшеленетін, өзара және бірлесіп жұмыс жасау дағдыларын меңгерген ЖОО студентінің өз бетінше, шығармашылық тұрғыда жұмыс жасай алатын, сыни тұрғысынан ойлай алатын іс әрекет субъектісіне айналуы жүзеге асырылады.

Осы орайда, ЖОО студенттері ары қарай өзін өзі дамыту, инновацияларға, мақсаттарға қол жеткізудің түрлі тәсілдерін меңгеру тұрғысынан, өз бетінше шешім қабылдап, ұжымдық сипатта жұмыс жасай алуға да дайын болуы қажет. Дегенмен, ЖОО студенттерінің практикалық іс әрекеттерін талдау барысы ЖОО бітірген басым түлектерде шынайы кәсіби іс әрекетке дайын еместік, ұжымда, командада жұмыс жасаудың әлсіз мотивациясы, қателер мен жетіспеушіліктер тұрғысынан рефлексиялар кездесетіндігі анықталды. Сонымен қатар, ЖОО оқытушыларында да студенттердің сыни тұрғысынан ойлауы оқу тәрбие үрдісінде автоматты түрде қалыптасады, ал кәсіби іс әрекеттің жоғары деңгейіне тек тәжірибе жинағаннан кейін ұзақ жылдар өте қалыптасады деген қате ойлар да кездесіп жатады. Дегенмен, зерттеу практикасы, әрине жыл бойы жиналатын тәжірибені де жоққа шығармайды. Кәсіби білім берудің маңызды міндеті – студенттерді кәсіби даярлау кезеңінде студенттердің сыни тұрғысынан ойлауын мақсатқа бағыттау.

Студенттердің сыни тұрғысынан ойлауын қалыптастыруда дәстүрлі әдістерді қолдануда оқытушылар бірқатар қиындықтарға ұшырайды. Студенттердің сыни тұрғысынан ойлауын қалыптастырудың әдістері мен формасы, мазмұны да жаңартушылық ықпал етуді талап етеді. Дайана Ф.Халперн өзінің «Thinking Critically About Critical Thinking («Критически мыслить о критическом мышлении») атты еңбегінде: «Біз білімді жаңа түсініктер мен идеялармен танысқанда туғызамыз. Тек алынған ақпарат қана білімнің ішкі құрылымын туғызу үшін қолданылады. Білім құрылымы ол өзара байланысты түсініктерді сипаттау үшін когнитивті психологтар тарапынан қолданалатын техникалық термин. Білім ол тек нақты адамдар санасына тән «түсіну жағдайы». Ал, сыни тұрғыдан ойлау – бұл қажетті нәтижеге қол жеткізу мүмкіндігін арттыратын танымдық әдістерді немесе стратегияларды қолдану» деп анықтама берген [1]. Бұл анықтама ойлауды негізделген және мақсатқа бағытталған ойлау түрі ретінде сипаттайды. «Сыни» сөзі бағалау компонентін болжайды. Кейде бұл сөз қандай да бір затқа, әрекетке кері қатынасты білдіру үшін де қолданылады (Мысалы, ол бұл фильмге сыни тұрғысынан қарады). Бірақ, бағалау контруктивті айқындалған, позитивті және негативті болуы мүмкін. Сыни тұрғысына ойлау мақсатқа бағытталған ойлау деп те аталады. Себебі, ол қалаған мақсатқа қол жеткізуге бағытталған. 1933 ж. Америкалық педагог новегатор Джон Дьюи «адамды ойлауға үйрету» білім берудің басты міндеті екенін айтты [2].

Адам баласына білімді бере отырып, сыни тұрғысынан ойлауды қалыптастыру мен дамыту мәселесін психологиялық, философиялық, педагогикалық көзқарас тұрғысынан зерттеген Э.де Боно, Д.Дьюи, Р.Х.Джонсон, Д. Клустер, М.Липман, К.Меридит, Д.Спиро, Дж.Стил, Ч.Темпл, Д.Халперн, П.Фрейре т.б. ғалымдар болса, ал студенттердің сыни тұрғыда ойлауын қалыптастыру мәселесімен айналысқан ғалымдар В.А.Болотов, А.В.Бутенко, А.В.Коржуев, В.А.Попков, Г.Б.Сорина, Д.М.Шакирова, Л.И.Шрагина болды [3,4]. Заманауи ЖОО студенттердің сыни тұрғыда ойлауын қалыптастыру жаңа менеджменттік жүйе нарқында топтық оқыту технологиясына негізделген болып келеді. Білім беру жүйесінде менеджмент күзiреттiлiктерiн, оның қыр-сырын бiлудi негiздейдi. Ш.А.Амонашвили, Ю.К.Бабанский, В.С.Безрукова, В.П.Беспалько, А.А.Вербицкий, Д.В.Вилькеев, Л.В.Загрекова, В.И.Загвязинский, В.В.Давыдов, В.К.Дьяченко, А.А.Кирсанов, И.Я.Лернер, Х.И.Лийтметс, Г.И.Ибрагимов, М.И.Махмутов, Н.Д.Никандров, В.Оконь, Г.К.Селевко, И.Г.Унт, И.М.Чередов, М.А.Чошанов, Ф.Янушкевич т.с.с. ғалымдар оқыту іс әрекетінің ұйымдасытру формасының ықпалы туралы зерттесе, ал командалық ұйымдастыру формасының нәтижелік тәсілін көтеру мәселесімен М.Уолтона, П.Шолтерса, Д.Катценбаха, Д.Смита, У.Бреддика, Дж.Грейсон т.с.с. ғалымдар айналысқан. Ал, оқытуды ұйымдастырудың командалық формасы жағдайында студенттердің сын тұрғысынан ойлауын қалыптастыру әдістемесі бүгінгі таңда толыққанды зерттелмеген, өзекті мәселе болып, оны қалыптастырудың әдістемелік жағын жіті қарастыру қажеттілігін туғызып отыр [3].

Оқытуды ұйымдастырудың командалық формасы жағдайында студенттердің сын тұрғысынан ойлауын қалыптастыру әдістемесі мәселесі бойынша әдебиеттерді ғылыми-теориялық талдау әлеуметтік, педагогикалық, психологиялық т.б. ғылымдар тарапынан қызығушылықтардың бар екендігін көрсетті. Дегенмен, студенттердің сыни тұрғысынан ойлауын қалыптастыруға командалық оқыту формасын ұйымдастырудың ықпалы қандай? ЖОО оқытуды ұйымдастырудың командалық формасын қолданудың педагогикалық жағдайлары мен ерекшеліктері қандай? Студенттердің сыни

тұрғысынан ойлауын қалыптастыруды оқытуды ұйымдастырудың командалық формасымен үйлестірудің сипаты мен тиімділігі қандай? Олар қандай әдістемелерге негізделген? Деген сұрақтар әлі күнге дейін толыққанды шешімін таппай отыр. Педагогикадағы сыни тұрғысынан ойлау ол танымдық қабілетке ғана оқыту емес, сонымен қатар дұрыс тұлға аралық, жалпы адами қатынасын, тұлға қасиеттерін (рухани, өзіндік сыни, өз және өзгенің әрекетін бағалау) қалыптастыру.

Сыни тұрғысынан ойлау мен шығармашылық тұрғыда ойлауын қалыптастыру, оны студенттерге үйрету оқытушының кәсіби құзыреттілігінің деңгейін анықтайды. Ақыл ой, практикалық, коммуникативті типті қабілеттер мен кәсіби іс әрекетте қолданылатын мотивациялық, құндылық бейімдеушіліктер мен ұстанымдар «кәсіби құзыреттілік» түсінігінің ажырамас бөлігі. Студенттерді сыни тұрғысынан ойлауға үйрету, оны қалыптастыру белгілі уақыт пен студенттердің формальды білім беру шеңберінде алынатын кең ауқымдағы білімін талап етеді.

Сыни тұрғысынан ойлаумен байланысты түсініктер мен дефиницияларды талдау барысы практикалық іс әрекетте жүзеге асырылатын қабілеттерді анықтауға мүмкіндік берді (рефлексия, мойындамау, сын, сынилық, өзін сынау, аргументтеу, дәлелдеу, бағалау, өзіндік бағалау, бағалаулық пайымдау). Осы орайда рефлексия өз қабілетін ой елегінен өткізумен, сын мен сынилық өз көзқарасын ұстану қабілетімен, өзіне сыни тұрғысына қарау өз пайымдарын талдау қабілетімен, ал баға мен бағалау басқару мен өзін басқаруды ұйымдастырумен тығыз байланысты болып, іс әрекет жоспарын, мақсаттар мен міндетерді, соңғы нәтижелерді сәйкестендіру қабілетін қамтиды. Сынилық мағынасына тек «бағалау» ғана емес, сонымен қатар дидактикалық ойлау қабілеттері де жатады: логиканың қағидалары мен ережелері (аргументтеу, дәлелдеу), ғылыми әдістерді қолдану қабілеті т.б. Студенттердің сыни ойлауын қалыптастыруда ұйымның командалық формасын қолдану пікірталас, семинар, конференция, дидактикалық іскерлік ойындар, «Миға шабуыл» әдісі, «Дөңгелек үстел», факультативтік сабақтар, лабораториялық сабақтар, жоба шеңберіндегі жұмыстар және т. б. қамтитын оқытуды ұйымдастырудың топтық нысаны ретінде қарастырылады.

Оқытуды ұйымдастырудың командалық формасы жағдайында студенттердің сын тұрғысынан ойлауын қалыптастыру әдістемесінде оқытудың тиімділігін арттыру үшін бірқатар әдістерді (топтық пікірталас, «Миға шабуыл» әдісі, «Зигзаг» техникасы, «Себет» техникасы, т.б.) қолдануға болады. Соның ішінде жобалық әдіс ұйымдастырудың командалық формасы негізінде толыққанды оқыту және дамыту ортасын туғызуға, оқыту үрдісінде өмірлік маңызды білімдер мен қабілеттерді тиімді қолданып, сыни тұрғысынан ойлауын қалыптастыруға мүмкіндік беретін оңтайлы әдістердің бірі.

Технологиялық сауаттылық, еңбек мәдениетін меңгеру, маңызды ақпараттармен жұмыс істеу және т.б. жалпы оқу қабілеттері жұмыстың бірқатар кезеңдерінен тұрады: бастапқы (зерттеп отырған мәселені анықтау), аралық (жүзеге асыру), қорытынды (жалпылау) т.с.с. Ұйымдастырудың командалық формасында жобалық әдіс шеңберінде студенттердің сыни тұрғысынан ойлауын қалай қалыптастыруға болады? Мақсаты студенттер тарапынан логикалық, сыни тұрғысынан, шығармашылық тұрғысынан ойлауын қалыптастыруға, «рефлексия, сын, өзіндік сын, аргументтеу, дәлелдеу, өзіндік балалау, бағалық пайымдау» т.с.с негізгі логикалық және сыни тұрғысынан ойлау түсініктерін қалыптастыруға бағытталған аталмыш әдіс ұйымдастырудың командалық формасы негізінде жүйелілік, мақсатқа бағытталушылық, сыни маңыздылық, әлеуметтік нормативті негізделу, ғылымилық, жүйелілік, саналылық, жеке және топтық ықпал ету т.с.с қағидаларға негізделеді.

Сонымен қатар, оқытудың командалық формасында студенттер мынадай ережені сақтағаны жөн: - бір-бірін мұқият тыңдау; - сөйлеушінің сөзін бөлмеу; - бір-бірінің пікірін құрметтеу; - мен-пікір; - «тоқта» ережесі; - ортақ пікірге келу; - құпиялылық т.б.

Студенттердің сыни тұрғыда ойлауын қалыптастырудың командалық оқыту формалары негізінде жобалық әдісті қолдану келесі кезеңдерді қамтиды:

- белсенді таным, ол мәселені шешу төңірегінде ақпаратты талқылау, қолда бар білімді жандандыру, тақырыпқа деген қызығушылық туғызу, материалды зертеудің мақсатын айқын анықтау;

- ой елегінен өткізу-талқылау, әрекетті таңдау, жоспарлау, шешу жолын анықтау, шешудің альтернативті жолдарын қарастыру т.с.с.;

- ойлау - зерттелініп отырған мәселеге тұлғалық қатынасын қалыптастыру;

- жалпылау мен бағалау-дәлелдерді жалпылау, қалыптастыру.

ЖОО студенттердің сыни тұрғыда ойлау – оқу мен тәрбие үрдісінде алынған ақыл-ойдың тұлғалық және әлеуметтік маңызды қасиеттерінің жүйесі.

Ал, ұйымдастырудың командалық формасы студенттердің сыни ойлауын қалыптастыруға ықпал ететін оқытуды ұйымдастырудың нәтижелі формаларының бірі. Себебі, студенттерді

командалық формада оқыту алға қойылған міндеттерді шешудің рациональды жолын қарастыруға, артықшылықтары мен кемшіліктерін саралауға ықпал етіп, өзара біріккен ұжым атмосферасын туғызуға мүмкіндік беріп, сынды дұрыс қабылдауға, ойлап жауап беруге, белсенді өмірлік позицияларды құруға ықпал етеді. Ал, біз атап өткен жобалық әдіс ұйымдастырудың командалық формасы негізінде студенттердің сыни тұрғыда ойлауын қалыптастыру бойынша әдістемелер ішіндегі оңтайлы әдістердің бірі болып саналады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Halpern D.E., Nummedal S.G. (Eds.). (1995). Psychologists teach critical thinking [Special Issue]. *Teaching of Psychology*, 22. Hanson N. R. (1958). *Patterns of discovery*. Cambridge, – England: Cambridge University Press.

2. Дьюи Дж. Психология и педагогика мышления / Пер. с англ. Н.М. Никольского; Под ред [и с предисл.] Н.Д. Виноградова. – М.: Мир, 2009.

3. Беспалько В.П. Педагогика и прогрессивные технологии обучения / В.П.Беспалько. – М., 2010. – 287 с.

4. Плотникова, Н.Ф. Интеграция умений критически мыслить и работать в команде при обучении студентов вуза / Н.Ф. Плотникова, Д.М. Шакирова // *Инновации в образовании*. - М., 2006. ISSN 1609-4646, №3. –120-132 с. - 0, 9 печ.л. Дьюи Дж. Психология и педагогика мышления. (Как мы мыслим) / Дж. Дьюи ; пер. с англ. Н. М. Никольской. – М. : Лабиринт, 1999. –192 с.

5. Мороченкова И. А. Формирование критического мышления студентов в вузе. Дис. ... канд. пед. наук. – Оренбург, 2004.

ІІІ СЕКЦИЯ
ЫБЫРАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ, САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК
ҰСТАНЫМДАР

ӘОЖ 137. 888

Ы.АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ӨМІРШЕҢДІГІ

КОЛКАМБАЕВА А.Б.

Т. Рысқұлов атындағы мектеп- лицейінің орыс тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы

Резюме. В статье рассматривается жизнеспособность произведений И.Алтынсарина.
Summary. The article considers the viability of the works of I. Altynsarina.

Қазақ әдебиеті тарихында жастарға білім мен тәрбие беруде орасан еңбек етіп, елеулі жемісін берген ұлы ағартушылар аз болған жоқ. Оқу-тәрбие жұмыстарына белсене араласып, өзіндік іс-тәжірибесін халық арасында кеңінен қолданған зиялы қауымның алдында әрине ұлы педагог Ы.Алтынсариннің орны бір бөлек. Қашанда жаңа істің бастамасында көптеген қиыншылықтарға тап болып, еш мойымай балаға деген жүрек жылуының, ыстық шапағатының, білімділігінің арқасында үлкен нәтижеге қол жеткізген ұлы ұстаздың өмірі мәңгі шырақ болғаны анық. Кемеңгер ұстаздың педагогикалық-психологиялық және әдістемелік ұсыныстары өмірлік тәжірибеден алынған, терең мағынаға, озық идеяға құрылған. Ұлы педагогтың ізгі ойлары мен педагогикалық тұжырымдары, оның ішінде оқушы жастарды имандылыққа тәрбиелеу тәсілдері мен жолдары терең мазмұнда айтылған. Себебі, парасатты педагог «мектеп-әр шәкірттің қабілетін дамытып, қамқоршы-жасампаз тұлға тәрбиелеу міндетін атқаруы тиіс» екендігін барлық іс-әрекетімен тамаша дәлелдеп берді. Ал мұғалімнің бойында адамгершілік мінезді, әдептілікті, имандылықты қалыптастырып, мейірімсіздікке жол бермеу керектігін барлық еңбектерімен тиянақтап көрсетті. Қазір жаңалық деп жүрген ынтымақтастық пікірін сол кездің өзінде-ақ ұлы педагогтың шығармаларынан байқауға болады. Ұстаз, шәкірт, ата-ана және халық арасындағы бағалы қасиеттерді бағалау, сақтай білу-оқу орындарының, педагогикалық ұжым мүшелерінің басты міндеті екендігін жан-жақты көрсетіп, дәлелдеп берді.

Бәріміз бір адамның баласымыз,

Жігіттер бір-біріңе қарасыңыз.

Өмір деген бес күндік кетер өтіп,

Атаң барған орынға барасыңыз,- деп көпшілікті бірлікке, татулыққа, түсінісуге шақырды. Өзі де осы тұғырдан орын алды.

Ы.Алтынсарин мектептегі тәртіпке мықтап көңіл бөлген. «Тәртіп-мектеп үйі шаңырағының ең қажетті тірегі, ұжымды сымбаттандыратын құрал. Тәртіптің шындыққа айналуы әр оқушының бойында тәртіптілік сезім тудырады», - деп тәртіп деген педагогикалық ұғымға терең талдаулар жасайды. Сондай-ақ, «тәртіп- оқушының мектеп ережесіне бағына білу мен шын еркіндіктің табиғи бірлігі», - деген сөзді ұлы ұстаз Ыбырай айтып кеткен. Данышпан әр оқушыны біртұтас жасампаз тұлға деп қарайды. Сондықтан жеке адамның бойынан адамгершілік қасиеттердің бәрі табылса біртұтас мінез қалыптасатынын дәлелдей көрсетті.

Ы.Алтынсариннің шығармалары өмірдің өзектілігін көрсететін тың туындылар. Ұлы ұстазымыздың бүгінгі мектеп өмірімен үндестік табатын педагогикалық тұжырымдарын жалғастыруда мұғалімдердің жан-жақты ізденіп, жұмыс істеуі үлкен нәтижеге қол жеткізетіні анық. Адам өміріндегі әдеттің де өз орны бар екендігін, істеген істің, жүріс-тұрыстың өзі де әдетке айналатынын аңғартты. Бірақ әдеттің де әдеті бар. Адамда жағымды және жарамды жақсы әдеттермен қатар, қарамсыз, жаман әдеттер де болады.

Мәселен, салақтық — жаман әдеттердің бірі. Одан тәнге де, жанға да рахмет жоқ. Осыған орай Ы.Алтынсариннің «Салақтық» атты әңгімесі жағымсыз әдеттің адамзат атаулысына зиянды екендігін анық көрсетеді. Ыбырай еңбек сүймей, жалқау болып өскен адамдар қулық-сұмдықпен күн көруді көздейді, ал мұның өзі барып тұрған жексұрын қасиет екендігін, олай болса үлкендер балаларды кішкентайынан еңбекке баулу қажеттігін естерінен шығармауын ескертеді. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесін» дегендей, жас балалардың басында кездесетін түрлі жаман мінездерді

отбасындағы тәрбиемен терең астастырады. Адам үлкен тәлімі мықты тәрбиенің нәтижесі. Ол өмірге пешенесіне не жазылса, сонымен келмейді, оның тағдыры туысынан белгіленбейді. Адамдық қасиетінің қалыптасатын жері – өмір талқысы, әрекет етуі, тәрбиесі. Күн мен Ай бәрімізге ортақ, бәріміз де адамның баласымыз, ешкімді біріңнен бірің артықсын деп айыруға болмайды, — дейді ұлы ағартушы. Ол адам психологиясындағы өзгерістерді қоғамдағы тарихи факторлармен байланыстырады. Ы.Алтынсариннің ойынша адамның сана-сезімін негізінен тәрбие билейді. Соған байланысты жеке тұлғаны адалдыққа, еңбекке, ұқыптылыққа, талаптылыққа тәрбиелеу, адамгершілік жақсы қасиеттерді олардың бойына дарыту арқылы адами мінез-құлықтарын өздері игере алуларын ойластырған.

Қорыта айтқанда, ұлы ағартушы Ы.Алтынсариннің шығармашылығы жалпы адам өмірімен тығыз байланысты. Адамның адам болып қалыптасуына, өмірдегі ой-толғанысына ерекше мән бере отырып, мысалдар келтірген. Өз халқын оқуға, өнерге үндеуі надандыққа, зұлымдыққа қарсы шығуы, сол кездегі әлеуметтік теңсіздіктің бетін ашып, өмір шындығын көрсетуі, жастарды жақсылыққа, адамгершілікке тәрбиелеуі өмірдегі ең құнды еңбегі болып табылады. Сондықтан да Ыбырай Алтынсариннің шығармалары қазақ әдебиетіміздің төрінен заңды түрде орын алып, қазақ жастарының жан-жақты, білімді азамат болуына өз ықпалын тигізе бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қоңыратбаев Ә. Ыбырай Алтынсарин. – Алматы: Қазығұрт, 2003. – 220б.
2. Хасанова С. Ыбырай Алтынсариннің тілі мен стилі. – Алматы: Руханият, 2013.–216б.

ӘОЖ 81'1:81'32

МӘҢГІЛІК ЕЛ

ТАМАБЕК БАЯН

№3 мектеп-лицейі, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье речь шла о национальной идее «Мәңгілік Ел».

Summary. The article says about the National idea «Mangilik El»

Қазақ елі тәуелсіздігін алып, егемен ел атанғалы біраз уақыт өтіп заманауи өркениетте еліміздің алар орны айқын көрініп мәңгілік мұраттарға қол жеткізіп келе жатқандығы қазіргі қоғамнан көрініп тұр. Ғылым мен білім дамыған ХХІ ғасырда қазақ халқы сан мың жылдан бері аңсаған асыл армандарын еселеп жүзеге асырып ұлт тарихы мен мәдениетіне, әдебиеті мен тіліне, т.б. ұлттық руханиятымызға қатысты түп тамыры тереңде жатқан жасампаз идеяларды түбегейлі сараптап мемлекеттік идеологиямызды қалыптастырдық. Ол - ежелден еркіндікті, бостандықты аңсап, азатыққа құштар болған Қазақ Елінің жаңа әлемдегі ұлы мақсат-мұраттарға жету жолында жарқын болашаққа бастайтын бағыты болған «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы.

Қазіргі заманда өркениеттің шыңын бағындыруда қарыштай түскен ғылыми индустриядағы жанданыстар жаһандану үрдісінің белең алуына негіз болып отырғандығы белгілі. Осындай көптеген өзгерістер дәуірінде Қазақ Елі босағасы берік, абыройы асқақ, болашақ бағдары айқын ел ретінде әлемге таныла бастады. Тарихи тағдыры тұманданып, тарихын тануға шын бер бұрған қазақтың бүгінгі берекелі, келешегі кемел. Сол берекенің бастауы болған ұлт қайраткерлерінің «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» [1,47б.] деген жаһандық өредегі асқақ гуманистік мақсат мүддеге негізделген концептуалдық тенденциясы «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы арқылы жасампаздыққа ұласып отыр.

Қазақ халқы сан ғасырлар бойы өзінің егемендігі мен тәуелсіздігі үшін күресіп келді. Өзінің ең жақсы қасиеттерінің жойылуына қатер төнген сәттерде бірігіп, ұйымдаса білуінің, сондай-ақ басқа халықтармен бейбітшілік, келісім мен тату көршілік жағдайында тұруға деген ынта-ықыласының арқасында ол тарих тасқынының астында қалып қоймай, өзінің дербестігін, тәуелсіздігін сақтап, мемлекеттігін қалпына келтіріп егемен ел атанып, әлемдік кеңістікте өзінің заманауи орнын айқындап ала білді.

Қазақ Елінде Тәуелсіздік заманы қанат жайған сәттен бастап қоғамдық және мәдени даму арналарының бағыты түбегейлі өзгерістерге түсті. Бұл құбылыстың қоғамдық ой санада бедерленуі, заманауи даму жолын бетке ұстаған жаңа қоғамдағы адам мен қоршаған орта концепцияларының жаңаша құрылуы рухани мұраларда көрініс табатыны белгілі. Осыған орай, қазіргі таңда ұлттық руханиятымызда кеңестік дәуірде бұғауланып тыйым салынған көне заманнан сыр шертетін ұлттық

тіл, діл, дін, әдебиет, мәдениет, тарих т.б. мол мұраларымызды зерттеп, жариялау ісі қарқынды қолға алынуда. Соның нәтижесінде ұлт тағдырына байланысты бұрындары беймәлім болып келген қаншама құнды тарихи, әдеби-мәдени жәдігерлер қазақ тарихы мен әдебиетіне қосылып, ұлттық руханиятымыздың қоры молайып, кеңістігі кеңейе түсті. Ұлттық дүниетанымыздың тарихына қатысты мұралар ғылыми тұрғыда нақтыланып, ондағы ұлттық идея концептісі арнайы тақырып ретінде мақаламызға арқау болуда. Ал, сол ұлттық идеямыздың бастауы ХХІ ғасырдағы Қазақ Елінің ұлттық ұстанымы сонау түркілік дәуірден бүгінге дейін жеткен «Мәңгілік Ел» идеясы ретінде ел жадында жаңғырып отыр.

Білім мен ғылымның қарыштап дамып, әлемдік өркениетте жаһандану үрдісі жүріп жатқан жаңа дәуірде елімізді ұлы мақсаттарға жетелеп әлемнің ең алдыңғы қатарлы дамыған елдерінің қатарына қосылуын көкसेген ұлт тарихындағы ұлы бағдарды Елбасы Н.Ә.Назарбаев «...Ұлтымыздың ұлы бағдары – «Қазақстан – 2050» Стратегиясында жария етіп, оның түп қазығы ретінде «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын бекітті.

Келешек ұрпақ үшін аса маңызды Стратегиялық құжат болып табылатын осы Жолдауында Елбасы «Мен қоғамда «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек?» деген сауалдың жиі талқыға түсіп жүргенін естіп жүрмін, біліп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар етіп ұлтты ұйыстыра ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – Мәңгілік Ел идеясы. Тәуелсіздігімізбен бірге халқымыз мәңгілік мұраттарына қол жеткізді. Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі мәңгілік елордамызды тұрғыздық. Қазақтың мәңгілік ғұмыры ұрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ - мәңгілік қазақтың перзенті. Ендеше, қазақ елінің ұлттық идеясы - Мәңгілік Ел» [2, 3б.], - деп ерекше атап өтті.

Ұлттық идея - ұлттың сол тарихи кезеңде өзін-өзі тануынан көрініс табатын ұлттық санада басымдыққа ие көзқарастар. Осы тақырыпқа сөз қозғап жүргендердің тұжырымына тоқталсақ, бұл ұғымның екі қырына баса маңыз береді. Бір жағынан, қауымдастықтың өзін-өзі ұлт деп танып, түйсінуі, екінші жағынан оның ерекше тарихи адамдар қауымдастығы ретіндегі өз көзқарастары, ұстанымдары, құндылықтары жайлы жалпақ әлемге жар салуы. ХVІІІ ғасырдағы немістің классикалық философиясының негізін салушылардың бірі – И.Канттың тілімен айтсақ: «Адам білімінің қайсыбірі болмасын, түйсіктен басталып, түсінікке ұласып, идеямен аяқталады» [3,124б.]. Осы бір қарапайым сөз тіркестері «идея», «ұлттық идея» түсінігінің мәнін және қалыптасу жолдарын қысқаша түрде нақтылап бере алады.

Қазіргі жаңаша даму дәуірінде еліміздің болашағына қатысты ұлы бағдар ретінде еліміздің рухын көтеретін «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 2014 жылдың 17 қаңтарында «Қазақстан жолы 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты халыққа Жолдауында жария етті. Еліміздің ұзақ мерзімді дамуына даңғыл жолды бастайтын Елбасының осы Стратегиялық маңызды Жолдауында айтылғандай «Мәңгілік Ел» идеясы елімізді өз мақсатына талай дәуір сынынан сүріндірмей жеткізетін тұғырлы идея. Оған әрине еліміздің тәуелсіздігі арқасында жетіп отырғандығымыз анық. Сондықтан халқымызда татулық пен тұрақтылықтың, еркіндік пен асқақ рухтың айшықты көрінісі, ұлтымыздың ұзақ жылдар сарыла күткен арманы болған, мызғымас беріктігіміздің символы тәуелсіздігімізді бар күш-жігерімізді салып сақтап қалуымыз қажет. Осыған орай Елбасы өз Жолдауында «Мәңгілік Ел – ата-бабамыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы екенін барлығымыз білеміз. Ол арман әлем елдерімен терезесі тең қатынас құратын, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын тәуелсіз мемлекет атану еді. Ол арман тұрмысы бақуатты, түтіні түзу шыққан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты ел болу еді. Біз бұл армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік елдің іргесін қаладық» [2, 3б.] – деп өз тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтау арқылы Мәңгілік Ел бола алатынымызды ерекше атап өтті.

Қазақ Елінің тәуелсіздік алғанына да 30 жыл болды. Осы жыл аралығында халқымыздың рухани, мәдени өзегінің тамыры тереңде екендігі бірнеше ғасырлар бойы жарты әлемді билеген көне түркі өркениетінен өріс алатыны егемендікке ие болғалы батыл айтылып та жазылып та жүр. Тіпті бүкіл әлемдік өркениет (жазу, сызу т.б.) түркілерден басталғанын, біздің эрамызға дейінгі ІІ ғасырдың өзінде-ақ Бағдатта Академия болғандығын бүкіл еуропалық ғалымдар мен саяхатшылар мойындап жазғандығы тарихи құжаттар мен ғылыми деректермен дәлелденген [4, 4б.]. Ал, сол көне заманнан бергі түркі жұртының бүкіл мәдениетін, тілін, рухани мұралары мен дәстүрлерін, қаһармандық ерлік салтын сақтап, қастерлеген қазақ халқында ұлттық идеяның көрінісі ешқашанда қоғамдық санадан түскен емес. Ол әр дәуірде өзіндік сипатқа ие болып түрлі атаумен айтылып ел жадында жаңғырып тұрды. Ал, ғасырларға жалғасқан жасампаз идеялардың бастауы бүгінгі тәуелсіз еліміздің түп қазығы, тамырын тереңнен көне тарихымыздағы Көктүріктер империясы Ту еткен, Тоныкөк негізін қалаған, Күлтегін ескерткішінде баяндалған «Мәңгілік Ел» идеясы болып

отыр[5,366.]. Бұл шынында тарихи ақиқат. Сондықтан, бүгінгі тәуелсіз еліміздің жасөспірімдерін патриоттық, гуманистік, рухани-адамгершілік рухта тәрбиелеп туған халқының мәдениеті мен әдебиетін, тарихы мен тілін, салт-дәстүрін құрметтеп оны әлемдік өркениет алдында барынша жоғары ұстауға тәрбиелеу мақсатында «Мәңгілік Ел» ұғымын еліміздегі барлық ұлт пен ұлыстың өкілдері қастерлейтін жетекші идея ретінде ұғындырып оның ғылыми негіздемесін жасау бізге уақыттың қойған талабы. Осы талаптың үдесінен шығу үшін ХХІ ғасырдағы адамзат дамуының негізгі қозғаушы күші болған білімді, сауатты, ұлттық салт-дәстүрі мен тарихын, мәдениеті мен әдебиетін, тілі мен дінін тереңнен ұғынған оқушыларды даярлап, солар арқылы барша Қазақстан халқының даму перспективасын қалыптастыруымыз қажет.

Бүгінде елімізді мекендеген барлық ұлт пен ұлыстың өкілдері де осыны жақсы түсінулері тиіс. Осыған орай отандық білім мен ғылым саласында «Мәңгілік Ел» идеясын жан-жақты зерделеп ғылыми негіздемесін жасап, тарихи мәні мен маңызын жете түсініп, уақыттың тезінен өтіп бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның жетекші идеясына айналғандығын ғылыми тұрғыда зерделеу қажеттілігі туындап отыр. Дәл осы көзқарас тұрғысынан қарағанда еліміздің мектептерінде оқып жатқан болашақта қалыптастыратын жастардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру үдерісінің жүйесі мен «Мәңгілік Ел» идеясын жандандыру мәселесі туындап отыр. Сондықтан, осы мақалада ұлт мәдениетінің рухани құндылықтарын сақтап көбейтуге жауапты, ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін жоғары деңгейде меңгерген, ұлттық сана-сезім стереотиптерін еңсеріп, өзге мәдениет өкілдерімен салихалы сұхбат алатын жастардың жаңа буынын, әлеуметтік белсенді қоғам мүшелерін тәрбиелеу қажет.

Алуан түрлі ұлттың өкілін бауырына басқан демократиялық, құқықтық жүйедегі мемлекетіміздің «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының рухани дінгегі халқымыздың сан ғасырдан бері қалыптасақан рухани құндылықтары екендігі анық. Бүгінде қазақ халқы өзінің тарихи негізінің рухани құндылықтарын өзі де танып, өзгеге де танытып қоғамдағы рухани бірлік пен келісімнің үлгісін көрсетіп, бауырына бірнеше ұлттың өкілін жатсынбай басып татулық пен достықты ту еткен мемлекетке айналды. Ендігі мәселе осы жеткен жетістігімізді одан әрі еселеп дамытып, ұрпақтарымыздың болашағын бекемдейтін мызғымас, берік, әлемнің барынша дамыған елдерінің қатарына ену. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін қоғамдық ойдан қозғаушы күшіне айналуы тиіс баршамызға ортақ «Мәңгілік Ел» идеясының елімізді мекендеген барлық халықтарды ұйыстырудағы рөлін анықтап, ұлт тарихындағы қайраткерлердің рухани мұраларымен тұтастығын ғылыми тұрғыда негіздеп тарихи тереңдігінің ғылыми-теориялық негіздемесін жасау уақыт талабынан туындаған қажеттілік болып отыр. Сондықтан, бүгінгі таңда ұлт мәдениетінің рухани құндылықтарын сақтап көбейтуге жауапты, ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін жоғары деңгейде меңгерген, өзге мәдениет өкілдерімен салихалы сұхбат алатын ұлтжанды жаңа буынын тәрбиелеуіміз қажет.

«Мәңгілік Ел» идеясы өз тарихында бірнеше ғасырлардың сынынан өтіп әр ғасырдың басы мен өткен ғасырдың аяғын тоғыстырып отырды. Мәселен, ұлттық тарихымызда рухани дүмпуді басынан өткеріп, алапат өзгерістерге куә болған ХХ ғасырдың аяғы мен ХХІ ғасырдың басында кең мағынада қайта түлеп, посткеңестік кезеңнен бері 40-тан астам түркі этностары мен 300 миллионға жуық түркі халықтарының басын біріктірген түркі дүниесіне жаңа мазмұнмен қайта оралды. Бұл бүгінгі тәуелсіз Қазақ Елінің мемлекеттік тұтастығы мен тыныштығын қорғап, айрандай ұйып бейбітшіліктің бесігінде тербеліп күн кешіп отырған көп этникалық мемлекетміздегі барлық ұлт пен ұлысты ұйыстыратын жетекші идея ретінде азаматтық тұрғыдан пайымдалуының алғышарттарының бірі болып табылары анық.

Елбасы Н.Назарбаевтың «Тарих толқынында» атты кітабындағы: «Егер біз мемлекет болғымыз келсе», «мемлекеттігімізді ұзақ уақытқа меңзеп құрғымыз келсе» [6, 366.] деген тіркестері де «мәңгілік ел» ұғымын білдіріп тұрғанына ешкім күмән келтірмесе керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Құнанбаев А. Шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1968. – 319б.
2. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. «Қазақстан жолы– 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», 2014 жыл 17 қаңтар.
3. Кант И. Сочинения 6 томах, – Москва, 1963. Т 4., – 285 б.
4. Пірәлі Г. Қазақ әдебиеттануы және ұлттық идея. – Алматы: Елтаным, 2014. – 240 б.
5. «MANGI EL» халықаралық ғылыми-көпшілік тарихи журналы. Бас редакторы Ерлан Сыдықов. – Алматы: «Pride Print» баспасы, 2013. – 108 б.
6. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Жібек жолы, 2010. – 232 б.

ВКЛАД В ОБРАЗОВАНИЕ ЫБЫРАЯ АЛТЫНСАРИНА

ОМАРОВА А.Ж.

Мангыстауская область город Жанаозен, школа № 300У учитель
казахского языка и литературы

Түйіндеме. Бұл баяндамада ұлы ұстаз, акын, жазушы, қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсариннің Қазақстан ағарту ісіне қосқан үлесі қарастырылған. Оның бастамасымен Қазақстанда мемлекеттік зайырлы мектептер құрылғаны сипатталған. Ол осы мектептерде қазақ тілінде оқутуды енгізді. Ыбырай Алтынсарин балаларға білім беруді – білімді адамның борышы деп санаған. Алтынсарин адам бақытының мәнін адал еңбектен көреді. Адамгершіліктің негізі – білім мен тәрбие.

Summary. This report examines the contribution to the education of Kazakhstan of the great teacher, poet, writer, public figure YbyrayAltynsarin. It is described that on his initiative a network of public secular schools was created in Kazakhstan. He introduce the teaching of the Kazakh language in these schools. YbyrayAltynsarin considered the sacred duty of an educated person to bring knowledge to children. Altynsarin sees the meaning of human happiness in honest work. The basis of morality is education and upbringing.

Казахский народ имеет богатое духовное наследие, уходящее корнями в глубь веков. Казахстан - край орлиных крыльев. И действительно, он занимает территорию от седого Каспия, до Алтайских гор от Уральского хребта до высокогорного Алатау. На этой земле родился великий сын казахской степи ЫбырайАлтынсарин. Он вошел в историю Казахстана как выдающийся просветитель, педагог, поэт, общественный деятель, этнограф. Но в народной памяти он остался как первый учитель в степи. Его жизненный путь – это пример борьбы с невежеством и бюрократией за светлое будущее своего народа.

Один из основоположников казахской письменной литературы и литературного языка, создатель казахского алфавита на основе русской графики.

Ыбрай Алтынсарин родился 20 октября 1841 года на территории современной Костанайской области. Он рано потерял отца, поэтому воспитанием юноши занимался дед – известный бий Балгожа Жанбуршин.

У Алтынсарина появляется немало друзей среди местной интеллигенции. Все они в один голос отмечают начитанность молодого казаха, его неземную любознательность и особенный интерес к педагогическому делу.

Ыбырай Алтынсарин был пламенным борцом за прогрессивное развитие казахского народа. Выдающаяся историческая заслуга Алтынсарина заключается в том, что по его инициативе при самом непосредственном его участии была создана в Казахстане сеть народных светских школ. Он ввёл преподавание казахского языка в этих школах. «Школы –это главные пружины образования казахов, – писал Ыбрай Алтынсарин, – ... на них, и в особенности на них надежда, в них же и будущность казахского народа».

Глубокое уважение, которое завоевал Алтынсарин в кругу своих соплеменников, его безграничное трудолюбие и самоотверженность находят, в конце концов, признание и у властей. В 1879 году он получает назначение на должность инспектора народных училищ Тургайской области, должность не столь высокую по служебной иерархии, но для казаха совершенно необычную. Именно то десятилетие, которое провел Ыбырай Алтынсарин на этом посту, и были заложены первые основы казахской национальной школы. Он создает сначала центральные училища в каждом из уездов Тургайской области, а затем, в 1887 году – еще 5 волостных школ.

Одним из самых больших бед в развитии образования было полное отсутствие учителей – казахов; Ыбырай Алтынсарин добивается открытия учительской школы в городе Орске. С его именем связано и начало женского образования в Казахстане.

Поборник просветительства, Ыбырай Алтынсарин считал святым долгом образованного человека нести знания детям. Он потратил много сил и энергии на открытие ремесленных и сельскохозяйственных училищ, придавал исключительное значение подготовке из среды коренного населения специалистов, необходимых для экономического развития Казахстана. На склоне лет свое состояние завещал на строительство сельско-хозяйственного училища в Костане.

Ыбырай Алтынсарин был всесторонне образованным человеком. Он понимал насколько важно стремление казахского народа к прогрессу и знаниям. Открыть школу в глухом городе было нелёгким делом: не было средств, школьного помещения и учебных пособий. К этому важному делу холодно отнеслось областное правление и местные власти. Трудности, однако, не остановили его. Воодушевлённый просветительскими идеями, он разъезжал по аулам, разъясняя населению значение светского образования, и повсеместно находил в народе горячую поддержку. Собрав у местного населения средства, он построил школьное здание, выписал учебные пособия. Сам Алтынсарин писал 16 марта 1864 года: «Как голодный волк за барана, взялся я горячо за учение детей; и, к крайнему моему удовольствию, мальчики эти в течение каких-нибудь трех месяцев выучились читать и даже писать. Словом, надеюсь, что эти молодцы в течение 4-х лет, по окончании курса, будут говорить порядочно и узнают кое-что. Стараюсь всеми силами, чтобы подействовать еще на их нравственность, чтобы они впоследствии не были взяточниками».

В системе преподавания главное место Алтынсарин отводил естествознанию, русскому и казахскому языкам. Он настоятельно рекомендовал учителям обратить особое внимание на преподавание русского языка, равно как и на обучение детей, родному казахскому языку. В связи с этим преподавание некоторых других предметов в начальных школах он поставил в зависимость от прочного усвоения русского языка и грамматики.

Всю свою жизнь Алтынсарин посвятил просвещению родного народа. «Народ казахский сам по себе представляет благодатную почву для образования», – писал он.

Алтынсарин был убежденным сторонником содружества русского и казахского народов. Он пропагандировал демократическую русскую литературу, использовал опыт русских педагогов-писателей Константина Дмитриевича Ушинского и Льва Николаевича Толстого. Ему как просветителю присущ культ знания и вера во все спасительность знания для развития общества и каждой человеческой индивидуальности. Современники, следившие за литературной деятельностью Ыбрая Алтынсарина, уже при жизни смогли оценить, насколько она отвечает потребностям народа. В числе заслуг помимо собственного литературного творчества – составление хрестоматии на родном языке, которые назывались «Начальное руководство к обучению киргизов русскому языку» и «Киргизская хрестоматия» (1879).

Многие из последователей Ыбрая Алтынсарина называли его казахским Ломоносовым. Именем Ыбрая Алтынсарина названа Казахская Академия образования, постановлением Министерства культуры Казахской ССР учреждена медаль имени Ыбрая Алтынсарина, во всех городах Казахстана есть улицы, названные его именем. На родине Ыбрая Алтынсарина в Кустанайской области существует Алтынсаринский район и одно из сел области названо именем Ыбрая Алтынсарина.

В целом, Алтынсарину удалось открыть четыре двухклассные центральные русско-киргизские училища, одно ремесленное училище, одно женское училище, пять волостных училищ, два училища для русских детей.

Тема труда занимает центральное место в произведениях ЫбырайАлтынсарина. Истинный смысл человеческого счастья Алтынсарин видит в честном труде: «Счастлив тот, кто может сказать себе, что я живу своим личным трудом».

В рассказах «Умеренность», «Счастливый человек» он считает счастливым того, у кого «на душе... тихо и спокойно», нет «огорчений», недовольства своим состоянием». Счастье человека не исчерпывается личным благополучием. Оно охватывает почти все сферы жизни человека, особенно его отношение к окружающим людям. Не может быть счастливым тот, кто думает только о себе, заботится о своем личном благе, «в ущерб великому общественному делу»

Забота об общественных благах, об умножении богатства и укреплении могущества своей Родины, содействие ее экономическому и культурному развитию – вот те основные задачи гражданина-патриота, выполнение которых, по убеждению ЫбырайАлтынсарина – смысл его жизни. Патриоту не суждена спокойная и беззаботная жизнь, его душа не успокоится до тех пор, пока он не внесет определенную «лепту» в общую пользу Родины, пока не увидит плодов своей деятельности. Приобщить свой народ к общечеловеческой культуре, видеть свою родину могучей, культурной – мечта казахского мыслителя.

По глубокому убеждению Ыбрая Алтынсарина, радость жизни в труде, и только благодаря труду человек достигает своей желанной цели. Призывая людей избегать тунеядства, паразитизма и безделья, ЫбырайАлтынсарин в своих рассказах «Как можно разбогатеть» и «Кипчак Сейткул» показывает, что безделье унижает человеческое достоинство. В рассказе «Чистый родник», в котором один из путников цель жизни человека видит в труде и дает совет: «Ты, человек, тоже, не переставая,

работай... не предавайся лени, если будешь поступать так, то в конце концов будешь великим и достигнешь цели».

Я рассказала о внешней канве жизни Алтынсарина. Но простой перечень событий дает преодолеть ему, в каких обстоятельствах пришлось действовать. В ту пору в Казахстане не было, по существу, никакой системы образования. Ничтожно малое число казахских детей обучалось в русских школах, еще какая – то часть - в религиозных училищах.

Ыбырай Алтынсарин однозначно считал, что просвещение лежит в основе прогресса всех сторон общественной жизни. Именно знание позволяет просвещенным народам создавать жизненные блага, строить процветающее общество, а невежество и отсутствие знаний делают человека беспомощным перед судьбой слишком мало для того, чтобы понять, какие реальные трудности пришлось

И только тот, кто без устали стремится овладеть наукой и знаниями, может быть спокоен за свою жизнь. Такими простыми и понятными для людей словами он пытался довести до их сознания идею необходимости образования, приобретения истинных знаний путем обучения в светских школах, дающих полезные для жизни уроки, а не забивающих головы учеников, школу не нужной схоластической ерундой. Что же касается невежества и так называемого религиозного образования, то они не могут дать нечего, кроме застоя, средневековой отсталости и даже попятного движения.

Он утверждал, что профессия педагога - одна из самых замечательных, но в, то, же время – одна из самых трудных. Настоящий педагог - это учитель и воспитатель в одном лице. Учителю в школьном деле Алтынсарин отводил ведущую роль: «Для народных школ учителя составляют все; с ними не могут сравниться ни прекраснейшие педагогические руководства, ни правительственные распоряжения, ни тщательный инспекторский надзор...» [4с.247] Педагогическому процессу свойственны противоречивость, динамичность, скачкообразность, и поэтому стать педагогом в полном смысле этого слова может не каждый.

Сегодня многие ученые- теоретики, а так же практикующие педагоги сходятся во мнении, что основной целью педагогического процесса является воспитание и формирование всесторонне развитой, творческой, активной, физически здоровой и высоконравственной личности. На этом мнении сходятся многие педагоги. Он писал «Учитель как воспитатель должен обладать удивительным качеством полюбить всей душой школу, всеми силами отдаваться своим обязанностями, имея дело с детьми, уметь общаться с ними не раздражительно и терпеливо. Чем бодрее дети, тем больше учитель окажет правильное влияние на учеников, тем успешнее пойдут и занятия».

Таким образом, изучая педагогическое наследие казахского просветителя, поражаешься, что педагогические идеи, высказанные почти 150 лет назад, актуальны и на сегодняшний день. Думал ли он, что образование шагнет так вперед, он не терял свое здоровье, потратил почти всю свою жизнь, чтобы увидеть свой народ образованным. И сейчас можно уверенно сказать, что свою трудовую жизнь он прожил не зря. Люди через года пронесли память, благодарность перед его заслугами.

Его этика – это этика народа, и носит она практический характер. Наследие Алтынсарина полезно для современности с определенными коррективами на время. Его этические рассуждения не вскрывают коренных основ нравственности, им свойственна ограниченность. Однако, как исторический материал, необходимый для формирования нового человека, этические воззрения Ыбырая Алтынсарина бесспорно обогатят наши представления о нравственности. Таким образом, по Ибраю Алтынсарину, основу нравственности составляет образование и воспитание: «Только постоянная забота и нравственное воспитание формирует в ребенке самые лучшие нравственные качества», «хорошо воспитанный ребенок впоследствии остается добропорядочным человеком» [6,с.47]. Таким образом, можно с полным правом утверждать, что провозглашаемые в прошлом столетии Ыбыраем Алтынсариним, Чоканом Валихановым, Абаем Кунанбаевым моральные нормы, осуждающие с одной стороны подлость, нечестность, распутство, безволие, лень, злобу, и с другой стороны - возвышающие любовь к труду, самоотверженную борьбу за интересы народа, честность, справедливость, ответственность, упорство в изучении науки, их высшие этические идеалы не только не утратили своего значения в наше время, а приобрели новую силу звучания и требуют самого пристального изучения и овладения, прежде всего учащимися. Одна из главных задач сегодня - воспитание поколения, хорошо знающего традиции родной культуры, любящего историю своего народа - поколения, которому можно доверить будущее страны.

Это означает, что наш долг воспитать молодых казахстанцев в духе патриотизма, любви к родному народу, - сказал Президент. Также наш долг - учить молодое поколение ответственному

отношению к истории своей страны, нашей государственности, ответственности за настоящее и будущее Казахстана. Только так мы взрастим патриотов.

Список использованной литературы:

1. Ы. Алтынсарин. Собрание сочинений в трех томах. Издательство Алма – Ата. 1976 год
2. Сулейменов Б. С. Жизнь и творчество Ибрагима Алтынсарина (1841 –1889). – В кн.: Алтынсарин И. Избранные произведения. –Алма–Ата, 1957, С. 5–40.
3. М.А. Ауэзов, «Собрание сочинений в двадцати томах». «Жазушы», 1985, т.20 - С.26.
4. <https://ru.wikipedia.org>– Википедия свободная энциклопедия
5. Джумагулов, К. Т. Ибрай Алтынсарин и развитие культуры казахского народа. – Алма-Ата. – 1984 г.
6. Сайт – new tams.kz
7. Сайт – E history

ӘОЖ. 82.225

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ХІХ ҒАСЫРДАҒЫ КӨРКЕМДІК ДАМУЫ МЕН ЗЕРТТЕЛУІ

ПЕРТАЕВА Э.Қ.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының доценті, ф.ғ.к.,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ЖАҢАБАЕВА Қ.Ғ.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының студенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается художественное развитие и изучение казахской литературы в XIX веке.

Summary. The article examines the artistic development and study of Kazakh literature in the 19th century.

Қай дәуірдің болмасын әдебиетін көркемдік даму жөнінен қарастыру – сол кезең әдебиетінің әрбір жеке өкілінің шығармашылық ерекшелігін, нақтылы бір ақындық топтың шығармашылық дәстүрін, белгілі бір кезеңдердің саяси бағдар, беталысын, т.б. әрқилы көркемдік негіздерді мүмкіндігінше тұтас қамтып қарастыру.

“Әр дәуірдің өз шындығы бар. Бұлар бірін-бірі қайталамайды. Олай болса, әр дәуірдің шындығын сәулендірген шығармалар да бірін-бірі қайталамайды; тектері мен түрлері ұқсас болғанмен, Шекспир трагедиясы Мүсірепов жазған трагедиядан, Бальзак романы Әуезов романынан, Абай поэзиясы Жансүгіров поэзиясынан өзге екені даусыз. Мұны да историзм принципінен қарағанда ғана аңғарамыз. Міне, осы өзгешеліктерді ажырату әрекетінің өзі жанр мәселесін тарихи тұрғыдан толғауға әкеледі.

Әр халықтың әдебиеті ол өмір сүрген тарихи дәуірлердің әр кезеңінде әр халде, әр қалыпта болып отырады. Әдеби процесс дегеніміздің өзі – осы.

Көркемдік дамудың әдеби процестен танылатын құбылыстары алуан-алуан: бірін әдеби шығарманың тақырыбынан аңғарсақ, бірін идеясынан, енді бірін адам образынан аңғарамыз. Әдеби жанрлар тағдыры да осы құбылыстарға тығыз байланысты. Мұның егжей-тегжейін күллі әдеби құбылыстарды тарихи тұрғыдан топшылау, талдау арқылы ғана білуге болады”, – дейді академик З.Қабдолов [1, 306 б.].

XIX ғасыр әдебиетінің қазақ әдебиеттану ғылымындағы зерттелу, зерделену нәтижелері жалпы қазақ сөз өнерінің теориялық тарихын жасауда негізгі тиянақ, тұғыр болып келе жатыр десек – асырып айту емес. Қазақ әдебиеттану ғылымының іргелі абайтану, махамбеттану, жамбылтану, айтыстану, т.б. арналары XIX ғасырдың әдебиет фактісі негізінде өрістеді.

Халқымыздың киелі өнері, қашанғы қадірлісі, ең астам, ең асқан байлық-қазынасы – Сөз өнері XIX ғасырда аспан асты, жер үстінде өзін ешкімнен артық та, кем де санамайтын, кең кеуде, ақ пейіл, ашық жүрек, жүзі нұрлы қазақ жұртын жана бір сырмен баурап, өзгеше бір күймен әлдиледі...

Қазақ әдебиетінің көркемдік даму өрісі бір жарым ғасырға жуық уақыттан бері ғылыми айналымда келе жатыр. Қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасып, дамуында XIX ғасырдағы сөз өнері ұланғайыр мәтіндік нұсқалармен, жеке шығармашылық тұлғалардың айқын машық, тәсілімен, түрлі көркемдік бағыттардың жанрлық, стильдік өзгешеліктерімен айрықша әдеби нысан болды. XIX ғасыр әдебиетіндегі көркем нұсқалардың жанрлық жаратылысын, тарихи негіздерін ашу, тану бағытындағы зерттеулер қазақ әдебиетінің теориялық тарихын (А.Шәріп) жасаудағы негізді, мәнді ғылыми тұжырымдамаларға ұласты.

Әдебиет тарихының мәселелері түпкілікті қозғала бастаған жиырмамыншы ғасырдың басынан бері XIX ғасыр әдебиеті айрықша назарда болды.

Бұл дәуірдің әдебиет үлгілері, оның туу, жасау себептері тек қана сырт мазмұндау емес, көркемдік негіздермен дәлелденіп, айғақтала бастады. XIX ғасыр әдебиетінің сан-саласы, оны туғызушылардың өмірбаяны, шығармашылық мұрасы ғылым назарына ілікті. Өкінішке орай, түрлі саяси қаулы-қарар; әдеби мұраны әрі тартып, бері тартып саясаттың, идеологияның көкпарына айналдырған тұста көркемдік әлем, сөз өнері жайлы ғылым жалаңдыққа, жасандылыққа барды. Тоқтамасқа да тоқыраған сәттері болды. Ол құбылыстардың XIX ғасыр әдебиетін танып, таратуда да өзіндік кері әсерлері болды. Сонау ғасыр басында ғылыми негізі қаланған таным көбіне саяси, мазмұндық талдау, бағаның тасасында қаға-беріс қала берді.

XX ғасырдың басында Х. Досмұхамедұлы халық әдебиетін көркемдік жөнінен жіктеп отырып, XIX ғасыр әдебиетінің бір қырын көрсетер мына бір жайларға тоқталады.

“...Кейбір мәліметтерге қарағанда бұндай авторлық XIX ғасырдың бірінші жартысынан басталады деп жобалауға болады. Бұл қазақтың жазба әдебиетінің басталуы. Қазақтың жазба әдебиетінің негізін мұсылманша оқыған, сауатты ақындар салғаны сөзсіз. Сондықтан да жазба әдебиеттің алғашқы үлгілерін халық поэзиясының діни және ғибраттық түрлерінен іздеу қажет” [2, 33 б.]. Х. Досмұхамедұлы әдебиет тарихындағы XIX ғасырда басталған тағы бір елеулі жайды атап көрсетті.

“Халық әдебиеті” XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап жүйелі түрде хатқа түсе бастады. Әдетте оны қызығушылар мен Радлов, Потанин, Ильминский, Мелиоранский сияқты шығыстанушы мамандар жазып алды. Қазақ халық әдебиетінің нағыз жинаушысы этнограф Әбубәкір Ахметжанұлы Диваев болды. Қырық жылдан астам уақыт бойы ол шаршамай-талмай қазақ халық әдебиеті үлгілерін жинады, жүйеледі және орыс тіліне аударды”. Диваев соның 86 баспа табағын революцияға дейін орыстың түрлі журналдарында бастырған.

Халық әдебиеті үлгілерін Омбыдағы орыс оқымыстыларының, зиялыларының тапсыруымен Шыңғыс Уәлихановтың, Шоқан Уәлихановтың жиыстырғаны белгілі. XIX ғасырдың соңына қарай қазақ тіліндегі баспасөзде “Түркістан уәлаятының газетасы”, “Дала уәлаятының газетасы” беттерінде әдебиет материалдары, оларға қатысты пікір, сыни ойлар жарияланды. Яғни әдеби өмірде жазбаша әдеби сынның туа бастағаны да осы уақыт.

Орыс тіліндегі басылымдарда, қазақ тіліндегі басылымдарда Алекторовтың, Диваевтың, Радловтың, Лютштың еңбектерінде әдебиет үлгілері жарық көріп жатты.

XIX ғасырдың соңын ала, төңкеріске шейін Қазанда көптеген өлең кітап, жинақтар басылып шықты. Дулаттың “Өсиетнамасы”, Шортанбайдың “Бала зары”, түрлі қиссалар. Бұл құбылыстардың барлығы әдеби үрдістегі ауыс-түйіс өткен сырт уақиғалар, фактілер болса, әдебиеттің ішкі ісінде, көркемдік шеңберлерінде де өзгеріс, жаңару, даму тенденциялары аса күшті байқалды. Қазақ өлеңі жаңа түрлер жасады. Оның басында Махамбет, Дулат тұр. Бұл құбылыс Абаймен жалғасты. Жаңа жанрлар туды. Европалық мәндегі жаңа жазба әдебиет қалыптасты. Мысал, сықақ, сатира жанры жаңғырып, жанданды. Поэма туды. Сырлы да нұрлы лирика толысты. Сал-серілер өнері шарықтады. Айтыстың мәні, мазмұны тереңдеді. Поэманың алғашқы нысандары көрінді. Тарихи жырлар туды.

“Біздің білуімізше, зар заман ақындарынан бастап біздің әдебиет екінші жікке қарай ауысады. Бұдан бұрын қарастырған әдебиет жұрнақтарының барлығын ауызша әдебиет десек, мыналарды жазба әдебиеттің басы деу керек. Не болмаса қазақ топырағында ең алғашқы жазба әдебиетті туғызған анасы осылар деу керек.

...Жаңағы зар заман ақындарына осы белгінің жалғыз өзін алып қарасақ, ақындар жазып айтпаса да, орта буыннан бастап, соңғыларының барлығы да жазып сөйлейтін болған” [3, 193 б.].

Ал Әуезовтің мына бір тұжырымы XIX ғасыр әдебиетіндегі аса елеулі көркемдік төңкеріс өткенін көрсетіп жатыр емес пе. Сол көркемдік құндылық жөнінде кейінде біздер саясаттың ықпалымен көбірек сөйледік. “Осындай ақын шығып, көптің жайылып жүрген бетінен бөлек бір жаңа бейнелер тауып, қалың елге жаңа өріс, жаңа жайылыс табамыз деген ниеттер туған соң, бұл елдің әдебиетінде ең алғашқы бағыт, мақсат деген нәрселер туды. Жақсылыққа бастасын, қайда тартса да, әйтеуір өз

халқының бұрынғы халіне қанағаттанбай жаңалықты іздеп, “бастаймын, түзеймін, қазіргі күйге қанағаттанбаймын” деген күй беріліп, алғашқы рет тұтасқан ой құралып, әдебиет жүзінде елдің, әлеуметтің тіршілігі сөз бола бастаған соң, жазба әдебиет дәуірі туа бастады да есептеу керек. Ауызша мен жазбаша әдебиетінің арасын бөлетін белес, кезең осы” [3, 192 б.]. М. Әуезов түрлі саяси күйдің әдебиетке жаңа сарындар әлеуметшілдік, азаматтық бағыт әкелгенін айтты.

XIX ғасыр әдебиетіне байланысты Сәбит Мұқанов 1942 жылы мынадай тұжырым жасады: “XIX ғасыр әдебиетінің дәуірлері одан бұрынғы ғасырлардың әдебиет дәуірлеріндей көмескі емес, айқын, ашық. Мәселен: XIX ғасырдың алғашқы жартысында ұлт бостандығын жырлайтын әдебиет жасалды. XIX ғасырдың 50-70-жылдарында “Зар заман” әдебиеті басым болды, XIX ғасырдың 70-жылдарынан бастап просветительдік (мәдениетке үндеуші) әдебиет туды.

XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті көп жанрлы, көп түрлі бай рухани мұра. XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті негізінен орыс отаршылдығы түрлі саяси-экономикалық актілерді жүзеге асырған кезеңде туып қалыптасты.

«XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің көркемдік негіздері жайлы А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, М.Әуезов, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Ә.Қоңыратбаевтың тұжырымдамалары негізінде ол әдебиетті әрі қарай зерттеу – ғылым мүддесі» [4, 17 б.].

Қазақ хандығы дәуірінде әдебиет негізінен дәстүрлі жыр, толғау, жыраулық поэзия түрінде дамыды. XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінде де дәстүрлі жыр үлгісіндегі жанрлар жасалып дамыды. Сонымен бірге жаңа өлең түрлері туып дамыды.

Мақалада XIX ғасыр әдебиетінің негізгі даму бағыттары атап көрсетіле отырып, негізінен, XIX ғасырдағы дәстүрлі әдебиет үлгілерінің жанрлық даму жөндері арнайы қарастырылды. Атап айтқанда, XIX ғасырдағы қисса-дастандар, айтыс өлең, ән өлең, тарихи жырдың жанрлық даралық сипаттары, қазақ әдебиеттану ғылымындағы зерттелу тарихы, зерттеу проблемалары арнайы қарастырылды.

Арнайы зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, қарастырылған мәселелер бойынша мынадай тұжырымдар жасалынды.

– XIX ғасыр әдебиетінде бірнеше әдебиет үлгілері, түрлі әдеби ағым, бағыт қатар жасады. XIX ғасырдағы қазақ көркем сөзінің негізгі арналары – айтыс өлең, ән өлең, тарихи өлең, зар заман өлең, еуропа үрдісіндегі жаңа жазба өлең, аударма әдебиет, нәзира әдебиет.

– Ежелгі нәзира дәстүрінде таралған қисса-дастандар – XIX ғасырдағы діни ағартушылықтың ықпалды арнасы. В.В. Радловтың кітаби өлең – діннің ұрығы, ислам ілімін таратуды мақсат тұтады деген пікірі орынды.

XIX ғасырдағы қазақ руханиятында нәзираның өлшеусіз ықпалы болды. Нәзирагөйлік өріс берген әдеби, мәдени, рухани ағым ұлт болмысын даралай түсіп, қоғамдық сананы қозғалысқа түсірген ықпалды құбылысқа айналды.

Қорыта айтқанда, XIX ғасырдағы жаңа жазба әдебиеттің туып, қалыптасуында, түр, сапа жөнінен байып, кемелденуінде, Абайдың ақындық мектебінің орнығуында шығыстың қисса-дастандардың өзіндік орны болды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 366б.
2. Досмұхамедұлы Х. Аламан. – Алматы: Ана тілі, 2008. – 176б.
3. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Жазушы, 2013. – 240б.
4. Ысмағұлов Ж. Абай: ақындық тағылымы. – Астана: Фолиант, 2005. – 279б.

ӨОЖ. 82.512

ҚАЛИХАН ЫСҚАҚОВ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ЖАСТАР БЕЙНЕСІ

ПЕРТАЕВА Э.Қ.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының доценті, ф.ғ.к.,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

МАНАТБЕК Т.Ж.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының студенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается образ молодежи в прозе Калихана Искакова.
Summary. The article examines the image of youth in the prose of Kalikhan Iskovov.

Қалихан Ысқақовтың көркем прозасы сөз болғанда бірден оның көркем тілі сөз болады. Суреткердің өзіндік даралық стилі барлығы ғылыми ортада мойындалған. Бір қызығы сол ерекшеліктің барлығы айналып келіп оның көркем тіліне саяды. Бірақ, суреткер Қалихан Ысқақовтың шеберлігі бір мәселе шеңберінде ғана ма, әлде бірнеше мәселе төңірегінде қарастырған жөн бе екен. Зерттеушілер суреткер диапазонын тарылтпағаны дұрыс. Ал, автор өз шығармалары турасында қандай пікірде боламын десе де құқылы. Бірақ ол зерттеушіге әрқашан да бағытбағдар бола алмайды. Қазіргі кезеңде реалистік категориясы төңірегінде пікір айту сондай өзекті болып тұрған жоқ. Дегенмен де бүгінгі ортаға салар ой осы көркемдік категория аясында болмақ. Реализмге академик Зәки Ахметов мынадай анықтама береді: «Реализм - әдебиет пен өнердегі кең қанат жайған, өмір құбылыстарын бар қалпында, нақтылық сипатбелгілерін сақтай отырып, жинақтап, тұжырымдап, шыншылдықпен бейнелеуді мақсат ететін көркемдік әдіс. Реализм әдісі күнделікті тұрмыстағы сан алуан жайларды мейлінше кең қамтып, әлеуметтік өмірдің қайшылықтарын терең ашып көрсетуді, қарапайым адамдардың бейнесін сипаттауға жете назар аударуды талап етеді» [1, 293б]. Міне, осы пікірде категорияның мейлінше терең табиғаты ашылған. Бұндай талапты әрбір жазылған шығарма көтере алмасы анық. Ал, жазушы Қалихан Ысқақовтың жөні бөлек. Мәселен, «Ағайындар» хикаятын алайық. Бұл шығарманың шынайылығы сонда, әр зерттеуші өзінше талдап, әр тарихи кезең өзінше интерпретация жасаса да құндылығын жоймақ емес. Соның екі бағытын алайық. Біріншісі, сол кезеңнің шынайы бейнесі. Сол кездегі өмір. Қазір де сәл өзгешелігі болмаса солай өмір сүріп жатыр. Екіншісі, Түркілердің алтын бесігі Алтайдың қазір кімдерге мекен болып отырғаны. Бір кезде тәңірге табынған алтын айдарлылардың ұрпағы аузынан сарымсақ пен самогонның исі мұңкіп, лесопилкада(Алтайдың тамырына балта шабушылар) бастық. Ол да сырттан келуші қатарына еніп үлгерген. Кейін келген, бірақ сол жердің тұрғылықтысына айналған кейіпкер бейнесіне тоқталсақ: Салған екі қапты діңкитіп ұзынынан төсеп қойып, қауға сақал арба үстінде талыстай сұлап шіреніп жатыр. ...Тегі батырың самогонды стақанмен сылқита тартып, артынан сарымсаққа тыңқия тойып алған болу керек. Бұл екеуі қосылған соң иіс-қоңыс болмай тұрсын ба...[2,43б].

Әлеуметтік, тарихи, психологиялық, адамгершілік тағы басқа көпүнді полифониялық сұраққа осы портреттің өзі ғана реалистік контексте жауап беріп тұр емес пе. Күлесіз бе, жылайсыз ба ол өз еркіңіз. Алтайдың сол кездегі шынайы қожайындарының, тұрғылықты бола бастаған адамдарының кейпі. Бұндай кейіпке түсірген кім? Қоғам ба, әлде дәстүрі ме? Сан-мың сұрақ қойып жауап іздей беріңіз. Суреткер сізге жауап бермейді, мәселелерді, басқаша айтсақ проблематикаларды алдыңызға жайып салады. Ойланыңыз. Бұл мәселелер Алтайда бүгін де өзекті. Жауап іздеңіз. Суреткер шеберлігі, реалистік категория құдіреті осында жатыр. Ал осында, екі ұдай күйге қалдыратын, яғни қорқытатын, немесе аяныш тудыратын кейіпкерді қоршаған табиғатты суреткер қалай суреттейді: «Көктемнің нағыз кемеліне толған бұла шағы, Алтай бөктері көкжасыл көрпесін айқара жамылып гүл-жапыраққа бөленіп жатыр», немесе «Жыланның ізіндей ирелендеген тастақ жол қолат-қолатты қуалап Алтайдың үңірейген меңіреу шатқалына көтеріліп келеді» [2, 41б]. Қайран Алтай, Кенді Алтай, Өр Алтай, Таулы Алтай делініп бөлекбөлек бөлшектенгеніңмен қоса, шын жанашыр таппай, жаралы күйде жатырсың. Қалихан Ысқақов соны бұрын да байқаған, қазір де көріп жүр. Суреткер «Түркістан» газетіне журналист Гүлзина Бектасоваға берген сұхбатында былай дейді: «— Жоқ. Тек творчествомен айналысам деген мақсат менің ойымда да жоқ. Елде отырып, бірдебір дүние жазбаппын. Елден алыста отырып, елді сағынып отырып, жазуға болады. Алматыда отырып елді жазамын. Ал елге жиі баратын себебім, ел тозып кетті. Алтайдың орманы, аңы, бәрі тонауға түсіп, быт-шыт болды. Соған бір шаруа істеу керек болды. Ұлттық паркті ұйымдастыру үшін біраз жыл сабылдым. Қонақ үйлер, жол салынып, туристік орындар ашылу керек. Оған қаржы бөліну керек. Сонда ауданда жұмыссыз жүрген бір адам қалмайды деп үміттенеміз. Ең бастысы – халықаралық конвенция мемлекеттік шекараның қауіпсіздігіне кепілдік береді» [3, 5б]. Алтаймен жазушы бірігіп кеткен. Сондықтан, реалды өмірде қандай қорған болса, көркем шығармада да оның шынайы бейнесін жасайды. Көркем шығарманың объектісі адам және оны қоршаған табиғат пен әлем деген сұрақтарға жауап іздейді. Оқырманды осы бағдарда әріптестікке шақырады. Алтай өңірінде кездесетін шынайы құбылыс. Қазіргі тәуелсіздік жылдары мемлекеттік тілді қалай өрістетуді білмей отырғандарға сол елдің азаматтары келгендерді қалай сөйлетіп жіберді. Соны тексеріп зерттесе артық болмас еді. Көркем шығармада ұлттық идеологияның ұшқыны болса ол таза саясат емес, ұлттық характердің көрінісі. Сол ұлттық характер қалай көрініс табады. Оның қозғаушы күші кім. Дархан

көңілімен өзіне қаратқан, келгендерді қазақша сөйлеткен көп елдің азаматтарының бірін суреткер қалай берген: «Ебелеңдеген бір адам кірген бетте үйге тура тартты. Есіктің тұтқасына жабыса беріп, «Әй, Есләмбісің, ей» - деген Афанасийдің ту сыртынан шыққан үніне селк етіп, артына бұрылды: - Опанас?! - Иә... Қараңғыда баппен бір басып, екі басып біздің үстімізге үңірейіп кеп тоқтады. - Бұл не жатыс? - Жатыстың қандайы болушы еді? Адасып жүргеннен сауымысың өзің? - Ауыл үйдің асын аңдуға күндіз қол тимейтін болған соң, түн баласында адақтап келе жатқаным да. - Ой сорлы-ай, ішіп-жеуден кенде едің» [2,486]. Ұлтына, затына қарамай гармонияда өмір сүріп жатқан, реальды өмір сүріп жатқан ауыл адамдары. Афанасий келген елдің тілін, дәстүрін меңгерген, құрметпен қарайды. Есләм болса дархан көңілімен сыйлата алған. Жазушы саясатқа бұрып бәрі қазақтың тілін білгендіктен түгел қазақтың салт-дәстүріне еніп кетті демейді. Мәселен, жас бригадирге Метрей шалдың су беру сәтінде ол толық ашылады. Қанша сыйлап тұрса да сырт адамның су ішкен ыдысын лақтырып жіберуі олардың өз дәстүріне берік екенін көрсетеді. Реалистік әдістің ерекшелігі сонда өмірде кездесетін озық үлгілерді алады. Ендеше, көркемдік әдістің ішінде реалистік әдістің де алатын орны ерекше. Оны Қалихан Ысқақов өзінің «Ағайындар» атты хикаяты арқылы дәлелдеп берді. Дегенмен шығарманы бір реализмге байлап қоя алмайсыз. Жоғарыда айтылған проблематиканың бұл бір қыры ғана.

Қалихан Ысқақовтың жазушы ретінде тағы бір ерекшелігі өз шығармасын қайта қарап, толықтырып, қайсыбір жерін өзгертіп оқырманына ұсынатыны бар. Тіпті кейде шығарманың атын да өзгертіп жібереді. Мәселен, біз шолып өткен шығарма «Ағайындар» хикаяты. Кейіннен осы шығармасын жазушы «Аюлыда да адам бар» деген атқа өзгертті. Біз алғашқы тақырыппен өзгермеген сәтін реалистік категориясы аясында саналы түрде қарастырдық. Шығарма тұтас бір көркем тұтастық десек алғашқы нұсқасын аттап өту жарамас деп түсіндік. Кеңейтілген, тақырып аясы, концепциясы толыққан «Аюлыда да адам бар» хикаяты да өзгерместен Алтайдың табиғатын суреттеумен басталған екен: «Көктемнің нағыз кемеліне толған бұла шағы, Алтай бөктері көк жасыл көрпесін айқара жамылып, гүл-жапыраққа малынып жатыр. Ойдым-ойдым жазықтар мен жотабел біткеннің жонарқасын соқа түрені тілгілеп, атыз алабын молайтып, талай ауқымға үркітіп апарып тастапты. Көктемгі егісті аяқтап, шаруа қолының қалт еткен шағы. Осыдан біраз күнгі ұзақ сабылыстан тынышы кеткен өлке де, мазасы қашқан табиғат та бүгін уһ деп сұлық түскен тәрізді. Салыңқы рен, маужыраған өлі тыныштық бар» [4, 496].

Жазушы табиғат бейнесін суреттегенде ерекше шебер. Және де әрбір суреті бірінбірі қайталамайды. Уақыт мерзіміне қарай түрленіп өзгеріп отыратын табиғат-ананың бейнесін айнытпай суреттейді. Мәселен қаншалықты табиғаттың толымды бейнесі бар десеңізші. «Бұла» сөзі көктемнен жазға ауысар шақтағы табиғаттың жеміс берер шағына жақындаған, кейіптеп айтсақ «бойжеткен» уақытын бейнелеп тұр. Табиғатты суреттеу, оның көркем шығармадағы орны туралы академик Зейнолла Қабдоловтың пікірі тереңдігімен өзіне назар аудартады: «Табиғат демекші, кітаптың пейзажды беттері қағаз емес, нақ тірі табиғаттың өзі. Адамды үйден алып шығарып алып кетеді. Бір жерде ақ кірпік боранға кіріп адасып кетеміз, енді бір жерде ауадағы дымқыл сыз бетке тиеді, тағы бір жерде ай нұрына малынып, ағаш арасында жүреміз, енді бірде маңдайымыздан шағырая қадалған күнге қолымызды қалқалаймыз...» [5, 1446]. Табиғаттың «Абай жолы» эпопеясындағы құдіретін ғалым осылай көрсетеді. Қалихан Ысқақовтың талай тіркесінде қаншалықты табиғаттың нақты суреті берілген. Хикаяттағы оқиғаны бірінші жақтан бейнелейтін жазушының өз мәнері бар. Шығарма сол Алтайға бет алған жас маманның көзімен бейнеленеді: «Қайда салса сандалып жүре беретін қақпайшыл өгіз сияқты бойдақ дегенің бір бейкүнә жан ғой. Кеше ғана аудандық ауылшаруашылық бөлімінде нұсқаушы болып, әркімге «ақыл» айтып, сіберси басқан жайым бар еді. Бүгін, міне, мынау бір қауғасақалға еріп, Аюлы деген жыраққа салып-ұрып келемін. Амал қанша, салт басты, сабау қамшының көрген күні осы енді. Өзіме де обал жоқ. Басқаны қайдам, әйтеуір, өзімнің жұртпен тұзым жараспай-ақ жүр. Қайда барсам да қоныс тебе алмай, байдан шыққан әйелдей жылыса бергенді мен де қоймадым, онықы-мұнықы деген сылтаумен алдап-сулап сырғытып жіберуден басшылар да жалықпайды» [4, 496]. Жас маманның, әсіресе бойдақтың басындағы жағдайды түйіп айтып, барлық мәселені түйіп тастайтын шеберлігін жазушы осы жерде тағы байқатады. Атап айтсақ, бойдақты «қақпайшыл өгіз» деуі жазушы небір сюжеттің өзекті мәселесін текшелеп қойған тастай тенеулер арқылы береді.

Қалихан Ысқақовтың психологиялық астары терең шығармасы «Беу, ақсақ дүние...» деп аталады. Бұл шығарма кейіпкерлерінің тарихи негізі де жоқ емес сияқты. Жалпы суреткердің көптеген шығармаларының тарихи прототиптері бар. Бірақ оған қарап, ол өмірдегі адамдарды алып статистикалық ақпаратты эссе жазды деген ұғым тумау керек. Қалихан Ысқақовтың қай шығармасы болмасын, ең алдымен көркемдік қуатымен ерекшеленеді. Басқаша айтсақ, көркемдік заңдылықтар ол

шығармаларында сақталған. Яғни, жинақтау мен даралау, көркем шығармаға тән өзіндік интерпретация қашанда эстетикалық қуатымен көрініс тауып отырады. Шығарма көркем шығармаға тән барлық құрылымдық факторларды қамтыған. Суреткер ұлттық дүниетанымдағы терең дәстүрге, салтқа күнделікті шынайы өмірдегі адамдардың қарым-қатынасы арқылы келеді. Оны өмірден бөлектемейді. Ол үшін ұлттық дәстүр қандай да болмасын өмірдің өзінен көрініс табуы керек. Дәстүр сөреде тұрған зат емес. Бір ауылдағы ұрпақ жалғастығы да сана тазалығына апаратын феномен. Сондықтан да қазақта қайсыбір ауылды «қырық ру» құрама деп жатады. Ауылдың тұтастығы, елдің тұтастығы деген идеяға саяды. Қалихан Ысқақовтың әрбір туындысы сюжет ширақтығымен, көркемдік және эстетикалық қуатымен, даралық мәнерімен ерекшеленіп тұрады.

Автор шығармаларының басты ерекшеліктері ретінде, философиялық тереңдікті, қазақтың бай тілін асқан шеберлікпен, нәзіктікпен құлпырта, түрлендіре пайдалануынғы ұлтымыздың бейнелі сөз тіркестерін, халық даналығын, ділмарлығын, шешендігінің орайын тауып келісті қолдануын, кейіпкерлер тағдыры арқылы қоғамдағы, қоршаған ортадағы күнгей мен көлеңкелі жақтардың шынайы көрініс табуын айтар едік.

Жазушы өзі өмір сүріп отырған дәуірдің жемісі болғандықтан, шығармаларының тақырыптары мен идеялары, негізінен сол қоғамның тыныс-тіршілігін, өзі өмірден көрген, көңіліне түйген, жүрегімен сезінген өмірлік, дүнияуи құбылыстарды көркемдік шындыққа айналдыруынан айқын байқалады.

Сол себепті де, жазушы өзі жетік білетін, қазақ халқының ұлттық салт-санасының, әдет-ғұрпының, қадір-қасиеттерінің баға жетпес қазынасы, алтын ұясы болып есептелетін ауыл өмірін, соның ішінде, Алтай қазақтарының, орманшыларының өмірін, өр Алтайдың ғажайып сұлулығын, өзіндік табиғатын, адамның түрлі драмалық жағдайларын, тербеніс-толғанысын, динамикасын табиғат-анамен біртұтас бірлікте қарастырып, асқақ сезіммен, өршіл рухпен жырлайды.

Жазушы шығармаларындағы авторлық ұстаным тұрғысынан келгенде, Қалихан Ысқақ қай құбылысты да қаз-қалпында жеткізуді көздеген. Бүкпесіз, боямасыз, әсіре, әшекейсіз, тым бадырайтып немесе тым көлегейлеп жазу дейтін кенестік кезең әдебиетінде белгілі бір шақтарда бел алған, бетбұрыс болған жазу тәсіліне, идеологияның ықпалы қалыптастырған қасаң шығармашылық үрдістен бойын аулақ салады.

Қалихан Ысқақ туындыларында қазақ қоғамында өткен ғасырдың соңғы ширегінен бел ала бастаған рухани кембағалдық, ішкі жан әлеміндегі тоқырау жайларын кейіпкерлер арақатынасында көркемдік мәселе деңгейіне көтеруде де өзіндік шығармашылық пайым, авторлық концепциясын ұстанған. Мұның бәрі, айналып келгенде, қаламгердің шығармашылық тұғырын, өзіндік көзқарас-пайымын негіздей түсер тірек екені анық.

Жазушы шығармаларындағы Алтай өңірі адамдарының ұзақ жылдар бойы орта қалыптастырған, табиғи жағдайлар, табиғат ортасы мен қоғам шыңдаған бітімболмысы, тұтас тұлғасы да – Қалихан Ысқақтың қаламгерлік тұғырындағы мығым көркемдік тірек, айнымас қалып.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Ахметов З. Реализм. – 293 бет. // Кітапта: Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. (Құраст.З.Ахметов, Т.Шаңбай) – Семей-Новосибирск: Талер-Пресс, 2006, – 398б
- 2.Ысқақов Қ. Қоңыр күз еді: Роман, повестер. – Алматы: Жазушы, 1980. – 400 б
- 3.Ысқақ Қ. Ана тілім – жөргегімнен жерге кіргенше жинайтын байлығым. Сұхбат. «Түркістан» газеті. 10 наурыз. 2005 жыл.
- 4.Ысқақ Қ. Беу, ақсақ дүние... Хикаяттар. – Алматы: Раритет, 2004. –288 б
- 5.Қабдолов З. Жанр сыры. Ғылыми-сын пікірлер. – Алматы: Қазмемкөркемдебас, 1964. – 172б

ӘОЖ. 82.512

АБАЙ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ МЕТАФОРАНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

ПЕРТАЕВА Э.Қ.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының доценті, ф.ғ.к.,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ОСПАНОВА А.Б.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының студенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается исследование метафора в поэзии Абая.

Summary. The article examines the contribution of Akhmet Baitursynov to literary criticism.

Метафора – сөйлеу мәдениетінің көрінісі, образды ойымыздың дамуы мен қалыптасуының көрсеткіші. Метафора тарихы – халықтың тарихи, оның ой, сана тарихы. Метафора – мәдениеттің көрінісі. Орхон-Енисей ескерткіштері тіліндегі метафораларда ғасырлар тұңғығындағы көк түріктердің тұрмыс-тіршілігі, таным-түсінігі, ой, сана тарихы бейнеленген. Көне тарихи-мәдени мәтін (контекст) болған соң, онда жанама-туындыметафоралар көбірек табылуы заңды құбылыс.

Түркілік сөз күдірегін қадір тұтып, оны рухани күш ретінде таныған халық. Сөйлегенде бейнелі, астарлы метафораларды жүйесімен қолдана білген. Олардың ертедегі ойлау қабілеттері метафорада сақталған. Көне түркілердің метафоралы қазіргі түркі тектес халықтардың ортақ ойлау жүйесінің түпкі қазығы іспеттес. Халықтың өзімен жасасып келе жатқан байырғы сөздік қордағы сөздер метафоралға ұйытқы болған.

Абай шығармашылығы – адамзат даналығының таусылмас қазынасы. Бұл қазынаны ақтарған сайын тың жаңалықтар көзін тауып, сонау бағзы замандағы қазақ даласы мен қазіргі тәуелсіз Қазақстан халқын әлемдік мәдениетке жеткізу жолындағы рухани бастаушыны танитынымыз анық. Оның даналығы мен парасаттылығы, озық идеялары – Қазақстанды әлемдегі дамыған елдер кеңістігіне апарар лайықты жолға жөн сілтейді. Абай – бүгінгі дәуір тұлғасы.

Ұлы Абайды қазақ төл жазба әдебиетінің атасы деп танығанымызға ғасырға жуық уақыт өтті. Абайдың өмір сүрген ортасы, ақындық айналасы, батыс пен шығыс әдебиетінің ойшылдарына қатысты мәселелердің көпшілігінің басы ашылып, дәлелденіп жатыр. Біз Абайды шығыстың, әсіресе, орыстың классикалық әдебиетінің творчестволық тәжірибесі мен реалистік принциптерінен тағылым ала отырып, бүкіл әлемдік поэзияның деңгейіне көтерілді. Сөйтіп ол туған халқының мәдени тарихында тұтас дәуір құрады деп келдік. Ал ақынның алдында кімдер тұр деген сауалға жауапты алыстан іздедік. Олар батыстың Гете Байрон, Пушкин, Лермонтовтары мен шығыстың Фердауси, Науаи, Шамси және тағы басқалары. Абайға ең бірінші әсер еткен жыраулар поэзиясы. Ал жыраулықтан ақындыққа өткен дәуірден мысалға алатын болсақ, өзінен бір буын бұрын өмір сүрген Дулат, Шортанбай, Мұраттардың отты жырлары. Әсіресе, Дулат Бабатайұлының айшықты жырлары деп айтуымызға болады. Себебі, Мұхтар Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясының алғашқы нұсқасы «Абай жолы» романында Дулат деп беріп, оны Абайға ақылшы аға ретінде әдемі суреттеген. Оны көркем шығарма дейін десек, М.Әуезов өз сөзінде: «Абай өмірі мен «Абай» романының айырмашылығы жоқ. Романдағы адам, жер, су, уақиға бәрі дәлме-дәл. Сөйтіп, роман шын тарихшыға қосымша. Шын тарих – тарихи романға қосымша беріп отырады» [1, 146.]. Бұның өзі біздің сүйенген негізіміздің бір дәлелі. Дулат пен Абай жайлы сөз қозғағанда, біздің келіп тірелетін жеріміз Абайдың «Біреудің кісісі өлсе, қаралы–ол» деген өлеңіндегі:

Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау,

Өлеңі бірі – жамау, бірі – құрау.

Әттең, дүние-ай, сөз таныр кісі болса,

Кемшілігі әр жерде-ақ көрініп тұр-ау! –

деген тіркестер. Осыны негізге алған кейбір ғалымдар Дулатты Абайға маңайлатқысы келмейді. Бұл сауалға сыншы Т.Шапай былай деп жауап береді: «Абай – Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырауды бекерге ауызға алмайды. Бұлар – сарай ақындары емес. Абай жек көретін, ел ақтап өлең айтқан, сөз қадірін кетірген қатардағы өлеңшілер емес. Бұлар күмәніңіз болмасын – Абай үшін, өзінің алдында өткен қазақ ақындарының ішіндегі ең қадірлі есімдер. Бұқар, Дулат, Шортанбайды – «мансұқтау» – таза эстетикалық тұрғыдағы «терістеу». Бұл айталық, Шортанбай, Дулат шығармаларының әлеуметтік сипаттарын, өзіндік шындығы мен әсемдігін жоққа шығару емес. Жаңа поэтиканың туғанын жариялау. Осы фактіні жұрт санасына сіңіру үшін нақ солардың беделдері қажет болды деп түсіну керек» [2, 153б.]. Ал профессор М.Мырзахметов «Екі күймек бір жанға әділет пе?» деп аталатын мақаласында: «Қазақтар арасында кеңінен танылған Дулат жырау шығармаларын Мәулекей қазақ ішінде молдалық етіп жүрген жылдарында жинастырғанға ұқсайды. Осы тұста мұсылмандар арасында панисламистік уағыздың кең өріс алуына орай ол 1880 жылы Шал ақынның, Шортанбайдың және өзінің өлеңдеріндегі ақырет қамы, ақыр заманды жыр еткен туындыларын жамап-құрап, тіпті текстологиялық жағынан өңін айналдырып, бұлар Дулат өлеңдері болмаса да, Дулат атынан «Өсиетнаманы» жариялатып жібереді. «Өсиетнамадағы» діншілдік сарын тіпті патша өкіметінің цензура комитетін сескендіруі себепті, олар кітаптағы көптеген өлең жолдарын алып тастап, кей беттерін тергізіп, қайта өзгерткізуіне (ЦГИАЛ, фонд – 777, опись 3, 1880, дело №10, л. 182-184) көп нәрсенің астарлы сыры жатыр. Яғни, Дулат мұрасының өз заманында жаңылыс

танылып, біздің заманымызда қате бағалануының басты себебін де, бірінші рет мұра ретінде әділетсіз күйін де жыраудың өмір сүрген заманындағы саяси-әлеуметтік тарихи оқиғалар мен отаршылдық саясаттың бағыт-бағдарымен тікелей байланыс, ала отырып қарастырғанда ғана түсіне алмақпыз [3, 146.].

Абай бұл ақындардың қай-қайсысын да жоғары бағалаған, солардан үйренген. Салыстырып көріңіз, сөз сенімділігі үшін бір ғана мысал келтірелік:

Дулат ақынның:

Мөңіреп жұртқа ой қайтты,
Бұзауы өлген сиырдай.

немесе

Саудагер сарттайқайтты өмір,
Құмар ойнап ұтылған.

сияқты образға толы тіркестерін Абай ақынның:

Адасқан күшік секілді,
Ұлып жұртқа қайтқан ой.

деген өлең жолдарынан ажырата алмаймыз. Абай Дулат тапқан ойдың жалғаушысы, дамытушысы іспетті. Дулаттан бір бұл ғана емес, осы тәріздес бірнеше ой алып, оны өз шығармасында өзгеше өң беріп, құлпырта пайдаланып жатса, Абай ондай ақынды қайтіп жоққа шығармақ.

Сонымен бірге екі ақынның тағы бір тоғысатын тұсы жеке руларға соқтықпай, қазақ халқын тұтастай алып, сыни көзқараспен сөз сомдауы.

Дулаттың:

Әуелгі қазақ деген жұрт,
Миығыңды көрсетпей,
Ұстарасыз өскен мұрт –

деген бастапқы жолдар Абайдың:

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.

Жақсы менен жаманды айырмадың,
Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың –

дегенімен сабақтасып жатса, «Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың» дейтін тармақтың тамыры Жанақтан тартылады:

Бір ұрты май болғанда, бір ұрты қан,
Екі мінез адам ғой түсі суық.

Бұл өлеңдерде айтылып тұрған «ұстарасыз өскен мұрт» сол кездегі қазақ халқының саяси ахуалына, түкке түсінбейтін көрсоқыр надандығына налыған ақындардың жан айқайы десек те болады. Ұлы Абай «Қайран елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңінде, ел ішіндегі жағымсыз мінез-құлықтар, өсекшілік, мақтаншақтық, еріншектік, арамтамақтық, өтірікшілдік, озбырлық және тағы басқа жауыздық атаулыны сынаса, енді бір өлеңінде ақын көп наданмен алысып, өзін күрес майданында жеңілген жандай сезініп:

Мұндай елден бойың тарт,
Мен қажыдым, сен қажы.
Айтып-айтып өтті қарт,
Көнбеді жұрт, не лажы? –

дейді. Дулат та Абай сияқты өз кезінде халықтың береке-ынтымағын кетірген алтыбақан алауыздығын «бәленің отын үрлеген ел басшысы сан пысықтарды барынша қатты сынады.

Ер шөгіп есер ер жетті,
Дұрыс бастар басшы жоқ,
Әділетке шөлдетті –

деп замана жайын кеңінен тербете сөз қылды.

Жалғыз ел билеу, заң-сот істеріне қатысты ғана емес, өзге сәттерде де екі алыптың үндес, идеялас тұрғанын көреміз. Мысалы, ақынға, ақындыққа екеуі де қатаң талап қояды. Дулат:

Жыршының аты жыршы ма,
Әркімнен өлең жаттаса.
Сөз –жібек жіп, жыр – кесте,
Айшығы айқын көрінбес,
Өрнексіз қылып баптаса ...

десе, Абай:

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы –
деген талап қояды.

Сонымен қатар Дулат пен Абайдың бір-бірімен ұштаса, ұласып жатқан көзқарастары – Дулаттың «Май, май дейсің, май дейсің», «Қымыз құмар, сор құмар», Абайдың «Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей», «Осы қымыз қазаққа» атты өлеңдерінде өрнектелген. Екі ақынның да шүйлігетіні — ет пен қымыз. Нақтылай түссек, ас пен сусынға деген шектен шыққан құмарлық. Бұл да – дәстүрді бұзушылықтың, дағдыдан безушіліктің бір батыл амалы, сонымен бірге дастарқандағы дәмнің қанау құралына айналғандығына қарсылық. Өйткені, телміріп, тентіреп ел адақтаған кедей атаулы асы барға тәуелді күй кешті. Керек кезінде оның қолшоқпары, тіпті малайы болуға дайын тұрды.

Дулат:

Қымызы бар құтыртса,
Соқтығасың әркімге,
Қарамай қара, ағына.

Абай:

Бір жілік пен бір аяқ қымыз берген,
Дереу сені жұмсайды бір жұмысқа –
дейді. Әрине мұның аяғы мәлім. Сонда не істеген абзал?

Дулат ақын:

Бар болса қолда айраның,
Ірімшік, құрт, қаймағың.
Қанағат қылсаң болмай ма,
Көксемей-ақ қымыз, ет?!

десе, Абайдың ұсынатын ақылы:

Қызылшыл семіз, жаз – қымыз,
Бір үлкен борыш басында.
Жуасты мін де, айран іш,
Жоқ немеге шатылма.

Дулаттың мына өлеңдерінің негізгі нысаналы мақсаты – «ар сатып («ар сату» тіркесі Абайға да ауысқан), қымыз ішкенше», яғни тентектік жолына түскенше, қазақтың «адам деген атақты» (Абай: «Адам деген даңқым бар») ақтайтын талапқа ұмтылуын тілеу. Ал Абайдың Дулаттан дамытылған жаңағы жырларында ет пен қымыз мәселесі ақынның еңбек туралы концепциясымен (Жалға жүр, жат жерге кет, мал тауып кел, // «Малың болса, сыйламай тұра алмас ел»; «Тәуекелсіз, талапсыз мал табылмас»), ұрлық («Жылқыны аңдып ұры жүр // Әр төбенің тасында»; Қулық, сұмдық, ұрлықпен мал жиылмас»), мақтан («Қымыз, семіз дегенің // Бір мақтан ғой жасырма. // Мақтан қума, керек қу, // Ойсыздарға қосылма») жайындағы жан-жақты таным түсініктерімен тығыз топталып, керемет кіріктірілген. Абайдың тағы бір тосын тұжырымы – жылқыдан қойды жоғары қоюы: «Ой көзімен қарасаң, Қойдан жылқы асыл ма? Біз білетін «ой көзімен» қарағанда, бұл байлам–дұрыс (Қойында – ақша, қолда–қой// Күзетке оңай шошынба!). Әлбетте, «Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақтың» авторы жылқы тәрізді жануардың ұлт ұғымындағы кие, кепіетін терістеуден тысқары; тыңнан жаралған тұрмыстың «шаруа жию» (Дулат) «шаруа ойлау» (Абай) талаптары нақты өлеңнің мазмұн-міндетіне қарай оны солай сөйлеткен.

Метафораның стильдік ерекшелігі оның ойды бейнелі түрде жеткізгендігінде. Ол сондықтан да көркем әдебиет стилінде жиі қолданылады. Ал ғылыми, кеңсе, ресми іс-қағаздары стильдерінде метафора дәл мұндай дәрежеде кездеспейді. Метафора көркем әдебиеттің тілдік табиғатымен тікелей байланысты.

Бүгінде метафораны дүние жүзі тілдерінде, ағылшын, орыс, түркі, қазақ ғалымдарының зерттеу объектісінде бұрынғы қалыптасқан ой-пікірлердің арнасы өзгеріп, антропометриялық жағынан, тілдің элем көрінісі тек адамға қатыстылығы жағынан, метафораны танымдық әрі тілдік аспектіде байланыстырып қарау бағытында зерттеулер жүргізіліп келеді. Ономонологиялық аспектіде зерттеу алдағы уақытта басты мәселелердің бірі болып табылады.

Метафора ой-қиял мен интуицияның қас қағым сәттегі туындысы, шығармашылық процестің жемісі. Жарқын, сәтті метафоралар ерекше поэтикалық дарын-қабілеті бар, ой-қиялы, танымы, рухани дүниесі бай, сезім қасиеті дамыған адамдар тілі арқылы туындайды. Метафоралық мағына

сөзді тірілтіп, оған өмірлік күш береді. Метафораның алуан түрлі қызметтері метафорланудың информациялық сыйымдылығын көрсетіп, шексізгі мен сарқылмайтындығын дәлелдейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. I кітап. – Алматы: Жазушы, 1989. – 608 б.
- 2.Шапай Т. Анық Абай // Жұлдыз. – 1999. – №2. – 153-157 =б.
- 3.Мырзахметов М. Отаршылдық дәуіріндегі әдебиет // Жұлдыз. – 1993. – №7. – 181-192 = б.

ӘОЖ. 82.044

М.Ж.КӨПЕЙҰЛЫНЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫ

БЕРКЕНОВА Р.А.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының доценті, ф.ғ.к.,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ТҰРЛЫБЕК Н.Қ.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының студенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается литературное наследие М.Ж.Копеевича.

Summary. The article examines the literary heritage of M.Zh. Kopeevich.

Өткен екі ғасырдың жүгін бірдей көтерген ақыл-ой, өнер саласындағы алыптардың қатарында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы да бар. Талантты қолдан жасау қиын. Білімді жинауға болады. Ол үшін қажыр-қайрат, зерде-жады, алқымы іспес еңбек қажет. Жұмыс тәртібі өз алдына. Мұндай дамыған елдерге тән зиялы салт-машықты XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бірінші жартысында барша қазақ ұстана алған жоқ. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы ел тарихындағы сондай дара саңлақтардың бірі болып қалды.

Оның бала күнінен табиғи зеректігі мен алғырлығы, Құран сөздерін, жыр-дастандарды, даланың ауызекі тарихын (ДАТ) жатқа соғуы сирек кездесетін дарын еді. Құдай берген ерекше қасиет бала Жүсіптің бағын асырып, атағын алысқа мәшһүр етті. Шорманның Мұсасы, Әкімбек сияқты белгілі адамдар алғыр жастың талантын түлетіп ұшыруға қол ұшын созды, азамат ретінде қайырымдылық көрсетті.

Мәшһүр Жүсіп өзінің ақындық қасиетін де Тәңір сыйлаған өнер деп түсінеді.

Ойланып қаламыңды қолға аласың,

Сүңгіп жүзіп кетуге толғанасың.

Естіген кейінгіге мирас болып,

Саусағым ақ қағазға жорғаласын.

немесе:

Жабысты он бесімде өлең маған,

Түстеніп, өлеңші ата қона алмаған.

Заманынан озық ғұлама ойшыл сөз өнерінің жазылмаған ережедей мән-мағынасы мен зілмауыр азабын және сол дәуірдің менталитетіне сай өлең сөздің әрі ғибрат, әрі шежіре, әрі пәлсафа ретіндегі қызметін әбден жетік түсінеді. Қазақ үшін «ғалымның хаты» – өлең. Ал «жақсының атын» алу үшін от жүректі Мәшһүр өз бетімен «29 жасында, 1886 жылы Бұхарға барып оқиды. Араб, парсы, Орта Азия әдебиетімен танысады. 1896 жылы Ташкент қаласына барып, тағы біраз оқып қайтады» [1, 46б.]. Білім – ол уақытта әсіресе, қадірлі саналғанымен, Мәшһүр Жүсіптің бала оқыту, айналасын әлем жаңалықтарынан, халық әдебиеті мен мәдениетінің қайнарынан сусындату, билік айту, шешендік өнері және көріпкел әулиелік болмысы жан-жақты дарын иесінің беделін аспанға көтерді.

Мәшһүр Жүсіп жырлары өмірбаяндық деректермен қабысып отырады. Бастан кешкен жақсы-жаман оқиға, құбылыстардың бәрінен дерлік өзіндік субъектілі көзқарас бедері айқын көрініс табады. Ш.Қ.Сәтбаева бір шоғыр қазақ ақындарымен бірге М.Ж.Көпейұлын да Шығыстың классикалық әдебиетінен нәр алып, «нәзира» дәстүрін қалыптастырған тұлғалардың қатарына жатқызады. Сондықтан Мәшһүр шығармаларындағы оқырмандық пен астарлы ойлау, тұспалдап сөйлеу, кесек ой айту үрдісі осынау іргелі көркемдік-эстетикалық дискурс әсерін толық аңғартады.

Бұл орайда оның мысал жанрындағы ізденістері тапқыр да салмақты тұжырымдамаларымен ерекшеленеді. «Жарты нан хикаясында» ұлттық үлгіден гөрі «Мың бір түндегі» Сүлеймен патшаның жазасына ұшыраған дию мен балықшы әңгімесін еске түсіретін сәттер мол. «Сиқырлы тас» [2] ертегісінде бай баласының қанағатсыздығы, сандықтан шығатын жыланның шексіз жақсылығы суреттелетін. Ал мұнда керісінше сандықтан босаған жылан өсе келе айдаһарға айналады, өзіне рахым жасаушының өмірін қатерге салады. Бұл жағынан ол «Айдаһар қатын» ертегісімен үндеседі. Автор көркемдік шарттылық заңдылықтарын еркін пайдаланған.

Қолыңа алдың ойлап нені? –

Осынша әуре қылып мені, –
дейді.

Ауызға ашылған соң қорек керек,

Жұтамын енді амалсыз сені! –

дейді. Құмырадан құтылатын дию бірде жауыздық танытқанмен, келесі жолы қателігін ұғып, уәдесін бұзбайтын. Әрине, диюдың да, айдаһардың да кішкене сандыққа сыйып жатуы, олардың тілге келіп, сөз таластыруы, әсіресе бірден іске көшпей, дау қуалап, тәжікелесуі – өзі де шартты шындық аясындағы әдеттегі көзбен қарағанда расынан өтірігі көп көріністер. Мәселен, сұм тажал көмектесуге бет қойған отыз адамға тиіспейді, әлгілер амалсыз жөніне кетеді. Бұлардан кейінгі бес адам тіпті қайран қыла алмасы тағы түсінікті. Осы екі ортада жарты адам пайда болады. Ол қандай кейште екенін қиялмен болжайсыз. Жарты адам ыңғайланып тұра қалған, сөзіне мұның айтқан құлақ салған: Айдаһар, айтқаныңның бәрі өтірік, Нанбаймын мен орынсыз сөзге жалған!

Жарты адамның айлалы лебізі аждаһаны ашуға міндіріп айтқанын дәлелдеу үшін бұрынғы мекені – сандық ішіне қайта түседі. Балықшы да диюды солай жерге отырғызған. Ендігі тұста мінез бен символ кеңістік шарттылығы жағдайында шаң береді.

Мәшһүр Жүсіп осы оқиғаның бәрін екінші деңгейдегі концептуалды емеурінге айналдыра отырып, әрекет-таңбалар легінен философиялық мән түйеді. Бұл көркемдік міндетті автор аясымен егіздес күйдегі жарты адам – жарты нан атқарады. Пәленің үлкені – ауыздан байқаусыз шыққан сөз екен. Айдаһар – сол. Алыстағы отыз кісі де, жақындағы бес досың, туысың да лаулаған өртке араша түсе алмауы мүмкін.

Оразаң отыз күнгі – отыз кісің,

Бес кісі – бес намазың, білемісің.

Жоқ қылып жамандықты жойылтуға,

Бұлармен дәнемеге келмес күшің.

Қысылды, мен болмасам, шыбын жаның,

Дәрменің қалмап еді, құрып әлің.

Танып қой, танымасаң, мен боламын,

Дүниеде қылған қайыр – жарты наның!

«Ақынға тән көркемдік ой қанатының топшысы мығым. Бір-екі ауыз нақылмен айтыла салатын ұждандық қағида өлең жолдары, әрекет, шешім, пәлсапа-ғақлиялық идея күдіреті, поэтикалық образ, характерлердің шартты қиял әлеміндегі нанымдылығы нәтижесінде өте зор имандылық тұжырымдаманы өрнектейді. Қолына қаламды мұсылман болып алып, көзін де сол мұсылман қалпында жұмған» [3, 111б.]. М.Жүсіп Көпейұлы адамға адамның бауырластық, ортақтастық, мүдделестік сезімдерінің бүтіндігін бәрінен жоғары қояды. Сонымен қатар ақын жеке тұлға үшін қажет сапалар құрамында жан-жақты толымды, тұтас мінез үлгісінің сілемін кестелей біледі. Аңқаулық, көрсеқызарлық, пайдакүнемдік-ақылсыздыққа баланса, ұстамдылық, мінезге байлық, жомарттық исламдық инсаниятта хас бағалы қасиеттер саналады. Ақын-философ барлық жанның қатесіз өмір сүре алмайтынын біледі. Сонда да ағаттықтан сақтандырып, зұлымдықпен күресудің қиындығын, ол үшін жүрек, қайрат, парасат, кісілік сапалардың, яғни Абай айтатын толық адам сипаттарының керектігін Мәшһүр Жүсіп терең астарлы символикалық нұсқа – белгілердің көмегімен шебер мүсіндейді. «Жарты адам хикаясы» – әдеби, философиялық, эстетикалық тұрғыдан қазақ әдебиетіндегі құнды жәдігер.

Шығыстық, фольклорлық, діни-ағартушылық сарын, терең қабатты тұспалдар жүйесі М.Ж.Көпейұлының өзге мысалдарынан да мол байқалады. Мәселен, «Мәшһүр Жүсіптің тырнамен айтысында» бір адам, бір хайуанның тілдесуінен екі әлемдегі ортақ жағдаяттар, қуаныш пен реніш, күш пен әлсіздік, зорлық пен қорлық неғұрлым шынайы көңіл өрнегінен өтеді. Аққу бола алмаған тырнаны менсінбей тұрып, мойындап, әнтек қылығынан тосылу ұзын мойын баяндайтын әңгімеге қатысты. Екінші кезектегі фабула сілемі бой көтереді. Тоты құс туралы сөз өз өнеріне дандайсып, еркінсу, артық сенімділік әрі соның салдарынан торға түскенде біршама шырғалаң сюжеттік оралым

барысында, монтаждық композиция түрінде ашылады. Халайық: аманы бар, жаманы бар, Көп малдың жүйрігі бар, шабаны бар. Біреу жылап, біреулер күлген заман, Жан бола ма таймайтын табаны бар? – дейтін Мәшһүр Жүсіп жауабында болашақ оқиға болмысын ишаралаумен бірге мәңгілік ақиқат формуласының поэтикалық шешімін ұсыну бар. Ол үшін өмір – өткінші, бірқалыпты емес, адам – уақыттың, жағдайдың құлы, жұмыр басты пенделердің барлық жағынан теңесуі мүмкін емес. Тырнаның хикаясынан да күнде сайрап жүрген тоты құстың азат күйінен кенет айрылуы – тіршілік сүрлеуінің ойлы-қырлы, әр алуан бұралаң-бұлттарысын тұспалдай кестеленуі екенін ұғамыз. Әйтсе де ерке де сұлу тоты батылдығы мен тапқырлығының арқасында тұтқыннан құтылып шығады.

Мен торға түспейін деп аспанға ұштым,
Сізбен емес, баламен ерегістің...
Ілініп қыл мен жіпке қалды аяғым,
Ұмыт боп ойдан шығып сол баяғым.
Далақтап ұшып жүрген бір уыс жүн,
Сендей – жүзік, Мұсадай – жоқ таяғым.

Алдында өзін сақтандырған Сүлеймен патшаға қайыратын жауабында Сүлеймен пайғамбардың жүзігі, Мұса пайғамбардың сиқырлы таяғы туралы Құран хикаяларынан келтірілген реминисценциялар тоты құс уәжіне күш қосса, қаламгердің діни- философиялық танымы үшін адасқан жанның, айыбын білсе, күнәсін кешу, ол ретте жеке өміріндегі тәжірибе сабағын ұмытпау тәубесін есте ұстау хақындағы адамгершілік ілімнің рөліне екпін түсіру тәрізді логикалық әрі поэтикалық тәсілі – елеулі жүк көтереді. Парасат иесі – қасиетті жүзігі жоғалғанын жадына алған су патшасы Сүлеймен пайғамбар. Ақын өмірдегі барша іс-хикмет жақсылық, жамандық Алланың қалауымен болатынын, сондықтан мұндай тосын оқиға, шырғаландар адам баласына ой мен әрекет кеңістігін ашатын сынақ алаңы екенін діни-философиялық айқын тұғырнамаға айналдырады. «Сәйгелді, сона, бөгелек туралы», «Шайтанның саудасы» мысалдарында Мәшһүр Жүсіп қазақ жұртының көбелектей сайраншыл, ұшарын жел, қонарын сай білетін жеңіл мінездеріне, Ғайса пайғамбардан қаймықпайтын шайтандай пысықтардың берекесіз тірлігіне назаланып, өз сөзінің жерде қалғанына шамырқанады.

Көтерме өтірікпен менен алған,
Бар күшін сап олар да сөйлер жалған.
Кім болса бұл заманда сол әкелер,
Қор болып қашан өтірік жерде қалған?! –

дейтін малғұн сөздерімен талай заманалар асып келе жатқан, шындықтың күйген беті сияқты келеңсіз заңдылықтардың өміршеңдігін аңдату әділеттілікпен оны толық жеңеріне күмәнданса да, жігері мұқалмай күресетін Мәшһүр дауысының қайрат-қажыры мен ертеңгі күнге сенімі қайыспас қайсар рух қайнарына кепілдік береді.

Осы тақырып тұрғысынан мынадай ой қорытуға болар еді. Біріншіден, М.Ж. Көпейұлы туған елін мұсылмандық жол, адамзаттық білім нәрі арқылы болашақтың өріне сүйреуге ұмтылды.

Екіншіден, Мәшһүр Жүсіп жырлары мен өлең, толғауларындағы сияқты мысал туындыларында да адамның кісілік қасиетін, жарық әлемнің шапағатын дәріптейтін діни-ағартушылық, кітаби ақындық дәстүр сілемдері айқын аңғарылды.

Үшіншіден, ақын мысалдарының көркемдік поэтикасынан фольклорлық, шығыстық аңыз, миф үрдістері фабулалық көркем өрнек әрі ұтымды, топтастырушы композициялық пішін, тың логикалық шешімдер тапты.

Төртіншіден, М.Ж.Көпейұлының баяндау мәтініндегі реминисценциялық құбылыстар автор білімі мен білігі, сана тасқыны ғана емес, ислам имандылығына тән рухани қуаты мол шынайы ұждандық идеяларды айшықтап бейнеледі.

Бесіншіден, Мәшһүр Жүсіп дүние-болмысты қайшылықты, тартыс-даулы, қарама-қарсы дилеммалық феномен ретінде қабылдады. Ізгілік, мейірім шапағат, сана парасатының үстемдігіне жетуді ұлттық өсу мен өзін-өзі айқындаудың басты талабына санады.

Алтыншыдан, символмен астарлап, әр деңгейде ойлаудың көркемдік-эстетикалық жолын жеке субъект пен заман, дара тұлға мен жағдай, адам мен мәңгілік рухани ақиқаттар арасындағы терең тамырластықтың сырын ашуға шебер пайдаланды.

Мәшһүр Жүсіп есімі – адамдық пен ұждан, ар-иман, ұлттық намыстың, зиялылық пен білім, зерденің, өмір нұрын армансыз сезінудің, тәркі дүние сырын терең түсініп, екі әлемнің пәлса палық парадигмаларын толық қабылдау, жалғанның жасанды қылықтарына өкінбеудің асыл үлгісі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы әдебиет. – Алматы: Білім, 1993. – 260б.

2. Қазақ ертегілері. Т.2. – Алматы: Ғылым, 1988. –227б.

3. Қалижанұлы У. Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым. – Алматы: ҚазМҰУ, 2002. –230б.

ӘОЖ. 82.089

АХМЕТ БАЙ ТҰРСЫНҰЛЫ – ӘДЕБИЕТТАНУ ТЕРМИНДЕРІНІҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

РАЙХАН М.С.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының студенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается вклад Ахмета Байтурсынова в литературную критику.

Summary. The article examines the contribution of Akhmet Baitursynov to literary criticism.

Туған халқымыздың әдеби, мәдени, тарихи, рухани, ұлттық құндылықтарын бар болмыс-бітімімен қабылдау үшін оның шығу тегі мен тарихи даму сатыларын мұқият қарастыру керек. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев жазғандай, «Өткенді тану, тарихты терең пайымдап, оған әділ баға беру үлкен парасаттылық пен жауапкершілікті талап етеді» [1, 29 б.].

Тәуелсіз кезеңдегі әдебиетті тану тұрғысынан алғанда Алаш ғалымы Ахмет Байтұрсынұлының (1872-1938) әдеби-теориялық мұрасы бірнеше саланы қамтиды. Соның ішінде ұлттық ғылым саласы – қазақ тіліне, қазақ әдебиеттануына, мәдениет тарихына қомақты үлес қосқан ғалымның шығармашылығын зерделеу басты мақсатымыз болып табылады. Қазақ әдебиетінің теориясын, тарихын, сынын, әдістемесін жасауда Ахмет Байтұрсынұлының еңбегі өлшеусіз деп білеміз. Атының өзі айтып тұрғандай «Әдебиет танытқыш» (1926) – қазақ әдебиеттану ғылымы туралы жазылған тұңғыш теориялық кәсіби еңбек.

Тәуелсіздік алғалы қазақ әдебиеті туралы ғылымымызда А.Байтұрсынұлының ғылыми-теориялық тұжырымдары қай деңгейде қолданылғандығын анықтап, кеңінен насихаттау басты парызымыз. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ әдебиеттануының дамуына мұрындық болған іргелі ғылыми зерттеулердің авторы десек, Тәуелсіздік кезеңіндегі ғылымда да оның әдеби-теориялық мұралары өз маңызын жойған жоқ. Бұл тұста ең алдымен ауызға «Әдебиет танытқыш» [2] ілінеді.

Академик З.Қабдолов жазғандай, «Туған топырағымызда әдебиет теориясының басы болып саналатын» «Әдебиет танытқыш» атты ғылыми-теориялық еңбегінде ғалым-зерттеуші ХХ ғасыр басындағы әдебиетті тұтас бір құбылыс ретінде қарастырып, соның ішінде асыл сөз өнерінің ғылымын терең тексеріп, осы бағыттың өзіндік ерекшеліктерін жан-жақты ашып көрсетті.

Қазақ әдебиетінің тарихындағы күрделі де, күрмеулі кезең – кеңестік дәуір екені рас. Сондай күрделі, қайшылықты болғанына қарамастан, бұл кезеңде де ғылым жасалды. Осындай күрделі, қайшылықты кезеңде өмір сүріп, ұлт тарихы, әдебиет тарихы, теориясы, сыны туралы сан алуан еңбек жазған ғалымдар аз емес. Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Әуезов, Ж.Аймауытұлы, Қ.Кемеңгерұлы, С.Сәдуақасұлы, Ә.Марғұлан, Е.Бекмаханов, Т.Нұртазин, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, Б.Кенжебаев, Ә.Қоңыратбаев, Қ.Жұбанов, Қ.Мұхамедханұлы және т.б. ғалымдардың халқымыздың әдеби-эстетикалық ой тарихындағы орны ерекше.

Қазақ әдебиеті тарихындағы «ақтаңдақтар» ақталғаннан кейін яғни 1989 жылы Ахмет Байтұрсынұлының қазақ әдебиеттануы мен тіл ғылымын дамытудағы еңбегін және «Әдебиет танытқыштың» баға жетпес ғылыми құндылығын ғалымдар өз зерттеулерінде жоғары бағалады. Алғаш толымды ой-пікір білдірген – Р.Нұрғалиев «Алып бәйтерек» атты ғылыми мақаласында: «Қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғылыми негізі, методологиялық арналары, басты-басты терминдері мен категориялары түп-түгел «Әдебиет танытқышта» қалыптастырылған» [3], – дейді.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ әдебиеттануының дамуына мұрындық болған іргелі ғылыми зерттеулердің авторы десек, Тәуелсіздік кезеңіндегі ғылымда да оның әдеби-теориялық мұралары өз маңызын жойған жоқ. Бұл тұста ең алдымен ауызға «Әдебиет танытқыш» ілінеді.

Қазіргі қазақ тіл біліміндегі секілді, қазақ әдебиеттануындағы әдеби «пән сөздердің» (терминдер) басым көпшілігінің баламаларын ойлап тапқан да А.Байтұрсынұлы. Мысалы, көріктеу, меңзеу, ауыстыру, алмастыру, кейіптеу, пернелеу, әсірелеу, шендестіру, дамыту, түйдектеу, оралым

... – осылардың бәрінің түп-тамыры Аханда жатыр. Демек, «Әдебиет танытқыштың» ең басты бағалылығы – осылайша әдеби пән сөздерді» қазақша ұсынып, қалыптастырғандығы.

С.Қирабаев жазғандай, Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ әдебиетінің, қазақ даласына «азаттық идеясы тарай бастаған тұста жаңа позицияның бастаушысы, алғашқы ту ұстаушысы» [1, 121б.] болды. Ғалым тіл тағдырын ұлт тағдырымен біртұтас қарастырып, тіл мен әдебиетті ұлт болмысына тірек етті. Ұлт санасын, тілін, ділін, әдебиетін, мәдениетін, өнерін сақтау үшін адамдықтың диқаншысы болып, әлемдік өркениет талаптарына сай түбірінен жаңғыртып, түркі дүниесінің алдыңғы қатарында жүруге шақырды.

Ахмет Байтұрсынұлын ХХ ғасыр басында өзінің алдындағы ұлы Шоқан, Ыбырай, Абай идеяларын тікелей жалғастырушы деп танымыз. Ол осы идеяларды жай ғана уағыздаушы емес, сол идеяларды жүзеге асыруға өзінің ерен іс-әрекеттерімен, қимыл-қызметтерімен нақты үлес қосқан белсенді қайраткер ретінде танылды. Ахмет Байтұрсынұлы Абайдың әдеби дәстүрін көбінесе қоғамдық, әлеуметтік мәселелерді, заман жайын, халық тағдырын жырлау тұрғысынан дамытты.

Саналы өмірінде алдына ұлы азаттық идеясын қойып, түгелдей соған қызмет етті, тіпті ағартушылық, ғылыми қызметінің өзін сол азаттық идеясына, азаткерлік күреске құрал етіп пайдаланды. Халықты өнер-білімге шақыруды туған халқының саяси, экономикалық азаттығының, ел еркіндігінің бірден-бір жеміс берер тиімді жолы деп білді.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақтың ұлттық көркем мұрасының мән-маңызына, эстетикалық қадір-қасиетіне ден қойып, оларды жинап, жарыққа шығаруды да алғаш қолға алған ғалымдардың бірі. Өзі де өлеңдер мен мысалдар жазып, басқа халықтар қазынасының үлгілерін туған халқына жеткізу мақсатында аудармалар жасады.

ХХ ғасыр басында «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деп, өзі жазғандай ана тіліміздің, діліміздің, дініміздің ханталапайға түсерін алдын ала жан жүрегімен сезіп, жаны ауыра отырып айтқан осы сөзін, ескертпесін Ахмет Байтұрсынұлының көрегендігі деп білеміз. Сол кездегі қазағының ауыр халін көзімен көріп, қынжыла отырып жазған өзінің «Маса», «Қырық мысал», «Жауға түскеннің жан сөзі», «Жұртыма», «Қазақ қалпы», «Қазақ салты», «Жиған-терген» және т.б. өлең, мысалдары арқылы дәлелдейді.

Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» – жәй анықтамалық еңбек емес, қазақ әдебиеттану ғылымының басы. Ал, әдебиет теориясы – әдебиеттану ғылымының құрамды бөлігі екендігі белгілі.

З.Қабдолов айтқандай, «Туған топырағымызда әдебиет теориясының басы болып саналатын» «Әдебиет танытқышта» А.Байтұрсынұлы қазақ әдебиеттану ғылымының тұтас, толық ұғымдық жүйесін кешенді түрде алғаш қалыптастырды.

А.Байтұрсынұлы зерттеуші-ғалым ретінде қазақ әдебиетінің даму кезеңін жеке бөліп қарастырмайды, барлық халықтар әдебиетіне ортақ сипаттармен ұштастырып, тереңнен талдайды. Өнерпаз елдер әдебиетіне тән көркемсөз түрлерінің қазақ әдебиетінде де бар екенін, бола бастағанын, келешекте дамитынын ғылыми негіздерге сүйене отырып жазады.

Қазақ тілінің грамматикасына қатысты «пән сөздер» яғни буын, дыбыс, үтір, дауысты дыбыс, жарты дауысты дыбыс, жіңішкелік белгісі, зат есім, сын есім, үстеу, қосымша, жұрнақ пен жалғау, бастауыш пен баяндауыш, септік, шылау және тағы басқаларын түзумен қатар, сол ғылыми ұғымдарға ат қоя білген. Ғылыми ұғымдарға ат қою оңай іс емес, табандылықты, көп жұмысты талап етеді. Ұлт ұстазының ғылыми айналымға ендірген қазақ тілінің ұғымдары, анықтамалары мен «пән сөздері» бүгінгі қазақ тіл білімі мен әдебиеттану саласының қайсысында болса да ерекше сипатқа ие.

А.Байтұрсынұлының «пән сөздерді» қалыптастырудағы еңбегін тілші Ө.Айтбаев жоғары бағалай отырып «Қазақ терминологиясының атасы» (1989) атты ғылыми мақаласын жариялады. Онда: «... Ахмет Байтұрсынұнов «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеттерінің беттерінде араб емлесіне лайықтап икемделген жаңа нұсқа туралы жұртшылыққа түсіндіріп мақалалар жазады. Ол жасаған жаңа жазу үлгісі ел көңіліне бірден жетеді де, қабылданады. ... қазақ ұғымына әлі жат, бірақ тіліміздің кейбір ішкі жүйесін түсіндіруге қажет кейбір сөздерді жаңаша қолдана бастайды. Олар: дыбыс, әріп, емле, ноқат (нүкте), буын, әліппе, сөз басы, сөз аяғы, дауысты дыбыстар, дәйекші сөздер. Бұлар қазақ тілінде бұрыннан бар болғанмен белгілі бір ғылыми ұғым есебінде нақты атауға иелік жасап отыруы тұңғыш рет» [4, 8 б.] делінген.

А.Байтұрсынұлының қазақ тілінің терминдік қорын қалыптастырудағы еңбегін тілтанушы ғалым Ш.Құрманбайұлы да жоғары бағалайды. «... ХХ ғасыр басында басшылыққа алынған термин жасау қағидаттарын ескіріп қалды деуге ешқандай негіз жоқ. Уақыт талабына сәйкес кейбір толықтырулардың болу мүмкіндігіне қарамастан, сонау 20-шы жылдары Ахандар жасаған

қағидаттар, терминологиялық жұмыстарды жүргізуде басшылыққа алатын жаңа қағидаттар қалыптастыруға негіз болатындығы күмән туғызбайды» [5, 46 б.], – деуі өте орынды айтылған пікір.

« ... жұрттағы жаман әдет басқа жұрттың жақсы әдетін көргеннен кейін білінеді ... өнерпаз Европа жұртының сындар әдебиетін көргеннен кейін байқалып көзге түскен. Сонан кейін ғана Европа әдебиетінен тұқым алып, қазақ әдебиетінің сүйегін асылдандырып, тұлғасын түзеушілер шыға бастаған. Қазақ әдебиетінің асылдануына әсіресе әсері күшті болған Абай сөздері. ... қазақ әдебиетінің сындар дәуірі Абай сөздерінен басталады» [6, 337 б.] деп, А.Байтұрсынұлының өзі жазғандай, асыл сөздің әлемдік мәдениетке тән белгілерін қазақтың әдебиетіне негіздеп, ұлттық рухқа сай жүйелі түрде түсіндірді. Осыған байланысты диссертациялық зерттеуде дүниежүзілік әдебиеттанулық ғылымға қатысты ғалымдардың айтқан ой-тұжырымдары мен салыстырулары да беріледі.

Әдебиеттанушы А.Ісімақова «Әдебиет танытқышты» асыл сөздің әлемдік мәдениетке тән қасиеттерін қазақ ұлттық әдебиет жүйесіне сай түсіндірген еңбек деп жоғары бағалайды: «Зерттеуде дүниежүзілік әдебиеттанулық компаративистикаға тікелей қатысты пікір берілген» [7, 54 б.].

Біз тарихтан тағылым ала отырып, А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышын» бүгінгі Тәуелсіздік кезең тұрғысынан жан-жақты қарастырдық. Ғалым дүниежүзілік және орыс әдебиеттану ғылымындағы жаңалықтардың бәрін жетік біліп, оны өз тәжірибесінде қолданып, насихаттады. Сонымен қатар ол ғылыми-теориялық ой-пікірлерін шашыратпай, белгілі бір арнаға бағыттап, жүйелей отырып, дамытты.

Қорыта айтқанда, қазақтың ұлттығы мен егемендігін бүгінгі таңда бүкіл дүниежүзі танып, мойындап отырған тұста ғасырдан ғасырға жеткен мәдени мол мұраларымыз ел игілігіне айналуда. ХХ ғасыр басында тұңғыш рет Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» атты ғылыми-теориялық еңбегінде ұлттық әдебиеттанудың негізгі ұстанымдары мен тұжырымдарын әлемдік контексте қарастырған әрі ғылыми тұрғыда негіздеген өміршең зерттеулерін қалдырды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Туған елім – тірегім. – Алматы: Рауан, 2001. – 128 б.
2. Байтұрсынов А. Шығармалары: өлеңдер, аудармалар, зерттеулер // Құраст.: Ә.Шәріпов, С.Дәуітов. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.
3. Нұрғалиев Р. Алып бәйтерек // Қазақ әдебиеті, 21 сәуір, 1989.
4. Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының атасы // Қазақстан әйелдері, 1989. №4, 6-7-бб.
5. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы дамуының ғылыми қағидаттары. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2004. – 208 б.
6. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығ. жин. /Құраст., А.Ісімақова, Г.Пірәлиева және т.б. I-том. – Алматы: Алаш, 2003. – 408 б.
7. Ісімақова А.С. Бүгінгі компаративистика: жаһандану – интертекст – мәдениеттер диалогы // Аударма теориясы мен тәжірибесінің және салыстырмалы әдебиеттанудың өзекті мәселелері. Республикалық ғылыми-теориялық конференция. Алматы: Ценные бумаги, 2006. – 429 б.

ӘОЖ. 82.044

БЕЙІМБЕТ МАЙЛИН ТУЫНДЫЛАРЫНДАҒЫ ӨМІР ШЫНДЫҒЫНЫҢ КӨРІНІСІ

УСЕНОВА Б.Е.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының студенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. Статья является отражением реальности жизни в творчестве Беймбета Майлина.
Summary. The article is a reflection of the reality of life in the work of Beimbet Mailin.

Қоғам өміріндегі бұрын-соңды болмаған саяси-әлеуметтік өзгерістер қоғамдық ғылымдардың сан алуан проблемаларына жаңаша баға беріп, нақты деректер, тарихи материалдар негізінде жаңа тарихи таным тұрғысынан зерттеуді талап етуде. Бірақ, жаңаны жасау–өткенді жоққа шығару емес. Өткенімізді танып-біліп, тарихтан тағылым ала отырып, болашаққа қадам басу – бүгінгі күннің өзекті

мәселелерінің бірі. Адамзат тарихында көптеген ұлы ғұламалардың, ойшылдардың өз халқы үшін өшпес рухани мұралар қалдырып кеткендігі тарих беттерін ақтарған сайын таусылмас қазына ретінде ұрпақтың санасында ізін қалдырып, оны ашқан сайын өзінің сәулесін шашып, халық зердесінде сақталатыны күмән тудырмайды. Әр кезеңдегі тарихи-әлеуметтік жағдайлар мен қоғамдық мәселелерге байланысты ұлы шығармалар дүниеге келіп, ол зымыран уақыттың еншісімен келер заманға аманат ретінде жетуі заңдылық. Дегенмен, заманындағы дүрбелеңдерге байланысты кейбір рухани мұраларды зерттемек түгіл, олардың атын атап, мазмұнын оқып, зерделеуге болмайтын шақтарды да халқымыз басынан кешіргені тарихтан белгілі. Уақыт өте келе, еліміз егемендік алып, бөрілі байрағы көкжиекте желбіреген тұста тарихтың терең қойнауын ашып, оның иірім-қатпарларын тегіс жазуға үлкен мүмкіндіктер туды. Халқымыздың тарихын, мәдениетін, әдебиетін ел санасына қайта сіңіру, оларды елдігіміздің мақсат-мүддесіне жаңаша пайдалану заман талабына сай маңызды міндеттердің қатарынан орын алды. Осының айқын дәлелі – халқымыздың XX ғасыр перзенті, көрнекті ақын, жазушы, драматург Бейімбет Майлин шығармаларының қолға алынып, жан-жақты зерттеле бастауы. Бейімбет Майлиннің бізге жеткен асыл мұраларын, қайталанбас қолтаңбасы бар дарын иесінің шығармашылық дара болмысын танып, зерделеу зерттеу тақырыбының өзектілігін көрсетеді.

Б.Майлин өмірі мен творчествосы туралы зерттеудің алғашқы қадамы «Қазақ әдебиеті тарихының очеркінде» «Бейімбет Майлин» аталған бөлімді айтуға болады. Мұнда жазушының поэзия, проза және драматургиялық шығармаларына идеялық-тақырыптық жағынан шолу жасалады.

«Қазақ әдебиетінің даму жолдарын қарастыратын З.С.Кедринаның, С.Мұқановтың, М.Қаратаевтың, Б.Кенжебаевтың кітаптарында Бейімбет Майлиннің әдебиет тарихында алатын үлкен орны, социалистік реализм методын қазақ әдебиетінде қалыптастыруға қосқан елеулі үлесі тиісінше бағаланады. Бұларға қоса Т.Нұртазиннің Майлин творчествосын тұтас сөз ететін монографиясы жарық көрді» [1, 46б.].

М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты шығарған «Қазақ әдебиеті тарихының» III томының бірінші кітабында Бейімбет Майлинге арналған тарау бар.

Б.Майлиннің өмірбаяндық деректерін жинақтау, топшылау, шығармаларын жанрлық топпен жүйелеу, олардың идеялық-тақырыптық арқауын, мән-маңызын бағалауда Т.Нұртазин аталған кітабында біршама еңбек сіңірді. Дарынды жазушының творчествосын жан-жақты зерттеу мәселесі де қолға алынды. Жазушы творчествосына «Қазақ әдебиетінің очеркінде» (1958ж.), «Қазақ әдебиеті тарихында» (1967ж.) жеке тарау беріліп зерттелді. Ол туралы оның өмірі мен творчествосы жайлы, ақындық өнері мен жазушылық шеберлігі туралы бірнеше кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғалды, жеке монографиялар жазылды. Темірғали Нұртазиннің «Бейімбет Майлиннің творчествосы» (1966ж.) атты көлемді де, байсалды ғылыми еңбегі жазушы творчествосын ғылыми жүйеде талдап, оқушы қауыммен таныстырған құнды еңбек.

Қазақ әдебиетінің негізін салушылардың бірі, заманымыздың аса талантты суреткері Бейімбет (Бимухамбет) Жармағамбетұлы Майлин 1894 жылы Қостанай уезі, Дамбар болысында Әйет өзенінің бойында Ақтөбе деген жерде (Қазіргі Қостанай облысы, Тобыл ауданы, Бейімбет Майлин атындағы совхозда) дүниеге келген.

Жазушының әкесі Жармағамбет те, атасы Майлы да өте момын кісі есігінде жалшылықпен күнін көрген кедейлер болыпты. Әкеден алты айлығында айрылған болашақ жазушының әкесі ісіне пысық, сөзі өтімді, өз жанынан өлең шығара білетін кісі болған көрінеді.

Жас жазушы өсе келе шешесі Күлзиғар қайтыс болған соң ақылды әжесінің қамқорлығына біржола көшеді. Ақылды әже ағайындарын жинап Бейімбетті оқыту қажеттігін айтады. Сонымен ол әуелі өз аулында кейбір көзі ашық кісілерден сауатын ашып, білімге ынталана түседі. Осыдан кейін іргелес ауылдағы Арғынбай қажының медресесінде оқиды. Троицкідегі «Уазира» медресесін бітіреді. Уфадағы «Ғалия» медресесінде екі жылдай оқиды.

Бейімбет өлең жазумен тым ерте айналысқан. 1932 жылы 5 наурызда «Социалистік Қазақстан» газетінде Бейімбеттің жазушылық қызметіне 20 жыл толуына арналған материалдарға қарап, оның алғашқы өлеңдері «Мұқтаждық», «Мұсылмандық белгісі» –1912, 1913 жылдары жазылғанына күмән келтіруге болмайды.

Жазушының досы, башқұрт әдебиетінің классигі Сайфи Құдаштың айтуына қарағанда, «Ғалиядағы» татар, башқұрт шәкірттері 1913 жылы «Парлақ» атты қолжазба журнал, ал қазақ шәкірттері 1914 жылы «Садақ» атты қолжазба журнал шығарған. Оған Бейімбет редактор болған. Сол журналда оның «Шұғаның белгісі» атты әңгімесі жарияланған.

Жазушының «Қостанай уезі, дамбар болысы» атты мақаласы «Айқап» журналында (1913ж, № 5) жарияланғандығын және осы «Айқапта» 1913, 1914, 1915 жылдары бір өлең, бір әңгіме екі

мақаласын жарияланғанын ескерсек, жазушының тырнақ алды шығармаларының баспа бетін көргеніне де—міне 70 жыл толыпты.

Алғашқы шығармаларын ағартушы-демократтық бағытта жазудан бастаған қаламгер бірте-бірте ауыл өмірінің айнасына айналады. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне аттанған азаматтарға оң сапар тілеп, тұйыққа тірелген халқының ауыр халін бірге күйзелсе де, елін күреске шақырады. 1916 жылғы июнь жарлығына арнап «Қанды тұман» атты өлеңін жазып, онда:

Ойбай-ау, қайдасыңдар, аттаныңдар!

Бері кел шашау шықпа топтаныңдар!

Қапыда, мылтығы боп, жайратпасын

Болыстан, әсіресе сақтаныңдар! –

дейді.

1923-1937 жылдар арасында Бейімбеттің 55 кітабы жарық көрді. Сонымен 43 жыл ғана өмір сүрген дарынды жазушы көптеген өлеңдермен қатар 14-15 поэма, жүздеген әңгіме, очерк, фельетондарымен қатар, ондаған повестері, 20дан астам пьеса, либретто мен сценариялары өзінің көзі тірісінде жарық көрген. «Азамат Азаматыч» жеке кітап болып басылған. «Қоңсылар», «Қызыл жалау», «Тартыс» романдары отызыншы жылдардың басында республикалық газет-журналдарда жариялана бастаған. «Жалбыр», «Атылмаған оқ» повестері, Ғабит Мүсіреповпен қосылып жазған «Батыр» —«Амангелді» повесі де газет-журналдарда жарық көрді.

Елуінші жылдардың аяғында жазушының шығармалары қайта басылым көрді. Өлеңдері мен әңгімелері жеке кітап болып басылды. Шығармалар жинағы 6 томдық көлемде жарық көрді (1956-1964ж.ж.). Оларды құрастырып баспаға дайындаған Қайнекей Жармағамбетов. Кейінірек 1979 жылы «Жазушы» баспасынан Бейімбеттің газет-журналдарда шашырап жүрген «Атылмаған оқ», «Он бес үй» повестерімен қатар «Қоңсылар», «Қызыл жалау», «Тартыс» романдарының үзінділерін «Қызыл жалау» деген атпен жариялады. Бейімбеттің «Ел сыры» (1925), «Кесінділер»(1928), «Сойқанды содырлар» (1929)атты еңбектері сол бірінші басылым қалпында қалып отыр. «Еңбекші қазақ» газетінің 1926-27жылғы сандарында жарияланған қалпында қайта басылым көрмегенБейімбеттің әңгіме, очерктері, фельетондары қанша десеңіші?!

Қазақтың Абай атындағы мемлекеттік университетінің филология факультетінің студенттері үшін «Бейімбет творчествосындағы реализм» атты арнаулы курс оқытылады. Оның творчествосы бойынша қаншама студенттер курстық, дипломдық жұмыстар жазады.

Жазушы мейлінше кішіпейіл, еңбекқор, ізденгіш, жаңашыл, замана талабына сай өсіп отыратын қаламгер болған. Поэзиялық шығармаларына ешбір ат қоймаған. Өлеңдерінің күрделілігіне, сюжеттік желісіне композициялық шешіміне қарап қайсыбіріне «поэма» деп ат қойып жүргендер жазушы творчествосын зерттеушілер. Бүкіл повестерін де автор «әңгіме» деп атаған. Жиырмасыншы жылдары көптеген классикалық шығармаларын жазған Бейімбет 1931жылғы мақаласында («Жаңа әдебиет» 6-7) мейлінше кішіпейілділік көрсетіп былай дейді: «Жазу соңына түсіп отырған кезім де жоқ... «Аттың жалында, атанның қомында» сияқты, мұршаң келгенде бір нәрсені жазған боласың, оны өңдеуге, кестесін келтіруге көбіне уақыт жоқ», –дейді. Бейімбеттің уақыты жетіспегені де рас, жазу үшін жағдай талғамағаны, бос уақытын көрінген жерде ұтымды, пайдалана қоятындығы жайлы жазушыны көрген, бірге қызметтес болған ағаларымыз талай айтқан болатын.

Бейімбеттің кейіпкерлері өзі жақсы білетін замандастары болған. «Мен солардың көбінің прототиптерімен кездестім. 1961жылы Бейімбет творчествосын зерттеу мақсатымен құрылған ғылыми экспедицияны басқарып (М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының тапсыруы бойынша)жазғы июль, август айларында Бибақтың туған жері Тобыл ауданында, оқыған, қызмет істеген қалалары Троицк, Уфа, Орынбор, Қызылорда қалаларында біраз ғалым ағаларымыз болды. Сонда байқалғаны Бейімбеттің біраз кейіпкерлерін өз ауылында кездестірген, қайсыбірінің аты сәл өзгерген, кәсібі өз атымен аталған. Мысалы, жазушының туған ауылында Бермұхаметов Есенқұл, Нұрмағамбетов Елемес деген қарттармен кездескен. Олар Бейімбеттің 1928 жылы өзінің туған ауылына келіп, он бес үйден колхоз ұйымдастырғанын, оны «Жалшы» деп атап кеткенін, кейін сол колхоздың құрылуына арнап «Он бес үй» атты повесть жазғанын, сондағы кейіпкерлердің прототиптерінің біразы әлі бар екендігін қызықтап әңгімелеп берді. Немесе жазушының «Біздің жігіттер»—атты пьесасының Хасен мен Асылбек атты «пысық жігіттері» Бейімбеттің құрдастары екен. Жазушының суреттегеніндей бұл екі қарттың да пысықтығы, іскерлігі, ел арасындағы тартыс-таласқа араласқандығы байқалады. Ол кезде екеуі де дербес пенсионерлер еді. Баймұрзин Хасен, Ташбаев Асылбек екеуі де жазушымен бірге өскен, жақын жолдастары болған екен. Сондықтан да Бейімбет өз шығармаларында оларды сықақтап, әзілге айналдырады екен.

Бейімбет шығармаларының халықтығы–қазақ даласы табиғатының көркін, халықтың әдет-ғұрпын, ойлау-сөйлеу ерекшеліктерін, халық характерін шебер кестелеуде ғана емес–оның халықтық рухпен суарылуында, халық өміріне сіңісіп кетуінде, қашанда соның озық өкілдерінің қатарында болып, ізгі сезімімен сезінуінде көрінеді.

Қай тақырыпқа жазса да автор жаңа идеяның жаршысы болды, сол өршіл идеяны көпшілік бұқараның санасына сіңіруге күш жұмсады. Көлемі ықшам, сюжеті қызық, тілі жеңіл Бейімбет әңгімелері мен повестері ел ішінде лезде тарап отырды да, қазақ даласында талай кедей, талай малай–Мырқымбайларға оның шығармаларынан кеудесіне сана, бойына қайрат алып, ескі өмірмен белдесуге шықты.

Бейімбетте татымсыз тақырып жоқ. Ол қандай тақырыптағы шығармаларында да құбылыстың шынын шешіп көрсете алған қаламгер. Әлеуметтік өмірде, еңбекте, тұрмыста, әдет-ғұрыпта, адам психологиясында жаңа мен ескінің күресі, жаңаның құдіреттілігі, жарқын болашаққа ұмтылу Бейімбет шығармасының идеялық-философиялық мұраты осылай болып келеді. Жазушы оқушысын әрқашан болашағы бар жаңалық атаулының жақтаушысы болуға тәрбиелейді. Өмірдегі ескілік көріністері бірден жойыла қоймайды, жаңаға орын босата салмайды, тек ұзақ тартыс арқылы жеңілемек, бітпек. Автор өзіне тән сөз өрнегімен бұл қайшылыққа толы құбылысты мынадай картинада бейнелейді: «Әлдеқайда белес-белесте, сайдың жықпылдарында құлаған молаға ұсап үңірейіп, түксиген селеу басып, бірлі-жарымдаған ескі үйлердің орны жатыр. Бүгін бе, ертең бе жел үріп, селеу басып, тып-типыл ғып жіберуге әзір тұрғандай. Шіріген, тозған ескілік осылай бітпекші» [2, 126.].

Қорыта айтқанда, халық тұрмысының тарихи келелі өзгерістер тұсындағы эволюциясын, бұрынғысы мен кешегісін бүгінгісімен салыстыра отырып тануда, ұйымдасқан еңбек берекесімен қазіргі көркейген ауыл-село тұрмысының үздіксіз жаңару жолын байқауда Бейімбет шығармаларының дүние танытушылық, білімділік маңызы ескірмейтінін есте ұстауымыз қажет. Өйткені, оларда шебердің қаламынан сызылған өмір картиналары жасалып қалған. Шығармалары мұндай сапаға көтерілуі үшін автор өмір тұңғығына терең бойлап, халқының жақсы қасиеттерін жинақтап алуы керек. Бейімбет осы сынды жазушы болды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Наурызбаев Б. Қазақ прозасындағы Б.Майлиннің прозасы.– Алматы: Ана тілі, 1967.–255б.
2. Бейімбет Майлин. Таңдамалы шығармалар жинағы. – Алматы: Мектеп, 1958.–310б.

ӘОЖ 83.347.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДАҒЫ ДАМУА ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

СЕМБИНА А.Б.

Ш.Смаханұлы атындағы №44 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье подробно рассмотрены мнения ученых по технологии развивающего обучения-повышению познавательного интереса школьников.

Summary. The article considers in detail the opinions of scientists on the technology of developing learning-increasing the cognitive interest of schoolchildren.

Қазіргі кезде жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану, адам қоғамының барлық саласына еркін кіріп, кең қолданыс табуда.«Білім берудегі жаңа ақпараттандыру технологиясының» лабораториясы мектепті басқаруды, мұғалімнің жұмысын автоматтандыру (күнтізбе жоспары, бақылау дәптері, деңгейлік бақылау жұмыстар т.б.) проблемаларын шешу үстінде. Әр баланың қабілетін ескере отырып, оқу процесін жүргізу мақсатында, сабақ беру түрлерінің жинағы жасалынды. Қала, аудан орталығындағы лицей мен гимназияларда пәнді тереңдетіп оқыту жақсы жолға қойылған.

Алуан-алуан жүйрік бар, әліне қарай шабатын» дегендей адамдардың қабілет саласындағы дара айырмашылықтары да сан алуан болып келеді. Мәселен, біреу іске күшті жігермен, қатты мейірмен

кіріседі. Мұндай адам жұмысты сапалы орындай алады. Енді біреу, керісінше, сол істі әрі баяу, сапасын төмен етіп орындайды. Қабілетті адамдардың бірі — зеректілігімен, екіншілері байқағыштығымен, үшіншілері материалды еске сақтағыштығымен ерекше көзге түседі. Бұл айтылған қасиеттер кейде бір адамның басында да тоғыса береді [1, 126.].

Қандай болмасын әрекетті сапалы етіп орындау үшін қабілеттің бір ғана түріне сүйенуге болмайды. Бір әрекеттің өзін орындау үшін кейде бірнеше қабілеттің жиынтығы керек болады. Мәселен, мұғалімге ұйымдастырғыштық қабілетпен қатар, бақылағыштық, ақыл-ой ерекшеліктерінің белсенділігімен қатар, сөйлеу шеберлігі, зейін қойғыштық т. б. қажет болады.

Адам қабілетін аз, көп деп сан жағынан өлшеудің ғылымға қажеттігі шамалы, өйткені алғашқы кезде түрлі себептермен көріне алмаған қабілеттің оның есейген шағында көрінуі де ғажап емес. Жас шақта сөзге олақ адамдардың есейе келе ірі ақын, жазушы болғандары, көрген нәрсесін есінде жөнді сақтай алмайтын адамдардың кейіннен талантты суретші болып шыққандары да бар. Мәселен, ескі заманның аса көрнекті ораторы (шешені) Демосфен бала кезінде тұтықпа кекеш бола тұрса да өзін ерекше жаттықтырудың арқасында қабілетінің кемістігін жойып, аты-шулы шешен деген атаққа ие болған. Зор талант иелерінің арасында да қабілеттері өте кеш дамыған адамдар аз емес. Мәселен, В. Скотт бірінші романын 43 жасында, орыс жазушысы С.Аксаков алғашқы кітабын 56 жасында жазған. 40 жасында сауатын ашып, 73 жасында ғылым докторы болған ғалым Е.К.Гусеваның өмірі де осы айтылғанға жақсы дәлел. Осы адамдардың жас шағында да қабілеттері болғанмен оның лаулап жануына жағдай тумаған. Көздегеніне жетейін деген сенімнің күштілігі, қайрат-жігерлерінің молдығы осы адамдарының қай-қайсысына да тән қасиеттер. Адам психикасының басты бір ерекшелігі: бір қасиеттің орнын екінші бір қасиетпен толтыра, яғни адамның өзінде жетіспеген бірер қабілетті басқа қабілеттермен алмастыра алатындығы. Орыс ғалымы О.Скорородованың құлағы естіп, көзі көрмесе де өлшеусіз жаттығып, үйренудің нәтижесінде зор қабілетке ие болғандығы осы айтылғанға айқын дәлел. Сөйтіп, адамның белгілі бір нәрсемен шұғылдануына оның бейімділігі, қызығуы және басқа қабілеттері демеу берсе, ол ерік-жігері күшлі еңбек сүйгіш адам болса, жеке бір қабілеттің жеткіліксіздігі оның іс-әрекетті ойдағыдай орындауына бөгет бола алмайды. Қабілеттіліктің даму шегі жоқ.

И.П.Павловтың жүйке жүйесінің типтері туралы ілімі (бұл жөнінде темперамент туралы тарауда толық айтылды) қабілеттердің физиологиялық негізін түсінуде де үлкен орын алады. Ми қабығында жасалатын уақытша байланыстар жүйесінің пайда болу жылдамдығы мен беріктігі қозу, тежелу процестерінің күші мен тепе-теңдігіне, қозғалғыштығына байланысты болатындығы, ал адамның іс-әрекетінің белгілі бір түрін нәтижелі етіп орындауда осылардың елеулі рөл атқаратындығы күнбе-күнгі тәжірибеде жақсы байқалып жүр [2, 276.].

Адам қабілетінің әр қилы болып келуі сигнал жүйелерінің ерекшеліктеріне де байланысты. Нерв әрекегінің жеке көріністерінде сигнал жүйелерінің бір-бірінен басым келуін И. П. Павлов адамға тән нерв қызметінің үш түрлі типі болады деп тұжырымдады. Егер адамның жүйке әрекетінде бірінші сигнал жүйесінің жұмысы басым болса, оны «суретті тап», ал екінші сигнал жүйесінің жұмысы басым болса, «ойшыл тип» деп атауды ұйғарды.

Мұғалім оқушылардың оқуға ынтасын тәрбиелеу арқылы олардың қабілеттерінің дамуына кең жол ашады. Мұғалім алғашқы күннен бастап оқушының ыждағаты мен бейімділігі, оның қолынан не істеу келетіндігін, оқу мен еңбекке ұқыптылығы қандай екендігін есепке алып, оқу процесін осы негізге орайластыра жүргізгені дұрыс.

Кейбір мұғалімдер баланың қабілеттілігін оның оқу материалдарын тез ұға алушылығымен ғана байланыстырады. Бұл жерде де мұғалімнің аса сезімталдығы қажет, өйткені нерв жүйесінің, тұма қасиеттеріне байланысты табиғатынан баяу (флегматиктер мен меланхоликтер) болып келетін балалар да аз емес. Осындай баяу ойланып жауап беретін балалар қабілетсіздер қатарына қосылатын болса, бұл педагогикалық тұрғыдан өрескел қате болып есептеледі.

Бала қабілетін тәрбиелеу үшін жүргізілетін жұмыстардың мазмұны мен түрлері сан алуан. Бұларды нақты жағдайларға байланысты (оқушылардың жас, дара ерекшеліктері, тұрған жері, отбасы жағдайы, т. б.) жүргізе білу әрбір мұғалімнің жеке шығармашылық ісі. Кей жағдайларда осындай балалардың, табиғи мүмкіндіктері жеткілікті болғанымен, мұғалімнің назарынан тыс қалып қояды да, ол «орташа» оқушы болып кете береді. Сондықтан да оқушының келешегіне зор үмітпен қарау керек. Мұғалім оқушылардың практикалық қабілеттерін дамытып отыруды да ұмытпауы тиіс. Бұл үшін ол оқушыларға қоғамдық тапсырма береді, оның орындалу сапасын тексереді, сондай-ақ баланың ыждағаттылығын, ұқыптылығын қадағалап, оның қабілетінің дами түсуіне бағыт көрсетіп отырады [3, 216.].

Қазіргі кезде педагогикалық технология ұғымы біздің педагогикалық лексикономызға берік еніп келеді. Түсіндірме сөздікке «Технология - бұл қандай да болсын істегі, шеберліктегі, өнердегі амалдардың жиынтығы деп анықтама берілген, Б.Т.Лихачев педагогикалық технологияны оқу процесіне белгілі бір мақсат көздей әсер ететін педагогикалық ықпал деп түсіндіреді [4, 246].

Біздің еліміздің ғалымдарының пікірі бойынша педагогикалық үрдіс технологиясы дегеніміз мақсат-мүддені анықтаудың жалпы әдіснамасы негізінде мемлекеттің қазіргі таңда білім беру саласына қойып отырған талаптарына сәйкес анықталып, іріктеліп, реттелген оқытудың мазмұн форма, әдіс-амалдарының дидактикалық талаптарының психологиялық -педагогикалық нұсқауларының жиыны. Оқыту технологиясы оқу үрдісінде қажетті әдіс, тәсіл, амал, дидактикалық талап секілді психологиялық-педагогикалық іс-әрекеттердің жүйелі кешені ретінде пайдаланылады. Ол оқушылардың тәртібіне, оқуға ынтасына, оқу іс-әрекетіне игі әсер етумен қатар, педагогиканы нақты ғылымға жақындату, мұғалімдердің интеллектуалдық, шығармашылық қызметі болып табылатын педагогикалық іс-тәжірибиесінің нәтижелігіне, жинақтылығына ұтымды әсер ететіндей оқу-тәрбие процесінің басты рөлін атқарады [5, 226].

Бір технологияның өзі әртүрлі атқарушылардың шеберлігіне байланысты әрқилы жүзеге асырылуы мүмкін. Қазіргі кезде әдебиеттерден, қазіргі заманғы білім берудің даму бағыты мен тенденцияларын қамтитын 50-ден астам педагогикалық технология қолданылып жүргендігі мәлім. Болашақ мұғалімдердің әдістемелік, теориялық даярлығының сапасын арттыруда оқытушылар тарапынан қолданылатын жаңа педагогикалық технологиялардың маңызы зор. Әсіресе, қоғамдағы өзгерістер білім беру саласына да айтарлықтай өзгеріс әкеліп отырған заманда күнделікті болып жатқан жаңалықтан хабардар болу, педагогика саласындағы, оның ішінде әр мұғалімнің өзі оқытып жүрген пәні төңірегіндегі жаңа әдіс - тәсілдерді, жаңа педагогикалық технологияны бақылап отыру өте қажет. Сабақ барысында әртүрлі жаңа технологиямен танысу, студенттердің болашақта өз бағыт-бағдарын анықтап, өзіндік пікір қалыптастыруға өзінің іс- тәжірибиесін жинақтауына, өзіндік технологиясының қалыптасуына көмектеседі. Оқытудың жаңа технологияларын үйрену арқылы болашақ мұғалімдердің ұстаздық мамандыққа деген қызығушылықтары, сүйіспеншіліктері артады [6, 116].

Бүгінде арнаулық оқу орындары студент жастарды білім негіздерімен ғана қаруландырып қоймай, олардың шығармашылық бименділігін, өз бетімен әрекет жасау мүмкіндігін, ғылыми көзқарасын, кәсіби шеберлігін т.б. қалыптастыруды көздейді. Ол үшін оқу үрдісіне оқытудың жаңа нысандарын, жаңа технологияларын енгізу қажет.

Дәстүрлі сабақтарда мұғалімнің әрекеті, негізінен, материалды оқушыға түсіндіруге, орындалатын жұмыстың тәсілдерін өзі істеп көрсетуге, сайып келгенде бәрі оқушыға анық, түсінікті болуына, сабақта оқушыны түсініктері дәл меңгеруіне, әрекет-амал үлгілерін қайталап дәл істей, орындай алатын болуына бағытталады. Яғни, дәстүрлі оқытуда «жетік үлгінің иесі» мұғалім де, оқушы мұғалім әрекетін дәл қайталайтын «еліктеуші», ойсыз «орындаушы» болып шығады.

Дамыта оқытуда мұғалімнің басты міндеті - оқу материалы мазмұнын оқушыға дайын күйінде жеткізу, түсіндіру, іс-әрекет үлгісін дайын түрде көрсету емес, оқушымен бірлесе, жалпы іс-әрекетті ұйымдастыра отырып алға қойылған міндеттерді түсіну, оларды шешудің тәсілдерін, жолдарын іздестіру. Мұғалімнің негізгі қызметі: өз ойын, пікірін айтқысы келген оқушыларды тыңдау, ой-пікір білдірушінің жағына шығып, оның логикасын түсіну, қате пікірді бірден жоққа шығармай, оқушылардың өзара пікір алысуы барысында елеусіз түзету, әр оқушыда «Менің ойымша...», «Мен онымен келісер едім, егер...», «Мен былай түсінемін...» деген сияқты әрі өз ой-пікірі бар тұлға екенін сезінуге, әрі оқу үрдісінің өзіне де, мұғалімге де бірдей ортақ еңбек «алаңы» екенін түсініп, өзін еркін ұстауына мүмкіндік беретін ситуациялар тығызу болуы керек.

Дамыта оқыту сабақтарында оқушы мен оқушы, оқушы мен мұғалім арасындағы оқу үрдісі шетіндегі өзара қарым-қатынасқа ерекше мән беріледі. Мұнда оқушы мұғалімнің пікірін өз пікірі немесе талқылап жатқан мәселе туралы басқа оқушылардың көзқарастары сияқты көптің бірі, қатардағы пікірдің бірі деп мұғалімдікімен де салыстырады. Сәйкессіздікті аңғарса өзінше шынайы дәлел іздейді. Талпыну, ізденіс барысында ортаға түскен пікірлердің дұрыстығы не бұрыстығы айқындалып, сонында оқушының «көзі жетеді», сенеді [7, 206].

Қазір оқытудың дамытушы технологиясына проблемалық жағдай туғызу, оқу сайысы, оқу тапсырмасын шешу, оқу диалогы, қарама-қарсы ой-пікір қақтығысы сияқты әдіс-тәсілдер жатады.

Сонымен, Л.В.Занков, Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдов ұсынған дамыта оқыту технологиясының мақсаты - бала бойына еркіндік, мақсаткерлік, ар-намыс, мақтаныш сезім, дербестік, адамгершілік, еңбексүйгіштік, белсендік т.б. қасиеттерді дамыту, жеке адамның жоғары дәрежеде дамуы, жан-жақты гармониялық даму үшін негіз жасау, теориялық ой мен сананы қалыптастыру, балаларда білім,

білік, дағды ғана қалыптастырып қоймай, ой- әрекетінің әдістерін де қалыптастыру, балардың оқу әрекетіне ғылыми таным логикасын енгізу. Дамыта оқытудың басты мақсаты-баланы оқыта отырып жалпы дамыту.

Дамыта оқыту технологиясы тұжырымның ерекшеліктері мынадай: Л.С.Выготскийдің тұжырымы бойынша оқыту дамудың алдында жүруі керек және дидактикалық құралдардың бала дамуына әсері зор.

Дамыта оқу жеке тұлғаның барлық сапаларын тұтас сәйкестікте дамытуға бағытталған. Дамыта оқыту – дәстүрлі оқытуға балама жүйе. Оның нәтижесінде әр оқушы өзін-өзі өзгертуші субъект дәрежесіне көтерілуі көзделіп, соған лайықты жағдайлар жасалады [8, 25б.].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Бородулина М.Е. Личность и ее формирование в детском возрасте. М., 1968. – 170 б.
- 2.Жарыкбаев Қ., Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының дәріс бағдарламасы. Алматы РБК 1993, – 52 б.
- 3.Китайгородская Г.А. Методика интенсивного обучения иностранным языкам. М., 1982. – 140 б.
- 4.Әбдікәрімова Т.М. Бастауыш класта текспен жұмыс істеудің әдістемесі. -Алматы: Қазақ университеті, 1993. – 250 б.
- 5.Жолымбетов К. Қазақ орфографиясын оқытудың ғылыми негіздері. Алматы, 1974. – 130 б.
- 6.Жұмабекова Ж.Д. Дамыта оқыту технологиясы - тілдік күзиретті жетілдірудің негізі. «Білім - образование», № 2 (51-54 б.), 2004. – 140 б.
- 7.Орақова А.Ш., Аяпова А.С. Оқушылардың шығармашылық қабілетін ашу және оған қолайлы жағдай туғызу. «Білім берудегі менеджмент», № 3 (94-97 б.), 2002
- 8.Өмірзақова Г. Оқушылардың шығармашылығын дамыту. «Қазақстан мектебі», № 9 (68-70 б.), 2002

ӘОЖ 83.01.10

Г.МҮСРЕПОВТИҢ «ҚАЗАҚ СОЛДАТЫ» РОМАНЫНДАҒЫ ТИПТІК ОБРАЗ

КӨШЕКБАЕВА А.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының студенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассмотрены тематические, художественные особенности произведений Г. Мусрепова. Проанализировано мастерство описания образов в произведениях писателя.

Summary. The article discusses the thematic, artistic features of the works of G. Musrepov. The mastery of the description of images in the works of the writer is analyzed.

«Қазақ солдаты» – Ұлы Отан соғысы тақырыбына жазылған қазақ әдебиетіндегі әйгілі шығарма. Бұл тақырыпқа жазылған қазақ әдебиетіндегі шығармалар аз болғанымен, совет әдебиетіндегі шығармалар аз емес. Ұлы Отан соғысы совет әдебиетінен үлкен орын алады. Бұл тақырыпқа әдебиетіміздің алтын қорына кірерлік үлкен кесек шығармалар жазылды. Б.Горбатовтың «Бағынбағандары», А.Фадеевтің «Жас гвардиясы», М.Бубенновтың «Ақ қайыңы», В.Панованың «Серіктестері», Корнейчук, Леонов, Симонов пьесалары Ұлы Отан соғысының әр қилы кезеңдерін, совет адамдарының майдандағы және тылдағы, дұшпанның қолында қалған жерлердегі асқан ерліктерін жан-жақты кең қамтыған елеулі шығармалар. Бұлардың әрқайсысы қай жағынан болсын бір-бірін қайталамайды, әр түрлі стильде, әр түрлі әдіспен жазылған шығармалар. Ғабит Мүсреповтің «Қазақ солдаты» романы да осы кесек шығармалардың көлеңкесінде қалып қоймай, олардың біреуін не бірнешеуін қайталамай, Ұлы Отан соғысы туралы эпопеяға өз арнасымен, өз ажарымен қосылатын тың шығарма.

Бұл роман өзінің сюжет құрылысы, алған оқиғасы, суреттейтін объектісі жағынан жоғарыда аталған және басқа осы тақырыптағы шығармалардың қай-қайсысынан болсын бөлектігі, өзіндік ерекшелігі бар шығарма. Автор осы тақырыпқа жазылған көп жазушыларға ортақ болмай қоймайтын негізгі идеяны - тың материал арқылы ашып, өзіне тән көркемдік шешіммен жеткізеді. Сонымен бірге шығарма өзінің ұлттық сипатымен де дараланады.

Жазушы оқиғаны тура Отан соғысынан бастамай әріден қамтып қаһарлы ауыр кезеңдегі ұлы күштің түпкі тамырын, негізгі бұлағын ашады.

Романда Отан соғысының негізгі үш кезеңі молырақ суреттеледі. Бірінші кезең -1941 жыл оқиғасы, біздің әскерлердің шегінуі. Екінші кезең - табан тірескен қорғаныс ұрыстары, Кавказды қорғау. Үшінші кезең – Совет Армиясының шабуылы, жау қолында қалған совет жерін азат ету. Романдағы осы негізгі үш жотада кейіпкерлердің характері мол ашылып, олардың өсу, шыңдалу жолдары дамып отырады. Осылайша соғыстың бүкіл халыққа келген бүліншілік қасірет екені ғана емес, сонымен бірге бүкіл халықтық іс екені, Отан тағдырын бүкіл халық қорғайтындығы аңғарылады.

«Қазақ солдаты» романының өн бойында біз Қайырғалиді ылғи іздену үстінде көреміз. Романның бетін ашқаннан-ақ ауылдан қалаға қарай қашып келе жатқан бала көзге түседі. Жалған басқармадан қорқып қашқанмен, баланың көкірегінде көмескі үміт сәулесі бар. Ауылда жүрген бақташы бала өзіне де, өзгеге де ашып айта алмағанымен, қараңғыда қалғысы келмей, жарыққа талпынатын сияқты. Оның осы бір көмескі қиялында өмірден өз орнын іздеушілік бар. Осы іздеушілік романның өн бойында Қайырғалидің ойынан кетпейді. Ол өсе келе өзінің өмірдегі орнын іздеуге мықтап кіріседі. Әр қилы өмір көреді. Өзінде барды ең пайдалы етіп жұмсаудың жолын қарамады. «Шеген анау өз жолын тауып алды, одан бұрын осы коммунада болғандардың талайы жоғарғы дәрежелі мектеп бітіріп, әр алуан істе жүр. Олар ылғи хат жазып тұрады... Әрі дімкәс, әрі жасқаншақ Бораһ та өз жолын тауып түскелі жүр... Оның әні қазір бүкіл қаланың құлағына ілініп, Бораһ жұрттың сағынып күткен әнші баласы атанып бара жатыр... Бораһ қазірдің өзінде-ақ Москва консерваториясына барып түсуге әзірленіп жүр. Ол төрт аяғы тағалы әнші болмақ. Ал мен ше?.. Мен шашты қалай алуды үйренуге «Қызыл крес» шаштаразына келдім. Өнер емес өлім сияқты көрінеді»[1, Б:57-58]. Әрине, Қайырғалидің бұл сөзінде өз халіне арланушылық бар. Бірақ онда буржуазия қоғамының жастарына тән мансапқорлық жоқ. Қайырғалидің өмірдегі орнын іздеуі ауқатты, жеңіл тұрмысты көксеуден, атақ, даңқ қуалаудан аулақ. Ол өзінің болымсыз аз ісін місе тұтпай, үлкен істі арман етеді. Бойындағы барын ел ісіне сарқа пайдаланғысы келеді. Еліміз істеп жатқан үлкен істің бел ортасында болғысы келеді. Ол өз орнын совет жауынгерлерінің, Отан қорғаушылардың қалың ортасынан табады. Отан қорғау ісі оның өмірлік мақсатына, рухани қажетіне айналады. Қайырғали ойы, әрқашан да мазасыз, ол соғыста жүріп елдің бейбіт ертеңін, сол ертеңгі күндегі өзінің елге пайдалы орнын тағы іздейді. Мұндай мазасыз іздену, тынымсыз талпыну совет жастарына тән заман рухы. Осы қасиет Қайырғалиді совет жастарының типтік образы дәрежесіне көтереді.

Романда оқиға бас кейіпкердің баяндауы арқылы беріледі. Бұл романды жанры жағынан мемуарлық шығармаларға жақындатады. Оқиғаны бірінші адамның атынан баяндау бүкіл суреттеу әдісіне өз таңбасын салмай қоймайды. Оқиғаны кең қамтып әр кейіпкердің жан-жақты іс-әрекеттерін, ішкі дүниесін, ой жүйесін, психологиялық тебірену толқуларын еркін суреттеуге қысымшылық жасайды. Жазушы бар оқиғаға, адамдарға бір ғана кісінің көзімен, бір дүрбімен қарайды. Барлық істі басты геройдың өзі баяндап отырғандықтан жазушыға сол геройдың образын жасауда да қысымшылық келеді. Өйткені, басты геройдың портретін, характерін, мінездемелерін, сыртқы қимылының көркем көріністерін жазушы өз тарапынан кең баяндай алмайды. Проза дәуірі басталғанда туып, көбірек қолданылған - оқиғаны бірінші адамның атынан баяндау әдісінің әдебиеттің кейінгі дәуірінде өте сирек қолданылуы да сол форманың осы шеңбер тарлығынан. Бұл форма қазіргі жазушыдан бүгінгі заман шындығын көркем бейнелеу үшін үлкен шеберлікті, талант ептілігін талап етеді. «Қазақ солдаты» романында жазушы осы сияқты талант орамдылығын, ептілігін танытады.

Қайырғалидің жақсы қасиеттерін суреттегенде оны мақтаншақ етіп алмай, кішіпейіл сөздермен жарасымды етіп айтқызады. Автор геройын жеке-дара көтермей, оның алдына өнегелі адамдарды салып, жақсыға талпыну, өнегеліге еліктеу арқылы тасалай отырып, Қайырғалидің үлкен-үлкен жақсы қасиеттерін шебер жеткізеді.

Романда Қайырғалидің характері жоталанып айқын ашылған. Ол алдына биік мақсат қоя білетін, қойған мақсатына жетпей тынбайтын қажырлы, қайратты жас болып көрінеді. Қайырғали өз арына, намысына нұқсан келтіретін нәрселерге бармайды. Өз принципін берік ұстайды. Шаштараз болып істеп жүргенде жас та болса талайды көрген қу мастердің дегеніне көнбей, ықпалына ермей өз жолын берік ұстанады. Романның өн бойында Қайырғали табанды, мойынға алған ісіне тындырымды берік адам болып көрінеді. Оның характері тұтас, кесек. «Мен әр істі өз уақытында істеу керек деп ойлаймын. Қазір соғыс уақыты. Мен де өз орнымда сияқтымын. Қазір азамат борышы не деп сұраса, мен қару асынуда дер едім» [2, 232 б.]. Бұл әрқашан да өз мақсатын анық түсінетін, бұлтағы жоқ,

кесек мінезді адамның сөзі. «Біреу бұл сабақты өткен шығар, біреу өтпей-ақ жеткен шығар, онда менің не жұмысым бар, мен басынан бастап түгел өткім келеді» [2, 232б.]. Қайырғалидің осы сияқты табандылығы, істейтін ісіне шалалықсыз әбден көзі жетіп, ауырлықты аттап өтпейтін қажырлы төзімділігі расында оның барлық іс-әрекетінен танылады.

Жазушы басты геройының рухани дүниесін жан-жақты көрсеткен. Қайырғалидің ескі солдаттан айырмашылығы, артықшылығы оның оқу-білім дәрежесінде, мәдениетінің жоғарылығында ғана емес, сонымен бірге азаматтық борышын кең де терең түсінуде. «Есепсіз өткен көп күндердің бір сұрауы болатын шығар?» [3,65 б.] - дейді ол. Бұл өз болашағын ғана емес, өзін ел қажетіне барынша пайдалы егуді ойлаған, үлкен азаматтық борышын ұққан адамның сөзі. Қайырғали басында совет жастарына тән жақсы қасиеттер мол жинақталған. Ол адалдық, достыққа берік, жауға қаталдық сияқты жауынгерлік, гуманистік қасиеттер.

Автор кейіпкерінің өмірбаянын балалық шағынан бастап, оның өсу жолын бірте-бірте дамытып көрсетеді. Романдағы өте бір көркем суреттелген Қайырғалидің балалық шағы. Жазушы дала психологиясын ой тебірентер әсем поэзиясымен бейнелі, ажарлы суреттейді. Балалық шақтың өзіне тән қызығы, балалық әсем дүние жастық турлы ажарымен көрінген. Қайырғали өскен сайын оның алдынан дүние есігі кеңірек ашыла береді. Өмірде әр түрлі адамдармен кездеседі. Оның бәрі кейіпкер өмірінде із қалдырады. Ой дүниесінің өрістен, дүние тануының кеңейіп, азамат болып қалыптасуына әсерін тигізеді. Өмірдегі кейбір адамдар мен оқиғалар оны жирендіріп түңілдірсе, көп адамдар мен оқиғалар тандандырып сүйсіндіреді, баулып, тәрбиелейді. Романдағы Қайырғалидің жан дүниесі бай. Ол сүйе де, күйе де біледі, беріле де, түңіле де біледі, қуана да, қайғыра да біледі. Жазушы геройының жан құбылыстарын, психологиясын қилы-қилы жағдайда сан қырын ашып толық суреттеген. Басты геройдың жанының жомарттығымен бірге оның ішкі такты (сыпайылығы), табиғи әдептілігі ылғи сезіліп отырады.

Роман өзінің көркемдік дәрежесі жағынан қазақ әдебиетінің алдыңғы аз ғана үлгісіне жатады. Жазушы бұл шығармада өзінің қалыптасқан шеберлігін танытты. Қазақтың тіл байлығын мол игеріп қана қоймай, оны өте орынды, байыпты пайдалана біліп, қазақтың әдебиет тіліне елеулі үлес қосты. Шебер образдар жасаумен бірге оқиғалардың сырын терең ашып, әр түрлі өмір құбылысына ой жүгіртіп, алуан түрлі табиғатты негізінен шебер суреттеу арқылы оқушының ой өрісін, дүние тануын, адам тануын, көркемдікті қабылдауын кеңейтіп, тереңдете түсерлік яғни эстетикалық биік талапқа жауап берерлік әсерлі де құнды шығарма жасады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мүсірепов Ғ. «Қазақ солдатты», Алматы, ҚКӘБ, 1950 ж.
2. Ғабит Мүсірепов және әлемдік әдеби процесс. – Алматы, 2003.
3. Ғабит Мүсірепов туралы естеліктер. – Алматы: Қазақстан, 2004.

ӘОЖ 82.736

Б.МОМЫШҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

БЕРКЕНОВА Р.А.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының доценті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ТҰРАП Б.Қ.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының студенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме: В статье подробно рассматривается творчество Б. Момышулы.

Summary. The article examines in detail the work of B. Momyshuly.

Ұзақ тарихымыздың қай белесінде де халқымыздың абыройын өсіріп, ұлттық мақтанышына айналған даналар аз болмаған. Қымбат қасиет, сирек сипаттың бәрі бір бойына жиналған сондай біртуар азамат ұлдарымыздың бірі-Бауыржан Момышұлы.

Сұрапыл соғыстың отты жылдарында ерлігімен даңқы асқан жас қазақ офицерінің атын жеңістер шежіресінің алғашқы беті жазылмай жатып-ақ, жарық жалған естіп-біліп, жалпақ далаға жария қылған еді. Аты аңызға айналған Бауыржан батырлығы мен батылдығына жұрт түгел таң

қалған-ды. Қай майданда қайсар сарбаз да, қайсар сардар да аз болмаған. Бірақ қатардағы батальон командирінің қайсар ақылына көрген де, естіген де бірдей таңдай қатты.

Даңқы шығып, аты аңызға айналған Бауыржан жайлы қалам тербеп оның бойындағы айрықша қасиеттерін көркем тілмен кестелеп бере білген, оны көркем шығарманың сүйікті кейіпкеріне айналдырған қаламгерлер кемде-кем десек артық айтқанымыз емес.

Оған Кривицкийдің «Москва түбіндегі қарауыл», Д.Снегиннің «Шектерде» және «Шабуылда», Александр Бектің «Арпалыс», М.Ғабдуллиннің «Менің майдандас достарым», Ә.Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз», Зейнеп Ахметованың «Шуақты күндер», тағы басқа шығармалар дәлел болады. Дегенмен, осы саладағы еңбектердің алғашқысы, әрі сүбелісі Александр Бектің «Арпалыс» атты туындысы болатын. Дүниенің түкпір-түкпіріндегі оқырмандар әлемінің негізгі тілдерінің бәріне аударылып, миллиондаған тиражбен басылып шыққан бұл кітапты оқу арқылы бір Бауыржанды ғана танып қоймай, бүкіл қазақ халқының ерлік сипатын, дархан мінезін тани түсті. Оқып қана қойған жоқ, екі көзі оттай жанған, алмас қылыштай жарқылдаған жас құдіреттің жас қазақ офицерінің сымбатына қызыға қарады.

1943 жылы «Знамя» журналының бесінші санында Александр Бектің «Панфиловшылар алғы шепте» деген повесінің басы жарияланды. Қан майданда оқ пен оттың арасында жүрген әрбір жауынгер осы шығарманы күндіз шабуыл салбырсығанда күнніңжарығымен, түнде айдың сәулесімен оқыды. Тіптен Панфиловшылардың ерік істеріне сүйсінген жауынгерлердің кейбірі түнде зеңбіректің қасына келіп отырып, аккумулятордың жарығымен оқыды. Бұған алсытан дәлел іздемей-ақ жауынгер жазушы Әзілхан Нұршайықовтың естеліктегі мысал болады.

Бұл шығарма жауынгерлердің жүрегіне от жақты, рух берді, бойына ерліктің дәнін септі. Әлемге танымал бұл еңбегінде Александр Бек Бауыржанның атын шығарса, Бауыржан Александр Бектің атын шығарды. Оқырман қауымның сүйіспеншілігіне бөленген осы туындыда автор Бауыржанның өр тұлғасын тамаша сомдап шықты.

«Қатардағы солдаттан полковник дәрежесіне, взвод командирінен дивизия командиріне жеткен атақты гвардеец Бауыржан Момышұлын білмейтін жер жоқ десек те асырып айтқан болмаймыз. Жақсылық жатпайды. Ұлы Отан соғысы аяқталмай тұрған кездіңөзінде-ақ батальон командирі Бауыржанның даңқы жер жарды. Аты жөнін сырттан естіген өзіміз халқымыздың қаһарман ұлының кескіні мен келбетін бір көруге құштар болдық. Кейін Александр Бектің «Арпалыс» атты кітабын оқығанда, Бауыржанның өзін көргендей, тіпті көп жыл таныс, сырлас болғандай әсер алдық. Шындықты айтқан шынайы көркем шығармаға не жетсін. «Арпалысты» мен әсіресе нағыз шындығы үшін, Бауыржанның бейнесін айнытпай, бұлжытпай жарқын түсіргені үшін жақсы көрдім», - деп жазды М.Қаратаев[1].

Халық жүрегінен ерлік бейнесімен орын алған сол Бауыржан кейіннен өзінің дарынды жаратылысының жаңа бір жақтарын жарқыратып көрсетті. Ол оның жазушылық қызметі.

Соғыс жылдарының әйгілі батыры бейбіт замандағы жазушылық сапарында да ірі ерліктер жасады. Ол ұлттық прозамыздағы саяси, әскери тақырыпты биік идеялық-көркемдік тұғырға көтеруші.

М.Ғабдуллин, Шәріпов, Қ.Қайсенов, Т.Жангелдин, Қошқарбаев сияқты майдангер қаламгерлердің алдыңғы легінде болды. Соғыс сұрапылы мен адам психологиясын деректі нақтылық, алуан сырлы сезім нанымдылығымен суреттеуде дара дәстүр сілемдерін қалдырды, озық шеберлік үлгілерін көрсетті.

Бауыржан Момышұлы 1910 жылы Жамбыл облысы Жуалы ауданының Мыңбұлақ ауылында дүниеге келді. Аз сөйлеп көп түйетін, бабы келсе даналық нақыл сөздерді ақтарыла айтып салатын ойшыл әкесі Момыштың елу жасында көрген жалғыз ұлы екен. 1928 жылы Шымкенттегі жеті жылдық мектеп интернатты бітірген Момышұлы аудандық атқару комитетінің хатшысы, милиция бастығы қызметтерін атқарды. 1932 жылы әскери міндетін өтеуге алынып, бір жарым жылдан кейін запастағы командир болып оралған Бауыржан Шымкент пен Алматының өнеркәсіп банкерінде экономистік жұмыстарында жүреді. Арасында Ленинградтағы финансы академиясының жанындағы арнайы курсты үздік бітірді.

1936 жылы Қызыл Армия қатарына қайта шақырылған Бауыржан Момышұлы соғыс жылдарында взвод командирі дәрежесіне көтерілді. Соғыстан кейінгі жылдары бас штаб академиясындағы оқуын аяқтаған гвардия полковнигі 1956 жылға дейін әскери академиялардың бірінде дәріс оқиды, ғылыми-педагогтік еңбекпен айналысады.

Әскер қатарында жүріп, ара кідік өлеңдер жазған Бауыржанның ақын жанды адам екендігі, туған елін, дос-жаран адамдарын ақын жанымен жақсы көретіні, айнала дүниеге, әсіресе туған жер табиғатына ақын көзімен қарайтыны, ақын жүрегімен тебіренетіні анық байқалады. Әйткенмен

әдебиет саласында жазушының өндіріп қызмет еткен кезі соғыс біткеннен кейінгі жылдар. Мұнда ол қаруды тастап, қаламды қолына алған болатын. Оның бойындағы творчестволық таланты кең қанат жайған кезі де осы уақыттан бастап.

Жауынгерлік еңбегі, қаһарманжығы үшін Қызыл ту, I-дәрежелі Отан соғысы, Қызыл жұлдыз ордендерімен, көптеген медальдармен мараптталған, Александр Бектің повесіндегі негізгі батыр кейіпкерге айналған Б.Момышұлы творчестволық еңбегі үшін 1958 жылы құрмет белгісі орденімен наградталып, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығына ие болды, «Еңбек қызыл ту», «Халықтар достығы» ордендерін алды.

Баукеңнің «Ерлік пен жеңіс үшін» деген мақаласы 1942 жылғы жиырма төртінші қыркүйекте «Социалистік Қазақстан» газетінде басылуына қарағанда, болашақ батыр жазушының қиялын тербеген ой ертеден бүршік жарған сияқты. Ә.Нұршайықовпен әңгімесінде өзі соғыс кезінде жүргізіп, кейіннен қызғыштай қоритын он үш күнделік дәптерін көрсететін Бауыржан Момышұлы әдеби шығармаларына алынатын сарқылмас деректі оқиғалар мен бұлжымас фактілердің қайнар көзіне меңзейді. Сол отты дәуірде жан лапылын өлең жолдарына айналдырып көрген ер көңіл, шешен, жас командир өз ойынан шығарған тапқыр, тақпақ сөздердің түп тарихы туралы: «Мақал-мәтел-өмір тәжірибесі. Қиналған қысылған сәттерің мен шақтарың бар, сол қысылшаң кезден қалай құтылғаныңды ойыңмен өрнектеп, сөзбен кестелесең, нақылға айналады... Қарамағымдағы жауынгерлер маған тек бағынышты ғана болған жоқ. Олардың ішінде ақылгөйлері де көп болды. Кейде солардың ауыздарынан маржандай асыл сөздер атқылап жатады. Мен елден естігенімді оймен елеп, екшей бердім. Екшегенімді ерінбей қағазға түсірдім», - деген екен[2].

Бауыржан жаратылысынан ақын, суреткер адам. Ол таусылмас қайраттың, үлкен шабыттың адамы. Бұл оның жауынгерлік өнеріде қандай көрінсе, жазушылық өнерінде де сондай көрініп отырды. Бұған Баукеңнің қаламынан туған «Ұшқан ұя», «Куба әскері», «Москва үшін шайқас» сияқты көлемді туындылары мен «Ана әмірі», «Грицконың сағаты», «Көк төмпеш», «Сезікті қыз», «Өлтір оны», «Хат» тағы басқа әңгімелері, көптеген публицистикалық мақалалары дәлел болады.

Бауыржан Момышұлы әдебиетке ерекшелікпен келген екен. Оқырман қауым батырды алдымен шығармалардың авторы ретінде емес, шығармадағы ержүрек кейіпкер ретінде таныды. Дәлірек айтар болсақ, Александр Бектің «Волоколамск тас жолы» («Волоколамское шоссе») повесті арқылы танылған болатын. Повестің басты кейіпкері панфиловшы офицер, мәскеуді қорғауға қатысқан батыр – Бауыржан Момышұлы. А.Бек бұл еңбегін батырдың әңгімелері мен еске түсірулерінің желісімен жазған болатын [3].

Бауыржан Момышұлы – «Офицердің күнделігі», «Бір түннің тарихы», «Москва үшін шайқас» әңгімелерінің, генерал И.В.Панфилов туралы «Біздің генерал» өмірбаяндық повестер мен әңгімелер жинағы кітабының авторы. «Біздің отбасы» туындысы үшін 1976 жылы «Кубалық кездесулер» атты очерктік шығармасын жазды. «Москва үшін шайқас» шығармасы А.Бектің «Волоколамск тас жолы» шығармасының жалғасы болып табылады.

Ел аузындағы әңгімелер Б.Момышұлының мінезінің тік болғандығын айтады. Ол кісі өте қайсар болған. Шындықты жаны сүйетін, өтірікшілер мен қорқақтарды жек көретін ержүрек адам болды. Оның бойындағы қазақы қасиеттер мольна болды. «Момышұлы» деген тегінің өзі үлкен бір қайсарлықтың арқасында солай аталды. Кеңес заманында қазақтың тегіне шектеу қойып, -ев немесе -ева деген жалғауларды жалғатып қойған шақта Бауыржан Момышұлының қайсарлығы ғана өзінің қалаған тегін алып жүруге мүмкіндік берді.

Б.Момышұлы А.Бектің «Волоколамск тас жолы» повесті жазылған кезде басты кейіпкер болады. Оның әңгімедері мен еске түсірген оқиғаларын қағазға түсірген. Бек болған шайқастар мен оқиғаларды қатты әсерлеп, тіпті, Кеңес әскерінің жеңіліске ұшыраған кездерін жазбай қойса керек. Отан соғысының ардагері Алексей Абрамов Момышұлы жайлы былай дейді: Тарихқа Ключковтың «Ресей ұлан – ғайыр, артымызда Мәскеу, шегінерге жер жоқ» деген сөзі кірген. Осындай ұлы сөзді Бауыржан Момышұлы айтқан. Олалдында жатқан картаны өртеп жіберіп, «Бізге Мәскеуден ары батысқа қарай карта керек емес, не жаудың бетін қайтарамыз, не осы жерде өлеміз» деген. Бұл Ұлы жауынгерлердің қасиетті сөзі.

Батырдың нақыл сөздері:

Сен жаудан қашсаң, өмір сенен қашады.

Таяқтан тай салмасаң,

Семсерден сескенбесең,

Жеңдімдей бер...

Қарабет болып қашқанша,

Қайраткөрсетіпөлгенартық.

Ептілік те – ерлік.

Қой бастаған арыстан тобынан

Арыстан бастаған қой тобы артық.

Қорыта келгенде, Бауыржан Момышұлы-ең алдымен сұрапыл заманда шыңдалған қаһарман жауынгер, ер қолбасшы, шын мәнінде гуманист, рухани дүниесі бай, рухы биік адам. Есімі тарихтың тақтасына бас әріптермен жазылған адам-тар өткел, қия шатқалдан өткен қиынға өршелене ұмтылған, өз сөзімен айтқанда: «дұшпанына берілмеген», «досына берілген» үлкен жүректі адам.

Соғыс жылдарының әйгілі батыры бейбіт заманындағы жазушылық сапарында да ірі ерліктер жасады. Ол ұлттық прозамыздағы саяси, әскери тақырыпты биік идеялық-көркемдік тұғырға көтеруші Мәлік Ғабдуллин, Қасым Қайсенов сынды майдангер қаламгерлердің алдыңғы легінде болды. Соғыс сұрапылы мен адам психологиясын деректі нақтылық, алуан сырлы сезім нанымдылығымен суреттеуде дара дәстүр сілемдерін қалдырды, озық шеберлік үлгілерін көрсетті.

Оның жазушылық сапарын нұрландырып, шабытынақанат, қаламына нәр, үніне-сенім қосқан еңселі адамгершілік, қайраткерлік тұлғасы. Қоғамдық ауқымдағы өрелі ойлары мен барынша адал, бүкпесіз, ашық сезімі, асқақ та нақты саяси-әлеуметтік мұраты, айқын көркемдік-эстетикалық принциптері Бауыржан Момышұлын заңды түрде қазақ әдебиетінің іргелі өкілдерінің қатарына қосады. Екі тілде еркін жазған қаламгер ұлттық топырағымызға әскери-патриоттық тақырыпты меңгеру жолында дербес дәстүр соқпағын салды [3].

Жауынгер жазушының шыншыл шығармалары идеялық өзектілігі тұрғысынан ғана емес, творчестволық шеберлік ыңғайымен келгенде де әр алуан зерделі суреттерге жомарт. Бұл Бауыржан Момышұлының мұрасының өміршең сипаты. Қазіргі кезде батыр ұлының құрметіне еліміздің үлкенді-кішілі әскери және құқық қорғау органдарының оқу орындары, ауылдары мен көшелері батырдың атымен аталады. Тек Қазақстанда ғана емес Ресейде де батырдың есімімен аталатын мектеп пен көше бар.

2010 жылдың ақпан айында Мәскеу қаласында Бауыржан Момышұлының 100 жылдығына арналған «Аңызға айналған батыр» кітабының тұсаукесері өткізілді. Кітапта Бауыржан батырдың Мәскеу мұрағаттарында сақталған, бұрындары жарияланбаған жазбалары және жауынгерлер әріптестері Мәлік Ғабдуллиннің, Дмитрий Снегиннің естеліктері жарияланған [4].

Б.Момышұлының, өміріне арналған Ә.Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» (1976) роман-диалогиясы жарық көрді, «Қазақфильм» киностудиясы, «Ел басына күн туса» (1967) көркемфильмін түсірді. Москва академиялық драма театры Момышұлы туралы «Волоколамск тасжолы» спектаклін қойды.

Қан майдандағы ерлігі үшін көптеген медаль, ордендермен марапатталған, халық қаһарманы батыр Баукең творчестволық еңбегі үшін Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығына ие болды, «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі», «Халықтар Достығы» орден алды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қаратаев М. Изденіс іздері. – Алматы: Жазушы, 1984. – 354б.
2. Қабдолов З. Жебе. Әдеби толғаныстар мен талдаулар. – Алматы: Жазушы, 1977. – 380 б.
3. Елеукенов Ш. Әдебиет және ұлт тағдыры. – Алматы: 1997. – 368 б.
4. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Астана: Күлтегін, 2003. – 528 б.

ӘОЖ. 82.512

ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

БЕРКЕНОВА Р.А.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының доценті, ф.ғ.к.,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

АХМЕТ Қ.Ғ.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының студенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. Статя посвящена творчеству Шакарима Кудайбердиева.

Summary. The article is dedicated to the work of Shakarim Kudaiberdieva.

XX ғасырдың басы қазақ қоғамы үшін рухани құндылықтардың қайта өрлеу кезеңі, гуманизм идеяларының кең таралуы және мәдени сананың дамуы болды. Алдыңғы қатарлы қазақ зиялылары адамзат өркениеті арқылы халықтың даму бағыттарын білді. Олардың негізгі мақсаты-адамды ізгілендіру, білімге, өнерге және кәсіпкерлікке баулу.

"Адам түзелмейді, қоғам түзелмейді", – деп сол кезеңдегі ақындар мен жазушылардың шығармашылығынан айқын көрінеді. XIX ғасырдың екінші жартысында Абайдың ізбасарлары шығып, олар орыс әдебиетінің үздік үлгілерін қазақ халқына берді, қазақ көркем әдебиетінің шеңберін шығыс поэзиясының жанрларымен кеңейтті, сондай-ақ олар қазақ әдебиетіне өз келбетін, көрінісін қосты және жаңа көзқарас қалыптастырды. Олардың арасында Абай заманынан аман өтіп, өткен ғасырдың басын көрген Ш.Құдайбердіұлы да болды. Абай негізін қалаған, гуманизм, адамгершілік, ағарту идеяларын насихаттаған, өзінің шығармашылық қызметінің ізін қалдырған ақын, тарихшы, аудармашы, реалистік әдебиет дәстүрін таратушы Шәкәрім Құдайбердиев ерекше орын алады. Шәкәрімнің ауызша фольклордың табиғатына қанық бай әрі құнарлы қазақ поэзиясынан шабыт алған шығармалары өз өрнегіне, өзіндік қолтаңбасына, терең поэтикалық силосына ие. Әр жазушының өзіндік ерекшелігі, даралығы оның әдеби шығармашылығында ашылатындығын ескере отырып, ақын өз шығармаларында сөздің күшін анық және айқын көрсетті.

Ақынның философиялық жүйеге құрылған өлеңдерінің негізінде қазақ поэзиясының өткені мен бүгінгінің керемет қырлары мен көріністері жатыр. Ақын өз шығармашылығында қазақ поэзиясының әдемі және ырғақты өрнегін жаңаша көрсетті. Тамыз айынан бастап сөз өнерінің майы, түс опцияларының өрісін кеңейту, өлеңдер. Шәкәрімнің поэтикасында, мазмұндық және формалдық аспектілерінде жан теңесіп, белгілі бір үйлесім тапты. Абайдың соңғы поэтикалық сөзінің тамаша үлгілерін сөздіктен және ақынның поэтикалық өрнегінен байқауға болады. Ақын оны көркем сөзбен суреттей алды, ол философияға толы, монологтар мен дастандардың өрісін кеңейтті, өмір құбылыстарынан, өмір заңдылықтарынан әдемі әуен тапты. Ол поэзияның тақырыптық, мазмұнды жағын кеңейтіп, көркемдік талаптардың тұғырын көтерді. Сонымен қатар, ақын поэзиясында біз поэтикалық бейнені көреміз, ол көркем ойдың, білімнің поэтикалық көрінісінде бейнелі күйге өтеді. Дүниетаным мен көркемдік жүйенің үйлесімі ақын шығармашылығының ерекшелігі болып табылады. Қазақ өлеңінің мазмұнын, көркемдік сипаты мен тақырыптық аясын кеңейте отырып, ақын қазақ әдебиетіне Аллатану, адам болмысы, қоғам, өмір, өмір, өлім мәселелерін зерттеудің жаңа формасын әкелді. Адамның ішкі дүниесінің сапалы жағын анық көрсетіп, өлең өрнегін жүйеледі. Өлеңдерінде және өлеңдерінде ол үнемі дамып келе жатқан адамның рухани-адамгершілік әлемінің жаңа қырларын суреттеді, бейнені бейнелеп, сөз өнерінің әдемі кестесін суреттеді.

Ақынның өлеңге деген жоғары көркемдік талғамы философиялық, поэтикалық бірлікте көрінді. Бұл бірлік жаңа үрдіске ие болды. Егер қазақ поэзиясында ақынның қандай жаңа мазмұн әкелгені туралы мәселелер тұрғысынан айтар болсақ: біріншіден, ақын Абайдың "Алланы сүйю", "Құдайды сүйю", "Жаратушыны сүйю" моделін жаңаша көтерді; екіншіден, адамның тұлғалық қалыптасу, өзін-өзі тану проблемасын көтерді; үшіншіден, сопылық мақал-мәтел қазақ ұғымына сәйкес келетін дүниетаным мен поэтикалық өрнекті бейнелеген; төртіншіден, біздің әдебиетіміздің мазмұнды қазынасын қалыптастырып, оны Шығыс пен батыс әдебиетінің озық үлгілерімен байланыстырып, оны ой, мазмұн, түр бірлігінде сақтаған.

Ғарыштың құпияларына, ғарыш әлеміне үнілуге, оны поэтикалық процесте тануға деген ұмтылыс ақынның Шәкәрім сияқты ауыр ауыртпалықтарының бірі болды. Шәкәрім-ұлы гуманист, кемеңгер ойшыл, қазақ әдебиетінің классигі. Ол XX ғасырдың басында, Абай дәуірінен бастап, еркін дамуға, ғылым мен техниканың жетістіктерін игеруге, демократиялық идеяларды қолдауға ұмтылған қоғамдық қозғалыстың ең көрнекті өкілдерінің бірі. Шәкәрімнің гуманистік, адамгершілік идеяларын адал еңбегі, әділдігі, мейірімділігі, зорлық-зомбылықты, қиянатты әшкерелеуі үшін қорғау прогрессивті, жаңашыл қоғамдық күштердің озық ойлауының және халықтық байырғы армандардың мүдделерін терең түсінудің айқын көрінісі болғаны анық.

Шәкәрімнің дүниетанымы, қоғамдық пікірі, философиялық, эстетикалық көзқарастары XIX ғасырдың екінші жартысын жан-жақты дамыған, үлкен мәдениеті, кең дүниетанымдық көзқарасы бар қоғам мүшесін қалыптастыру кешегі күні қандай құнды болса, бүгіндері тіпті де мәнді бола түсетіні анық. Өйткені, қазіргі ақпараттық-технологиялық заманында адам данының дүниесін жоғарылатуды бірінші орынға шығару аса қажет. Сондықтан да болар бүгінгі жаһандану үрдісіне меңзей отыра, ғалым Манаш Қозыбаев «Біз мынау цивилизацияның дүрмегіне орай, урбанизация деген ағымға еріп, адамгершілік тәрбиені төмендетіп алдық. Сондықтан жас ұрпаққа сапалы білім берумен қатар олардың адамгершілік қасиетін жоғалтпауға көңіл бөлуіміз керек сияқты», -деп тұжырым жасайды. Шындығына келгенде, бойына ізгіліктің қасиеттерін талмай сіңіре беру

қажеттілік. Яғни, «ұрпақтар алдындағы жауапкершілік, сірә, бостандықтың нағыз бағасын түсіну шығар». Сонымен көзі қарасты, іскер, өмірге бейім, тұла бойына үлкен адамгершілік қасиеті бар адам қоғамының тірегі болмақ. Адам бойындағы ең ізгі қасиет-адамгершілікті өз шығармаларының туы еткен, оны ең өзекті сауал, мәселе етіп қойғандардың бірі-Шәкәрім қажы Құдайбердіұлы.

Шәкәрім Құдайбердіұлының кез-келген өлеңдерін, дастандарын, прозалық шығармалары мен кара сөздерін алсаңыз идеялық-тақырыптық тұрғыдан мән-мағына, адамгершілік мәселелері жатқанын көресіз. Осы тұрғыдан қарағанымызда биік талап қойып, адам бойындағы парасат пен пайымды алатындығын байқаймыз. Бұған дейін де Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармашылығы әр түрлі ғылым салалары жағынан зерттеліп, соңғы жылдары Шәкәрімтану жеке ғылым саласы ретінде біршама жетістіктерге жетіп, қалыптаса бастағаны белгілі. Шәкәрім жаратылысының күрделілігі мен оның қалдырған мұраларының сан саласы сипаты әр түрлі ғылым өкілдерінің назарын аудартып, тың ізденістер тудыруда. Яғни ақын шығармашылығының поэзиямен ғана тоқталмайтындығы, философия көзқарасы, тарихи дерек көздерін ашуы, ағартушылық-педагогикалық ұстанымдарын кешенді түрде тереңдей зерттеле бастауы.

Кейінгі ғалымдар үшін әдеби үдерісті зерттеуде үлгі болған Абай Ахмет Байтұрсыновтың шығармашылығын өзіне алған зерттеуші ретінде" қазақтың бас ақыны мақаласында: «Абайдың сөздері әлемде қалды. Басқа адамдар сияқты, олар да қазақ балаларына алғыс айту керек еді»- делінген шәкәрімтанушылардың мәлімдемесінде. Өйткені, ақын Шәкәрім Абайдың дәстүрлерін жалғастырып, жалғастырып, оны жаңа сапаға айналдырды. Белгілі абайтанушы Қайым Мұхаметқанов бұл туралы былай деді: "Қазір, біздің әдебиетіміздің тарихында орны ежелгі жер болатын ақын, жазушы жайлы еске алғанда, ең алдымен, Шәкәрімді атаған орынды деп санаймын. Өйткені, ол Абайдың шынайы мұрагерлерінің бірі, солардың бірі". Шәкәрім шығармашылығының тақырыптық кеңдігін, идеялық тереңдігін, мазмұнының кеңдігін, әлеуметтік қажеттілігін атап өте отырып, М.Әуезов пен Ж.Аймауытов қазақ әдебиетінің даму үдерісіне арналған "Абай үкіметін ақындар" атты мақаласында: "осы кезеңдегі ақындар арасында Шәкәрім Абайға поэманың сыртқы емес, ішкі мән-мағынасына еліктеді.

Шәкәрім поэзиясында ащы сезім бар, -Шәкәрім поэзиясының реалистік сипатына баға берілді. Егер Шәкәрімтануға қосылатын жаңа деректерге сүйенетін болсақ, ақынның мұрасы кеңестік кезеңде де айтарлықтай зерттелген. Мысал ретінде М.Базарбаевтың ақын мұрасын екінші ресми Ақтаудан кейін шыққан зерттеуін келтіруге болады. Бұл пікірлердің барлығы Шәкәрім шығармашылығын зерттеу үшін өте маңызды болып табылады. Ғалымдар 1969 жылы жазылған докторлық диссертацияның тарауларының бірі ақынның мұрасын зерттеуге арналғанын айтады. Мұндай тұжырымдар ақынның мұрасы неғұрлым көп зерттелсе, соғұрлым ол толтырылып отырады. Белгілі шығыстанушы О.Күмісбаев: "Мүсілім Базарбаев Шәкәрім шығармаларын жарыққа шығару жолында көп еңбек сіңірген аса көрнекті әдебиетшілердің бірі болды. Шәкәрімнің ұлы Ахат соншама қиыншылықты бастан кешірді, Мүсілім аға көз алдында тұрды, тоқырау кезеңін бастан өткерді. Бірақ шындық, әділеттілік жеңді. Шәкәрім жеңді. Мүсілім мерейі өсті", - деп жоғарыда айтылған пікірді толықтырады.

1975 жылы И.Дүйсенбаевтың ықпалымен "Қысқаша әдеби энциклопедияның" 8-томына "Құдайбердиев Шәкәрім" мақаласы енгізілді. 1978 жылы М.Мағауин ақынның кейбір өлеңдерін "Қазақстан ақындары" жинағында жариялады. Ақын мұраға тыйым салған кезде Кеңес Одағының астанасы Мәскеуде осындай әрекеттер жасалғанын сол кездегі ұлы батырлыққа жатқызуға болады. Себебі бұл уақытта ақын өз елінде мұндай әрекетті жасай алмады. Кейін, 1988 жылы Ж.Бектұров "Ақын мен жауыз"балладасын жазды. Кеңес заманында коммунистік идеология ақынның әдеби мұрасын жарамсыз етті. "Халық жауларының" қатарына енген ақынның есімі Кеңе өкіметі тарапынан қазақ әдебиетінің беттерінен алынып тасталды. Алайда, Кеңес Одағының ыдырауы ақынның мұрасын қайта қарауға түрткі болды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Шәкәрім мұрасының орнын анықтауда белгілі абайтанушы Қайым Мұхаметқанов аз емес еді. Оның 1988 және 1989 жылдары "Семей таңы" газетінде және сол жылдары "қазақ әдебиетінде" жарияланған еңбектерін шәкәрімтанудың жаңа кезеңінің бастауы деп бағалауға болады.

Қорыта айтқанда, Шәкәрім өзінің өлеңдерінде, поэмаларында адамды, халық пен қоғамды бейнелеген. Ол үшін ақынның шынайы азаматтық дыбысын, гуманистік тағдырын анықтайтын негізгі тақырып адам, оның қасиеті мен адамгершілігі туралы мәселе болды. Шәкәрімнің түпкі мақсаты-адамды тәрбиелеу, сол арқылы елдің рухын көтеру, қоғамды түзеу.

1. Базарбаева М. Шәкәрім ақын // Жұлдыз. – 2019. №12. – Б. 192-197.
2. Елеуқенов Ш. Жаңа жолдан. – Алматы: Жазушы. – 2013. – 319 б.

ӘОЖ 82.5469

АҚАН СЕРІНІҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

МӘСТҮР А.Т.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының магистранты,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ПЕРТАЕВА Э.Қ.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының доценті, ф.ғ.к.
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассказывается о жизни и творчестве Ахана Сери.

Summary. The article tells about the life and work of Ahan Seri.

Ақан сері Қорамсаұлы – қазақ ән өнерінде өшпес із қалдырған ұлы тұлға.

Ақанның шығармашылығы біздің ұлттық мәдениетімізде ерекше құбылыс болып табылады. Оның қай шығармасын, қай өлеңін алсақ та олар өнердегі үлгі (шедевр), аса көрнекті туынды. Ақанның өмірі мен өлеңдері қазақтың атақты ақын, жазушыларының шығармаларына арқау болған. Атап айтқанда, атақты ақын Ілияс Жансүгіров «Құлагер» атты дастан, Сәбит Мұқанов «Ақан өмірі» атты мақала, Ғабит Мүсірепов «Ақан сері – Ақтоқты» атты трагедия, Сәкен Жүнісов «Ақан сері» атты роман – диалогия жазған, ал оның әндерін таспаға түсірген А.Затаевич болған. Ақан серінің әншілік-ақындық мұрасына көңіл аударушылардың ішінде қазақ поэзиясының классигі Сәкен Сейфуллин де болған. Ол Серінің өлеңдер жинағын құрастырып, алғы сөз жазып 1935 жылы жарыққа шығарған. Атақты композитор Сыдық Мұхамеджанов «Ақан сері-Ақтоқты» операсын және «Балқадиша» әнінің тақырыбы бойынша вариациялар жазды. Композитор Евгений Брусиловский «Жалбыр» атты шығармасында «Құлагер» және «Балқадиша» әндерін пайдаланды.

1988 жылы Қазақ ғылым академиясының М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында дайындалған Ақан серінің творчестволық мұрасы өнертанушы Қ.Жүзбасовтың алғы сөзімен «Өнер» баспасында басылып шықты. Сондай-ақ, 1993 жылы Көкшетауда өткен Ақан серінің туғанына 150 жыл толуына байланысты мерейтойдың қарсаңында өткен ғылыми-практикалық конференцияның материалдары «Ақан тағылымы» атты жинақ болып шықты.

Ақан серінің өмірі мен шығармашылық қызметіне арналған алғашқы зерттеу жұмысын жүргізіп, көлемді де мазмұнды «Ақан сері» атты очерк жазған қазақтың ұлы ақыны Мағжан Жұмабаев болатын. Ақан сері жөнінде кейінгі жазғандар сол Мағжанның очеркіне сүйене отырып жазатын болған.

«Ұшы-қиыры жоқ сары дариядай Сарыарқаның ортасында – Көгерген Көкшетау, Абылайдың ордасы құрылған, Кенесары, Наурызбайға отан болған Көкшетау алаштың ақындығының да ордасындай жер еді». Әрі қарай Мағжан Жұмабаев Көкше өңірінен шыққан «алты алашқа аты шыққан ақындарымыздың» атын атай келіп, былай деген: «Бұл ақындардың ішінде адамның іскерлігін алдымен өзіне аударатыны – Ақан сері. Сөзінің сұлулығы, тереңдігімен демейміз, өмірінің сұлулығымен» [1, 318б]. Расында солай, драмаға толы Ақан өмірі ғажайып дастан. Солай бола тұрса да сегіз қырлы, бір сырлы – ақын, әнші, сазгер, ел жанашыры болған Серінің өмірбаяны мен шығармашылық мұрасы хақында бірнеше көзқарас бар, тіптен қателікте жоқ емес. Соның бірі – Ақан серінің нақты туған жылына байланысты.

1972 ж. шыққан Қазақ Совет Энциклопедиясында былай делінген: «Ақан сері, Ақжігіт Қорамсаұлы (1843 ж. сент. – 1913 ж.окт.) – ақын, қазақ халқының дарынды әнші композиторы». [2.2006] Әрине, мұнда Ақан Серіге берілген сипаттама күмән туғызбайды, ал туған жылы 1843 ж. деген біздің пайымдауымызша қате. Оның нақты туған жылы 1845 ж. Олай дейтініміздің мәні мынада: «Ақанның ең жақын силас та, сырлас досы, туған бажасы, екеуі де Тінәлі қажының қыздары Бәтима мен Ұрқияға үйленген. Науан Хазіреттің қабірінің басындағы құлпы тасқа қашап жазылған жазбада ол 73 жасында 1916 жылы қайтыс болды делінген. Ал, енді 1916 жылдан 73 жылды алып тастасақ 1843жыл болып шығады. Науан Хазретке келер болсақ, ол да қазақ халқының рухани өмірінде ізі қалған ғұлама, мұсылмандықтың шапағатын еліне жаюға өмірін арнаған, патшалық Ресейдің отаршылдық орыстандыру, шоқындыру саясатына қасқайып қарсы тұрған дара тұлға.

Ақанның бір өлеңінде мынадай жолдар бар:

Мен жүрмін Орта жүзге сауқым салып,
Жігіттің серке ардасын қасыма алып.

Расында, Ақанның төңірегінде небір «жігіттің серке ардалары» топтасқаны белгілі. Біздің Айыртау ауданындағы (СҚО) Жұмысшы деген ауылымызда Ақан серінің серіктес жолдастары болған екі ақсақал болатын-бірісі Жанғожа деген шал атақты етікші, екіншісі Сәрсенбай ақсақал тамаша әнші, домбырашы болған. Сол ақсақалдардан бала кезімде естігенім Ақан Науан Хазіреттен екі жас кіші еді дегендері.

Оны растайтын мынандай дерек бар. Ақан сері ауыр науқас үстінде жатқанда Науан хазірет оған арнайы келген екен. Сонда о дүниеге бет түзеп жатқан Ақанның бойы сергіп, Науан хазіретке арнап, 29 шумақтан тұратын толғау шығарады, ол былай деп басталады:

Ассалаумағалейкум, Науан аға,
Үй-іші аман болар бала шаға.

Көрген соң дидарыңды бойым сергіп,
Қалдым ғой шыққандай бір сахараға [3.526]

Мінеки, Ақан сері Науан Хазіретті аға дейді, ендеше ақсақалдардың айтқан екі жас кіші еді дегені шындыққа саяды. Олай болса, Ақанның нақты туған жылы 1845 жыл, яғни биыл оның туғанына 173 жыл болады.

Қазақ әдебиеті мен музыка саласында ерен еңбектері бар, айтулы ғалымдарымыз Есмағамбет Ысмайылов, Ахмет Жұбанов, Қажым Жұмалиев, Айқын Нұрқатов, тағы да басқа әдебиетшілер Ақантану жолында үлкен еңбек сіңірген. Солардың бірі де, бірегейі белгілі мемлекет қайраткері, айтулы да, ардақты ақын Кәкімбек Салықов 2008 жылы ұлы сазгер, әншінің шығармаларын жинақтап, құрастырып «Ақан сері» деген атпен еңбегін жарыққа шығарды. Бұл Ақан серінің ең толық шығармасы [4].

Ақан серінің шығармашылық қызметіне келетін болсақ, оған байланысты мәселелердің бірі - оның «Балқадиха» атты әні. Бұл ән қазақ халқы ішінде ең кең тараған әндердің бірі. «Балқадиха» әнін естігенде бір жағынан қуанып, екінші жағынан біз жерлестері ретінде күйінеміз. Жақында теледидардан «Жігіттер» квартетінің шығармашылық кеші ұлы әнші Ақан серінің «Балқадиха» әнімен басталды. Орындаушылық мәнері, аранжировкасы бәрі тамаша, сүйсініп тыңдап отырсам аяғында: «Дегенде Балқадиха, Балқадиха, күйеуің сексен бесте шал Қадиха» дегені ызаны тудырды. Өрімдей төрт жігіттің бәрі бірдей сауатсыздар ма деген ой еріксіз келді. Бұлар, шіркіндер, өлеңнің мазмұнын түсінбеген бе, әлде қалай? Өлеңде Балқадиха бәйбіше емес, қыз екені айтылады ғой.

«Бұлаңдап асау тайдай жүрген басың,
Боласың қандай жанға жар, Қадиха».

1925жылы Парижде өткен бүкіл дүниежүзілік этнографиялық көрмеде «Балқадиха» әнін орындаған Әміре Қашаубаев жиылғандарды тәнті еткен.

Кейін бұл әнді Маиндағы Франкфурт, Мәскеу сахналарында да шырқаған.

Ал шын мәніндегі (реальді) Балқадихаға келетін болсақ ол қазіргі Ақмола облысы Зеренді ауданы Жыланды тауының маңындағы Сәрке ауылында 1883 жылы дүниеге келген. 1904 жылы жиырмадан аса берген шағында Сүлеймен деген жігітпен тұрмыс құрып, екі ұл, үш қыз өсірген. 1950 жылы 27 наурызда алпыс жеті жасында қайтыс болады, ұрпақтары осы күнге дейін Зеренді ауданы Кеңөткел ауылында тұрады.

Ақан серінің «Балқадиха» әніне байланысты тамаша мақалалар жазған көп жылдар бойы «Социалистік Қазақстан» газетінде қызмет атқарған журналист-жазушы Кәріпхан Ташенов. Оның «Жырлар мен сырлар» атты кітабының (Алматы, 2002) Балқадиха тақырыбына арналған очерктер топтамасында «күйеуің сексен бесте шал, Қадиха» - дегенді жаңсақ деп бағалаған [5].

Ақан сері қазақтың ақындық, әншілік өмірінде өшпес үн қалдырған ұлы тарихи тұлға. Оның драмаға толы өмірі, тау бұлағындай мөлдір махабатты жырлаған өлеңдері, жан-тәнімен елін сүйгені ақынның «Маңмаңгер» атты өлеңінде: «Туған елім, балаң едім, осынау әнді арнап саған ала келдім» деп тебіренгенінен білінеді.

Ақанның көркемдік, творчествалық, эстетикалық өрісінің биіктігін теңеу, метафораларды жиі қолдануынан байқауға болады. Серінің тамаша әндерінің бірі – өзінің бүркітіне арналған «Қараторғай» әні:

Келеді Қараторғай қанат қағып,
Астына қанатының маржан тағып – деп

басталады. Қандай тамаша метафора десеңізші! Бүркіттердің қанатының астында болатын моншаққа ұқсас ерекше көріністі маржан тасқа теңеп, бүркіттің сыртқы болмысын одан бетер айшықтап, әдемі жеткізе білген.

Қазіргі кезде, Ақан серінің «Қараторғай» әнін қазақтың аса дарын иесі, күміс көмей жез таңдай жас әншісі Димаш Құдайбергенов мың құбылған әдемі дауысымен әлем сахналарында нақышына келтіріп орындап жүр.

Қазақстан мен Қырғызстанның мемлекет қайраткері, танымал ақын, сазгер Илья Жақановтың 2013 жылы «Фолиат» баспасынан жарық көрген «Бір кезде Ақан едім аспандағы...» атты деректі хикаятында ұлы ақын, сазгер Ақан серінің өмірдегі барша сүйеніш-күйініші, ғажап пен азапқа, ләззат пен тауқыметке толы таңғажайып тағдыры, ақыры трагедиялық жағдайда қасіретпен аяқталған шиеленісті ғұмыры ерекше әсерлі өрілген.

Ақан серінің атақты тұлпары Құлагерге дейін Қоңыр аттай (Салқоңыр) тағы бір ерен жүйрігі болғаны және ең бастысы, Құлагердің ажалына себепкер Батыраш емес Барақбай атты басқа адам екені, тағы да басқа тың жаңалықтар-бұл еңбектің басты ерекшелігі.

Осы жолдардың авторы, қазақ әдебиетінің майталманы Илья Жақановтың көп жылғы тер төгіп жинақтаған Ақан сері жайлы тың деректері мен өрнектелген шығармасы үшін алғысымды айтумен қатар, көз жұмып қарауға болмайтын мәселенің де бар екенін айтпауға болмайды. Ол автордың бір келеңсіз жағдайды сипаттап жазуы, сол өрескелдікті келесі жолдардан көруге болады: «Ақтоқты сұлудың күйеуі Жалмұқан бірде Қызылағаш ауылына келген Ақанға: «О, серім кел... кел! Әніңді сағындық. Жат масайрап осы ауылда. Мауқыңды бас, серім!» деп серіні аттан түсіріп алып, ел-жұртты таңғалдыра құрмет көрсетіп, Қызылағашты әнге бөлеткен. Күндіз әнмен дуылдасса, жұлдызы самсаған айлы түндерде төсекті көгалдың үстіне салдырып, Ақтоқты үшеуі қатар жатқан» [6]. Мәлдір махаббатты, нәзік сезімді қастерлеген, сұлулықты бағалаған Ақан серідей дархан дарынды ақын, сазгердің біреудің жұбайының жанына барып жатуы мүмкін емес деп ойлаймыз. Жалмұқандай абзал, намысшыл азаматтың да өз әйелін жаттың жанына жатқызуы ойға сыймайтын жайт.

Сөз соңында айтарымыз, көгілдір экран арқылы әлсін-әлсін өткізілетін Шәмші әндерімен қатар, басқа да қазақтың айтулы композиторларының әндерін де халыққа жеткізсе екен дейміз. Шәмші қазақ елі үшін, әрине, орны ерекше ұлы сазгер, дара тұлға. Дегенменде, қазағымның Ақан сері, Біржан сал, Үкілі Ыбырайдай керемет сазгер, әншілері де бар екенін өскелең ұрпақтың бірі білсе, бірі білмес. Осы мақсатта, қазіргі ұрпаққа Ақан серінің қазақ музыка саласында қайталанбас, ешкімге ұқсамайтын өмірі мен шығармаларын аша түсіп, оны келер ұрпаққа жеткізу біздің міндетіміз деп ойлаймын. Осы жолдардың авторы, Ақан серінің туып өскен жері Айыртау өлкесінің тумасы, жерлесі ретінде жиі - жиі «Ақан әндері» дәстүрлі түрде өңірлік, республикалық деңгейде орындалып, шығармашылық кештері ұйымдастырылса нұр үстіне нұр болар еді деп ойлаймын.

Көкшетаулықтар Ақан серідей ұлы жерлесін қастерлейді, мақтан тұтады, облыс орталығы Көкшетау қаласында Ақан сері атында Өнер колледжі бар, сондай-ақ оның атымен орталық көшелерінің бірі аталған және сол көшенің бойында танымал мүсінші Төлеген Досмағамбетовтің қолынан шыққан серінің тамаша монументі Көкшетау мәдениет сарайының алдында жайғасқан. Сонымен қатар, Астана-Бурабай тас жолының бойында және Көкшетау қаласына кіре берісте Ақан серінің атақты тұлпары Құлагерге арналған ескерткіштер орналасқан.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мағжан Жұмабаев. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 447б.
2. Қазақ Совет энциклопедиясы. – Алматы: Білім, 1972. – 647б.
3. Абуев К.К. Науан Хазірет. – Астана: Фолиант, 2014. – 234б.
4. Салықов К. Ақан сері. Астана: Фолиант, 2008. 208б.
5. Ташенов К. Жырлар мен сырлар. – Алматы: Ана тілі, 2002. – 224б.
6. Жақанов И. Бір кезде Ақан едім аспандағы. – Астана: Фолиант, 2013. – 202 бет

ӨОЖ 82.342

ДУЛАТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

АЙДАРХАН Г.М.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының магистранты,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ПЕРТАЕВА Э.Қ.

Резюме. В статье представлено исследование поэта Дулата.

Summary. The article presents the research of the poet Dulat.

Еліміздің егемендік алуы халқымыздың ұлттық бірлігіне жаңа жол ашты. Осы жолда қазақ халқының ұзақ дәуірлер бойы жүргізген тәуелсіздік үшін күресі тудырған елдік, ерлік дәстүрлерін жаңғырту, көп жылдар халық жадынан тыс қалып келген рухани қазынаны ел санасына қайта сіңіріп, оларды елдігіміздің жаңа жағдайдағы мақсат-мүддесіне пайдалану қазіргі кезеңнің маңызды міндеттерінің қатарына қойылып отыр. Қандай да болмасын халықтың тәуелсіз санасы мен ұлттық психологиясы сыртқы басқыншылық пен ішкі езгіге қарсы күрес үстінде қалыптасатынын ескерсек, қазақ халқының да ұлт болу жолындағы ізденісі осы бір тарих заңдылығынан сырт қала алмайды.

Өзгеге тәуелді болмау, ұлт бірлігін сақтау жолындағы күрес қазақтардың ішінен де талай қол бастаған көсемдерді, от ауызды ақындар мен орақ тілді шешендерді тудырды. Олардың ішінде тұлғаларының басым көпшілігі бізге аңыз-эпсаналар арқылы, өлең-жырлар арқылы немесе нақты тарихи деректер арқылы жетті. Ал кейбіреулерінің аттары әр жерлерде ауызша айтылып келгені болмаса, социалистік идеологияның әсерінен Кеңес өкіметі құлағанша өмірі мен шығармашылығын арнайы зерттеу қолға алынбады. Идеологияның біздің сана-сезімімізді улауының кесірі тарихымыздағы дара тұлғалардың көпшілігін кешеуілдетіп іздеуімізге әсер етті. Мәселен, коммунистік идеология кезінде әдебиет тарихында өзінің лайықты орнын ала алмай жүрген ақындарымыз болды.

Олардың бірін – «бұқарашыл» деп, екіншісін – «керітартпа» феодалдың өкілдері деп атау дәстүрі қалыптасты. Феодалдық бағыт өкілдері деп ат тағылғандар зар заман әдебиеті (Дулат, Шортанбай, Мұрат) өкілдерінің шығармалары шындықтан аулақ, өткенді көксеген, мұң-шерге толы туындылар деп бағаланып келді. Әсіресе, қазақ әдебиетінде осындай шығармалары қайшылыққа толы, күрделі тұлға саналған ақындарымыздың бірі – Дулат Бабатайұлы.

Дулат ақынның өмірі мен шығармалары тарихқа белгілі болса да, кейінгі кезде ғана зерттеле бастады. Ең алғаш рет Дулаттың тұңғыш жинағын қиссашыл ақын Мәулекей 1880 жылы «Өсиетнама» деген атпен Қазан қаласында бастырып шығарған. Кейінірек Дулат ақынның біраз өлеңдерін С.Мұқанов пен Қ.Бекхожин құрастырған 1939 жылғы хрестоматиядан кездестіреміз. Ғалым Қ.Жұмалиев 1940-41 жылы шыққан орта мектеп оқулығына ақынның өмірі мен шығармаларын талдап жазды. «Қазақ әдебиетінің тарихы» (1961), «XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ ақындарының шығармалары» (1962), «Дастандар» (1960), «Бес ғасыр жырлайды» (1989), «Замана сазы» (1991), «Ай, заман-ай, заман-ай» (1991), «XIX ғасыр әдебиеті» (1992), «Зар заман» (1993) және тағы басқа жинақтарда Дулат шығармалары басылды.

Х.Сүйіншәлиев Дулаттың әдеби мұрасын мазмұндық, көркемдік жақтан жүйелеп, бағалады. Қ.Жұмалиев Дулат ақынның шығармашылық мұрасын теориялық, әлеуметтік-саяси, тарихи жақтардан қарастырса, Дулат шығармаларының көркемдік өлшемі, тілі, стилі, өлең өрімі жөнінде тілші-ғалымдар Қ.Өмірәлиев, Р.Сыздықова және тағы басқалар зерттеді. Дулаттың шығармашылығын зерттеуде Ш.Жұматаева «Дулат Бабатайұлының тәлім-тәрбиелік идеялары» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады.

Дулат Бабатайұлының шығармашылығы талай майталман сыншылар мен әдебиет зерттеушілерінің көңілін әр кезде аударып келген. Мәселен, М.Әуезовтің, Ы.Дүйсенбаевтың, М.Мағауинның, М.Бөжеевтің, М.Мырзахметовтардың еңбектерін атап өтуге болады. Әр тұста жазылған кішігірім рецензияларды есепке алмағанда, Дулат Бабатайұлының поэзиясы туралы өрелі пікір айтқан белгілі ғалымдар мен сыншылар баршылық. Олар: Т.Кәкішев, З.Ахметов, Қ.Мәдібай, Б.Омарұлы, Т.Шапай, Қ.Раев және тағы басқалар. Бұл ғалымдардың ой-пікірлері Дулат мұраларының табиғатын ашып, байыпты талдау жасағандығымен құнды.

Дулат заманы – патша өкіметі отаршылдығының күшіне кіріп, қазақ өлкесін емін-еркін билей бастаған тұсы болатын. Бұл тарихи кезең жөнінде ғалым Ы.Дүйсенбаев былай дейді: «Дулат жырау қазақ даласында хандық дәуір жойылып, патша өкіметінің отарлау саясаты кеңінен өріс алып, «Жана низам» бойынша, ел басқару тәртібі аға сұлтандардың қолына көшкен кезде жасаған ақын [1, 30б.]. Яғни, бұл дәуірде ескі хандық салт бойынша, елді басқару ісінде үстемдік алып келген ру басылары мен билер, патша өкіметі тарапынан қойылған аға сұлтандар мен болыстық әкімдерге бағынады. Патша өкіметі қаратып алған өлкелерін пайдаланды. Әр түрлі қорғандар салды. Осы тұста «Соғыс

отаршылдығы» біртіндеп, «Жер отаршылдығына» айналды. Жерінен, суынан айырылған қазақ халқының тынысы тарылып, қысымшылыққа ұшырайды. Екіншіден, патша өкіметі тарапынан қойылған аға сұлтандар мен болыстық өкімдер отаршыл өкіметтің қолдауына сүйеніп, қазақ халқын алым-салықтан қысып-қанауды күшейте түсті. Мұндай жағдай сол кезде патша өкіметінің отарлау саясаты мен аға сұлтандар үстемдігіне қарсы бағытталған шаруалар көтерілісін туғызады. Бұл жағдай халық басындағы ауыр қасіретті көзімен көрген ақындар мен жыршыларға үстем таптың озбырлығын әшкерелеуге ой салды. Ел басына түскен осындай ауыр жағдайды ақын-жыраулар өздерінің өлең-толғауларында кеңінен көрсетуге ұмтылды. Әрине, олардың әрқайсысы өз деңгейі мен түсінігіне қарай қазақ ауылының жайын әр дәрежеде көрсетті. Дегенмен де, басым көпшілігі қалың бұқараның қамын жеп, оның мұңшысы, жыршысы бола білді. Сол заманның ірі ақыны Дулат та мұндай күрделі құбылыстан сырт қалып қоймай, өз тұрғысынан, өз пайымдауынан қарап, халқына адал қызмет етуден аянған жоқ. Зар заман ақыны Дулат жөнінде ғалым Б.Омарұлы «Бұғауға бағынбаған жырлар» атты еңбегінде, қазақ әдебиетіндегі зар заман ақындарды, қырғыз әдебиетіндегі зар заман ақындарымен салыстыра отырып: «Қырғыз ақындары заман толғауын негізінен ауыз әдебиетінің үлесіне сыйғызады. Ал, қазақ ақындарының ішінде жазба әдебиетінің аса көркем үлесінің негізін қалаған жырау бар. Ол – Дулат Бабатайұлы», – деп атап көрсетеді [2, 44б.]. Бар өмірін өнерге, өлең-жырға арнаған Дулат халықтың мұңшысы, әрі жыршысы бола білді. Дулаттың кезінде қазақ халқы бір жағынан патшалық өкіметтің талан-таражына түсіп, салығын төлесе, екінші жағынан қоғамды басқарушылардың езгісінде болды. Мұндай жағдайда елден береке кетті, жұрт тарығып, аш-жалаңаш қалды. Мұның бәрі Дулат сияқты ұлы ақынның ішін қан жылатты:

Құрық бердің ұрыға,
Момынды алдың қырыңа.
Малсыздарды таптадың,
Малдыларды жақтадың,
Тентекті жасқап қақтадың,
Арамдарды ақтадың,
Өсекшіні мақтадың,
Арамдық болды баққаның,
Майыр болды жаққаның.

Ол осылай деп Барақ сұлтанға тепсінеді. Дулат өз ішінің ғана шер-шеменін айтып отырған жоқ, қалың қауымның ауыр халін толғайды. Ел ішінің жегі құртын, іштей іріп-шіруін, адалдықтың орнын арамдық, шындықтың бетін көлгірсу шіркеулегенін, өсекшінің қара шыбындай қаптағанын, ондайларды аға сұлтан мен бидің жақтағанын өте дәл, өткір жеткізген. Сонымен бірге ел билеген өкімнің бәрі патша адамдарының бетіне қарап отырғаны, соның ығына қарай қотарыла жығылатыны, желді күнгі кең шапанның етегіндей желп-желп етіп жағымпазданатыны ақынның жанын қинайды. Дулаттың өз елі, өз жұрты дегенде өзегі қарсы айырылады. Оған қазақ жерінің әр тасы алтын, әр тал жусаны қасиетті. Бүкіл қауым, бүкіл ел ол үшін біртұтас асыл қасиет. Өзінен үлкен болса, оны аға тұтады, өзінен кішіні жең көреді, біреуін демеу, біреуін сүйеу еткісі келеді. Сөйтіп, ол бар бақытты өз іргесінен таппақ болады. Елінде береке-бірліктің болуын жатпай-тұрмай көксейді. Ал өз ойлағанынан бәрі басқаша болып жатқан соң, жан дауысымен толғайды:

Кешегі бір заманда,
Қасиетті еді хан-қараң.
Мынау азған заманда,
Қарасы – антқор, ханы – арам.
Батыры көксер, басы аман.
Бәйбіше – тантық, бай – сараң,
Бозбаласы – бошалаң,
Қырсыға туды қыз балаң.
Нары – жалқау, кер табан,
Құсы – күйшіл, ат – шабан.

Мынау жолдарды толғағанда, Дулат ақынның етегі жасқа толып отырғаны сөзсіз. Елді өзі айтқандай, алауыздық жайлап жатыр. Жұрт бір-біріне сенуден қалған. Неге? Өйткені, ел басқарушыларда әділдік жоқ. Олар ұры-қараны, сұм мен сұмырайды, алдамшы мен арамды жақтайды. Ішкен тамағында, киген киімінде, жүрген жүрісінде әділдік атымен жоқ. Міне, осындай халық ішін жайлаған қасиетсіздікті, елдің жанын жегідей жеп жатқан індетті ақын тайға таңба басқандай анық, айқын ашып береді.

Дулат халықтың торғайдай азып-тозып кетуін біріншіден, қазақ хандығының жойылуынан деп білсе, екіншіден, орыс патшалығының билеуінен, шұрайлы жерді басып алып, бекеттер орнатып, алым-салықты үсті-үстіне салуынан, болыстықты желеу етіп, бейбіт елді аран етуінен деп түсінді. Өйткені, бар тірлігі төрт түлік малға қараған елдің өрісіне орыс қаласы түскен соң, жан-жақтан қысып, тынысын тарылтты. Дулат:

Хан талауда, қамалда,
Қалды кеме қайрандап.
Абылай туы жығылды,
Қабырғаң қазақ сығылды.
Үріккен қойдай біріңе,
Бірі келіп тығылды.
Батыстан соқты боран боп,
Шығыстан күткен ызғырық... –

дейді.

Міне, азған жұрттың сыртқы көрінісі осындай, іріп-шіріп жатыр. Егер ішіне үңілсең, терең бойлап, телміре қарасаң жан шошыр еді. Қабырғаң сөгіліп, омыртқаңның опырылары сөзсіз. Біз бұл жайды да Дулат жырларынан табамыз:

Елің қалды қамауда,
Елің қалса қамауда,
Малың кетер талауда,
Басың кетер санауға.
Аруың жүрер азған соң,
Мал орнына қанауға.
Әуелде ажал Алладан,
Тілімді қалай кесерсің,
Айтқаным егер келмесе,
Алжыды Дулат десерсің!

Дулат ақын осылай шер мен мұңға толы жырлар жазса, оны халқы да қасиет тұтып, «Әулие», «Көріпкел» санаған. Оның әр сөзін інжу-маржанға балап, бойтұмардай етіп, жадында ұстады.

Дулат поэзиясының тірегі – сол кездегі отарлау саясатына қарсы шыққан, сол наразылық басында болған Исатай-Махамбет, Кенесары-Наурызбай, Көтібар-Есет, Ерназар-Бекет көтерілістері екені даусыз. Мұны ақынның «Сүлейменге» деген өлеңінен айқын аңғаруға болады:

Аруақтың артқы сарқыны,
Адал бекзат туысым.
Айбарыңды байқасам,
Алтын зерлі туымсың.
Адалдығың аңқылдап,
Сыбызғының күйісің.
Қас дұшпанға қарасаң,
Қан шықпас тастай түйінсің.
Ел қамын жеген ер болса,
Сабазым сендей күйінсің –

деп ақын Сүлейменді батырларға лайық қасиетке ие, отаршылдыққа жаны қас, «ел қамын жеген ер» деп біледі.

«Дулатқа дейінгі сатиралық поэзия өмірдің кішігірім олпы-солпысын әжуаласа, Дулат сатирасы үшін бірден-бір өнімді өріс – халықтың өмірі» [3, 81б.]. Осындай халық өмірін, өмір шындығының көрінісін танытатын Дулат шығармаларының бірі – «Ишанға» деп аталады. Шыншыл да, сыншыл ақын халықты жеуші, талаушының бірі – молда деп білді. Дулат ақын:

Ишан елді аралап,
Қошқар, теке жинадың.
Маңдай алды бай болдың,
Қылығыңды неге тыймадың?
Өзің алсаң жүз аз деп,
Берсең бірді қимадың.
Жетерлік болды елге де,
Сенің берген иманың, –

деп ишан-молдалардың байытқан «елдің қошқар текесі» екендігін, олардың өз жұтқыншағын ғана ойлайтындығын, халықтың әбден титығына жеткендігін дәлелдейді. «Жетерлік болды елге де, сенің берген иманың» – деп ақын өте шебер түрде айтып береді.

Қорыта айтқанда, Дулат – заман ағымын байқай білген көреген көсем, болашақты толғай айтқан абыз, тіпті бүгінгінің ғана емес ертеңнің де ұлы жыршысы. Оны қатты толғандырған уақыт сезімі бүгінгі күні де барынша айшықталып тұр. Елдігіміз бен егемендігімізді сақтаудың, дініміз бен тілімізді өркендетудің сан алуан толғақты мәселелері, ішкі және сыртқы күштердің туғызып отырған мазасыздық өркениетке бағытталған бүгінгі заманымыздың да зары жоқ еместігін айғақтаса керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Дүйсенбаев Ы. Ғасырлар сыры. – Алматы: Жазушы, 1970. – 192 б.
2. Омарұлы Б. Бұғауға бағынбаған жырлар. – Алматы: Ана тілі. 1998. – 112 б.
3. Қараев М. Дулат реализмі // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1995. – №8. – 72-80 = б.

ӘОЖ 83.01.10

ҚАСЫМ АМАНЖОЛОВТЫҢ АУДАРМА САЛАСЫНДАҒЫ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСТАРЫ

ОЙСЫЛБАЙ А.Т.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының аға оқытушысы, ф.ғ.к.,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ТАҢАТ Б.М.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының студенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье подробно проанализирована работа Касыма Аманжолова в сфере перевода.

Summary. The article analyzes in detail the work of Kasym Amanzholov in the field of translation.

Аударма-қаламгердің басты шығармашылық жұмысының басты көрінісі. Орыс тілін еркін меңгерген Қасым Пушкин 1948-1949 жылдары өлеңдерін ерекше мұқияттылықпен аударған. «Чадаевке», «Еркіндік» өлеңдері Қасым аудармасының арқасында қазақ тілінде кеңінен таралды. Пушкиннің «Полтава» поэмасы да 1948 жылы толық аударылған. Сүйікті ақын-М.Ю.Лермонтов, мен оны қуана аудардым және әрдайым шығармашылық үлгі алдым деген пікір айтқан. Қасым «Тұтқын», «Ақын ажалы», «Қанжар», «Теректің сыйы», «Желкен» сияқты тамаша Лермонтов лирикаларын лайықты тіл тауып, қазақ тіліне шебер аударма алды. Қасым Лермонтовты аудармашы ғана емес, ақындық ұстаз деп санады. Лермонтовқа тән поэзия өте бір романтиктер сезімін, өнері мен пафосы, тереңқұпиялық, өзімшілдік, ерлік сиқыты қырлары Қасымнан да байқалады. Құдіретті, дауылды, толқынды бүркіт құсын, өлімге толы өршілжанды суреттейтін өлеңдер Қасымның өзіндік поэтикалық ерекшелігімен қатар Лермонтовтың үндестігін атап өтті. Бірақ шалағай ақындар сияқты жалаңаш емес еді, бірақ бүгінгі өмірдің мәселелерін қамтыған өлгендердің мұңды, өткір бейнелі поэтикалық стилінде жазды. Қасым Мәскеуде, Бакуде болды. Қазақстанның түкпір-түкпірінде, Абайдың отаны Шыңғыстауда басқа да жерлерде болып, ол жерде өзінің алған әсерлерін поэзия тілімен шебер жырлады. Ақынның лирикасымен қатар «Біздің дастан» поэмасын жазуға болады. Ең үлкен мәселе, сюжетті қалай жеткізуге болады? Негізгі үлгі Маяковскийдің «Лермонтов» поэмасы болса да, Қасым оны жадағайға еліктемеді. Сонымен, 1947 жылы ол жаза бастаған өлеңді аяқтай алмады. Үзінді ретінде жарияланған үш тарауда Қасым қазан көсемінің жеңісі мен Лениннің өлімі кезіндегі халық қайғысын, кеңес халқының Отансоғысындағы батырлық күресін сипаттайды, өзінің лирикалық сезімдерін, ақындық шабыт толқындарын жеткізеді. Лермонтов қайтыс болған кездегі елдің трагедиясын сипаттауда өзінің өршіл поэтикалық күшін ерекше көрсетті.

Алайда Қасым поэмасында тарихтың даму заңдылықтары, жеке адаммен байланысты жеңісті күрестің түйіндері баяндалады. Біздің елімізде тарихи жеңістердің ұйымдастырушысы тек адам деген бір жақты пікір бар. Оның жазылуына сол кездегі Қазақстан Жазушылар Одағының сынайтарлықтай әсер еткен жоқ. Қасым әндерін айтқан адамдар біздің дастанды жерге қоймастан мақтады. Қасым сондай-ақ қазақ поэзиясының маңызды мәселелері туралы аударма, редакциялау, мақалалар жазу жұмыстарына белсене қатысты. Кішкентай өлеңдерімен қатар Миршакардың «Алтынқыстақ»

поэмасын аударған. Исаның поэзиясы жас ақындар туралыбаяндамалар, мақалалар жазды.Халық ақындары Нұрханның «Аманкелді» поэмасын, Қалқаның«Мұсабек» поэмасын жөндеп, редакциялады. Жас ақындарға және халықтықақындарға Қасым әрқашан маған айтылған сыннан,көрсеткен үлкен көмек.Осылайша, Қасым Қазақстандағы әдеби қозғалысқа өзінің ақындыққызметімен қатар, қоғамдық жұмысымен де белсене қатысады. Кеңесжазушыларының алдында қойылған партиялық талаптарды орындауға үнеміқатысады. 1949 жылы Қасым ханның «Балбөбек», 1950 жылы «Нұрлы дүние»атты жинақтары жарық көрді.1952 жылы «Таңдамалы шығармалар» жинағы жарық көрді. Бұл кездеА.Твардовскийдің Қасым аудармасындағы «Василий Теркин»,Лермонтовтың аудармасындағы «Маскарад» өлеңдері жеке кітап болыпжарық көрді. Елуінші жылдары Қасым шығармашылық өрлеу жолында кеңесжұртшылығына кеңінен танымал ақын болды. Арамызда достық, достықатмосфера болды, бұлтты уақыт болмады.Бір-бірімізге деген сенім, шынайылық, шынайылық, біздіңназарымыздың терең бұрыштарында жатқан құпия құпияларды ашып, біргеөмір сүру кезінде тұрақты жақындығымызды сақтап қалды. Тіпті қатал сынсияқты қиындықтарға кезіккенде де, біз бір-бірімізге қуаныш пен реніштібөліскендей бір-бірімізге көмек көрсету үшін аямадық. Онда өткен тарих та,қазіргі әдебиет те қалған жоқ.

Біз Қасым жөнінде сөз айтпақ болып, ақынның ғажайып жырларына оралып, оларды оқығанда оның ақындық тұлғасы өршіл өлеңінен асқақтап алдымыздан шығады. Заман тынысын, адам болмысын бейнелеген зор табиғи дарынның, бүгіндері аңызға айналған суреткердің мұрасы – Алаш сөзінің құдіреті жеткен аласармас биіктердің бірегейі. Қайшылығы мол, күрмеуі көп, қатал да қайырымды ХХ ғасыр қазақ деген халыққа алапат та әкелді, абырой да берді, азаттық та сыйлады. Қасым поэзиясы – ұлт тарихындағы осындай қайшылықты ғасырдың ең қиын шағының көркем куәсі, бедерлі бейнесі. Өмірде адамның рухани азаттығына, өнерде суреткерлік еркіндікке ұмтылған, нағыз ақындық тағдыр кешкен, сырлы сөздің мұраты мен сертіне жеткен «Аманжол – Рахымжанның Қасымының» асыл мұрасы бүгінгі азат елдің, тәуелсіз Алаш баласының бағалы да байтақ қазынасы. Қасым – халық пен өнер алдындағы өзінің миссиясын толығымен орындаған суреткер. Ал ұлы ақынды тану – бүгінгі және келер ұрпақтың парызы һәм миссиясы.

Қасым Аманжоловтың қазіргі Қарағанды облысының Қарқаралы ауданындағы Қызыларай қыстауында дүниеге келген. Әке-шешеден жастай жетім қалып, біраз жыл ағасының қолында өседі. Ес білген соң туған ауылында жаңадан ашылған ауыл мектебінде оқып, сауатын ашады. 1924 жылы Семей қаласындағы интернатта білімін жалғастырады. Қасым онда 1927 жылға дейін тәрбиеленіп, одан әрі үш жыл Семей мал дәрігерлік техникумында оқиды. Алғашқы өлеңдерін де осы кезде жаза бастаған. 1930 жылы Алматыға келіп, біраз уақыт «Лениншіл жас» газетінде істейді. 1931 жылы Ленинградтағы орман шаруашылығы институтына түсіп оқиды. Бірақ, денсаулығына байланысты және түскен оқуын да онша ұната қоймағандықтан, бірер жылдан кейін елге оралып, Орал қаласында «Екпінді құрылыс» газетіне қызметке орналасады. Осында жүріп, 1933 жылы Отан алдындағы борышын өтеп, әскерге барып қайтады.

Қасымның дарынды ақын ретінде қалыптасуына Орал қаласының тигізген әсері ұшан-теңіз. Осы өңірде жүріп ол ең алғашқы алаулаған махаббат туралы, жалынды жастық жайындағы жырларын дүниеге әкелді. Шешесі Айғанша аздап ән салады екен, «Қыз Жібек» секілді жырларды жатқа айтқан. Соның әсері ме, анасының айтуына қарағанда «Қасым жылағанда бесікті сықырлата-тын, жеті айда жүріп кеткен мазасыз бала болған».«...Таңертең ерте үй іші ұйықтап жатқанда тұрып алып, далада үй айналасында жападан-жалғыз ойнап жүреді, жалғыз сиырдың қара бұзауымен ойнап, өзімен-өзі болып өлең айтатын. Көпбалалардыңтобынақосылмай, оңашажүрудіұнататын. Балалар-дыңұрыс-жанжалынажоламайтын» [1].

ӘОЖ. 82.078

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ЖӘНЕ ҚАЗАҚТЫҢ ЖАҢА ЖАЗБА ӘДЕБИЕТІ

ДЖИЕМБЕТОВА С.Т.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының магистранты,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ПЕРТАЕВА Э.Қ.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының доценті, ф.ғ.к.,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматриваются вопросы Ибраи Алтынсарина в новой казахской письменной литературе.

Summary. The article discusses the issues of Ibrai Altynsarin in the new Kazakh written literature.

XIX ғасырдың орта тұсындағы, екінші жартысындағы әдебиеттің, қоғамтанушылық көзқарастың жаңашылдық сипаттары заман тынысынан туындады. Мәдениет пен білім саласында орысша хат танып, оқып білім алған, Ресей мен Еуропа әдебиетінің дәстүрін жетік түсініп білген, өздері сол дәстүрде қазақ мәдениеті мен әдебиетінің түрлі мәселелерін қозғай бастаған толқын келді. Ақындық өнерде шығыстан гөрі батыс көркемдік мектептерінің белгілері нышан бере бастады. Көтеш Райымбекұлы, Шал Құлекеұлы сынды ақындардың есейген шағындағы шығармаларында қылаңдаған ақындық поэтика қазақ өлеңінің табиғатына тереңдеп дарып, ақындық мектептер пайда болды. Білім-ғылымның жаңалықтары мен сол дәуірдегі замана жаңғыруы негізінде әдебиеттің дүниетанымдық мүмкіндігі тереңдеді. Қаламгерлік мәдениет, ақындық парасат биігі көзге шалынды. Ертеректе түркі әдебиеті мұраларында (Әл-Фараби, Ж.Баласағұн, М.Қашқари) байқалған шығыс дүниетаным мәдениеті негізіндегі биік парасат-пайым, жазу өрнегі қайта бір түлеп жаңғырғандай еді. Енді Еуроазия аумағындағы Еуропа мен Азия мәдениеті тоғысында туған әрі XIX ғасырдағы ғылым жетістіктері биігінде жазылған, толғанған туындылар туындады.

«XIX ғасырдағы қазақ мәдениеті мен әдебиетінде ірі талант, кесек тұлғалы өнер иелері шоғырланып көрінеді. Ақындар, әнші ақындар, сал-серілер, айтыс ақындары мен шешендер, қиссашылар өздерінің жарқыраған жұлдыздай жарқын өкілдерінің мұралары арқасында сала-сала тарамдалып өркештеніп көзге түседі. Сол ортада Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев таланттары аса жарқын, еңселері биік. Бұлар қазақ мәдениеті мен әдебиетін әлемдік дәстүр деңгейіне көтерген алтын сүйек ұлы дарындар. Академик М.О. Әуезов кезінде қазақтың үш ұлы суреткері туралы ой толғай келіп, олар біріне-бірі ұқсамайтын дара таланттар екендігін айтады. «Олар – кең Қазақстанның шалғай жатқан өлкелерінен шықса да, бір туғандай сезілетін асыл жандар. Олар – үшеуі үш мұнарадай болған: Шоқан, Ыбырай, Абай» [1, 3-4бб.].

«Бұл үшеуінің өмір, еңбек майдандары үш алуан болуымен қатар, үшеуін бір туғандай ететін ұқсастық та аса айқын. Ол ұқсастық – олардың нәр алған тамырынан, аналық топырағынан туған», – деп жазды Мұхтар Әуезов [33, 62б.]. Олардың басты ерекшелігі ретінде шетелдік өркениетті танып, біліп, ұлттық әдебиеттің өрісін бұрынғыдан әлдеқайда кеңейтіп жібергендігін атап көрсетеді.

Білім беру саласындағы қызметімен, қоғамдық қайраткерлігімен әрі әдебиеттегі жаңашыл шығармаларымен қазақ тарихының осы кезеңінде ерекше іргелі із қалдырған бірегей тұлға Ыбырай Алтынсарин (1841-1889). Ол 1841 жылы 2 қарашада туып, 1889 жылы 30 шілдеде дүние салған. Атасы Балқожа бидің тәрбиесінде өскен Ыбырай әуелі Орынбор шекара комиссиясының қазақ балалары үшін ашқан жеті жылдық мектебінде білім алады. Аз ғұмырында көп келелі іс тындырған, қазақ халқының әдебиеті мен педагогикасында соқталы сүрлеу түсірген ұлы дарын иесі. «Сол сияқты, енді Ыбырайды алсақ», – дейді М.О. Әуезов, – өмірі, еңбек еткен ортасы, әлеумет-қоғамдық қайраты, әрекеті жөнінде Шоқанға да, Абайға да ұқсамайды. Ыбырай жаңағы екеуінің де ісін өмірінде еңбегіне түйістіріп қоса білді. Сөйтіп, ол екеуі де істемеген тың тарихтық ұзақ өрісі бар, зор келешегі бар істердің үлгісін өз қолымен орнатты. Әрі ол жаңа үлгідегі ақын» [2, 43б.]. Тың үлгілі мектеп ашушы. Сол жаңа мектептің өзіне тән бағдарламаларын жасап, өзгеше бітімді оқу құралдарын жасаушы. Қазақ балаларына арналған алғашқы мектептің негізін қалаушы, қазақ тілінің тазалығын сақтауға саналы түрде ынта қойған ұстаз, талантты ақын бірқатар уақыт уездік деңгейдегі кеңселерде түрлі қызмет атқарады да кейін біржолата жазушылық, ұстаздық іске ден қояды. Ыбырай өз өмірінде қазақтың алғашқы мәдениетті мектебін қалыптастырушы, жазушылық пен ұстаздықты тең ұстап бала тәрбиесінде тереңнен үйлестіріп талантты түрде қолданушы жаңашыл маман болды. «Төңкеріске дейін-ақ белгілі ғалымдар Ыбырайға назар аударып, оның ағартушылық қызметіне тілектестік білдірді. Әсіресе, Қазан университетінің профессорлары мен Орынбор оқымыстылары, қала интеллигенциясының көрнекті өкілдері оған ақылшы болып, сарқылмас таланты мен қажырлы жігеріне назар салды», – дей келіп, профессор Х.Сүйіншәлиев «Ыбырайдың жазушылық қызметінің түпкі қазығы да сол оқу-өнер, білім мәселесімен сабақтас» екендігіне назар аударады [3, 25б.].

Ыбырай оқу ісін ұйымдастыруда екіұдай қыспақтың ортасында ғұмыр кешті. Жаңа үлгідегі мектептің негізгі басшылары миссионерлік мақсаттағы адамдар еді. Олардың патшалық Ресей үкіметінің қаражатын жұмсап ашып отырған мектептерде тәрбиелеп, білім бере отырып, бір жағынан, қазақтарды шоқындыру ісіне, отаршылдық саясатқа кіріптар етіп тарбиелеуге күш салатыны түсінікті. Діншілдердің бұл көзқарасынан ұлттық мектептердің оқушыларын орысшыл, патшашыл етіп даярлауды қадағалаушы чиновниктік аппараттың тегеуріні де осал емес-ті. Міне,

Ыбырайға осындай екі оттың ортасында қиын жағдайда жұмыс атқаруға тура келді. Ұлы ұстаздың ішкі ниетінде қазақ балаларының көзін ашу, білім беру, заманға лайықты көзқараста тәрбиелеу мақсаты тұрғаны да аян. Міне, осындай тарихи ауыр ахуалда педагог, жазушы Ыбырай Алтынсарин өзгеше күш-жігермен, қазақ елінің болашағы үшін үлкен қайраткерлік көрсетті.

Ғалым, педагогтың қаламынан шыққан «Қазақ хрестоматиясы (Киргизская хрестоматия)», «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы (Начальное руководство к обучению киргизов русскому языку)» атты оқулықтардың маңызы аса зор болды. Ол орыс жазушыларының белгілі еңбектерін қазақ тіліне аударды, ұлттық поэзия мен проза жанрларында бірдей шығармашылық ізденістер жасады. Екі еңбек те кириллица негізінде білім беруге арналған тұңғыш оқу құралдары еді. «Қазақ хрестоматиясы (Киргизская хрестоматия)» атты еңбегі 1879 жылы Орынборда кириллицамен жарық көрді де, 1889, 1896, 1899 жылдарда сол кітабы «Мәктубат» деген атпен араб әліпбиі бойынша тасқа басылып шықса, кейінгі дәуірде де әлденеше басылыммен қолданыстан қалған емес. Ыбырай Алтынсариннің бұл еңбегі күні бүгінге дейін ғылыми айналымнан түскен емес. Әдеби мұраларға қатысты, қазақ әдебиетінің тарихын сараптарлық көптеген деректерді зерттеушілер осы кітаптың беттерінен тауып келді. Осының өзі де еңбектің қаншалықты өміршең екендігін байқатса керек. Ресейдің отаршылдық саясатына наразылығын білдіретін, қазақ жерінің шұрайлы бөліктерін мемлекет қорына алу жөніндегі заң жобасына қарсылығын танытатын пікірлері («Оренбургский листок», 1880 ж.) Ыбырай Алтынсариннің әлеуметтік-саяси көзқарастарын аңғартады.

Ыбырай Алтынсарин қазақ әдебиеті мұраларын жинақтап, насихаттау мақсатындағы, қазақ тілі мен әдебиетіне қатысты көкейкесті мәселелерді толғаған еңбектері қазақ мәдениеті тарихынан көрнекті орын алады. Өз заманындағы уақыт талабына сай кемел білім алған, талантты қаламгер, білікті ұстаз қазақ әдебиеті мен педагогикасы саласында соны көзқарас, тың қадамдарымен дараланды. Дәстүрлі тақырыптардағы өлеңдермен қатар ғылым мен білім жетістіктеріне, жаңа заманның ағымына қатысты елді ілгері бастыратын, ойлы озық шығармалары қазақ әдебиетінде бұрын-соңды болмаған бағытты ашқандай еді. Білім, талап, еңбек пен зейнет тақырыбы енді

Ыбырай Алтынсарин шығармаларында әдебиеттің жаңа дәстүр арнасында өрбіді. Ақынның «Кел, балалар, оқылық!», «Өнер, білім бар жұрттар» секілді өміршең ойлы шығармалары күні бүгінге дейін қазақ әдебиетінің тарихынан лайықты орнын алды. Халықты өнер мен білімге үндеген ондай терең ойлы туындылар сол замандағы қазақ халқының әлеуметтік жағдайынан туындаса, одан былайғы кезеңдерде жаңа толқынның рухани бағдарламасына айналды.

Ыбырай поэзиясының келесі бір новаторлық саласы–мысал жанры. Бұл лирика емес, эпос. Ыбырайдың «Егіннің бастары», «Екі шыбын», «Қарға мен түлкі» сияқты мысалдары Крыловтан еркін аударылған. Сол үшін автордың өз шығармасы болып саналады. Бұл тұста Ыбырай Пушкин реализмінен Крыловтың сыншылдық әдісіне қарай бет бұрған. Әрбір реализмде сын элементі болады десек, Ыбырай осы жайды түсінген. Мұндай сыншылдыққа оны сол кезде қазақ даласында болып жатқан өзгерістердің нәтижесі алып келді. Ресей сияқты қазақ даласы үшін де 70-80 жылдар күрт өзгеріс жылдары болды. Сауда мен ақшаның тууы, тап күресінің шиеленісуі, шаруалардың жұтауы Ыбырайға әсер етпей қоймайды. Осыған жауап ретінде Ыбырай кәсіптің жаңа түрлерін іздеп, отырықшылық идеясын алға қояды. Оның мысалдарына арқау болған жағдай осы. Сюжеттері Крыловтан алынса да, оның мысалдары қазақ өмірін суреттейді. Онда прогресс пен демократия таңбасы бар. Өз мысалдарына ақын шаруа образын енгізіп, солардың әлеуметтік талаптарын жақтайды. Сонымен қатар Крылов мысалдарын тұңғыш рет аударып, оның атымен қазақ оқырмандарын алғаш таныстырған да Ыбырай болатын.

Адам мінезін сын көзімен қарап, әлеуметтік пішінде, халықтық рухта жасаған, оларды бір-біріне ұтымды түрде қарсы қойған Ыбырай мысалының бір көркемі–«Екі шыбын». Мысалдың сюжеті қысқа болса да, идеясы терең, образдары жанды, күшті. Мұнда ағартушылық ғибратынан гөрі сын элементі басым. Сырт қарағанда ол жеңіл әзіл, мазақ, күлкі түрінде көрінгенмен, зілі күшті, анық сатира. Мысалдағы еңбексіз күн көрген екі шыбын да қанаушы тап адамдарының типі. Бірі–орын тапқан, бірі–таппаған.

Мысалдағы екі шыбын образына қарама-қарсы қойылған ұнамды бейне өгіз. Ол нағыз еңбекші таптың адамдарын жинақтайтын образ. Халық арасынан шыққан адамдар мен үстем тап өкілдерін қарсыластыру бұл мысалдың гиперболасын да байқалады: өгіз – үлкен, шыбын – кішкене жәндік. Өгіз өзінің ісімен де, тұлғасымен де ұтып тұр. Мысалдың образдары сол кездегі қазақ өмірінің шындығына мейлінше үйлесімді. Негізгі тақырыбы–әлеумет теңсіздігі, тап қайшылығы, екі жақты қанау. Бұл тұста Ыбырай өмірдің терең қыртысын қамтып, өзінің реализмін халықтық мазмұнда дамытқан. Мысалдың идеясына сай көркемдігі де бар. «Екі шыбын» образдары типтілігі жағынан қазақ мысалдарының алғашқы бір жемісі болмақ.

Өгіз мүйізіндегі шыбынның екіжүзділігін Ыбырай өзінің «Қарға мен түлкі», «Қайырымды түлкі» деген мысалдарында тереңдеткен. Крыловта түлкі айлакер, алдампаздықтың үлгісі болса, Ыбырайдағы түлкілер – ұлық, болыс, билер. Бұлар қанаудың, ел талаудың жаңа тәсілдеріне жетіліп, сол ісін әсем, сөз, момақан, пішінмен іске асырған. Ақын бір мінездің екі жағын бірдей ашқан. Бірінде түлкі өз мақсатына жалған мақтау арқылы жетсе, екінші мысалда сол жыртқыштық әрекетін ол «гуманизм», «адамгершілік» пердесін жамыла отырып іске асырады.

Образдары мейлінше әлеуметтік пішінде жасалып, кемшілік көруші жақты терең қарсыластырған Ыбырай мысалдарының бірі – «Қайырымды түлкі». Мұндағы түлкі жалаң кулыққа сүйенбей, өзінің арам ниетін жетімдерге «қамқоршылық» жасаған болып іске асырады. Ақын оқиғаны түлкіден емес, анасы оққа ұшып, бір ұяда шырылдап қалған үш балапаннан бастайды. Осы балапандарды көрген түлкі:

Алда сорлы, мүсәпір балалар-ай!
Жасынан өлген екен аналары-ай!
Көбелек, шыбын аулап күн көретін,
Жоқ екен бейшаралар шамалары-ай!–

деп, үлкен «жанашырлық» көрсетеді. Осыдан былай түлкі мысалдың бас қаһарманына айналады. Ол құстарды көмекке шақырады.

Көкек құс, жүнің түлеп жүр ғой бекер,
Азырақ жетім үшін жұлсақ нетер,—
деп, оған да ақылшы бола қалады. Бірақ түлкінің:

Достарым, осындай бір іс етелік,
Жастарды жетім қалған кісі етелік.
Ізгілер орманда да бар екенін,
Осындай сауап іспен көрсетелік!–

деп сарнап тұрғанында үш балапанның жерге құлап түсуі, оқиғаның аяғын тез бітіреді.

Жұрт жинап, жақсы кеңес қылған түлкі,
Зарланып жетімді аяп тұрған түлкі.
Аузына үшеуін де қағып салды,
Өзі екен нағыз «құдай» ұрған түлкі.

Мысалдың тобықтай түйіні осы. Мұнда түлкінің жалған адам сүйгіштігі шебер әшкереленген. Мұның реализмі мен идеясы «Қарға мен түлкі» мысалынан әлдеқайда терең. Түлкі мен қарға мінезі этикалық арнада берілсе, мұндағы түлкі мінезі оған қарсы қойылған үш балапан арқылы, әлеумет теңсіздігі тұрғысында берілген. Жетім қалған үш балапан тұсында екі жақты қанауға түсіп, құқынан айырылған кедей шаруаның теңсіздігі сөз болады. Оның үстіне бұл екі мысалдың көркемдік ерекшеліктері де бір. «Қарға мен түлкі» мысалы күлдіргілеу, жеңіл сарында жазылған болса, «Қайырымды түлкі» нағыз қанды трагедия, шын сатира рухында берілген.

Ыбырай Крыловша мысалдың алды-артынан ғибрат сөз бермейді. Оның орнына түсінікті тілмен оқиғаның сюжетін баяндайды, мысалдың идеясын ұғынуды оқырманның өз үлесіне қалдырады. Ғибрат орнына ол адам мінездерін саралап көрсетеді. Бірақ бұдан мысалдың идеясына келіп тұрған зиян жоқ.

Қорыта айтқанда, Ыбырай Крылов мысалдарының идеясы мен сюжетін ғана қамтып, мазмұнын, адам мінезін қазақ өмірінің шындығынан алады. Соның нәтижесінде мысалдың мазмұны түсінікті болып шыққан. Ыбырай мен Абай поэзиясындағы түлкі образдары 1868 жылғы низамнан кейін туған «жаңа дүниенің» ұсақ жыртқыштары, қанауға бейім тұрған түлкілер. Сөйтіп өзінің мысалдары тұсында Ыбырай сыншыл реализмге бейімделіп, қазақ әдебиетінде аллегория әдісімен нақтылы адам мінездерін жасайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Оспанұлы С. Ыбырай тағылымы / С.Оспанұлы // Жайсаңдар айтқан жарқын сөз (...деген екен!) – Қостанай: «Шапақ» ЖШС баспасы, 2012. – 3–4бб.
2. Әуезов М. Елу томдық шығармалар жинағы. –Алматы: Білім, 1999. 356б.
3. Сүйіншәлиев Х. XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті. –Алматы: Санат, 2004. –240б.

ҚАСЫМ АМАНЖОЛОВ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ АЗАМАТТЫҚ ЛИРИКАЛЫҚ ӨРНЕКТЕР

СЕЙДУАЛИЕВА Р.Н.

Мырзатай орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Байзақ ауданы

Резюме. В статье раскрыты гражданские выражения и проанализирована художественно-тематическая специфика казахской поэзии в лирических произведениях Касыма Аманжолова.

Summary. The article reveals civil expressions and analyzes the artistic and thematic specificity of Kazakh poetry in the lyrical works of Kasym Amanzholov.

Қ.Аманжолов – қазақ поэзиясының асқар биіктерінің бірі. Ақын өлең жазумен ХІХ ғасырдың 20 жылдарының аяғы мен 30 жылдарының басында айналыса бастаған. Оның алғашқы өлеңдер жинағы 1938 жылы «Өмір сыры» деген атпен жарық көрді. Соғысқа дейін Қ.Аманжолов ақын-жазушылар қауымына ғана болмаса, бүкіл халыққа кеңінен танымал бола қойған жоқ. Қасымның жұлдызын жарқыратып, жалпы оқырманға танымал еткен – оның «Абдолла» (кейін «Ақын өлімі туралы аңыз» деп аталды) поэмасының жариялануы мен оған арналған Ғ.Мүсіреповтің сыны болды. Ұлы Отан Соғысы қоғамға және өнерге жаңа мазмұн әкелді. Бұл кезеңде көтерілген тақырыптарда ерлік пен өрлік, елдік пен адами сезімдер астасып жатты. Поэзияда лепті, көтеріңкі және лирикалық әуендер орын алды. Сондай-ақ ойлы, сезімді жырлардың құрылымдық негізі ырғақтық-интонациялық жағынан құнарлы еркін өлеңдерге көп жүгінді. Сондықтан соғыс кезеңі ұлт поэзиясының алдыңғы қатарына Ә.Сарсенбаев, Қ.Бекхожин, А.Жұмағалиев, Қ.Аманжолов, Ж.Саин, Ж.Молдағалиев, С.Мауленов, Д.Әбілев сияқты қан майданда болып, оның барлық азабы мен қасіретін көрген жауынгер ақындарды шығарды. Олар өлеңдеріне арнайы түр іздеген жоқ. Олардың өлеңдерінің сыртқы пішіні ішкі болмысымен бірге пайда болғандықтан, бір-бірінен ажырағысыз, шымыр шықты, яғни «түрінің өзі мазмұнға айналды» [1, 13].

Соғыс кезеңінің әдебиеті аса сыршыл, себебі адамзаттың ізгі сезімдерінің барлығы ізгілік пен азаматтыққа қатер төндірген зұлматқа қарсы тұрды. Сан алуан ширыққан сезімдер арпалысы жүріп жатқан кезең қазақ поэзиясындағы лирикалық өлеңдердің тақырыптық-идеялық, көркемдік бейнелік, ырғақтық-интонациялық жүйесінің жандануына өріс ашты. Бұл үрдістің ең басында тұрғандардың бірі – көрнекті ақын Қ.Аманжолов. Ол қазақ поэзиясында өзіне ғана тән сыршыл да сыншыл лирика қалыптастырды. Академик жазушы Ғ.Мүсірепов ақынның шығармаларын алғашқылардың бірі болып: «Қасым ақын жанының бар толғауын, кек күшін, сезім тереңін түгел бере алған. Жалынды сөзбен жауға аттандырар, жан сезімімен жас тамшылатар ақын сөзі өзегін, жүрегін тербей шыққан. Қасым поэмасы майданнан соққан жаңа леп сияқты», – деп өте жоғары бағалады.

Қасым Аманжолов – ұлттық поэзияның өре-деңгейін биік зияткерлік, мазмұн мен пішін бірлігі, батылдық пен суреткерлік тұтастығы арқылы шыңға көтерген ақын. Ақын өзіне дейінгі ұлттық поэзия үлгілерінің озығын өз болмысына сіңіріп қана қойған жоқ, сонымен қатар ақындықтың шеберлік мектебін дамытты. Көптеген қазақ ақындарының Қасым поэзиясынан әсер алып, ақынның поэзиясын үлгі, өнеге тұтып, оның өмірді өлең ету тәсілдерін, түрін, стилін үйренгені анық. Олардың ішінде, әсіресе, К.Мырзабеков, Ж.Нәжимеденов, М.Мақатаев, Т.Айбергенов сияқты көрнекті ақындарды ерекше айтуға болады.

Қасым өлеңдерінен ақынның қимылын, дауысын, мәнерін естіп, мінез-құлқын танимыз. Өйткені ол өлеңнен сыр іріккен емес. Өлеңде өз жан дүниесін ашты. «Өзге емес, өзім айтам өз жайымды», – деп әлемге жар салды. Бар болмысын, тағдырын поэзияға арнаған Қасым былайша толғайды:

Барым да, бақытым да осы өлеңім,
Жарқыным жүрегімнің досы өлеңім,
Өмірге келгенім жоқ бостан-босқа,
Мен қайтып, босқа жасап, босқа өлемін.

Қ.Аманжолов «дауылдай өртке тиген» өлеңімен, поэзиямыздың күре тамырындағы қанын ойната білген өзіне тән өршіл пафосымен, өзіндік ақындық мәдениетімен өзінен кейінгі ақындарға ерекше әсер қалдырды. Көп ақындар Қасымды өзіне ұстаз тұтып, оған ден қойды. Солардың бірі Мұқағали ақын рухани ұстазына қасиетті музамен ескерткіш орнатты:

Дейсіндер-ай! Қасымның несі басым?!

Қасым басым болмаса, несі Қасым,
«Ақынмын» деп қопандап жүргендердің
Әммесінен Қасымның десі басым...
Қасым солай болмаса несі Қасым!?
Жыр бәйгеге аттанған адам болса,
Сөредегі Қасымын есіне алсын!..

Мұқағали Қасымның асқақтығын, өршілдігін, басымдығын, шалттығын, дархандығын, қайталанбастығын, дарындылығын бүкіл Алаш баласына осылайша жоғары пафоспен паш етсе, А.Кеңшілікұлы Қасым поэзиясының екпіні мен сарынын тереңдете түседі: «Бішқына соққан дауылға қарсы тұратын өжет мінез ақынның бүкіл болмысын айғақтайды. Сондықтан, Қасымның жырлары кеңестер империясының аспанын сан рет сілкілеген әдебиеттегі үлкен қопарылыстың алғашқы бастамасы болды. Ғасырлар бойы елдің елдігі үшін күресіп өткен жыраулар поэзиясының қайсар да, қайратты рухы Қасымның ақ берен жырларынан көрініс тапты. Поэзиядағы сұлулық, сезімнің кір шалмаған шыны тазалығы, ойдың тереңдігі арқылы Қасым қазақ поэзиясының рухын қайта бір асқақтатып, ақ алмастай шыңдады. Поэзиядағы тамырын тереңнен тартқан ұлттық ою-өрнектер Қасым өлеңдерінен айқын сезіліп, Мағжан, Илияс, Бернияздардан кейін сұйылып бара жатқан ұлттық тіл бояуы тұнығы лайланбаған қалпында Қасым жырларынан қайта бір көрінді» [2, 7].

Қасым туындыларының ішінде ерекше орын алатын жанр, ол – оның лирикасы. Заманының сан қилы оқиғаларын, толғаныстарын, сезіністерін, адамдардың алуан түрлі жан құбылыстарын, арман-талап асқарларын өз өрнегіне түсірген ақын лирикасы қазақ поэзиясының алтын қорынан лайықты орын алды.

Ақын бойындағы азаматтық борыш, биік мақсат, тереңдік пен дархандық оның лирикалық шумақтарынан ерекше көрініс тауып жатады. Бірде ақын:

Ей, тақаббар дүние!
Маған да бір қарашы,
Танымайсың ба сен мені?
Мен қазақтың баласы!..

Есе тиер, енші алар
Ел болсам деп ойлаушы ем.
Қазақпын деп айта алар
Мен болсам деп ойлаушы ем...

Қазақ деген атымды,
Өшіре алмас ешбір жау?..

Тақаббар ұлы дүние!
Қазақ, деген – мен деймін.
Мылтығыңды ұсынба,
Қолыңды ұсын, кел деймін! – деп арқалана, ажарлана жырласа, енді бірде ақын жүректің түбінен терең нәзік сыр шертеді, өмір, өлім жайында толғанады:

Өкінбен мен де бір күн өлемін деп,
Өкінем ұқсата алмай келемін деп;
Күніне жүз ойланып, мың толғанам,
Өзіммен бірге өлмесін өлеңім деп.

Осынау арман ақын шығармашылығының басынан аяғына шейін тұтас тартылып жатқан өрнек сияқты.

Қ.Аманжолов өлеңдерінің көпшілігі Отанды, туған жерді, елді сүйуге, қастерлеуге үндейді, қайсарлыққа, табандылыққа, қаһармандыққа баулиды. Ол патриот, сезімтал, қажымас күрескер ақынның жаңа типті образын жасады:

Құя алман үгітілген балшық өлең,
Көңлімде көл жасамаң тамшыменен,
Серінің семсеріндей сертке таққан
Өлеңнің өткірін бір алшы менен, – немесе:
Бармын мен бұл дүниеде, жүрмін тірі.
Жоқсың деп жала жабар қудың бірі.
Түссем де отқа, суға тозар емен,

Солдаттың етігіндей жаным сірі.

Майданға аттанып бара жатқан Қасымның туған жерге деген ынтасынан, мейірімінен, сағыныш сезімінен төмендегідей жыр жолдары тізіледі:

Сағындым сені, Оралым,
Күндер жоқ бейбіт бұрынғы,
Келгенше қайтып оралып,
Алып қал осы жырымды.

Өлеңнің әлеуметтік сыры терең әрі нәзік ашылған. Бейбіт елдің майданға бара жатқан ақыны бақытты өлкесін қия алмай, елжірей қоштасады. Ақынның туған жерге деген шексіз махаббатын, ыстық ықыласын мына шумақтар тереңдете түседі:

Уа, дариға – алтын бесік туған жер,
Қадірінді келсем білмей, кеше гөр!
Жата алмас ем топырағыңда тебіренбей
Ақын болмай, тасың болсам мен егер!
Неткен байтақ, неткен ұлы жер едің!
Неңдей күйге жүрегімді бөледің?
Седе тудым, сенде өстім мен, сенде өлсем, –
Арманым жоқ бұл дүниеде, – дер едім;

Қандай сезім, қандай тебіреніс, қандай теңеу. Ақын тілінде тасқа да жан бітіп, тебіреніп, теңселіп тұр. Бұл – ақынның құдіреті, ақынның шеберлігі. Бұдан артық кім айта алады, қалай айта алады! Мұқағали айтқан Қасымның басымдығы да, міне осында.

Қ.Аманжолов шығармашылығы дәуірінің әдеби үдерісімен, оның даму өресі, көтерген проблемаларымен тарихи, саяси оқиғаларымен тығыз бірлікте, тұтастықта болады. Сондықтан сол кездегі қоғамда болып жатқан өзгерістерді, тарихи, саяси оқиғаларды (ақын поэзиясында сол оқиғалар тікелей көрініс тапқандықтан) өмір шындығын, халық тағдырын, оның болашағын бейнелеуде ақын әдеби әдіс-тәсілдерге, көркемдегіш-бейнелеуіш құралдарға иек артты [3, 17].

Поэзия ұлттың рухын көрсетеді. Қасым поэзиясынан ұлт жанының батырлығын, жомарттығын, бауырмалдығын, мархабаттылығын, алғырлығын көреміз. Поэзияның тәрбиелік күші де осында. Қасымның мейлінше жалынды, серпінді, сыршыл, нәзік те адуынды поэзиясы – қай ұрпақтың да көңіл серігі бола алатын, мәңгілік поэзия.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Үсенова А.Ә. Қазіргі қазақ өлеңінің құрылысы: дәстүр және даму үрдістері. Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Астана, 2010.
- 2.Кеңшілікұлы А. Қазақ жырының алдаспаны // Жұлдыз, 2001. № 1
- 3.Қалиева Қ.М. Қазақ поэзиясындағы Қ.Аманжолов дәстүрі. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. –Астана, 2010
- 4.Қаратаев М., Нұртазин Т., Қирабаев С. Қазақ совет әдебиеті. –Алматы, 1971.
- 5.Аманжолов Қ. Шығармаларының толық жинағы. I-III т. –Алматы, 1955-57.

ӘОЖ 82(091):902.6(574)

МҰХТАР ӘУЕЗОВТИҢ «АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАН ЭПОПЕЯСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚЫ САЛТ-ДӘСТҮРДІҢ КӨРІНІСТЕРІ

МАМЫРАИМОВА Д.Н.

М.Әуезов атындағы №33 орта мектеп директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Тараз қаласы

Резюме. Статья посвящена изучению национального быта и нравов, традиции казахов в романе-эпопее писателя Мухтара Ауэзова «Путь Абая». Казахи отличаются от других соплеменников по своим национальным качествам.

Summary. The article dedicated for explore national mode of life and morals, the kazakh traditions in novel the writer Mukhtar Auevov's «Abay's way». Kazakhs differ from others their trive's national quality's.

Ежелден қазақ халқы ұлттық дәстүрге аса бай екендігі белгілі және де ол сан-салалы, алуан-түрлі болып келіп ел тұрмысының барлық жақтарына қатысты болып келеді.

Халықтың осындай бір мазмұнды да мағыналы өмірін, салт ерекшеліктерін көрсетуде «Абай жолы» роман-эпопеясындай шығарма әлемде кездесуі екіталай. Бәлкім жоқ та шығар. Себебі әдеби зерттеулерде, мейлі ол Кеңестік дәуірде болсын, мейлі ол шетел әдебиетінде болсын бұл тақырып дәл осылайша күн тәртібіне қойылған емес. Себебі мұндай кеңқұлаштылық, халық өмірін, оның жарты ғасырлық өмірін түбірімен қопара суреттеу әлем әдебиеті шығармаларында саусақпен санарлық қана.

«Абай жолы» роман-эпопеясы басқа жетістіктерін атамағанда, осының өзімен-ақ айрықша ерекшеленіп, асқақтап тұрады.

Автор қазақтың ескі әдет-ғұрыптарын суреттегенде бірыңғай күнгеі жақтарын ғана көрсетпей, сонымен бірге рулық кейбір салт-жоралғылардың жиіркенішті жақтарын де кеңінен суреттеп, оқырманды содан хабардар етеді, сын көзімен қарайды.

Қазақтың өткен ғасырларда қолданып жүрген, қалыптасқан салт-дәстүр, әдет-өнегесін шегіне жеткізе, жан-жақты суреттеп берген «Абай жолына» пара-пар келетін көркем шығарма жоқ шығар. «Ғылымның басқа саласынан ала алмаған мәліметті осы бір танымдық мәні зор «Абай жолынан» табасыз. Бұл-шын мәніндегі энциклопедиялық шығарма», - деген еді кезінде ғалым Қаныш Сәтбаев.

Құда түсу, қыз ұзату, той-тойлау, күйеуге деген ізет, қалыңдық ойнау, ұрын келу-осының бәріне сай сый-сияпаттың бәрі де шешен тілмен келісті баяндалып, оқырманның бұл туралы таным-түсінігін байыта түседі. Өткен заманның тыныс-тіршілігі көз алдында кино лентасындай өтеді. Осы ретте ұлы жазушының сұңғыла біргірілігі, бұл күндері санадан өше бастаған дәстүріміздің әрбірін көз алдына келтіре, сөзбен өрнектеп беру шеберлігі ғажап.

Романда Абайдың Ділдәға үйлену тұсындағы баяндауларын алып қараңыз. Алшынбай аулына Құнанбай келіп құда түсіп, Ділдәні Абайға айттырған уақытта бас құда Құнанбайға деп Алшынбай ауылы күміс тартқан. Ол күмістің аты – тайтұяқ, бесік жамбыдан кіші. Тегінде қазақ дәстүрінде құдалардың бір-біріне жасайтын сыйлары болады. Негізі ілу мен кит қарайлас, ал жазушы халқымыздың мәрттігін, сыйластығын тұтас көрсетіп берген.

Осы құдалықта Ұлжан Алшынбайдікіне көп қазына әкеледі. Көптеген жылқы, түйеден басқа жырттыстың (мата) өзі екі үлкен атанға артылып келеді. Оның ішінде келінге жасау тігілетін батсайы, мақпал, дүрия, шағи бөлек салынған. Бірер сандық осы қымбаттарға толы болса, өзге теңдері құда-құдағы сыбағасы, шапан, камзол, көйлек шаршы және толып жатқан ырымдар бойынша төленетін сый-сияпат.

Қалыңмал басы Алшынбайдың өзіне арналған кесек күміс, бесік жамбы. Бұл ілу деп те аталады.

Сол сияқты жазушы романда қайындап барған күйеу жігіттің өзінің киер киімі болатынын, ауыл сыртынан тосып алған қыздың жеңгелері күйеу жігіттен осы киімді киіп жүруін талап ететінін суреттейді. Мысалы, роман-эпопеяда: «Жұмағұл ауыл жаққа қарай түсіп: -Әлі тұра тұр басында үкің жоқ деп қиғылық салады. Тымағыңды көзіңе кимесең, жақтан да ұрады. Екеуің бе? Ербол екеуің талай құқайды көресің... не қыласың, тек ұсына бер».

Басқа үкі тағу барлық күйеудің әдеті болған. Ол ғана емес, қызыл манап шапан мен биік өкше етік киіп, елден ерекше ұзын төбе тымаққа үкі тағып алу бұл өңірдің бар күйеуіне жол болатын. Міне, осындай «күйеу жігіттің киімін бақсы-балгерге ұқсап кеттім» деп кимеген Абай Ділдәнің жеңгелерінен «Қой шырағым! Тобықтының тымағын өз ауылыңда киерсің. Біздің ауылда күйеу тымағымен жүр» деген бұйрық сөзінде естиді. Өстіп, күйеу жігітті қыспаққа ала келген жеңгейлер оны бөлек күйеу жігітке арналған шымылдықты үйге түсіріп ішіне отырғызады. Үйге күйеу көруге келген қайын ене, үлкен әйелдер жағынан жеңгелер көрімдік алып, күйеуді көрсетеді. Күйеу жігіттің осы келісі туралы айта келіп, автор қайындау тойында рәсімдер өтетінін жазған. Абайдың бұл келісі: «ұрын келу», «жыртыс ала келу» деп, кейде «есік көре келу» деп те аталады.

Жазушы романының «Шытырман» атты тарауында Құнанбай мен Бөжей арасындағы араздықтан туған қақтығыс өлімге келіп тіреледі. Бөжей өлімін, оған Құнанбайдың шақырылмауын суреттей отырып, автор қазақта өлікті жерлеу, артын күту салтын тамаша сипаттап берген. «Байдалының ес жияр, тоқтап сөзінен соң өлікті арулап жерлеу қамына кірісті. Отыз-қырық кісідей шапқыншы түн ортасы ауа бергенде қос-қос атқа мініп, қалың Тобықты мен көршілес Керейдің, Матайдың, сонау тіпті Қарқаралы жағындағы Шер мен Бошанның басты-басты жерлеріне де жат, суық хабарды алып, шашырай шауып жөнелгенді. Қаралы үй тігіліп болысымен оң жаққа үлкен сүйек төсек кіргізді. Үстін көмкерілген қара кілеммен тегістеп болып, сол төсекке Бөжейдің сүйегін әкеп салғызды. Жаназасын шығарғанша өлік осында болмақ. Байдалы сүйекті орналастырып

болысымен, сол өлік үстіне тіккен ақ үйдің оң жақ белдеуіне өз қолымен әке қара тікті. Бұл жұмыс өліктің артын күтудің үлкен серті еді, қара дегені ұзын найзаның басына тігілген ту. Егер Бөжей жай қара қазақ емес, төреден шыққан болса, сол төрелердің тұқым-тұқымы, жік-жігі осындайда көрінеді. Ал қарадан кісі өлсе, тудың түсі өліктің жасына қарай боялады. Бөжейдің, орта жастағы ақ, бір жағы қызыл болуы керек деген шешімге келеді. Қара тіккен Байдалы халық атынан Бөжейдей арысына ас берем деген ырымын жасайды». Осы үзіндінің ішінде қазақта тоғыз беру рәсімі айтылған және оған не жататыны, неше тоғыздан тұратыны жайлы сөз болады. Сонымен қатар, осы Бөжей өлімінде халқымызда ер-азаматынан айрылған әйел, әкесінен айрылған қыз баланың қаралы қалпы берілген. Бұл кезде Бөжейдің өз үйінің ішінде қарасұр бәйбіше шаршысын шорт байлаған, қара шашын тарқатып, екі иініне жайып салған. Бөжейдің екі қызы да бастарындағы бөріктерін тастап, қара салыны шорт байласып алады. Сөйтіп әкелері өлісімен ұзақ, қайғылы, шерлі жоқтаудың сарынын табады.

Халықтың салт-дәстүрінің бәрі бірдей пайдалы, гуманистік сипатта бола бермейді. Оның ішінде де керітартпалық сипаттағы түрлері бар болатын. Мәселен, әмеңгерлік, жалған келісім кезінде өз баласын біреуге бала етіп беру, күндестік араздық осының куәсі бола алады.

Салт-дәстүрдің кертартпа тұстарына келетін болсақ, Абайдың өзі де ескі әдет-ғұрыптың, ежелден келе жатқан, қаймағы бұзылмаған салт-дәстүрдің құрбаны болған адам. Өзінің жүрек қалауымен таңдап сүйген Тоғжаны біреуге атастырылып қойғандықтан және де Абайдың өзінің де басы бос болмай Ділдәға еріксіз үйленуі де сол бұлжымас салт-жоралғының кесірі болатын. Сондай-ақ, Кәмшаттың аянышты тағдыры да осы ескі салттың кесірінен Құнанбай мен Бөжейдің арасындағы аз күндік жалған келісушіліктің ескі салт бойынша орындалуы жазықсыз баланың ана құшағынан, туысқан-туғандарынан, өз тобынан аңырап, жат қолында кете барған өкінішті сәті айрықша әсер етердей көркем суреттелген. Сондай-ақ, Қодар мен Қамқаны жазалап өлтіруде де діни жолдың, шарифат үкіміне сүйене отырып ескі салтты арамдықпен қолдану бар. Жазықсыз екі момын жанды түйеге артып жартастан құлату, одан соң қырық рудың басты кісілерін тас алғызып, тас боран жасап өлтіру – сол заманның қатал бір шындығын сипаттап тұр.

Осы көріністер оқырман жанын түршіктіріп, әбігерге салатыны даусыз. Кезінде тұрпайы социологтар Мұхтар Әуезов «Абай жолы» романында қазақтың ескі әдет-ғұрпын дәріптеп, майын тамыза суреттеген. Бұл оның үстем таптың сән-салтанатын мадақтағаны, ұлтшылдығы деген де кінәлар тағылған болатын. Сыңар езулікпен айтылған мұндай қияс пікірлер авторға зардабын тигізбей қойған жоқ, әрине. Соның кесірінен кітапқа да тыйым салынып, автор қуғындалды. Алайда уақыт өте келе көркем шындық өзінің тиісті бағасын алып ақталды. Мұнда ешқандай ұлтшылдық, әсіре дәріптеушілік жоқ болатын. Бұл-халық дәстүрінің, тұрмыс-салтының көркем көрінісі, жалғасып келе жатқан тарихы болатын. Қазір әрине солардың көбісі көнерді, ұмытылды. Жаңа тұрпатты салт-сана қалыптасты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұхтар Әуезов «Абай жолы» роман эпопеясы, I – II – III – IV томдар, Алматы, 1979 жыл.
2. Мұхтар Әуезов. Әр жылдар ойлары, Алматы, 1959 жыл.

ӘОЖ 82(091)

ШЕРХАН МҰРТАЗАНЫҢ «БІР КЕМ ДҮНИЕ» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ АНА ТІЛІ МӘСЕЛЕСІНІҢ КӨРІНІСІ

АСАНОВА Б.А.

М.Әуезов атындағы №33 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме В научной статье проанализированы высказывания известного писателя, общественного деятеля Ш. Муртазы о родном языке в произведении «Один изъян бытия».

Summary. In this article, well-known writer – Sherkhan Murtaza's philosophical thoughts are given in «Bir kem dunie» (One is not enough in the world) and this is investigated in native language.

Ш.Мұртаза - қазақ әдебиетінің көгіне жарқырай біткен айырықша жарық жұлдыз. Зымыран уақыттың пешенесіне жарық жұлдыз болып қадалған тарланның бірегейі. Шерағанның тек

әдебиеттегі орны бар десек, әрине, қателескеніміз. Ол – тәуелсіз Қазақстанның шынайы жанашыры, қайраткері, тайсалмай сөзін сөйлей білетін атпал азаматы. Шерағанның публицистикалық жолының өзінде «Халқым!» деген ұраны «мен мұңдалап» тұрады. Ол еліміздің ұлттық менталитеттерінің негізгі элементі – ана тіліне үлкен жанашыр болды. Оның тіл туралы берген толғамдары мен сыни көзқарастары үкімет басындағылардан бастап, қарапайым халықтың санасына терең ұялап, ұлттық рухымызды көтеруге үлкен септігін тигізді. Жалпы, қаламгер ретінде Ш.Мұртаза қандай тақырыпты қозғаса да, нендей қызметтің тізгінін ұстаса да, халқының рухани болмысын биіктете түсуге қызмет етті.

«Тіл деген бізге өткен дәуірлерден қалған асыл мұра. Бізді жаратқан ата-бабаларымыз өткен. Олар бізге, өзгесін қойғанда мұралыққа тап-тамаша тіл қалдырған. Ол тіл атамыздың ақылынан, анамыздың сүтінен жаралған», - деген Шерағаң. Осы бір атадан қалған асыл мұраны көздің қарашығындай сақтау керектігіне Шерағаң баса назар аударады. Біздің рухани байлығымыз да, құндылығымыз да – тіл екендігін терең түйсінеді, халқына түсіндіргісі де келеді.

Жазушының белгілі «Бір кем дүние» атты ойтолғау, жүректен шыққан сөздері жүректерге жетіп жататын кемел шығармасындағы ана тілі туралы толғамдарына тоқталсақ.

Ш. Мұртаза «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деп, қашан да өз жұртының мүддесі тұрғысынан биік мінбелерден жасындай жаркылдап терең ой айтты, ұзақ түндер ұйқысыз отырып толғатқан шығармалары арқылы жұртының ой-өрісін көтеріп, санасына сәуле құйды.

Қазақстан өз тәуелсіздігін алған сәттен бастап елімізде жаңа қоғамның талаптарына сай кешенді түрде мемлекеттік тіл саясаты жүргізіле бастады. Сөз жоқ, бұл бағытта Қазақстанның ішкі-сыртқы жағдайлары тиісті ескеріліп, толығымен есепке алынды. Елдегі барлық азаматтардың (этностардың, әлеуметтік топтардың) мүдделерін кемсітпейтін, ұстамды да сындарлы тіл саясатын дұрыс жолға қоюға баса көңіл бөлінді.

Алайда, ана тіліміз сонда да көптеген толқулардан өтті. Шерағаң осы тұста да үлкен толғам айтады.

«Әлем бізді құрметтесін десек, өз ұлтымызды және ұлттық бейнемізді алдымен біздің өзіміз бар сезімімізбен, ақыл-ойымызбен, іс-әрекетімізбен құрметтеуіміз керек. Өзінің ұлттық бейнесін таба алмаған ұлттардың басқа ұлттарға жем болатынын біліп қойғанымыз жөн», - деп Ататүріктің сөзін бере келе, Парламент, Сенат, Мәжіліс қатарындағылардың тоқсан пайызға жуығы қазақ тіліне қарсы дауыс бергендігін, біраз уақыттан соң, дәл осы Парламенттің қазақ тілін мемлекеттік тіл деп шешім қабылдағанын жазады.

«Бұл толқу сонда не толқу? Депутаттардың басым көпшілігі кешегі өз шешіміне қарсы шыққаны қалай? Жоғарыда Ататүрік айтқан ұлттық қасиеттердің мүлде ада болғаны ғой...

Міне, бұл нағыз қасірет. Бір кем дүние». [1;38]

Тіліміздің тазалығы, ана тіліміздің болашағы үшін қиналып, келер ұрпаққа өсиет айтудан жалықпаған Шерағаң тілімізді бар жан-тәнімен қорғады десек артық емес.

Кезінде парламент депутаттары қазақ тілін мемлекеттік тіл, орыс тілін ресми тіл деп дауыс бергенде, тағы да осы Шерағаң: «Екі тіл тек жылаңда ғана болады», - деп ызалана айтқан.

Кемел шығармасындағы енді бір ой-толғамын берейік:

«Гегель: «Өз ана тілін менсінбейтіндер - өз ұлтын үш рет өлтіргендер» (орыс. Трижды убивает свою нацию тот, кто игнорирует родной язык») деген. Сол философ Гегель қазір тірі болса, біздің Қазақстанның, өз Отанында, айдың-күннің аманында өмір сүріп жатқан қазақтардың, әсіресе қала қазақтарының, оның ішінде билік басында отырғандардың хал жағдайын білсе, әлгі айтқаны – айтқан ба!.. Не деп айтарын, не нәрсеге теңерін де білмей қалар еді-ау.

Қайран Гегель! Сенің шәкіртіңбіз деп жүрген философиямақтардың өзі дәл қазір де ана тілін сен сияқты қорғай алмай, көкезу болып жүр-ау», - [1; 88] деп философияның атасы, іспеттес Гегельмен өзінше ойша тілдесіп, үлкен тебіреніске түседі.

Расында, ана тілінің дәрежесін терең түйсінбей, оған салғырт қарау сияқты нәрселер қазіргі қоғамда бас етекпен. Неге екенін ойланып көрейікші.

Ұлы жазушы М.Әуезовтің өзі: «Бесігіңді түзе!» - деді. Расында, ел болу үшін, ұлт болу үшін, ұлы болу үшін ә дегенде бесігіңді түзе.

Бастапқы тәрбиенің анасы – бесік, әрі-беріден соң, бесік ананың құрсағынан басталады.

«Іңгәлап» дүние есігін ашқан шарананы ең әуелі ана туған тілінің нәрімен сусындату қажет. «Қазақша сөйлемейтін қазақтар – анасын буындырып өлтіргендер» (Ж.Ерғалиев «Көкшетау» газетінің бас редакторы) . [1;125]– деп Шерағаң «Бір кем дүниесінде» «Өгей жандар» айдарымен берілген толғанысында мысал келтіреді. Осындай тебіреністердің барлығы да қазақтың қаракөз

қыздарының зердесінде берік сақталу қажет-ақ!.. Ана тілінің уыз дәмін ұрпақ бойына дарытуда ана аузынан шығатын бесік жыры, ертегі, батырлар дастандарының алар орны ерекше.

«...Түрік ұлтының мінезі асқақ. Түрік халқы ұлттық тұтастықтың және бірліктің арқасында басқа күштерді жеңе білді. «Мен түрікпін!» деген адам қандай бақытты», – деген екен Ататүрік.

Ал бізде, қазақтар қандай?..

Қазақтардың жартысына жуығы өз ана тілінде сөйлей алмайды деп жазып жүр ғой газеттер...

Президентіміз Нұсұлтан мырза: «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін», - деп айтқан. Бірақ... Зор кем дүние. Амал қанша?!», [1;38]деп қарымды қаламгер тағы бір өкінішін жеткізеді.

Жазушы «Болашақ» бағдарламасымен оқып жатқан жастардың сөйлеу тіліне байланысты да үлкен сын айтады.

«Болашақ» деген шығып, бай балалары шет елде оқып, бірсыпырасы сол жақта қалады. Бірсыпырасы елге қайтады. Білімі жақсы, істі біледі. Бірақ тек орысша, иә ағылшынша сөйлейді. Қазақшасы жоқ. Бір кем дүние» [1;12]

Шет елде білім алып жатқан қазақтың өрен жастары тілді де терең меңгеріп, қайта ана тілдерін алыс шетелдерде дәріптеп, насихаттаса нұр үстіне нұр болмай ма?

Бізді ғасырдан ғасырға, заманнан заманға аман жеткізген барымыз да, нарымыз да – осы тіл. Тіл саясаты – қазіргі мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі.

Шерағаң талайды көрген тарлан, үлкен сыншы. Ол БАҚ-ның барлығына үлкен ден қойып, өзіндік бағасын беріп отырды. БАҚ – қазақ тілінің қазіргі басты тірегі десек, қате айтқандық болмас. БАҚ – ты мемлекеттегі төртінші билік иесі дейміз. Дегенде, дәл осы күндегі Қазақстанның ақпарат кеңістігіндегі қазақ тілінің деңгейі турасында Шерағаң кезекті бір ойтолғауында: «Қазіргі заманда «ң» - ға тілі келмейтіндер көбейді. Теледидарды тындап, қарап отырсаң, «жанағы, жанағы» деп сөз арасына «арам» сөз қосып сөйлейтіндер жиіледі... Енді қазіргі көсемдердің бірі: «Жанағы, женістен женіске жете берейік!» деп соғады.

Бір кем дүние деген осы» [1;23]

«Ана тілінен айрылған халық – о да опат болған халық. Ана тілінсіз халық болмайды. Тілінен айрылған ұлт – тарихынан, түп-тамырынан айрылған ұлт», - деп Шерағаң тілін сақтай алмаған халықты – біткен, құрыған халық санатына қосады.

«Тілге, ұлтқа жаным ашиды» деп айтатындар көп, алайда ар мен намысты оятып, тілді, дәстүрді құрметтеуге баулитын нақты іс тындырып жатқандар сирек.

Болашақ туралы Мөңке би баяғыда –ақ айтып кетті:

Құрамалы, жалғамалы үйің болады,

Аумалы-төкпелі биің болады,

Халыққа бір тиын пайдасы жоқ,

Күнде бас қосқан жиын болады...

Ала шұбар тілің болады,

Дүмдамалдау дінің болады, - деді.

«Тіл туралы соңғы он жылдан бері сан-сапалақ жиын өтті. Қаншама заң шықты, қаншама қаулы шықты. Пайдасы шамалы...

Ала шұбар тілден арыла алмадық...

Мұның бірінің басты себебі: ұлттық рухтың азғандығынан. Рух азса, намыс тозады...

Ауыр жолды жеңілдетудің ең пәрменді жолы – көпшілік талап еткендей, Конституцияға өзгеріс енгізу... Ұлттық сананың оянуы, намыстың, рухтың тірілуі...

Жаңа қостілділік туралы айтылып қалды. Қос тіл жыланда ғана болатыны белгілі. Колбиннің жыланы басын қайта көтере бастады.

Абайлаңыздар!» - деп Шерағаң бүкіл қазақ даласын сақтыққа шақырады.

Қазақ халқының белгілі биі: «Адамның басшысы – ақыл, жетекшісі – талап, шолушысы – ой, жолдасы – кәсіп, қорғаны – сабыр, қорғаушысы – мінез, сынаушысы - халық»,- деп бірнеше сөзбен-ақ ұрпақ тәрбиесінің педагогикалық жүйесін түгел белгілеп берген екен десек, тал бойынан осы қасиеттердің бәрі табылатын Шерхан Мұртаза есімін Қазақстанда бүгінде білмейтін адам жоқ. Ол осы қасиеттердің барлығын қаламгерлік қарымына, қайраткерлік болмысына, кәсіби шеберлігіне жұмылдыра білді.

Қазіргі таңда есімі мақтанышқа айналған Ш.Мұртазаның «Бір кем дүниесіндегі» ана тілі турасындағы жан дүниесінен жарып шыққан терең ойлары болашақ ұрпақты ұлтын сүюге тәрбиелеп, қоғамдағы ұлттық идеологияның қалыптасуына зор үлесін қосады деп ойлаймыз.

Ұлтымыздың жанын – баға жетпес аяулы тіліміздің шын мәнінде мемлекеттік тіл ретінде тұғырын нығайту, оның бәсекеге қабілеттігін арттыру және ең бастысы, елімізде тұрып жатқан

барша қазақстандықтардың еркін, толық қолданатын тіліне айналдыру біздің ұлы мұратымыз. Біз үшін ел тұтастығымен қатар, тіл тұтастығы да өте қымбат. Қазақ тілінің қазақ жерінен, Қазақстанның басқа қанатын кең жайып, еркін тыныстайтын Отаны жоқ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Шерхан Мұртаза. Бір кем дүние. // Ойтолғау. Алматы: Жазушы, 2008.- 220б.

ӘОЖ 811-26

АУДАРМАДАҒЫ ТРАНСФОРМАЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕР

БЕКБАЕВА Р.Е.

Н.Киікбаев атындағы мектеп-гимназиясының ағылшын тілі пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Байзақ ауданы

Резюме. В данной статье рассматриваются трансформационные методы в теории перевода.

Summary. Transformational methods in theory of translation is presented in this article.

Трансформация (лат. Transformation, ор. т. преобразование, қаз.т. мағынасы- қайта құру, өзгерту, өзгеріс) тіл үлгілерінің заңды өзгерістеріне байланысты тілдің екінші құрылымын жасаудағы әдістердің бірі. Мысалы: негізгі етістік формасының ырықсыз етіске ауысуы: қар күреді – қар күрелді, ат байлады – ат байланды.

Трансформациялық әдіс – сөйлемдегі күрделі синтаксистік құрылымдарды неғұрлым қарапайым құрылымдардан шығаруға негізделген әдіс. Трансформациялық әдістің негізгі ұстанымдарын 20 ғ. 50 жж. басында З. Харрис (АҚШ) ұсынған болатын. Еуропаның дәстүрлі тіл білімінде трансформациялық әдіс синтаксистік транспозицияның тұжырымдамасына сәйкес келеді.

Трансформациялық әдіс алғашында дистрибутивті талдауға қосымша түрінде пайда болған, бірақ ол сөйлемдегі күрделі синтаксистік құрылымдарды байқауға тиімсіз болды, себебі сөйлемдегі дистрибуция ұғымы дегенде ешбір мән жоқ. Трансформациялық әдістің негізі туралы мынадай жорамалдар бар: 1) тілдің синтаксистік жүйесі бірнеше шағын жүйеден тұруы мүмкін, олардың біреуі – ядролық (бастапқы негіз), қалғандары – туынды, кейіннен пайда болған. Ядролық шағын жүйе осы шақ ашық райдағы етістіктен тұратын, бірыңғай мүшелері, модаль сөздері жоқ қарапайым сөйлемдер болып келеді; 2) кез келген күрделі синтаксистік тип бір немесе бірнеше ядролық сөйлемдерден тұрады. Сөйтіп, сөйлемнің синтаксистік құрылымын анықтау дегеніміз – оның негізінде қандай ядролық типтер жатқанын, оған әсер ететін трансформациялық өзгерістер қалай орналасқанын көрсету деген сөз.

Табиғи тілдердегі көптеген синтаксистік типтердің негізгі қарапайым ядролық типтерден тұратыны, оларға аздаған трансформациялық өзгерістер еніп отыратыны туралы пікір Н. Хомскийдің (АҚШ) генеративтік (туындаған) грамматика туралы тұжырымдамасына негіз болды. Трансформациялық туындаған грамматика, туындаған семантиканың және септік грамматикасы мен тілдің басқа формалды модельдерінің жасалуына өз кезінде себеп болды. [1, 330б.]

Аударма теориясына трансформация термині трансформациялық грамматикадан келіп енді. Бұл термин көптеген ғалымдардың еңбектерінде кездеседі. Бірақ, аударма процесінде трансформацияны әр ғалым әр түрлі етіп қарастырды. Трансформация термині көбінесе Я.И. Рецкер, Л.С. Бархударов, А. Д. Швейцер және т.б. еңбектерінде көп кездеседі.

“Транслетеманы өңдеуде верификацияға ғана емес, сонымен қатар оның негізгі мағынасына лингвистикалық өңдеу де жасалады. Аударма ғылымында мұндай лингвистикалық өңдеуді аударма трансформациясы деп аталады.” [4. 99 с.]

Белгілі аударма тәсілдерін зерттеуші Л.С. Бархударов «Язык и перевод» атты еңбегінде аударманың тәсілдерін қарастырып қана қоймай, сонымен қатар, аударма трансформациясын да қарастырды. Трансформация Бархударовтың аударма концепциясының негізі болды. Ол былай деді, - « Предметом лингвистической теории перевода являются описание процесса перевода как межъязыковой трансформации». Ол аударма теориясындағы трансформация түсінігін былай деп түсіндірді: «термин “преобразование” или “трансформация” здесь может быть употреблен лишь в том смысле, в каком этот термин применяется в синхронном описании языка вообще: речь идет об определенном отношении между двумя языковыми или речевыми единицами, из которых одна является исходной, а вторая создается на основе первой». Бархударов үшін бастапқы мәтін, дәлірек

айтсақ, бастапқы мәтіннің бірліктері аудармадағы бастапқы мәтінді генеративтік грамматикадағы ядролық конструкцияға ұқсатады.

Бархударовтың пайымдауынша, аударма процесінде трансформацияның төрт түрлі тәсілдері болды. Олар:

1. перестановки;
2. замены;
3. добавление;
4. опущения.

1. Перестановка (орын ауыстыру) – түпнұсқа мәтіндегі тілдік бірліктердің аударма мәтіндегі орынының ауысуы, аударма трансформациясының бір түрі. Мысалы: қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде сөздердің орын тәртібі әрқайсысында әртүрлі. Келесі мысалды салыстырып көріңіз:

1 2 3 4
A suburban train | was derailed | near London | last night.

4 3 2 1
Вчера вечером | вблизи Лондона | сошел с рельс | пригодный поезд.

2. Замены (алмастыру) – аудармада көп қолданылатын аударма трансформациясының бір түрі. Аударма процесіндегі алмасу грамматикалық бірліктерде – сөз, сөз таптары, сөйлем мүшелері, сонымен қатар лексикалық бірліктерде, яғни грамматикалық және лексикалық алмасу немесе ауысу деп аталады.

- А) сөз формаларының ауысуы
- Б) сөз таптарының ауысуы, мысалы, зат есімнің есімдікке алмасуы:
- В) сөйлем мүшелерінің алмасуы.
- Г) құрмалас сөйлемдегі синтаксистік алмасу
- Д) лексикалық алмасу: конкретизация, генерализация,
- Е) Антонимикалық аударма
- Ж) Компенсация

3. Добавление (қосу) – бұл түпнұсқадағы мәтінді аударған кезде аударма тіл бойынша тіл бірлігінің мағынасын кеңейту талап етіледі. Төмендегі берілген мысалдағы контекстін келесі үлгісі бойынша кеңейтуге болады. Яғни, сөйлем тағы бір транслатема арқылы толығыады.

He put down his fork
Он положил вилку на стол
Ол шанышқысын үстелдің үстіне қойды.

Соңғы мысалда қалдырып кету тәсілін анық көріп отырсыздар.

He put down his fork
Он положил вилку на стол
Ол шанышқысын үстелдің үстіне қойды

Түпнұсқада тәуелдік есімдігі (his) бар, ал орыс, қазақ тілдеріндегі аудармасында жоқ. Өздеріңіз көргендей оны алып тастадық. Басқа жағынан қарастырсақ, аудармадағы мекен толықтауыш (үстелдің үстіне) түпнұсқада жоқ. Біз оны мағынасына қарай қосып алдық.

4. Опущения (қалдырып кету) - бұл түпнұсқадағы мәтіннің кейбір элементтері аударма тілінде аударылғанда мағынасы артық болғандықтан алып тасталады. Оны келесі сөйлем бойынша қарастырдық:

He put down his fork and wiped his mouth, bending forward as he did so.
Он положил вилку, наклонившись (вперед), вытер рот.
Ол шанышқысын қойып, (алға қарай) еңкейіңкіреп аузын сүртті.

Орыс, қазақ тіліне аударған кезде “as did he so” транслетемасының мағынасы артық болғандықтан оны қалдырып кетеміз. Бұл трансформацияның «опущения» түріне жатады

Л.С. Бархударовтың ізімен жүрген З. Д. Львовская аудармадағы барлық трансформацияны «эквивалентными преобразование» деп атап, оның негізгі төрт элементтерін ары қарай дамытып қарастырды: «а) замены общего типа; б) замены значения предложения; в) замены, связанные с изменением поверхностных синтаксических отношений и экспликацией глубинных связей; г) замены одного предложения двумя и более. Объединение двух и более предложений в одно; д) конкретизация; е) генерализация; ж) антонимические замены; з) компенсация.» [5,374] Аудармадағы әрбір классификация үшін бұл бөлімдердің логикалық негізі жеткіліксіз.

Трансформацияның түрлерін ары қарай қарастырған белгілі теоретик В.Г. Гак. «Трансформация могут быть тройкого рода: они заключаются в перемещении, замене или изменении числа элементов, т.е. в добавлении или опущении компонентов высказывания», деп жазды. Мұндай жағдайда, трансформациядағы добавление мен опущения сөздерді өзгертетін болғандықтан бір типке жатады.

Аударма теориясын зерттеуші В.Н. Комиссаров аудармадағы трансформацияның сипатына қарап, оның негізгі үш түрлі: лексикалық, грамматикалық, лексико-грамматикалық деңгейлерге бөлді. Лексикалық трансформация түпнұсқа мен аудармадағы сөз бен сөз тіркесі арасындағы формальды және мазмұнды арақатынасты сипаттайды. Комиссаров лексикалық трансформацияны өз ішінде формальды өзгеріс және лексико-семантикалық алмасу деп екіге бөлді. Біріншіге, транскрипция/ транслитерация мен кальканы, ал екіншіге конкретизация, генерализация және модуляцияны кіргізді. Грамматикалық трансформация - сөзбе-сөз аударма, сөйлем мүшесін талдау, сөздердің ауысуы мен грамматикалық алмасулардан тұрады. Лексико-грамматикалық трансформацияға - антонимикалық, түсіндірмелі аударма және компенсация тәсілдері жатады.

В. Н. Крупнов «Курс перевода английский язык общественно-политическая лексика» атты еңбегінде трансформацияның төмендегі түрлерін қарастырды:

«1. Общая перестройка структуры предложения: конкретизация; генерализация.

2. Прием смыслового развития при переводе: антонимическая перевод, целостное преобразование, компенсация, перевод атрибутивных сочетаний, перевод неологизмов, перевод безэквивалентной лексики.» [3, 19-27]

Белгілі аударма зерттеушісі Я.И. Рецкер «Теория перевода и переводческая практика» атты еңбегінде трансформацияны екі бөлімге бөліп қарастырды:

1. лексикалық трансформация және формальді-логикалық категория.

2. грамматикалық трансформация және аударманың бірнеше синтаксистік құрылымдары.

Ол лексикалық трансформацияны жеті түрге бөлді:

- 1) дифференциациялық мағына;
- 2) конкретизациялық мағына;
- 3) генерализация мағына;
- 4) смысловое развитие;
- 5) антономический перевод;
- 6) целостное преобразование;
- 7) компенсация потерь в процессе перевода. [2, 38]

Трансформация терминін аударма ғылымына жиі қолданушылардың бірі - А. Д. Швейцар, аударма тәсілдері мен трансформацияны бөлек етіп бөліп қарастырды. Оның концепциясында аударма тәсілдері аудармалық тәжірибеге жатса, ал трансформация аудармадағы теориялық модельдің бірлігіне айналды. Ол семантикалық және синтаксистік (грамматикалық) трансформация деп бөлді. Швейцар семантикалық трансформацияға :

« - вектурную замену;

- добавление семантических компонентов;
- замену семантических категорий;
- опущение семантических компонентов;
- перенос;
- перераспределение семантических компонентов;
- повтор семантических компонентов;
- расширение;
- смещение;
- сокращение семантических компонентов;
- сужение.

Швейцар аударманың бірнеше тәсілдерін бөліп қарастырды:

- антонимический перевод;
- генерализация;
- конкретизация;
- лексическое развертывание;
- лексическое свертывание;
- стилистическую модификацию.

Бастапқы мәтінді өзгертуге:

- компрессия текста;
- прагматическая адаптация.» тәсілдерін жатқызды.

Ж.П. Вине мен Ж. Дарбальне аударманы екі бағытқа бөлді: тура және жанама.

Олар тура аудармаға: заиствовање (кірме сөздер) (транскрипция және транслитерация түрінде), калькирование, буквальный перевод. Ал жанама аудармаға – модуляция, адаптация, эквиваленция және транспозиция. Дегенмен, олар глоссарий терминдерінің оқырмандарының ұсынысымен амплификация, шассе-круазе, компенсация, свертывание, эксплицитация, генерализация, грамматикализация, имплицитация, партикуляризация (конкретизация) деген трансформацияның түрлерін жанама аудармаға қосты.

Транспозиция – бұл грамматикалық категориялардың өзгеруінен болатын аударма тәсілінің бірі. Бұл тәсіл тек тілдің семантикалық жағынан ғана емес, сонымен қатар белгілердің немесе бірліктердің грамматикалық мағынасы жағын да өзгертеді. Егер транспозицияны семиотикалық категориямен бірге аударма эквивалентін негізі етіп қарастырсақ, онда ол аудармадағы грамматикалық мағынадағы белгілердің сөздер тізбегі өзгеріп кететіні сияқты, синтаксистік деңгейде де өзгеріс болады. Егер түпнұсқа мәтіндегі етістік аударма мәтіндегі етістіктің орнына зат есім, есімше, немесе етістіктен пайда болған сын есім қолданса, аударма мәтіндегі сөздер тізбегі грамматикалық мағынаға трансформацияланады. Мысалы, қазақ және орыс тілдеріндегі жасыл, қызыл, сарының сын есімдерінен етістік жасалмайды. Ал француз тілінде ондай етістік бар: *verdir, jaunir, rougir*. Сондықтан аудармада былай, мысалы, *Des taches mouvantes de feuilles verdissaient les visages* – транспозициядағы мағына етістіктің орнына сын есімді перефразалауына талап етеді: Мыс: Доразжавшие пятна листьев окрашивали лица в зеленый цвет. Жапырақтардың жыпырлаған дақтары жер бетін жасыл түске бояды.

Транспозициядағы асимметрия тек тілдер жүйесінде ғана емес, сонымен қатар, тіл белгілерінің арасында да қолданады. Көбінесе бір тілде етістік түрінде берілетін болса, ал бір тілде сол етістікті зат есім түрінде беріледі. Мысалы: қазақ тілінде демалыс-демалу- демалушы, орыс тілінде – отдых-отдыхать-отдыхающий, ал ағылшын тілінде “rest” – to take a rest, to give rest; to rest. Бұл жерде асимметрия аудармада грамматикалық форманың өзгеруін талап етеді. Транспозицияда сөз сөз тіркесіне айналып кету жағдайы жиі бола бермейді. Сондықтан бұл өзгерісті шассе-круазе деп атаймыз. Аудармада бұл өзгеріс, яғни сөз сөз тіркесіне, синтаксистік қызметтегі субъект объектіге айналуы өте жиі кездесетін құбылыс.

Ж.-П. Вине мен Ж. Дарбальне модуляцияны екі категорияға бөліп қарастырды: «застывшую модуляцию, зафиксированную в словарях, и свободную модуляцию, к которой прибегают переводчику» [6,526] Зерттеуші ғалымдар модуляцияны он бір варианттарға бөлді:

«1. От абстрактного к конкретному (фр. Le dernier etage → англ. the top floor);

2. От причины к следствию (англ. Stubborn soil букв. Упрямая, неподдающаяся почва → фр. Un sol ingrat букв. Почва, которая не окупает затраченных на нее усилий);

3. Средство и результат (англ. firing party букв. Стреляющее подразделение → фр. Peloton d’execution букв. Казнящий взвод);

4. Часть и целое (фр. livre de classe букв. Классная книга → англ. School book букв. школьная книга → Учебник.);

5. Одна часть вместо другой off hand (рука) → au pied leve (нога);

6. Противоположный взгляд на ситуацию (англ. enter the high way букв. Войти на дорогу → фр. deboucher sur la route букв. выйти на дорогу);

7. Различие разграничений и интервалов (англ. Three flights of stairs букв. три этажа, надстойки);

8. Различие в чувственном восприятии, например цветовом (англ. goldfish золотая рыбка → фр. poissons rouges букв. красные рыбки);

9. Различие формы, вида, использование (англ. high chair высокий стул → фр. une chaise d’enfant детский стул);

10. Различие определения через географическое название: (фр. porcelaine de Saxe - саксонский фарфор → англ. Dresden china дрезденский фарфор).

11. Различие образа (фр. de la premiere page a la derniere букв. С первой старицы до последней → англ. from cover to cover букв. от обложки до обложки).

Оба выражения обозначают прочитать книгу от начала до конца или исписать тетрадь также от начало до конца.» [8,381-382]

Ал, қазақ тілінде кітаптың басынан аяғына дейін оқу деп айтылады. Канадалық зерттеушілер ағылшын және француз тілдерін салыстыра отырып, орыс тілінде барлық варианттардың семантикалық өзгерісін көрсетіп отырды.

«Под эквиваленцией подразумевается способ перевода, описывающий ту же ситуацию, но совершенно иными языковыми средствами. Операция эквиваленции наиболее часто применяется при переводе фразеологических оборотов, пословиц, поговорок», [7,253] деп Далберне өз пікірін айтты. Шындығында, ағылшын тіліндегі сөз тіркестері немесе мақал-мәтелдерді қазақ тіліне аударғанда оның қазақ тіліндегі эквиваленциясын немесе баламасын табуға тырысамыз, егер табылмаған жағдайда калька (сөзбе-сөз) тәсілімен аударып оның қандай мағына беретінін сипаттама түрде беріледі. «Эквиваленция –это использование в переводе готовых форм, а модуляция – поиск индивидуальных переводческих решений, подчиненный определенным закономерностям логико-семантических отношений между понятиями.» [8,383] Сөйтіп, канадалық зерттеушілер эквиваленция мен модуляцияның бір-бірінен айырмашылығын көрсетіп берді.

Адаптация (лат. adaptation бейімделу, икемделу) – транспозицияның соңғы формасы. Канадалық лингвистер былай етіп ағылшын сөйлемін мысалға келтіреді: *He kissed his daughter on the mouth*. Оның тура аудармасы: Ол қызының аузынан сүйді. Бірақ ағылшын тілінде әкенің саяхаттан оралып өз отбасына деген қамқорлығын, сүйіспеншілігін көрсету мақсатында қолданылып тұр, ал қазақ тіліне аударылған кезде, ол қызын өз құшағына алып, маңдайынан сүйді. Өйткені қазақ мәдениетінде қызды қонақ ретінде сыйлап, оны ренжітпей мәпелеп өсірген. Ағылшын мәдениетінде: *He kissed his daughter on the mouth -әке қамқорлығын көрсетсе*, ал қазақ мәдениетінде: Ол қызының маңдайынан иіскеді – деп қолданылады, бұл әкенің қызына деген мейірімін көрсетіп тұр.

Аударманың негізгі тәсілдерін аударма ғылымының зерттеушілері: Л.С. Бархударовтың, В. Н. Комиссаровтың, С.Влахов пен С. Флориннің, Г.Р. Левицкая мен А.М. Фитермактың, Қ.Қ. Алпысбаевтың, Ф.Т.Ереханованың еңбектерінде қарастырып өттік. Аударманың тәсілдері жоғарыдағы аударма ғылымының зерттеушілерінің еңбектерінде әртүрлі етіп берілген. Көркем аудармамен айналысатын аудармашылар немесе зерттеушілер үшін келесі бөлімде айтылатын аудармадағы трансформациялық әдістің түрлері өте маңызды, әрі қызықты. Аудармашы трансформациялық немесе аударма тәсілдерін қолдана отырып, көркем шығарманы аударса, онда түпнұсқадағы ұлттық колорит сақталып, аударылған шығарма бағалы, әрі құнды болар еді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Бархударов Л.С. Язык и перевод. – М., 1975.
- 2.Ванников Ю.В. О едином комплексе переводческих дисциплин/Вопросы теории и техники перевода/Отв. ред. А.Г. Назарян. – М., 1970.
- 3.Вопросы теории перевода в зарубежной лингвистике: Сб. ст./Отв. ред. В.Н. Комиссаров.– М., 1978.
- 4.Комиссаров В.Н. Лингвистика перевода. – М., 1980.
- 5.Комиссаров В.Н. Лингвистические основы научно-технического перевода//Пособие по научно-техническому переводу. –М., 1980. - Ч. I.
- 6.Латышев Л.К. Курс перевода (эквивалентность перевода и способы ее достижения). – М., 1981.
- 7.Миньяр-Белоручев Р.К, Общая теория перевода и устный перевод. – М., 1980.
- 8.Ревзин И.И., Розенцвейг В.Ю. Основы общего и машинного перевода. – М., 1964.

ӘОЖ 37.411

**СТАТИСТИКАЛЫҚ ЖИЫНТЫҚТЫҢ ДИСПЕРСИЯСЫ МЕН
СТАНДАРТТЫ АУЫТҚУЫ**

САНСЫЗБАЙ С.Е.

№3 мектеп-лицейінің математика пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается дисперсия и стандартное отклонение статистической совокупности.

Summary. The article discusses the variance and standard deviation of the statistical population.

Қазіргі қолданыстағы Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистика элементтерінің енгізілуі математик ғалымдардың, әдіскер оқытушылардың терең зерттеулерінің нәтижесі көрегендігі болып табылады [1].

Жиынтықтың әрбір жеке мәнін ескеретіндей вариация өлшемі қажет. Жиынтықтың барлық мәндерінің арифметикалық ортадан ауытқуларының қосындысын қарастыру керек. Бірақ бұл қосындының мәні нөлге тең болатыны белгілі, сондықтан оны вариацияның көрсеткіші ретінде қолдануға болмайды.

Статистикалық жиынтықтың дисперсиясы деп варианттардың олардың арифметикалық ортадан ауытқуларының квадраттарының арифметикалық ортасы аталады[2]. Белгіленуі s^2 .

$$s_x^2 = \frac{1}{n} \sum_{i=1}^n (x_i - \bar{x})^2 \text{ немесе } s_x^2 = \frac{1}{n} \sum_{i=1}^m (x_i - \bar{x})^2 n_i$$

Дисперсияның өлшемі жиынтық элементтерінің айырмасының квадратына тең.

Вариацияның көрсеткіші жиынтық элементтерінің өлшемімен бірдей болу үшін дисперсияның арифметикалық квадрат түбіріне тең болатын орта квадраттық ауытқу немесе s стандартты ауытқуды қарастырады.

$$s_x = \sqrt{\frac{1}{n} \sum_{i=1}^n (x_i - \bar{x})^2} \text{ немесе } s_x = \sqrt{\frac{1}{n} \sum_{i=1}^m (x_i - \bar{x})^2 n_i}$$

Мысал 1. Компакт-дискілердің ойнау уақыты туралы мәліметтер (мин): 49, 56, 55, 68, 61, 57, 61, 52, 63.

$$\bar{x} = (49 + 56 + 55 + 68 + 61 + 57 + 61 + 52 + 63) / 9 = 58$$

$$\begin{aligned} s^2 &= \frac{1}{9} \sum (x - \bar{x})^2 = \frac{1}{9} [(49 - 58)^2 + (56 - 58)^2 + (55 - 58)^2 + \\ &+ (68 - 58)^2 + (61 - 58)^2 + (57 - 58)^2 + (61 - 58)^2 + (52 - 58)^2 + \\ &+ (63 - 58)^2] = \frac{274}{9} = 30,4 \dots \end{aligned}$$

Сонымен, дисперсия: $s^2 \approx 30,4 \Rightarrow$

Стандартты ауытқу: $s \approx 5,52$

Дисперсия қасиеттері:

Қасиет №1. Дисперсия варианттардың квадраттарының арифметикалық ортасы мен варианттар мәндерінің арифметикалық ортасының квадратының айрмасына тең: $s_x^2 = \overline{x^2} - \bar{x}^2$

Мысал 2. Сыныптағы 25 оқушының 12 ұл, 13 қыз бала. Сыныпта өткізілген тест нәтижесінде ұл балалардың алған бағаларының орта мәні 31 балл, стандартты ауытқуы 6,2. Қыз балалардың алған бағаларының орта мәні 36 балл, стандартты ауытқуы 4,3. Сыныптағы барлық оқушылардың бағаларының орта мәні мен стандартты ауытқуын табыңыз.

12 ұл баланың бағалары x_1, x_2, \dots, x_{12} болсын және 13 қыз баланың бағалары y_1, y_2, \dots, y_{13} болсын.

Ұл балалардың бағаларының орта мәні $\bar{x} = 31$ болғандықтан, $\frac{\sum x}{12} = 31 \Rightarrow \sum x = 372$, және стандартты ауытқуы $s_x = 6,2 \Rightarrow s_x^2 = 6,2^2 = 38,44 \Rightarrow 38,44 = s_x^2 = \overline{x^2} - \bar{x}^2 = \frac{\sum x^2}{12} - 31^2 \Rightarrow \sum x^2 = 11993,28$

Сол сияқты: $\sum y = 468$ және $\sum y^2 = 17088,37$

Сонымен, сыныптағы барлық оқушылардың бағаларының орта мәні:

$$\frac{\sum x + \sum y}{25} = \frac{372 + 468}{25} = \frac{840}{25} = 33,6 \text{ және дисперсиясы:}$$

$$\frac{\sum x^2 + \sum y^2}{25} - 33,6^2 = \frac{11993,28 + 17088,37}{25} - 33,6^2 = 34,306$$

Стандартты ауытқуы: $\sqrt{34,306} = 5,86$, 3 маңызды цифрға дейін дөңгелектелген.

Қасиет №2. Егер жиынтықтың әр элементіне бір санды қосса немесе азайтса, онда дисперсия өзгермейді

$$s_{x+a}^2 = s_x^2$$

Қасиет №3. Егер жиынтықтың әр элементін $h \neq 0$ санына көбейтсе (бөлсе), онда дисперсия h^2 санына көбейтіледі (бөлінеді)

$$s_{hx}^2 = h^2 s_x^2$$

Қасиет №4. Тұрақты шаманың дисперсиясы нөлге тең болады.

А деңгейі. Номиналды ұзындығы 3см болатын 120 шегелердің ұзындықтары 0,05 дәлдікпен өлшенді.

Нәтижелер кестеде көрсетілген:

ұзындығы, см	2,85	2,90	2,95	3,00	3,05	3,10	3,15
Жиілік	1	11	27	41	26	12	2

(а) «мұртты жәшік» диаграммасын салыңыз, шеткі мәндері 2,825 см және 3,175 см болсын.

(б) Стандартты ауытқуын есептеңіздер.

В деңгейі. Кумулятаның графигі соңғы алты айда үйдегі телефоннан шалған қоңыраудың ұзақтығының жинақталған жиілігін көрсетеді.

(а) медиана мен кватильаралық өзгеріс ауқымын табыңыздар

(б) берілгендерді көрсету үшін алты бірдей интервалдан тұратын гистограмманы құрыңыз.

(в) телефон арқылы сөйлесу ұзақтығының орта мәнін бағалау үшін гистограммамен байланысты жиіліктік үлестірімді қолданыңыз.

Оқушыларға жұптарда немесе өз беттерімен емтихан стурктурасын ұқсас тапсырмаларды орындауды ұсыныңыз.

1. Арман и Марат сынақ мерзіміне жұмысқа алынған. Төрт апта нәтижесі бойынша кім құрақты жұмыс істейді, соны жұмысқатұрақты жұмысқа алады. Кестеде әрқайсысының сату саны берілген.

А) Кім тұрақты жұмыс жасайтындығын, қандай шамалар анықтайды, түсіндіріңіз?

[1]

Б) Кім құрақты жұмысқа қабылданады деген құраққа жауапты есептеулер арқылы көрсетіңіз?

[3]

Есімі	1 апта	2 апта	3 апта	4 апта
1)Арман	6	7	4	8
2)Марат	9	5	6	8

Жауабы: $D_1=2,185; D_2=2.5$. яғни, Арман тұрақты жұмыс жасайды және жұмысқа қабылданады.

2. Төмендегі кесте X кездейсоқ шаманың үлестірімін көрсетеді.

x	-2	-1	0	1	2
$P(X=x)$	$\frac{1}{4}$	$\frac{1}{5}$	k	$\frac{2}{5}$	$\frac{1}{10}$

(i) k тұрақтының мәнін анықтаңыз.

[2]

(ii) $M(X)$ және $D(X)$ мәндерін есептеңіз

[4]

3. Келесі заңдылық бойынша берілген X кездейсоқ шаманың математикалық күтілімін табыңыз:

X	0	2	4	6
P	0,2	0,1	0,3	0,4

[1]

4 X кездейсоқ шаманың үлестірімі берілген:

X	3	4	5	6
-----	---	---	---	---

$P(X = x)$	$\frac{1}{3}$	$\frac{1}{4}$	$\frac{1}{5}$	p
------------	---------------	---------------	---------------	-----

- (a) p ның мәнін табыңыз.
- (b) Хшаманың математикалық күтілімін табыңыз.
- (c) Хшаманың дисперсиясын табыңыз.

5. 10 үйді сатқан бағатөменде көрсетілген:

\$146 400	\$127 600	\$211 000	\$192 500
\$256 400	\$132 400	\$148 000	\$129 500
\$131 400	\$162 500		

- (a) Осы шамаларды сипаттайтын «мұртты қорап» диаграммасын салыңыз.
- (b) Сатылған үйлердің орташа құнын табыңыз.

Ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистика элементтері бастауыш сыныптардан бастап жас ерекшеліктеріне сәйкестендіріле таңдалған. Статистикалық мәліметтерді жинақтау, талдау, оларды әртүрлі кестелер, диаграммалар және графиктер түрінде беру, комбинаториканың қарапайым есептеулерін жүргізу, мәліметтердің арифметикалық ортасын, модасын, медианасын табу математиканың енгізілуіне мүмкін болатын жерлерінде біртіндеп берілді және бұл материалдар оқушыға математикалық абстракциядан гөрі практикалық зерттеулік іс-әрекеттер жасауына, комбинаторикалық ойлауының дамуына оң әсерін тигізді [3],[4],[5]. Оқушылар тапсырманың шартына сәйкес өз ойын тұжырымын қалыптастыра алады, нақты өмірмен байланыстыра алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Аканбай Н. Ықтималдықтар теориясы: оқу құралы. әл-Фараби атын. ҚазҰУ. - 2-бас., толық түзетілген.- Алматы: Қазақ ун-ті, 2009. 2-бөлім – 367б., 3-бөлім - 296 б.
2. Шыныбеков Ә.Н. Алгебра және анализ бастамалары 11. Алматы.: Атамұра. 2011.
3. Кремер, Н. Ш. Теория вероятностей и математическая статистика : учебник и практикум для академического бакалавриата / Н. Ш. Кремер. – 5-е изд., перераб. и доп. – Москва : Издательство Юрайт, 2019. – 538 с.
4. Васильев, А. А. Теория вероятностей и математическая статистика : учебник и практикум для среднего профессионального образования / А. А. Васильев. – 2-е изд., испр. и доп. – Москва : Издательство Юрайт, 2019. – 232 с.
5. Мятлев В. Д. Теория вероятностей и математическая статистика. Математические модели : учебник для академического бакалавриата / В. Д. Мятлев, Л. А. Панченко, Г. Ю. Ризниченко, А. Т. Терехин. – 2-е изд., испр. и доп. – Москва : Издательство Юрайт, 2019. — 321 с.

УДК 37.012:316.344

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ БІЛІМІН БАҚЫЛАУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

ОМАРОВ А.Ж., ОНГАРБАЕВА М.Б., ЕРМАНОВА Ғ.Б.

Халықаралық Тараз инновациялық институты, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматриваются методологические основы мониторинга знаний студентов в системе дистанционного обучения.

Summary. The article discusses the methodological foundations of monitoring students' knowledge in the distance learning system.

Қашықтықтан оқыту жүйесінде бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру күрделі әдістемелік мәселелердің бірі болып табылады. Қашықтықтан оқытуда білім, білік және дағды деңгейін зерттеудің негізгі әдісі бақылау түрі тест болып табылады. Тест әдістерінің теориялық және әдістемелік негіздерін ұғымдар жүйесі мен терминдер, сұрақтар нысанын және тесттер мазмұны құрайды. Жалпы алғанда, педагогикалық тест бұл – тапсырма жүйесінің нақты нысаны, белгілі мазмұндағы, қиындығы біркелкі жоғарлайтын жүйе, білім алушылардың дайындық деңгейін объективті бағалау және құрылымын өлшеу мақсатында құрылған жүйе [1].

Тесттерді бір ғасырдан астам тарихта адам қызметінің әр түрлі салаларында, ең алдымен, білім беруде қолдануда үлкен тәжірибе жинақталды. Басқа диагностикалық әдістерден тесттердің айырмашылығы:

1) олар деректерді жинау мен өңдеудің стандартталған, тексерілген процедурасын, сондай-ақ олардың интерпретациясын қабылдайды; 2) кең ауқымды мәселелер бойынша студенттердің білімін тексеруге мүмкіндік береді; 3) білімді тексеруге кететін уақытты қысқартады; 4) бақылау процесінде де, бағалау процесінде де мұғалімнің субъективтілігін іс жүзінде жояды [2]. Сондықтан бақылаудың басқа әдістері мен формаларына қарағанда келесі артықшылықтарды қарастыруға болады: - тест нәтижелерін бағалау үшін мұғалімнің уақытын үнемдеу; - студенттердің өзін-өзі бақылауы; - объективті баға алу; - студенттердің жұмысын дараландыру; - үлгерімнің электрондық базасын құру.

Қашықтықтан оқытуда бақылаудың келесі негізгі принциптерін атауға болады:


- объективтілік принципі – қашықтықтан оқытудағы танымдық белсенділік субъективті фактардың ең аз әсер етуімен бағалануы керек;
- демократиялық принцип – қашықтықтан оқытуда бақылаудан өтетін барлық студенттерге бірдей жағдай жасалуы керек;
- жаппай және қысқа мерзімділік принципі – қашықтықтағы технологияларды пайдалана отырып бақылау мүмкіндігінше аз уақыт ішінде көптеген студенттердің білімін тексеруге мүмкіндік беретіндей ұйымдастырылуы керек [3].

Оқыту кезеңдері тұрғысынан қашықтықтан оқыту жүйесін өзара байланысты және өзара әрекеттесетін элементтердің біріктірілген құрылымы ретінде көрсетуге болады: тікелей оқыту (ақпаратты көрсету), материалды бекіту, білімді бақылау, студенттердің жетістіктерін тіркеу, жүйені қолдау.

Жиын теориясы тұрғысынан қашықтықтан оқыту жүйесінің жалпыланған моделін келесідей көрсетуге болады:

$$ҚОЖ = \bigcap (\bigcap \{P_{mi}, P_{ri}, K_{ni}, \Phi_{ri}\}), \quad i=1, \dots, N$$

ҚОЖ – қашықтықтан оқыту жүйесі, P_{mi} – ақпаратты көрсету, P_{ri} – білімді бекіту, K_{ni} – білімді бақылау, Φ_{ri} – жетістіктерді тіркеу, i – курс бөлімі (4).



Сурет 1. Қашықтықтан оқытудың құрылымдық жүйесі

Студенттердің білімін бақылауоқу процесінің барлық кезеңдерінде болады, бірақ ол бағдарламаның белгілі бір бөлімін оқып, оқыту кезеңін аяқтағаннан кейін ерекше мәнге ие болады. Оқыту нәтижелерін тексерудің мәні білім алушылардың берілген бағдарлама, пән бойынша білім беру стандартына сәйкес келетін білімдерін дамыту деңгейін анықтау болып табылады. Қашықтықтан оқыту жүйесін техникалық енгізу LMS (Learning Management System) арқылы жүзеге асырылады. Студенттер платформаға тіркелу арқылы кіреді. Барлық материалдардың қолжетімді екендігіне қол жеткізіп, платформаға кіру және курсқа тіркелу үшін нұсқаушының нұсқауларын орындайды. Техникалық қиындықтар туындаған жағдайда студенттер оқу платформасындағы студенттерді қолдау қызметіне, сенім телефонына немесе білім беру бағдарламасының тьюторына хабарласады.

Қашықтықтан оқыту жүйесінде тест бақылаудың негізгі нысандарының бірі болып табылады, сондықтан тесттерді дайындау талаптарын ерекше мұқият дайындау қажет. Маңызды сәттердің бірі тест тапсырмасының түрі мен типін таңдау болып табылады. Ең кең тарағандары жабық типтегі тест тапсырмалары (әр сұраққа дайын жауап нұсқалары қоса беріледі, олардың ішінен бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдау керек) және ашық типтегі тест тапсырмалары (әр сұраққа студент өз жауабын береді: сөз, сөз тіркесі, сөйлем, белгі, формула және т.б.) Тесттерді құрастыру кезінде әсіресе тестілеу жүргізілетін мақсаттарды ескері керек, меңгеруге тиісті материалдың мазмұнын ескеру қажет. Сонымен қатар тестілеу технологиясында мәлімдеменін қысқалығын, логикалық формасын, жауаптар үшін белгілі орынның болуын, жауаптарды бағалаудың бірдей ережелерін, тапсырма элементтерінің дұрыс орналасуын, барлық пәндер бойынша бірдей нұсқауларды, нұсқаулардың, тапсырманың нысаны мен мазмұн сәйкестілігін ескеру керек [5].

Тестке берілген тапсырма жеңіл, бір мағыналы және мүмкіндігінше қысқа болуы керек. Ұзақ жауапты қажет ететін дәстүрлі сұрақтарды тестілеуге қосу ұсынылмайды. Тест тапсырмаларының мазмұны неғұрлым тереңірек және толығырақ болса, оқылған дәрістер материалдарына немесе ұсынылған оқулықтарға сәйкес келсе, соғұрлым мазмұнның негізділігін (тест нені және қаншалықты жақсы өлшейді) сенімдірек бағалай аласыз, сынақ сапасының көрсеткіштері болып табылатын тест тапсырмаларының сенімділігі мен үлгісі. Тест тапсырмаларына пәнді оқу нәтижесінде студент білуі тиіс негізгі, мәнді ережелерді енгізу қажет, сондықтан пәннің барлық сұрақтарын қамтитын тест құру әрқашан ұтымды бола бермейді[6].

Бақылау жұмысының мазмұны бірқатар педагогикалық принциптер негізінде анықталады: тест мазмұнының тестілеу мақсаттарына сәйкестігі; тексерілетін білімнің маңыздылығын анықтау; тест тапсырмаларының мазмұн мен форма арасындағы байланысы, мағыналы дұрыстығы; сынақ мазмұнындағы оқу пәнінің мазмұнының репрезентативтілігі; тест мазмұнының ғылымның қазіргі жағдайының деңгейіне сәйкестігі; тест мазмұнының күрделілігі мен тепе-теңдігі; мазмұнның жүйелілігі мен өзгермелілігі. Сынақтағы теориялық және практикалық тапсырмалардың арақатынасы бірдей маңызды[7].

Тесттік бақылаудың тәрбиелік мәні де бар, өйткені ол тек студенттердің ғана емес, мұғалімнің де орындайтын жұмысқа жауапкершілігін арттырып, оқушыларды жүйелі еңбекке, ұқыптылыққа үйретіп бойында жағымды адамгершілік қасиетті қалыптастырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Аванесов А. Композиция тестовых заданий. М.: Центр тестирования, 2002. 98с.
2. Алексюк А.Н. Общие методы обучения. К.: Радянська школа, 1983. 244с.
3. Ломовцева Н.В. Контроль учебной деятельности в дистанционном обучении. // Экономика образования. 2009. №2. С.93-95
4. Раззаков Ш., Нарзиев У., Рахимов Р. Контроль знаний в системе дистанционного обучения. // Молодой ученый. 2014. №7. С.70-73
5. Майоров А. Н. Теория и практика создания тестов для системы образования. М.: «Интеллект-центр», 2001. 296с.
6. Чельшкова М.Б. Теория и практика конструирования педагогических тестов. М.: Логос, 2002. 432с.
7. Шевелев, Н. А., Кузнецова Т. А., Кулютникова Е. А. Технологии компьютерного тестирования как инструмент повышения качества образования // Высшее образование в России. 2012. № 5. С.108-114

ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДІ АҚПАРАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫ ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ОМАРОВ А.Ж., ШИНЫШЕРОВА Ж.Б., ШОМАЕВА Г.К.

Халықаралық Тараз инновациялық институты, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Қазіргі заманауи білім беру жүйесіндегі көкейкесті мәселелердің бірі білім беру жүйесін ақпараттандыру болып табылады. Бұл дегеніміз оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды пайдалану деген сөз. Оқу үрдісін ақпараттандыра отырып болашақ маманның құзиреттілігін дамыту, яғни маманның қажетті ақпаратты қабылдауы, іздеп табуы, оны сақтауы және жүзеге асыруымен ақпараттық – коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін пайдалана білу қабілеті дамыту. Шын мәнінде ХХІ ғасыр – ақпараттандыру ғасыры деп текке айтылған жоқ. Жалпы қоғамды ақпараттандыру – экономиканың, ғылымның, мәдениеттің дамуының негізі болып табылады. Ал білім беруді ақпараттандыру жағдайында компьютер және мультимедиялық электрондық оқу құралдарын пайдалану өзекті мәселелердің бірі бола отырып, келесі сатылардан тұрады:

- ✓ студенттің ойлау қабілетін жетілдіру;
- ✓ заманауи эстетикалық тәрбие беру;
- ✓ жеке тұлға ретіндегі қасиеттерін дамыту;
- ✓ анықталмағандық жағдайында тиімді шешім қабылдауды қалыптастыру;
- ✓ ғылыми-практикалық қызмет жүргізе білуге үйрету және дамыту.

Сондықтан студенттердің білім алу үдерісін жетілдіріп, оны игеруді жылдамдататын жаңа әдістер табу қажеттілігі туындауда. Кейінгі жылдары жоғары оқу орындарының (ЖОО) білім беру үрдісінде информатиканың жетістіктері енгізілген ақпараттық Web-технологияны, мәліметтерді басқаруды интернет хаттамаларымен және Web-серверлерімен байланыстыру көзделген. Интернет желісіне енгізілген үлкен ақпарат көлемін пайдалану тиімді.[1]

Заманауи білім беруді ақпараттандыру – бұл ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын білім беру саласына қолданудың әдістемелік және тәжірибелік құндылықтарын іске асыра отырып, оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық және педагогикалық мақсаттарына бағыттап қамтамасыз ету үдерісі. Мұндай үдеріс келесі бағыттар бойынша жетілдіріледі:

- ✓ білім беру жүйесіндегі ғылыми-педагогикалық ақпараттар мен ақпараттық-әдістемелік материалдарды автоматтандыру арқылы оның қолдану шеңберін жетілдіру және басқару ісіне коммуникациялық желілерді қолдану;
- ✓ қоғамды толықтай ақпараттандыру жағдайында жеке тұлғаны дамыта отырып, оқытудың мазмұнын, әдістері мен ұйымдастырылуын таңдау және жетілдіру;
- ✓ жеке тұлғаның интеллектуальдық қабілетін дамытуға, өзін-өзі жетілдіруге, әртүрлі ақпараттарды өңдей білуге бағытталған оқытудың әдістемелік жүйесін ақпараттық-коммуникациялық технология арқылы қалыптастыру;
- ✓ студенттің білім деңгейін бағалау мен бақылау әдістерін талдауға арналған компьютерлік тестілеуді құру және қолдану.[2]

Қазіргі таңда заманауи ақпараттандыру құралдарында, электрондық анықтамалықтарда, Интернет-порталдарда ақпараттың орасан зор көлемі жеткілікті. ХХІ ғасырдағы ақпараттық қоғамда және өндірістің дамуында ақпараттық қорлардың қажеттілігі айқын көрінеді. Сондықтан заманауи білім беру жүйесін дамыту үшін жаңа қадамдар жасалуда. Соның нәтижесінде ақпараттар кеңістігінде дұрыс бағытты таңдауға мүмкіндік жасайтын жаңа технологиялардың пайда болары хақ және білім беру жүйесінде компьютерлік техникалар мен технологиялар белсенді пайдаланылуда, яғни заманауи білім беру жүйесін ақпараттандыру үрдісі ақпараттық қоғам жағдайында адамды толыққанды өмірге жан-жақты даярлау болып табылады [3].

Академик А. П. Ершов «ақпараттандыру» ұғымына келесідей анықтама берді: «ақпараттандыру – адамзат қызметінің қоғамға қажетті түрлеріндегі шынайы, жеткілікті және дер кезіндегі білімді толық пайдалануды қамтамасыз етуге бағытталған шаралар кешені»[4].

Заманауи білім беру жүйесін ақпараттандырудың маңызды факторы ғаламтормен жұмыс жасау қабілеттілігі. Компьютерлік технологиялардың әдістері мен құралдары көмегімен болашақ маман қандай ақпараттық қорлар бар, оларға ену мүмкіндігі қандай және оларды өзінің кәсіби қызметіне қалай қолдануға болады деген сұрақтарға жауап алулары тиіс. Білім беру жүйесін ақпараттандырудың тағы бір өзекті мәселесі білімді ақпараттандыру технологиялары мен құралдарын

жасау мен қолдану бойынша білікті мамандар дайындау болып табылады. Заманауи білім беру жүйесін ақпараттандырудың екі негізгі мақсаты бар:

1.Заманауи білім беру қызметінің барлық түрлерінің тиімділігін арттыру;

2.Ақпараттық қоғамдағы адамақпараттық технологияларды кәсібиқызмет пен күнделікті өмірге пайдалана білуі.

«АКТ құралдары» дегеніміз – микропроцессорлық және жаңа ақпараттық технологиялар негізінде қызмет атқаратын,ақпаратты таратудың жаңа құралдары мен жүйелері, ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу, тарату және компьютерлік жүйелердің ақпараттар қорына енгізуді қамтамасыз ететінбағдарламалық, бағдарламалық — аппараттық техникалық құралдар кешені.

Заманауи білім беру жүйесіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологияны оқу үрдісіне қолданудың негізгі міндеттері:

1.ақпараттық және телекоммуникациялық техникалық құралдармен қамтамасыз ету;

2.ақпараттық-коммуникациялық технологияларды оқу үрдісіне қолдану мүмкіндіктерін жүзеге асыру;

3.оқу-тәрбие үрдісіне жаңа ақпараттық технологияны енгізуді қамтамасыз ету үшін ғылыми-іздену және оқу-әдістемелік жұмыстарын жүргізу;

4.білім беру мекемелерінің қызметкерлері үшін бағдарламалық-техникалық құралдарды қамтамасыз ету;

5.мультимедиялық бағдарламалар, электрондық оқулықтар жасау;

6.оқытушыларды ақпараттық технологияны еркін пайдалана білуге дайындау және жүйелі түрде біліктіліктерін көтеру.

Заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияны оқу үрдісіне қолдану арқылы оқыту, білім беруде жеке тұлғаның интеллектуальдық және шығармашылық қабілеттерін, компьютерлік сауаттылығын дамытады жәнебілімнің сапасын көтереді. [17]

Жеке тұлғалардың ақпараттық мәдениетті болып қалыптасуы үшін, педагогтың ақпараттық мәдениетін дамытудың негізгі факторының бірі ақпараттық және компьютерлік технологияларды қолдануға байланысты біліктілікті көтеру жүйесі болып саналады, соған орай педагогтардың білім деңгейін көтеру мәселесі күн тәртібінен түспейді [18].

Заманауи ақпараттық технологиялар саласындағы айқын прогресс ғылыми және ғылыми-көпшілік жарияланымдар мен басылымдарда «ақпараттық қоғам» атауының пайда болуы. Көптеген ғалымдар ақпараттық қоғам деп ондағы өндірістің басты өнімі мәліметтер (білім) болып табылатын қоғамды айтады. Ақпараттық қоғамның қалыптасуы барысында адам қызметінің көптеген жаңа түрлеріпайда болды (операторлар, программистер, жүйелі аналитиктер, жобалаушылар және т.б.). Соған орай, жаңа ғылыми және кәсіби бағыттардың пайда болуы арнайы мамандар дайындауды, оқытудың мазмұны мен қатар әдістері мен құралдарының болуы тиіс талап етеді [19]

Заманауи ақпараттық қоғамның негізгі талабы — оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық-құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны барынша пайдалану тәсілдерін қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу.

Заманауи ақпараттық қоғам дамыған сайын, ақпараттар легі артқан сайын ақпаратты қорғау мәселесі туындауы заңды. Ақпаратты қорғау дегеніміз— ақпаратты ағып кетуден, ұрлаудан, өзгертуден, рұқсатсыз көшіру мен жоюдан қорғау мақсатында жасалатын әрекеттер жиыны.Ақпаратты қорғаудың басты мақсаты – бұл ақпараттық жүйе администраторының тексеру қабілеттілігін қалыптастыру, залалданған жүйелерді анықтау; вирустардың жайылып кетпеуін қадағалау немесе жою; ақпараттық жүйенің ақпараттарын қалпына келтіру болып табылады. Ақпаратты қорғау ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған шаралар кешені, яғни ақпаратты енгізу, сақтау, өңдеу және тасымалдау үшін қолданылатын ақпарат пен қорлардың тұтастығын, қол жеткізулік оңтайлығын және жасырындылығын қолдау. Ақпараттық қорлардың құрамына әртүрлі ақпараттық жүйелер, кітапханалар, архивтер базалары, банк деректері, ақпараттық технологиялар, мен жинақталған ақпараттар енеді. Ақпараттық қауіпсіздендіруге бағытталған мемлекеттік саясаттың ақпаратты қорғау саласындағы негізгі қағидаларынкелтірейік:

- ✓ Ақпаратты қолдануды шектеу ақпараттың ашықтығына тиым салу тек заң бойынша жүргізіледі;
- ✓ Ақпаратты сақтау, оның құпиялығын қамтамасыз ету және жариялау жауапты лаузымды адамдарға жүктеледі;
- ✓ Кез келген ақпаратты қолдануға рұқсат ету және шектеу жасау осы ақпаратқа сай заң бойынша реттеледі;

- ✓ Құқықтық және жеке тұлғалар, дербес және құпия ақпараттарды жинаушы және өңдеушілер, олардың құпиялығын сақтауда заң алдында жауап береді;
- ✓ Мемлекет арнайы сертификациялау және лицензиялау арқылы ақпараттардың қауіпсіздігін қорғау саласында бақылау жүргізіп отырады;
- ✓ Мемлекет отандық ақпараттық құралдардың қауіпсіздігін қорғау жұмысына демеушілік көрсетеді және сапасыз ақпараттар енуінен қорғайтын шаралар жүргізеді;
- ✓ Мемлекет азаматтарға әлемдік ақпараттық қорлар мен ақпараттық жүйелерге енуіне жағдай жасайды.

Ақпаратты қорғаудың жалпы мәселелеріне жататындар:

Ақпараттықалай және неден, кімнен қорғау болып табылады. Ақпараттар кез-келген мекемеде немесе фирмада жинақталған және сақталған болуы мүмкін. Мұнда осы мекемелер жайлы құнды ақпараттар және қызметкерлер мен жұмысшылар жайлы деректер болуы ықтимал. Ондай ақпараттардың жария болуы қажетсіз екендігін мұқият сараптау қажет және оларды тасымалдауышқа енгізген кезде ақпараттың құндылығына байланысты орналастырумен оларға төнетін қауіпті жүйелерді анықтау маңызды.

Ақпаратты бұзатын және оған қауіп төндіретін қандай көздер болуы мүмкін?

Мұндай жағдайда ақпараттың тұтастығын жоғалтып, оның жоғалып кетуін немесе ауысып кетуін туғызатын кезеңдерді айтады. Ал, қауіп, өзінің қолданылуына байланысты кездейсоқ не әдейі құрылған болып бөлінеді.

Кездейсоқ қауіптерге /случайные угрозы/ жататындар:

- ✓ Қызметкерлер мен тұтынушылардың қателіктері: архивтік деректерді сақтау кезінде ақпаратты жоғалту, деректерді кездейсоқ жойып жіберу немесе атын өзгерту;
- ✓ Жабдықтар мен электржүйесінің істен шығуы: кабель жүйесінің, дисктік жүйенің істен шығуы, деректерді архивтеу жүйесінің, сервер жұмысының, жұмыс станцияларының, желі карталарының істен шығуы т.б.
- ✓ Бағдарламамен қамтамасыз ету жұмысының сәтсіз орындалуы кезінде ақпараттың жоғалуы: бағдарлама қателігіне байланысты деректердің жоғалуы, компьютер вирустары енген жағдайдағы жоғалтулар;
- ✓ Рұқсатсыз енуге байланысты жоғалтулар, конфиденциалды ақпаратпен бөгде адамдардың кездейсоқ танысуымен байланысты жоғалтулар.

Кездейсоқ қауіптерден немесе әсер етулерден сақтандыру үшін сақтандыру құралдарына мұқият болу, жағдайларды табу және оларды блокировкалау (жабдықтардың жұмыстан бас тартуы – отказ, электр энергиясының өшуі) қолданылады.

Компьютер жүйесіндегі сақтық шаралары толық болмаған жағдайда ақпаратқа әдейі енудің мүмкін каналдарына жататындар:

- ✓ Заңсыз түрде қолданылған жоғарыда аталған құралдар;
- ✓ Технологиялық пульттер мен басқару органдары;
- ✓ Аппаратты құралдардың арасындағы байланыс сымдары;
- ✓ Ақпаратты тасымалдайтын электромагнитті сәулелер;
- ✓ Электр жүйесіндегі қосымша қосылулар, компьютер жүйесі жанында орналасқан бөгде коммуникацияларды жермен қосу.

Әдейі енудің жағдайлары менуақытын алдын ала білүмүмкін емес, сондықтан потенциалды бұзушыны анықтау үшін аса қауіпті жағдайларды болжап отыру қажет:

- ✓ Қаскөй кез келген уақытта және компьютер жүйесі периметрінің кез келген жерінде пайда болуы мүмкін;
- ✓ Қаскөйдің біліктілігі берілген жүйені жобалаушы дәрежесінде болуы ықтимал;
- ✓ Жүйенің жұмыс істеу принциптері туралы ақпаратты, құпия ақпаратты бұзушының білетіндігі;
- ✓ Қаскөй өз мақсатын жүзеге асыру үшін ең әлсіз звеноны таңдайды;
- ✓ Қаскөй ретінде жүйенің заңды тұтынушысы да болуы мүмкін.

Қазіргі таңда сырттан келетін қауіптер де бар. Нарықтық экономика жағдайында, ұжымдар арасындағы бәсекелестік олардың бір- біріне қызығушылық танытуына әкеледі. Бәсекелестерден басқа фирмалар мен жеке тұлғаларға хакерлер де үлкен қауіп тудырады. Сондықтан көптеген ірі коммерциялық структуралар өздерінің мықты қауіпсіздік қызметін құрды, олардың қазіргі нарықтық экономика жағдайындағы негізгі алдына қойған мақсатына потенциалды клиенттері, партнерлері мен бәсекелестері туралы ақпараттарды табу жатады.

- ✓ Ақпараттарды бұзу көздеріне жататындар:

- ✓ Кедергілер;
- ✓ Жабдықтар жұмысына кедергілер;
- ✓ Жауапсыз тұтынушы (персоналдың қателері);
- ✓ Санкциясыз ену;
- ✓ Вирустар.

Сонымен, шағын мақаланы қорытындылай келе Қазақстанда білім беруді жаңарту – бүгінгі заманның талабы екендігі. Қазіргі таңда жаңа технологиялармен оқыту жүйелі түрде жолға қойылып келеді. Заманауи білім беру жүйесін жетілдірудің басты мақсаты – еліміздегі білімнің сапасын және бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады және оны «Қазақстан-2050» Стратегиясы да айқындап берді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. – Астана, 2012ж. 33б
2. «Болашақ мамандарды даярлау» Ұлт тағылымы - №4. 2013ж, 32б.
3. «Информатика негіздері» журналы №1, 2012 ж, 4б
4. Михеева Е.В. Практикум по информационным технологиям в профессиональной деятельности. – Издательский центр «Академия», 2014ж, 65б
5. «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2012ж
6. А. Иманбаева, Оқу-тәрбие үрдісін ақпараттандыру білгірлігі. Қазақстан мектебі, №2, 2013ж, 36 б
7. Әбілқасымова А.Е. Қазіргі заманғы сабақ. – Алматы, 2015, 46б Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.

ӘОЖ:37.045

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУ КЕЗІНДЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ТАЛДАУ ЖӘНЕ БАСҚАРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

ДЖАНТЕЛИЕВ М.А.

№59 орта мектебінің директоры, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. Статя посвящена актуальной теме современности – развитию информационного риска – менеджмента, основная задача которого заключается в управлении рисками. Актуальность темы обусловлена тем, что в течение последних нескольких лет информация стала играть важнейшую роль во всех сферах человеческой жизни, что связано с постепенным становлением информационного общества.

Summary. The article is devoted to the urgent topic of our time - the development of information risk - management, the main task of which is risk management. The relevance of the topic is due to the fact that over the past few years, information began to play a crucial role in all areas of human life, which is associated with the gradual formation of the information society.

Тәуекел – бұл қандай да бір белгісіздіктен қолайсыз оқиғалардың басталуы немесе жобаның уақытша немесе қаржылық шектеулерінен шығу ықтималдығы [1]. Басқару туралы ғылымда жеке бағыт бар – тәуекелдерді басқаруға, олардың теріс салдарын азайтуға арналған тәуекел – менеджмент. Тәуекелдерді басқарудың негізгі компоненттері сәйкестендіру, тәуекелдерді талдау және оларға ден қоюды жоспарлау болып табылады. Сонымен, тәуекел – менеджменттің бірінші кезеңі тәуекелдерді сәйкестендіру болып табылады. Барлық тәуекелдерді шартты түрде үш топқа бөлуге болады:

1) бюджетте, жұмыс кестесіндегі қателіктерге, персоналдың проблемаларына, талаптардың өзгеруіне (жобаның ағымдағы жағдайларының өзгеруіне де, тапсырыс берушінің қалауына да байланысты) байланысты жобалық кезең. Осы тәуекелдерге қызметкерлердің аурулары мен жұмыстан босатылуын, ағымдағы заңнамадағы өзгерістерді, процесті бақылайтын тапсырыс берушінің өкілін ауыстыруды, оның даму барысы бойынша тапсырыс берушінің жоба туралы пікірін өзгертуді жатқызуға болады. Ерекше жағдайлар тәуекелдерінің осы түріне жауапты жоба менеджері

болып табылады, оның осындай қақтығыстарды реттеу қабілеті және оның кәсіби дайындығын анықтайды;

2) техникалық шешімдерді іске асыру проблемаларымен байланысты техникалық кезең. Бұл жерде әдетте әзірлеу проблемалары (әзірлеушілердің қандай да бір міндетті іске асыру қабілеті), жүйенің қанағаттанбайтын өнімділігі, жүйенің соңғы пайдаланушыларға түпкілікті бейімделуіне байланысты енгізуде аздап қиындықтар болады. Мұндай мәселелерді шешуге жауапты тұлға – әдетте жобаның техникалық жетекшісі немесе жетекші талдаушысы болып табылады;

3) жобаны қаржылық қолдауға байланысты бизнес – тәуекелдер. Сыртқы факторлардан туындаған бюджеттің күтпеген қысқартылуы жоба мен міндеттердің қысқаруына ғана емес, сонымен қатар басты мақсатқа қол жеткізілмеген жағдайда оның толық сәтсіздігіне әкелуі мүмкін. Әзірлеуші компания үшін тәуекелдердің осы түріне әдетте нарықты бағалаудағы қателер жатады. Ресей ұйымдарында сондай-ақ осындай штаттан тыс жағдайларға соңғы пайдаланушылар тарапынан жобаға қызығушылықтың жоғалуы жатады. Мұндай проблемалар үшін жобаның тапсырыс берушісі (кураторы) немесе жобалау комитетінің басшысы кредиттік ұйымдағы жауапты тұлға бола алады. Ол басымдықтарды алдын ала анықтап, әрбір кезеңнің басым міндеттерін шешу үшін резервтер ұйымдастыруы тиіс [2].

Тәуекелдерді неғұрлым нақты сәйкестендіру және талдау олардың спецификациясы мен сәйкестендіру жүйесін әзірлеуді, сондай-ақ штаттан тыс жағдайлардың туындауын ықтимал бағалауды, залалды бағалауды және оларды еңсеру үшін резервтерді есептеуді қамтиды. Бұл ретте шығындарды төмендету үш іс-әрекет есебінен мүмкін: алдын алу (болдырмау), мониторинг (жағдайды уақтылы тану) және қиын жағдайды басқару (ол туындаған жағдайда дұрыс іс-қимыл). Олардың әрқайсысын толығырақ қарастырайық.

Алдын алу – штаттан тыс жағдайды жоюға, ықтималдығын төмендетуге немесе залалды азайтуға арналған шығындар. Жиі тапсырыс берушіні қосымша шығындар қажеттігіне сендіру өте қиын, әсіресе егер Тапсырыс берушіге қатер өте түсінікті болмаса. Мысалы, қауіпсіздік жүйесін қосымша пысықтауға қосымша қаржыландыру алу жеткілікті оңай (рұқсат етілмеген кіру қауіпі), алайда сауатсыз пайдалану да қауіпсіздік жүйесінде тесік пайда болуына әкеп соқтырса да, соңғы пайдаланушыларды оқытуға қол жеткізу өте қиын. Және әдетте, ықтималдығы мен шығын мәнін бағалайтын жақсы негізделген құжат қана Тапсырыс берушіні қаражатты дұрыс бөлуге сендіре алады.

Мониторинг қандай да бір проблеманың туындауын анықтайтын көрсеткіштер жүйесін және оларды қадағалау тетіктерін әзірлеуді білдіреді. Проблеманы уақытында тану жиі шығындарды азайтуға немесе оларды нөлге жеткізуге мүмкіндік береді. Мысалы, ағымдағы заңнаманы қадағалау және қағидаттық өзгерістерді уақтылы тану деректер құрылымын өзгерту немесе жаңа алгоритмдерді әзірлеу сияқты бірқатар тұжырымдамалық шешімдерді өзгерту есебінен бейімделуге арналған шығындарды айтарлықтай қысқартуға мүмкіндік береді. Егер уақыт жіберілген жағдайда, жүйенің күрделенуіне және соның салдарынан жаңа міндеттерді шешуге кететін уақыт шығындарының өсуіне әкелетін тетіктерді латунизациялау тетіктері алмастырып, жұмыс істей бастайды.

Сыни жағдайды басқару күтпеген жағдай туындаған жағдайда іс-әрекеттерді құжаттауды және регламенттеуді білдіреді. Менеджердің іс-әрекетін анық түсінуі теріс әсерді бірнеше рет төмендетуге мүмкіндік береді. Іс-қимылдарды алдын ала құжаттау залалдың есептік әсерін түзетуге және соның салдарынан резервтер сомасын азайтуға және жобаны инвесторлар мен тапсырыс берушілер үшін неғұрлым тартымды етуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ осы бағыт бойынша жұмыстардың бір бөлігі қиын жағдайды жеңілдету тетіктерін құру болуы мүмкін.

Қазіргі уақытта ақпараттық тәуекел болып табылатын бір мағыналы ұғым әлі қалыптасқан жоқ. Кейбір мамандар ақпараттық тәуекелді ақпаратқа тікелей әсер ететін оқиға ретінде қарастырады: оны жою, бұрмалау, оның құпиялылығын немесе қолжетімділігін бұзу.

Басқалары бұл ұғымды компьютерлік жүйелермен ғана ақпараттық тәуекел аймағын шектей отырып, неғұрлым тар аспектіде қарайды.

Көптеген ұғымдарда назар аударуға болатын кейбір маңызды аспектілер қарастырылмайды. Бірінші кезекте бұл – жұмысы жүйеге ақпаратты енгізумен және оны өңдеумен тікелей байланысты мамандар. Өйткені, бұл ақпаратты алу сатысында тәуекелдер бар, өйткені тіпті осы кезеңде алынған деректердің дұрыстығына, олардың толықтығы мен өзектілігіне әсер ететін факторлар бар.

Сонымен қатар, бұл анықтамаға ақпаратты өңдеу алгоритмдерінде, басқару шешімдерін әзірлеу үшін пайдаланылатын бағдарламаларда іркілістердің туындауына байланысты тәуекелдер жиі енгізілмейді.

Кейбір мамандар "ақпараттық тәуекелдер" ұғымына экономикалық тұрғыдан қарайды. Анықтама ретінде олар "компанияның ақпараттық технологияларды қолдануы нәтижесінде

шығындардың немесе залалдың туындау қаупін" түсінеді [3]. Басқаша айтқанда, IT-тәуекелдер электронды тасығыштар мен басқа да байланыс құралдарының көмегімен ақпаратты құрумен, берумен, сақтаумен және пайдаланумен байланысты.

Барлық ақпараттық тәуекелдерді бірнеше критерийлердің негізінде әртүрлі топтарға жіктеуге болады:

1. Көздер бойынша – ақпараттық тәуекелдер ішкі және сыртқы;
 2. Сипаты бойынша – әдейі және әдейі емес;
 3. Түрі бойынша – тікелей немесе жанама;
 4. Нәтижесі бойынша – ақпараттың дұрыстығын бұзу, ақпараттың өзектілігін бұзу, ақпараттың толықтығын бұзу, құпиялылықты бұзу және т. б.
 5. Әсер ету механизмі бойынша: табиғи апаттар, авариялар, мамандардың қателіктері және т. б.
- [3].

Ақпараттық тәуекелдерді талдау – бұл сандық (ақша ресурстары түрінде) және сапалық (тәуекел деңгейі: жоғары, орташа, төмен) тәуекел көрсеткіштерін анықтай отырып, ақпараттық жүйені қорғау дәрежесін жиынтық бағалау процесі [4]. Талдау ақпаратты қорғау процестерін қалыптастырудың әртүрлі құралдары мен әдістерінің көмегімен жүзеге асырылады. Оның нәтижелері негізінде қауіпті қатер болып табылатын және қосымша қорғау шараларын дереу қабылдауды талап ететін ең жоғары тәуекелдер бөлінеді.

Тәуекелдің сандық мөлшерін анықтауға болатын бірыңғай әдістеме жоқ. Біріншіден, бұл қандай да бір нақты қауіптің туындау мүмкіндігі туралы статистикалық ақпараттың қажетті көлемінің болмауына байланысты. Екіншіден, нақты ақпараттық ресурс құнының көлемін анықтау өте қиын. Мысалы, ақпараттық ресурстың иесі жабдықтар мен тасымалдағыштардың құнын оңай көрсете алады, алайда осы жабдық пен тасымалдағыштардағы деректердің нақты құнын атай алмайды, ол іс жүзінде мүмкін емес. Сондықтан ең жиі қолданылатын ақпараттық тәуекелдерді сапалы бағалау болып табылады, оның басты міндеттері – бұл тәуекел факторларын сәйкестендіру, тәуекелдің ықтимал осал салаларын анықтау және әр түрдің әсерін бағалау.

Ақпараттық тәуекелдерді сандық есептеуге ең танымал тәсіл – CRAMM Британдық әдісі. Оның негізгі мақсаттары: тәуекелдерді басқаруды автоматтандыру, басқаруға арналған қаржылық шығындарды оңтайландыру, компанияның қауіпсіздік жүйесін сүйемелдеу уақытын оңтайландыру, бизнестің үздіксіздігін қолдау. Сыни жағдайды болдырмау күтпеген жағдай туындаған жағдайда іс-әрекеттерді құжаттау мен регламенттеуді білдіреді. Менеджердің іс-әрекетін анық түсінуі теріс әсерді бірнеше рет төмендетуге мүмкіндік береді. Іс-қимылдарды алдын ала құжаттау залалдың есептік әсерін түзетуге және соның салдарынан резервтер сомасын азайтуға және жобаны инвесторлар мен тапсырыс берушілер үшін неғұрлым тартымды етуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ осы бағыт бойынша жұмыстардың бір бөлігі қиын жағдайды жеңілдету тетіктерін құру болуы мүмкін. Мысалы, ұйымда жұмысқа білікті жұмыс іздеушілер туралы ақпараттың болуы негізгі қызметкер күтпеген жағдайда болады.

Сонымен бірге, ықтимал ақпараттық тәуекелдерді есептеу мен талдау үшін көптеген жүйелер мен әдістер әзірленді, бұл бизнесті олар туралы тез арада ақпараттандыруға, содан кейін нарықтың негізгі талаптарын – компанияның экономикалық қызметінің үздіксіздігі мен қауіпсіздігін сақтауға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. dissercat.com/ // Оценка рисков проектов внедрения информационных технологий в процесс управления производственными предприятиями // [Электронный ресурс]. Дата обращения 18.12.12
2. econf.rae.ru/ // Управление рисками при внедрение ИТ-проектов // [Электронный ресурс] Режим доступа: Дата обращения 18.12.12
3. provsebanki.ru // Метод аналогий // [Электронный ресурс] Режим доступа: Дата обращения 18.12.12
4. Саати Т. Принятие решений. Метод анализа иерархий. - М.: Радио и связь, 1993. – 320 с.

ӘОЖ: 595.727

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНДА ТАРАЛҒАН ШЕГІРТКЕЛЕРДІҢ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРМЕН КҮРЕСУ ШАРАЛАРЫН НЕГІЗДЕУ

СЕЙТБАЕВ Қ. Ж.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының доценті, а.ш.ғ.к.,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ШАМЖАНОВА Э.Ғ.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының магистранты,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье проведена исследовательская работа по распространению видов саранчи, встречающихся в предгорной, пастбищной и степной зонах Жамбылской области, а также вокруг посевных площадей сельскохозяйственных культур

Summary. The article carries out research work on the distribution of locust species found in the foothill, pasture and steppe zones of the Zhambyl region, as well as around the sown areas of agricultural crops

Қазіргі кезде бүкіл әлем бойынша ауылшаруашылығына зиянды шегірткелер сала мамандарынан үнемі назар аударып отыруды қажет етеді. Ғалымдардың зерттеуі бойынша Орта Азия елдерінде 25 миллион гектардан астам аумақтағы жайылымдық алқаптардың зақымдануына байланысты үйірлі шегірткелерге қарсы күрес шаралары уақтылы жүргізілмеуі ауылшаруашылығы дақылдарынан алынатын өнімнің жоғалуына алып келеді.

Орта Азия елдерінде соның ішінде біздің еліміздеде зиянды үйірлі шегірткелердің марокколық, итальяндық және азиялық түрлері таралған.

Осы түрдегі шегірткелердің ауыл шаруашылығы алқаптарында жалпы таралуы және олардың орасан зияндылығы салдарынан 20 миллионнан астам адамдар ауылшаруашылығы өнімін ала алмай қалуы мүмкін. Шегірткелердің үйірлі және үйірсіз зиянды түрлерімен күресу кешенін әзірлеу немесе жетілдіру өзекті мәселе болып табылады.

Соның ішінде биоэкология, тау етегіндегі, жайылымдық және дала аймақтарында кездесетін зиянды шегірткелердің даму ерекшеліктері, олардың табиғи энтомопатогенді микроорганизмдерді бөлу, микробиологиялық күрестің экологиялық қауіпсіз жүйесін әзірлеу, заманауи әдістер мен құралдардың тиімділігін анықтау, ауыл шаруашылығы дақылдарының айналасында кездесетін шегірткелердің зиянды түрлерінің таралу себептерін анықтау және оларға қарсы күрес технологиясын құру бойынша жаңа ақпаратты жинау теориялық және практикалық маңызға ие.

Елімізде зиянды шегірткелердің кейбір түрлері жайылымдық өсімдіктер үшін ғана емес, барлық ауылшаруашылығы дақылдары үшін да қауіпті болып табылады.

Қазақстан аумағында шегірткелердің 270 түрі мен кіші түрлері мекендейді. Жыл сайын ауылшаруашылық алқаптарына ең үлкен қауіп 15-20 түр болып табылады. Олардың ішінде үйірлі шегірткелер- итальяндық прус, азиялық және мароккалық шегірткелер және үйірсіз атбасар, қара жолақты, Сібір қобдишасы, фишер шөпқоректі және т.б. [1,2]

Азық түлік қауіпсіздігі яғни халқымыздың мал шаруашылық өнімдері сүт және ет өнімдеріне деген сұранысын тұрақты қамтамасыз ету үшін таулы, жайылымдық және шөлейтті өсімдіктердің табиғи жайылымдарын зиянды шегірткелерден қорғау маңызды міндеттердің бірі болып қалады. Осыған байланысты зиянды шегірткелердің жаппай таралуына жол бермеу және жайылымдар мен ауылшаруашылығы дақылдарына үлкен қауіп төндіретін шегірткелердің таулы, жайылымдық және шөлейтті аймақтардағы негізгі зиянды түрлерін анықтау, олардың даму ерекшеліктерін зерделеу және оларға қарсы күрес шараларын әзірлеу маңызды шара болып табылады

Шегірткелердің негізгі зиянкестерінің түрлері және олармен күресу шаралары бойынша ғылыми зерттеулерді әлемнің ғылыми орталықтары мен жоғары оқу орындары, соның ішінде БҰҰ ФАО (Италия), Вайоминг университеті (АҚШ), Қытай ауылшаруашылық университеті (Қытай), Оба шегірткелеріне қарсы Австралия комиссиясы (Австралия), Бүкілресейлік өсімдіктерді қорғау ғылыми зерттеу институты (Ресей), Қазақстан өсімдіктерді қорғау және карантин ғылыми зерттеу институты (Қазақстан) және Өсімдіктерді қорғау ғылыми зерттеу институты (Өзбекстан).

Таулы, шабындық және шөлді аймақтарда зиянкестермен күресу кешенін құру бойынша ғылыми зерттеулердің негізінде келесі ғылыми нәтижелер алынған- Виоминг университеті, АҚШ зиянды шегірткелерге қарсы *Metarhizium acridum* саңырауқұлағы негізінде микробиологиялық биопрепараттың биологиялық тиімділігі анықталды (Австралия оба шегірткенің комиссиясы, Қытай ауылшаруашылық университеті) Италияндық шегірткелерге қарсы *Beauveria bassiana* саңырауқұлағы негізінде биопрепаратты қолдану жөніндегі нормативтік құжат әзірленді (Қазақстан өсімдіктерді қорғау және карантин ғылыми зерттеу институты) зиянды шегірткелерге қарсы әртүрлі химиялық

топтарға жататын инсектицидтердің тиімділігі анықталды (Бүкілресейлік өсімдіктерді қорғау ғылыми зерттеу институты).

Қазіргі кезде ғалымдар таулы, жайылымдық және шөлді аймақтарда үйірлі және үйір құрмайтын шегірткелермен күресу бойынша бірқатар зерттеулер жүргізілді, оның ішінде келесі бағыттар бар; шегірткелердің биоэкологиясын, даму ерекшеліктерін, олардың көбеюін, экологиялық қауіпсіздік туралы деректер микробиологиялық биопрепараттардың қолжетімділігін және кеңінен қолданылуын анықтау, әртүрлі топтарға жататын заманауи химиялық инсектицидтердің биологиялық тиімділігін анықтау.

Зиянды шегірткелерге қарсы көптеген отандық және шетелдік ғалымдар ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізді. Солардың ішінде үйір құрмайтын, біздің популяциямызда «жергілікті» шегіртке деп аталатын зиянды шегірткелердің даму ерекшеліктері, көбею себептері және оларға қарсы күрес кешені аз зерттелінген. Соның ішінде Қазақстанның оңтүстік өңірінде де Жамбыл облысында зерттелінбеген. Таулы, жайылымдық және шөлді аймақтарда шегірткеге қарсы күрес қолдану, сондай ақ әртүрлі химиялық топтарға жататын инсектицидтердің биологиялық тиімділігі және аз көлемде тосқауылмен өңдеудің биологиялық, экономикалық және экологиялық пайдасы туралы зерттеулер жеткіліксіз жүргізілді.

Жұмысымыздың мақсаты- Жамбыл облысының таулы, жайылымдық және шөлейт аймақтарында кездесетін зиянды шегірткелердің түрлерін, олардың пайда болу себептерін, зақымдануын, даму ерекшеліктерін анықтау және оларды «Зоология» пәнін оқытудағы маңызын зерттеу.

Зерттеудің міндеттері:-Жамбыл облысының тау бөктерінде, жайылымдарда және шөлдерде кездесетін үйір түзетін және басқада негізгі зиянкестерін анықтау;

-ауылшаруашылығы дақылдарының айналасында кездесетін шегірткелердің үйірлі емес түрлерінің құрамын, олардың таралу себептерін, зақымдануын және даму ерекшеліктерін анықтау;

- зиянды шегірткелердің табиғаттағы ролін бағалау;

-зиянды шегірткелерге қарсы ұзақ мерзімді және кешенді күрес шараларын зерттеу;

Зерттеу нысаны ретінде Жамбыл облысының тау бөктерінде, жайылымдарында және шөлейт аймақтарында кездесетін үйірлі және үйірлі емес шегірткелердің негізгі объектілері таңдалды.

Зерттеу пәні республикамыздағы негізгі зиянды шегірткелердің түрлерін анықтау, таралуын зерттеу және олардың табиғаттағы маңызын және зерттеу нәтижелерін оқу процесіне енгізу болып табылады.

Зерттеу әдістері: Зерттеу жалпы энтомология, сондай ақ ауылшаруашылығы энтомологиясында кеңінен қолданылатын әдістерді қолдану арқылы орындалды.

Қазақстан Республикасында таралған негізгі зиянкестер және шегірткелердің жалпы санының 60- пайыздан астамы марокколық –*D.maroccanus*, оазис (Италия)-*C.italicus*, Азия- *L.migratoria*, тау (Тұран) –*turanicus* және негізгі зиянкестерден басқа шегірткелер.

Шегірткелердің түрлерін анықтауда М.Е.Черняховский әдісінен шегірткелердің санын, тығыздығын есептеу, көктемгі және жазғы кезеңде шегірткелер жиі кездесетін жерлерден сынама алу Е.П.Цыпленков идентификаторлар арқылы сәйкестендіру жүргізілді. [3,4]

Зерттеу барсында таулы және тау етегіндегі адырлы дала жайылымдарында ауыл шаруашылығы дақылдарына қауіп төндіретін негізгі басым түрлер анықталды-*Dociosturus maroccanus*, *Calliptamus italicus*, *C.turanicus*,*C.barbarus*,*D.kraussi*, *D.kraussi* және Марокко, Италиян шегірткелерінің үйірлі және үйірсіз түрлері салыстырмалы түрде қысқа мерзімде популяциясын қалпына келтіруге қабілетті түрлер болып табылады. Бұл шегіртке түрлері болашақта ауыл шаруашылығы дақылдарына зиян келтіру қаупін сақтай отырып, жаппай көбейе алатынын анықтадық.

Жамбыл облысы аймағында шегіртке түрлерінің құрамын зерттеу кезінде шегірткенің 26 түрі тіркеліп, олардың сирек орташа немесе кең таралғаны, сонымен қатар топтастырылған түрлерінің жаппай кездесуі анықталды. Олардың ішінде итальяндық және азиялық шегірткелер барлы жасыл өсімдіктермен, соның ішінде ауылшаруашылық дақылдарымен қоректеніп зиян келтірсе *Dericogys albidula* Aud.-Serv.,*D.tibilalis*, ірілі ұсақты шегірткелер олигофаг болып табылатын және азиялық шегірткелермен қоректенеді және соларға зиян жеткізеді.

Әр түр белгілі бір мекендейтін жерлермен шектелген және өз ауқымы бар.

Жамбыл облысының ауылшаруашылық алқаптарының айналасында шегірткенің 16 түрі анықталды. Жамбыл облысында марокколық және азиялық шегірткенің үйірлі және үйірлі емес түрлері кеңінен таралған.Облыстың ауыл шаруашылығы дақылдарының айналасынан табылған шегірткелердің ішінде ауыл шаруашылығы дақылдарына зиянды келесі түрлері бар екені анықталды.

C. italicus, *L. migratoria*, *D. maroccanus*, *C. turanicus*, *C. barbarus*, *Oedaleus decorus*, *D. tartarus*, *A. aegyptium*, *Oedipoda miniata*, *Ramburiella foveolata*, *S. carinatus*, *D. gracillis* және *P. conica deserti*.

Біздің зерттеулеріміз көрсеткедей, ауылшаруашылық дақылдарының айналасында пайда болатын шегірткелердің көбеюі мен таралуының негізгі себептері шегірткелерден тек олардың үйірлі түрлеріне қарсы қорғаныс шараларының бағытталуы, саяқ шегірткелерге қарсы күреске назардың аз болуы, соңғы 30 жыл ішінде ауылшаруашылығы дақылдарының айналасында химиялық өңдеулердің жүргізілмеуі, суармалы судың жетіспеушілігіне байланысты алқаптарды жер пайдаланудан шығару, арықтар мен, өзендердің, ағзу каналдары мен коллектор дренаж айналасында және жағасында тазарту жұмыстарының жүргізілмеуі, зақымдалған суару науаларының айналасындағы қамыс астындағы жасанды алаңдарды жылдан жылға ұлғайту, қыс айларының жылы ауа райы, фермерлердің дақылдарды өсіру кезінде агротехникалық қағидаларын толық сақтамауы, астық дақылдар жинағаннан кейін саяқ шегіртке тұқымдастарын басқа ауылшаруашылық дақылдарына көшіру, өсімдіктерді қорғаудың ғылыми негізделген технологиясының талаптарын сақтамау болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Камбулин В.Е., Сергеев М.Г. Полтора века борьбы с саранчовыми в Казахстане (на примере итальянского пруса - *Calliptamus italicus* L.)// Евразийский энтомолог. журн. Новосибирск, 2009, с. 135-140.

2. Лачининский А.В., Сергеев М.Г., Чильдебаев М.К., Черняховский М.Е., Локвуд А.Дж., Камбулин В.Е., Гаппаров Ф.А. Саранчовые Казахстана, Средней Азии и сопредельных территорий. - США, Ларамы: Международ. ассоц. прикл. акридолог-гии и ун-т Вайоминга, 2002, 387 с.

3. Черняховский М.Е., Лачининский А.В., Сергеев М.Г., Чильдебаев М.К., Локвуд Дж.А., Камбулин В.Е., Гаппаров Ф.А. Саранчовые Казахстана, Средней Азии и сопредельных территорий. – Ларамы, США: Междунар. ассоц. прикладной акридологии и Ун-т Вайоминга, 2002. – 387 с.

4. Цыпленков Е.П. Вредные саранчовые насекомые в СССР. Ленинград: Колос, 1970. 272 с.

ӨОЖ:37.372.8

СТУДЕНТТЕРДІҢ ОРНИТОФАУНАНЫ ТАНЫП БІЛУГЕ ЗООЛОГИЯЛЫҚ ЭКСУРСИЯЛАРДЫҢ АЛАТЫН РӨЛІ МЕН МАҢЫЗЫ

СЕЙТБАЕВ Қ. Ж.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының доценті, а.ш.ғ.к.,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

МАДИБРАЙМОВА Г.Т.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының магистранты,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается важность экскурсии для студентов, обучающихся по образовательной программе Биология, в формировании практических навыков в познании орнитофауны при изучении дисциплины «Зоология» на 1-2 курсе.

Summary. The article discusses the importance of excursions for students studying under the Biology educational program in the formation of practical skills in the knowledge of avifauna when studying the discipline "Zoology" in the 1-2 course.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының «Биология және ауылшаруашылық мамандықтар» кафедрасының бірінші курс студенттеріне «Зоология» пәні бойынша оқу-далалық практикасы Байзақ ауданы Агробиологиялық ғылыми зерттеу орталығында «Биология» білім беру бағдарламасының студенттері өтеді. Бұл практика барысында омыртқалы жануарлардың алуан түрлілігі, олардың биологиясы мен маңызы қарастырылады. Студенттер жыл бойы алған теориялық білімдерін практика мерзімінде қолданып, көптеген зоологиялық зерттеу әдіс-тәсілдерді игереді.

Табиғи жағдайда күнделікті бақылаулар жүргізу мақсатында түрлі биотоптарға экскурсиялар ұйымдастырылып студенттер бақылау, санақ жүргізу, аулау құрылғыларымен танысып, құстарды аулау және жинау әдістерін практика жүзінде меңгереді. Ауланған материалдарды фиксациялап,

анықтауыштардың көмегімен құстардың және жануарлардың түрлерін анықтап, олардың систематикалық белгілері, жануарлар әлеміндегі орнын көрсетіп сыртқы морфологиясымен іс жүзінде таныса алады. Ауланбайтын омыртқалы жануарларды студенттер іздері бойынша, дауыстары арқылы, ұшып бара жатқан құстардың профильдерінің көмегімен анықтауға үйренеді [1].

Даладағы тәжірибе жұмыстары болашақ мамандардың табиғатты бақылай отырып танымжорықтар жүргізу дағдыларына ие болу үшін, жануарлар әлемі, таралуы және экологиясы бойынша далада ғылыми – зерттеу жұмыстарын жүргізу әдістерін меңгеру үшін таптырмайтын әдіс.

Студенттердің даладағы тәжірибе жұмыстарының негізгі міндеттері:

1. Студенттерді тірі ағзалардың өзара және қоршаған ортамен байланысын, табиғатқа өзара тәуелділігінің күрделілігі мен түрлердің көптүрлілігін көрсете отырып, даладағы тәжірибе жұмыстары өтетін ауданда мекендейтін жануарлардың негізгі алуантүрлілігімен таныстыру.

2. Студенттерді биотоптардың негізгі тұрпаттарының жануарлардың, басты түрлерінің биологиялық ерекшеліктерімен және олардың табиғаттағы және адамның шаруашылық өміріндегі рөлімен таныстыру. Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген түрлеріне ерекше назар аудару.

3. Студенттердің бойында табиғатқа танымжорық жасау, жануарларды, қадағалауды орнықтыру және коллекциялар жинақтау дағдыларын қалыптастыру.

4. Студенттерді жануарлар әлемі және экологиясы бойынша дербес ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру қағидаларымен және жүргізу әдістерімен таныстыру.

Зоология бойынша даладағы тәжірибе жұмыстарын жүргізу кезіндегі негізгі әдістер:

- оқытушымен танымжорық жасау;
- жинақталған материалдарды (жадығаттарды) зертханалық өңдеу;
- таңдалған тақырып бойынша жұмыс жасау.

Бірінші және екінші курста алынған теориялық біліммен ұштастырылған практикалық («Зоология» пәні бойынша оқу-далалық) дағдылар үшінші курста әр студенттің өз бетінше көктем және жаз мезгілдерінде өтетін өндірістік практиканың алғышарты болып табылады. Себебі, үшінші курста мамандығына қатысты негізгі әдістерді игерген болашақ маман өндірістік практикаға өзінің таңдаған ғылыми жұмысының бағытына байланысты нақты бір ғылыми зерттеу институтына немесе шаруашылықтарға жіберіледі [2].

Табиғатта танымжорық (экскурсия) жүргізудің жалпы ережелері

Практика кезінде танымжорық жұмыстары сәтті жүргізілуі үшін қажетті жағдай – көңіл бөлу және бақылаулардың мұқият жазылып барылуы керек. Экскурсияның жемісті болуы қатысушылардың қозғалыс тәртібіне, назар аудару білуіне және сақтығына байланысты. Қатысушылар саны 10 – 12 адамнан аспауы тиіс. Зоологиядан экскурсия кезінде студенттер ақырын жылжи отырып, толық тыныштық сақтауы тиіс, тізбектеле созылмай, жетекшінің алдына шықпай, жинақы топпен жүруі қажет. Киім киюдің де маңызы өте зор. Экскурсия кезінде өте ашық (мысалы, қызыл немесе сары) кимі кимеген жөн; мүмкіндігіне қарай жасыл, сұр, қоңыр және т.б. түсті киімдерді киген ыңғайлы. Экскурсияның ұзақтығы да 3-4 сағатан аспауы тиіс, себебі ұзақ танымжорықтар экскурсанттарды жалықтырып жіберуі мүмкін [3].

Жазбалар мен бақылау нысандары

Дала жұмыстары жағдайларында тәжірибеден өтушілер міндетті түрде бақылау күнделігін жүргізуі тиіс. Бұл ретте осы жазбалардағы оқытушылардың, жергілікті тұрғындардың түсіндірмелерінен өзінің жеке бақылауларына және дербес болжамдарына қатаң түрде шектеу қоя білуі қажет. Жазбалар мүмкіндігінше кейінге қалдырылмай, дереу жазылып отыруы тиіс. Ескертпелер сиямен емес, жай қарындаштармен жасалады. Неғұрлым қарапайым көрінетін заттар туралы ұмытпай, мүмкіндігіне қарай нақты және барынша толық жазу қажет. Жазбаларды жүргізу кезінде нақты күні, уақыты, ауа райының жағдайы, бақылау орны мен шарттары міндетті түрде көрсетіледі.

Жазбалардың бірнеше нысандары мен жүйелері бар:

1). Хронологиялық күнделік

Мұндай күнделікте күн сайын танымжорықның өткізілетін орны, күні, ауа райының сипаттамасы, бағдары көрсетіліп отырады. Бұл ретте ең болмағанда шамамен жүріп өткен бағдар жолдың ұзындығын анықтап, оған жұмсалған уақытты көрсету қажет. Соңғысы қандай да болмасын жануардың (салыстырмалы есепке алу нысаны) саны туралы шамалап жобалауға мүмкіндік береді. Мекендеу орындары (стациялар) нақты сипатталады, одан кейін қандай да болмасын жануармен (жануардың түрі көрсетіледі) кездесудің егжей-тегжейлі сипаттамасы беріледі. Одан әрі күнделікпен жұмыс істеу ыңғайлы болу үшін, мәтіндегі жануардың атауының астын сызып қою қажет. Егер

мүмкін болса, тобырда немесе табында кездестірілген дарактың жынысы, жасы, саны көрсетіледі. Жануарлардың тәртібі мүмкіндігінше нақты сипатталады.

Ұялар, індер және өзге де баспаналар үшін олардың орналасқан жері, өлшемі, бір мекенде оналасуы, құрылыс материалының сипаттамасы, жас дарактардың саны немесе олардың жұмыртқаларының саны (олардың мөлшері мен реңі), балапандарының немесе өзге мекендеушілерінің саны, қанаттану немесе қылшықтану жағдайы, аналықтары мен балапандарының тәртібі, қорек қалдықтары (саны мен орны) көрсетіледі. Егер қорек қалдықтар немесе өзге де табылған заттарды өз орнында анықтау мүмкін болмаса, онда зертханалық зерттеу жүргізу үшін өздерімен бірге алып жүреді; бұл ретте күнделікте жинақ нөмірі көрсетіледі.

Сонымен қатар хронологиялық күнделікте жергілікті жоспардың сұлбалық суреттемелері, жануарлардың және т.б. кездескен жерлері көрсетілген бағыт мерзімдері жазылуы мүмкін.

2) Пәндік-тақырыптық немесе көру күнделігі

Бұл жазбалар жүйесі деректердің жинақталуына қарай жануарлардың және құстардың әрбір түрі бойынша күнделіктің алдын ала бөлінген және аталған жеке беттеріне қорытындыланып жазылады.

3) Бланктер мен карточкалардағы жазбалар жүйесі

Карточкалар қатты қағаздан дайындалады (әдетте көлемі 10x15см немесе 7x12см болады). Оған құстардың әрбір нақты түрі бойынша бақылау белгілері енгізіледі. Бұл ретте әрбір карточкаға:

- құстардың атауы;
- бақылау уақыты және күні;
- ауа райы;
- бақылау орны;
- бақылау мазмұны жазылады.

Карточкалық әдістің ыңғайлылығы – өңделген материалдың жеңіл болуы.

Қосымша жазбалардың нысандары

Күнделіктің көптеген беттеріндегі сипаттама қарапайым сұлбамен, жоспармен, суретпен, фотосуртпен алмастырылуы мүмкін.

Сұлба, жоспар, сурет. Даладағы жұмыстар үшін, әдетте, жергілікті жоспар немесе карта қажет, олардың арнайы зоологиялық деректерді түсіруге арналған, яғни биотүсірілімнің негізі ретіндегі маңызы зор. жоспарға немесе картаға биотоптардың бөлінуі енгізілуі қажет. Мұндай жоспар-картаға, шартты белгілерді пайдалана отырып: ұялардың орналасуы, ұя салынған учаскелер, індер, үңгірлер, олардың әр түрлі түрлерінің орналасу тығыздығы сияқты қажетті мәліметтер енгізіледі.

Ұя салынған учаскелер немесе індердің ауданы үшін әдетте жекелеген ауқымы ірі жоспарлар жасалады. Жоспар көкжиек бағыттары бойынша бағдарлануы тиіс, оның масштабы және шартты белгілеулері болуы қажет. Мұндай жоспарларды миллиметрлік қағазда салу ыңғайлырақ. Іздердің суреттері, ұялардың орналасуы және т.б. сипаттаманы өте жақсы толықтырады. Суретте нысанның нақты мөлшері (см-мен) немесе оның азаю немесе көбею дәрежесі міндетті түрде көрсетіледі, бұл ретте жергілікті орны көрсетіліп, күні қойылуы тиіс. Суреттерді нөмірлей отырып, қағаздың жекелеген беттеріне салу ыңғайлы, сондай-ақ суреттің бұл нөміріне күнделікте сілтеме жасалуы тиіс.

Фотоға түсіру. Дұрыс жасалған түсірілім – ғылыми құжат. Тірі табиғатты түсіру кезіндегі негізгі ереже – табиғи көркем көріністі барынша сақтау. Түсірілімдердің астында жазба болуы тиіс (күні, жергілікті орынның атауы және т.б.). Түсірілім кезінде нысанның маңайына масштаб ретінде қандай да бір затты (мысалы, сіріңке қорабын) орналастыру пайдалы.

Бақылау әдістері

Табиғаттағы жануарларды зерттеу кезінде оларды тікелей бақылау әдісі және олардың тіршілік ету белгілері бойынша жануарларды зерттеу әдісі пайдаланылады.

Тікелей бақылаулар танымжорықта немесе таса жерден қадағалау кезінде жүзеге асырылады. Танымжорық бағдары алдын ала белгіленеді және ойластырылады. Жануарлардың тіршілік ету ерекшеліктері, тәртібі маусымға, күн мезгіліне, ауа райына қарай ескерілуі тиіс. Танымжорық уақытында бақылаушыдан тұрақты және ерекше ауқымды сақтық, көңіл бөлу, әр дыбысқа, сыбдырға, шөп арасындағы немесе бұталардағы қозғалысқа тез шешім қабылдай білу талап етіледі. Экскурсант ақырын, шусыз, барлық уақытта жан-жағын барлай отырып ілгері жылжуы тиіс, қажет болған жағдайда дереу тоқтап, бір орында тапжылмай тұра қалу қажет. Құсты, оның сақтығынан бұрын байқаудың маңызы зор. Жасырынған кезде кез келген жабынды пайдалануға және жануарға қарай тура емес, бір қырын жылжуға тырысу қажет. Бұл ретте жануардың назарын өзіне аударатындай ешқандай шалыс қимылдар жасамаған жөн. Жануардың иіс сезу және есту қабілеті ерекше дамығандықтан, жануарға жақындайтын кезде желдің бағытын да ескерген жөн.

Құстарды зерттеу кезінде дауыстың маңызы зор. Қиқу салуы немесе әні бойынша қандай да болмасын құстың түрін анықтауға болады. Қиқулауы немесе ән салуы – бақылаушының құсқа тез тығылып жақындап келуіне және тікелей бақылау жүргізуіне ыңғайлы дабыл. Құстардың дыбыстарын зерттеуді дыбысы жиі естілетін қарапайым құстардан (шұбар шымшық, сары шымшық және басқа да құстар) бастау қажет. Бұл әр түрлі жағдайларда: дабыл кезінде, жанжалдасқанда, балапандарын шақырғанда және т.б. берілетін дыбыстармен танысуға мүмкіндік береді.

Құстарды бақылау және тәжірибелер жасау

Дән қоректі құстарды бақылау.

Бұған қолға үйренген көгершін, кептер, кекілік, бозторғай, шыбжық, бозшымшық т. б. құстар алынады. Олар жем жеп, жатқан кезде торға жайлап қана жақындап келіп, құстардың мінез-қылығын, жемге деген белсенділігін, жемді қалай алып жейтінін, ең алдымен қандай жемді жейтінін байқайды. Оқытушы дән қоректі құстардың тұмсығының құрылысына студенттердің назарын аударады, олардың тұмсығының жем жеу тәсіліне қалай бейімделгенін айтып түсіндіреді.

Тәжірибе жасау үшін іріктеліп алынған құсты уақытша торға көшіреді. Белгіленген норма бойынша жем беріп, оның бір тәулікте қанша жем жейтінін анықтайды. Жемді алдын ала өлшеп алады. Содан соң кешке қарай тордағы желінбей қалған қалдықтар мен дәннің қауыздарын жинап алып, оны да өлшейді. Арасындағы айырма құстың бір күнде жеген жемінің мөлшерін көрсетеді. Желінген жем салмағын сол құстың салмағына бөлу арқылы студенттер белгілі бір құстарға қажетті жемнің салыстырмалы мөлшері жайында мағлұмат алады.

Бұдан кейін торға су ішетін ыдысты қояды да, құстың суды қалай ішетініне бақылау жасайды. Ыдысқа толтыра су құйып, құстардың қалай шомылатынын, шомылып болған соң не істейтінін бақылайды. Құстарды үркітетін қатты дыбыс шығармай, жайлап байқай отырып, олардың түрлі тітіркендіргіштерді (жарық сәулесін, тырс еткен дыбысты, ысқырықты және т. б.) қалай қабылдайтынын қадағалайды. Насекомқоректі, қарға тұқымдастар және жыртқыш құстарға да бақылау жұмыстарын осы жоспар бойынша жүргізеді. Тапсырмаларды шағын топтарына бөліп береді. Әрбір жұмыс бір аптаға созылады да.

Дән қоректі, насеком қоректі және жыртқыш құстардың ерекшеліктері тіршілік жағдайларымен байланысты. Бақылау жұмысы үшін дән қоректі құстардан - бозшымшық, суықторғай, торғайды, шыбжықты, насеком қоректілерден - қараторғай немесе сарыбауыр шымшықты (басқалары қолға ұстауға тез көндіге алмайды, әрі жем тауып беру де қиын), жыртқыштардан - жапалақты алады. Бақылау нәтижелерін күнделік дәптерге төменде көрсетілген 1-кесте үлгісі бойынша жазып отырады.

Кесте 1. Дән қоректі құстарды бақылау жұмысы үшін арналаған күнделігі

Салыстыруға арналған сұрақтар	Құстар		
	Қайшыауыз (дән қоректі)	Үлкен сарыбауыр шымшық (насеком қоректі)	Жапалақ (жыртқыш)
Құстың дене мөлшері. Реңі	Шырша қайшы- ауызы дене мөлшері жағынан торғайдан үлкенірек. Аналығының реңі сұрғылт-жасыл, төсі түгелдей сұр реңді	Үлкендігі торғайдай. Төбесі мен алқымы, мойны, бет жағы апшақ, арқасы жасылдау, жотасы мен күйрық жағы көкшіл сұр, бауыр жағы түгелдей —жасылдау сары, қақ ортасынан қара жолақ жарып өтеді, қанатымен құйрығы қара қошқыл	Ірі күс, үй тауығынан аздап қана кіші. Басы үлкен, бет жағы жалпақтау. Реңі сарғыш-сұр, қоңырлау. Қауыр сындары өте жұмсақ және селдір
Аяғының құрылысы, мөлшері, сыртқы көрінісі	Аяғы едәуір жақсы жетілген, (күшті жіліншекпен жалғасады)	Аяғы жақсы жетілген. Сирағы және саусақтары ұзын, бұталарға жақсы жармасады	Аяғы өте мықты, ол үлкен саусақтарға жалғасады, саусақтарының ұшында мықты тырнақтары бар. Аяғына қалың

			қауырсың өскен
Басының пішіні мен мөлшері	Басы жұмыр. Тұмсығы күшті. Үстіңгі тұмсық бөлігі мен астыңғы тұмсық бөлігі айқасып тұрады	Басы жұмыр, ұп- ұзын, сүйір, кең ашылатын тұмсыққа жалғасады	Басы жалпақ, онда үлкен имек тұмсығы, жақсы жетілген «кұлағы», үлкен дөңгелек көзі бар
Құйрығының көрінісі және ұшу кезінде атқаратын қызметі	Құйрығы жақсы жетілген, руль қызметін атқаратын тығыз қауырсыннан тұрады. Ұшып жүргенде, бұрылғанда руль қызметін атқарады және жем жеген кезінде сүйеніш болады	Құйрығы ұзын, үшкір төмен қарай құлдилау бағытына көмектеседі	Құйрығы қысқа және жалпақ
Құстың қозғалыс қимылы	Жақсы ұшады, бірақ көбінесе бір бұтақтан екінші бұтаққа ұшып қонып жүреді	Өте жақсы және тез ұшады	Сирек ұшады, ұшқанда үлкен қанаттарын жазып жібереді, құйрығы құлдилап төмендеу және қону әрекетіне жәрдемдеседі
Қоректенуі (қалай жейді, жемнің қандайын тәуір көреді?)	Шырша бүрінің ішіндегі тұқымды жейді. Саусақтарымен бүрді қармап, тұмсығымен қысып, түбіне дейін аршып жейді. Бүрдің орнына құр өзегі ғана қалады. Күнбағыстың тұқымын жақсы жейді.	Насекомдармен және олардың личинкаларымен қоректенеді, олардың ағаш қабығының астынан ұзын тұмсығымен шұқып алады. Нан үгіндісінен де бас тартпайды	Етпен қоректенеді. Жемтігін саусақтарымен басып алады да күшті әрі өткір тұмсығымен . паршалап жібереді
Құстың күні бойғы мінез-қылығы (қашан оянады, күннің қай мезгілінде ширақ қимылдайды, қай жерде және қалай ұйықтайды?)	Күн шыға оянады, ояна салысымен (ысқырып) сайрай бастайды. Күні бойы тыным таппайды, бір бұтақтан екінші бұтаққа ұшып қонып жүреді. Тордың төбесінде секендеп, басын төмен қаратып жүреді. Сол күйі ұйықтайды	Күн шыға оянады; сыңғырлата сайдрайды. Күні бойы тыным таппайды, бір орында отырмайды, үнемі ағаштың бұтақтарын түрткілеумен болады, басын төмен салбыратып ілінген күйі бұтақтың қабығының астынан насекомдар мен личинкаларды шұқып жейді. Ағаш діңгегіндегі ең жоғарғы бұтақ гүбіне қонақтап отырып, ұйықтайды	Күні бойы тырп етпей отырады. Басын арқасына қарай бұрып тұмсығын қанатының астына тыққан күйде ұйықтайды. Ымырт түсе оянады. Кешке қарай ширап, қозғала бастайды, тың-тыңдап басын алай-бұлай бұрып көзін жыпылықтатады, Ет салынғанын сезе салысымен жемшашарға дыбысын білдірмей ұшып барады
Ауа райы құстың мінез-қылығына әсер ете ме (ауа райының қандай	Бұлтты күні жүнін үрпитіп тынышотырады, аз қозғалады. Күн сәулесі мол, ашық күні қозғалыс-қимылы көбейеді	Күн сәулесі мол, ашық күні тыным таппай үнемі қозғалыста болады	Ауа райы жапалақтың мінез - қылығына, онша әсерін тигізбейді, себебі күндіз, ол

кезеңінде ширақ қимылдайды?)			мүлде қимылсыз болады
Табиғатта мекендейтін орны	Тайга аймағында мекендейтін құс	Ормандарда тіршілік етеді	Орманда тіршілік етеді. Қорегін түнде аулайды. Бір орынға өте жақсы үйреніп кетеді, еркіндікке ұшырып жіберсе де торлы қоршауға жиі оралатыны байқалды

Өзіндік жұмыс тақырыптары

«Құстар фаунасы». Осыған ұқсас тақырыптар оқу үрдісі жағынан өте пайдалы: осы тақырып бойынша жұмыс даладағы түрлерді анықтау қабілеттерін нығайтады және студенттің аутэкологиялық біліміне пайдасы зор. Жұмыстың мақсаты оның анағұрлым қарапайым түрінде барлық құстардың орманның белгілі бір учаскесінде нақты тіркелуі және осы деректерді суреттеуге саяды. Жұмыстың нақты кезеңдері:

- 1) учаскенің сызбалық жоспарын құру;
- 2) анықталған, алдын ала белгіленген және жоспарға белгіленген бағдарлар бойынша барлық кездескен және дауысы бойынша аныталған құстарды белгіленген ендегі (станция түрімен анықталады, әдетте шамамен 50 құрайды) есеп жолағында тіркеумен серуен;
- 3) жиналған материалды өңдеу: учаскеде белгіленген түрлер саны мен әрбір түр дарактарының санын есептеу.

«Ұяны бақылау». Бұл тақырыптар құстардың жекелей түрлері, олардың ұя маңындағы мінез-құлқы биологиясы саласындағы білімді тереңдету үшін аса пайдалы. Жұмыстың міндеті жұмыртқа басатын және балапандарын қоректендіретін құстардың тіршілігін жанжақты толық сипаттау болып табылады. Жұмыс құстардың белсенділігі кезеңі бойы ұясына ауысыммен үздіксіз бақылаудан тұрады. Бақылау ұяға барынша жақын орналасқан, бірақ құс адамды байқамайтын тасадан бинокльмен жүргізіледі. Қашықтық эмпирикалық жолмен анықталады; жұмыс кезеңі бойы «бақылау пунктін» ұяға барынша жақындату мүмкіндігі туындайды. Бақылаушылар құстың ұяға әр ұшып келуін (егер ұяда балапан болса, қорекпен ұшып келуін), ұядан ұшып кетуін, жылыту уақытын, жұмыртқаларды аудару жиілігі, капсулаларды шығару (егер ұяда балапандар болса) және т.б. тіркейді. Құстардың мінез-құлқының түрлі нысандары белгіленеді.

Жұмысты рәсімдеу кезінде бақылауларды толық сипаттаудан басқа құстардың белсенділігі, оның жекелей нысандары (қоректендіру, ұяны тазарту және т.с.с.) кестесі, ұялық учаске жоспары, сондай-ақ (егер жұмыстар жүргізілсе) ұядағы температураның өзгеру, балапандардың өсуі және т.б. кестесі немесе сызбасын жасайды. Жұмысты фотосуреттермен көрнекілеу оңай.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Сапарғалиева Н.С., Кегенова Н.С., Есжанов Б.Е., Сатыбалдиева Г.К., Қожабаева Э.Б., Орманова Г.Ж., Кан О.М., Баймұрзаев Н.Б., Шарахметов С.Е. Далалық және кәсіби практикалардың студенттердің зияткерлік әлеуеттігі жоғары және бәсекеге қабілетті маман ретінде қалыптасуындағы маңызы. ҚазҰУ. Biology series. №1/1 (60). 2014
- 2.Олжабекова К.Б., Есжанов. Б.Е. Омыртқалылар зоологиясы 1-2 том. Алматы «Қазақ университеті», 2007
- 3.Сейтбаев Қ.Ж., Қарағойшин Ж.М. «Биология мамандығының студенттеріне омыртқалылар зоологиясы пәнінен жазғы оқу-далалық практикасына арналған әдістемелік құрал». Тараз., 2017

ӘОЖ 81'1:81'32

ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ – БАСТЫ МІНДЕТ

ИГИЛИКОВА Р.А.

№25 орта мектебінің директордың құқықтық тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

«Тәрбиесіз ел-ел болмас,
Тәртіпке бағынған-құл болмас»
Бауыржан Момышұлы

Резюме. На пути к построению демократического государства, основанного на верховенстве закона, важно воспитывать сознательных граждан, ответственных за свои действия, осознающих свои права и осведомленных в области общего юридического образования. Механизм достижения этой цели отражен в современных методах и способах их применения, направленных на постоянное совершенствование юридического образования и воспитания подрастающего поколения.

Предупреждение преступности среди несовершеннолетних - важный аспект предупреждения преступности в обществе.

Summary. On the way to building a democratic state governed by the rule of law, it is important to educate citizens who are well-informed, responsible for their actions, aware of their rights and well-informed in the field of general legal education. The mechanism for achieving this goal is reflected in modern methods and ways to apply them, aimed at continuous improvement of legal education and upbringing of the younger generation.

Prevention of juvenile delinquency is an important aspect of crime prevention in society.

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, қоғамдағы қылмыстың алдын алудың аса маңызды аспектісі болып табылады. Заңды, әлеуметтік пайдалы қызметке және қоғам мен өмірге ізгілікті көзқарас қалыптастырып, жастарды қылмыстық қызметке жол бермейтін қағидаларға тәрбиелеу қажет. Кәмелетке толмағандар құқық бұзушылығының алдын алуды тікелей не жанама көздейтін құқықтың қайнар көздерінің осылайша көп болуы қоғамдық қатынастардың кез келген саласында кәмелетке толмағандар тұлғасының дамуын қамтамасыз ететін қолдау жүйесінің көзделгендігін көрсетеді. Әсіресе, бұл қауіпті жағдайда тұрған және ерекше қорғау мен қолдауға мұқтаж жасөспірімдерге қажет. Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен оқытуда отбасының маңызы зор. Жасөспірімдер мінез-құлқының шамадан ауытқуына түрлі жағдайлар себеп болады. Олардың ішінде ең бастысы отбасы жағдайы болып есептеледі. Өйткені тұлғаның жеке басының жаман-жақсы қасиеттерінің негізі отбасынан қалыптасады. Сондықтан да, балалардың өнеге алып үлгі тұтары ең алдымен өзінің ата-аналары.

А.С.Макаренко сөзімен айтқандай, «Тәлім-тәрбие, кең түрде алғанда әлеуметтік процесс». Адамдарда, заттар да тәрбиеленеді. Дегенмен, адамдардың үлес салмағы басым. Солардың ішінде ата-аналар мен педагогтар бірінші орынға шығады деген екен. Олай болса, құқықтық тәрбиені нәтижелі ұйымдастыру үшін, отбасы жағдайын жан-жақты таныпбілу қажет. Оқушыларға құқықтық тәрбие беруде олардың құқықтық сана-сезімін бірінші кезекте қалыптастырудың маңызы зор. Себебі, құқықтық сана – қоғамдық санның ерекше түрі. Сондықтан, құқықтық тәрбие беруде оқушылардың санасын тәрбиелеу, жауапкершілік сезімін көтеру, ұйымшылдық пен тәртіптілікті нығайту - мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарының негізгі бір бағыты.

Баланың келешегіне кері әсер ететін жағдайларды айтпағанда, олардың ата-анасынан айыруға жол бермейтін ұлттық бағдарлама жасаудың және оны іс жүзіне асыру қажеттігінің мәні зор. Кәмелетке толмағандар құқық бұзушылығының алдын алудың ең маңызды алғы шарты болып табылатын, отбасындағы берекені сақтаудың негізінде, субъективтік себептерден басқа, өтпелі кезеңнің әлеуметтік-экономикалық жағымсыз құбылыстары жатыр. Ол ата-анасының материалдық жағдайының нашар болуына байланысты балабақша мен мектептерге бара алмауы нәтижесінде, соңғы жылдары қараусыз, тастанды, үй-жайы жоқ, сөйтіп құқық бұзушылық жасауға баратын

балалар саны көбейіп отыр. Кәмелетке толмағандардың арасында құқық бұзушылықтың және балалардың қадағалаусыз, ата-анасының қарауынсыз қалуының алдын алу жөніндегі мемлекеттік саясаттың келесі бір бағыты білім беру саласындағы заңнаманы жетілдіру, оның дәл және біркелкі қолданылуына тиісті бақылау және қадағалау жасауды қамтамасыз ету болып табылады. Мектебімізде осы тақырыптарда көптеген кездесулер, іс-шаралар өткізіледі. Құқық бұзушылықтың алдын-алу жұмысы бойынша жұмыс жоспары құрылып, жасөспірімдерге дұрыс ақпарат беріп, түсінік жұмыстары жүргізіледі. Мектеп инспекторымен бірге рейд жұмыстары да белсенді атқарылады.

Дегенмен, жасөспірімдердің демалыс уақыты кезінде қараусыз қалуы, ата-ана тарапынан бақылаудың аз болуына байланысты құқық бұзушылықтар болып жатады. Кәмелетке толмағандарды тәрбиелеуде бұқаралық ақпарат құралдары зор рөл атқарады. Бірақ, бұл істе айтарлықтай кемшіліктер бар екендігі барлығымызға белгілі. Бұқаралық ақпарат және қарым-қатынас құралдарының жұмысындағы барлық шектеулерден алынып, ақпарат тарату еркіндігі кең таралған. Ол балалардың сана сезімі мен рухына кері әсер етуде. Осының салдарынан қазір мектеп жасындағы балалардың шылым шегуі, ішімдік ішуі, есірткі қолдануы, теледидар арқылы адам өлтіру, қатыгездік, қанқұйлы оқиғалар, алдап-арбау, эротикалық мағынадағы журналдар, фото суреттер, жарнамалар. Мұның өзі келешек ұрпақтың мінез-құлқының қалыптасуы мен даму процестеріне зиян келтіретіндігі айтпаса да түсінікті. Ата-бабамыздың салт-дәстүрлері мен әдеп-ғұрпы ажырап қалған, шетелдік компьютерлік ойындар мен қатыгездікке қойылған фильмдердің еркіндігіне кеткен жастарымызды қайтсек дұрыс жолға саламыз, ұлтымыздың болашағын ойлайтын санасы сергек, адамгершілігі мол жеке тұлғаны тәрбиелеу - тәрбие жұмысының негізгі мақсаты.

Жас ұрпаққа тек білім берумен шектелу аз, оларды адамгершілік-рухани жағынан нағыз адам қалыптастыру керек. Құқықтық тәрбие сан қырлы, күрделі процесс, бұл жалпы және арнаулы шаралардың тұтас бір жүйесін қамтиды. Соның ең бірінші сатысы - оқушыны заңмен хабардар етіп, оның жалпы білім деңгейін көтеру. Мектепте кәмелетке толмағандар жасөспірімдерге үнемі құқық қорғау органдары мамандарымен, мектепке бекітілген мобильді топ мүшелерімен кездесулер өткізіледі. Оқушыларға мәліметтер беріліп, түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Жалпы құқық тәртібін бұзуға бейім балалар, қоғамдық тәртіпті бұзған, қылмыс жасап ішкі істер бөлімдерінде есепте тұрған балалардың басым бөлігі жайсыз отбасылардан шыққан деп айтуға да болмайды. Себебі кейбір ата-аналардың бала тағдырына алаңдамауынан, оларды өз беттерінше қалдырып, мектептен тыс бос уақыттарында немен шұғылданып жүргендерін қадағаламауынан орын алады. «Ел болам десең, бесігінді түзе», - деп ата-бабамыз айтқандай, әрбір ата-ана өз баласының тәртібі мен тәрбиесіне аса мән беріп, бос уақытта немен айналысатынына қатаң бақылау жасаса, жасөспірімдер арасында құқық бұзушылық пен қылмыстың төмендеуіне көп септігін тигізеді. Сонымен қатар, әр азаматтың міндеті – заң талаптарын бұзбау, екінші жағынан өзіне жүктелген міндетін орындау. Заңның ең басты мақсаттарының бірі – қоғамдағы алуан мінезді адамдарды салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Заңды білмеу – құқықтық мәдениеттің елеулі кемшілігі.

Заңды білмеу, оны бұзу жауапкершіліктен құтқармайтынын түсіндіреміз. Құқықтық сауаттылыққа тәрбиелеу олардың қылмысқа ұрынбайына, өздігінен өмірдегі мәселелерді шешуде дұрыс шешім қабылдауына, келеңсіз, жағымсыз жағдайлардан тартынуына, қоғамда пайдалы іспен шұғылданыуына жәрдемдеседі. Қазіргі кезде сынып оқушыларының тәрбие ісін әрі қарай жетілдіру отбасы мен мектептің бірлескен жұмысын дамыта және нығайта түсу арқылы жүзеге асады. Отбасы мен мектептің немесе сынып жетекші мен ата-ананың бірлесіп жасаған жұмыс нәтижесі ХХІ ғасыр талабына сай, жаңашыл, шығармашыл, жан-жақты мәдениетті, саяси сауатты жеке тұлға қалыптастырмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ашитов З.О. Ашитов Б.З. Қазақстан Республикасының құқық негіздері: Оқу құралы. – Алматы: Жеті жарғы, 2003. – 180б.
2. Ағдарбеков Т. Құқық және мемлекет теориясы. – Қарағанды: Болашақ, 2000. – 236б.
3. Лазарев В.В. Теория государства и права. М, 1992. – с 241.
4. Мемлекет және құқық негіздері: Оқулық. Құраст. Е.Баянов. – Алматы: Жеті жарғы, 2011. – 221б.
5. Малько В.А. Льготы в праве. Общетеоритический аспект. Поощрение. – М., 2003. – с.231.
6. Малько В.П. Субъективные основания уголовной ответственности. – М., 2003. – с.217.
7. Теория государства и права. Курс лекции. Под.ред. Матузова. – М., 2005. – с.233.
8. Табанов С.А. Құқық теориясы мен сот жүйесінің конституциялық құқығы. – Алматы: Жеті жарғы, 2005. – 213б.

ӘОЖ 316.66

ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ САЯСИ КӨЗҚАРАСТАРЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

НАУРУЗБАЕВ Д.М.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Саяси философия докторанты,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

Резюме. В этой статье рассматриваются социальные и политические взгляды великого ученого Абу Насира аль-Фараби и концепция добродетельного города, невежественного города, а также значение качеств, присущих лидеру «добродетельного города».

Summary. This article examines the social and political views of the great scholar Abu Nasir al-Farabi and the concept of a virtuous city, an ignorant city, as well as the importance of the qualities inherent in the leader of a «virtuous city».

Шығыстың ғұлама ойшылы Әбу Насыр әл-Фараби 870 жылы қазіргі Отырар деп аталатын, Арыс өзенінің Сырға барып құятын сағасындағы Фараб қаласында дүниеге келді. Фарабидің толық аты-жөні Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Ұзлағ ибн Тархан әл-Фараби ат-Түркі. Әл-Фараби түркі тайпасының дәулетті бір ортасынан шыққан, оған «Тархан» деген атаудың толық аты-жөнінде көрсетілуі дәлел болады. Қазақтың ежелгі қаласы Отырарды арабтар Барба-Фараб деп атап кеткен, осыдан барып ол Әбу Насыр әл-Фараби, яғни Фарабтан шыққан Әбу Насыр атанған. Сол замандағы жазбаларға қарағанда, Отырар қаласы IX ғасырда тарихи қатынастар мен сауда жолдарының қиылысындағы үлкен мәдениет орталығы болған [1].

Тарихта Екінші Ұстаз деген жоғары атаққа ие болған әл-Фараби өзінің энциклопедиялық дарынының арқасында философиялық, әлеуметтік, саяси, этикалық, эстетикалық мәселелермен қатар математика, жаратылыстану және т.б. салалары бойынша да көптеген ғылыми мұралар қалдырып, қазіргі таңда да өзінің маңыздылығын жоғалтпаған дүниелердің бүкіл әлемде, әлемдік ғылымның дамуында қолданылып жүргенін көріп отырмыз. Әл-Фарабидің мемлекет, ел басқару, жөніндегі тұжырымдары, әлеуметтік-этикалық саяси көзқарастары бүгінгі қоғам үшін де айрықша маңызды.

Әл-фараби саяси және әлеуметтік ойшыл ретінде «Азаматтық саясат», «Бақытқа жету туралы», «Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері» деген еңбектерімен араб әлемінде және басқа да елдерде танымал болды. Ол өз шығармашылығының сириялық кезеңінде осы қоғамдық-саяси тұжырымдамаларын көптеген зерттеушілер әлеуметтік-утопиялық тұжырымдамалар ретінде топтастырған «қайырымды қала тұрғындарының» көзқарастары туралы трактат» кітабында біріктіріп, жүйелеген.

Әр заманның ерекше идеялары секілді Фарабидің де саяси тұжырымдамалары ислам халифатының нақты бейнелеріне бағытталған араб мәдениетінің теориялық канондарымен сәйкес келмеді. Мемлекеттің міндеттері «Саясатта» әр түрлі қатынаста анықталған: «ең алдымен, тамақ болуы керек; содан кейін қолөнер (адам өміріне көптеген құралдар қажет); үшіншіден, қару-жарақ (қару-жарақ мемлекеттік қарым-қатынас қатысушыларына мемлекетке бағынбаушыларға қарсы, сондай-ақ сыртқы жауларға қарсы тұру үшін қажет); төртіншіден, сонымен қатар өз керек-жарағына және әскери қажеттіліктерге жарататын белгілі қаражат қоры; бесіншіден, ең алдымен, дінге деген қамқорлық, яғни абыздық; алтыншысы, және ең маңыздысы – бұл азаматтар арасындағы қарым-қатынаста ненің пайдалы және ненің әділетті екені туралы шешім. Сондықтан, ол жерде оны азық-түлікпен қамтамасыз ететін белгілі диканшылар саны, қолөнершілер мен әділ әрі пайдалы нәрсеге қатысты шешім қабылдай алатын адамдар болуы тиіс» деген [2].

Фарабидің «Азаматтық саясаты» исламдық дүниетаным негізіндегі ізгілік туралы платондық ойларды дамытып, түсіндіреді, бірақ қоғам құрылымының әділеттілігін азаматтардың тәрбиесімен байланыстырады. Әл-Фараби «Әр адам өзінің табиғатында өзінің өмір сүруі және жоғары дамуына қол жеткізу үшін және жалғыз өзі қол жеткізе алмайтын көптеген заттарға мұқтаж және оларға жеткізе алатын қандайда бір адамдар қауымдастығын қажетсінеді» дейді. Әл-Фараби «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы трактатында былай дейді: - «Адам толығымен дамып жетілуі үшін

көптеген нәрселерге тәуелді болады. Яғни ол өзіне қажет нәрселерді жалғыз өзі жасай алмайды. Сондықтан, адам өзінен басқа адамдардың қоғамдастығында өмір сүруі керек және адам қоғамда ғана толық жетіліп, бақытқа қол жеткізе алады», деп тұжырымдайды [2, 135-137б.]. Ғұламаның бұндай тұжырымдарынан, адамдардың ұжымдасып өмір сүруі, сонымен қатар адамның жеке тұлға ретінде адами қасиеттерді игеруі, өзіне деген сенімділікті, жауапкершілікті, құрметті қазіргі уақытта тек адамдармен қарым-қатынас жасаудың арқасында ғана үйренетінін талай ғасырлар бұрын айтып өткендігін көреміз.

Фараби Аристотель сияқты үздік қала деп «ұжымдық қаланы», яғни әрбір тұрғыны қалағанын істеуге толықтай ерікті болатын қаланы санаған. Онда тұрғындардың еркі бойынша басқаратын билеушілерді тұрғындардың өзі сайлайды. Адам және оның проблемаларына арналған Фарабидің философиясы қоғамды сапалы және сандық сиаттамаларға сәйкес: қала – кішігірім қоғам, халық – орташа қоғам, адамзат – үлкен қоғам; толық емес – отбасы, ауыл, қалалық квартал деп бөлді. Дегенмен отбасы ең жетілмеген қоғам деп атағынмен, генетикалық тұрғыдан ол оны «бастапқы ұяшық» деп санайтындығымен толық келісуге болатын шығар. Қоғамдық ағзаның үйі немесе ұяшығы үш қатынастан тұрады: күйеуі мен әйелі, қожайыны және қызметші, ата-ана және балалар.

Фарабидің саяси көзқарастары «қайырымды» және «надан» қалаларды мынадай жіктеуінен көруге болады: қайырымды қала; надан қала; азғын қала; адасқан қала. Қайырымды қала – идеал. Надан қала – бұл шындық, бірақ Фарабидің пікірі бойынша, егер ағартумен, білім берумен айналысса, кемелгер билеушіні тапса, жақсаруына үміті бар қала. Надан қалалар арасында да ғұлама артық көретін қалалар бар, өйткені мұнда оларды ізгілік жолына түсіру мүмкіндіктері жоғалмаған: «... қайырымды қалалар мен қайырымды басшылардың қалыптасуы қажеттілік қалалары мен ұжымдық қалаларда мүмкін және оңай жүзеге асады». Надан қалада, Фарабидің пікірінше, тұрғындар ең жоғары рухани кемелдік болып табылатын бақытқа ешқашан ұмтылмайды. Игіліктің ішінен, надан қаланың тұрғындары көзге көрінетіндерін ғана біледі, мысалы: деннің саулығы, байлық, ләззат, құмарлыққа, атақ-даңққа және ұлылыққа еркіндік [2, 139б.].

«Бірінші Тұлға – барлық жан біткеннің өмір сүруінің бастапқы себебі. [Жалғыз] сол ғана кемшіліктен ада: басқа жан біткеннің бәрінде – Одан басқасында ең болмағанда бір кемшілік немесе бірнеше [кемшілік] бар. Ал Біріншіні [Тұлғаны] алатын болсақ, ол мұндай [кемшіліктің] бәрінен ада, өйткені Оның тіршілігі кәміл және болмысында басқаның бәрінен озық, Одан кәміл жетілген еш нәрсе жоқ және одан бұрын ешнәрсе де болмақ емес. Бұл ретте оның тіршілігі ең мәртебелі дәрежеде әрі ізгі, әрі кәміл жетілген» - деп жазып кеткен Әл-Фараби [3, 60б.]. Адам баласы тарихтың қайнаған дәуірінен қанша алыстағанымен ол діннен, жаратылыс ақиқаты туралы ұғымнан алыстамайды. Дін адамзат баласының әлемінде, дұрыс өмір сүрудің жолын сақтап тұру үшін Жаратылыс иесінің адамзатқа салып берген тура жолы. Осы тура жолдың басында Бірінші Тұлға ақиқаты құр пайым түрінде емес, ақиқатты білім, парасатты түсінік, кемел ұғым болуы тиіс. Себебі ізгілікті қоғам, мемлекет халықтың дұрыс діни танымынан, білімінен шығып отырады. Әл-Фарабидің бұл ұғымына Абай өзінің Отыз сегізінші қара сөзінде былай деп жауап берген: «Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек: Әуелі – надандық, екінші – еріншектік, үшінші – залымдық.

Надандық – білім-ғылымның жоқтығы, дүниеден еш нәрсені оларсыз біліп болмайды. Білімсіздік хайуандық болады.

Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады.

Залымдық - адам баласының дұшпаны. Адам баласына дұшпан болса, адамнан бөлінеді, бір жыртқыш хайуан хисабына қосылады» [4, 123б.].

Әл-Фарабидің ізгі қоғам туралы ойларына қарап, «қайырымды қаланың» яғни мемлекеттің лайықты гүлденіп, өмір сүруі үшін жеке тұлғаның қаншалықты маңызды екендігіне баса мән бергендігін аңғарамыз. Жеке тұлғаның немесе ел басшысының мемлекет дамуындағы рөлі қашан да жоғары болып келген және қазір де солай десек қателеспеспіз. Әбу Насыр әл-Фараби «Қайырымды қала» туралы еңбегінде қала бақытты болудың үлкен кілті – бірінші басшыға байланысты екендігіне баса назар аудартады. Қайырымды қаланың бірінші басшысы – ол қайырымды халықтың, тіпті жер жүзін мекендейтін барша жұрттың басшысы да бола алатындығын айтады. Ол үшін бірінші басшыға тән он екі бірдей қасиет оның бойында жинақталған болуы тиіс.

Біз төменде Әл-Фарабидің атап көрсетуінше, «қайырымды қала» басшысының бойынан табылуға тиісті қасиеттердің мағынасын аша отырып, әрбірінің қысқаша анықтамасын ғана беруді жөн көрдік.

- 1.Басшының он екі мүшесі бүтін, дені сау болуы керек;
- 2.Ақыл-есі бүтін, айтылған сөзді ұғатын болуы керек;

3. Есте сақтау қабілеті мықты, алғыр да аңғарымпаз болуы керек;
4. Сөзі өткір, тілге шешен болуы керек;
5. Өнер-білімге құштар, оқып үйренуден шаршамайтын, білімпаз болуы керек;
6. Тамақсаулықтан, артық ішіп-жеуден, орынсыз сауыққұмарлықтан аулақ болуы керек;
7. Шыншыл болуы, маңына шыншыл адамдарды жиюы, өтірікшілерден аулақ болуы керек;
8. Рухы биік, ар-намысты биік ұстайтын болуы керек;
9. Пасықтықтан аулақ, игі істерге ынтызар болуы керек;
10. Байлыққа құмарлықтан, ашкөздіктен аулақ болуы керек;
11. Әділетсүйгіш болуы, озбырлар мен әділетсіздерді жақтаудан аулақ, ел-жұртқа қайырымды, мейірімді болуы керек;
12. Бір сөзді, бірақ қыңыр болмауы тиіс, жаман қылықтарға ымырасыз болуы керек;
13. Өзі дұрыс деп тапқан істі жүзеге асыруда шешімшіл, қорқып жасқануды білмейтін батыл да ержүрек болуы керек.

Сонымен қатар Әл-Фараби бірінші басшыға қажет алғашқы бес-алты шартты қанағаттандырудан тұратын екінші басшының қасиеттерін қарастырады. Бұл қасиеттер немесе шарттар төмендегідей:

1. Дана болу;
2. Алғашқы имамдар орнатқан заңдарды, ережелер мен әдет-ғұрыптарды есте сақтау;
3. Бірінші имамдардың үлгісіне сүйене отырып, тиісті заңдар сақталмаған нәрселерге шығармашылықпен қарау;
4. Көрегендік пен аңғарымпаздыққа ие болу;
5. Адамдарды сөзшендігімен заңдарды орындауға бағыттай білу;
6. Әскери әрекеттерді жүргізе алатын дене күшіне ие болу.

Әбу Насыр әл-Фарабидің пікірінше «қайырымды қала» басшысы болу үшін жоғарыдағы қасиеттерге қоса, билеуші болуға деген бейімділік, дарын тіпті ұмтылыс болуы керек екен. «Қайырымды қаланы әрбір кез-келген адам билей бермекші емес, өйткені, ел билеу – екі бірдей нәрсеге байланысты: біріншіден, билемек адамның өз жаратылысында ел билеуге қаншалық әзір екеніне байланысты, екіншіден, билеуші адамның еріктен қуат алып отыратын жағдайы мен қабілетіне байланысты. Жаратылысында ел билеуге кім бейім болса, билік соның үлесіне тимек». Әл-Фараби өз туындысында феномен басшының даналық, көрегендік қасиетін әрдайым жоғарыға қояды. Басшының қабілетсіздігінен, біліксіздігінен қаланың құрып та кету мүмкіндігін жоққа шығармайды: «Егер әйтеуір бір кезде басшыларда даналық болмай қалса, онда бұлар басқа шарттардың бәріне сай келе тұрса да, қайырымды қала ағзамсыз қалмақ, сөйтіп қаланы билеуші басшы бұл ретте ағзам бола алмайды, ал қаланың өзі құрып кету қаупіне ұшырайды. Ал егер осы басшыға ақылшы етіп қоярлық бір дана табылмаса, қала біраз уақыттан кейін сөзсіз құритын болады» [5, 408б.].

Қорыта айтқанда, Әбу Насыр әл-Фарабидің «Қайырымды қала туралы» трактаттар жинағы – әлемдік деңгейдегі ғалымдар мен ғылымдардың сусындайтын бұлағы ретінде күллі адам баласының игілігіне және қажеттілігіне сәйкес қызмет егері анық. Бұл еңбекке, жазылған сәтінен бастап, сол замандағы ақыл иелерінің, ел басқарған адамдардың қызығушылық танытқандығы және де қазіргі қоғамдағы, ғылымдағы орнының ерекшелігі, өзінің мән-маңыздылығын жоғалтпауы – бұл еңбектің қымбат қазына екендігін мойындатады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қасабек Аманжол, Алтаев Жақыпбек. Қазақ философиясы. Оқу құралы. – Алматы: «Ер-Дәулет», 1996. -184 бет.
2. Алтаев Ж. Әл-Фараби – Шығыстың ұлы ойшылы. Аль-Фараби – великий мыслитель Востока. / Жақыпбек Алтаев. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2020.- 400 бет. Қазақ, орыс тілдерінде.
3. ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ. «Қайырымды қала» - Алматы, RS: Халықаралық Абай клубы, 2015. – 284 б.
4. Абай. Қара сөз/ Құнанбаев Абай – Алматы: «Көшпенділер» баспасы, 2009. 160 бет.
5. Әл-Фараби. Таңдамалы трактаттары / Құраст: Ә.Нысанбаев, Ғ.Құрманғалиева, Ж.Сандыбаев. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 656 бет.

**МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ**

**I СЕКЦИЯ
ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ЖӘНЕ ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫ**

САУРЫҚОВ Е.Б. Ш.МҰРТАЗАНЫҢ «АЙ МЕН АЙША» РОМАНЫНДАҒЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУ СИПАТЫ МЕН АВТОР БЕЙНЕСІНІҢ БЕРІЛУİNДЕГІ ҚЫЗМЕТІ.....	3
САУРЫҚОВ Е.Б. ОРТА ҒАСЫР ТІЛІНДЕГІ ЕТІСТІКТІҢ АНАЛИТИКАЛЫҚ ФОРМАНТТАРЫ МЕН ҚИМЫЛДЫ БІЛДІРУ МАҒЫНАЛАРЫ.....	9
БЕКБЕРГЕНОВА З.У. ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ СЕЙФҰЛҒАБИТ МӘЖІТОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНА ӘСЕРІ.....	14
АНДАКУЛОВА Д.М. ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ.....	17
МАТЖАНОВА Ж.К. СЛЕНГ ҚҰБЫЛЫСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ.....	19
ДЖОРАБЕКОВА У.Т. ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ ҚАЗАҚТЫҢ ЖАҢА ЖАЗБА ӘДЕБИ ТІЛІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ТАРИХИ ОРНЫ.....	22
АБДЫҚАДЫРОВА Т.Р., АҚЫЛБЕК Г. М. МАҚАТАЕВ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ – ИДЕЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ.....	25
АБДЫҚАДЫРОВА Т.Р., МУСАБЕКОВА Г.О. АБАЙ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ТАҚЫРЫБЫ ЖӘНЕ СУРЕТТІ СӨЗ.....	29
АХМЕТОВА Л.Д. ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ.....	32
ҚЫБРАЕВА К.С. ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР.....	35
ПИСКЕНТАЕВА С.А. Ш.МҰРТАЗА ПУБЛИЦИСТИКАСЫ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗДІК ТОЛҒАҚТАРЫ.....	37
КУЛУМБЕТОВА Э.А. ШЕРХАН МҰРТАЗА ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕЛІК ИДЕЯЛАРДЫҢ СИПАТТАМАСЫ.....	41
АСЫЛБЕКОВА Н.Ө., ТІЛЕКТЕС Ш.С. ТҮР-ТҮС АТАУЛАРЫНЫҢ СИМВОЛИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	44
АСЫЛБЕКОВА Н.Ө., НУРТАЙ А.Қ. МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР ҚҰРАМЫНДА САН ЕСІМДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ.....	47
АСЫЛБЕКОВА Н.Ө., АСИЛДИН Ә.Е. КӘСІБИ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІНІҢ ҚОЛДАНУ АЯСЫ.....	52
АСЫЛБЕКОВА Н.Ө. , АСХАТҚЫЗЫ А. ТІЛДЕ АҚШАНЫҢ САНДЫҚ ӨЛШЕМ БІРЛІКТЕРІ РЕТІНДЕГІ МАҒЫНАСЫ.....	56
САРСЕМБАЕВА М.К. ТІЛДЕГІ СЫПАЙЫЛЫҚ КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ ҚОЛДАНЫСЫ.....	59
РУСТЕМБЕКОВ М.К. МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ ПОЭТИКАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ РУХ ИДЕЯСЫ.....	63
БАБАШОВА Х.Р. ТІЛ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ.....	66
БАБАШОВА Х.Р. МӘТІН ЛИНГВИСТИКАСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ.....	69
БЕЛБОТАЕВ А.Б. ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН – ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ ҰСТАЗЫ.....	72
БЕЛБОТАЕВ А.Б., ҚАДЫРҒАЛИЕВА А. ТҮРКІСТАН ӨңІРІНІҢ КИЕЛІ ЖЕРЛЕРІ МЕН ҚАСИЕТТІ ОРЫНДАРЫНА ТАРИХИ КӨЗҚАРАС.....	76
СИРАЗИТДИНОВ З.А., БЕЛБОТАЕВ А.Б. О ТЮРКСКОЙ ЭЛЕКТРОННОЙ ЛЕКСИКОГРАФИИ (а примере башкирской лингвистики).....	80
БЕЛБОТАЕВ А.Б., САРСЕНБАЕВА М.Б. ӘБУ-НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ТІЛ ҒЫЛЫМЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТУРАЛЫ.....	84
ПИРНИЯЗОВА А.Қ. ҚАРАҚАЛПАҚ ТИЛИНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ИЗЕРТЛЕНІУІ ХАҚҚЫНДА.....	87
ӘБІЛҰЛЫ М., САРСЕНБАЕВА М.Б. ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ДИДАКТИКАЛЫҚ САРЫНДАР.....	90
СТАМКУЛОВА Б.Ш., СЕМЕМБАЕВА Г.А. ЯЗЫКОВЫЕ ОСОБЕННОСТИ НАУЧНОГО СТИЛЯ РУССКОГО ЯЗЫКА.....	91
СТАМКУЛОВА Б.Ш., ТЛЕПОВА Б.П. ОРГАНИЗАЦИЯ РАБОТЫ С ТЕКСТОМ НА УРОКЕ РУССКОГО ЯЗЫКА.....	94

СМАЙЛОВА К.Н. АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ ЕЛ БАСҚАРУ ҚЫЗМЕТІНЕ ҚАТЫСТЫ АРХИВ ДЕРЕКТЕРІ.....	99
ИСМАЙЛОВА Қ.М. БЫБРАЙ АЛТЫНСАРИН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ.....	103
КЕНЖЕБЕКОВА М.К., ШЫМЫРБЕК О.Б. АУЫЛЫМНЫҢ МАҚТАНЫШЫ- АҚЫН БАУЫРЖАН ҮСЕНОВ.	105
НУСИПЖАНОВ Е.К. ӘЛ-ФАРАБИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ: ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАР.....	109

II СЕКЦИЯ

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ЕМБЕРГЕНОВА М.А. ИСПОЛЬЗОВАНИЕ СРЕДСТВ МУЛЬТИМЕДИА НА РАЗЛИЧНЫХ ЭТАПАХ УРОКА.....	111
ТУРСИНБАЕВ М.М. ШОМАНОВА А.Ғ. ӘСКЕРИ ІСКЕ ДАЙЫН БОЛУДЫҢ НЕГІЗДЕРІН ОҚЫТУ.....	112
ҮСЕН Б.М., АДАМБАЕВА А.А. БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ МӘСКЕУ ТҮБІНДЕГІ ШАЙҚАСЫ.....	115
ИЛЬЯНОВА Г.Е. ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ИДЕИ Ы.АЛТЫНСАРИНА В СОВРЕМЕННОМ ОБРАЗОВАНИИ.....	118
АЙДАРБЕКОВА А.В. СОВРЕМЕННЫЙ ВЗГЛЯД НА ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ИДЕИ Ы.АЛТЫНСАРИНА.....	121
МУРАТБАЕВА А.С., СЕРҒАЛИ К.М. БЫБРАЙ АЛТЫНСАРИН ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	125
УРИСТЕНБЕКОВА Г.К. ДАМЫТА ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ НЕГІЗІНДЕ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АҚЫЛ-ОЙ ЖӘНЕ СӨЙЛЕУ ӘРЕКЕТІН ДАМУ ЭРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	127
ҚАШАҒАНОВА М.Е. Ы. АЛТЫНСАРИН ӘҢГІМЕЛЕРІНДЕГІ АТА ТӘРБИЕСІ МЕН ФИБРАТЫ.....	130
МУХТАНОВА А.С. ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАНЫҢ ҚАНАТ ЖАЮЫ ЖӘНЕ БЫБРАЙ АЛТЫНСАРИН АШҚАН МЕКТЕПТЕР.....	134
МУХТАНОВА Ж.С. БЫБРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕҢБЕКТЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ БҮГІНГІ МАҢЫЗЫ.....	138
МУХТАРОВА М.А. ТҰЛҒА КРЕАТИВТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ.....	141
АБАШОВА А. МЕКТЕП МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....	144
ДЕРБИСАЛИЕВА К.А. БЫБРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ ӨНЕГЕЛІ ТӘРБИЕ БЕРЕТІН ЖАҚТАРЫ.....	146
ТИЛЕПБЕРГЕНОВА З.А. БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОҚЫТЫЛАТЫН БЫБРАЙ АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫ – ТӘРБИЕНІҢ АЛТЫН ДІҢГЕГІ.....	149
ТУРМАХАМБЕТОВА Н.А. БАЛАЛАР АГРЕССИЯСЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ, АГРЕССИВТІЛІК ӘРЕКЕТТІҢ ПАЙДА БОЛУЫ.....	152
СЕЙДУАЛИЕВА А.Б. АГРЕССИВТІ БАЛАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТҮЗЕТУ-ДАМУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ.....	155
СТАМКУЛОВА Қ.Ш., АДАМБЕКОВА Қ.Ш. БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ РУХАНИ-АДАМГЕРШЛІК ТҮРҒЫСЫНАН ДАМУТҒА ҚАЖЕТТІ ҚҰНДЫЛЫҚТАР.....	158
ИСАБЕКОВА Г.Б., РҮСТЕМБЕК А.М. ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....	159
ҚАЗАҚБАЕВА К.Р. СТУДЕНТТЕРДІҢ СЫНИ ТҮРҒЫДА ОЙЛАУЫН КОМАНДАЛЫҚ ОҚЫТУ ФОРМАСЫ АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....	163

III СЕКЦИЯ

ЫБЫРАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ, САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК ҰСТАНЫМДАР

КОЛҚАМБАЕВА А.Б. Ы.АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ӨМІРШЕҢДІГІ.....	167
ТАМАБЕК Б. МӘҢГІЛІК ЕЛ.....	168

ОМАРОВА А.Ж. ВКЛАД В ОБРАЗОВАНИЕ ЫБЫРАЯ АЛТЫНСАРИНА.....	171
ПЕРТАЕВА Э.Қ., ЖАҢАБАЕВА Қ.Ғ. ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ХІХ ҒАСЫРДАҒЫ КӨРКЕМДІК ДАМУЫ МЕН ЗЕРТТЕЛУІ.....	174
ПЕРТАЕВА Э.Қ., МАНАТБЕК Т.Ж. ҚАЛИХАН ЫСҚАҚОВ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ЖАСТАР БЕЙНЕСІ.....	176
ПЕРТАЕВА Э.Қ., ОСПАНОВА А.Б. АБАЙ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ МЕТАФОРАНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ.....	179
БЕРКЕНОВА Р.А., ТҰРЛЫБЕК Н.Қ. М.Ж.КӨПЕЙҰЛЫНЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫ.....	183
РАЙХАН М.С. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ӘДЕБИЕТТАНУ ТЕРМИНДЕРІНІҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ.....	186
УСЕНОВА Б.Е. БЕЙІМБЕТ МАЙЛИН ТУЫНДЫЛАРЫНДАҒЫ ӨМІР ШЫНДЫҒЫНЫҢ КӨРІНІСІ.....	188
СЕМБИНА А.Б. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДАҒЫ ДАМУЫТА ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ.....	191
КӨШЕКБАЕВА А. Ғ.МҮСІРЕПОВТИҢ «ҚАЗАҚ СОЛДАТЫ» РОМАНЫНДАҒЫ ТИПТІК ОБРАЗ.....	194
БЕРКЕНОВА Р.А., ТҰРАР Б.Қ. Б.МОМЫШҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ.....	196
БЕРКЕНОВА Р.А., АХМЕТ Қ.Ғ. ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ	199
МӘСТҰР А.Т., ПЕРТАЕВА Э.Қ. АҚАН СЕРІНІҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ.....	202
АЙДАРХАН Г.М., ПЕРТАЕВА Э.Қ. ДУЛАТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	204
ОЙСЫЛБАЙ А.Т., ТАҢАТ Б.М. ҚАСЫМ АМАНЖОЛОВТЫҢ АУДАРМА САЛАСЫНДАҒЫ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСТАРЫ.....	208
ДЖИЕМБЕТОВА С.Т., ПЕРТАЕВА Э.Қ. ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ЖӘНЕ ҚАЗАҚТЫҢ ЖАҢА ЖАЗБА ӘДЕБИЕТІ.....	209
СЕЙДУАЛИЕВА Р.Н. ҚАСЫМ АМАНЖОЛОВ ӨЛЕНДЕРІНДЕГІ АЗАМАТТЫҚ ЛИРИКАЛЫҚ ӨРНЕКТЕР.....	213
МАМЫРАИМОВА Д.Н. МҰХТАР ӘУЕЗОВТИҢ «АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАН ЭПОПЕЯСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚЫ САЛТ-ДӘСТҰРДІҢ КӨРІНІСТЕРІ.....	215
АСАНОВА Б.А. ШЕРХАН МҰРТАЗАНЫҢ «БІР КЕМ ДҮНИЕ» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ АНА ТІЛІ МӘСЕЛЕСІНІҢ КӨРІНІСІ.....	217
БЕКБАЕВА Р.Е. АУДАРМАДАҒЫ ТРАНСФОРМАЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕР.....	220

ІҮ СЕКЦИЯ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ

САНСЫЗБАЙ С.Е. СТАТИСТИКАЛЫҚ ЖИЫНТЫҚТЫҢ ДИСПЕРСИЯСЫ МЕН СТАНДАРТТЫ АУЫТҚУЫ.....	225
ОМАРОВ А.Ж., ОНГАРБАЕВА М.Б., ЕРМАНОВА Ғ.Б. ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ БІЛІМІН БАҚЫЛАУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ.....	228
ОМАРОВ А.Ж., ШИНЫШЕРОВА Ж.Б., ШОМАЕВА Г.К. ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДІ АҚПАРАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫ ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	231
ДЖАНТЕЛИЕВ М.А. АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУ КЕЗІНДЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ТАЛДАУ ЖӘНЕ БАСҚАРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ.....	234
СЕЙТБАЕВ Қ.Ж., ШАМЖАНОВА Э.Ғ. ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНДА ТАРАЛҒАН ШЕГІРТКЕЛЕРДІҢ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРМЕН КҮРЕСУ ШАРАЛАРЫН НЕГІЗДЕУ ...	236
СЕЙТБАЕВ Қ. Ж., МАДИБРАЙМОВА Г.Т. СТУДЕНТТЕРДІҢ ОРНИТОФАУНАНЫ ТАНЫП БІЛУГЕ ЗООЛОГИЯЛЫҚ ЭКСКУРСИЯЛАРДЫҢ АЛАТЫН РӨЛІ МЕН МАҢЫЗЫ.....	239

Ү СЕКЦИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР

ИГИЛИКОВА Р.А. ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ – БАСТЫ МІНДЕТ.....	245
НАУРУЗБАЕВ Д.М. ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ САЯСИ КӨЗҚАРАСТАРЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ.....	247

Шартты б.т. 15,8
Қағазы офсеттік
Офсеттік басылым. Таралымы 100 дана
Тапсырыс № 118

ХТИИ баспаханасы,
080000, Тараз қ., Жамбыл даңғылы, 73А